

- Оқыту мақсаты!** – сабақта қарастырылатын негізгі мақсаттар.
- Бұл маңызды!** – ерекше назар аударуды қажет ететін ақпараттар.
- Назар аударыңдар!** – параграфты дұрыс түсіну үшін ерекше назар аударуды қажет ететін ақпараттар.
- Анықтама** – ұғымның мәнін түсіндіретін ақпараттар.
- Өз біліміңді тексер** – материалдарды бекітуге қажетті сұрақтар мен тапсырмалар.
- Күрделілігі жоғары тапсырмалар** – неғұрлым терең сараптама жасауды қажет ететін тапсырмалар
- Үй тапсырмасы** – үйге берілген тапсырмалар

I бөлім
**ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**



II бөлім
**САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ
ПРОЦЕСТЕР**



III бөлім
**ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ
ОЙДЫҢ ДАМУЫ**



IV бөлім
**БІЛІМ МЕН
ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ**



МАЗМҰНЫ

Кіріспе 5

I бөлім. ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

I тарау. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз етуінің дәстүрлі жүйесі	
1-тақырып. Қазақстанда көшпелі малшаруашылығы жөнеегіншіліктің дамуы	8
2-тақырып. Қолөнер мен кәсіптер	26
II тарау. Дала мен қала: өзара қарым-қатынас және өзара әсері.....	41
3-тақырып. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі.....	41
4-тақырып. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері	56
III тарау. Қазақстанның қазіргі замандағы әлеуметтік-экономикалық дамуы.....	72
5-тақырып. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы.....	72
6-тақырып. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы	84

II бөлім. САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОЦЕСТЕР

IV тарау. Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы	96
7-тақырып. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы)	96
8-тақырып. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы ...	112
V тарау. Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты.....	149
9-тақырып. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты.....	149
10-тақырып. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі....	155
11-тақырып. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі	158

III бөлім. ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ

VI тарау. Қазақстандағы әлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы.....	168
12-тақырып. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы	168
13-тақырып. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы	185
14-тақырып. «Зарзаман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары.....	197
15-тақырып. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары.....	210
VII тарау. «Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея.....	231
16-тақырып. «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері.....	231
17-тақырып. «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары	236
VIII тарау. «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясы – XXI ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз	247
18-тақырып. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі.....	247
19-тақырып. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары	252

IV бөлім. БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

IX тарау. Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы.....	260
20-тақырып. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы	260
X тарау. XVIII–XX ғасырлардағы қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы	266
21-тақырып. XVIII–XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер.....	266
22-тақырып. XIX–XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі.....	271
23-тақырып. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары	277
24-тақырып. Қазақ КСР Ғылым академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы	287
XI тарау. Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі.....	300
25-тақырып. Қазақстан Республикасы білімі мен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы	300
Глоссарий	339

КІРІСПЕ

Құрметті оқушылар! Сендерге ұсынылып отырған 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы жаңартылған бағдарлама бойынша жазылған 10-сыныпта оқыған осы аттас оқулықтың жалғасы болып табылады. Оқулық төрт бөлімнен тұрады және хронологиялық ретпен емес, тақырыптық қағидатпен құрылған.

«Өркениет: даму ерекшеліктері» бөлімінде сендер көшпелілік өркениетін, көшпелі қазақтардың тіршілік қарекетіндегі дәстүрлі жүйенің қалыптасуын, дамуын және оның ерекшеліктерін оқып-білесіңдер. Сондай-ақ ғасырлар бойы дала мен отырықшы-егіншілік шұраттарының арасында қалыптасқан сауда-экономикалық қатынастарымен, отырықшылық-көшпелілік өмір салтымен, қолөнер мен кәсіпшіліктің көшпелілердің тіршілік қарекетіндегі маңызымен және олардың тұрмысы туралы зерттеген саяхатшылардың этнографиялық материалдарымен жақынырақ танысасыңдар.

Бөлімде Ұлы Жібек жолының рөлі және Қазақстанда қалалардың пайда болуы мен дамуы ашып көрсетіледі. Сондай-ақ қазақтардың көшпелілік өркениетіндегі экономикалық және мәдени ықпалдастық, Қазақстанның кеңестік, кеңестік кезеңнен кейінгі және тәуелсіздік тұсындағы экономикалық дамуына тоқталады.

Екінші бөлім **«Саяси-құқықтық процестер»** деп аталады. Бөлімнен Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруін, қазақстандық полиэтникалық қоғамының қалыптасу тарихын, тұтастай алғанда, Қазақстанның демографиялық және әлеуметтік, ұлтаралық және этносаралық мәселелерін оқып білетін боласыңдар.

«Қоғамдық-саяси ойдың дамуы» деп аталатын үшінші бөлімде сендер Қазақстандағы орта ғасырлардағы ерте түркі ойшылдарынан бастап қазіргі заманның философтары мен саясаткерлеріне дейінгі қоғамдық-саяси ойдың тарихымен неғұрлым толығырақ танысасыңдар. Бұл тарауды оқи отырып, сендерге хрестоматияға жиі жүгінуге және сыныпта өткен замандағы қазақ ойшылдарының жазған мәтіндерін өздігінен талдауға және талқылауға үйренесіңдер.

Оқулықтағы төртінші бөлім – **«Білім мен ғылымның дамуы»** Қазақстандағы білім беру мен ғылым тарихына арналған. Сендер Қазақстанда отаршылдық дәуірде қандай мектептердің пайда болғандығын, білім берудің кеңестік жүйесінің ерекшеліктері неден көрініс тапқандығын, қазақстандық жоғары мектептің қалай қалыптасқандығын және Тәуелсіз Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформалар, білім мен ғылым дамуының мәселелері мен болашағы жайында білетін боласыңдар.

Оқулыққа «Оқыту мақсаты», «Бұл маңызды!», «Назар аударыңдар!», «Анықтама», «Тірек сөздер», «Үй тапсырмасы» айдарлары енгізілген.

Әрбір параграфта кездесетін «Өз білімдеріңді тексеріңдер» айдарына назар аударыңдар. Сұрақтар мен тапсырмалар оқулық мәтінімен, хрестоматиямен, сондай-ақ анықтамалық материалдармен, карта-

мен жұмыс істеуге бағытталған. «Күрделілігі жоғары тапсырмалар» логикалық талдауды, ақпараттарды салыстыруды, себеп-салдарлық байланыстарды іздеу шеберлігін, ойлануды талап етеді. Олардың бір бөлігі зерттеушілік бағытта, сондықтан өлкетанушылық сипаттағы ізденістерге жетелейді. Мәселені тереңірек талдауды талап ететін неғұрлым күрделі жазбаша тапсырмалар берілген.

Оқу пәнінің мақсаты – отандық тарихтың негізгі оқиғалары мен үдерістерін оқыту негізінде тарихи санаға, азаматтылық пен отан-сүйгіштік қасиеттерге ие, тарихи білім мен дағдыларды оқу және қоғамдық іс-әрекеттерде тиімді және шығармашылықпен қолдана алатын тұлға қалыптастыру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) Қазақстан аумағындағы қоғамның өртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері бойынша білім қалыптастыру;

2) тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білімалушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелеу;

3) әлемдік тарихи процестегі Қазақстанның орны мен ролі туралы жалпы тұтас түсінік қалыптастыру;

4) тарихи оқиғалар, құбылыстарды тарихи заңдылықтарды ескере отырып зерттеу, оқиғалар мен тұлғаларға қатысты пікірлер мен берілген бағаларды салыстыру және сыни тұрғыдан талдау дағдыларын дамыту, өткен кезеңмен қазіргі уақытқа қатысты пікірталастық мәселелерге өзіндік көзқарасты қалыптастыру;

5) өлке тарихын зерделеу, өлкетанулық зерттеу жұмыстарын жүргізу дағдыларын дамыту;

6) өртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи ақпаратты іздеу және жүйелеу дағдыларын дамыту;

7) өртүрлі деректерді қолдана отырып жобалық жұмыс және тарихи реконструкция дағдыларын дамыту;

8) қазіргі кездегі саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерді түсіну үшін тарихи білімдерін қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;

9) коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру, оның ішінде, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық білдіру, командада жұмыс істей алу, түрлі деректерден алынған ақпараттарды қолдану.

Бұл оқулықта тарихи үдерістің мәселелері мен түйінді сәттеріне көбірек назар аударылады. Сондықтан оқулық сендердің «тарих туралы диалогке» қосылуларыңды қалайды.

Тарих – бұл халық жадының қоймасы. Біз тарихты оқи отырып, қазіргі өмірді түсінеміз және болашағымызды құрамыз.

Бұл жолда сендерге табыстар тілейміз!

Құрметпен, оқулық авторы



бөлім

ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



I тарау. ҚАЗАҚТАРДЫҢ ТІРШІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУІНІҢ ДӘСТҮРЛІ ЖҮЙЕСІ

1-тақырып. Қазақстанда көшпелі малшаруашылығы және егіншіліктің дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.1.1.1 Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына және дамуына табиғи-географиялық факторлардың әсерін зерттеу;
- 11.1.1.2 көшпелі мал шаруашылығы және егіншіліктің ерекшеліктерін «тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі», «қоныстану жүйесі», «экожүйе» ұғымдарын пайдалана отырып анықтау;
- 11.1.1.3 картаны пайдаланып дәстүрлі шаруашылық қызмет түрлерін жіктеу.

1.1. Табиғи-географиялық фактордың Қазақстан аумағындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен дамуына тигізетін әсері

Бүгінгі сабақта:

- тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін оқып-үйренеміз;
- тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуына табиғат пен география қалай әсер ететінін талдаймыз;
- Қазақстан халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен дамуына қандай факторлар әсер ететінін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі
- табиғи-географиялық фактор
- қуаңшылық
- қуаңдану
- ландшафт
- иемденуші шаруашылық
- малшаруашылығы

Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі. Адам табиғат пен қоршаған ортаға бейімделуге, сондай-ақ табиғатты өз қажеттіліктеріне қарай бейімдеуге қабілетті. Табиғи-географиялық жағдайларға бейімделу – адамның аман қалуының кепілі. Адам қауымдастығының табиғи ортаға бейімделуіне қарай, тіршілікті қамтамасыз етудің өртүрлі жүйелері қалыптасады.

Адамның тіршілік ету ортасына бейімделуі оның негізгі материалдық және рухани қажеттіліктерін қанағаттандыру барысында өтеді. Олардың арасынан азық-түлік өнімдеріне, баспанаға және киім-кешекке, сондай-ақ қауіпсіздікке деген қажеттіліктер ерекшеленеді. Әрбір жеке адамның және бүкіл қауымдастықтың өмірі тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қаншалықты шебер



Ұлы Дала

ұйымдастырылғанына байланысты болады. Тіршілікті қамтамасыз етудің жолға қойылған жүйесі адамға табиғатпен үйлесімді өмір сүруге және қоғамдағы үйлесімдікті сақтауға мүмкіндік береді. Азық-түлік өнімдері мен тіршілік үшін қажетті басқа да заттардың тапшылығы, орын алған қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктерінің жоқтығы қоғам үйлесімділігін бұзады және дағдарыс туындатады.

Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі қоршаған орта әсерімен қалыптасатындықтан, ол әртүрлі орта мен әртүрлі халық арасында әр алуан болып келеді. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің оңтайлы реттелгендігі қоғамның мәдени даму дәрежесін көрсетеді.

Анықтама. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі – бұл адам мен қоғамның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру үдерісінде тіршілік ету ортасына бейімделу тетігі.

Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуы оны жөнге келтіруді, өзгертуді талап етеді. Бұл әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылады: шаруашылық технологиясы (мысалы, еңбектің тас құралдарынан қола түрлеріне өту орын алды) немесе шаруашылық түрі (көшпелілердің жайылымдар жоқ болған жағдайларда отырықшылыққа көшуі) ауысады, жаңа жерлерге қоныс аудару (көшпелілердің жаңа жайылымдар іздеп көшуі) және т.б. болып өтеді. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіне талдау жасау қандай да бір қауымдастық өз тарихының қандай да бір кезеңдерінде неліктен жаңа технологияларды пайдалануға, шаруашылық түрін ауыстыруға, қоныс аударуға, басқа қауымдастықтармен өзара ықпалдасуға мәжбүр болғандығын түсіндіреді.

Табиғи-географиялық фактор және тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі. Қандай да бір адамзат қауымдастығының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі оның қандай климаттық аймақта, қандай ландшафта өмір сүретіндігіне байланысты болады.

Бұл маңызды! Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру негізінде табиғи-географиялық фактор жатыр.

Адамның бастапқы эволюциясы Африкада өтті. Отты қолдану, тас еңбек құралдарын пайдалану, тері илеуге байланысты технологиялық өзгерістер адамға субтропиктік, одан кейін қоңыржай климат аймақтарын игеруге және бұл аймақтарда қажетті тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Жергілікті жер бедеріне байланысты әртүрлі экологиялық аймақтарға қоныстана отырып, адамдар тіршілікті қамтамасыз етудің өзіндік жүйелері бар мәдениеттерді қалыптастыра бастады. Балықшылардың отырықшы мәдениеттері, ал одан кейін отырықшы-егіншілік мәдениеттер осылай пайда болды.

Неолиттік төңкерістен кейін адамдар үнемі азық іздемейтін бола бастады. Алғашқы аңшылар малшыларға айналғанымен, өз қауымдарын аң етімен қамтамасыз етуді жалғастыра берді. Ірі өзен аңғарларындағы ауқымды суармалы егіншіліктің дамуы тұрақты отырықшы елді мекендер мен қалалардың пайда болуына әкелді.

Ал қуаңшылық жайлаған аймақтарында егіншілікті дамытуда қиындықтар туындағандықтан, ол тек екінші орында болды. Еуразиялық далалық аймақтың қуаңшылыққа ұшырауы тіршілікті қамтамасыз етудің ерекше жүйесінің қалыптасуына әкелді. Ол жайып бағатын, ал одан кейін көшпелі малшаруашылығының дамуымен байланысты болды.

Қазақстан аумағындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің қалыптасуы мен дамуы. Қазақстан аумағында ерте палеолиттік көптеген қоныстар табылды. Ежелгі адамдар өзендердің жағалаулары немесе тұщы су көздерінің маңында тұрақты қоныстанған. Ірі аңдардың болуы қаумалап ұстау тәсілін қолдануға және адамдарды ұзақ уақытқа етпен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Алайда соңғы мұз басу (шамамен б.з.б. 10 мың жылда аяқталды) адамның тіршілік ету ортасын өзгертті. Бұл суық және құрғақшылық кезеңінде Солтүстік Қазақстан тундра аймағына кірді, ал Орталық Қазақстанда өзендер құрғап қалды. Табиғи орта, жануарлар және өсімдіктер дүниесі толықтай өзгерді. Шөлдер пайда болып, мамонттар қырылып бітті. Мұндай қолайсыз жағдайлардан халық саны қысқарды.

Мұздықтар шегінген кезеңде *мезолит дәуірі* (б.з.б. 12–5 мың жыл) басталды. Аңшылар садақ пен жебелерді қолданып жеке аңшылық жасай бастады. Бірақ далада көптеген табындық жануарлар (ақбөкен, қарақұйрық, бизон, тур) мекендегендіктен, қуып және қаумалап аулау сақталды. Климаттың жылынуына байланысты адамдар жабайы аңдарды іздестірумен солтүстікке қарай жылжып, Ертіс, Есіл, Тобыл, Орал алаптарын игерді. Енді олар жылдың суық мезгілінде Сарыарқа мен Бетпақдаланың шөлді аудандарында аң аулады. Ал көктемде солтүстікке, далалар мен орманды далаларға қарай беттеді.

Бұл маңызды! Садақ пен жебелерді, сондай-ақ қондырма тәсілін¹ ойлап табу – өндіргіш күштер дамуындағы өзіндік бір төңкеріс. Ол ежелгі адам өмірін маңызды өзгерістерге әкелді.

Неолит дәуірінде (Қазақстанда б.з.б. 5–3-мыңжылдық) тас өңдеу техникасы дамыды. Адам тас балталар мен кетпендерді дайындауды үйренді. Алайда өзге аймақтардан айырмашылығы, қазақ даласындағы тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі бұрынғыша тұтынушы шаруашылыққа негізделді. Бұл табиғи қорлардың жеткіліктігімен байланысты болды. Кезбе аңшылар құлан, аю, бұғы, жабайы шошқа, елік, жылқы, қасқыр, кекілік, қырғауыл және басқа жануарларды аулады.

Б.з.б. 4–3-мыңжылдықтың соңындағы ылғалды климат жабайы жылқылар санының жедел артуына қолайлы жағдай жасады. Аңшылар өздері аң аулайтын жердің көлемін азайтты және бір орында ұзақ уақытқа орнықты. Ботай мәдениеті (б.з.б. 3–2-мыңжылдық) аңшылық, балық аулау мен жылқы өсіруді үйлестірген біршама күрделі шаруашылығымен ерекшеленді. Жылқы мен басқа да жануарларды қолға үйрету Қазақстан халқы тіршілігін қамтамасыз ету жүйесін дамытудың маңызды кезеңіне айналды.



Пржевальский жылқысы – алғашқы қолға үйретілген жылқылардың ұрпағы

Б.з.б. 3–2-мыңжылдықтар тоғысында қуаңшылықтың жаңа толқыны басталды. Ботай жылқыларының² үйірлері жоғалып кетті. Құрғақ климатқа бейімделе отырып, Қазақстан халқы б.з.б. 2-мыңжылдықта (Андрон мәдени кешенінің тайпалары) малшы-егінші өндіруші экономикаға көшті. Бұл тайпалардағы малшаруашылығы басты, ал егіншілік қосалқы орынды иеленді. Андрондықтардағы малшаруашылығы бақташылық сипатта болды, мал құрамында сиырлар басым еді. Б.з.б. 2-мыңжылдықтың ортасында андрондықтар қола өндірісін меңгерді. Тіршілікті қамтамасыз етудің жаңа жүйесі халықтың өсуіне, өзендер мен көлдердің жағаларындағы тұрақты қоныстардың пайда болуына әкелді.

Қола дәуірі малшаруашылығы үздіксіз дамыған кезең болды. Бақташы малшаруашылығы біртіндеп жайылымға бағумен (жайылымдық) алмаса бастады. Мұнда малшылар малмен бірге бір жайылымнан басқасына көшіп жүрді. Қысқа азық дайындауды талап ететін ірі қара мал орнын алысқа көшуге және тебіндеуге (қысқы жайылымға)

¹ Қондырма төсілінің мәні – бұйымның (пышақтық, жебенің немесе найзаның ұшықтары) негізгі сүйектен немесе ағаштан жасалып, ондағы арнайы ойықтарға тасты шайырмен бекіту арқылы өткір жүзінің даярланатындығында. Бұл төсіл өртүрлі еңбек құралдарын дайындауға мүмкіндік берді және ежелгі адамдардың өмір сүру мүмкіндіктерін күрт жақсартты.

² Соңғы генетикалық зерттеулер Ботай жылқысының ұрпағы пржевальский жылқысы болып табылатындығын көрсетті. Заманауи үй жылқысы Еуразияның басқа аудандарында қолға үйретілген жылқылардан шыққан.

қабілетті қойлар мен ешкілер ауыстыра бастады. Қатал климаттық және табиғи жағдайларға бейімделу қажеттігі б.з.б. 2–1-мыңжылдық тоғысында көшпелі малшаруашылығының пайда болуына әкелді. Қуаңшылық неғұрлым күшті байқалған жерде (Сарыарқа мен Бетпақдалада) көшпелілік ертерек пайда болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

- 1) Палеолит, мезолит, энеолит, неолит дегеніміз не және қай уақыттарды қамтыды?
- 2) Неолиттік төңкерістің мәні неде?
- 3) Қандай табиғи факторлар көшпелі малшаруашылығы мен көшпелілер өркениетінің пайда болуына әкелді?
- 4) Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің не екендігін түсіндіріңдер.
- 5) Ол бұзылған жағдайда тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі қандай тәсілдермен қалпына келтірілуі мүмкін? Мысалдар келтіріңдер.
- 6) Көшпелі малшаруашылығының пайда болуы кейінгі қола дәуірінде дала халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін ұстап тұру қажеттігімен қалайша байланысты екендігін өңгімелеңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар*

1. Даланың қуаңдануына орай жылқының жоғалуына байланысты өзгеріске ұшыраған тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін Ботай мәдениетінің өкілдері қалай қалпына келтірді?
2. Қола дәуірінде, б.з.б. 2-мыңжылдықтың ішінде малшылардың малдарының құрамындағы болған өзгерістердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін сақтап қалу қажеттігіне байланысты болғандығын дәлелдеңдер.

Үй тапсырмасы

Отырықшы-егінші қоғамдарда тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін ұстап тұру үшін неліктен жауынгерлердің ерекше тобы болуы қажет, ал көшпелі қоғамдарда қажет еместігі туралы ойланып, қосымша материалдарды пайдаланып эссе жазыңдар.

1.2. Көшпеліліктің пайда болу факторлары және көшпелі экологиялық жүйенің қалыптасуы

Бүгінгі сабақта:

- көшпелі экологиялық орта туралы білеміз;
- көшпелі экологиялық жүйені талдаймыз;
- көшпеліліктің пайда болуының табиғи және әлеуметтік-мәдени факторларын бағалаймыз.

Көшпеліліктің экологиялық ортасы. Көшпелі малшаруашылығының пайда болуы табиғи-географиялық фактор – қуаңшылықтың ықпалымен жүзеге асты. Қуаңшылықтан егіншіліктің құлдырауы және өзендер мен су айдындарынан қашықтағы аймақтарды игеру қажеттігі осы жерге қолайлы шаруашылық түрін қажетсінген еді. Бұл аумақтар белгілі бір табиғи-климаттық жағдайы мен табиғи қорлары бар экологиялық орта

(тіршілік ету ортасы) болып табылады. Көшпелі экологиялық ортаға мынадай ерекшеліктер тән:

– қуаң және континенттік климат (атмосфералық жауын-шашынның жеткіліксіздігі, күн радиациясының жоғарылығы, температураның шұғыл ауытқуы, жиі қайталанатын құрғақшылықтар);

– су қорының шектеулігі;

– топырақ қорының шектеулігі және топырақтың эрозия мен желге ұшуға бейімділігі;

– өсімдіктердің маусым бойынша өсетіндігі, сиректігі мен азықтық құнарының төмендігі.

Көшпеліліктің экологиялық ортасы далалар, шөлейттер, өзендері аз шөлдер, таулы және тау бөктеріндегі аумақтар болып табылады.

Тірек сөздер:

- экологиялық орта
- экологиялық жүйе
- көшпелілік
- табиғи-географиялық фактор
- әлеуметтік-мәдени фактор
- ақпарат
- технологиялық жаңалықтар
- бейімделу

Анықтама. Экологиялық орта (тіршілік ету ортасы) – нақты тірі және өлі табиғи жағдайлардың жиынтығы, айналадағы тірі ағзалар мен оларға әсер етуші жағдайлардан тұратын табиғат бөлігі.

Көшпелілік экологиялық ортаға негізделген, яғни өз экологиялық ортасы шегінде қатаң оқшауланған.

Көшпелі экожүйе. Көшпелі экожүйеде көшпелі-малшылар мен көшпелілердің экологиялық ортасы өзара байланысып, бір-бірін толықтыруы арқылы біртұтас болып біріккен. Ол заттардың, энергия мен ақпараттың өздігінен реттелетін айналымын қамтамасыз етеді.

Анықтама. Экологиялық жүйе – бұл ағзалар мен оларды қоршаған ортаның бейорганикалық құрамдас бөліктерінің жиынтығы, онда заттар мен энергия айналымы жүзеге асырылады.

Көшпелі экологиялық ортаның жоғарыда аталған сипаттамалары номадтық экожүйеге де тән. Олар адамның шаруашылық қызметін шектейтін және одан әлеуметтік-мәдени бейімделудің ерекше түрлерін талап ететін факторлар болып табылады. Көшпелі экожүйеде көшпелі малшаруашылығы шаруашылықтың басым немесе мүмкіндігі бар жалғыз түрі болып табылады. Көшпелі экологиялық ортаны (көшпелілік таралған аймақты) егіншаруашылығына пайдалану әрекеттері, әдетте, экологиялық жүйеге орны толмас залал келтіреді, эрозия мен шөлейттенуге әкеледі.

Көшпеліліктің пайда болуының табиғи-климаттық факторлары. Бүкіл Еуразиядағы сияқты, Қазақстан аумағындағы табиғи-климаттық жағдайлардың ерекшеліктері мұз дәуірінен кейін қалыптасты. Топырақ және өсімдік жабынының құрылымы мен құрамы, гидрографияның ерекшеліктері, маусымдық режим орнықты. Сондай-ақ соңғы мыңжылдықта ылғал деңгейі, атмосфералық жауын-ша-



Таулы аймақтағы жайылым

шын мөлшері өзгеруін жалғастыра берді және ылғалды кезеңдер қуаңшылықпен алмасты. Б. з. б. 2-мыңжылдықтың соңына қарай дәл осындай қуаңшылық кезең басталды. Ол Күн радиациясының жоғарылығымен, жиі болатын құрғақшылықтармен, қуаңшылық пен климат континенттігінің күшеюімен ерекшеленді. Бұл су, одан кейін өсімдік қорларының қысқаруына, сондай-ақ топырақ жағдайының нашарлауына әкелді. Екіншілікпен айналысу мүмкін болмады. Малшылар малға су іздеп үнемі қоныс аударуға мәжбүр болды.

Климаттың континенттігіне байланысты жыл бойындағы температураның шұғыл өзгеруі де көшпеліліктің пайда болуының табиғи факторларының біріне айналды: малшылар суық маусымда малдарды оңтүстікке қарай өкетуге, ал ыстық маусымда солтүстікке қарай көшуге (таулы жерде ыстықта тауға көтерілу, суықта жазықтағы қыстауға түсу) мәжбүр болды. Көшу бағыттарының қалыптасуына қардың қалыңдығы да әсер етті. Өйткені жылқылардың өздері де қалыңдығы 40 см-ден астам қардың астынан азық тауып жей алмады. Сондықтан малды сақтау үшін қысқа қарай қар қалың түспейтін аймақтарға көшіру қажет болды.

Көшпелі экологиялық ортаның ресурстары аймақтық-маусымдық сипаттарымен ерекшеленеді. Мәселен, өсімдіктер өсетін орнына қарай, көктемгі, жазғы, күзгі және қысқы жайылымдардың қалыптасуына негіз болады. Жауын-шашынның түсуі мен өзен, көл және басқа да су көздері суының молдығы да маусымдық сипатқа ие болды. Бұл малшыларды малды азықпен және сумен қамтамасыз ету мақсатында маусымдық көші-қонға мәжбүрледі.

Бұл маңызды! Климаттың қуаңшылыққа ұшырауы, су қорының жеткіліксіздігі мен қорлардың аймақтық-маусымдық сипаты көшпеліліктің пайда болуының табиғи-географиялық факторлары болды.

Көшпеліліктің пайда болуының әлеуметтік-мәдени факторлары. Көшпеліліктің пайда болуына неолит, энеолит және қола дәуірінде жануарларды қолға үйрету мен малшаруашылығын дамыту үдерісі, малды ұстау, жаю мен пайдалану, сондай-ақ барлық экожүйенің табиғи-климаттық ерекшеліктері мен табиғи ресурстары туралы ақпараттың жинақталуы негіз болды. Су ішетін суаттар мен жайылым қорлары туралы аса бағалы ақыл-кеңесті малшылар ұрпақтан-ұрпаққа мұқият беріп отырды.

Бұл ақпараттардың жинақталуы барысында көшуге ыңғайлы мал құрамы (ірі қара мал біртіндеп жылқымен және ұсақ малмен ауыстырылды) қалыптасты, көшпелілікті ұйымдастыру қағидалары дамыды. Малшаруашылығы неғұрлым өнімді бола түсті: мал ет, сүт, жүн және т.б. беріп қана қоймай, сондай-ақ көліктік және жегін күші ретінде де пайдаланылды. Көшпелі өмір салты және онымен байланысты тұрмыстық мәдениет қалыптасып, қажетті технологиялар жетілдірілді.

Малшылықтың көшпелі түріне өтуге жағдай жасаған технологиялық жетістіктер б.з.б. 2-мыңжылдықтың соңында енгізілді. Мысалы, 2-мыңжылдықтың ортасында атқа міну, ал соңына қарай құдықтар пайда болды. Осылайша, шөлейт және шөлді аймақтарда көшіп жүру үшін аса маңызды технологиялық алғышарт жасалды. Ат өзбелдері жетілдірілді, жаңа мыңжылдықтың басталуына қарай темір еңбек құралдары пайда болды. Малды (ат, түйе, өгіз) көлік ретінде пайдалану тек бақташылардың ғана емес, сондай-ақ бүкіл халықтың көшіп-қонуын жеңілдетті.

Бұл маңызды! Жануарларды қолға үйрету, малшылықтың дамуы, малшылық пен тіршілік ету ортасының ерекшеліктері туралы білімнің жинақталуы, мал құрамының өзгеруі, технологиялық жаңалықтар көшпеліліктің пайда болуының әлеуметтік-мәдени факторлары болды.

Шөлейтті аймақтарды игеру тәжірибесімен үйлескен жаңа технологиялық тәсілдер кешені, материалдық мәдениеттің дамуы көшпелілікке өтудің ақпараттық және материалдық базасын қалыптастырды. Материалдық өндіріс жүйесі жаңа табиғи және экологиялық жағдайларға бейімделді. Көшпелілікке өтудің арқасында даланың шөлейтті аймақтары халқының тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі жолға қойылды және оңтайландырылды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Экологиялық орта, экологиялық жүйе, табиғи-географиялық фактор, әлеуметтік-мәдени фактор терминдерінің анықтамасын айтыңдар.
2. Көшпелі экологиялық ортаның негізгі ерекшеліктерін атаңдар.
3. Көшпеліліктің пайда болуының табиғи-географиялық факторларын атаңдар. Қалай ойлайсыңдар, климаттың қуаңшылыққа ұшырауы неліктен егіншіліктің құлдырауына әкелді (қола дәуіріндегі тайпалардың шаруашылығында егіншілік жеткілікті маңызды рөл атқарған еді ғой)?
4. Көшпеліліктің пайда болуының әлеуметтік-мәдени факторларын атаңдар. Ақпарат неліктен маңызды фактор болып табылады?

Күрделілігі жоғары тапсырмалар*

1. Қалай ойлайсындар, көшпеліліктің жазықта, далалық және шөлді аудандарда ғана емес, сондай-ақ таулы және тауалды жерлерінде де дамитындығы қандай табиғи-географиялық ерекшеліктермен байланысты?
2. Көшпелі-малшылар мен олардың тіршілік ету ортасының өзара байланысып, бір-бірін қалай толықтыратынын көрсетіңдер.
3. «Көшпеліліктің пайда болу факторлары» кестесін толықтырыңдар:

Табиғи-географиялық факторлар	Әлеуметтік-мәдени факторлар
Экологиялық жүйе қалыптасты	Жануарларды қолға үйрету

Үй тапсырмасы

Қазақстанның қазіргі заман тарихындағы қандай тәжірибе көшпелі экологиялық ортаны егіншілікке сәтсіз пайдаланудың мысалы болып табылады? Өз ойларыңды қорытындылап, жазыңдар

1.3. Өндірістің шашыраңқы ұйымдастырылуы мен халықтың қоныстану жүйесі

Бүгінгі сабақта:

- қазақтардың көшпелі малшаруашылығы туралы оқып білеміз;
- көшіп-қонудың өндірістік циклін талдаймыз;
- мал құрамы туралы түсінеміз;
- көшпелілердегі егіншілікті бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- шашыраңқылық
- кооперация
- көшпелі қауым
- патронимия
- генеалогиялық желі
- таралып қоныстану жүйесі

Көшпелі малшаруашылығының шашыраңқылығы. Халықтың белгілі бір аумаққа қоныстану жүйесі негізгі өндіріс тәсіліне байланысты болады. Қуаңданған экологиялық ортаның табиғи-географиялық жағдайларына бейімделу нәтижесінде өндірістің көшпелі тәсілі пайда болды. Осылайша қазақтардың қоныстану жүйесі – өндірістің көшпелі тәсіліне, яғни көшпелі малшаруашылығына негізделіп құрылды. Мұнымен қатар табиғатты пайдаланудың оңтайлы жолы табылды, ол көшпелі малшаруашылығының шашыраңқылығы,

яғни көшпелілер мен олардың малының көшіп-қонатын аумағында шашырап орналасуы болды.

Көшпелілердегі өндірістің шашыраңқы ұйымдастырылуына қуаңшылық аймағындағы өсімдіктердің жұтаңдығы себеп болды. Өсімдік жамылғысының аздығы мал үшін жайылым іздеп көшуге мәжбүр етті. Азықтың жеткіліксіздігі малды бір орынға жинауға мүмкіндік бермеді. Жайып бағу үшін орасан үлкен жайылымдар қажет болды. Далалы аймақта бір жылқыға 20 га-дан кем емес және бір қойға 5 га (жыл бойына), ол шөлейт және шөлді аймақта бір қойға 24 га-ға дейін

жайылым пайдаланылды. Сондай-ақ өсімдіктердің жыл маусымдарына байланысты өсуі мен су қорының аздығы да мал санын және оның бір орында жайылу уақытын шектеді. Бұған қоса, малдың бір жерге шоғырлануы топырақтың құнарлы қабатының тозуына және жайылымдардың тақырға айналуына әкеледі. Сондықтан әрбір табиғиландшафтық аймақ пен жылдың әрбір мезгілі үшін малдың оңтайлы мөлшері болды. Оның санын артуы экологиялық жағынан қауіпті еді. Көшпелілер малдың оңтайлы мөлшерін жасау үшін көшіп-қону, сондай-ақ жайып бағу кезінде өз малдарын тиісінше бөліп және біріктіріп отырды.

Назар аударыңдар! Азық және су қорының жеткіліксіздігі қандай да бір аумақтағы түлік санын шектеді және малды бір жерге шоғырландыруға мүмкіндік бермеді.

Малды шамадан тыс шоғырландыруға экологиялық, сондай-ақ әлеуметтік факторлар да кедергі жасады. Экологиялық факторлар – жұттар мен індеттер, ал әлеуметтік факторлар – мүлкті бөлу, малды бақтыру, қалыңмал төлеу, тойлар мен мерекелер ұйымдастыру, қонақжайлылық салттары және басқалар болды.

Көшпелілердің шөлейтті аймақтардағы шашыраңқылығы олардың аман қалуының шарты және тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің маңызды бөлігі болды. Өндіріс жүйесінің шашыраңқы ұйымдастырылуы мен көшпелі өмір салты – көшпеліліктің негізгі қасиеті. Барлық көшпелілердегідей қазақтарда да өндіріс ісі шағын шаруашылықтарда жүргізілді. Азық қорлары азая бастаған қысқы кезеңде бұл шағын шаруашылықтар бір-бірінен оқшауланған шағын топтарға (ауылдарға) бөлініп кетті.

Көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесіндегі бірлесуі. Жалпы алғанда, көшпелілер шаруашылығы шашыраңқылық сипат-



Даладағы қазақ ауылы. Апталық иллюстрациялық журнал (СПб., 1875 ж.)

та болып, көшу шағын ауылдармен жүзеге асырылса да, бірлесу мен ұжымдасқан еңбекті талап ететін кездер де болды. Мысалы, құдықтар қазу мен оларды күтіп ұстау көп адамның күшін қажет етті. Малды бөліп жаю мен оны күзету, төлге күтім жасау, төлдету, малдың жүнін қырқу мен таңбалау, оларды сауу, бұйымдар даярлау (мысалы, киіз басу) да бірлесіп атқарылды. Бірлесу қағидасы шаруашылық қызметтің ғана емес, сондай-ақ көптеген қағидалардың, салттар мен әдет-ғұрыптардың да негізі болды.

Қазақтардың көшпелі қауымы. Көшпелі қазақтардың материалдық өндірісі аумақтық-қауымдық ұйым негізінде жүргізілді. Қоғамның ең кіші ұяшығы үй (үй иесі, әйелі мен олардың балаларынан тұратын) болды. Осы үй малға иелік етті. Сөйте тұра, үй қауымнан тыс, өздігінен өндіріс әрекетін жүргізе алмады. Сондықтан ең басты өндіруші – *көшпелі қауым*, яғни малшаруашылығы саласындағы еңбек бірлестігі қағидасы бойынша құрылған әлеуметтік құрылым – ауыл.

Анықтама. *Көшпелі қауым* – малшаруашылығы саласындағы еңбек бірлестігі қағидасына негізделген көшпелілердің ұйымы.

Қауым ұғымы қоғамдық өндіріс жүйесінде жұмыс атқаратын және қажеттілікке қарай құрылатын көптеген топтарды қамтиды.



Малшаруашылығының бүгінгі мен ертеңі: Көшпелі малшаруашылығы жойылып, бүгінде отырықшы және бақташы малшаруашылығы өркендеуде. Елімізде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, ауылшаруашылығының экспортқа өнімдер шығаратын салаларын күшейту, малшаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруды арттыру және халықаралық стандарттарға сәйкестендіру шаралары қолға алынған.

Осы мақсатта асыл тұқымды мал шаруашылығын қолдауға мемлекет тарапынан қолдау көрсетілуде

Көшпелілер мал жаю, малдың жүнін қырку, таңбалау, құдықтар қазу, сондай-ақ егіншілік жұмыстарын атқару, бірлесіп аңшылық құру және т.б. кезінде топтарға бірікті. Әйелдер киізді бірігіп басты, кілем тоқумен, ғұрыптық салттар мен мерекелер кезінде ас әзірлеумен айналысты. Мұндай топтарға бірігу уақыты бірнеше сағаттан бастап бірнеше айға дейін созылды. Қауымның барлық мүшелері жұмысты бірлесе атқаруға өзара көмек қағидасы негізінде қатысты.

Қауымның аса маңызды белгісі жерге қауымдық меншік болды. Қауым мүшелерінің малды қауымдық жерге бағу құқығы болды, ал қауым бұл құқықты қорғады.

Қыста (қара күзден ерте көктемге дейін) қауымдағы адамдар саны аз болды және қой отары 400–600 бастан құралды. Осыған сәйкес, малға кедей ауылдағы адамдардың саны малға бай ауылдардағыдан көп болған еді. Мал саны жеткілікті меншік иесі өздігінен көшіп-қона алды. Ерте көктемде бұл ауылдар отарда 60–70 бас болатындай ұсақ топтарға бөлінді.

Жылдың жылы мезгіліндегі жайлауда қауым үлкейіп, қысқы екі-үш (кейде одан да көп) ауылдар бірігеді. Бұл мал саны көп болғандығына қарамастан, жайлауда азық пен су көздерінің жеткілікті болуының арқасында мүмкін болды.

Көшпелілердегі патронимиялық ұйым. *Қауымның жанұялық-туыстық сипатқа ие болғандығын* атап өту маңызды. Өндірістік топтар туыстық негізінде, сондай-ақ одан тыс құрылса да, жұмыс бірінші кезекте жақын туыстарына, одан кейін алыс туыстарына және де тек соңғы кезекте ғана «бөтен руларға», яғни жеке адамдарға немесе қауымның негізгі құрамымен туыстығы жоқ топтарға берілді. Қауымның отбасылық-туыстық сипаты көшпелі қоғамның патронимиялық ұйымымен байланысты болды.

Анықтама. Патронимиялық ұйым – бір-бірімен ортақ шежірелік дәстүрімен байланысқан көптеген патронимиялар.

Қазақ қоғамы ғана емес, сондай-ақ кез келген басқа да көшпелі қоғам патронимияларға – әке жағынан қандас туыстықпен байланысқан және көшпелі шаруашылықты бірігіп жүргізетін адамдар тобына бірікті. Көшпелі адам патронимиядан тыс өмір сүре алмады және өзін әлеуметтік жекетілуге ретінде сезіне алмады.

Анықтама. Патронимия – туыстық бірлестік (үйлер тобы) түрі, ол шежірелік туыстықты ұстанатын және ортақ патронимиялық (әке жағынан ата-баба есімінен алынған) атауды иеленетін шежірелік қағидаға негізделеді.

Түрлі топ мүшелерінің арасындағы туыстықтың сипаты мен дәрежесі әке жағынан¹ шежірелік байланысы арқылы анықталды. Қазақтарда

¹ Әнелік желі қағидағы – туыстықты еңалік желі бойынша есептеу, ол ұрпақтан-ұрпаққа балалардың тек әкемен ғана байланысын есепке алады.

генеалогиялық желінің (шежіре) тереңдігі қырық ұрпаққа дейін жетті. Шежіре сатылық (иерархиялық) сипатқа ие болды, яғни үлкен және кіші, негізгі және екінші дәрежелі тармақтар және т.б. бөліп көрсетілді. Көшпелінің әлеуметтік мәртебесі оның патронимиясының дәрежесімен анықталды.

Назар аударыңдар! Көшпелі қоғамның аса маңызды белгісі – көпсатылы патронимиялық (ру-тайпалық) ұйым болып табылатындығы.

Көшпелілерде туыстықтың шежірелік жүйесі мен патронимиялық ұйымның басым болуының басты себебі көшпелінің меншікке (мал мен дүние-мүлікке) мұрагерлікпен ғана ие бола алатындығы болды. Бұған қоса, ол табиғи циклдер мен көшіп-қону бағыттары туралы ақпаратты тек өзінің ата-бабаларынан ғана біле алды.

Бұл маңызды! Көшпелі қоғамның шежіресі экзогамиялық шек қойылған ең төменгі буындарда (қазақтарда 7–13 ұрпақ) нақты. Ал арғы тегі («тайпа») шежірелік аңыз-миф түрінде айтылады.

Ең шағын патронимия жақын туыстықпен біріккен бірнеше отбасыдан (2–4 ұрпақ) құралды. Бұл отбасылар (әулет) шаруашылықты бірлесе атқарады, бірге қоныстанып, бірге көшті. Ең шағын патронимия деңгейінде шешу мүмкін болмайтын шаруашылық және әлеуметтік мәселелерде (малды қыста бағу, арықтар жүргізу, құдықтар қазу, сондай-ақ туысқандарының теріс қылықтары үшін кепілдік, туыстарын қорғау және өмір кезеңдеріне қатысты салт-дәстүрлерді атқару¹) неғұрлым ірі – *ру* деп аталатын топтарға бірікті.

Көшпелі шаруашылықтың шашыраңқы сипаты мен қоғамның патронимиялық ұйымдасып жер мен жайылымдарға қауымдық-рулық меншігі сақталғандығын ескеретін болсақ, көшпелі қазақтардың таралып қоныстану жүйесінің нақ осы факторлармен анықталатындығы түсінікті бола түседі.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Көшпелі малшаруашылығының шашыраңғылығы неден екендігін түсіндіріңдер. Оған не нәрсе жағдай жасайды?
2. Сендер қалай ойлайсыңдар, малдың шоғырлануы (нәтижесінде топырақтың құнарлы қабатының зардап шегуі) қандай жерлерде амалсыздан орын алатын еді?
3. Бір шаруашылықта малдың шамадан тыс шоғырлануынан сақтандыратын табиғи (экологиялық) және әлеуметтік факторларды атаңдар.
4. Көшпелілер шағын топтармен (отбасылармен) қандай істерді атқара алғандығын, ал қандай жұмыстар үшін бірлесудің қажет болғандығын өңгімелеңдер.
5. Қой отарының саны маусымға қарай неліктен өзгерді?

Үйге тапсырма

Көшпелі қазақтарда қауым неліктен басты өндірістік бірлік болғандығын қосымша материалдарды пайдалана отырып шағын жоба жасаңдар.

¹ Баланың дүниеге келуі, құдалық және үйлену, жерлеу мен еске алу салттары.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

1. Қалай ойлайсыңдар, қауым мен патронимияның арасындағы айырмашылық неде? Қандай жағдайларда қауым мен патронимия сөйкес келеді?
2. Көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде ақпараттар иеліктен шежіре бойынша жоғарыдан төмен қарай беріліп отыратындығын түсіндіріңдер.
3. «Малдың бір шаруашылықта шамадан тыс шоғырлануынан сақтандыратын факторлар» кестесін толықтырыңдар.

Табиғи факторлар	Әлеуметтік факторлар
Құрғақ аймақтар өсімдіктерінің жұтандығы	Мүлікті бөлу
Су ресурстарының жеткіліксіздігі	

1.4. Көшпелі қазақтардың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі. Өндірістің шашыраңқы ұйымдастырылуы мен халықтың қоныстануы

Бүгінгі сабақта:

- көшпелілер материалдық өндірісіннің бытыраңқы сипатын анықтаймыз;
- көшпелі қазақтардың әлеуметтік ұйымын талдаймыз;
- көшпелі қауым, патронимия және патронимиялық жүйе туралы бағалаймыз;
- қоныстану жүйесі туралы жинақтаймыз.

Қазақтардың көшпелі малшаруашылығы. Көшпелі малшаруашылығының бақташылық басты айырмашылығы малды жыл бойы жайылымда жаю (малды қорада ұстаудың мүмкін еместігіне орай) болып табылады. Көшпелі малшаруашылығында жайылым шөбі мен су қорына байланысты жайылымдарды мезгілімен ауыстырып отырады.

Қазақстанның басым бөлігі шөлейтті және шөлді болып келеді (картаны қараңдар 318 бет, 2-карта).

Шөлейттер мен шөлдерде, жануарлардың қалыпты тіршілігі үшін далалық аймаққа қарағанда, көбірек жайылымдар талап етілетіндіктен, орасан үлкен аумақтар пайдаланылды. Олар қысқы (қыстау), көктемгі (көктеу), жазғы (жайлау) және күзгі (күзеу) жайылымдарға бөлінді. Қысқы жайылымдар, негізінен, қар жамылғысы 10–12 см-ден аспайтын, боран сирек болатын оңтүстікте орналасты. Жазғы жайылымдар қысқы жайылымнан солтүстікке қарай (горизонталь көшкен кезде) немесе таулы аймақтарда (вертикаль көшу кезінде) орналасты. Көктемгі және күзгі жайылымдар олардың арасында болды. Көшудің горизонтальдық сипаты (көшу радиусы 2000

Тірек сөздер:

- көшпелі малшаруашылығы
- горизонталь көшіп-қону
- вертикальды көшіп-қону
- қыстау
- көктеу
- жайлау
- күзеу
- өндірістік цикл
- жұт
- егіншілік
- натуралды шаруашылық

км-ге дейін) жазықтарда, ал вертикальдық сипат (100 км-ге дейін) таулы және тау бөктерлеріндегі аймақтарда басым.

Көшіп-қонудың өндірістік циклі табиғаттың маусымдық өзгерістеріне тәуелді болды. Көшпелі қазақтар жыл бойы өз малдарымен бірге белгіленген бағыт бойынша көшеді және олар тек төтенше жағдайларда (соғыс, жұт және т.б.) ғана бұзылды. Көшу бағыттарының сипаты, бағыты мен ұзындығы жайылымдардың орналасуына байланысты. Қыстауда неғұрлым ұзақ – қараша-желтоқсаннан наурыз-ақпанға дейін және тұрақты болды. Көшпелілер қыстаудың айналасындағы жайылымдарды ұтымды пайдалануға тырысты. Түнге қарай қойларды арнайы орындарға қамады. Қыста жылқылар көбінесе қысқы жайылымдарға жіберілмейтін де болған. Олар топтастырылып (қосқа), қыстай жаздық жайылымдарда жайылды және тек көктемде өзге малдарға қосылды.

Қыста қарлы боранда кейде тіпті жылқылар да аша алмайтын қалың қабық түзетін көктайғақтар қауіп орын алды. Мұндай жағдайларда малдың аштықтан жаппай қырылуы (жұт) орын алады.

Назар аударыңдар! Жұт қатері төнген кезде малды құтқару үшін қазақтар кезектестіріп жаю тәсілін қолданды: алдымен жылқылар жіберілді, олар мұзды тұяқтарымен бұзғаннан кейін қойлар жайылады.



Ойлаңыздар, жылқылар жайылымның қандай түрінде бағылған және не себепті?

жазықтарды, сондай-ақ қыста мал жаю қиынға түсетін ойпаттарды таңдап алды. Таулы жерлерде жайлау ретінде альпілік шалғындар пайдаланылды. Ыстықта малды айдау бір су көзінен келесі су көзіне қарай жүргізілді. Жазғы тұрақтар ұзақ мерзімдік болды. Онда қысқа сүт өнімдерінен азық дайындау, киіз басу және т.б. жүргізілді. Көшпелілер жайлауда, суаттардың жанына үлкен топ болып жиналды. Күзде қысқы жайылымдарға қарай жеделдете көшіп отырды.

Бұл маңызды! Көшіп-қону жылдамдығы жылдың әртүрлі мезгілінде бірдей болған жоқ және ел табиғи факторларға тәуелді болды. Көш жүйесіндегі көшу жылдамдығының әркімкілігі экологиялық орта жағдайларына бейімделу тәсілі болды.

Қазақтардың көшпелі шаруашылығында мол құрамы түліктердің төзімділігіне орай қалыптасты. Түліктер қуаңшылық аймақ жағдайларына әртүрлі бейімделген. Мысалы, жылқылар мен ұсақ мал тебіндеуге бейім; сиырға қарағанда түйе, қой мен ешкі шөптердің көптеген түрлерімен қоректенуге, аз мөлшерлі сумен қанағаттануға, сондай-ақ тұзды суды ішуге бейімделген.



Көшке дайындалып жатқан ауыл бейнесіне қарап, қысқаша эссе жазыңдар

Осыған орай, көшпелі шаруашылығының негізі қой болды. Қой өсімтал әрі күй талғамайтын мал. Қазақтар, негізінен, еттілігімен ерекшеленетін (бір ересек қой 20–25 кг ет береді) қылшық жүнді қойларды өсірді. Еттен басқа қойдан сүт пен жүн алған. Қойдың үлесі бүкіл мал басының шамамен 60% -ын құрады.

Мал құрамында жылқының үлесі шамамен 13% болды. Алайда ол Солтүстік Қазақстанның далалы аймақтарында 30 және одан да көп пайызға дейін жетті. Қазақтар шаруашылығында жылқы түрлі мақсатта қолданылды. Бір жағынан, жылқы мініске, жегінге және жүк артуға пайдаланылса, екінші жағынан, ет пен сүттің көзі болды. Қазақ жылқысы өте төзімді, жұмысқа қабілетті, алысқа көшіп-қону мен маусымдық жайылымдарға бейім болды.

Түйе шөлейт пен шөлдің қуаңшылық жағдайына өте ыңғайлы. Қазақстан бойынша түйенің мал құрамындағы үлесі шамамен 4% болса, ал Қазақстанның батыс облыстарында 10% -дан асып, тіпті жылқы санынан да көп болды.

Ірі қараның өнімі мол болғанымен, сиыр алыс қашықтыққа көше алмайды және қыста қорада бағуды қажет етеді. Сондықтан сиыр түлігі, негізінен, малы жоқ болғандықтан көшуден бас тартуға мәжбүр болған кедейлерде жиі кездесті.

Малдың осындай құрамы көшпелі шаруашылық жаңадан қалыптасып келе жатқан, сондай-ақ көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі енді ғана жолға қойыла бастаған көшпелі өркениеттің бастапқы кезінде қалыптасқан. Көшпелілер ғасырлар бойы малдың барлық түріне сұрыптау жүргізіп, өздерінің қажеттіліктерін қанағаттандыратын және көшіп-қону жағдайларына бейімделген оңтайлы тұқымдарын іріктеп алды.

Бұл маңызды! Мал құрамы көшпелілердің басты қажеттіліктеріне орай анықталды және тіршілік ету ортасына тәуелділігі мен көшпеліліктің бейімделгіштігін көрсетті.

Қазақтың көшпелі шаруашылығы жоғары өнімділігімен ерекшеленді және халықтың материалдық қажеттіліктерін, бәрінен бұрын азыққа деген сұранысын толық қанағаттандырды. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі ретінде ол шөлейтті тіршілік ету ортасының қатал талаптарына бейімделу қызметін атқарды.

Көшпелі қазақтардағы егіншілік. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі адамды нәруызбен ғана емес, көмірсулармен де қамтамасыз етуі тиіс. Сондықтан көшпелі шаруашылық егіншілік үшін қолайсыз табиғи жағдайларға жауап ретінде пайда бола отырып, сәл мүмкіндік болса өздерінің бұл қажеттіліктерін өз күштерімен қанағаттандыруға тырысты. Егіншілікпен мүлдем айналыспай, жыл бойы белгілі бір төртіппен көшіп-қонып жүретін «таза» көшпелілік Қазақстанның батысындағы шөлейтті аймақтарда ғана болды. Егіншілік белгілері және онымен қоса, жартылай көшпелі өмір салты көшпелілік пайда болған кезден бастап онымен қатарласып бірге жүрді.

Назар аударыңдар! «Таза» көшпелілік сирек құбылыс болды. Ол тек өте құрғақ аймақтарда ғана кездесті.

Көшпелі шаруашылық экологиялық және натуралды шаруашылық болғандықтан, ол барлық қажетті өнімдерді өзі өндіруге ұмтылды. Егін ету халықтың астық өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыруға көмектесті және көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болды. Көшпелілердің көп бөлігі белгілі бір мөлшерде дөңді дақылдар өсірумен айналысты.

Егіншілік көшпелі малшаруашылығына қарағанда қосалқы сипатқа ие болды. Ол көбінесе көшпелілік аудандарының өзінде емес, оның шалғай шеттеріндегі су ресурстарына бай: ірі өзендердің аңғарларында, тау баурайлары мен шұраттарда қолданылды (картаны қараңдар. 322 бет. 4-5-карта). Мысалы, XIX ғасырдың соңында Сырдария және Жетісу облыстарындағы қазақтардың 30%-дан астамы егіншілікпен айналысты.

Көшпелі қазақтар егінді суғарусыз және суғару арқылы өсірді. Негізгі дақыл құрғақшылыққа төзімді *тары* болды. Әдетте, оны мамыр айында сеуіп, өнімін екі айдан кейін жинап алды. Сондай-ақ *бидай* мен *арпаны*, оның ішінде қыстық түрлерін себу де кездесті; қазақ даласындағы дақылдардың шамамен таралу аймақтарын картадан байқауға болады (324-бет, 4-карта). Қазақ даласында суландырудың бірнеше жүйесі болған (картаны қараңдар. 323-бет, 5-карта). Қазақстанның оңтүстігінде бау-бақша өсіру таралды.

Бұл маңызды! Көшпелі қазақтардағы егіншілік қосалқы сипатқа ие болды және ол көшіп-қонудан бас тартуға (отырықшылыққа) әкелген жоқ. Ол көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болды.

Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің басқа да қосалқы салалары балық аулау, аңшылық, терімшілік¹, түрлі кәсіпшіліктер мен қолөнер болды.

Осылайша, қазақтардың көшпелі малшаруашылығының мынадай ерекшеліктерін бөліп көрсетуге болады:

– жыл бойы белгілі ретпен көшіп-қону;

– көштің жүру жылдамдығының өркеккілігі (түрлі маусымдардағы);

– көшу мен еңбек әрекеттерінің маусымдық сипатта болуы;

– мал құрамында ұсақ мал мен жылқының басымдығы;

– тұрақты қысқы қоныстардың болуы;

– қосалқы шаруашылық ретінде егіншіліктің жүзеге асырылуы;

– шаруашылықтың натуралды сипаты.



Сырдарияның орта және төменгі ағысы аумағындағы, Талас, Шу, Іле өзені бойындағы қазақтар ежелден егіншілікпен айналысқан және арықтар жүйесімен тұрақты суару әдістерін білген

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақтардың көшпелі малшаруашылығының негізгі ерекшеліктерін атаңдар.
2. Көшпелі қазақтардың өндірістік циклінде көктемгі жайылымдар қандай рөл атқарды?
3. Қазақтар жұт қатері төнген кезде мал жазудың қандай әдісін қолданды?
4. «Таза» көшпеліліктің не екендігін түсіндіріңдер. «Таза» көшпелілік Қазақстанның қандай аудандарына тән болды және неліктен?
5. Көшпелі қазақтар малының құрамын сипаттаңдар. Мұндай құрылымның қалыптасуының себептері не?
6. Дала көшпелілері малды сұрыптауды қандай бағытта жүргізді?

Өлкетану бойынша тапсырмалар

Өз аймақтарыңның ауылшаруашылық құрылымы туралы айтыңдар. Қайсысы басым? Егіншілік пе, әлде мал өсіру (малшаруашылығы) ме? Малшаруашылығы қай бағытқа негізделген? Малшаруашылығы отырықшы ма, әлде жартылай көшпелі ме? Егіншілік суармалы ма, әлде суарылмайтын ба?

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

Сендер қалай ойлайсыңдар, неліктен жылқыларды қыста қысқы жайылымдарға айдамай, жазғы жайылымдарда бағуды жалғастыра берген?

Үй тапсырмасы

Көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі адамның негізгі материалдық қажеттіліктерін қалай қанағаттандырғанын түсіндіріңдер. Сендердің көзқарастарың бойынша тіршілікті қамтамасыз етудің бұл жүйесінің әлсіз тұстары жайлы ойларыңды қорытындылап, эссе жазыңдар?

¹ Жылбайы жуа, жылбайы сарымсақ, басқа да жезге жарайтын шөптер мен жидектер дәрумендердің маңызды көзі болды.

3. “Қазақтардың көшпелі малшаруашылығының ерекшеліктері” кестесін толтырыңдар.

Ерекшелігі	Оған не жағдай жасады?
Көшіп-қонудың жыл бойғы тұйықталған циклі	Малды қорада ұстаудың мүмкін еместігі
Көшіп-қонудың миграциялық-жылдамдықтық үйлесімсіздігі	
	Малдың тебіндеп жайылуға қабілеттілігі
	Астық өнімдеріне (көмірсуларға) сұранысын қанағаттандырудың қажеттігі
	Қысқы жайылымдарда болудың ұзақтығы
Натуралды шаруашылық	

2-тақырып. Қолөнер мен кәсіптер

Оқыту мақсаты:

- 11.1.1.4 этнографиялық материалдардың негізінде қазақтарда қолөнер мен кәсіптердің дамуын сипаттау.

2.1. Кәсіпшіліктер мен қолөнер көшпелі қазақтардың тіршілігін қамтамасыз ету жүйесінің бөлігі ретінде

Бүгінгі сабақта:

- көшпелілердің натуралды шаруашылығындағы қолөнер мен кәсіпшіліктердің маңызын оқып-үйренеміз;
- қолөнер ер адамдардың дәстүрлі кәсіптерін талдаймыз;
- үй кәсіпшіліктеріндегі әйелдер қызметін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- натуралды шаруашылық
- қолөнер
- үй кәсіпшіліктері
- ағаш өңдеу
- ұсталық
- тері илеу
- сүйек ою
- киіз басу
- тоқымашылық
- ши тоқу

Көшпелі қазақтар өміріндегі қолөнер мен кәсіпшіліктер. Малшаруашылығы мен егіншілік қолөнер бұйымдарынсыз болмайтыны белгілі. Мысалы, малшылық үшін ер-тұрман, ат әбзелдері, малдарды ұстауға арналған жабдықтар және т.б., ал егіншілік үшін өртүрлі ауылшаруашылық құралдары қажет. Сондықтан көшпелілер қауымының ішінде әрқайсысы өз ісіне маманданған кәсіпқой қолөнершілер: ұсталар, зергерлер, ағаш өңдеушілер, тас қашаушылар, сүйек оюшылар, етікшілер де болды. Бұлардың бәрі ер адамдардың кәсіптері болды. Өз кезегінде, үй кәсіпшіліктері отбасын тұрмысқа қажетті заттарымен қамтамасыз етті. Үй кәсіпшіліктері сәндік-қолданбалы өнермен байланысты болды. Өйткені барлық заттар дерлік

өзіндік мені бар өрнекпен безендірілді және тек қолданылу сипатын ғана иеленген жоқ. Үй кәсіпшіліктерімен әйелдер айналысты.

Бұл маңызды! Қазақтардағы кәсіпшіліктер мен қолөнер шаруашылықтың және көшпелі немесе жартылай көшпелі өмір салтының әсерімен қалыптасты. Олар натуралды шаруашылықтың бір бөлігі болды.

Малдың жүні, терісі, сүйегінен қажетті бұйымдар дайындалды. Шаруашылықтан алынатын шикізаттың барлығы өңдеуден өтті. Осылайша, көшпелілер еңбек құралдары мен тұрмыстық бұйымдарына қажетті шикізатпен қамтамасыз етілді. Қолөнер натуралды шаруашылықтан әлі де болса бөліне қойған жоқ еді. Қолөнершінің еңбегі кәсіптік дағдыларды талап етсе де, ол қолөнершінің өз бұйымдарын өткізу есебінен өмір сүруін қамтамасыз еткен жоқ. Қолөнершінің өзі де малшы болды және тапсырыспен жасаған өз бұйымдары үшін ақыны малмен алды. Тек XVIII–XIX ғасырларда ғана бұйымдардың бір бөлігі сату үшін дайындала бастады.



Киіз үйдің ішкі жабдығы

Қолөнершінің өз бұйымдарын өткізу есебінен өмір сүруін қамтамасыз еткен жоқ. Қолөнершінің өзі де малшы болды және тапсырыспен жасаған өз бұйымдары үшін ақыны малмен алды. Тек XVIII–XIX ғасырларда ғана бұйымдардың бір бөлігі сату үшін дайындала бастады.

Қазақтардағы қолөнер. Үй кәсіпшіліктері мен қолөнер бұйымдары киіз үймен байланысты болды. Киіз үйдің құрылымы біздің заманның I-мыңжылдығының ортасына қарай қалыптасты. Киіз үй өмірдің көшпелі салтына сай келді және көшпелінің тіршілік ету ортасына бейімделуінің нәтижесінде қалыптасты. Бұған қоса, киіз үйдің қолданыста болуына қолжетімді табиғи және көшпелі малшы еңбегімен өндірілетін заттардың қолданылуы да үлкен ықпал етті.

Назар аударыңдар! Үй кәсіпшіліктері мен қолөнер бұйымдарының арасында баспамен (киіз үймен) байланыстылары негізгі орынды иеленді.

Ағашшылық өнері. Киіз үйдің ағаш қаңқасының бөлшектерін жасаумен ағаш шебері – *үйшілер* айналысты. Мұндай мамандар өте жоғары бағаланды. Ағаш өңдеуші шеберханасында уықтарды булап жұмсартуға арналған пеш, киіз үй бөлшектерін түзетуге, июге және бұрғылауға арналған құрылғылар болды. Ағашты шебердің өзі даярлады және киіз үйдің барлық бөлшектерін өзі жасады. Қазақ киіз үйінің ағаш қаңқасы төрт бөліктен құралды: *қанат* деп аталатын құрастырмалы-жиналмалы торлы бөліктерді бір-бірімен байластырып жасалатын киіз үй *керегесі*, күмбездене келген *уық*, уықтарды біріктіретін дөңгелек төбесі *шаңырақ* пен үйге кіретін *есік*. Кереге мен уықтар жеңілдігімен



Әйелдердің өшекей бұйымдары

және илгіштігімен ерекшеленетін және өңдеуге жақсы көнетін *талдан* жасалды. Шаңырақты *қайыңнан* жасалған жарты шеңберлерден, ал жақтауы бар жарма есікті *қарағай* тақтайшаларынан құрастырды. Киіз үйдің ағаш бөлшектерін жасау Қазақстанның орманды солтүстік аудандарында жақсы дамыды. Ағаш шеберлері сондай-ақ музыкалық аспаптарды (домбыра, сыбызғы), ауылшаруашылық құралдарын, жиһаздарды, сондай-ақ әртүрлі ағаш ыдыстарды жасады. Қолөнердің маңызды бөлігін ер-тұрман жасау құрады. Сондай-ақ ағаш ою да дамыды. Оюшы шеберлер киіз үй есіктерін, шаңырақ пен уықтарды, сондай-ақ тұрмыстық бұйымдар, мысалы, асадалдар мен кереуеттерді, музыкалық аспаптар мен ерді өрнектермен өшекейледі. Бұл жағдайда қолөнер сәндік-қолданбалы өнерге айналды.

Ұсталық және зергерлік өнер. Ұста елді металл бұйымдармен қамтамасыз етті. Ол сырттан өкелінетін шикізатқа негізделді және бірінші кезекте ат өззелдерінің металл бөлшектерін, үзеңгілер мен тағаларға деген сұранысты қамтамасыз етті. Ұсталар пышақ, біз, орақ, қару-жарақ пен сауыт-саймандар жасады. Ұстаның өз шеберханасы *ұстахана* болды. Қазақ зергерлері күрделі тәсілдерді меңгерді. Олар көбінесе алтыннан және қазақтардың түсініктері бойынша тазартушы және тылсым қасиеттерге ие күмістен

әйелдерге арналған өшекейлерін жасаған.



Қошқартас

Тері өңдеу. Теріден жасалған бұйымдар көшпелілер өмірінде маңызды орынды иеленді. Мұндай бұйымдарға, бәрінен бұрын аң терісінен жасалған киімге сұраныс табиғи жағдайларға байланысты болды. Киім мен аяқкиімнен бөлек, теріден әртүрлі ыдыстар, баулар мен белдіктер, қамшылар, ат өззелдері жасалды. Әрбір отбасы мал және аң терілерін илеумен

өздері айналысты. Тері өңдеу үдерісі терні ет пен майдан тазартудан және оған жұмсақтық, беріктік, серпімділік беруден тұрады. Теріні кептіріп, айран жағады, содан кейін орайды. Бірнеше күннен кейін қайтадан кептіріп, шелдейді, одан кейін жайып, талқыға салады және табиғи бояулармен керекті түске бояйды. Тері мен былғарыны өңдеумен, етіктер мен кебістер тігумен ер адамдар айналысты. Әйелдер иленген терілер мен жарғақтан ішіктер мен тондар, шалбарлар тікті. Көшпелілер пайдаланған былғары ыдыстардың ішінен қымызға арналған *саба*, *торсық* пен *шелектерді* атауға болады. Өрнек салынған былғарымен ағаш сандықтарды қаптады, белбеулер мен белбеулік дорбалар және т.б. жасады.

Сүйек ою. Қазақтар үй және жабайы жануарлардың сүйектері мен мүйіздерін әртүрлі бұйымдарды жасауға пайдаланды. Ақбөкен мүйіздерінен қанжар, қамшы мен пышақтардың саптары, қой мүйіздерінен шөміш, тарақтардың саптары және басқа заттар жасалды. Сүйекпен жиһазды, ыдыс-аяқты, киіз үй қаңқасының ағаш бөліктерін әшекейледі.

Тас қашау. Қолөнердің бұл түрі бірінші кезекте әртүрлі үлгідегі қабір үстіндегі ескерткіш – құлпытасты (жоғарғы жағы белгілі бір геометриялық пішінге ие, тікбұрышты тас баған), қошқартасты (қошқар бейнелі), сандықтасты (сандық түріндегі), күмбезді (кесене) және басқаларды жасаумен байланысты болды.

Үй кәсіпшіліктері кілем тоқу, әртүрлі үлгідегі оюлы және түрлі түсті киіз төсеніштер мен тұрмысқа қажетті заттар жасаумен, алаша тоқумен, кестелеумен, тоқымашылықпен байланысты болды. Бұлар тек қана әйелдердің кәсіптері болды. Үй бұйымдарын жасау өз шаруашылығының шикізатына – қой, түйе жүніне, ешкілердің түбіті мен қылшығына, жылқы қылы, теріге негізделді.

Жүн өңдеу. Тұрмыс заттарын жасауға арналған негізгі шикізат қой, түйе мен ешкінің жүні, сондай-ақ жылқы қылы болды. Қой жүні неғұрлым көп қолданылған. Көктемде және күзде қырқылған жүннің айырмашылықтары болды. Көктемгі жүн иіруге жақсы көнді және тоқымашылыққа арналған жіптерді, сондай-ақ баулар мен арқандарды дайындауға жұмсалды. Бұл жүнді киімді, көрпені, балалардың бесіктерін жылылауға пайдаланды. Күзгі жүн қопсығыш болады және киіз жасауға қолданылды. Түйе жүні жылына бір рет, көктемнің соңы – жаздың бас кезінде алынды. Түйенің бүйірлерінен алынған жұмсақ жүн жақсы болып есептелді және ол шекпен, белбеу жасауға, көрпе мен киімді жылылауға пайдаланылды. Неғұрлым ұзын және берік жүні мықты жіптер дайындауға қолданылды. Олармен аяқкиім тікті, киіз төсеніштерді біріктіріп және сырып тікті. Жылқы қылы арқан дайындауға пайдаланылды.

Киіз дайындау. Үй өндірісінің аса маңызды бөлігін киіз үйге және оның ішкі бұйымдарына пайдаланылатын киізді дайындау мен өңдеу құрады. Қарапайым киіз, еденге төсейтін текемет, сырылған сырмақ



Киіз басу. Антропология және этнография
мұражайы (СПб., 1907 ж.)

талып, қоқыстардан тазартылды, қопсытылды. Одан кейін жүнді ши төсенішке жайып салып, жұмырлап орайды. Оның әрбір орамына ыстық суды сеуіп отырып, ши төсенішті аяқтармен дөңгелетті және ораманы шынтақтармен нығыздады, буға ұстады. Бұл әйелдер тобының ұжымдық еңбегі болды. Өртүрлі тәсілдер оюлы киіздер жасауға мүмкіндік берді. Киіз төсеніштерден бөлек қолдорба, қап, тең, сондай-ақ баскиім, сырткиім, шұлық жасауға пайдаланылды.



Ши тоқу

шілік саласы болды. Ол үшін жүн жіптер пайдаланылып, киіз үйдің әшекей бұйымдары даярланды. Қазақ әйелдері ең қарапайым тоқыма құрылғысында (өрмек) ала және оюлы төсеніш пен әр алуан бау түрлерін тоқыды. Олармен керегелерді байлады және бекітті, сондай-ақ киіз үйді әшекейлеуге пайдаланды. Тоқылған бірнеше жолақтарды бір-біріне қосып тігу арқылы алаша жасалды және олар еденге төселді.

дайындалды. Кейде қабырғаға ілінетін кестеленген түскиіз де киізге тігілді. Киіз үйдің ағаш қаңқасының әрбір бөлігіне белгілі бір киіз жабын сәйкес келді. Туырлық керегені, үзік уықтарды, түндік шаңырақты, киіз есік есіктің сыртын жапты. Қыс уақытында кереге мен киіздің арасына ши салды. Киіз үйдің еденіне киіз, ірі жануарлардың терілері, кілем төселді.

Киіз басу ісі жүнді дайындаудан басталды. Қырқылған жүн сұрып-

талып, қоқыстардан тазартылды, қопсытылды. Одан кейін жүнді ши төсенішке жайып салып, жұмырлап орайды. Оның әрбір орамына ыстық суды сеуіп отырып, ши төсенішті аяқтармен дөңгелетті және ораманы шынтақтармен нығыздады, буға ұстады. Бұл әйелдер тобының ұжымдық еңбегі болды. Өртүрлі тәсілдер оюлы киіздер жасауға мүмкіндік берді. Киіз төсеніштерден бөлек қолдорба, қап, тең, сондай-ақ баскиім, сырткиім, шұлық жасауға пайдаланылды.

Ши тоқу. Үй кәсіпшіліктерінің бірі ши тоқу болды. Тоқылған шидің қарапайым түрлері төсеуге, киіз үй кеңістігін бөлуге пайдаланылды. Неғұрлым күрделі оюлы ши (мұнда ши сабақтарына түрлі түсті жіптер оралып, оюлар жасалды) кереге мен туырлықтың арасына салынады және киіз үйдің әшекей қызметін атқарды. Олар сонымен қатар жылу ұстады, шаңды өткізбеді, ағаш қаңқа мен киіздің арасындағы аралық қабат қызметін атқарды. Оюлы ши жасау өте үлкен шеберлікті талап етті.

Тоқымашылық пен кестелеу. Тоқымашылық маңызды кәсіп-

Сонымен қатар қоржындар, аттарға арналған тоқымдар да тоқылған. Үйге қажетті көптеген заттар: бағалы кілемдер, жастық тыстары мен жабулар, төсекжапқыштар, тақиялар, шалбарлар мен жеңдердің қайырмалары, көйлектің жағалары мен кеуде бөлігі, қолдорбалар және т. б. кестеленіп безендірілді.

Бұл маңызды! Көшпелі қазақтардың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі, негізінен, кәсіпшіліктермен және қолөнермен анықталды. Олардың өнімдерінсіз натуралды көшпелі шаруашылық өз қызметін тоқтатқан болар еді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Көшпелі қазақтарда кеңінен таралған негізгі қолөнер түрлерін атаңдар.
2. Қазақтардың тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінде ағаш өңдеу қандай рөл атқарды?
3. Көшпелі қазақтардың натуралды шаруашылығында малшаруашылығы өнімдері қалай көдеге жаратылғанын өңгімелеңдер.
4. Тіршілікті қамтамасыз ету мен материалдық өндіріс жүйесінде әйелдерге қандай рөл берілді?

Шағын топтарға арналған тапсырмалар

- а) «Қазақтардағы киіз бұйымдарының үлгілері»;
- ә) «Қазақтың дәстүрлі ыдыс-аяғы туралы» таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

1. Көшпелі қазақтардағы еңбек бөлінісі жүйесін сипаттаңдар: а) отбасы шеңберінде; ә) ең кіші көшпелі қауым (ауыл) шеңберінде; б) кеңейтілген көшпелі қауым шеңберінде.
2. Натуралды көшпелі шаруашылық өмірге аса қажетті қандай заттарды өндірімегендіктен, оларды мал өнімдеріне айырбастауға немесе сатып алуға мәжбүр болды?

Үй тапсырмасы

Қолөнер үй кәсіпшіліктерінен несімен ерекшеленеді? Үй кәсіпшіліктеріне мысалдар келтіре отырып, эссе жазыңдар.

2.2. Қазақтар мен олардың тұрмысы туралы XVI–XIX ғасырлардағы саяхатшылардың этнографиялық материалдары

Бүгінгі сабақта:

- Ибн Рузбиханның қазақтардың этнографиясы жөніндегі мәліметтерді оқып білеміз;
- XVIII ғасырдағы орыс саяхатшыларының шығармаларындағы қазақтардың тұрмысы жайлы талдаймыз;
- XIX ғасырдың бас кезіндегі орыс саяхатшыларының шығармаларындағы қазақтар жайлы этнографиялық мәліметтерді бағалаймыз.

Далалық көшпелілердің ұлы өнертабысы – киіз үй араб саяхатшылары және географтары әл-Якуби (IX ғ.) мен ибн Фадланның (X ғ.) еңбектерінде аталады. Парсылық «Худуд әл-алам» (X ғ.) шығармасының авторы қимақтар туралы былай деп жазды: «Адамдар қысы-жазы киіз үйлерде тұрады, жайылым мен су іздеп көшіп жүреді».

Тірек сөздер:

- этнография
- этнографиялық мәліметтер
- этнографиялық дереккөздер
- жазбаша дереккөздер
- орыс саяхатшылары
- этнографиялық экспедиция
- материалдық және рухани мәдениет

Ибн Рузбиханның қазақтардың этнографиясы жөніндегі мәліметтері. XVI ғасырдағы парсы тілді автор, Шайбани хан жорықтарының біріне қатысқан ибн Рузбихан өзінің «Бұхара мейманының жазбалары» шығармасында «қазақтардың ондаған мың киіз үйі дүние-мүлкімен» тартып алынғаны туралы айтылады. Ибн Рузбихан жазғандай, қазақтар «әдеттен тыс өрнектері бар, түрлі түсті киіздер жасаған» және олармен өз киіз үйлерін әсемдеген. XVI ғасырда қазақтарда баспананың бір түрі – арбаға орнатылған киіз үй (күйме) кездеседі. Ибн Рузбихан мұндай баспананы былай сипаттайды: «*Мен дөңгелектердің үстіне орнатылған қандай орасан үлкен шатырларды көрдім десеңші! Мен киізбен жабылған өте әдемі және шебер жасалған кең үйлерді көрдім... Бүкіл мекен осындай тамаша, биік тұғырдың үстінде тұрған үйлермен толып кеткендей болып көрінді, сондықтан әдеміліктен, шеберлік пен нәзіктіктен санаң шатасып, басың айналады*». Бұған қоса, ибн Рузбихан түйелер мен

аттар қазақтардың үйлерін «*бір тұрақтан екінші тұраққа керуен сияқты тізбектеп*» тасымалдайтынын айтқан.

Ибн Рузбиханның қазақтардың қолөнері мен кәсіпшіліктері туралы жазбалары да кездеседі. Мысалы, ол қазақтардың Сырдариядағы қысқы жайылымдарға көшуі туралы айта отырып, қазақтардың «*бұлғын, тиін және басқа ішіктерін, жібек киімдерін киіп, көптеген әшекейлерін тағынып, арбаларын қардың үстімен жүргізе көшкенін жазады. Басқа бір тұста ол қазақтардың «киімдер мен төсеніш бұйымдары, алтын және күміс әшекейлері*», қой терісінен өздеріне киім-кешектер тігетіні туралы жазады.

Назар аударыңдар! Ибн Рузбиханның мәліметтерінде көптеген шеберлер мен ісмер әйелдер, яғни тері илеушілер, тоқымашылар, зергерлер еңбегі туралы айтылады.

XVIII ғасырдағы орыс саяхатшыларының шығармаларындағы қазақтардың тұрмысы. XVIII ғасырдың ортасынан бастап қазақтар туралы орыс саяхатшыларының мәліметтері пайда бола бастады. Мысалы, 1740–1741 жылдары Қазақ даласы арқылы сапарға шыққан И.Муравин қазақ киімдерінің сипаттамасын қалдырды. Еркектерде – көйлек, шапан, тон, темір айылбастары бар былғары белдік болған. Белдікке бытыра мен оқтарға оттық пен шақпаққа арналған былғары қалталар бекітілген. «*Хиуалық мәнердегі*» үшкір түмсықты былғары етіктер киген. Әйелдерде – ұзын жеңдері бар кең көйлектер, шапандар, ақ бөзбен «оралатын», самайлық маржан әшекейлері бар баскиім қасаба болды. Қыздар ол кезде моншақтар тағылған тақиялар киген. Автор қазақтардың көшу бағыттары мен мал құрамын да жан-жақты сипаттаған.

1769 жылы П.С.Паллас Қазақ даласына саяхат жасады. Ол қазақтардың «терілерден тон тігетінін және тері илейтіндерін, сондай-ақ қалың жүн маталар немесе шекпендер тоқитынын, қой жүнінен киіз басатынын және боялған жүнмен оны жақсы түрлендіре білетіндерін; бұған қоса, теріден өртүрлі ыдыстар даярлайтынын жазды. П.С.Паллас қазақтар қолданатын табиғи бояулар, қазақ ұсталары мен олардың бұйымдары (пышақтар, біздер, найзалар мен жебе ұштықтары), күмістен

өдемі өшекейлер жасай білетін қазақ зергерлері, ер адамдардың киімі туралы мәліметтерді бірінші болып жазған.

И н ж е н е р - қ ұ р ы л ы с ы
И.Г.Андреев 1766 жылы¹ Орта жүз қазақтарының өмірін бақылған. Ол киіз үйдің құрылысы мен жабдықтарын даярлаудың қазақтардың үй кәсіпшіліктерінде аса маңызды орынды иеленетіндігіне назар аударды. Ол: «*Қазақтардың қолөнерінде жіңішке талдардан өз киіз үйлерін жасау бірінші және негізгі орынды алады*», – деп жазды. И.Г.Андреев киіз үйдің ағаш қаңқасының бөліктерін, киіз үйдің «тоқылған ызбалармен» тартылатын киіз жабындарын сипаттады; ол қазақтардың ағаш ыдыстар жасау үшін қолданатын жону құрылғысын бірінші болып атап өтеді.

Н.П.Рычков (1772) қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысы, сол уақыттағы қазақтардың рухани мәдениеті туралы бағалы мәліметтер қалдырған. Онда еңбек бөлінісі атап көрсетіліп, әйелдер үй кәсіпшіліктерін қосқандағы үй шаруасының барлығын атқаратындығын, ал ер адамдар, негізінен, малшаруашылығымен және аң аулаумен айналысатынын айтқан.

Қазақтардың материалдық мәдениетін сипаттау екатерина патшайым уақыттағы этнографиялық экспедицияларға қатысушылар И. Фальк пен И.Г.Георгидің «Ресей мемлекетін мекендейтін барлық халықтардың сипаттамасы» (қазақтар туралы тарауында) атты іргелі еңбегінде бар. Қазақтар киіз үйлерде тұратын, көшпелі малшаруашылығымен айналысатын халық ретінде сипатталады. Малшаруашылығы – негізгі кәсібі, бірақ сонымен бірге аздап балық аулаумен, итпен бүркіттерді қосып аң аулаумен де айналысатыны айтылған. Мал құрамы келтіріледі (жылқылар бірінші орында). Қазақтардың бүкіл өмірі жануарлармен байланысты, олардан тамақ пен киімді алады. Шаруашылықтағы түйелердің орасан рөлі атап көрсетіледі: киіз үй мен дүние-мүлікті тасымалдайды, түйе жүнін шаруашылықта пайдаланады және Ресей мен Бұхараға сатады, түйе сүтін ішеді. Фальк пен Георги қазақтардың ішінде ұсталардың да бар екендігін, алайда қару-жарақтың елеулі



Ибн Фадлан саяхатының картасы

¹ «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» (1796).



П.С. Паллас



И.П. Фальк



П.И. Рычков



И. Муравин



Г.С. Карелин



А.И. Левшин

бөлігін сатып алатындығын атап көрсетеді. Әйелдер «үй істерімен айналысады», мал сауады, тері илейді, киіз басады, тоқиды. Қазақтар киізден жасалған киіз үйлерде тұрады, олар «*башқұрттардікіне өте ұқсас, тек қана өте үлкен және тазалау*»; дәулетті адамдарда бірнеше киіз үй бар, барлығы ақ киізбен жабылған. Ортада орналасқан оттың жанына киіз және парсы кілемдерін төсейді, киіз үйдің қабырғасында қару-жарақ, ат әбзелдері, жақсы киім, өшекейлер ілінеді. Барлық жерде сандықтар тұр. Қазақтар киімінің сипаттамасы келтіріледі: кең шалбарлар, ішінен киетін ұзын көйлек, оның үстінен тар жеңді «сырт көйлек», тұмсығы үшкір аласа етіктер, шашақ түріндегі өшекейі бар кеме терізді баскиім. Киім-кешекте қызыл түсті, алуан түрлі жібек маталарды пайдаланады. Бай әйелдер қымбат маталардан, көбінесе барқыттан тігілген, көмшат терісі орнатылған, алтын жіптермен тігілген киімдер киеді. Қазақтардың тамақтары сипатталады (қыста қой еті, жазда қымыз; өртүрлілік үшін және мерекелерде тамырлармен және түзбен дәмделген басқа еттер; ет және сүт өнімдерінің молдығы айтылған).

Назар аударыңдар! XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бас кезіндегі (Қазақстанның Ресейге қосылуының екінші кезеңіне дейін) орыс саяхатшылары көшпелілер шаруашылығы мен көшпелілердің тіршілік қарекеті жүйесі мен ішкі әлеуметтік құрылысына талдау жасауға ден қоймай, қазақтардың этнографиялық ерекшеліктері мен тұрмысын сипаттады. Бірінші кезекте олар қазақтар мен қазақ ауылының сыртқы бейнесін ғана сипаттады.

XIX ғасырдың бас кезіндегі орыс саяхатшыларының шығармаларындағы қазақтар туралы этнографиялық мәліметтер. Я.П. Гавердовский өзінің «Қырғыз-қайсақ даласына шолу» (1804) атты еңбегінде қазақтардың этнографиялық сипаттамасын жасаған. Ол қазақтардың

материалдық мәдениетін, мысалы, маталарын атай отырып (көк бөз, кісе, қамқа, барқыт, жібек), киім-кешекті, олардың пішіндерін, баскиімдерді (қыздардың сәукелесі, моншақтармен, күміс әшекейлермен, қауырсындармен, аң терісімен әшекейленген тақиясы), киімдегі кеудеге тағатын күміс және мыс тоғалар түріндегі әшекейлерін сипаттайды. Қазақ ер адамдарының ерқашан қарумен жүретіндігі айтылады. Қазақтардың тамақтануына қатысты олардың аштыққа шыдамдылығын, алайда мүмкіндік болса тойып тамақ ішуге дайын екендігі туралы айтуы көңіл аударарлық. Пісірілген қой етін «бешбармақ» пен «пилавты» – дәмдеуіштер мен жүзім қосып, қой майына шыланған тарыны (өңгіменің тары немесе «сарацин тарысы» атанған күріш туралы болып отырғаны белгісіз) жейді. Басқа да орыс авторлары сияқты, бұл саяхатшы да: *«Бұл жерде бай өзінде бар ең жақсысымен сыйлайды, ал кедей өзінің соңғы нанын бөліседі»*, – деп қазақтардың қонақжайлылығын атап өтеді. Я.П.Гавердовский қазақ көшпелі экономикасындағы еңбек бөлінісі туралы айта отырып, әйелдердің барлық үй жұмыстарымен, оның ішінде малға қарау мен қолөнерімен айналысатынын және өте еңбекқор екендігін; қыздардың атқа мініп жүруді, атжарыстарға және садақ атуға қатысуды ұнататынын; барлық қазақтардың «батырлық, бостандық пен сүйіспеншілік туралы айтылатын» жырлар мен әндерге және өлең құрастыруға өте бейім екендігін жазды.

Филипп Назаров «Азияның орталық бөлігіндегі кейбір халықтар және жерлер туралы жазбаларында» (1814) қазақтарды «қарабайыр тамақпен» (жазда – қымыз бен сүт, қыста – «қамыр салынған жылқы етімен») қоректенетін жақсы салт атты жауынгерлер екендігін (ер адамдар ерқашан өздерімен бірге қару – бітелі мылтық, қысқа найза, қылыш, садақ пен жебелер асынып жүрген) және малшаруашылығымен айналысатынын жазған. Әйелдердің тері илеп, тоқып және киіз басатынын айтады. Ф.Назаров қазақтардың салттары мен рухани мәдениетінің түрлерін (үйлену салттары, өткен уақыт туралы әңгімелер мен әндер, домбыраға деген сүйіспеншілік, спорттық ойындар – күрес, атжарыстар, садақпен ату) сипаттайды. Қазақтардың өткен өмірі туралы мұңды әндерге деген құштарлығын басқа бір орыс саяхатшысы Е.К.Мейендорфтың (1820) атап өткендігі қызықты: *«Олар көбінесе түнде, тастың үстіне отырып алып, айға қарайды да, мұңды әндер айтады. Бұл әндерде қазақтардың тарихи өткен өмірі, халық батырларының даңқты ерліктері туралы әңгімеленеді. Алайда бұл жырларды тек кәсіпқой жыршылар ғана орындайды»*. Е.К.Мейендорф қазақтарда әйелдердің «басты жұмыс күші» екендігін атап өтеді: олар тамақ әзірлейді, киіз үйді құрастырады және бөлшектейді, атты ерттейді; ер адамдар болса «тек қана» мал қараумен (бұл жерде, әрине, көшпелінің малшаруашылық еңбегінің қиындығын анық жете бағаламау бар) айналысады. Ол, бұған қоса, қазақтарда балық аулаумен және егіншілікпен тек кедейлер ғана айналысатынын жазады.

Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ қоғамының материалдық және рухани мәдениеті туралы этнографиялық ақпаратты қамтыған тарихи деректер жоғарыда аталған жазбалармен шектеле қоймайды. 1830–1850 жылдары қазақтар туралы неғұрлым іргелі еңбектер, бөрінен бұрын А.И.Левшиннің өзінен бұрынғы авторлар мәліметтерін және өз бақылаулары мен ізденістерін жинақтаған «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» (1832) энциклопедиялық еңбегі пайда болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Түркілер мен қазақтар туралы этнографиялық материалдар қандай ортағасырлық Шығыс дереккөздерінде кездеседі?
2. Екатерина патшайым дәуіріндегі орыс экспедициялары қазақтар туралы қандай мәліметтер жинады?
3. XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақтардың шаруашылығы мен тұрмысы туралы жазбаша деректерді қандай тарихи деректер толықтыруы мүмкін?
4. XIX ғасырдың бас кезіндегі орыс саяхатшылары қазақтардың мәдениеті туралы қандай ақпарат жинады?

Сыныпта өздігінен оқу мен талқылауға арналған тапсырма

Хрестоматиядан А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» жұмысынан үзінділерді оқыңдар және сыныпта талқылаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Қалай ойлайсыңдар, қазақтар туралы XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бас кезіндегі орыс деректерінің этнографиялық мәліметтерін (үй, тамақ, киім-кешек, салттары және т.б.) XV–XVII ғасырлардағы қазақтарға да тән деуге бола ма? Егер болатын болса неліктен?

Үй тапсырмасы

Жазбаша деректер және этнографиялық материалдар негізінде қазақтардағы қолөнер мен үй кәсіпшіліктерінің дамуын сипаттап жазыңдар.

I тарауға арналған зерттеушілік тапсырмасы

Өз өлкелерінде ерлер мен әйел адамдарға арналған кәсіп түрлері бар екендігін анықтаңдар. Ұлдар жағы ерлер үшін, қыздар жағы әйел адамдар үшін қандай кәсіппен айналысудың мүмкіндігі бар екендігін және қандай жаңа салаларды қалыптастыруға болатындығын және олардың халық пен мемлекет үшін тиімді жақтарын бағалаңдар. Өз пікірлеріңді екі топқа бөлініп дәлелдеңдер.

I тарауға арналған тест тапсырмалары

1. Адам мен қоғамның негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру процесінде мекендеу ортасына бейімделу тетігі:
 - A) шаруашылықтың өндірістік емес саласы;
 - B) этностық бірігу процесі;
 - C) мемлекеттілікті күшейту әрекеті;
 - D) тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі;
 - E) әлеуметтік қамсыздандыру жүйесі.
2. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйесін қалыптастырудың негізгі факторы:
 - A) саяси-экономикалық;
 - B) мәдени;
 - C) геосаяси;
 - D) әлеуметтік-экономикалық;
 - E) табиғи-географиялық.
3. Қазақстан қалқы өндіруші малшаруашылық-егіншілік экономикаға көшкен дәуір:
 - A) б.з.б. 2 мыңжылдық;
 - B) б.з.б. 5 мыңжылдық;
 - C) б.з.б. 1 мыңжылдық;
 - D) б.з.б. 6 мыңжылдық;
 - E) б.з.б. 3 мыңжылдық.
4. Қазақтардың көшпелі шаруашылығында табын құрылымы анықталды:
 - A) қауым мүшелерінің қалауымен;
 - B) жануарлардың бейімделу әлеуетімен;
 - C) экономикалық қажеттіліктермен;
 - D) мәдени-әлеуметтік қажеттіліктермен;
 - E) адамдардың бейімделу әлеуетімен;
5. Көшпелі қауымның аса маңызды белгісі:
 - A) әскери-демократиялық қоғам;
 - B) малға қауымдық меншік;
 - C) меншіктің болмауы;
 - D) жерге қауымдық меншік;
 - E) адамдардың бейімделу әлеуетімен.
6. Тоқымашылық пен кестелеу кәсіпшілігінің шикізаты:
 - A) жүн жіп;
 - B) жібек мата;
 - C) өңделмеген ағаш;
 - D) былғары;
 - E) күміс.
7. Үй кәсіпшіліктерінің бір түрі:
 - A) ши тоқымалар өру;
 - B) сүйек ою;
 - C) тас ою;
 - D) зергерлік;
 - E) ағаш өңдеу;
8. Былғарылық істің өнімдері:
 - A) ат өбзелдері;
 - B) алаша, киіз;
 - C) кілем, киіз;
 - D) саба, торсық, шелек;
 - E) шақырақ, кереге.
9. «Бұхара мейманының жазбалары» шығармасында қазақтардың қолөнері туралы жазған саяхатшы:

- А) әл-Якуби;
 - В) ибн Фадлан;
 - С) ибн Рузбихан;
 - Д) әл-Омари;
 - Е) Марко Поло.
10. Қазақтардың материалдық мәдениетін сипаттаған екатериналық уақыттағы этнографиялық экспедицияларға қатысушылар:
- А) И. Фальк, И. Г. Георги;
 - В) Я.П. Гавердовский, Ф.Назаров;
 - С) Е.К. Мейендорф, А.И. Левшин;
 - Д) А.И. Левшин, И. Г. Георги;
 - Е) Я.П. Гавердовский, Е.К. Мейендорф.
11. Қазақтарда әйелдер — «бірден-бір жұмыс күші» деп есептеген саяхатшы
- А) И. Г. Георги;
 - В) Я.П. Гавердовский;
 - С) Е.К. Мейендорф;
 - Д) А.И. Левшин;
 - Е) Ф.Назаров.
12. «Қырғыз-қайсақ даласына шолуында» (1804) атты еңбегінде қазақтардың этнографиялық сипаттамасын қалдырған саяхатшы.
- А) И. Г. Георги;
 - В) Я.П. Гавердовский;
 - С) Е.К. Мейендорф;
 - Д) А.И. Левшин;
 - Е) Ф.Назаров

I тараудың қорытындысы

Тіршілік қарекетін қамтамасыз ету – бұл адам мен адамзат қауымдастығының табиғи, әлеуметтік және әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделу тәсілі. Ол ортаның әсер етуімен қалыптасады, табиғи-географиялық факторға байланысты және қажет болған жағдайда өзгеруге бейім болады. Неолит дәуірінде Қазақстан аумағында иемденуші шаруашылық (аңшылық пен терімшілік) басым болды. Бұдан өріде далалық аймақтың қуаңшылыққа ұшырауы өндіруші малшылық-егіншілік экономикаға өтуге, ал одан кейін көшпелі малшаруашылығының дамуымен байланысты тіршілік қарекеті жүйесінің қалыптасуына әкелді.

Көшпеліліктің экологиялық ортасы далалар, шөлейттер, шөлдер, сондай-ақ таулы және тауалды аудандар болып табылады. Көшпелі малшаруашылығы осы экологиялық орта шектерінде ғана мүмкін болады. Көшпелі-малшылар (номадтар) мен көшпеліліктің экологиялық ортасы номадтық экологиялық жүйені құрайды. Онда көшпелі малшаруашылығы шаруашылықтың басым немесе мүмкін болатын жалғыз түрі болып табылады. Дала климатының қуаңшылыққа ұшырауы (табиғи фактор), сондай-ақ малшаруашылығының дамуы, мекендеу ортасы туралы білімнің жинақталуы, технологиялық инновациялар (әлеуметтік-мәдени факторлар) номадтық экологиялық жүйенің пайда болуына әкелді.

Көшпелі малшаруашылығы экологияға сай және табиғатқа залал келтірмейді. Бұған адамдар мен малдың көшпелілік ареалы бойынша шашыраңқы таралып қоныстануының көмегімен қол жеткізіледі. Өндіріс жүйесінің шашыраңқы ұйымдастырылуы – номадизмнің негізгі қасиеті. Ресурстардың жеткіліксіздігі малды бір жерге шоғырландыруға бөгет жасайды және мал санын оңтайландыруды талап етеді. Бұл ретте шаруашылық қызметінің, сондай-ақ көптеген салттар мен ғұрыптардың негізі бірлесу қағидаты болып табылады. Басты өндіруші көшпелі қауым – патронимия. Патронимиялық (ру-тайпалық) ұйым – көшпелі қоғамның аса маңызды белгісі.

Көшпелі малшаруашылығының мәні – жайылымдарды мерзімдік алмастыру мен тебіндік азық пен суды іздестіру. Қазақтардың көшпелілік ареалында қысқы, жазғы және күзгі жайылымдар бөлек-тегіп шықты. Көшіп-қону жыл бойы, белгілі бір бағдарлар бойынша, өркелкі жылдамдықпен жүзеге асырылды. Жазықтарда көшіп-қонудың горизонталь тәсілі, ал таулы және тауалды аймақтарда вертикаль тәсілі қолданылды. Мал құрамында қой мен жылқы басым болды, бұл олардың бейімделу мүмкіндіктерімен анықталды. Егіншілік қосалқы сипат алды және отырықшылануға әкелген жоқ. Ол аңшылық, балық аулау, кәсіпшілік мен қолөнер сияқты, көшпелілер тіршілік қарекетін қамтамасыз ету жүйесінің құрамдас бөлігі болды.

Көшпелілердің тіршілік қаракетін қамтамасыз ету жүйесінде онымен ер адамдар айналысқан қолөнер және әйелдер басым болған үй кәсіпшіліктері үлкен маңызға ие болды. Қолөнер ішкі тұтыну үшін тағайындалған натуралды шаруашылықтан бөлініп шыққан жоқ. Шаруашылықтан алынатын барлық шикізат іс жүзінде қайта өңделді және шаруашылықты барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етті. Үй кәсіпшіліктері мен қолөнердің көптеген бұйымдары киіз үймен байланысты болды. Қазақтарда ағаш өңдеу, былғары, ұсталық, сүйек ою, тас ою, зергерлік қол өнерлері, сондай-ақ жүн өңдеу, киіз басу, тоқымашылық пен кестелеу таралды.

Өткен ғасырлардың көптеген авторлары көшпелі қазақтарда қолөнері мен үй кәсіпшіліктерінің дамуы туралы жазды. Парсы авторы Ибн Рузбихан (XVI ғ.) қазақ тері илеушілері, тоқымашылары, зергерлерінің еңбегі туралы еңгімелейді. XVIII–XIX ғасырлардағы орыс саяхатшылары мен этнографтарының шығармаларында да көп мәліметтер бар. Орыс саяхатшылары көшпелі шаруашылықты сипаттау мен көшпелілердің тіршілік қаракетін қамтамасыз ету жүйесіне, сондай-ақ қазақ қоғамының әлеуметтік құрылысына талдау жасауға ден қоймастан, қазақтар мен қазақ ауылының сырт келбеті мен тұрмысын, этнографиялық ерекшеліктерін сипаттады.

II тарау. ДАЛА МЕН ҚАЛА: ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ЖӘНЕ ӨЗАРА ӘСЕРІ

3-тақырып. Қазақстан қала мәдениетінің дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлі

Оқыту мақсаты:

- 11.1.2.1 картаны пайдаланып, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдарын зерттеу;
- 11.1.2.2 Қазақстан аумағында қалалардың пайда болуы мен дамуындағы Ұлы Жібек жолының рөлін талдау;

3.1. Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағындағы бағыттары мен жолдары

Бүгінгі сабақта:

- Еуразияның ежелгі сауда жолдары жайлы мағлұмат аламыз;
- Ұлы Жібек жолының ерте кезеңі туралы талдаймыз;
- Ұлы Жібек жолының түркі-соғдылық кезеңін бағалаймыз;
- Ұлы Жібек жолындағы Жетісу туралы зерттейміз.

Ежелгі заман мен орта ғасырларда Еуразияның шығысы мен батысын жалғастырған керуендік сауда жолдары тарихи-географиялық ғылымда Ұлы Жібек¹ жолы деген шартты атауға ие болды. Бұл сауда жолдары мұндай атауды б.з.б. III–II ғасырлардан бастап құрлықтық саудадағы қытай жібегінің ерекше рөлінің арқасында алды. Жібек Қытайдан Батыс елдеріне жеткізілетін жалғыз тауар болған жоқ, бірақ өзінің жеңілдігінің, жинақылығы мен өте үлкен сұранысқа ие екендігінің, қымбаттығының арқасында неғұрлым пайдалы тауар болды.

Тірек сөздер:

- трансқұрлықтық сауда
- Ұлы Жібек жолы
- түркілер
- соғдылықтар
- Жетісу

Анықтама. Ұлы Жібек жолы немесе Жібек жолы – Қытайдың ішкі аймақтарынан Алдыңғы Азия елдеріне баратын сауда жолдарының жиынтығы. Олар ежелгі заман мен орта ғасырларда Еуразияның Шығыс және Батыс елдерінің экономикалық, мәдени және саяси өзара ықпалдастығының арнасы қызметін атқарды.

¹ «Жібек жолы» терминін ғылымға 1877 жылы неміс ғалымы Рихтгофен енгізді.



Ұлы Жібек жолындағы керуен

Протожібек жолы (б.з.б. V–II ғасырдың бірінші жартысы.) Еуразияның шалғай аймақтарының арасындағы сауда байланыстары жібекпен сауда жасау алдыңғы қатарға шыққаннан ертерек орнаған болатын. Ежелгі сауда жолдарындағы танымал тауарлар бағалы тастар (осыдан келіп сауда жолдарының ежелгі атаулары – Лазуриттік жол, Нефрит жолы шыққан), таяушығыстық шыны болды. Алайда Қытайдың батыс үшін сауда көзі ерқашан да жібек болды.

Қытайды басқа елдермен байланыстырған көптеген басқа да сауда жолдары болды. Мысалы, Батыс меридиандық жол Оңтүстік Сібірді Қытайдың оңтүстік аудандарымен, Вьетнаммен, Бирмамен байланыстырды (Алтайдағы Пазырық қорғанынан жібектен жасалған қытай бұйымдары мен қола айналар, ал Қытайдың оңтүстігінен скиф-сақ аң стиліндегі көптеген жәдігерлер табылды).

Б.з.б. 1-мыңжылдықта сондай-ақ меридиандық дала жолы да пайдаланылды, ол Қара теңіздің солтүстік жағалауларын Орталық Азиямен байланыстырды. Бұл туралы Геродоттың «Тарих» еңбегінде айтылады. Онда Доннан шығысқа қарай орналасқан халықтар мен елдер былайша сипатталады: жол даламен шөл арқылы солтүстік-шығысқа



Лазурит



Нефрит

қарай жүрді, одан кейін шығысқа қарай бұрылды және одан шығысқа қарай «басқа да скиф тайпалары» мекендеген «орманды даланы» айналып өтеді. Геродот атаған дала халықтарының орналасуы даулы болып отырса да, оның мәтіні бұл халықтарды байланыстырған келік жолының болғандығы туралы баяндайды. Далалық жол өз маңызын бұдан кейінгі ғасырларда да сақтады.

Ғұндар б.з.б. III ғасырда бүкіл Орталық Азияны бағындырған кезде Батыс пен Шығыстың арасындағы байланыс нығая түсті. Шығыс Түркістаннан солтүстікке қарай кететін жаңа – Ұйғыр сауда жолы пайда болды. Осы жол арқылы жеткізілген Бактрия мен Соғдыдан әкелінген маталар және кестелер ғұн қабірлерінен табылды.

Ұлы Жібек жолының қалыптасуы. Б.з.б. II ғасырдың екінші жартысында ханьдар (қытайлар) Шығыс Түркістанға енді. Осы мезеттен бастап Ұлы Жібек жолы қалыптаса бастады. Б.з.б. 138 жылы осы жол арқылы Қытай астанасынан батысқа қарай Чжан Цзяньнің елшілік керуені сапарға шықты. Он үш жылдан кейін қайтып оралған Чжан Цзянь мен оның серіктері батыс өлкесі мен оның байлықтары туралы әңгімеледі. Осы уақыттан бастап жібек артқан керуендер батысқа, ал Таяу Шығыс, Иран мен Орта Азия тауарларын артқан керуендер шығысқа – Қытайға қарай жол тартты.



Ұлы Жібек жолындағы басты сауда бұйымы – жібек мата

Бұл уақытта Шығыс Түркістан арқылы екі негізгі: Солтүстік және Оңтүстік «Жібек» жолдары өтті. Солтүстік жол Тянь-Шаньды және Тарим өзенін бойлай Қашғарға дейін, ал ол жерден Ферғана аңғарына, Кангюйге (Сырдарияның орта ағысы), Яньцайға (Батыс Қазақстан мен Төменгі Еділ) және бұдан әрі Қара теңіздің солтүстік жағалауларына дейін созылды. Бұл жолдың басқа бір нұсқасы Шығыс Түркістаннан Тянь-Шаньның солтүстік беткейлерін бойлай, Іле өзенінің аңғары арқылы өтетін жол болды. Солтүстік жол тек «жібек» қана емес, сондай-ақ «аң терісінің» де жолы болды, бұл жолмен батысқа сібірлік аң терілері (бәрінен бұрын бұлғын терісі) жеткізілді.

Оңтүстік жол Такла-Макан шөлін оңтүстігінен айналып өтті. Ол Куньлунь тауларын бойлай, Хотаннан Жаркентке дейінгі шұрат, ал ол жерден Памир асулары арқылы Ваханға дейін жалғасты. Сол жерде бұл жол екіге айырылды: бір тармағы Балхқа және одан әрі Иранға, ал екіншісі Гилгит пен Кашмир арқылы Үндістанға қарай кетті. Бұл жолмен батысқа қарай жібек, ал шығысқа қілем, мақта маталары, сондай-ақ шыны бұйымдар тасылды.

Птолемейдің «Географиялық басшылығы» солтүстік жолдың Ферғана, Мәуереннахр, Хорезм және Маңғыстау немесе Сырдария мен Арал жағалаулары арқылы өтетін бағыттары біздің заманның алғашқы ғасырларына дейін қолданылғандығын көрсетеді. Бұл кезде де Оңтүстік жол басымдыққа ие болып қала берді.

Ұлы Жібек жолының сипаттамасы. Орталық және Орта Азияның шөлдері мен таулары арқылы өтетін жол өте қиын болды. Оңтүстік жолдың Шығыс Түркістан бойынша ғана ұзындығы шамамен 1700 км-ді құрады және де бұл жерді жүріп өту үшін керуенге жеті апта қажет болды. Солтүстік жол бойынша Турфан арқылы арақашықтық шамамен 2100 км-ді құрады және тоғыз апта уақыт жұмсалды. Такла-Макан шөлі артта қалған кезде қауіпті шатқалдары мен тар соқпақтары бар биік таулар – Памир немесе Тянь-Шань арқылы өту керек болды. Осындай қатал жағдайларына қарамастан, Ұлы Жібек жолы арқылы екі жаққа да керуендер ғасырлар бойы жүріп жатты. Бұл сауда жолындағы бекеттер қызметін атқарған шұраттар жергілікті халықтың, сондай-ақ «шөл кемесі» – бактриалық түйелердің аса төзімділігінің арқасында мүмкін болды. Барлық шұраттарда көпестерге арналған керуен сарайлар салынды және демалуға, түйелерді алмастыруға арналған бекеттер ұйымдастырылды.

Ұлы Жібек жолы тарихының түркі-соғдылық кезеңі (VI–VIII ғасырлар). Ұлы Жібек жолы тарихындағы жаңа кезең Түркі қағандығының пайда болуы мен түркілердің Орта Азияны жаулап алуымен, сондай-ақ саудагер-делдал халық ретінде соғдылықтардың өркендеуімен байланысты болды. Соғдылық сауда мекендері Жібек жолының орталық және шығыс бөліктерінде гүлденді. Мұнымен бір мезгілде батыс бөлікте делдалдар рөлін парсылар өз қолдарына алды және халықаралық саудада Сасанилік Иран маңызды рөл атқарды. Қытай және соғдылық жібектің¹ негізгі сатып алушысы Византия болды.

Түркілер соғдылық көпестерге қолдау көрсетті және әскери түрде қорғады. Ақысы ретінде олар саудадан өз үлестерін алды. Жібекпен сауда жасау соғдылық көпестер мен түркі хандарына орасан табыстар әкелді. Түркілер соғдылықтар арқылы өздеріне қытай патшалықтары төлейтін алым мен әскери олжаны өткізді. Соғдылықтар өз қолдарына қымбат жібек маталарының мол қорын жинақтады. VI ғасырда бұл маталарды өткізу соғдылық қалалар үшін қиын мәселеге айналды.

567 жылы Сасанилік Иран Ұлы Жібек жолының өз бөлігін оқшаулады, бұл парсыларға қарсы Византия мен Түркі қағандығының арасындағы одақтың құрылуына әкелді. Түркі қағаны Істемі Византияға Хорезм, Еділ бойы және Кавказ арқылы айналып өтетін жолды тазарту үшін Еділ бойы мен Солтүстік Кавказға жорық жасады. Енді Жібек жолы Ыстықкөл жанымен Талас аңғары арқылы және

¹ Соғдылықтар өз жібегін өндіруді б.з.б. IV ғасырда жолға қойды.

бұдан әрі Өмударияның төменгі ағыстарына, бұдан кейін Маңғыстау арқылы Еділдің төменгі ағыстарына қарай өтті. Осылайша, Жібек жолының Қазақстан аумағына тікелей қатысы бар солтүстік бағыты қалпына келтірілді.

Таң дәуірінің (VII–VIII ғасырдың ортасы) бас кезінде «жібек» сауда жолдарының жүйесінде өзгерістер орын алды. Жетісу арқылы өтетін неғұрлым қысқа бағыты пайда болып, ол Ұлы Жібек жолында өте маңызды рөл атқара бастады. Бұл өзгерістер орталықтандырылған Қытай мемлекетінің пайда болуымен байланысты болды. Өз кезегінде, Батыс Түрік қағандығы соғдылықтар құрған дамыған қалалық және отырықшы-егіншілік мәдениеті бар мемлекет болды. V–VI ғасырлардың өзінде Талас, Шу және Іле өзендерінің аңғарларындағы соғдылардың отарлауы ол жерлерде ондаған қалалар мен кенттердің пайда болуына әкелді. Соғдылықтардың Жетісуға негізгі ағылып келуі VII–VIII ғасырларға тура келді. Бұл кезеңде Суяб пен Таласты қосқанда, 18 ірі қала өмір сүрген Шу аңғары Солтүстік Жібек жолының маңызды бөлігіне айналды. Тұтастай алғанда, бұл кезеңдегі Жібек жолындағы халықаралық сауданың құлаш жаюына Соғды, Жетісу, Ферғана, Шаш пен Отырарда қиыршығыстық үлгідегі қола монеталардың шығарылуы, сондай-ақ жолдың шығыс бөлігіндегі қала орындарынан сасанилік күміс монеталардың табылуы дәлел болады. Түркі-соғдылық кезең Ұлы Жібек жолының «Алтын ғасыры» болып есептеледі.

Мұсылмандық уақыттағы Ұлы Жібек жолы. Араб халифаты құрылғанға дейін Жібек жолындағы жағдай өзгеріссіз қалды. Жібек және басқа да тауарлар артқан керуендер батысқа қарай әртүрлі бағыттар бойынша өтіп жатты. Исламның келуімен және Орта Азияның



Қазақстан аумағы арқылы өткен Ұлы Жібек жолының тармақтары

халифат құрамына енуімен батыс пен шығыстың арасындағы байланыстар тоқтаған жоқ. Мұсылман көпестер біртіндеп «жібек» сауда жолдарындағы соғдылықтарды алмастырды. Саманилер кезінде (X ғасыр) Солтүстік жол тағы да қалпына келтірілді. Оның батыс бөлігінде түркі-хазарлар делдалдарға айналды, ал тораптық байланыстырушы ретінде Хорезм гүлденді.

Моңғолдық уақытта да (XII–XIII ғасырлар) Жібек жолы бағыттары бойынша сауда мен мәдени байланыстардың қарқыны өсе түсті. Ұлы Моңғол империясы ыдырағаннан кейін Қытай мен Еуропаны байланыстырған сауда жолы Үндістан мен Қытайға баратын теңіз жолының ашылуына байланысты дүниежүзілік саудадағы жалпы жағдаяттың өзгеруі орын алған XV ғасырға дейін де қызметін жалғастыра берді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Неліктен Ұлы Жібек жолы ұғымы шартты атау болып табылады? Егер бұлай болса, онда «Ұлы Жібек жолы» деп нені атаймыз?
2. Батыс елдері Қытайға жібекке айырбас ретінде қандай тауарларды (параграфта еске алынған және еске алынбаған) ұсына алатындығын ойланьндар.
3. Ұлы Жібек жолындағы шұраттардың қандай рөл атқарғанын баяндаңдар.
4. Түркі-соғдылық кезеңнің неліктен Ұлы Жібек жолындағы «Алтын ғасыр» болып табылатындығын түсіндіріңдер.
5. Еуразиялық «жібек жолдары» не себепті құлдырауға ұшырады? Бұл қай кезде болды?

Картамен жұмыс

Кескін картаға Ұлы Жібек жолының параграфта аталған бағыттарын сызыңдар. «Жібек жолы» бағыттарының қазақстандық бөліктерін ерекшелеп белгілеңдер. Еуразияның физикалық картасынан: 1) ежелгі далалық жолды; 2) Батыс меридиандық жолды; 3) Оңтүстік Жібек жолын көрсетіңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

Сауда керуендері Еуразияның далалары, шөлдері мен таулары арқылы салған құрғақтағы жолдар импорт пен экспорт, пайда мен баю мақсаттары үшін ғана қызмет еткен жоқ. «Ұлы Жібек жолының бағыттары мәдениеттің таралуы мен халықтардың жақындасуына қалай жағдай жасады?» тақырыбына эссе жазыңдар.

Кестемен жұмыс

Параграф материалын пайдалана отырып, «Көпестер Ұлы Жібек жолымен не тасыды?» кестесін толықтырыңдар.

Қытайдан Батысқа қарай	Батыс елдерінен Қытайға қарай
жібек	жүн маталар
	кілемдер, гобелендер

Үй тапсырмасы

Қосымша деректердің көмегімен кескін картаға Ұлы Жібек жолының соғдылық кезеңіндегі (VI–VIII ғасырлар), батыстан шығысқа қарай қозғалыс кезіндегі Жетісу бөлігін түсіріңдер: Шаш – Испиджаб – Шараб – Будухкет – Тараз – қарлұқтар жері – Керулан – Мерке – Аспара – Нузкет – Джуль – Сарығ – Түркі қағанының мекені – Кирмирау – Навакет – Суяб – Ыстықкөл – Бедел асуы – Ақсу.

3.2. Ұлы Жібек жолындағы қалалардың дамуы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық қалалар жайлы оқып білеміз;
- VI–X ғасырларға тән қаланың топографиясын талдаймыз;
- қолөнердің даму орталықтары ретіндегі қалалардың орны туралы бағалаймыз.

VI–IX ғасырлардың бірінші жартысында қалалық мәдениет Жетісудың оңтүстік-батыс бөлігі мен Оңтүстік Қазақстанда – Ұлы Жібек жолының тармақтары өткен аймақтарда дамыды. Көшпелі аумақтардың шеткері аймақтарындағы бұл жерлер түркі мемлекеттерінің (Батыс Түрік, Түргеш және Қарлұқ қағандықтары, Қаңғу-Тарбан¹ мемлекетінің) құрамына кірді. Түркілер басып алған аймақтардың отырықшы-егіншілік сипаты түркілердің бір бөлігінің отырықшылыққа өтуіне әкелді. Сырдария жағалауларындағы шұраттағы қалалар қаңлылардың неғұрлым ертеректегі қалалық мекендерінің негізінде дамыды. Жетісудағы соғдылықтардың сауда орындары ретінде пайда болған қалалар мен қоныстар түркі билеушілерінің әкімшілік орталықтарына айналды. Олар сарайлар мен қорғаныстық құрылыстарды салу мен өсемдеу үшін соғдылық сәулетшілер мен қолөнершілерді шақырды. Қалалар қолөнер мен сауданың орталықтары болды, сауда және дипломатиялық байланыстардың дамуы қалалар арқылы жүрді.

Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық қалалар. Жазба дереккөздерінде (қытай, түркі, араб және парсылық) Ұлы Жібек жолының қазақстандық бөлігінде тұрған көптеген қалалар мен аялдауға арналған бекеттер туралы айтылған. Оңтүстік Қазақстандағы тау бөктерлеріндегі аса ірі қала Испиджаб (соғдыша «Ақ өзен») болды. Оны бірінші рет қытайлық саяхатшы Сюань Цзянь 629 жылы «Ақ өзендегі қала» (кейінірек бұл қала Сайрам аталды) жөнінде айтқан. Испиджаб пен Шаштың (қазіргі Ташкент) арасында Газгирд қаласы орналасты. Испиджабтан шығысқа қарай Шараб, Будукхет және Джувиқат қалалары орналасты. Арыс өзенінің төменгі ағыстарында Фараб (Отырар) қаласы орналасты. Жазба деректерде Отырар атауы VIII ғасырда пайда болды. Сырдария бойымен Отырардан төменірек, Түркістан қаласынан оңтүстік-батысқа қарайғы Шутөбе қаласының орнымен сәйкестендірілген Шауғар (соғдыша «Қаратау») орналасты. Сырдарияның орта ағысынан Ұлы Жібек жолының гүлдену кезеңіне

Тірек сөздер:

- Ұлы Жібек жолы
- ерте ортағасырлық қалалар
- Оңтүстік Қазақстан
- Жетісу
- қала топографиясы
- арк (цитадель)
- шахристан
- рабад
- наус
- оссуарий

¹ Түркілік мемлекет, Қаңлы мемлекеттігінің мүрагері.



Оттырар қаласы

жататын 20-дан астам қаланың орны табылды. Құйрықтөбе қаласының орны Оттырар шұратындағы ірі ескерткіштердің бірі болып табылады. Ол X–XI ғасырларда Фараб аймағының астанасы болған ірі қала – Кермен сәйкестендіріледі.

Жетісудан VII–X ғасырларға жататын қабаттары бар 30-дай қаланың орны табылды. Бұл қалалар бір-бірінен 15–30 км қашықтықта, шағын тау өзендерінің Талас және Шу өзендеріне құятын жерлерінде немесе тау өзендерінің шатқалдардан шығатын жерлерінде орналасты. Бірнеше қаланың орны Жетісудың оңтүстік-шығыс бөлігінде, Іле Алатауының етектерінен табылды. Археологиялық мәліметтерді жазбаша дереккөздермен салыстыру ірі қалалар – Тараз, Суяб, Навакет, Нузкет пен Талхирді; орташа қалалар – Текабкет, Мерке, Аспара, Джуль, Хараджуванды; шағын қалалар – Құлан, Кирмирайды және басқаларын бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

Сюань Цзянь 630 жылы Суяб (Суй-е) туралы былай деп жазды: «Бұл қаланың айналасы – 6–7 ли. Онда әртүрлі елдерден келген саудагерлер мен көпестер аралас тұрады. Суй-енің тура батысында бірнеше ондаған жекелеген қалалар орналасқан және олардың ерқайсысында өз ақсақалы бар. Олар бір-біріне тәуелді болмаса да, барлығы да қағанға бағынады».

Ерте ортағасырлық қалалардың топографиясы. Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың көпшілігіне Соғды мен Шаш қалаларының топографиясына ұқсас мынадай белгілер тән: орталығында цитадель (арк) орналасады; цитадель шахристанмен (қорғаны бар ішкі қала) қоршалған; шахристан сыртында сауда-қолөнершілер мекені (қала маңы) – рабад орналасады және ол да бекініспен қорғалуы мүмкін. Жетісудағы қалалардың топографиясы біршама өзгеше: цитадель мен шахристан орналасқан орталық бөлігі оқшауланады, оған ұзындығы



Қаратөбе (ертедегі Сауран): цитадель, шахристан, рабад.
Аэрофото (2006 ж.)

бірнеше ондаған километрге дейін созылатын дуалмен қоршалған рабад жапсарлас жатады. Қолөнершілер мен саудагерлердің елеулі бөлігі рабадта ғана емес, сондай-ақ шахристанда да шонжарлармен қатар тұрды.

Цитадель – қаланың неғұрлым жақсы қорғалған бөлігі. Ол биіктеу жерге орнатылған сарай немесе қамал болып табылды. Цитадельде қала өміршісі тұрды. Шахристандағы тығыз етіп салынған үйлер кварталдарға топтасқан. Квартал өз ішінде шағын көшелер немесе үлкен көшенің тармақтары арқылы қатынасатын бірнеше үйден құралады. Кварталдағы барлық үйлердің артқы қабырғалары сыртқа қаратылғандықтан, ол барлық жағынан тұйықталған түрде болады.

Бұл маңызды! Кварталдық қауымдар туыстықпен, кәсіппен немесе дінмен байланысқан адамдарды біріктірді.

Қалалар мен елді мекендер бекіністер болып табылды. Оларда бекіністік дуалдар: ені 2-ден 7 м-ге дейін, биіктігі 5 м-дей болатын, нығыздалған саздан немесе шикі кірпіштерден салынған біртұтас құрылыстар болды. Дуалда мұнаралар мен қақпа алдындағы құрылыстар болды, ал үстінде жауынгерлерге арналған шағын дуалшалармен қорғалған алаңшалар болды. Мысалы, Тараз осындай мықты дуалдармен қоршалды: малтатас қабаттары мен нығыздалған саз блоктарды кезектестіріп тұрғызылған дуалдың ені 3,5 м-ге дейін жетті. Нығыздалған саздың сыртқы қаптамасы ретінде тас сынықтары пайдаланылды. Шахристандардың дуалдары сырт жағынан ені 50 м-ге дейін жететін ормен қоршалды, ішкі жағында құрылыс салынбаған бос орын қалдырылды.

Қалалық тұрғын үйлердің үлгілері. Қазақстан қалаларының құрылымы ғана емес, сондай-ақ сәулет өнері де Соғды және Шаш қалаларына ұқсас болды. Оңтүстік Қазақстанның ерте ортағасырлық қалалары үшін үйлердің екі үлгісі тән. Бірінші үлгідегі үйлер тікбұрышты, бір бөлмелі (жер бетінде немесе жерге біршама тереңдетілген) болды. Екі немесе үш қабырғаны бойлай ені бір метрдей және биіктігі 40–45 см-



Ортағасырлық кварталдың жаңғыртпасы

дей болатын саз тұғырлар жүргізілді; бөлменің ортасында тікбұрышты немесе сопақша ашық ошақ, ал шығаберіске жақынырақ бос қабырға жанында шаруашылық бөлік пен нан пісіруге арналған пеш орналасты. Үйдің кіретін жерінен алыс бұрышта ғибадат орны орналасты. Діңгектермен тірелген төбеде жарық түсетін, сондай-ақ түтін шығатын терезе орналасты. Екінші үлгідегі үйлер қатар орналасқан екі бөлмелі болды. Қойма қызметін атқаратын екінші бөлме үлкен бөлмеден саз қабырғамен бөлінді. Тұрғын үйлердің бұл үлгісі Орта Азияның басқа аудандарындағы тұрғын үйлермен ұқсас болды және б.з.б. 1-мыңжылдықтағы қаңлылық сәулет өнерінің дәстүрлерін жалғастырды. Жетісуда тұрғын үйдің басқа үлгісі таралды: қатарластыра орналастырылған ұзын, тар үй-жайлар дәлізбен біріктірілді («тараққа ұқсас жоспарлау»).

Назар аударыңдар! Археологиялық материалдар бойынша, Қазақстанда б.з.б. I ғасырдан бастап VI–VII ғасырларға дейін бірнеше ғасыр бойы қалалық мәдениеттердің тұрақтылығы байқалады. Бұл мәдени кешен Қаңлы мемлекетіне тән.

Жерлеу орындары. Қалалардың жанында зираттар орналасты. Жерлеудің негізгі түрі нығыздалған саз немесе шикі кірпіштерден қаланған, төбе жабыны (күмбезді болуы ықтимал) бар тікбұрышты құрылыстарда жерлеу болды. Қазір олар қорған пішініне ие болған. Басқа зираттарда сүйектерді зороастризм салты бойынша оссуарийлерде жерлеу орын алған. Мысалы, Талас аңғарында, Тараздағы қалалық зиратта оссуар салттың таралу ізі VI ғасырдан IX ғасырға дейін байқалады. Қабір құрылыстарының сипаты мен жобасында, жерлеу салтында, қыштарында түркілік және соғдылықтардың ықпалы байқалады, бұл жергілікті отырықшы және қалалық мәдениеттің өзіндік ерекшелігін көрсетеді. IX ғасыр қабаттарында христиандық және мұсылмандық жерлеу салттары кездеседі.

Бұл маңызды! Зираттар ерте ортағасырлық қалалар халқының көпэтникалық және көпконфессиялық құрамын көрсетеді.

Қалалардың қолөнер орталықтары ретінде дамуы. Археологиялық мәліметтер бәрінен бұрын құмыра жасау ісі мен қыш өндірісінің, сондай-ақ ұсталық және зергерліктің дамуы туралы айтуға мүмкіндік береді. Отырардың солтүстік рабад аумағындағы VIII–IX ғасырлардағы алмұрт пішініндегі қыш пешінің ұзындығы – 2,7 м және ені – 2,5 м және оның от пен күйдіруге арналған екі бөлігі болған. Жетісу қалаларында



Отырар қаласынан табылған қыш ыдыстар

қыш шеберлерінің кварталдары қалалық қамалдарда да, сондай-ақ олардан тыс жерлерде де кездеседі. Бұл уақыттағы ыдыс-аяқтың түбінің тегіс еместігі олардың қышшы шеңберімен жасалғандығын көрсетеді.

Қыштан асүйлік ыдыс-аяқ (қазан, таба, құмыра, табақшалар, шаралар), азық-түліктерді сақтауға арналған ыдыстар (үлкен және кіші хумдар, құмыралар) жасалған. Жетісу қыш бұйымдары көбінесе ерте уақыттағы соғды ыдыстарының үлгілеріне ұқсайды. Бұл соғдыдан келген дәстүрдің сақталғандығы мен қолөнердің бұл түрінің біршама артта қалуын көрсетеді.

Ақтөбе (Талас) қалашығынан темір қорытуға арналған пештер табылды. Ұсталар темірден еңбек құралдары мен қару-жарақ жасаған. Тұрмыстық қажеттіліктер үшін темір қазандар, кетпендер, орақтар, пышақтар; жауынгерлер үшін семсерлер, қылыштар, найзалар мен жебелердің ұштықтары, сауыт-саймандар даярлаған.

Барлық қалаларда зергерлік іс дамыды. Зергерлерге құю, шекіме, алтындау, өрнек салу, безендіру сияқты техникалар белгілі болды. Әйел әшекейлері, бәрінен бұрын күміс және қола білезіктер мен сырғалардан бөлек, ер адамдардың белбеулеріне арналған айылбастар, айналар, пышақтарға арналған өсем саптар жасалды.

Сарайлық және табыну құрылыстары (мысалы, Оңтүстік Қазақстандағы Баба Ата қалашығындағы «от храмы») қабырғалық өрнектермен, сылақ пен ағашты көркемдеп оюмен безендірілді. Бұл қолөнердің ғана емес, сондай-ақ сәндік-қолданбалы өнердің дамығандығын көрсетеді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Неліктен Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісу қалалық мәдениеттің даму аймақтарына айналды?

2. Қалай ойлайсындар, Оңтүстік Қазақстан мен Оңтүстік-Батыс Жетісу қалаларының құрылымы мен сәулет өнеріндегі кейбір айырмашылықтар немен байланысты болды?
3. VI–X ғасырларда қалалар, негізінен, қандай бөліктерден құралғанын өңгімелеңдер.
4. Ерте ортағасырлық қалалардағы кварталдардың сипаты қандай болды? Кварталдар қандай қағида бойынша бөлінді?
5. Оңтүстік Қазақстанның ерте феодалдық қалаларында қандай қолөнерлер дамыды? Археологиялық қазбалар қандай қолөнердің дамуы туралы түсінік бермейді?

Картамен жұмыс

Картадан Қазақстан аумағындағы ерте ортағасырлық қалалар орналасқан аймақтарды көрсетіңдер. Кескін картаға Испиджаб, Шауғар, Отырар, Тараз, Суяб қалаларының орнын белгілеңдер.

Курделілігі жоғары тапсырмалар

Зираттардағы қазба жұмыстары Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалалық қауымдарының конфессиялық құрамы туралы қандай түсінік беретіндігін айтып беріңдер.

Үй тапсырмасы

Ерте ортағасырлық қала жобасының және оңтүстік қазақстандық немесе жетісулық қаланың тұрғын үйі жобасының суретін салыңдар.

3.3. Ұлы Жібек жолының қалалары халықаралық және жергілікті сауданың орталықтары ретінде

Бүгінгі сабақта:

- Ұлы Жібек жолында қалалардың өсуі туралы білеміз;
- Ұлы Жібек жолында қандай тауарлар мен ақша өтімді болғандығын анықтаймыз;
- Ұлы Жібек жолындағы халықаралық сауданың археологиялық айғақтарын жинақтаймыз;
- Ұлы Жібек жолындағы қалалардағы жергілікті сауда орындары туралы бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- Ұлы Жібек жолы
- қалалар
- Оңтүстік Қазақстан
- Жетісу
- халықаралық сауда
- жергілікті ақша айналысы
- тауар айырбасы

Қаланың сауда қызметі өте маңызды болды. Ұлы Жібек жолының тармақтарында жатқан қазақстандық қалалар: елдің мемлекеттермен, қаланың өңірлермен, қаланың көшпелілер даласымен тауар айырбасын жүзеге асырды.

IX ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басталғандағы қалалар санының өсуі. Сауда мен ақша айналысы қалалар дамуының маңызды факторы болды. Халықаралық сауда керуендері Суяб, Тараз, Испиджаб, Отырар және түркі-соғды дәуірінің басқа да қалалары арқылы өтіп, олардың дамуы мен жедел өсуіне жағдай жасады. Бұл қалалар кейде жаңа атауларымен мұсылмандық

уақытта да қызмет етуін жалғастыра берді. Бұған қоса, көптеген жаңа қалалар – Манкент, Усбаникет (Арыстағы), Кедер (Отырардың жанындағы Фараб аймағында) пайда болды. Шауғардың жанында Иасы қаласы (болашақ Түркістан қаласы) пайда болды. Бұл уақытта

Сырдарияның төменгі ағыстарында Сығанақ, Жент, Баршынкент пен Янгикент, Орта Сырдарияда Сауран мен Сүткент қалыптасты. Халықаралық сауда торабының орталықтары кеңейе түсті: мысалы, Отырар рабадының ауданы 170 га-ға дейін артты, бірнеше ғасыр бойы оның ауданы 7 га-дан аспаған еді. Сырдария жағалауы аймағындағы 10-ға жуық қаланың ауданы моңғолдар дәуірі қарсаңында 30 га-дан асқан еді. Испиджаб басты қала болып қалды, ал Отырар, Кедер, Шауғар мен басқа да қалалар аймақтардың астаналары болды. Янгикент ғұздардың астанасы болды, ал Жент пен Сығанақ XII–XIII ғасырлардың бас кезінде қыпшақ иеліктерінің орталықтарына айналды. Испиджабтың айналасында көлемі кіші көптеген қалалар орналасып, олардың әрқайсысында мешіт болды.

Бұл маңызды! Қала құрылысында мешіттердің пайда болуы X–XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында исламның таралуы мен нығаюын көрсетеді.

Жетісуда қалалар мен отырықшы-егіншілік мекендер өсті. Шу аңғарында алдыңғы орынға Баласағұн қаласы шығып, ол жерде X ғасырдан бастап хан ордасы орналасты. XI–XIII ғасырдың бас кезіндегі деректер Жетісудың шығыс бөлігіндегі 70 қаланы атайды. Оның ішінде Алматы да бар. Бұл қалаларға көлемді үйшаруашылықтарының болуы тән еді. Бұл, біріншіден, олардың мал ұстағандығын, екіншіден, отбасыларының үлкен болғандығын білдіреді. Осы жайттар көшпелі түркілердің отырықшылыққа өте бастағандарына дәлел болады.

Назар аударыңдар! Қалалардың өсуіне көшпелілердің біртіндеп отырықшылыққа көшуі мен халықаралық және жергілікті сауданың дамуы жағдай жасады.

Ұлы Жібек жолындағы тауар айырбасы. Қытайдан батысқа сауданың басты бұйымы саналған жібек тасылды. Түркі билеушілері, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу шонжарлары жібекті жоғары бағалады және оны өздері сатып алды. Бұған қоса, Қытайдан қағаз, айна, сырлы қобдишалар тасылды. Қытайға Таяу және Орта Шығыстан, сондай-ақ Үндістаннан маталар, кілемдер, қымбат бағалы тастар, піл сүйегі мен кәріптас, жұпар иісті заттар мен иіссулар, бояғыштар мен минералды шикізат, аң терілері мен қару-жарақ, монеталар мен бағалы металл құймалары, сондай-ақ араб арғымақтары мен сирек кездесетін жануарлар жеткізілді. Жібек жолы арқылы мәдени дақылдар, оның ішінде жүзім, шабдалы¹, қауындар таралды. Соғдылықтар Шығыс пен Батысқа импорттық тауарларды тасып қана отырған жоқ, сондай-ақ ортаазиялық күміс бұйымдарды, түрлі түсті шыныны, кілемдерді жеткізді; Қытайға ферғаналық жылқыларды айдап апарды. Византия, Иран, Соғды, Қытай, Үндістан мен Араб халифатынан келген сән-салтанат бұйымдарының бір бөлігі түркі шонжарларының сарайлары мен үйлерінен орын алды. IX ғасырдан бастап сауда керуендерінде делдалдар ретіндегі соғдылықтарды шығу тегі ирандық және түркілік мұсылман көпестері алмастырды.

Ұлы Жібек жолындағы ақша айналысы. Халықаралық саудада қытайлық византиялық, соғдылық, ферғаналық, бухаралық, одан кейін ортағасырлық мұсылман мемлекеттерінің ақшалары қызмет етті. Отырар шұратынан табылған алғашқы қытай монеталары біздің заманның бас кезіне жатады. Тараздан VI ғасырдың бірінші жартысындағы византиялық

¹ Осыдан Э.Шефердің Ұлы Жібек жолындағы сауда туралы өйгілі кітабының атауы – «Самрақадтың алтын шабдалылары» шыққан.



Алматы қаласынан
1979 жылы табылған
көне монета

алтын монеталар табылды. Алайда VI–VII ғасырлардың өзінде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларында өз монеталарын шығару басталды. Қаңғу-Тарбан дәуірінде Отырарда бет жағында тамғаларға ұқсас белгілер бейнеленген қола монеталар шығарылды. Шу аңғарында түргештердің монеталары соғылды. Олар Отырардан, Шаштан, Соғдыдан, Ферғанадан, Шығыс Түркістан мен тіпті Батыс Сібірден де кездесті. Бұл олардың көмегімен Ұлы Жібек жолында халықаралық сауданың жүргізілгенін дәлелдейді.

Отырардан табылған күміс қазынасында Шығыс Түркістаннан, Қырымнан, Кіші Азиядан, тіпті Сырдария бойындағы аймақтың ірі сауда қалаларының бірі Женттен әкелінген монеталар болды. Сондай-ақ қазынада әртүрлі жерлерден әкелінген көптеген күміс бұйымдар, сондай-ақ халықаралық валюта қызметін атқарған күміс құймалар

да болды. Бұл қазына XIII ғасырдың ортасына жатады және Ұлы Жібек жолының моңғол дәуірінде де қызмет еткендігін дәлелдейді.

Алтын және күміспен қатар, жібектің өзі де халықаралық валюта болды. Оларды патшалар мен елшілерге сыйға тартты, мемлекеттік қарыздар мен жалақыны төледі, тауар үшін төлем жасады.

X–XII ғасырларда тауарлық айырбасты ығыстырып шыққан ақша-тауар қатынастарының өсуі орын алды. Қазақстанның ірі қалаларында (Испиджаб, Отырар) өздерінің ақша сарайлары болды.

Ұлы Жібек жолындағы халықаралық сауданың археологиялық айғақтары. Археологтер ортағасырлық қалашықтар мен зираттарды қазған кезде Византия мен Ираннан, Қытай мен Үндістаннан әкелінген импорттық бұйымдар мен монеталарды тапты. Олардың бәрі Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуға сауда керуендерімен келген. Мысалы, Талхир / Талхиз (қазіргі Алматының жанындағы Талғар) қаласының орнынан Үндістан мен Соғдының бұйымдары, XII ғасырдағы қытай фарфор тостағаншалары, сфинкстер бейнеленген ирандық мыс табақ табылды. Оған ұқсас заттар Ұлы Жібек жолының батыс бөліктерімен байланысты көптеген елдерден табылуда. Отырардағы қазбалар кезінде импорттық заттар (мысалы, сақина төрізді оралған жолбарыс немесе барыстың бедерлі бейнесі бар қытайлық нефрит айылбасы, ою-өрнектері бар хорасандық қола сиясауыт, сириялық шыны графин) табылды. Қызықты жаңа материалдар қарлұқтардың астанасы Қойлық қаласы деп есептелінетін Алматы облысындағы «Антоновка» қалашығынан табылуда. Ол жерден қытай фарфоры, самарқанд қыш бұйымдары, сириялық шынылар табылды.

Басқа елдердің мәдени ықпалы жергілікті шеберлердің импорттық заттарға еліктеп жасаған заттарынан да білінеді. Мысалы, Жетісудан византиялықтарға еліктеп жасалған айқыш түріндегі таңбалары бар күміс құмыралар табылды. Отырардағы XIII–XIV ғасырларға жататын қола айналар Иран мен Қытайдан әкелінген айналардың көшірмелері түрінде жасалған. Жібек жолы арқылы көркемдік сән үлгілері де таралды. Мысалы, Қытайда XIV ғасырдың бас кезінде пайда болған аққа

көк түсті өрнек салған қыш стилі XIV ғасырдың соңы – XV ғасырдың бас кезінде Мәуереннахр мен Иранда танымал стильге айналды және темірлік стиль аталды.

Ұлы Жібек жолындағы қалалардағы халықаралық және жергілікті сауда. IX–XII ғасырларда Қазақстанның оңтүстігінде Испиджаб, Кедер, Отырар мен Янгикент, Оңтүстік-Батыс Жетісуда Тараз бен Баласағұн, Шығыс Жетісуда Талхир мен Қойлық ірі сауда орталықтары болды. Тараз көпестер қаласы және мұсылмандардың түркілермен сауда жасайтын орын ретінде сипатталады. Испиджабта жабық базарлар мен маталар саудасы жүргізілген үлкен керуен сарайлар, басқа қалаларда толып жатқан дүңгіршек-дүкендер орын тепті. Мысалы, Кедер ретінде танылған Құйрықтөбеден қоймалары бар сауда дүңгіршектерінің қалдықтары қазылды. Янгикент те Хорезмнен келген көпестер мекені болды. Бұл қала арқылы Сырдария бойындағы аймақтың Хорезммен, ол арқылы Еділ бойымен, Хазариямен және славян әлемімен байланыс жасалды.

Бұл маңызды! Моңғолдар дәуірі қарсаңында халықаралық сауда ғана емес, сондай-ақ қалалар мен аймақтар (Даланы қосқанда) арасындағы сауда да дамыды.

Бұл кезеңде қалалар мен ауылдық аймақтар арасындағы сауда дамыды. Аймақтардан қалаға астық, жемістер мен ет келіп тұрды. Екіншілер айырбасқа қалалық қолөнершілердің бұйымдарын – қыш, шыныны, зергерлік өшекейлерді алды.

Көшпелілермен айырбас сауда Испиджаб, Тараз, Отырар мен басқа да қалаларда өткізілетін жәрмеңкелерде жүргізілді. Ол Даламен шекаралас қалаларда: Сауранда, Янгикентте, Дех-Нуджикесте қарқынды жүрді. Сауран оғыздармен сауданың орталығы болды. Далалық көшпелілер аумағы шеткі отырықшы-егіншілік аудандарға жылқылар, мал мен малшаруашылығы өнімдерін (жүн, тері, киіз, сүт тағамдары) әкелді. Түркі жылқылары ерекше бағаланды. Бұған қоса, көшпелілер аң терілері мен иіссуды, сондай-ақ Орталық Қазақстаннан өндірілетін металды жеткізді. Бұл тауарларға айырбасқа көшпелілер қалалық орталықтардан маталар, астық, қолөнер өнімдерін, сән-салтанат заттарын алды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. IX ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың бас кезіндегі кезеңді сипаттаңдар. Ол Қазақстан тарихында неліктен бөліп көрсетіледі? Бұл уақытта қандай саяси және мәдени өзгерістер болып өтті?
2. Аталған кезеңдегі қалалар өсімінің негізгі факторларын атаңдар.
3. Ұлы Жібек жолдарымен тасымалданған тауарлардың негізгі топтарын айтып беріңдер.
4. VI–VII ғасырлардағы Отырар монеталарының тек Сырдария бойындағы аймақта ғана кездесуі нені білдіреді?

Картамен жұмыс

Картадан Қазақстан аумағындағы X–XII ғасырларда пайда болған жаңа қалаларды көрсетіңдер. Кескін картадан Кедер, Иасы, Сауран, Янгикент, Баласағұн, Талхир (Талғар), Қойлық қалаларын белгілеңдер.

Шағын топтарға арналған шығармашылық тапсырма

«Ұлы Жібек жолындағы қалықаралық сауда: Қазақстандағы артефактілер» тақырыбына таныстырылымдар дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Жалпы алғанда, тіршілікті қамтамасыз етудің көшпелі жүйесі үшін натуралды шаруашылық төн. Қандай жағдайларда натуралды шаруашылық көшпелілердің барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмайтындығын түсіндіріңдер. Көшпелілер өсіресе қандай «қалалық» тауарларға зәру болды?

Үй тапсырмасы

Қазақстанның қалалық тұрғындары мен көшпелілері тауарлар арасындағы айырбасы жайлы ойларыңды қорытып, эссе жазыңдар.

4-тақырып. Экономикалық және мәдени өзара қарым-қатынас және өзара әсері

Оқыту мақсаты:

- 11.1.2.3 сауда-экономикалық қарым-қатынастар жүйесінде көшпелі және отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын сипаттау;
- 11.1.2.4 дереккөздер негізінде көшпелі және отырықшы халықтың мәдени өзара әсерін анықтау.

4.1. Қазақстанның отырықшы және көшпелі халқының экономикалық және мәдени саладағы өзара әрекеттестігі мен өзара әсері (кейінгі орта ғасырлар)

Бүгінгі сабақта:

- моңғолдық және моңғолдар үстемдігінен кейінгі уақыттағы Қазақстанның отырықшы-егіншілік шұраттары;
- көшпелілердің отырықшыға айналуы қандай жағдайларда өткендігі;
- Сырдария жағалауларындағы қалалардың көшпелі халықпен өзара ықпалдастығындағы рөл;
- Сырдария жағалауындағы аймақтың мәдени рөлі туралы білеміз.

XIII–XV ғасырлардағы Қазақстанның отырықшы-егіншілік шұраттары. Моңғолдардың жаулап алуының нәтижесінде көптеген жетісулық және Сырдария жағалауларындағы қалалар құлдырап кетті және көшпелілер шаруашылығының құрамында, оның ішінде Жетісуда егіншілік азайды. Мал құрамындағы жылқылардың саны көбейді, өйткені үздіксіз әскери жорықтар оларға деген сұранысты арттырған еді. Алайда XV ғасырдың ортасында, яғни Қазақ хандығының пайда болу уақытына қарай шаруашылықтың жарғылай көшпелі түрі

қалпына келтірілді. Қазақстанның оңтүстігінде (сол уақыттағы дереккөздерде Түркістан деп аталған) егіншіліктің дамуы Сырдария бойындағы Сығанақ, Сауран, Сайрам төрізді бірқатар қалалардың қайта өрлеуімен байланысты болды. Қалалар моңғолдар үстемдігі қарсаңындағыдай қайтадан отырықшы-егіншілік аймақтардың ортасындағы сауда-қолөнер орталықтарының рөлін атқара бастады. Түркістанда қалалар мен егіншіліктің қалпына келуінің маңызды факторы қалалық өмір мен отырықшы-егіншілік шаруашылықтың дәстүрлілігі еді. Өйткені қалалық және отырықшы-егіншілік өркениеттің бастаулары қаңлылар дәуірінде жатқан болатын.

Бұл уақыттағы Сырдария жағалауларындағы қалалар ерте орта ғасырлардағы сияқты мұнаралы бекініс дуалдарымен қоршалған тұрғын үй және қоғамдық құрылыстар кешені болып табылды. Қала қақпаларының арасын басты көшелер байланыстырып жататын. Ал олардан жан-жаққа кварталдық шағын көшелер таралған. Басты көшелердің қиылысында орналасқан мешіттердің кіреберісі қалалық алаңға қарайтын болған.

Сырдария жағалауындағы қалалар сауда орталықтары ғана емес, сондай-ақ егіншілік аймақтардың орталықтарына айналған. Сондай қалалардың бірі Ақ Орда мен Әбілхайыр мемлекетінің астанасына айналған Сығанақ болды. Қала мен айналасындағы өңірлердің халқы суармалы және төлімі (суарылмайтын) егіншілікпен айналысып, көгеністік және бақшалық дақылдар өсірді, бақтар салды. Егістер мен бақшаларды суару үшін Сырдариядан арықтарға тармақталатын

Тірек сөздер:

- моңғолдық жаулап алу
- отырықшы-егіншілік шұрат
- Сырдария бойындағы қалалар
- шеткері аймақ
- мәдени өзара ықпал
- Қожа Ахмет Иасауи кесенесі
- ислам



Сығанақ қаласының орны

тоғандар тартылды. Түркістанның базарларын астықпен жабдықтайтын келесі бір егінші аймақтың орталығы Иасы қаласы болды. Қаланың айналасында көптеген тоғандар мен өңделген жер телімдерінің бар екендігі Өмір Темірдің XV ғасыр шегіндегі Қожа Ахмет Иасауи кесенесіне арналған жазбасында айтылады. Сондай-ақ Отырар, Сауран және Сайрам шұраттары да егіншіліктің ірі ошақтары болды. Моңғолдар талқандаған Отырар бұрынғыдай жетекші рөл атқармаса да, біртіндеп қалпына келтіріле бастады. Сауранды сумен қамтамасыз ету және егістіктерді суару үшін Қаратау беткейлерінен ағып шығатын шағын өзендер мен көріадердің көмегімен шығарылған жерасты сулары пайдаланылды.

Ерте ортағасырлық Испиджабтың орнында орналасқан Сайрам қаласы ірі сауда-қолөнердің орталығы ғана емес, сондай-ақ отырықшы-егіншілік шұраттың орталығы болды. Сайрам бұрынғыша Дешті Қыпшақтан Мәуереннахрға және Түркістаннан Жетісу мен Моғолстанға (Шығыс Түркістанға) қарай өтетін жолдардың қиылысында тұрды. Қала бау-бақшаға бөленіп, егістіктермен қоршалды.

Жетісуда моңғол шапқыншылығының салдары айтарлықтай сезілді. Қалалардың көпшілігі, әсіресе Жетісудың шығыс бөлігіндегі қалалар жойылды, ал отырықшылық іс жүзінде жоғалды. Бұрынғыша сауда жолы өтетін Талас аңғарында қалалық өмір мен егіншілік мардымсыз сақталды. Жетісудың жартылай көшпелі халқы егіншіліктің кейбір дағдыларын сақтап қалды.

Моңғол шапқыншылығынан қалалар мен керуен сарайларының қирауына қарамастан, Ұлы Жібек жолы өз қызметін жалғастыра берді. Плато Карпини (1246), Гильом де Рубрук (1253) пен басқа да батыс дипломаттары моңғол хандарының ордасына жолдың осы оңтүстік-қазақстандық және жетісулық бөліктерімен жүріп өтті. XIV ғасырдың бас кезінде, Алтын Орданың өрлеу кезеңінде халықаралық сауда тіпті жандана түсті. Алайда ғасырдың соңына қарай Солтүстік Жібек жолы (жетісулық бөлік) халықаралық саудадан толықтай шығып қалды.



Қаратаудағы тау өзенінен Сауранға су келетін көріаді құдықтар

Көшпелілердегі егіншілік және көшпелілердің отырықшылыққа көшуі. Отырықшы және жартылай отырықшы халық егіншілікпен айналысқан шұраттардың шалғай шеттерінде көшпелілердің қыстаулары орналасты. Мұндай көшпелілер егіншілікті шаруашылықтың көмекші саласы ретінде жүргізген. Қазақтарда және оның негізін қалаған қыпшақтар мен Даланың басқа да көшпелі тайпаларында малшылықтың жартылай көшпелі түрі кең таралған. Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелілері егіншілікпен де айналысты, сондай-ақ қысқы жайылымдарында тұрақты қоныстары да болды. Көшіп-қонудың бұл түрі Жетісу, Орталық және Оңтүстік Қазақстанға тән болды. Қыстауда рудың кедейленген мүшелері қалып қойып, егіндікке күтім жасады және қысқа азық қорын дайындады. Негізінен, тары өсіргенімен, арпа мен бидай егістіктері де кездесті. Маңғыстау мен Арал маңындағы көшпелілерде ғана тұрақты тұрғын үйлер, қыстаулар мен егіндіктер болған жоқ.

Көшпелілерде егіншіліктің болуы оларды жаппай отырықшылыққа әкелген жоқ. Көшпелілердің отырықшылық пен егіншілікке көшуі жағдайдың қиындығынан, бөрінен бұрын экономикалық қажеттіліктен ғана туындады. Көшіп-қону мүмкіндігі жоқ, малдан айырылған кедейлер ғана отырықшылыққа көшті. Оларды *жатақтар* деп атады. Олар егіншілікпен айналысты, балық аулауды, қолөнер мен сауданы меңгерді және біртіндеп шұраттардың отырықшы халқына қосылып кетті. Алайда жатақтар көшіп-қонуға қажетті малға қол жеткізудің сәті түссе, көшпелілердің көзқарасы бойынша неғұрлым беделді кәсіп болған көшпелі малшаруашылығына өтуді артық көрді.

Назар аударыңдар! Дешті Қыпшақ көшпелілерінде малшаруашылығының жартылай көшпелі үлгісі таралды. Оларда егіншіліктің орын алуы жаппай отырықшылануға әкелген жоқ.

Шеткері аймақтар көшпелі және отырықшы-егіншілік өркениеттердің түйісу аймағы ретінде. Шығыс Дешті Қыпшақ көшпелілерінің, одан кейін қазақтардың Сырдария бойындағы аймақ пен Жетісу үшін үнемі күрес жүргізу себептерінің бірі егін егуге мүмкіндік бар қысқы жайылымдардың қажеттілігі болды. Орта Сырдария және Жетісудағы шеткері (көшпелілерге қатысты) аймақтар арқылы көшпелілер мен отырықшы-егіншілік өркениеттердің шекарасы өтті. Бұл аймақтар екі өркениеттің қарым-қатынас жасасқан жерлері болды. Бір жағынан, көшпелі және жартылай көшпелі халық, екінші жағынан, отырықшы-егінші халық экономикалық тұрғыдан өзара байланысты болды. Бұған қоса, көшпелі/жартылай көшпелі және отырықшы/жартылай отырықшы әлемдердің арасында айқын шекара болған жоқ. Көшпелілер егіншілікті қолданды, ал егіншілер мал ұстады. Екеуі де тауар айырбасына мүдделі болды. Көшпелі және отырықшы халықтың арасындағы өзара ықпалдастық пен өзара байланыс бейбіт сауда қатынастары арқылы жүзеге асырылды. Оған әсіресе көшпелі

малшылар мүдделі болған еді. Екіжақты мүдделілік көшпелілердегі, сондай-ақ отырықшы-егіншілер мен қолөнершілердегі өндірісті ынталандыра түсті.

Бұл маңызды! Көшпелілердің отырықшы өмір мен егіншілікке өтуі тек экономикалық қажеттіліктің ықпалымен ғана болып өтті. Көшіп-қонуға мүмкіндіктері жоқ, малынан айырылған кедейлер отырықшылыққа көшті.

XVI–XVII ғасырларда жоғарыда аталған шеткері аймақтарда егіншілік өмір сүруі мен дамуын жалғастыра берді.

Сырдария бойындағы қалалардың кейінгі орта ғасырдағы отырықшы және көшпелі халықтың өзара ықпалдастығы мен өзара әсерлесуіндегі рөлі. Кейінгі орта ғасырда Орта Сырдария мен Қаратау баурайларында егінші аймақтармен қоршалған Түркістан, Сайрам, Сауран, Сығанақ, Икан, Өзгент, Аркук, Созақ сияқты барлығы 20-дан астам қала ерекшеленді. Олардың ішінде Далаға неғұрлым сұғына еніп жатқан Созақ қаласы Мәуереннахрдағы саяси қарсыластарымен күрескен қазақ хандарына тірек қызметін атқарды. Қалалар өзінің жартылай аграрлық сипатын сақтап, олардың халқы қолөнермен, саудамен ғана емес, егіншілікпен де айналысты. Оңтүстік Қазақстанның қалалары мен шұраттарында XVI–XVII ғасырларда бұрынғыша тұрақты базарлар болды. Аса ірі қалаларда монета соғып шығарудың арқасында ақша-сауда қатынастары дамыды. Көшпелілермен дәстүрлі тауар айырбасы жүрді, жергілікті және Мәуереннахр мен басқа да елдерден әкелінген тауарлар сатылды.

XVI–XVII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан қазақ мемлекеттілігінің саяси орталығы болып қалды және қазақ тайпаларының бір халық болып бірігуіне қызмет етті. Батыс Жетісуда пайда болған Қазақ хандығы көп ұзамай Сырдария жағалауы аймағының солтүстік бөлігін иеленді және ол жерден қазақтардың бүкіл этникалық аумағына тарала бастады. Сырдария бойындағы қалалар қазақ хандарының ордасы қызметін атқарып отырды. Ал XVI ғасырдың соңынан бастап Қожа Ахмет Йасауидің кесенесі орналасқан аймақ мұсылмандарының басты қасиетті жері – Түркістан қаласы Қазақ хандығының астанасына айналды. Бұл кесенеден бөлек, Оңтүстік Қазақстанда дінге сенушілер үшін ерекше маңызы бар көптеген қасиетті жерлер орналасты. Оңтүстік Қазақстанның мешіттері, медресе мен мазарлары көшпелілердің арасында исламның таралуы мен бекуінде үлкен рөл атқарды. Бұл аймақтың экономикалық, саяси және мәдени маңызының зор болғандығы соншалық, Қазақ хандығына ол үшін көрші елдермен табанды күрес жүргізуіне тура келді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстанның қалалары мен отырықшы-егіншілік шұраттары үшін моңғол шапқыншылығының салдары туралы әңгімелендер.

- Қалай ойлайсыңдар, орта ғасырларда Қазақстан көшпелілері неліктен отырықшылыққа жаппай көшкен жоқ? Көшпелілердің отырықшылыққа көшуі қандай жағдайларда орын алды?
- Даланың көшпелі халқы мен шұраттардың отырықшы халқының өзара экономикалық байланысы не үшін қажет болғандығын түсіндіріңдер. Сендер көшпелілер отырықшы тұрғындарға қарағанда бейбіт сауда қатынастарына көбірек мүдделі болды деген тұжырыммен келісесіңдер ме?
- Кейінгі орта ғасырда Сырдария аймағының (Түркістанның) саяси маңызы неліктен өсе түсті?

Картамен жұмыс

Картадан Қазақстан тарихында XIII–XVII ғасырларда үлкен рөл атқарған Сырдария бойындағы қалаларды көрсетіңдер. Кескін картаға Созақ, Сығанақ, Сайрам, Сауран, Иасы (Түркістан) қалаларының орындарын белгілеңдер.

Шағын топтарға арналған тапсырма

«Ұлы Жібек жолындағы қалықаралық сауда: Қазақстандық жөдігерлер» тақырыбындағы таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

Қалай ойлайсыңдар: а) отырықшы халықтың көшпелілерге; ә) көшпелілердің отырықшы халыққа мәдени ықпалы неден көрінеді? Өрбір жағдай үшін үштен кем емес факторды келтіруге тырысыңдар.

Үй тапсырмасы

Сырдария аймағының ерекше мәдени маңызы жайлы қосымша материалдар жинақтаңдар.

4.2. Қазақстандағы отырықшы және көшпелі халықтың экономикалық және мәдени саладағы өзара ықпалдастығы мен өзара әсері (XVIII–XX ғ. бас кезі)

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанның Ресей отарына айналуының экономикалық салдарлары білеміз;
- отаршылдықтың көшпелі шаруашылыққа жағымсыз әсерін талдаймыз;
- отаршылдық кезеңде Қазақстанда сауда мен тауар нарығының дамуы бағалаймыз;
- Ресейдің қоныс аудару саясаты және оның көшпелілер жағдайына әсері туралы анықтаймыз.

Демографиялық тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстан аумағындағы, бірінші кезекте шеткері аймақтардағы отырықшы халықтың үлесі Қазақ даласын Ресейдің қосып алуына байланысты XVIII–XIX ғасырларда өсе бастады. Егер бұған дейін көшпелі қазақтарға оңтүстік шұраттардың көпшілігі түркілік («сарттар» деп аталатын) және мұсылмандық отырықшы-егінші халқымен қатынас жасауға тура келген болса, енді бұл отырықшы халық көшпелі халықтан шаруашылық түрі жағынан ғана емес, сондай-ақ тілі, діні бойынша да ерекшеленді. Қазақстанның Ресей отарына айналуы қалалар санының өсуіне және олардың сауда-өнеркәсіптік дамуына, көпэтникалық халықтың қалыптасуына, сондай-ақ экономикадағы, қазақтардың өлеуметтік

Тірек сөздер:

- отаршылдық
- отар
- отарлық басқару
- отарлаушылық
- ақша-тауар экономикасы
- экономиканың ақшаландырылуы
- көпсалтты экономика
- шаруа
- бай
- жатақ
- қоныс аудару саясаты

құрылымы мен тұрмыс-салтындағы өзгерістерге әкелді.

Қазақстанның Ресеймен жақындасуының экономикалық себептері. Қазақ хандығы мен Орыс патшалығының арасында дипломатиялық және сауда байланыстары орнаған XVI ғасырға қарай Сырдария бойындағы қалалар тек жергілікті сауда-экономикалық маңызға ие болған, халқы аз, аграрлық мекендерге айналды. Нарыққа шығатын егіншілік және қолөнер өнімдерінің саны айтарлықтай қысқарды. Көшпелілер азық-түлік жетіспеушілігінің орнын толтыруға әрекеттене отырып, отырықшы қоныстарға жиі шапқыншылықтар жасай бастады. Нақ осы жайт қазақтардың ресейлік бодандар – башқұрттармен, қалмақтармен және казактармен қақтығысуларын туындатты. Жоңғар әскерлерінің баса-көктеп кіруі, өз кезегінде, әсіресе

Батыс Қазақстанда жайылымдар үшін қақтығыстарға әкеп соқты. Бұл қақтығыстарды шешу қажеттігі Әбілқайыр ханға Ресеймен келіссөздер бастауға түрткі болған себептердің бірі болды. Өз кезегінде, Ресей империясына Орта Азияға апаратын транзиттік сауда жолдарының қауіпсіздігі қажет болды.

Ресейдің қазақтар көшіп-қонатын жерлерге әскери-отаршылдық басқыншылығы. XVIII ғасырдың бас кезінде орыстардың әскери экспедициялары, Ертісте Ямышев (1716), Семей (1718) және Өскеменді (1720) қосқанда, сегіз бекіністің негізін қалады. Бекіністер Ресейдің оңтүстіксібірлік шептерін қорғау қызметін атқарды, онымен бір мезгілде өлкені орыстардың отарлауын қамтамасыз етті. Ертіс жағалауларындағы құнарлы жерлерді иелене отырып, орыс отаршылары (казактар мен шаруалар) көшпелілерден жайылымдық және егін егілетін аумақтарды тартып алып, оларды Даланың шөлейтті ішкі аудандарына көшуге мәжбүр етті. Осыған ұқсас отарлаушылық 1731 жылы Әбілқайыр хан Ресеймен келісім жасасқаннан кейін де орын алды. Даланы казак шептерімен шырмай отырып, Ресей империясы оны шекаралық және транзиттік аймақтан өз отарына айналдыра бастады. 1840–1860 жылдары Жетісу мен Түркістанды жаулап алумен Қазақстанды Ресейге қосып алу аяқталды.

Отаршылдықтың көшпелі шаруашылыққа тигізген ықпалы. Ресейлік отарлық басқару кезеңінде қазақтар тіршілікті қамтамасыз етудің дәстүрлі көшпелі жүйесін сақтады. Алайда отар-

шылдық бұл жүйені дағдарысқа әкелді. Патшалық Ресейдің қазақ аумағының орасан бөлігін қазақ, одан кейін шаруалар қоныстануы үшін тартып алуы көшіп-қонудың дәстүрлі бағыттарын бұзды және қазақтарды шүйгін жайылымдардан, су көздерінен, қолайлы қыстауларынан бөліп тастады. Көшіп-қону жағдайы айтарлықтай нашарлады. Әкімшілік реформалар¹ үсті-үстіне жаңа аумақтық шектеулерге алып келді. Көшіп-қонудың дәстүрлі жүйесін уездер



Беқініс салушы қазақтар. Суретші Н.Каразин (XIX ғ.)

мен болыстардың шекараларымен сәйкестендіру мүмкін болмады. Реформалар қазақтар мен шаруаларды қорғауды қамтамасыз ете отырып, мезгілдік көшіп-қону мүмкіндіктерін шектеді, оны бей-берекет етті. Бұл көшпелілер шаруашылықтарының күйзелуіне және көшпелілердің жоқшылыққа ұшырауына (жатақтар санының өсуіне) әкелді. Көшпелі аймақтарда қатардағы көшпелі шаруалар экономикасының эволюциясы баяу жүрді. Ал ауылда патриархалдық қатынастардың үстемдік етуі жалғаса берді. Алайда шеткері аймақтарда шаруалардың арасында тауарлы малшаруашылығы мен егіншілік дамыды және де натуралды шаруашылық нарыққа бейімделе отырып, тауар-ақша жағына қарай бейімделе бастады. Нарық сұраныстарына орай ірі қара мал саны артты және осыған байланысты шөп шабу пайда болды. Жем-шөп қорын өзірлеу біртіндеп қойларды қыста қолда ұстау үшін де қолданыла бастады.

Көшпелі халыққа «түтін салығы» салынды, оның мөлшері XIX ғасырдың соңында қазақ баспанасының кез келген түрінен жылына 4,5 рубль күмісті құрады. Тауарлы өндірісті дамыту үшін қажетті экономиканы ақшаландыруды күшейте отырып, белгіленген салық салу кедейлерге, яғни шаруалардың неғұрлым көп тобына соққы болып тиді.

Бұл маңызды! Ресейлік отаршылдық басқару кезінде қазақтар тіршілік қарекетін қамтамасыз етудің көшпелілік жүйесін сақтады. Алайда отаршылдық бұл жүйені дағдарысқа әкелді. Қазақтар мен шаруалар отарлау көшіп-қонудың дәстүрлі бағыттарын бұзды және көшіп-қону жағдайларын күрт нашарлатты.

¹ 1867–1868 жылдардағы реформа бойынша қосылып алынған қазақ аумағы үш генерал-губернаторлыққа (Батыс Сібір, Орынбор және Түркістан) бөлінді, олардың әрқайсысы облыстарға, уездерге, болыстарға, әкімшілік ауылдарға бөлінді.



Қоянды жәрмеңкесі

Сауда мен тауарлы нарықтың дамуы. Отаршылдық уақытындағы Қазақ даласының экономикалық өміріндегі неғұрлым айтулы жаңа құбылыстардың бірі сауданың дамуы болды. Бекіністер ретінде пайда болған солтүстік-батыстағы Орск, Орынбор пен Троицк, Петропавл, солтүстік-шығыстағы Семей, Өскемен мен басқа да қалалар XVIII ғасырдың өзінде-ақ айырбас сауданың орталықтары рөлін атқара бастады. Сол кезде, А.И.Левшиннің мәліметтері бойынша, Орынбордағы айырбас орнында қазақтар жыл сайын 500 мың қой мен 50 мың жылқыға дейін айырбастаған. Айырбас сауданың дамуы XIX–XX ғасырдың бас кезінде ғана күшейді. Айырбас орындарынан бөлек, малды олардың саны үздіксіз өсе түскен далалық жәрмеңкелерде сатуға немесе айырбастауға¹ болатын еді. Жәрмеңкелер көшпелі және отырықшы халықтың арасында делдалдық істі жүзеге асырды. XIX ғасырдың ортасынан бастап экономикалық өмірдің жаңа орталықтары: Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл, Павлодар, Қазалы, Жаркент пайда болды. Бұл жерде айырбас сауда Орынбордағы сияқты қаланың өзінде емес, одан біршама қашықтықта жүзеге асырылды. Көшпелі мал-шаруашылығының өнімдері, сондай-ақ ортаазиялық қолөнер өнімдері айырбас орындары мен жәрмеңкелерде ресейлік өндіріс тауарларына (шұға, шыт, темір және мыс ыдыстар, темір бұйымдар, шырақтар, сабын, ұн, қант пен шай) алмастырылды. XX ғасырдың шебінде сауданың ақшаландырылуы (ақшамен сату-сатып алу) неғұрлым тарала бастады.

¹ Айырбастау бірлігі 1 қой болды.



Келімсек шаруалар

Көшпелілер шаруашылығындағы көпқырлылықтың қалыптасуы. Көшпелілер, бөрінен бұрын қазақ қоғамында дәстүрлі таңдаулы топпен (сұлтандар, билер, батырлар, ақсақалдар) салыстырғанда, бұл уақытта неғұрлым белгілі тұлғаларға айналған дәулетті мал иеленушілер (байлар) нарық жағдайларына бейімделе бастады. Олар малшаруашылығының тауарлылығын арттырды (яғни, малды алмастыруға/сатуға арнайы есіре бастады), саудамен айналысты, қыстаулардағы дөнді дақылдар егістіктерін кеңейтті, қалалар мен селоларда құрылыстар салып, орныға және жартылай отырықшы шаруашылыққа көше бастады.

Жер, яғни жайылымдық және егіс алқаптары маңызды материалдық құндылық ретінде қабылдана бастады. Отарлық әкімшіліктің қолдауын пайдалана отырып, байлар бұған дейін рулық қауымның пайдалануында болған қысқы жайылымдарды жайылымдар ретінде де, сондай-ақ егін егуге пайдалану үшін де өздеріне иелене бастады. Осылайша, байлар ірі мал иеленушілер ғана емес, сондай-ақ ірі жер иеленушілер табына да айнала бастады. Егіншілік байлардың артықшылығы болды. Жатақтардың егіншілікке көшуі бұрынғыдай мәжбүрлік сипатқа ие болды. Олардың арасында сауда мен тауарлық егіншілікте табысты болған адамдар кездесе де, отырықшы жатақтардың ауылдары көшпелілердің ауылдарынан анағұрлым кедей болды.

Назар аударыңдар! Отаршылдық кезеңдегі саяси және әкімшілік реформалар, сондай-ақ нарық пен Қазақстанның сауда-экономикалық дамуының өсуі қазақ ауылының әлеуметтік жіктелуіне: байлар тобының бөлініп шығуы мен кедей-жатақтар санының өсуіне әкелді.

XX ғасырдың шебінде қазақтардың экономикасы бұрынғыға қарағанда неғұрлым көпқырлы бола түсті. Енді таза малшаруашылықтарымен қатар, шөп шабатын және екінші дәрежелі кәсіп ретінде егіншілікпен айналысатын жартылай көшпелі малшаруашылықтары; егіншілігі басым, жартылай отырықшы егінші-малшы шаруашылықтары; шөп шабатын жартылай отырықшы малшаруашылықтары; таза отырықшы шаруашылықтар пайда болды. Далалық өлке қалаларының (Петропавл, Семей, Ақмола, Павлодар және басқалар) және Түркістан қалаларының (Верный) сауда-өнеркәсіптік маңызының өсуі көбінесе ауылшаруашылығының көпқырлылық мұқтаждықтарына қызмет көрсетуімен байланысты болды. «Жаңа өмір» орыс және казак қалаларына және солтүстік және солтүстік-шығыс уездеріндегі елді мекендерде айқын көрініс берді.

Назар аударыңдар! Қазақтардың экономикасы неғұрлым көпсалалы экономикаға айналды. Шаруашылықтың бірнеше үлгілері:

- малшаруашылығы;
- шөп дайындайтын және егіншілікпен айналысатын жартылай көшпелі малшаруашылығы;
- егіншілігі басым болған, жартылай отырықшы егінші-малшаруашылығы;
- шөп дайындайтын жартылай отырықшы малшаруашылығы;
- отырықшылық орын алды.

Ресей империясының қоныс аудару саясаты. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды казактық және шаруалық отарлау күшейе түсті. 1890 жылдардан бастап патша өкіметі стихиялық қоныс аудару қозғалысын қолдай бастады. Патша шенеуніктері көшпелілер шаруашылығының мәнін түсінбей, қазақ жерінің көп бөлігін «бос», сондықтан да «мемлекеттік» және жаппай шаруалық отарлаушылық үшін жарамды деп есептеді. Экономикалық тұрғыдан алып қарағанда, қоныс аударушыларды жаппай орнықтырудың көшпелілер үшін жағымсыз салдарлары болды. Ол көшіп-қону аумағын одан өрі тарылта түсті, көшпелілерді жақсы жерлерден бөліп тастады, оларды егін егу мүмкіндіктерінен айырды. Қуаңшылық аймағына төн емес егіншілік мәдениетінің өкілдері – қоныс аударушылар Қазақ даласы мен Түркістанда шаруашылық қатынастардың жаңа үлгілерінің пайда болуына ықпал етті. Олардың ішінде жатақтарды казак және шаруа қожалықтарына батырақтар ретінде жалдау, көшпелілерге шалғындар мен жайылымдарды жалға беру, жарты өніміне жалға беру болды. Көбінде жерінен де, малынан да айырылған қазақтарды жерге орналастыру мәселесі аса өткір еді. Көшпелілер мен қоныс аударушылардың қатынастары өте шиеленісті болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақстан мен Ресей жақындасуының экономикалық себептерін атаңдар.
2. Қалай ойлайсыңдар, XVI–XIX ғасырларда Сырдария бойындағы қалалардың құлдырауы қандай факторлармен байланысты болды?
3. Қазақстанның Ресей отарына айналуының көшпелілер шаруашылығы мен көшпелілердің тіршілікті қамтамасыз ету жүйесі үшін қандай салдарлары болды?
4. Параграфта жәрмеңкелердегі айырбас сауда мен сауда еске алынған. Сауданың Қазақстандағы жаңа уақытта кездесетін қандай түрлері еске алынбаған.
5. Отарлық кезеңде (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. бас кезі) қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымының қалай өзгергенін еске түсіріңдер?

Картамен жұмыс

Картадан: а) Қазақстанды казактық отарлаушылықтың негізгі бағыттарын; ө) шаруалық (қоныс аударушылар) жаппай отарлаушылық үшін ашық болған облыстарды көрсетіңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Сендер қалай ойлайсыңдар: а) қоныс аударып келушілердің көшпелілерге; ө) көшпелілердің қоныс аударып келушілерге мәдени ықпал етуі неден көрінуі мүмкін? Әрбір жағдай үшін кем дегенде үш фактор келтіруге тырысыңдар.

Кестемен жұмыс

«Қазақтардың тіршілік қарекеті жүйесіне отаршылдықтың әсері» кестесін толтырыңдар.

Отаршыл биліктің әрекеттері	Салдары
Қазақтар мен шаруаларды қоныстандыру үшін аумақтарды басып алу	
Өкімшілік реформалар	
	Жатақтар санының өсуі
	Ірі қара мал санының артуы
	Натуралды шаруашылықтың дағдарысы
Шөп шабу	
«Түтін салығын» енгізу	

Үй тапсырмасы

Қазақ қоғамының қандай табы ақша-тауар қатынастары мен нарыққа неғұрлым көбірек тартылды? Ойларыңды қорытып жазыңдар.

I тарауға арналған зерттеушілік тапсырмасы

Көшпелі халқының санасында қала қандай рөл атқарады? Ал қалалықтардың санасында көшпелі ауылдардың рөлі қандай болған еді? Олардың бір-бірімен селбесуі қалай жүргендігін дәлелдеңдер. Қала және далалық ауыл тұрғындары ретінде екі топқа бөлініп, екі ортада қандай байланыстарды жүзеге асыруға болатынына сараптама жасаңдар. Қорытындыға келе отырып оны бүгінгі заманмен салыстырыңдар.

II тарауға арналған тест тапсырмалары

- XII–XIII ғасырдың бас кезінде қыпшақ иеліктерінің орталықтарына айналған қалалар:
 - Сауран, Сүткент;
 - Женд, Созақ;
 - Сығынақ, Женд;
 - Отырар, Кедер;
 - Янгикент, Баршыкент.
- Қалалар дамуының маңызды факторы:
 - халықаралық керуен жолдары;
 - ислам дінінің таралуы;
 - сауда мен ақша айналысы;
 - мәдениеттің дамуы;
 - көшпенді және отрықшы мәдениеттердің ықпалдастығы.
- Суань Цзинь 629 жылы «Ақ өзен» деп көрсеткен қала:
 - Сүткент;
 - Испиджаб;
 - Кедер;
 - Отырар;
 - Яса.
- X–XII ғасырларда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының құрылысында пайда болған жаңа элемент:
 - храмдар;
 - шіркеулер;
 - ескерткіштер;
 - құдықтар;
 - мешіттер.
- Хорезммен Еділ бойыны, Хазарияны және славян өлемімен байланыстырған қала:
 - Сауран;
 - Испиджаб;
 - Янгикент;
 - Отырар;
 - Яса.
- XVIII ғасырдың басында негізі қаланған қалалар:
 - Түркістан, Отырар;
 - Семей, Өскемен;
 - Верный, Ақмола;
 - Қапал, Петропавл;
 - Ақмешіт, Перовск.
- Қазақстанда таза көшпелі малшаруашылығының түрі қалыптасқан өңір:
 - Батыс Қазақстан, Орталық Қазақстан;
 - Шығыс Қазақстан, Жетісудың таулы аудандары;
 - Сырдария, Шу, Келес өзендерінің аңғарлары;
 - Сырдария мен Өмудария аралығы;
 - Шығыс Түркістан, Шу алқабы.
- XVIII ғасырдың бас кезінде Қазақстан мен Ресей жақындасуының экономикалық себептері:
 - Түркістан, Отырар;
 - Семей, Өскемен;
 - Верный, Ақмола;
 - Қапал, Петропавл;
 - Ақмешіт, Перовск.

9. XVIII ғасырда орыс бекіністерімен көшпелілер арасында дамыған сауда түрі:
- A) айырбас сауда;
 - B) ақшалы сауда;
 - C) жәрменкелік сауда;
 - D) көтерме сауда;
 - E) бөлшек сауда.
10. А.И. Левшиннің мәліметтері бойынша, қазақтар жыл сайын 500 мың қой мен 50 мың жылқыға дейін айырбастаған қала.
- A) Омск;
 - B) Томск;
 - C) Семей;
 - D) Оренбург;
 - E) Өскемен.
11. 1714 (1716)–1720 жылдары Ертіс өзенінің бойына салынған бекіністер:
- A) Железинск, Коряков;
 - B) Қызылжар, Орск;
 - C) Орынбор, Қапал;
 - D) Қызылжар, Верный;
 - E) Ақ мола, Перовск.

2-тараудың қорытындысы

Ұлы Жібек жолы (ҰЖЖ) – бұл Қытайдың ішкі облыстарынан Алдыңғы Азия елдеріне кететін сауда жолдарының жиынтығы. Экономикалық, мәдени және саяси өзара әрекеттестік арналары қызметін атқарған бұл жолдардың бір бөлігі Қазақстан аумағы арқылы өтті. ҰЖЖ біздің заманымызға дейінгі соңғы ғасырларда қалыптаса бастады. VI–VIII ғасырларда, Түркі қағандықтары мен соғдылық сауда факториялары дәуірінде жібекпен және басқа да тауарлармен керуендік сауда жасау ерекше қызу жүрді. Мұсылмандық дәуірде ҰЖЖ Шығыс пен Батысты байланыстыруын жалғастыра берді, алайда Ұлы географиялық ашылулардан кейін оның маңызы күрт кеміді.

Ұлы Жібек жолының тармақтары өтетін Қазақстанның оңтүстігінде VI–IX ғасырларда қалалық мәдениет дамыды. Көпэтникалы қалалар түркі билеушілерінің ордаларына, сауда және қолөнер орталықтарына айналды. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда Отырар, Испиджаб (Сайрам), Тараз, Суяб, Навакет гүлденді. Ерте ортағасырлық қалалардың орталығында цитадель орналасты. Сарайлар мен діни құрылыстар қабырға суреттерімен, сылаққа және ағашқа салынған көркем оюлармен өшекейленді. Қамалдың айналасында кварталдарға бөлінген сауда-қолөнерлік шахристан орналасты. Жекелеген кварталдардың тұрғындары туыстықпен, кәсіппен немесе дінімен байланысты болды.

Ұлы Жібек жолының қалаларында тауар алмасудың: елдер мен мемлекеттердің, қала мен оның айналасының, қала мен көшпелілер Даласының арасындағы үш бағыты түйісті. X–XII ғасырларда қалаларда мешіттер пайда болды: халық исламды қабылдай бастады. Мұсылмандық уақытта Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының өсуі жалғасты. Себептерінің бірі көшпелі түркілерде отырықшыланудың басталуы, екіншісі – халықаралық және жергілікті сауданың дамуы болды. Ұлы Жібек жолындағы керуендік саудада шығу тегі ирандық және түркілік мұсылман көпестері делдалдарға айналды. Қалаларда ақша сарайлары пайда болды. Тауар-ақша қатынастары тауарлық айырбасты ығыстыра бастады.

Моңғолдар жаулаушылығының нәтижесінде қалалар құлдырап, көшпелілер шаруашылығында егіншіліктің рөлі кеміді, ҰЖЖ-ның жетісулық бөлігі халықаралық саудадан шығып қалды. XV ғасырдың ортасына қарай шаруашылықтың жартылай көшпелі нысандары қалпына келіп, көшпелілер шаруашылығында егіншіліктің рөлі өсті. Бірақ бұл көшпелілердің отырықшылыққа өтуіне әкелген жоқ. Сырдария бойындағы қалалар жартылай аграрлық сипатын сақтаса да, қайтадан қолөнер мен сауданың орталықтарына айналды. Жетісуда қалалар қалпына келген жоқ. Алайда Сырдария бойындағы аймақ пен Жетісу көшпелілердің отырықшы-егінші халықтармен қатынас жасайтын аймақтары болып қалды.

XIX ғасырда Қазақстан аумағындағы отырықшы халықтың үлесі Қазақ даласының Ресейге қосылуымен байланысты өсті. Сауда-өнеркәсіптік дамуы жеделдеген жаңа қалалар пайда болды. Көшпелі қазақтардың шаруашылық және тұрмыс салтында елеулі өзгерістер басталды. Қазақтардың экономикасы неғұрлым көпсалалы экономикаға айналды. Отаршылдық тіршілік қарекетін қамтамасыз етудің көшпелілік жүйесінің дағдарысына әкелді. Көшіп-қонулардың дәстүрлі бағыттары бұзылды, көшіп-қону жағдайлары нашарлады. Бұл қазақ ауылының әлеуметтік жіктелуіне, отырықшылар-жатақтар санының өсуіне әкелді. Славяндық қоныс аударушылар мен қазақтардың арасындағы қарым-қатынастар шиеленісті.

III тарау. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

5-тақырып. XX ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.1.3.1 Қазақстанның экономикалық даму ерекшеліктерін талдау үшін «экономикалық жүйе», «дәстүрлі (аграрлы) экономика», «жоспарлы (социалистік) экономика» ұғымдарын пайдалану;
- 11.1.3.2 XX ғасырда Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму бағыттарын анықтаған факторларды талдау.

5.1. Қазақстандағы социалистік даму жолы

Бүгінгі сабақта:

- экономикалық жүйені жаңғыртудың индустриялық қоғамға өту тәсілін оқып білеміз;
- ұжымдастыру қарсаңындағы қазақ көшпелі ауылын бағалаймыз;
- Қазақстанды социалистік жаңғырту: көшпелілерді ұжымдастыру мен отырықшылықты талдаймыз.

Тірек сөздер:

- индустрияландыру
- жаңғырту
- социалистік
- мемлекеттік меншік
- әкімшіл-әміршіл жүйе
- жоспарлы экономика
- бесжылдық
- дамудың экстенсивті сипаты
- экономиканың шикізаттық сипаты
- жиынтық өсу
- тауарлар тапшылығы

Қазақстанды индустрияландыру. Социалистік жаңғырту барысында КСРО-ның бір бөлігі ретінде Қазақстан жеделдетілген индустрияландыру кезеңінен өтті. Оның мақсаты КСРО-ның экономикалық артта қалуын жою, қуатты қорғаныстық өнеркәсіпті құру, энергетика мен ауыр өнеркәсіпті дамыту болды. Индустрияландыруға қажетті жағдайлар елдің еуропалық және азиялық бөліктерінде бірдей болмады. Революция қарсаңында Қазақстанда ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар болған жоқ. Тек егіншілік пен мал шаруашылығы өнімдерін өңдейтін шағын кәсіпорындар ғана жұмыс істеді. Инфрақұрылым дамымаған және өлкені геологиялық зерттеу аяқталмаған еді. Яғни, Қазақстанның даңқы шыққан пайдалы қазбалары өлі де жер астында жатты. Революциялық жылдардағы дағдарыс өнеркәсіптік өндірістің онсыз да төмен деңгейінің

одан әрі қысқаруына соқтырды. Жұмысшылардың білікті мамандары жоқ еді.

Индустрияландырудың бастапқы кезінде (1927–1930 жж.) Қазақстан (1936 жылға дейін РКФСР құрамындағы автономиялық республика) ауылшаруашылық шикізаттары мен өнімдерін беруші болды. Ол 1930 жылдары өнеркәсібі жоғары қарқынмен дами бастаған аймақтардың біріне айналды. Қазақстанда өнеркәсіптің өндіруші салаларының (көмір,



Түрксібтің салтанатты ашылуы
(1929 ж., 10 мамыр)

мұнай, сирек және түсті металдар) қарқынды дамуы басталды. Алғашқы бесжылдық жылдарында жергілікті кен орындарының негізінде (әсіресе мыс пен қорғасын) түсті металлургияның бірнеше кәсіпорны салынды. Олардың өнімдері қорғаныс үшін қажет болды. Қазақстан КСРО-да түсті металдар өндіру бойынша екінші орынға (Ресейден кейінгі) шықты. Қарағанды көмір алабы көлемі жағынан КСРО-ның үшінші көмір базасына айналды. Ал мұнай өндіру бойынша, Ембі мұнай алабы) Қазақстан РКФСР мен Өзбекстаннан кейінгі үшінші орынға шықты. Түрксіб (1931 жылы 1 қаңдардан тұрақты пайдалануға берілді) және басқа да көптеген теміржолдар салынды. Электрстансылары салынды және электр желілері тартылды. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналасында қалалар пайда болып, урбандалу үдерісі жүрді. Республика өнеркәсібінің дамуына байланысты соғыс қарсаңындағы 700 өнеркәсіптік кәсіпорын пайда болды. Нәтижесінде Қазақстан индустриялы-аграрлық республикаға айналды (өнеркәсіптің үлесі халықшаруашылығының барлық өнімінің 60% -ын құрады), қала халқының пайызы айтарлықтай өсті.

КСРО алғашқы екі бесжылдық (1928–1937 жж.) нәтижесінде индустриалдық державаға айналды. Бұған орасан зор күш-жігердің, ауылшаруашылығынан келіп түскен орасан үлкен қаражаттың, ұжымшар шаруаларынан алынған аса жоғары салықтың есебінен қол жеткізілді. Қазақстанда жаңғырту көшпелілер экономикасын күшпен күйретумен және миллиондаған адамдардың аштықтан қырылуымен қатар жүрді.

Назар аударыңдар! Индустрияландыру барысында Қазақстанның өнеркәсіптік дамуының негізгі кемшілігі оның шикізаттық бағыт алуы болды. Өңдеуші кәсіпорындар, машина жасау зауыттары болмады.

Өнеркәсіптік дамудың шикізатқа бағытталғандығы республикаға машиналар мен жабдықтарды, сондай-ақ жеңіл және тағам өнеркәсібі



Қарағанды көрінісі, 1937 ж.

өнімдерін тасып әкелуге соқтырды. Тек қана құралдар, техникалар ғана емес, сондай-ақ қазақстандық өнеркәсіп кәсіпорындары үшін мамандар, білікті жұмысшылар да басқа республикалардан әкелінді. Оларды бұл жерлерде «бесжылдық құрылыстарына» деп жұмылдырды. Өнеркәсіптік кәсіпорындарда фабрика-зауыттық оқушылық (ФЗО) мектептері ашылса да, өз жұмысшы мамандары жетіспеді. Құрылыста қамаудағылардың еңбегі қолданылды (ГУЛАГ лагерьялерін құру себептерінің бірі индустрияландыру үшін жұмыс қолдарының жетіспеушілігі болды).

Назар аударыңдар! Социалистік индустрияландыру: 1) барлық өндіріс құралдарын толықтай ортақтандыру (дәлірек айтқанда, мемлекеттендіру) және өндіріс пен жабдықтауға қажетті барлық қаржыны мемлекет қолына жинақтау негізінде; 2) директивалық жоспарлау мен республикаларды, салалар мен кәсіпорындарды, Орталықтың бұйрықтарына толықтай бағындыруды қосқанда, өте қатаң әміршілік әдістермен; 3) жұмысшылардың ерікті еңбегін ғана емес, сондай-ақ қамаудағылардың мәжбүрлі еңбегін де пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Экономиканы социалистік жаңғырту кезеңдері: соғысқа дейінгі кезең (алғашқы бесжылдықтар); 1941–1945 жылдардағы соғыс кезеңі; соғыстан кейінгі кезең; «хрущевтік жылымық» (1953–1964 ж.ж.); дамыған социалистік экономика кезеңі (1960–1980 ж.ж.) болып бөлінеді.

Соғыс уақытында елдің экономикасы бұрынғыдан да қатаң орталықтандырылды және соғыс жағдайына бейімделіп, қайта құрылды. Өнеркәсіп қорғаныстық өнімдер шығаруға көшірілді. Қазақстанда мұнай, сирек және түсті металдар өндіру шұғыл арттырылып, қара және түсті металлургия, отын-энергетикалық өнеркәсіп кәсіпорындарының өндірісі жеделдетілді. Майданға жақын аймақтардан эвакуацияланған зауыттар іске қосылды. Республикада эвакуацияланған кәсіпорындар негізінде машина жасау, құрылғылар жасау, қорғаныстық кәсіпорын, қара металлургия пайда болды.

Соғыс аяқталғаннан кейін социалистік экономика өзінің орталықтандырылған сипатын сақтады. Орталық жоспарлады, бұйрықтар берді, ресурстарды бөлді, жабдықтау мен өнім өткізуді ұйымдастырды. Қырғиқабақ соғыс жағдайларында экономика социалистік және капиталистік жүйелердің бақталасу саласы ретінде қарастырылды. Сондықтан қорғаныстық өнеркәсіп пен ауыр индустрия («А» тобы) басымдыққа ие болып қалды. Бұл кезде халық тұтынатын тауарлар өндірісі («Б» тобы) маңызды емес деп есептелді. Индустрияландыру мен соғыстың орасан ауыртпалығына шыдап берген кеңестік адамдар ұзақ жылдар бойы жартылай әскери режимде өмір сүруге тиіс болды. Халықтың, әсіресе ауыл халқының тұрмыс деңгейі төмендей берді.

Қазақстан әскери-қорғаныстық кешеннің маңызды буындарының біріне айналды. Республикада қорғаныстық өндіріс кеңінен өрістеп, 50-ге жуық әскери зауыт, әскери базалар, атомдық және зымырандық сынақ алаңдары, Байқоңыр ғарышайлағы орналастырылды.

КСРО басшылығына Н.С.Хрущевтің келуімен экономикалық бағыт бірқатар өзгерістерге ұшырады. Аграрлық салаға үлкен



Байқоңыр – әлемдегі ең ірі ғарышайлағы

қаржы салынып, тың игеру басталды. Ұжымшар жұмысшыларының үй жанындағы жеке шаруашылықтары үшін жеңілдіктер енгізілді, ауылшаруашылығының материалдық-техникалық базасы арттырылды, ұжымшарлардың өз тракторлары мен комбайндары пайда болды. Бұл іс-шаралар ауылшаруашылық өнімдерінің өсуіне мүмкіндік берді. Алайда бұл ретте өндірісті ұлғайтудың: техниканы арттыру, егістік аудандарының көлемін кеңейту сияқты экстенсивті түрлері пайдаланылды. Ойластырылмай жыртылған орасан көлемді жерлер топырақ эрозиясы мен далалардың шөлейттенуінің артуына өкелді.

Кеңес өкіметі қала мен ауылдың, өнеркәсіптік және ауылшаруашылық еңбектің арасындағы айырмашылықтарды жоюға ұмтылды. Ұжымшарларды кеңшарлар, ал ұжымшар еңбекшілерін ауылшаруашылық жұмысшылары етіп қайта құру науқаны басталды. Сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтар (олардың өнімділігі кеңшардікінен анағұрлым жоғары болды) ескінің сарқыншағы ретінде қарастырылды. Мемлекет тарапынан «жекелікке» жағымсыз көзқарас қалыптасты.

Өнеркәсіптік саясат «Американы қуып жетіп, басып озуда» ұмтылуымен анықталды. Өлшем үшін тұрмыс деңгейінің көрсеткіштері емес, «А тобы» салаларындағы жалпы өнім деңгейі алынды. Әрбір



№22 шахта. Қарағанды көмір бассейні,
1967 ж.

бесжылдық жоспар барлық салаларда өнімнің жалпы өсуінің нақты сандарын белгіледі. Өрбір бесжылдық индустрияның жаңа алыштары – зауыттардың, шахталардың, электрстансыларының, карьерлердің пайда болуымен «салтанатты атап өтілді». Қазақстанда Қарағанды және Екібастұз көмір алаптары, Теміртаудағы Қарағанды металлургиялық комбинаты үдетілген қарқындармен дамытылды. 1960 жылға қарай Қазақ КСР өнеркәсіп өнімінің жалпы көлемі 1940 жылмен салыстырғанда 732%-ды құрады.

Жаңа кәсіпорындар құрылысы келесі екі онжылдықта да жалғастырылды. Бұл ретте кәсіпорындар мен олардағы жұмысшылар санының өсуі өнімнің өсімінен айтарлықтай асып кетті (экономика дамуының экстенсивті сипаты сақталды). Қазақстан өнеркәсібі шикізатқа бағытталғандығы мен өндіріс құралдары өндірісінің («А» тобының) басым болуын сақтады. Республикада жоғары технологиялық, қорғаныстық емес өндірістер іс жүзінде болған жоқ. Халық тұтынатын тауарлар (жеңіл өнеркәсіп) өте аз шығарылды, оларды елдің басқа аймақтарынан тасып әкелуге тура келді.

1960 жылдары (Л.И.Брежнев пен А.Н.Косыгиннің, ҚазКСР-інде Д.А.Қонаевтың басшылығы кезінде) экономиканы реформалау әрекеті жасалды. Сегізінші бесжылдық жылдары (1966–1970 жж.) жоспарлы экономика енгізілген уақыттан бастап өсудің ең жоғарғы көрсеткіштеріне қол жеткізілді. Алайда бұдан кейін өсу қарқыны төмендеп, дағдарысқа ұласқан «тоқырау» басталды.

Социалистік экономиканың әлсіз жақтары. Өндіріс құралдарына толықтай мемлекеттік меншік пен әкімшіл-өміршіл экономиканың сақталуы кезінде әлеуметтік-экономикалық мәселелердің шешілуі мүмкін емес еді. Салалық министрліктердің құрылуы кәсіпорындардың дербестігін кеңейту және олардың арасындағы жарыс тетігін пайдалану әрекеттеріне қарамастан, бүкіл елде кәсіпорындар қызметіне бақылау жасаудың бұрынғыдан да қатаңдай түсуіне әкелді. КСРО экономикасына алыштыққа өуестену – ауыр өнеркәсіптің орасан зор кәсіпорындарын жасауға ұмтылу тән болды. Экономика тиімділігінің өлшемі жалпы өнім көрсеткіштерінің өсуі (олар көбінде жасанды түрде жоғары етіп көрсетілді) болды. Алайда жалпы көрсеткіштері өнімнің сұрыптары

мен түрлері туралы да, олардың сапасы, яғни еркін экономикада нарық реттейтін өлшемдерді («сұраныс ұсынысты туындатады») де ескерген жоқ. Нәтижесінде көптеген жоспарланған, бірақ керексіз өнімдер өндірілді. Ал керекті өнім сұрыптары мен түрлерінің тапшылығы орын алып, бұл оларды сырттан әкелуді талап етті. Тапшылық қорлар мен ресурстарды бөлудің орталықтандырылған жүйесінен және жоспарлы экономиканың өзінен туындады.

Назар аударыңдар! Алып «бесжылдық құрылыстары» аясындағы азық-түлік пен халық кеңінен тұтынатын тауарлардың тапшылығы жоспарлы экономика дағдарысының белгісі болды.

Ұжымшарлық-кеңшарлық жүйе де халықты азық-түлікпен, ал малшаруашылығын жемшөппен қамтамасыз ете алмады. Ұжымшарлар мен кеңшарлардың жартысынан астамы тиімсіз шаруашылықтар болды. Кеңестер Одағына астық пен басқа да азық-түлік өнімдерін импорттауға тура келді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстан социалистік экономикасы дамуының негізгі кезеңдерін атаңдар.
2. «Әкімшіл-әміршіл жүйе», «жоспарлы экономика», «өндіріс құралдары», «тұтыну құралдары», «экстенсивтілік» ұғымдарын түсіндіріңдер.
3. Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың негізгі белгілерін атаңдар.
4. Кеңестік кезеңдегі Қазақстанды индустрияландырудың оңды және жағымсыз жақтарын көрсетіңдер.
5. Қандай тауарлар А тобына, қандай тауарлар Б тобына жатады? КСРО-да тауарлардың қандай тобы басым болды? Неліктен?

Картамен жұмыс

Қосымша мәліметтерді пайдаланып картадан Қазақстандағы социалистік индустрияландырудың: 1) соғысқа дейінгі кезеңдегі (алғашқы бесжылдықтар); 2) 1950–1980 жылдардағы негізгі объектілерін табыңдар.

Кестемен жұмыс

«Қазақстанды индустрияландыру кезеңдері» кестесін толтырыңдар.

Индустрияландыру кезеңі	Негізгі құрылыстары
Соғысқа дейінгі кезең (алғашқы бесжылдықтар)	
Соғыстан кейінгі кезең	
“Хрущевтік жылымық” (1953–1964)	
«Дамыған социализм» кезеңі	

Үй тапсырмасы

КСРО-да халық кеңінен тұтынатын тауарлардың тапшылығы неден туындағанын анықтап, ойларыңды қорытып жазыңдар.

5.2. Қазақстанның XX ғасырдағы экономикалық дамуы: ауылшаруашылығының социалистік даму жолы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанды индустрияландыру және оның индустриялы-аграрлы республикаға айналуын оқып білеміз;
- Қазақстандағы социалистік жоспарлы экономика дамуының әртүрлі кезеңдерінің ерекшеліктерін талдаймыз;
- Қазақстандағы социалистік жаңғыртудың (экономика саласында) әлсіз жақтары туралы бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- экономикалық жүйе
- дәстүрлі (аграрлық) экономика
- жаңғырту
- индустрияландыру
- ұжымдастыру
- ұжымшар
- отырықшыландыру

Ресейді аграрлық дәуірден индустриялық дәуірге жетектеген жаңғырту XX ғасырдың бас кезінде әлі де аяқталмаған еді. 1917 жылдың қарсаңында Ресей әлі де аграрлы-индустриялық ел болып, халықтың басым бөлігін шаруалар құрады. Еркін нарықтық экономиканың, заманауи өнеркәсіп пен индустриялық қоғамның дамуына бөгет жасайтын самодержавиелік монархия мен басқа да кедергілер сақталды. Ресейдің Еуропаның дамыған елдерінен техникалық жағынан артта қалуы Бірінші дүниежүзілік соғыс барысында белгілі болды. Әскери сәтсіздіктер мен 1916

жылдың соңына қарай бүкіл елді қамтыған экономикалық дағдарыс 1917 жылы ақпан айында монархияны құлатуға өкелді. Елдің алдында капиталистік жаңғырту жолы ашылды. Алайда 1917 жылғы Қазан төңкерісі Ресейдің әлеуметтік-экономикалық дамуын басқа – социалистік жаңғырту жолына қарай бағыттады.

Қазан төңкерісі елді капиталистік жаңғыртудан бас тартты. Кеңестік Ресей (1922 жылдан КСРО) өзінің саяси және экономикалық жүйесін «капиталистік қоршаудан» қорғауға тиіс болғандықтан, ол өзінің әскери, техникалық және әлеуметтік әлеуетін өсіруге және дүниежүзіндегі жетекші елдер қатарына қосылуға тиіс болды. Осы себеппен Азамат соғысы аяқталғаннан және Жаңа экономикалық саясат (ЖЭС) кезіндегі қысқа үзілістен кейін Сталин экономикалық жүйеде социалистік жаңғыртудың басталғаны туралы мәлімдеді (1928). Ол индустрияландыруға (электр энергетикасы мен ауыр өнеркәсіпті дамытуға), ұжымдастыруға (ауылшаруашылығында жекеменшікті жоюға) және мәдени революцияға (бірінші кезекте индустрияландыруды білікті жұмысшы мамандарымен қамтамасыз етуге қабілетті білім беру реформасына) сүйенуі тиіс болды.

Бұл маңызды! Кеңестер Одағының аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өтуі социалистік жаңғырту жолымен жүргізілді.

Қазақстан социалистік жаңғырту қарсаңында. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде әлеуметтік-экономикалық салада орын алған кейбір өзгерістерге қарамастан, Қазақстан (1920 жылдан ҚАКСР) аграрлық ел болып қалды. Қазақстан экономикасында дәстүрлі (аграрлық) экономика: көшпелілік пен аз мөлшерде егіншілікпен айналысу сақталды. Натуралды шаруашылық шаруашылықтың нарықтық түрінен басым болды. Халық, өнеркәсіптік тауарларға қарағанда, үй кәсіпшіліктері мен қолөнер өнімдерін пайдалануын жалғастыра берді. Қалалану нашар жүріп, қоғамдық қатынастар дәстүрлі, патриархалдық болып қалды.

Анықтама! Дәстүрлі (аграрлық) экономика – бұл шектеулі қорларды пайдалануды дәстүрлер мен салттар анықтайтын экономикалық жүйе. Дәстүрлі экономика кезінде жер ортақ (қауымдық) иелікте болады, ал өндіріс мәселелері адамдар арасындағы дәстүрлі қатынастар негізінде шешіледі.

1920 жылдардағы ұжымшарға біріктіру қарсаңындағы қазақ ауылы сан мыңдаған малдары бар «көшпеліліктің алтын ғасырындағы» гүлденген ауылға да, ерте капиталистік дәуірдің нарық жағына қарай бейімделген жартылай отырықшы ауылға да ұқсаған жоқ. Жерді қоныс аударушылардың тартып алуы және әдеттегі тіршілікті қамтамасыз ету жүйесінің бұзылуы, жердің, жайылымдардың, суаттардың және т.б. жетіспеушілігі шаруашылықты нашарлатып жіберді. Сондай-ақ Бірінші дүниежүзілік соғыстың жағымсыз салдарлары, 1916 жылғы көтерілісті басып-жаншу мен Азамат соғысы, табиғи зілзалалар мен малдың қырылуы, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарындағы тиімсіз экономикалық саясат (азық-түлік салғырты, ауылшаруашылық өндірісіне бақылау) тіпті қиын жағдайға алып келді. Ауылшаруашылығына экономикалық және техникалық жағынан артта қалуы; жартылай натуралды сипатта болуы мен табиғи және ауа райы жағдайларына толықтай тәуелділігі; мүлктік жіктеліс пен кедейліктің өсуі; қауымды тастап, табық табу үшін қалаларға кетуге немесе батырақ болып жалдануға мәжбүр болған малсыз, жерсіз және мүліксіз адамдардың артуы; отырықшы болған жатақтарда ыңғайлы баспананың жоқтығы; жұқпалы аурулардың таралуы; аштық (әсіресе 1921–1922 жылдардағы) төн болды. ЖЭС, азық-түлік салғыртын азық-түлік салығымен алмастыру, 1920 жылдардың бірінші жартысындағы аграрлық реформалар бұл мәселелерді шеше алмады.

1921-1922 жылдардағы аштық қазақ халқының басына түскен аса ауыр нәубет. 1921-1922 жылдардағы ұзаққа созылған қарсыз қыс жауынсыз жазға ұласты. Қыста қардың, көктем мен жазда жауынның болмауы қатты құрғақшылықты, оның салдары ашаршылық нәубетін әкелді. Аштықпен бірге сүзек, тырысқақ, оба, дінгене және басқа аурулар да қатар келді. Жұқпалы аурулармен ауырған адамдардың саны республиканың емдеу мекемелерінің мүмкіндіктерінен әлдеқайда асып кетті. Аштық пен қайыршылық күй, эпидемия, ауруханалардың жетіспеуі, осының бәрі аурулар арасындағы өлімнің санын



Социалистік жаңғырту нәтижесінде Қазақстанда жұмысшылар саны күрт артты

көбейтіп жіберді. 1921 жылы аштықтың жайлап бара жатқанын айтып, дабыл қаққан газеттердің бірі – «Ақ жол» газеті. Оның беттерінде күнделікті аштыққа ұрынған қазақ жерлері туралы ақпарат, мәліметтер жарияланып тұрды. Мәселен мына бір ақпаратта былай келтірілді: «Торғай уезінде ауру көбейіп барады. Иесіз, иен қалған үйлер бар. Қыс ерте түсті. Жер мұз. Мал өліп жатыр. Қара мал ноябрь (1920 ж. – С.Н.) басынан-ақ қолға қарады. Елде пішен аз. Ет салығын ел беріп жатыр. Мал мен жанға ауыртпашылық бірдей түсіп, шаруа күйзеліп тұр».

Қазақстанда // Ақ жол. 1921. – 28 январь. – №19.

Назар аударыңдар! 1920 жылдардың екінші жартысынан бастап коммунистік нұсқаулардың ықпалында болған Кеңес өкіметі қазақ көшпелі қоғамының дәстүрлі экономикалық жүйесін қиратуға бағытталған іс-әрекеттерді жүргізе бастады.

Малдың қауымның жекелеген мүшелерінің (байлардың) қолына жинақталуына қарсы бағытталған іс-әрекеттер малдың көшіп-қону үшін оңтайлы мөлшерін жасауға бағытталған дәстүрлі реттеу тәсілдерін ескермеді. Олар ғасырлар бойы қалыптасқан бірлестік пен рулық өзара көмек дәстүрлерін есепке алған жоқ. Ірі бай шаруашылықтарын жою (1928) кедей көшпелілердің қажет болған жағдайда ешкімнен көмек ала алмауына әкелді. Ірі байлардың малын тәркілеу мен оларды жатақтарға бөліп беру кедейлерде көшіп-қону үшін қажетті мал санының пайда болуына әкелген жоқ. Нәтижесінде кедейлер алған малды сатып жіберді және азық етті. Сондай-ақ бай шаруашылықтарын жоюға байланысты байлардың малды кедейлерге бағуға беруі тоқтап, кедейлердің одан әрі кедейленуіне әкеп соқты. Дәулетті шаруашылықтардан малды тәркілеу науқаны барысында «орташа» шаруашылықтар соққыға ұшырап, олардың толықтай кедейленуі орын алды. Қазақ ауылына 1920 жылдардың соңындағы азық-түлік дайындау науқандары кезінде аса күшті өкімшілік зорлық-зомбылық жүргізілді.

Ресми құжаттарға қарағанда 1929-31 жылдар аралығында Қазақстанда 372 шаруалар көтерілісі болған. Бұл көтерілістерге 80 мыңдай адам қатысқан. Жоғарыдағы мәліметтер ресми орындарда істеген қызметкерлерден алынған. Бұл мәліметтер толық емес. Көтерілістер мен оған қатысқан адамдардың саны ресми мәліметтерден қарағанда әлдеқайда көп. Көптеген оқиғалар ресми тіркеуге алынбастан жабылған. Оның себебі, Кеңес үкіметіне қарсы көтерілгендер санының көп болуы, бұндай ішкі алауыздықтар Кеңес үкіметінің беделіне нұқсан келтіретін еді.

Көтерілістердің орын алуының бірден бір себебі Кеңес өкіметінің саясаты еді. Көтерілістердің басты себептерінің бірі, 1929 жылы қолға алынған күштеп колхоздастыру саясаты болды. Тек қана жер емес, халықтың малы да мемлекеттік меншікке алынды. Қолдарындағы малдары мен жерлері тартып алынып, қыстың ортасында ашаршылыққа ұрынған халық ашуға булықты. Осындай кейбір топтар колхоздарға қараңғы кештерде шабуыл жасап, халықты өлімнен арашалап алғысы келді. Кеңес үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы шыққандар «бандит» деп бағалады. Олардың талап-тілектері өкіншіке орай назарға алынбады. Кеңес үкіметі көтерілістерді күшпен жаншуды қолға алды. Көтерілістің нәтижесінде мыңдаған адамдар өлім жазасына кесіліп, көптеген адамдар түрмеге, айдауға т.б жазаларға тартылды. Халықтың көп бөлігі өз жерін тастап, басқа өлкелерге, шет елдерге көшті. Көш барысында мыңдаған адамдар қаза болды.

Социалистік жаңғырту. Қазақстандағы ұжымдастыру. КСРО-дағы ауылшаруашылығын ұжымдастыру индустрияландырудың басталуымен байланысты болды. Тұтыну қорын қысқарту арқылы ауыр өнеркәсіпке («өндіріске қажеттіні өндіру») салынатын қаржыны шұғыл арттыру басталды. 1928 жылдан бастап Қазақстанда ұжымдық шаруашылықтарды (ұжымшарларды) құруға бағытталған ұжымдастыру науқаны басталды. Алғашқы кездері ұжымшарларға тек кедейлер мен батырақтар ғана кірді. Алайда бұдан кейінгі қуғын-сүргіндік іс-шаралар орташаларды да ұжымшарларға кіруге мәжбүр етті. Барлық мүлік, ал малшаруашылық ұжымшарларында (ауылшаруашылық



Ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстан



1932–1933 жылдардағы Қазақстандағы ашаршылыққа ұшыраған қазақтар

артельдерінде) бүкіл мал ортақтастырылды. Ортақтастырылған мал ұжымшарлық-тауарлық деп аталған фермаларға жиналды. Бұл жерде малдың жинақталуы жемшөп және су қорының қамтамасыз ету мүмкіндіктерінен әлденеше есе асып кетті. Өте үлкен ұжымшар «фермаларына» жинақталған мал аштықтан қырылып қалды (бұл дайындау науқандары кезінде жиналған малға да қатысты болды). Ұжымдастыру нәтижесінде шаруашылықтардың негізгі бөлігі малдан толықтай айырылған, ауылдың өндіргіш күштері толықтай күйретілген болып шықты. Шаруашылықты күйретудің салдары 2 млн-ға жуық адамның өмірін қиған 1931–1933 жылдардағы аштық болды.

Қазақстанның көшпелі және жартылай көшпелі халқын күштеп отырықшыландыру әрекеті халықты үлкен қайғы-қасіретке душар етті. Олардың негізінде алып колхоздар ұйымдастырылды. Мал шаруашылығында нағыз жұт басталды. Мал басының саны 40,5 миллионнан 4,5 миллионға дейін кеміді. Әсіресе түйе, жылғы, қой шаруашылықтары көп шығынға ұшырады. Мұның нәтижесінде 1931-1933 жылдары республиканың 6,5 миллион халқының 2 миллионға жуығы қырылып қалды. Аштықтан, үкімет орындарының тарапынан болған қуғын-сүргіннен қашып, 1 миллион адам шет елдерге өтіп кетті.

Бұл маңызды! Ауылшаруашылығын ұжымдастыру дәстүрлі (аграрлық) экономика мен дәстүрлі қоғам арасындағы байланыстарына соққы болып тиді. Ол дәстүрлі құрылымдарды орталықтандырылған жүйенің тікелей әсерімен және төтенше мемлекеттік бақылаумен алмастырды.

Көшпелілерді отырықшылыққа көшіру. Күштеп және жеделдетте ұжымдастырудың апатты салдарлары көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды отырықшылыққа көшіру барысында өкімшілік озбырлықпен әлденеше есе шиеленістіріле түсті. Көшпелі және жартылай көшпелі шаруашылықтарды жаппай отырықшыландыру ұжымдастырумен қатар жүргізілді. Қазақ өлке-

лік комитетінің 1929 жылғы желтоқсандағы мәжіліс қаулысында «отырықшыландыруды қарқындату және отырықшыландырылған халықты шаруашылық жағынан нығайту саласындағы практикалық жұмыстардың барлық жоспарларын отырықшыландыруды барлық кедей-орташа шаруашылықтарын жүз пайыздық ұжымдастыру негізінде жүргізілетіндей есеппен құру» ұйғарылды. Кеңес өкіметі көшпелілерді отырықшылыққа көшіруді прогрестік іс-шара ретінде қарастырды, өйткені шаруашылық жүргізудің көшпелілік тәсілін ескі және барлық мәнінен айырылған деп санады. Кеңес өкіметі Қазақстанның далалық өңірін астық шаруашылығы үшін пайдаланудан үміттенді.

Кеңестік шенеуніктер орасан зор шөлейтті аймақты игерудің жалғыз тәсілі көшпелі малшаруашылығы екендігін ескермеді. Олардың ойластырылмаған және қатыгез іс-әрекеттерінің нәтижесінде дәстүрлі көшпелілер экономикасы мен көшпелі қауым толықтай күйреді және қазақтардың көшпелілік өркениеті өмір сүруін тоқтатты. Технологиялық тұрғыдан қарағанда, Қазақстанда 1930 жылдары жүргізілген отарлық-жайылымдық малшаруашылығы жартылай көшпелілікке ұқсағанымен де, қазақ қоғамын берік ететін дәстүрлі әлеуметтік байланыстар үзіліп қалды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, социалистік жаңғырту капиталистік жаңғыртудан несімен түбегейлі ерекшеленеді? Ал олардың арасындағы ұқсастық неде?
2. Социалистік жаңғыртудың негізгі үш бағытын атаңдар.
3. Кеңес өкіметінің теңгермешілік іс-әрекеттері неліктен ұжымшар құру қарсаңындағы қазақ ауылында кедейлер санының артуына әкелгенін түсіндіріңдер.
4. Ұжымдастыру аграрлық қоғамның дәстүрлі экономикалық жүйесін қалай қиратты?
5. 1932–1933 жылдардағы жаппай аштықтың себептерін атаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырмалар

Қалай ойлайсыңдар, өндірістің көшпелілік тәсілін жаңғырту жағдайында сақталып қалу мүмкіндігі болды ма? Өз жауаптарыңды дәлелдеңдер.

Кестемен жұмыс

«Капиталистік және социалистік жаңғырту»: қалай ойлайсыңдар, социалистік жаңғырту прогресшіл құбылыс болды ма? Өз жауаптарыңды дәлелдеп, кестені толтырыңдар.

Капиталистік жаңғырту	Социалистік жаңғырту
Еркін кәсіпкерлік пен нарықты дамыту	Жоспарлы экономика
Өнеркәсіптік төңкеріс, индустрияландыру	Индустрияландыру

Үй тапсырмасы

Отарлық-жайылымдық малшаруашылығын сақтау қазақтардың көшпелілік өркениетінің жойылуына неліктен бөгет жасай алмағандығын түсіндіріп, қысқаша шығарма жазыңдар.

6-тақырып. Қазақстан Республикасы экономикасының дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.1.3.3 Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдерін талдап, олардың ерекшеліктерін анықтау;
- 11.1.4.4 мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұнын зерттеу және Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық даму болашағын болжау.

6.1. Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңінде әлеуметтік-экономикалық жаңғыруы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан Республикасының тәуелсіздік кезеңіндегі экономикалық даму кезеңдерін оқимыз;
- нарықтық экономиканың орнығуын талдаймыз;
- Қазақстан Республикасы экономикалық дамуының жетістіктері мен мәселелері жайлы нақтылаймыз;
- Қазақстан экономикасының болашағы туралы білеміз.

Тірек сөздер:

- өтпелі экономика
- экономикалық дағдарыс
- нарықтық реформалар
- бағаларды ырықтандыру
- экономикалық жандану
- экономикалық өсу
- экономикалық даму

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму кезеңдері. Біздің елдің социалистік экономикадан еркін (либералды) экономикаға көшуі кезіндегі экономикалық дамуының бірнеше кезеңін бөліп көрсетуге болады: 1) 1990-жылдар; 2) 2000-жылдар (2008-жылғы дағдарысқа дейін); 3) 2010-жылдар.

Тәуелсіздіктің бірінші кезеңінде ел экономикасы өтпелі экономика сипатына ие болды. Елге бірнеше негізгі міндеттерді: кеңестік экономика ыдырауының әлеуметтік-экономикалық салдарларын жоюды; нарықтық реформалар мен әлеуметтік қайта құруларды жүргізуді; жаңа сауда серіктестерін іздестіру мен халықаралық нарыққа шығуды шешуге тура келді.

1991-жылы КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстан шаруашылық байланыстардың үзілуі мен нарықтық экономикаға өте шұғыл өтудің жағымсыз салдарларын басынан өткізді. Шикізат өндірісіне бағытталған экономика өзі құрамында болған бірыңғай экономикалық жүйенің күйреуінен қатты зардап шекті. Өндіріс деңгейі шұғыл құлдырап, көптеген кәсіпорындар тоқтап қалды. Жұмыссыздық артып, бағалар мен ақшаның құнсыздану қарқыны өсті, халықтың тұрмыс деңгейі төмендеді. 1990-жылдардың бас кезіндегі экономикалық дағдарыс объективтік себептерден: орталықтандырылған қаржыландырудың

тоқтатылуынан, КСРО-ның басқа республикаларындағы серіктестермен шаруашылық байланыстардың үзілуінен, жолға қойылған шикізаттық схемалардың бұзылуынан туындаған болатын. Қазақстан экономикасы өнім өткізу нарықтарынан айырылды және инерция бойынша шығарылған өнімнің көпшілік бөлігі керексіз болып қалды. 1990–1996 жылдары елдің ЖІӨ-сі екі есе азайды. Ауылшаруашылығында өндіріс көлемі екі есе азайды, ал ЖІӨ-дегі ауылшаруашылық үлесі 34-тен 8% -ға дейін қысқарды. Өсіресе мал шаруашылығындағы көрсеткіштер төмендеп кетті. Қазақстан адамдық даму көрсеткіші бойынша дүниежүзінде 54- орыннан 92-орынға дейін түсті. 1997 жылдың соңына қарай ҚР-ның сыртқы қарызы 5 млрд долларға жетті. Ескі экономиканың қирауымен бір мезгілде өндірістің көп бөлігінің ескіргені және техникалық деңгейі бойынша дүниежүзілік жаңа стандарттарға сәйкес келмейтіні (негізгі қорлардың тозуы 70% -ға дейін жетті) байқалды. Өте ауыр жағдайды экологиялық мәселелер де күрделендіре түсті (экологиялық зілзала аймақтарына Арал маңындағы аудандар мен бұрынғы Семей ядролық полигонына жапсарлас жатқан аудандардың бір бөлігі жатқызылды).

Бұл маңызды! 1990 жылдары Қазақстанда 2000 жылдардағы экономикалық алға жылжуға мүмкіндік жасаған нарықтық реформалар жүргізілді.

1997 жылдан бастап ЖІӨ өсе бастады және 2001 жылы экономикалық өсу 13,2% -ды құрады. Бетбұрыс тау-кен және отын-энергетикалық өнеркәсіпте (экспорттық салаларда) ғана емес, сондай-ақ жеңіл және тағам өнеркәсібінде, ауылшаруашылығында да орын алды. Экономикаға



1990 жылдардағы базар

салынатын инвестициялар ұлғайды. 2000 жылдары Қазақстанда энергия көздеріне (мұнай, газ) деген дүниежүзілік бағаның жоғарылығына байланысты экономикалық өрлеу байқалды. Мұнай мен газды экспорттаудан түскен кірістер Қазақстанға өндірісті, инфрақұрылымды, құрылыс пен әлеуметтік жобаларды инвестициялауға мүмкіндік берді. Бұл халықтың тұрмыс деңгейін көтерді. Бірақ 2008 жылдан кейін экономика өсуінің қарқыны төмендей бастады.

Нарықтық реформалар. Қазақстандағы нарықтық реформалар 1991–1993 жылдары бағаларды ырықтандырудан, жекеменшікті заңдастырудан, жекешелендіруден, Қазақстанның өз валютасы – теңгені енгізуден (1993 жылы 15 қарашада) басталды. Алғашқы кезеңде нарықтық реформалар қиындықпен жүрді. Бағаларды ырықтандырудың монетарлық әдісі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың күрт артуына әкелді. Қағаз ақшаның құнсыздануынан азық-түліктермен тікелей айырбас, яғни бартер қайта қалпына келді. Бастапқы жекешелендіру ретсіз және асығыс өткізіліп, қоғамның шұғыл әлеуметтік жіктелуіне және халық наразылығының өсуіне әкелді.

Нарықтық реформалардың транзиттік дәуірі деп аталатын екінші кезеңінде (1994–1998 жж.) негізгі өрекеттер макроэкономикалық тұрақтылыққа, нарықтық экономиканың заңнамалық базасын жасауға, шетел инвестицияларын кең көлемде тартуға, жекешелендірудің әлеуметтік салдарларын еңсеруге бағытталды. Нарықтық қайтақұрылымдау бұл кезеңде жүйелі сипат алды.

Назар аударыңдар! Экономиканы түбегейлі реформалау меншік қатынастарын түпкілікті өзгертумен, ақша-несиелік, салық-бюджеттік, сыртқы экономикалық, инвестициялық бағалық саясатты реформалаумен қатар жүргізілді.

1996 жылға қарай бөлшек сауда мен халыққа тұрмыстық қызмет көрсету жүйесі толықтай жекешелендірілді («кіші жекешелендіру» деп аталды). Алайда ҚР-ның барлық азаматтарын жекешелендіретін кәсіпорындардың акционерлік иелеріне айналдыра алатын инвестициялық купондардың көмегімен неғұрлым ірі кәсіпорындарды жаппай жекешелендіру сәтсіздікпен аяқталды. Нарықтық менеджмент, еркін капитал, коммерциялық банктер жоқ болғандықтан купондардың көпшілігі «күйіп кетті». Ауыр және энергетика өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарының көпшілігі ірі шетелдік капиталдың басқаруына берілді. Жекешелендірудің үшінші кезеңінде (1996–1998 жылдар) қалған мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру тек аукциондар мен тендерлік саудаларда ғана ақшалай төлемдер жасау негізінде жүзеге асырылды. Бұл инвестициялау мен Қазақстан экономикасын қаржылық оңалтудың басты бағытына айналды.

Құнсыздануды тоқтату мен макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету Қазақстан Ұлттық Банкі жүргізген қатаң ақша-несиелік саясаттың арқасында жүзеге асты. Ұлттық валюта тұрақтанды және нығайды. 1999 жылы дүниежүзілік қаржылық дағдарыстың аясында теңгенің құнсыздануы орын алды. Алайда Ұлттық Банкке қарыштап



Жекешелендіру реформасы

құнсыздануды болдырмаудың сәті түсті. Салықтық-бюджеттік салада оңды өзгерістер 1990 жылдардың ортасына қарай пайда болды. Бұл кезде Үкіметке төменгі бюджеттік тапшылықты ұстап тұрудың, салықтардың бюджетке келіп түсуін қамтамасыз етудің сәті түсті. Тұтастай алғанда, 1990 жылдардың соңына қарай ЖІӨ-нің, өнеркәсіптік өндірістің, инвестициялар, жалақы мен халық кірістері көлемдерінің өсуі байқалды.

2000 жылдардағы экономикалық жандану. Бұл кезеңде Қазақстан өтпелі кезең мәселелерінің көп бөлігін толықтай жойды. Нарықтық экономика тетігі толық қуатында жұмыс істей бастады. 2000–2007 жылдары елдің экономикалық өсу қарқыны жылына 10%-дан жоғары болды. 2007 жылы ЖІӨ көлемі 1990 жылмен салыстырғанда 154,1%-ды құрады (бұл ретте ЖІӨ құрамында ауылшаруашылық секторын қысқарту есебінен қызмет көрсету секторы айтарлықтай өсті). Өнеркәсіптік өндіріс көлемінде өндіруші салалардың үлесі бұл ретте 57%-ға жуықтады.

Экономикалық өсу мұнай мен газ кен орындарын игерумен және мұнай саласына байланысты өндірістік және инфрақұрылымдық базаны дамытумен байланысты болды. Мұнай мен газды өндіру ғана емес, сондай-ақ оларды сол сәттегі дүниежүзілік жоғары бағалар бойынша экспорттаудың да қарқынды өсуі байқалды. Бюджетке елеулі валюталық түсімдер үкіметке әлеуметтік бағдарламаларды, құрылыс, көлік, білім беру салаларын дамытуды инвестициялауға мүмкіндік берді. Бұл елдегі әлеуметтік шиеленісті бәсеңдетуге өкелді.

Қазақстан экономикасының заманауи мәселелері (2010 жылдар). Қорға сәйкес дамыту жылдам өсуді қамтамасыз етіп қана қоймай, экономикада сәйкессіздікті де тудырады. Қазақстан экономикасының кеңестік жылдары қалыптасқан шикізаттық бағыты тәуелсіздік жылдары тек арта түсті. Шикізат (мұнай, газ, қара және түсті металдар) үлесіне бүкіл қазақстандық экспорттың 4/5-і тиеді. Бұл Қазақстанды мұнай мен газға, энергия тасымалдаушыларға деген дүниежүзілік

бағаларға толықтай тәуелді етеді. 2008–2009 жылдардағы дүниежүзілік дағдарыстың нәтижесінде экономикалық көрсеткіштер 20–30% -ға төмендеді және доллармен салыстырғанда теңгенің бағамы да шамамен соншалықты түсті. Елге келетін шетелдік инвестициялар ағыны қысқарды. 2010 жылдары мұнай бағасы бірнеше рет құлдырап, бұл Қазақстан экономикасына, сондай-ақ әлеуметтік салаға да жағымсыз әсер етті (бағалардың өсуі, халықтық кіріс деңгейінің төмендеуі). Бұл ретте салалар мен өңірлер әлі де болса өзара жеткіліксіз байланыстырылды, ішкі нарық пен инфрақұрылым нашар дамыды. Қазақстан дүниежүзілік экономикаға жеткіліксіз кірікті. Мұнай-газдан басқа салалардың бәрінде негізгі қорлардың ескіруі жалғасуда; инновациялық технологиялар баяу енгізілуде. Орта және шағын кәсіпкерлік үлкен қиындықтарды бастан өткеруде.

Назар аударыңдар! Экономиканың шикізаттық бағыттылығы, энергия тасымалдаушыларға деген дүниежүзілік бағаларға елеулі бағыныштылық елде алдыңғы қатарлы жабдықтар мен технологиялардың жоқтығы Қазақстан экономикасын осал етеді.

Үкімет экономиканы сан салалы ету бойынша іс-шаралар қабылдап, өңдеуші өнеркәсіпті, жоғары технологиялық өнеркәсіпті, заманауи қызмет көрсету кәсіпкерлігі саласын қамтыған индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын бекітеді. Қазақстан дүниежүзінің дамыған 30 елінің қатарына кіруі үшін білім экономикасының өнімділігін арттыру және білім беру мен адам капиталына инвестицияларды арттыруы тиіс. Ел экономикалық өсуден (сандық өзгерістер) экономикалық дамуға (сапалық өзгерістер), яғни олар ЖІӨ-нің өсуіне ғана емес, сондай-ақ адамдардың тұрмыс деңгейін арттыруға да өкелетін өндірістегі, өнімдегі, көрсетілетін қызметтердегі, басқарудағы



Нұр-Сұлтандағы іскерлік орталық көрінісі

инновацияларға өтуі тиіс. Даму үдерісіндегі тиімділік көбінесе экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімділігімен атқарылады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстан Республикасының өлеуметтік-экономикалық даму кезеңдерін атаңдар.
2. 1990 жылдардың бірінші жартысындағы экономикалық дағдарыстың себептерін атаңдар.
3. Қазақстандағы нарықтық реформалардың негізгі бағыттарын атаңдар.
4. 2000 жылдардағы Қазақстан экономикасының жай-күйін көрсетіңдер. Сендер «экономикалық жандану» сөйлемін қалай түсінесіңдер?
5. 10-сынып материалын еске түсіріңдер. 2010 жылдары қабылданған Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағдарламаларын атаңдар.

Шағын топтарға арналған тапсырма

Стартап – бұл бұрынырақта ешқашан болмаған кәсіпкерлік. Стартаптың идеясы – жаңалығында: жаңа өнім немесе технологиялар. Өз стартабың үшін идея ойлап табыңдар!

Күрделілігі жоғары тапсырма

1. Қала мен ауыл экономикасыны салыстыру арқылы ондағы алшақтықты анықтаңдар. Болашақта ауылдың тұрмыс жағдайын қалалықтардың деңгейіне жеткізуге болады ма және ол үшін не істеу керек деген мәселе төңірегінде екі топқа бөлініп пікірталас жүргізіңдер.
2. Параграфтың соңғы азатжолында «білім экономикасы» айтылды. Қалай ойлайсыңдар, бұл дегеніміз не? Неліктен білім экономикалық даму үшін соншалықты маңызды? Заманауи әлемде өнеркәсіптің өсуі неліктен елдер арасындағы бәсекелестікте шешуші маңызға ие болудан қалды?

Зерттеушілік тапсырма


1. Өз өңірлеріңде (қаланда, ауылыңда немесе аудандарыңда) қандай өндіріс орындары бар екендігін анықтаңдар. Соған сәйкес оның болашағы туралы, оны дамытуға қандай жағдайлардың бар екендігіне сараптама жасаңдар. Ол жерде жұмыс істеу үшін қандай мамандықтарды таңдауға болатындығын, және ол өндірістерді дамыту үшін қандай шаралар атқару керектігі туралы топқа бөлініп сараптама жасаңдар.

Стефан Тулминнің дәлелдемелер (аргументтер) диаграммасына негізделіп Қазақстан экономикасының заманауи мәселелерін талдаңыз.

Деректер – дәлелдеу үшін пайдаланылатын фактілер немесе негіздемелер. Мәлімдеме – дәлелденуі тиіс пікір (тезис)

Растаулар-мәлімдемелер мен деректер арасында «көпір» болып қызмет ететін жалпы, гипотетикалық (әдетте – тұспалданатын) логикалық пікірлер. Ескертпелер – дәлелдер немесе тұжырымдардың күшін шектейтін және де дәлелдердің дұрыс болып шығуына жағдай жасайтын пікірлер. Жоққа шығару – басты дәлел өз күшін жойтын жағдайларды көрсететін қарсы аргументтер немесе тұжырымдар. Негіздеме – растауларды қамтамасыз ететін тұжырымдар, яғни, теріске шығарылатын мәселені дәлелдейтін емес, ол пікірдің дұрыс екендігінің растауларын дәлелдейтін аргументтер.

Факт: Шикізат (мұнай, газ, қара және түмті металдар) үлесіне бүкіл қазақстандық экспорттың 4/5-і тиеді.



2. Өз өңірлерінде қандай мамандық тапшылығы бар және оны толықтыру үшін қандай мамандықты игеруге болатыны туралы пікірталас өткізіндер.

Үй тапсырмасы

Бүгінгі күні Қазақстан экономикасының алдында қандай негізгі мәселелер тұр? Ойларыңды жазыңдар

III тарауға арналған тест тапсырмалары

- Индустрияландыру барысында Қазақстанның өнеркәсіптік дамуының негізгі кемшілігі:
 - өндірістік товар өндіру басымдылығы;
 - шикізаттық бағыттылығы;
 - жеңіл өнеркәсіптің басымдылығы;
 - ауыр өнеркәсіпке басымдылығы;
 - экспорттық товар шығару бағыттылығы.
- Қазақстанда 1950 жылдары қаржының ең көп бөлінген өнеркәсіп салалары:
 - автомобиль жасау;
 - тамақ өнеркәсібі;
 - ауыр өнеркәсіп;
 - жеңіл өнеркәсіп;
 - тоқыма өнеркәсібі.
- Социалистік индустрияландыруды жүзеге асыру жолдары:
 - барлық өндіріс құралдарын толықтай қоғамдастыру;
 - өнеркәсіп орындарын жекешелендіру;
 - директивалық жоспарлаудан бас тарту;
 - өнеркәсіпті соғыс жағдайынан бейбітшілік жағдайға көшіру.
- КСРО басшылығына Н.С. Хрущевтың келуімен экономикадағы өзгерістер:
 - аграрлық секторға үлкен инвестициялар бағытталды;
 - өнеркәсіп орындары жекешелендірілді;
 - халық тұтынатын тауарлар өндірісі дамыды;
 - жоспары экономика тиімсіз деп есептелді;
 - ұжымшарлар таратылды.
- Жоспарлы экономика дағдарысының симптомдары:
 - ауылшаруашылығының халықты қамтамасыз ете аламыз;
 - Ауыр өнеркәсібінің шығынды салаға айналуы;
 - Өнеркәсіптің тез қарқынмен дамуы;
 - ұжымшарлық-кеңшарлық жүйенің тиімсіздігі;
 - азық-түлік пен халық кеңінен тұтынатын тауарлардың тапшылығы.
- 1991–1993 жылдары Қазақстандағы нарықтық реформалардың негізгі іс-шаралары:
 - инфляцияға қарсы саясат, қаржылық тұрақтандыру, бағаларды ырықтандыру;
 - жекеменшікті заңдастыру, экспортқа бағдарланған өнеркәсіпті дамыту;

- C) бағаларды ырықтандыру, жекеменшікті заңдастыру, теңгені енгізу;
 - D) шетел капиталын тарту, қаржылық тұрақтандыру, зейнетақы реформалары;
 - E) экспортқа бағдарланған өнеркәсіпті және туризмды дамыту.
7. Елдің экономикалық өсуден (сандық өзгерістер) экономикалық дамуға (сапалық өзгерістер) өтіуі анықталады:
- A) өндірістегі, өнімдегі, көрсетілетін қызметтердегі, басқарудағы инновациялармен;
 - B) экспортқа бағдарланған өнеркәсіпті дамытумен;
 - C) ІЖӨ-нің сандық өсімімен;
 - D) шетел капиталын тарту, қаржылық тұрақтандыру, зейнетақы реформаларымен.

3-тараудың қорытындысы

Социалистік жаңғырту барысында Қазақстан жеделдетілген индустрияландыру кезеңінен өтті. 1930-жылдары ол өнеркәсіптік дамуының жоғары қарқыны бар республикалардың қатарында болды. Қазақстанда өнеркәсіптің өндіруші салалары (көмір, мұнай, сирек және түсті металдар) қарқынды дамыды. Қазақстанның өнеркәсіптік дамуының негізгі кемшіліктері оның шикізатқа бағытталғандығы мен өскери-өнеркәсіптік кешен өндірістерінің басымдығы болды. Индустрияландыру толықтай мемлекет меншікті орнату мен экономиканы орталықтандырылған басқару аясында орын алды. Экономикада жоспарлы сипат болды, оған халық тұтыну тауарларының тапшылығы мен олардан А тобы өнімінің басымдығы төн болды.

Индустриялық қоғамды жаңғыртусыз құру мүмкін емес. Кеңестер Одағының аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өтуі социалистік жаңғырту жолымен жүрді. Ауылшаруашылығындағы «социалистік құрылыс» реформалары: байлар шаруашылықтарын тәркілеудің, күштеп ұжымдастыру мен көшпелілерді жаппай отырықшылыққа көшірудің барысында қазақ көшпелілері қоғамының дәстүрлі жүйесі күйретілді. Мұның қайғылы салдары 1932–1933 жылдары 2 миллионнан астам адам өмірін өкеткен аштық болды. Кеңес өкіметінің ойластырылмаған және мейрімсіз іс-әрекеттерінің нәтижесінде қазақтардың көшпелілік өркениеті өзінің өмір сүруін тоқтатты.

Тәуелсіздіктің бірінші кезеңінде елдің экономикасында өтпелі экономиканың сипаты болды. 1990 жылдардың бас кезінде республика КСРО-ның ыдырауы мен республикааралық экономикалық байланыстардың үзлуінен туындаған экономикалық дағдарысты бастан өткізді. Бұдан кейін 2000 жылдардағы экономикалық алға ұмтылысты алдын ала анықтаған нарықтық реформалар (кәсіпорындарды жекешелендіру, қаржылық реформа және басқалар) жүргізілді. Экономикалық өсу көбінесе мұнай мен газ кен орындарын игерумен, мұнай саласымен байланысты өндірістік және инфрақұрылымдық базаны дамытумен, көмірсутектерге деген жоғары бағалармен байланысты болды. 2010 жылдардағы ел экономикасының басты мәселесі оның шикізатқа бағытталғандығы болып табылады.

ӨРКЕНИЕТ: ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ» БӨЛІМІНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақтардың тіршілік қарекетін қамтамасыз етуінің дәстүрлі жүйесі» бірінші тарауында Қазақстан халқының тіршілік қарекетін қамтамасыз ету жүйесін қалыптастыру мен дамытудағы табиғи-географиялық фактордың рөлі баяндалған, көшпелі малшаруашылығы мен егіншіліктің ерекшеліктері сипатталған, көшпелілердің дәстүрлі шаруашылық қызметінің жіктемесі берілген.

«Дала және қала: өзара әрекеттестігі және өзара әсері» екінші тарауы Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан қалаларының пайда болуы мен дамуы үшін Ұлы Жібек жолының маңызын түсіндіреді, Ұлы Жібек жолының Қазақстан аумағы арқылы өтетін бағдарлары туралы әңгімелейді және сауда-экономикалық қатынастар жүйесінде отырықшы және көшпелі халықтың экономикалық және мәдени өзара әрекеттестігі мен өзара ықпалы мәселелерін қарастырады.

«Қазіргі заманда Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық дамуы» үшінші тарауында ХХ ғасырда Қазақстанның өлеуметтік-экономикалық дамуының бағыттарын анықтаған факторлар аталады, олардың ерекшеліктерін айқындаумен Қазақстан Республикасы экономикасының даму кезеңдері сипатталады, Қазақстан Республикасы өлеуметтік-экономикалық даму перспективаларын болжамдау үшін мемлекеттік стратегиялар мен бағдарламалардың мазмұны қарастырылған.

Бөлім бойынша бақылау тапсырмалары

1. «Тіршілік қарқындылығын қамтамасыз ету жүйесі» дегеніміз не?
2. Көшпелілік экологиялық ортасының кез келген үш ерекшелігін атаңдар.
3. Көшпелі қазақтардың әлеуметтік құрылымын сипаттаңдар.
4. Малды бір көшпелі шаруашылыққа жинақтауға кедергі келтіретін табиғи және әлеуметтік факторларды атаңдар.
5. Көшпелі қазақтарда таралған негізгі қолөнерлерді атаңдар.
6. Қандай дереккөздерде түркілер мен қазақтар туралы этнографиялық материалдар бар?
7. Қандай еуропалық дереккөздерде қазақтар туралы этнографиялық мәліметтер бар?
8. Ұлы Жібек жолы не себепті құлдырады?
9. Оңтүстік Қазақстанның ортағасырлық қалаларында қандай қолөнерлер дамыды?
10. Қазақстанның қалалық және көшпелі халқы қандай тауарлармен айырбас жасады?
11. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде қазақ қоғамының қандай әлеуметтік тобы тауар-ақша қатынастары мен нарыққа неғұрлым көбірек тартылды?
12. Социалистік жаңғыртудың негізгі үш бағытын атаңдар.
13. Қандай тауарлар А тобына, қандай тауарлар Б тобына жатады? КСРО-да тауарлардың қандай тобы басым болды?
14. Қазақстандағы нарықтық реформалардың негізгі бағыттарын атаңдар.



бөлім

САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОЦЕСТЕР



YURU.KZ

IV тарау. ҚАЗАҚСТАНДА ПОЛИЭТНИКАЛЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

7-тақырып. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруі (XVIII ғасыр – XX ғасырдың басы)

Оқыту мақсаты:

- 11.2.1.1 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «аграрлық саясат», «көші-қон саясаты», «моноэтностық құрам» ұғымдарын пайдалану;
- 11.2.1.2 Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу

7.1. Қазақстанда славян диаспорасының қалыптасуы. Казактық және шаруалық отарлау

Бүгінгі сабақта:

- Ресей империясы қоныс аудару саясатының кезеңдерін оқып білеміз;
- Қазақстанды казактық отарлауын талдаймыз;
- Қазақстанды шаруалық отарлау және оның кезеңдері жайлы анықтаймыз;
- Ресей империясы қоныс аудару саясатының қорытындылары туралы бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- көші-қон саясаты
- казактық отарлау
- шаруалық отарлау
- аграрлық саясат
- столыпиндік реформалар
- этникалық топ
- полиэтникалық қоғам

Ресей империясының Қазақстан аумағындағы моноэтностық құрамы қоныс аударушылық саясатының нәтижесінде өзгеріп, XX ғасырдың басына қарай полиэтникалық қоғам (60-қа жуық этникалық топ) қалыптасып үлгерді. 1870 жылдардың басталуына дейін қоныс аударушылардың көп бөлігін казактар, ал бұл уақыттан кейін шаруалар құрады.

1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі Қазақ даласына славяндық халықтың қоныс аударуының бірнеше кезеңі бөліп көрсетіледі: ерікті қоныс аудару (XVI–XVII ғасырлар), казактық қоныс аудару (XVIII–XIX ғасырдың ортасы), шаруалық қоныс

аудару (1860 жылдар – XX ғасырдың бас кезі). Барлық кезеңдерде қоныс аудару тоқтамады және толықтырылып отырды. Мысалы, XVIII ғасырдың 60-жылдары Шығыс Қазақстанның орыс халқы Ресейдің орталық аудандарынан патша өкіметі мен шіркеудің қуғындауынан қашқан ескі ғұрыпшылармен толықты. Шаруалардың ерікті қоныс



Келімсек казактар

аударуы казактық отарлаудың барлық кезеңінде де тоқтаған жоқ. Өз кезегінде қоныс аударушылардың негізгі ағынын шаруалар құраған кезде казактардың келуі жалғасты.

Казактық отарлау. Қазақстанның батысындағы алғашқы казак қоныстары Жайық өзенінің жағалауларында XVI ғасырдың өзінде-ақ пайда болды. Бұл кезде Дон және Еділ казактарының тобы ноғайлардан бұл аумақты тартып алды және Жайық казактары деп атала бастады. 1591 жылдан бастап Орыс мемлекеті Жайық казактарын өзінің оңтүстік-шығыс шекараларын қорғау үшін пайдалана бастады. Олар XVII ғасырдың бірінші жартысында орыс патшасына бодандықты қабылдады. Алайда олар Жайық казактары патша өкіметінің олардағы өзін-өзі басқаруды жою әрекеттеріне қарсы көптеген толқулар мен көтерілістер жасады. Наразылық білдірген казактар Емельян Пугачев бастаған шаруалар соғысы (1773–1775 жж.) кезінде көтерілісшілердің негізгі күші болды. Көтеріліс басып-жаншылғаннан кейін Жайық өзенінің, казактық Жайық қалашығының аты – Орал болып өзгертілді. *Жайық казактары* ендігі жерде *Орал казактары* деп атала бастады.

Орынбор казак әскері XVIII ғасырдың ортасында құрылды және Жайық пен Сібір казак әскерлерінің арасындағы аумақты алып жатты. Әскердің этникалық құрамы біртекті болған жоқ: казактардың ішінде орыстардан бөлек көптеген украиндар, башқұрттар, татарлар, қалмақтар мен қазақтар болды. Көптеген казактар қазақша еркін сөйледі. Казактар мен қазақтардың арасында белсенді сауда айырбасы жүрді, қазақтар мен казактар бір-бірінен шаруашылық дағдыларын үйренді. Бұл уақытта олардың арасында жер үшін, казактардың қазақ жайылымдарын басып алуы, жылқыларын айдап өкетуінен қақтығыстар жиі болып тұрды.

XVIII–XIX ғасырдың бірінші жартысында Солтүстік және Шығыс Қазақстан аумағында көптеген қамалдар мен бекіністер пайда болып, олардан әскери-шекаралық желілер қалыптасты. Бұл бекіністердің негізгі халқы казактар мен солдаттар болды, бірақ ол жерлерге сондай-ақ мешандар, шенеуніктер, қолөнершілер мен саудагерлер де қоныстанды. XVII ғасырдағы қалалық казактар Сібір казактарының негізіне айналды. Олар XVIII ғасырда жаңадан құрылған шептерге қоныс аударды және шептік казактар деп атала бастады. Сібірлік шептік казак әскері 1808 жылы түпкілікті қалыптасып болды. Ол тұтқынға түскен поляктармен, орыс шаруаларымен толықты. Казактар әскери қызметтен бөлек, егіншілікпен және балық аулаумен, сондай-ақ Омбы, Петропавл, Семей мен Өскемен қалаларында саудамен айналысты. Казактарға жер үлестерін беру XIX ғасырдың екінші жартысында күшейді. Сібір казактары кейіннен қалалар болып өскен көптеген станицалардың (Қарқаралы, Щучинск) негізін қалады.

1867 жылы Сібір казак әскерінің екі полктік округінен өз ата-маны бар *Жетісу казак әскері* бөлініп шығып, Жетісуды казактық отарлау басталды. Қапал және Лепсі станицаларының, Верный қаласында Жетісу казактарының астанасына айналған Үлкен және Кіші станицалардың негізі қаланды. Оралдық, орынборлық, сібірлік және жетісулық казактар Ресей империясының шегараларында әскери қызмет атқарды және орыс әскерінің әскери жорықтарына қатысты.

Шаруалық отарлау. 1860 жылдардың екінші жартысынан бастап Ресейден Қазақстанға шаруалар жиірек қоныс аударып бастады. 1868 жылы Жетісу облысының губернаторы Г.Колпаковскийдің бастамасы бойынша «Жетісу облысына шаруалардың қоныс аударуы туралы

уақытша ережелер» әзірленді. Жетісуға қоныс аударушылардың ерекше үлкен толқыны келе бастады. 1868 жылдан бастап 1880 жылға дейін бұл жерге 3324 шаруа отбасы қоныс аударды. 1885 жылы «Жетісу облысының отырықшы халқын жерге орналастыру туралы ережелер», ал 1886 жылы «Ереже» бекітілді, олармен қоныс аударушыларды Түркістан өлкесінде орналастыру ережелері белгіленді.

Орыс және украин шаруаларын Қазақстанның барлық облыстарына дерлік жоспарлы қоныс аудару XIX ғасырдың соңында басталды.



Орал казактары


Патша өкіметі өз бетінше қоныс аударушылыққа ұйымдастырылған сипат берді. 1889 жылдан бастап Қазақстанға қоныс аударуға ресми түрде рұқсат етілді. Жетісу, Ақмола және Семей облыстарында қоныс аударатын аудандары белгіленді. 1891–1892 жылдары шаруаларды қоныс аудару үшін тағайындалған облыстарға Торғай және Орал облыстары қосылды.

Бұл маңызды! Өлкені қазақтық және шаруалық отарлау нәтижесінде Қазақстанның «моноэтностық құрамы» өзгеріп, халқының полиэтникалық құрамы қалыптаса бастады. Осылайша, жергілікті халықтың меншікті үлесінің қысқаруы мен еуропалық халық санының өсуі орын алды.

Қазақстанды шаруалық отарлау стольшиндік реформалар жылдарында күшейді. Бұл кезде Ресейдің орталық губернияларынан шаруалардың елдің шығысына қарай қоныс аударуы жаппай сипатқа ие болды. Стольшиндік реформаның нәтижесінде көшпелі қазақтардан жерді (мемлекеттік меншік болып есептелетін) алу үдерісі қарқын алды. 1914 жылға қарай казактар мен қоныс аударушы шаруалар үшін жалпы жер ауданының 20%-ы алынды. Осылайша, қоныс аударушыларды жерге орналастыру тұрақсыздық тудырушы фактор болып шықты. Пайдаланылатын жерлерді келімсектер үшін тартып алу жерді пайдаланудың дәстүрлі жүйесінің және көшіп-қону тәртібінің бұзылуына, сондай-ақ этникалық қауымдардың орнығып қалған өзара қатынастарының нашарлауына әкелді.

1914 жылға қарай Қазақстанға қоныстанған еуропалықтардың жалпы саны бір жарым миллионға жуықтады. Қоныс аударушылардың негізгі бөлігін Еуропалық Ресейдің Полтава, Самара, Чернигов, Тобольск, Пермь, Саратов, Пенза, Воронеж, Астрахан және Қазан губернияларынан келгендер құрады. Ресей империясының Қазақстан аумағындағы

Қоныс аудару саясатының нәтижесінде 1897 жылғы (I-Бүкілресейлік санақ бойынша) қазақ өлкесіндегі халықтардың пайыздық көрсеткіштері



*Первая всеобщая перепись населения Российской империи 1897. изв. центр. Стат. комитетом м-ва вн. дел; под ред. Н.А. Троицкого 1897–1905 г.



XIX ғ. соңы — XX ғ. басындағы Қазақстан

қоныс аудару саясатының нәтижесінде халықтың полиэтникалық және поликонфессиялық құрылымы қалыптасты.

Назар аударыңдар! XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстан халқының түркілік (негізінен, қазақтар) және славян халықтары басым болған полиэтникалық құрылымының негіздері қаланды. Конфессиялық жағынан бұл халық негізінен мұсылмандық (сүнниттік) пен христиандық-православиелікке бөлінді.

Қазақтар Ақмола облысынан басқа Қазақстанның барлық аумағында көпшілікті құрады. Одан кейінгі орынды орыс және украин қоныс аударушылары иеленді. Қазақтар (және басқа түркітілдес этникалық топтар) оңтүстікте, орыстар мен басқа да еуропалық этникалық топтар Қазақстанның солтүстігі мен шығысында қоныстанды.

Қоныс аударушылардың әлеуметтік құрылымында шаруалар басым болды, алайда сондай-ақ мешандар мен қызмет адамдары (әскерилер, шенеуніктер) де кездесті.

Бұл маңызды! Мұсылман қазақтар мен православиелік шаруалардың арасындағы этномәдени айырмашылықтарды «жер мәселесі» ауырлата түсті және белгілі бір дәрежеде этникалық қауымдар арасында жасырын жанжалдың орын алуына соқтырды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстан халқының моноэтникалық құрамының өзгеруін қандай кезеңдерге бөлуге болады?
2. «Полиэтникалық қоғам» дегенді қалай түсінесіңдер?
3. Славян халқының Қазақ даласы аумағына қоныс аударулары XVI ғасырдағы қандай әскери-саяси оқиғалардың нәтижесінде басталды?
4. Қазақстанда шаруалық отарлау қай уақыттан бастап жаппай отарлауға айналды? Неліктен нақ осы уақыттан бастап?
5. Ресей империясының қоныс аудару саясатының Қазақстан демографиясы үшін қандай салдарлары болды?

Күрделілігі жоғары тапсырма

Сендер «этномәдени айырмашылықтар» терминін қалай түсінесіңдер? Бұл параграфта өңгіме қандай этномәдени айырмашылықтар туралы болуы мүмкін? XX ғасырдың бас кезіндегі қандай тарихи оқиғалар қауымдар арасында жасырын жанжалдың орын алуын көрсетеді?

Үй тапсырмасы

Кескін картада: 1) Орал, Сібір және Жетісу казак әскерлерінің орналасуын; 2) параграфта еске алынған қалаларды; 3) Қазақстандағы шаруалық отарлаудың негізгі облыстарын белгілеңдер.

7.2. Қазақстандық қалалардың полиэтникалық құрамының қалыптасуы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезі)

Бүгінгі сабақта:

- XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақстандық қалалардың еуропалық халқы жайлы оқимыз;
- қалаларға ішкі көшудің артуы мен қалалық қазақтар санының өсуін талдаймыз;
- әртүрлі этникалық топ адамдарының экономикалық өзара ықпалдастығы мен мәдени жақындасуын бағалаймыз.

Қалалардың еуропалық тұрғындары. Солтүстік-Батыс, Шығыс және Орталық Қазақстандағы өсіп келе жатқан қалалардың халқы полиэтникалық болды. Оның негізін орыстар құраса да, қалалар мен шағын қалалық мекендерде сондай-ақ украиндер, поляктар, немістер, татарлар мен басқа да этникалық топтар да тұрды. XIX ғасырдың бас кезіне қарай көпшілігі ауылдық қоныстарға айналған оңтүстікқазақстандық қалалардан айырмашылығы – өлкені Ресей империясының отарлауы барысында пайда болған қалалар тұрақты өсіп отырды. Бастапқыда олар бекінген әскери қоныстар (қорған, форт) болды және негізгі тұрғындары мемлекеттік қызметтегі әскерилер мен

Тірек сөздер:

- әлеуметтік құрам
- этникалық құрам
- полиэтникалық құрам
- әкімшілік мәртебе
- экономикалық өзара әрекеттестік
- урбандалу
- ішкі көші-қон
- жатақ
- паупер

шенеуніктер еді. Қалаларға әскери бөлімдер орналастырылды. Қазақ даласының, одан кейін Орта Азияның (Түркістанның) Ресейге қосылуы саяси-әкімшілік, экономикалық және мәдени маңызының өсуіне орай «орыс» қалалары мәртебелерінің өзгеруімен қатар жүрді.

1867–1868 жылдардағы реформа бойынша сол кездегі Қазақстан шектерінде орналасқан бес қала – Орынбор, Омбы (бұл жерде Далалық өлке губернаторының резиденциясы орналасты), Семей, Орал мен Верный облыстық орталықтарға айналды. Жаңа әкімшілік мәртебе шенеуніктер мен ұсақ қызметшілер санының өсуіне, сондай-ақ жалпы-экономикалық жандануға әкелді. Қалалар отырықшы және көшпелі халықтың өзара байланысының орталықтарына айнала бастады (бұл туралы бұрынырақта Орынбор мысалында айтылғанын еске түсіріңдер). Ірі өзендер жағасында орналасып, тасымал жолы қызметін атқарған қалаларда малмен және малшаруашылығы өнімдерімен сауда жүргізілді. Өнімдер бұл жерден империяның басқа аймақтарына шығарылды. Сондықтан қалалардың тұрғылықты халқының арасында саудагерлер (кәпестер) сословиесі үздіксіз өсті, ол офицерлер мен жоғары шенді шенеуніктермен қатар, қаланың дәулетті топтарын құрады.

Қала халқының арасында саяси жер аударылғандар: 1863 жылғы поляк көтерілісіне қатысқандар, халық еріктілері, социал-демократтар өмір сүрді. Мысалы, 1863 жылғы мәліметтер бойынша Семей облысында 122 адам, Жетісу өлкесінде 100 адам, Петропавлда 69 адам жер аудару мерзімдерін өтеді. 1854–1859 жылдары Семейде жер аударылған



Орынбор (XIX ғ.). Карл Фишер фотосуреті



Орал қаласы (1914 ж.)

орыстың ұлы жазушысы Ф.М.Достоевский тұрған. Орынборда талантты ақын А.Плещеев жер аудару мерзімін қатардағы солдат болып өтеді. Саяси жер аударылғандармен қарым-қатынас қазақ зиялыларына (Ш.Уәлиханов, А.Құнанбайұлы) үлкен ықпал етті.

Назар аударыңдар! Саяси жер аударылғандардың басым бөлігі әртүрлі зиялы қауым өкілдері болды. Бұл қазақстандық қалалардың этникалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік құрамына да әртүрлілік енгізді.

XIX ғасырдың екінші жартысында қалалықтар санының өсуі, сауда-өнеркәсіппен айналысушы – славяндардың және аздап татарлар мен мордвалардың қоныс аударуы арқылы жүрді (Солтүстік-Батыс Қазақстанда). Қазақтардың қоныстары ретінде пайда болған қалалардың негізін қалаушылар қазақтар болғанымен де, олар XIX ғасырдың соңына қарай көпшілікті құраған жоқ. Қазақтар егіншілікпен¹, малшаруашылығымен, балық аулаумен және әртүрлі кәсіпшіліктермен айналысты. Олар сауда мен өнеркәсіпке азырақ араласты. Тек Сібір қазақтары Орал және Жетісу қазақтарына қарағанда саудамен жиірек айналысты. Сондықтан сауда-өнеркәсіптің дамуы үшін басқа қалалықтарды (казак еместерді) тарту қажеттілігі туындаған.

Әртүрлі этникалық топтар мен конфессиялар өкілдерінің мәдени саладағы өзара ықпалдастығы. «Басқа қалалықтардың» келу мөлшеріне қарай қалалардағы конфессиялық жағдай да өзгерді. Мысалы,

¹ Дәулетті қазақтар өздеріне тиесілі үлкен жер үлестерін өңдеу үшін, өдетте, кедей қазақтарды жалдады.

Оралда бастапқыда бірсенімдегі шіркеу¹ басым болды, оған Жайық казактарының көпшілігі кірді. Ал «басқа қалалықтардың» пайда болуы православие дініндегілердің санын айтарлықтай арттырды. Бұл кезде Петропавл, Семей және Қапал сияқты қалаларда татар көпестері санының өсуі оларда мұсылман дінінің рөлін күшейтті. Осылайша, қалалардың мәдени келбеті әлеуметтік-экономикалық үдерістерге байланысты өзгерді.

Назар аударыңдар! Экономикалық жағынан өзара әрекеттесе отырып, орыстар мен қазақтар бір-бірінің тілімен және дәстүрлерімен танысты.

Сол уақытта Қазақстандағы көптеген орыстар қазақ тілін меңгерді, суармалы егіншілік пен отарлық малшаруашылығының дағдыларын үйренді, жергілікті салттар мен әдеттерін қабылдады (мысалы, қой мен жылқы етін, қой сүтінен жасалған сүт өнімдері мен қымызды тұтынды; қазақ шапандары мен шолақ тондарын киді). Іскерлік қарым-қатынаста өзара түсіністікті жеңілдететін «тамыр» болу көбейді.

Назар аударыңдар! Сол уақыт үшін дін саласындағы жоғары төзімділік те тән болды. Мысалы, казактар қазақ қыздарына үйленіп қана қойған жоқ, сондай-ақ православиеге өтуін талап етпестен қызметке мұсылмандар мен басқа дін өкілдерін қабылдады.

Өлкені отарлау сауатты мамандар мен аудармашылар санының өсуін талап етті. Қалаларда бастапқыда қалалардың еуропалық халқына арналған бастауыш мектептер мен гимназиялар ашылды. Бұл мектептердің мұғалімдері қалалық зиялы қауымның өкілдері болды. 1880 жылдардан бастап қазақ балаларын оқытуға арналған пансиондары бар бастауыш мектептер ашыла бастады. Бұл мектептердегі қазақ балаларының саны біртіндеп өсті. Орыс тілін меңгеріп, қалалық мектептерде білім алған қазақ жастары бұдан кейін оқуларын Ресей жоғары оқу орындарында (Қазан, Мәскеу, Петербор) жалғастыру мүмкіндігіне ие болды.

Сондай-ақ бұл уақытта қазақтардың басым көпшілігі орыс тілін меңгермеген еді және орыс халқымен аудармашылар мен тілмаштар арқылы сөйлесті.

Қалалық қазақтар санының өсуі. Қазақстанда ұсақ өнеркәсіптің (бөрінен бұрын ауылшаруашылық шикізатын өңдейтін кәсіпорындар) және XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде теміржолдардың дамуы облыстық және уездік қалалардың өсуін жеделдетті. Енді қала халқының өсімі, негізінен, Ресейдің Еуропалық бөлігі мен Сібірден²

¹ Ескі гүрыштық бағыттардың бірі.

² Бұл кезеңдегі қоныс аударушылық саясат шаруаларды қоныс аударуға және селолық егіншілік қоныстарын көптеп құруға бағытталған болатын.



Омбы қаласы, 1884 ж.

келген қоныс аударушылардың есебінен емес, ішкі көші-қондардың есебінен жүзеге асырылды.

Бұл маңызды! XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы урбандалу, негізінен, ішкі көші-қондар есебінен жүрді.

XIX ғасырдың соңынан бастап қалалықтардың құрамында қазақтардың үлесі артты. Қалаға тек кедейленген шаруалар (орыстар мен украиндер) ғана емес, сондай-ақ малынан айырылып, отырықшылық тұрмыс-салтына көшуге мәжбүр болған жатақтар да жиірек келе бастады. Кедейленген шаруалар мен жатақтар қаладағы кез келген жұмысқа келісті. Олар өнеркәсіптік және әскери кәсіпорындарда және кәсіпшіліктерде (кірешілік кәсібі¹, тұз тасымалдау және басқалар) жұмыс істеді, жүкшілер, приказ жұмысшылары, тасымалдаушылар, ұсақ саудагерлер (қазақша алыпсатарлар) болды. Мұнымен бірге қазақтың ірі байлары мен саудагерлері де қалаларға үйлер салғызып, қоныстана бастады.

Павлодар, Гурьев, Өскемен, Ақтөбе сияқты қалалар да тез өсті. Бұл қалалардың көпшілігінде еуропалық халық басым болды. Алайда қазақтар халықтың жартысына жуығын құраған қалалар (Бірғыз, Қарқаралы) да болды.

¹ Пошталық және жеңіл кірешілік қазақтарға тиесілі болды, бірақ қазақтар кірешілер мен көшірлер ретінде қазақтарды жақтады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Орта ғасырларда Қазақстандағы қалалық өмірдің орталығы қай жерде орналасқандығын еске түсіріңдер. Бұрынғы қалалық орталықтар неліктен құлдырап кетті?
2. XVII–XIX ғасырларда пайда болған Қазақстан қалалары қандай бағытта эволюцияға ұшырағандығын өңгімелеңдер.
3. Жаңа замандағы қазақстандық қалалардың әлеуметтік және этникалық құрамы өзара қалай байланысты болғандығын түсіндіріңдер.
4. Революцияға дейінгі кезеңде қазақстандық қалалардың еуропалық халқының көбею арналарын атаңдар.
5. XIX–XX ғасырлар шебінде қалалардағы қазақтар санының өсу себептерін түсіндіріңдер.

Шағын топтарға арналған тапсырма

Өз (немесе өздеріңе ең жақын) қалаларыңның XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезіндегі экономикалық дамуы мен оның әлеуметтік және этникалық құрамы туралы өңгіме немесе таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Өлкетанулық немесе өзге де қосымша әдебиетті пайдалана отырып, XIX–XX ғасырдың бас кезінде қазақстандық ірі қалалардың біріндегі әлеуметтік және этникалық құрамындағы өзгерістерге талдау жасаңдар.

Үй тапсырмасы

Кескін картаға параграфта аталған қалаларды белгілеңдер.

7.3. Қазақстанда ұйғыр және дүнген диаспораларының қалыптасуы

Бүгінгі сабақта:

- ұйғырлар мен дүңғандардың Жетісуға қоныс аударуының алдында болған тарихи оқиғаларды бағалаймыз;
- 1881 жылғы Петербург шарты және ұйғырлар мен дүңғандардың қоныс аударуы жайлы анықтаймыз;
- революцияға дейінгі кезеңдегі Жетісудағы ұйғырлар мен дүңғандар туралы анықтаймыз;
- КСРО-дағы ұйғырлар мен дүңғандар туралы білеміз.

Тірек сөздер:

- Шығыс Түркістан
- Іле өлкесі
- Цин империясы
- Ресей империясы
- Ұйғырлар
- Дүнгендер
- ерікті көші-қон
- суармалы егіншілік

Ұйғырлар мен дүнгендердің Жетісуға қоныс аударуы қарсаңындағы тарихи оқиғалар. 1897 жылғы халық санағы бойынша Қазақстан аумағында (Жетісу облысында) 55 мыңдай тараншы (ұйғырлардың ескі аты) мен 15 мың дүнген (Қытай мұсылмандары) тұрды. Олар Жетісуда Шығыс Түркістанда ұлт-азаттық көтеріліс басып-жанышталғаннан кейін Іле өлкесінен ерікті қоныс аудару нәтижесінде пайда болды. Ганьсу және Шэньси провинцияларынан шыққан дүнгендер 1864 жылы Цин империясының¹ билігіне қарсы

¹ Маньчжурлық Цинь әулеті Қытайда 1644 жылдан бастап 1912 жылға дейін билік жүргізді.

бастаған көтерілісіне Батыс Қытайдың барлық мұсылмандары, бөрінен бұрын ұйғырлар қатысты.

Патша үкіметі Батыс Қытайдағы көтерілісті жаңа аумақтық басқыншылық үшін пайдаланып қалуға шешім қабылдады. Бірнеше мың қазақтың Құлжаға көшу әрекеті (1870) әскери жорық үшін сылтауға айналды. Тараншы хандығының аумағына кірген орыс әскері Жетісу әскери генерал-губернаторы Г.Колпаковскийдің басшылығымен хан әскерін бірнеше рет жеңіліске ұшыратты. Бұдан кейін хан өз астанасын ұрыссыз берді. Осылайша, 1871 жылы Іле өлкесін орыс әскерлері басып алды және Жетісудың құрамына Ресей империясының өкімшілік бірлігі ретінде кірді.

1881 жылғы Санкт-Петербург шарты және ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы. 1877 жылы дүнген-ұйғыр көтерілісін Цин армиясы басып-жаныштады және жазалаудан қашып, көтеріліс басшысы Бай Янь-ху бастаған дүнгендердің үлкен тобы Жетісу аумағына шегінді, бұл жерде ол Тоқмақтан солтүстікке қарай – Шу өзенінің жағалауынан пана тапты.

Назар аударыңдар! Дүнгендер (өз атауы – хуэйхуэй) – көптеген ғасырлар бойы ханафиттік бағыттағы исламды ұстанған қытайлар (ханьдықтар). Олар араб-парсы жазуын қытай тілінде жазуға бейімдеді, Қытайда көптеген мешіттер мен медреселер салды. XVII – XIX ғасырларда Шығыс Түркістан тарапынан оларда сопылық ілім таралды. Дүнгендер өздерінің діни тәлімгерлері басшылығымен Цин үкіметіне қарсы көптеген көтеріліске шыққан. Тілі және мәдениеті бойынша қытайларға жақын дүнгендер айқын этно-діни сана-сезімі бар жеке этникалық топты құрайды.

Іле өлкесін он жыл әскери жаулап алуына қарамастан, Ресейге онда бекіп қалудың сәті түспеді. 1881 жылы Ресей және Цин империяларының арасында Іле өлкесін Қытайға беру туралы Санкт-Петербург шартына (бұл Ресей империясының бұрынырақ жаулап алған аумақтарын бірлі-жарым қайтару оқиғаларының бірі болды) қол қойылды. Бұл шарт бойынша өлкенің мұсылман халқы бодандық пен тұратын жерін таңдау құқығын алды. Цин өкімет орындарының тарапынан болатын қуғын-сүргіндерден қауіптеніп (қауіптері негізсіз емес еді, өйткені Қытайдың Шэньси провинциясында дүнгендердің көтерілістері аяусыз басып-жанышталған болатын), Іле өлкесінің ұйғырлары мен дүнгендерінің бірқатары ресейлік бодандықты қабылдауға шешім қабылдады. Олар 1881–1883 жылдары қоныс аударды. Көлемі мен қолайлылығы жағынан өздері көшкен жерлерден айтарлықтай төмен екендігіне қарамастан, олар үшін Жетісу облысының шығыс бөлігіндегі жерлерге тұтастай ауылдарымен келіп қоныстанды. 1884 жылдың бас кезіне қарай Жетісуда Верный, Жаркент және Пішпек уездерінде 5 жаңа болысқа біріктірілген ұйғырлардың 9572 отбасы (45373 адам)



Іле ұйғырлары (1870 ж.)

мен дүнгендердің 1147 отбасы (4682 адам) болды. Жаңадан құрылған болыстардың басына Іле өлкесінің өзінде-ақ сайланған болыстық басқарушылар қойылды. Ақсақалдар (старшиналар), қазылар (судьялар), онбасылар (десятниктер) да өздерінің бұрынғы лауазымдарында қалды.

Бұл маңызды! Жетісуға қоныс аудару Қытай мұсылмандары – ұйғырлар мен дүнгендер үшін маңызды оқиға болды. Олар Батыс Түркістанда өздерінің екінші отанына ие болды. Қазақтар мен қырғыздардың ортақ діндегі қоныс аударушыларға деген достық қарым-қатынасы, оларға орналасу және ауылдар салу үшін жер беру әртүрлі этникалық топтардың арасындағы достық пен өзара түсіністіктің кепіліне айналды.

Ұйғырлар мен дүнгендер Жетісуда. Ұйғырлар мен дүнгендердің қоныс аударуы нәтижесінде Жетісу облысының отырықшы-егінші халқының саны екі есе артты. Ұйғырлар Шығыс Жетісу жерлеріне, ал дүнгендер Оңтүстік-Батыс Жетісудағы Шу өзенінің бойына қоныстанды. Ұйғырлар мен дүнгендер біртіндеп өз қоныстарын, мешіттерін салды,



Жетісу дүңгандары

қолөнер өндірісі мен сауданы жолға қойды. Бірақ олардың негізгі кәсібі егіншілік болды. Ұйғырлар мен дүнгендер суармалы егіншілікті қолданды («тараншы» сөзінің өзі тары сөзінен шыққан, «шаруа», «егінші» деген мағынаны білдірді). Олар астық, күріш, түрлі көгөністер мен жемістер өсірді. Жаңа жерге қоныс аударушылар біртіндеп өздерінің жеке мұқтаждықтарын қамтамасыз ету үшін ғана емес, сондай-ақ сату үшін де егіншілік өнімдерін өндіруді жолға қойды. Кейінірек ұйғырлар саудада, ал дүнгендер кірешілік кәсіпшілік пен тамақтану орындарын (асхана) ашуда табысқа жетсе де,

ұйғырлар мен дүнгендерде малшаруашылығы мен кәсіпшіліктер екінші дәрежелі маңызға ие болды.

Шығыс Жетісуда ежелгі Жаркент ұйғыр елді мекендерінің біріне айналды.

Кеңестік уақытта Қазақстанда ұйғырлар мен дүнгендер санының өсуі жалғаса берді. Ұжымдастыру кезеңінде ірі қара мал, жүзім, дәнді және жемістік дақылдар, күріш пен темекі өсіруге мамандандырылған ұйғыр және дүнген кеңшарлары мен ұжымшарлары пайда болды. Ұйғырлар жинақталып қоныстанған жерлерде (Панфилов және Ұйғыр аудандары) ұйғыр тілінде сабақ оқытатын мектептер құрылды. 1934 жылы Алматыда Ұйғыр музыкалық драма театры ашылды, ұйғыр әдебиеті дамыды. 1957 жылдан бастап ұйғыр тілінде «Коммунизм туғи» («Коммунизм туы») газеті шыға бастады, оның таралымы 1970 жылдары 21 мың данаға дейін жетті. 1960–1970 жылдары Қытайдан КСРО-ға ұйғырлардың тағы да екі үлкен тобы келді. Олар Талдықорған және Алматы облыстарындағы ауылдар мен аудан орталықтарына қоныстандырылды. Алматы облысының Ұйғыр ауданында (орталығы – Шонжы ауылы) ұйғырлар көпшілікті құрады. 1989 жылғы санақ бойынша республикада 185 мың ұйғыр мен 30 мыңнан аса дүңген болды. Қазақстандық¹ дүнгендердің үлкен бөлігі Жамбыл облысында (қазіргі Қордай ауданы) тұрады. Жазудың латын және кириллица нұсқаларын пайдаланумен дүңген тілінде мол әдебиет, оның ішінде көркем, анықтамалық және оқу әдебиеті басылып шықты, алайда дүнген тілінде оқытатын мектептер құрылған жоқ.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ұйғырлар мен дүнгендердің Қытайдан Ресей империясына қоныс аударуы қарсаңындағы тарихи жағдайлар туралы өңгімелеңдер.
2. Ұйғырлар мен дүнгендердің Ресей империясына қоныс аударуының себептері қандай?
3. Мәдениетінің қандай белгілері ұйғырлар мен дүнгендерді жақындастыратынын, қандайларының айырмашылығы бар екендігін ойланыңдар.
4. Қазіргі кезде ұйғырлар мен дүнгендер Орталық Азияның қандай мемлекеттерінде тұрады? Олардың диаспоралары неліктен бөлшектенген болып шықты?

Картамен жұмыс

Картадан ұйғырлар мен дүнгендердің Қазақстан аумағына таралып қоныстанған аудандарын анықтаңдар.

Шағын топтарға арналған тапсырма

Ұйғырлар мен дүнгендердің мәдениеті (ұлттық киім, ұлттық тағам, ұлттық музыкасы және т.б.) туралы таныстырылым дайындаңдар.

Үй тапсырмалары

Ұйғырлар мен дүнгендердің революцияға дейінгі және кеңестік уақыттағы шаруашылық кәсіптерінің өзіндік ерекшелігі туралы материал жинақтаңдар.

7.4. Қазақстанда өзбек және татар диаспораларының қалыптасуы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстандағы өзбек диаспорасы: қалыптасу тарихы, таралып қоныстану географиясы, әлеуметтік-экономикалық сипаттамасын анықтаймыз;
- Қазақстандағы татар диаспорасы және оның Қазақстан экономикасы мен мәдениетінің дамуындағы рөлі туралы талдаймыз.

¹ Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеуден кейін дүнгендердің шамамен жартысы Қырғызстан аумағында қалды.

Тірек сөздер:

- өзбектер
- сарттар
- этногенез
- өркениеттік
- отырықшы-егіншілік
- татарлар
- ислам
- диаспора
- автохтонды

Біз Қазақстанда түркі халықтарының бірі – ұйғырлардың қазақ жерінде пайда болу тарихын қарастырған едік. Біздің елдің этникалық картасында тағы да екі түркі халқы – өзбектер мен татарлар елеулі орынды иеленеді.

Сарт және өзбек ұғымдары мәселесі. Әмір Темір дәуіріне дейін (1370–1405) түркілер мен моңғолдар тәжіктерді *сарттар* (*сарт* сөзінің шығу тегі *үнділік* және *саудагер* дегенді білдіреді) деп атады. Мәуереннахрды көшпелі өзбектер жаулап алғаннан кейін (XVI ғасырдың шебінде) шұраттардың түркіленуі және түркітілді немесе қолөнермен және саудамен, егіншілік пен бақшашылықпен айналысқан қостілді иран-түркі халқының пайда болуы сарт терминінің бүкіл осы халыққа таралуына әкелді.

Назар аударыңдар! Сарт сөзі этноним емес, соционим болды. Мәуереннахрдың бүкіл отырықшы, көбінесе саудагер-қолөнерші ирантілдес және түркітілдес халықтарына қолданылған.

Өзбек терминіне келетін болсақ, бастапқыда Алтын Орданың Өзбек ханына (1312–1342) бағынған көшпелі тайпаларды білдірді. Алтын Орда ыдырағаннан кейін, XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақтың барлық көшпелілерін өзбектер деп атады, бұл жерде Әбілхайыр¹ мемлекеті қалыптасты. Мұхаммед Шайбани хан Мәуереннахрды жаулап алғаннан кейін онымен бірге Дешті Қыпшақтан кеткен түркі тайпалары өзбек тайпалары деп аталып, ал олар Мәуереннахрда құрған мемлекет (Бұхара хандығы) өзбектер мемлекеті деп атала бастады. Осы уақыттан бастап (XV–XVI ғасырлар) *өзбек* терминін этноним деп есептеуге болады. Отырықшылану үдерісінде өзбектердің бір бөлігі далалық өркениетпен бірегейлігін (көшпеліліктен) ғана емес, сондай-ақ көшпелілерге тән ру-тайпалық бірегейлігінен де айырылды және шұраттардың сарт халқымен араласып кетті. Ру-тайпалық бірегейлігін сақтаған өзбектер тіпті отырықшы (көбінесе жартылай отырықшы) өмір салтына көшкеннің өзінде де XX ғасырға дейін өзбектер деп аталуын жалғастыра берді. Кейінірек өзбек термині Мәуереннахрдың барлық отырықшы түркітілдес халқына ауысты.

Қазақстан аумағына келетін болсақ, ерте және кейінгі орта ғасырдағы Сырдария бойындағы қалалардың халқы саудагер-қолөнерші, яғни сарт болды.

Назар аударыңдар! Өзбектер қазақтар сияқты Қазақстанның байырғы халқы болып табылады. Олар Түркістанның аралас иран-түркілік отырықшы-егінші халқының ұрпақтары болып табылады. Олар да қазақтар сияқты түркітілдестер және негізгі бұқарасы исламды ұстанады.

¹ Сондықтан да Әбілхайыр мемлекетінің бөлігін және Қазақ хандығының негізін салған Жәнібек пен Керей қазақтарын алғашқы уақытта өзбек-қазақтар деп атады.



Хорезм қаласындағы көне ғимараттар

1924 жылғы ұлттық-аумақтық межелеуден және Өзбек КСР-і пайда болғаннан кейін *сарт* термині ресми қолданыстан мүлдем жоғалып кетті. Сарттардың көпшілігі 1926 жылғы санақта енді өзбектер деп аталды. Кеңестік уақытта Қазақстанда Республиканың оңтүстігінде шоғырланған өзбек диаспорасының соғыстан кейінгі кезеңде табиғи өсімі жоғарылады. Кеңестік уақытта өзбектердің көпшілігі, революцияға дейінгідей, ауылшаруашылығындағы, негізінен, мақта өсіру кеңшарларындағы жұмысқа тартылды. Өзбектер шоғырланып қоныстанған жерлерде өзбек тілінде оқытатын мектептер жұмыс істеді.

Татарлар. Қазақстанның полиэтникалық халқының құрамына кіретін ірі түркітілдес этностың тағы да біреуі *татарлар* болып табылады. Татарлар этногенезінің тамырлары да ежелгі замандарға кетеді. Өркениеттік тұрғыдан алтынордалық кезең татарлардың тарихындағы аса маңызды кезеңге айналды. Бұл уақытта даланың көшпелі аумақтары мен өсіресе оның шеткері аймақтарында исламдану және мәдени ассимиляция үдерісі өтіп, татар этносының этномәдени негіздері қалыптасты. Алтын Орда ыдырағаннан кейін этникалық үдерістер жекелеген хандықтарда (Қазан, Астрахан, Сібір және басқа) жүрді. Олардың әрқайсысында біртіндеп отырықшылану мен мәдени ассимиляция нәтижесінде жекелеген этникалық қауымдастықтар (*Қазан татарлары және басқалары*) қалыптасты. XVII ғасырдан бастап татарлардың этногенезі Ресей империясының шеңберінде өтті. Екіншілікпен қатар, татарлар өздерін қолөнерде, өсіресе саудада белсенді таныта бастады. Солтүстік Қазақстанның кейбір аудандары үшін татарлар байырғы халық болып табылады. Алайда татарлардың Қазақстанға ағылып келуі XVIII ғасырда басталды және XIX ғасырда жалғасты. Ол, бір жағынан, татар мешіттері мен мұсылмандық мектептердің (патша үкіметі көшпелілердің арасында исламның таралуын көтермеледі) пайда болуымен, екінші жағынан, татар сауда капиталының енуімен байланысты болды. XX ғасырдың бас кезіне қарай Далалық және Түркістан өлкелеріндегі сауданың (малмен және малшаруашылығы

өнімдері мен сауданы қосқанда) және өнеркәсіптің елеулі үлесі қала халқының айтарлықтай бөлігін құраған татар көпестерінің қолында болды. Бұл уақытта татарларға жер сатып алуға тыйым салынды. Татарлардың революция қарсаңында жаңа әдістік (жәдидтік) ағартуды дамытудағы рөлі де зор: татар буржуазиясы, әдетте, жаңа мектептер ашуға қаржыларын аяған жоқ.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Сарт ұғымының неліктен этноним емес, соционим болып табылатынын түсіндіріңдер.
2. Өзбектер неліктен Қазақстанның байырғы халқы болып табылады? Мұндай жағдайда біз неліктен өзбек диаспорасы туралы өңгіме жүргіземіз?
3. Қазақтар мен өзбектердің этногенезінде қандай топтар ортақ болып табылады?
4. Өзбектердің негізгі дәстүрлі кәсіптері туралы өңгімелеңдер. Мұндай ерекшелік немен байланысты?
5. Қазақтар мен татарлардың қалыптасуында қандай топтар ортақ болып табылады?

Шағын топтарға арналған тапсырма

Өзбектер мен татарлардың мәдениеті (ұлттық киімі, тағамы, салттары, музыкасы және т.б.) туралы таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма:

Қалай ойлайсыңдар, патша өкіметі XVIII–XIX ғасырларда Қазақ даласында «татар молдаларының» пайда болуын неліктен көтермеледі?

Үй тапсырмасы

Ұйғырлар, өзбектер мен татарларда мәдениеттің қандай маңызды белгілері ортақ болып табылады? Ойларыңды кестеге түсіріңдер.

8-тақырып. Кеңестік кезеңде Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасуы

Оқыту мақсаты:

- 11.2.1.3 Қазақстанның этникалық құрамының өзгеру үрдісін түсіндіру үшін «депортация», «арнайы қоныс аударылғандар», «полиэтникалық қоғам», «ұлттық саясат», «интернационализм» ұғымдарын пайдалану;
- 11.2.1.2 Қазақстанда халықтың этникалық құрамының өзгеру кезеңдерін зерттеу;
- 11.2.1.4 Кеңестік кезеңде Қазақстан этностарының өзара мәдени әсерлесу ерекшеліктерін түсіндіру.

8.1. Қазақстанда славян диаспорасының қалыптасуы. Кеңестік уақыттың көші-қон ағындары

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанда индустрияландыру кезеңінде қалалардағы славян халқы санының өсуін оқимыз;
- этникалық топтар арақатынасының серпінді өзгеруін талдаймыз;
- соғыс және соғыстан кейінгі уақыттағы көші-қон толқындарын анықтаймыз;
- кеңестік Қазақстанның «еуропалық қалалар» феноменін бағалаймыз.

Қазақстанда 1920 жылдары славян диаспорасының өсуі. Славян және жалпы еуропалықтар санының өсуіне қарамастан, 1917 жылғы революцияға дейін қазақтар Қазақстан аумағындағы саны жағынан басым этнос болып қала берді¹. Бірақ орыстар саны жағынан екінші этникалық топқа айналды.

1897 жылмен салыстырғанда, 1926 жылы Қазақстан аумағындағы орыстардың саны айтарлықтай көбейді. Орыстардың саны екі фактордың: табиғи өсім мен Қазақстан аумағындағы оң көші-қон айырмасының салдарынан өсті.

Назар аударыңдар! Оң көші-қон айырмасы – бұл келуші мигранттар санының кеткендер санынан асып түсуі. Теріс көші-қон айырмасы – кеткен мигранттар санының келгендер санынан асып түсуі.

Тірек сөздер:

- диаспора
- славяндық диаспора
- көші-қон айырмасы
- индустрияландыру
- этникалық топ
- этникалық құрылым
- депортация
- арнайы қоныс-аударылғандар
- индустриялық көші-қон
- тың

Саны жағынан бұдан кейінгілер украиндер болды. 1920 жылдары украиндердің көп бөлігі Қазақстанның солтүстік бөлігінде Ақмола облысында тұрды.

Қазақстанда алғашқы бесжылдықтар уақытындағы славян диаспорасының артуы. Қазақстан аумағында славян диаспорасының келесі арту қарқыны индустрияландыру кезеңімен байланысты. Соғысқа дейінгі үш бесжылдықтың ішінде (1929–1941 жж.) республика аумағына еңбек мигранттарының ағылуы тоқтаған жоқ. КСРО-ның еуропалық бөлігінен келген мигранттар (негізінен, орыстар, украиндер мен белорустар) құрылыс, шахта мен зауыттардың жұмысшыларына айналды, ауылшаруашылығын ұжымдастыруға қатысты. Олардың арасында еріктілер жасақтары ерекше байқалды (мысалы, жиырмабесмыңшылар деп аталған кеңшарлар мен ұжымшарлар ұйымдастыруда «партияға көмектесу» үшін келген жұмысшылар). Соғысқа дейінгі кезеңде Қазақстанға өнеркәсіптік кәсіпорындарда жұмыс істеу үшін жарты миллионнан астам адам келді. Индустрияландыру уақытына тура келген бұл көші-қондық қозғалыс республиканың әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдай жасады. Бұл мигранттардың көпшілігі қалалар мен қала үлгісіндегі кенттерге орналасып, урбандалудың артуына себеп болды. Көп жағдайларда мұндай мигранттар қала түзуші кәсіпорындардың айналасында пайда болған «зауыт-қалалар» деп аталған қоныстардың тұрғындарына айналды. Қазақтар болса бұрынғыша, негізінен, ауылдық жерлерге шоғырланды.


¹ Революцияға дейін Қазақстан аумағы Далалық және Түркістан генерал-губернаторлығының арасында бөлінгені еске саламыз.



Еңбек мигранттарының келуі

Назар аударыңдар! Жаңа мигранттардың байырғы халықпен экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзара ықпалдастығы революцияға дейінгі кездегі славян көші-қонына қарағанда неғұрлым төмен болды, ал қазақ тілі мен салтын білуге оларда қажеттілік болған жоқ.

Өртүрлі ерікті көші-қондардан бөлек, полиэтникалық халықтың ағылып келуі күштеу арқылы да жүзеге асты. Ауылшаруашылығын ұжымдастыру мен онымен қатар жүрген кулактарды төркілеу саясатының барысында Қазақстан аумағына 1930 жылдардан 1940 жылдарға



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми мәліметтері
Қазақстан аумағында тұратын ұлттардың саны туралы мәліметтер

дейін кулак ретінде тәркіленген 180 000-нан астам шаруалар мен олардың отбасы мүшелері келді. Олар арнайы қонысаударылғандар (1934–1944 жылдары – еңбек қоныстанушылары) статусын алды. Қоныс аударылған шаруаларды («кулактар» мен «кулакшылдарды») қалалар мен теміржолдардан шалғай, арнайы қоныстарға (арнаулы кенттерге) орналастырды және ең қиын жұмыстарға пайдаланды. Арнайы қонысаударылғандар мен олардың отбасы мүшелерінің жүріп-түру құқығы шектелді, сайлау құқықтарынан айырылды (1933 жылдан бастап кулактардың көмелетке толған балаларының сайлау құқықтары қалпына келтіріле бастады).

Бұл маңызды! 1926 және 1939 жылдардағы санақтар республикада қазақтар үлесінің шұғыл кемуі мен славяндар үлесінің артуын көрсетеді. 1939 жылға қарай қазақтар Қазақ АКСР-інде саны азайды.

Соғыс және соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстанның этникалық құрылымының өзгеруі. Қазақстанға келген славян диаспорасының келесі бір толқыны соғыстың алғашқы жылдары елдің еуропалық аудандарынан эвакуацияланғандар болды. Майдан мен тыл жұмыстарына алу, эвакуацияланғандар мен күштеп қоныс аударылғандарды орналастыру Қазақстанның этникалық құрылымын одан өрі күрделендіре түсуге әкелді.

Соғыстан кейінгі кезеңде Қазақстан халқының этникалық құрылымына индустриялық қоныстандыру (жаңа өнеркәсіптік орталықтар құрумен байланысты көші-қондар), сондай-ақ ауылдық жерлерге қоныс аудару да әсер етті. Славян диаспорасының артуына Н.С.Хрущевтің үкіметі бастаған тың және тыңайған жерлерді игеру саясаты үлкен



Тың игеруге келушілер тұрағы.

үлес қосты. 1954 жылдан 1962 жылға дейін республикаға – Целиноград, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарына екі миллиондай адам келді. Бұл, негізінен, ерікті жастардың көші-қондары болды. Жұмысшылардың «екпінді комсомол құрылыстары» деп аталған құрылыстарға тартылуы да осындай сипатқа ие болды. Қазақстанға ұзақ уақытқа қалуды жоспарламастан, «табыс табуға» аттанғандардың ағыны да тоқтаған жоқ. Өскери қалашықтар мен полигондардың славян тұрғындарын да ұмытпаған жөн. Оларда қазақтармен тікелей қарым-қатынастың жоқтығы айқын байқалды.

Соғыстан кейінгі бірінші бүкілодақтық санақ жүргізілген 1959 жылға қарай республика халқының құрамындағы қазақтардың үлесі рекордтық ең аз деңгейге дейін қысқарды. Тың игеру және 1950–1960 жылдардағы еңбек көші-қоны соғыс қарсаңындағы үрдісті қорытындылап, славян (бірінші кезекте орыс) халқының өсіресе солтүстік және шығыс облыстарда қазақтардан сан жағынан басымдығына әкелді.

Назар аударыңдар! Кейінгі кеңестік уақытта зауыт-қалалар туралы айтпағанның өзінде, іс жүзінде Қазақстанның барлық ірі (Алматы, Қарағанды) және орташа қалаларының басым көпшілігі этникалық құрамы бойынша орыс қалалары болды.

1960–1970 жылдары қазақстандық қалалардың көпшілігінде орыс тілі үстемдік етті. Партиялық-кеңестік аппаратта, білім беруде және медицинада орыстар (тұтастай алғанда, еуропалықтар) басым болды. Сол кездегі қалалардың көпшілігі «еуропалық» мәдени-тұрмыстық қелбетті иеленген. Соғыстан кейінгі кезеңде облыс орталықтарынан Гурьев (қазіргі Атырау) пен Қызылордада ғана қазақтар басым болды.



Неміс қоныстанушыларының шаруашылығы (1920 ж.)

Сондай-ақ бұл уақытта, «хрущевтік жылымық» кезеңінде қуғын-сүргінге ұшырағандардың, күштеп қоныс аударылғандардың және жер аударылғандардың бір бөлігін отанына қайтару үдерісі басталды. Тыңға немесе екпінді құрылыстарға келгендердің көпшілігі үйлеріне қайтты. Бұл фактор соғыстан кейінгі кезеңде қазақтарда табиғи өсімнің неғұрлым жоғары болуымен бірлесіп, Қазақ КСР-інде қазақтар санының құлдырауын тоқтатты. 1959 жылдан кейін республика халқының құрамындағы қазақтардың үлесі ұдайы артады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Кеңестік уақыттағы Қазақстанға негізгі көші-қондық ағындарды *атаңдар*. Олардың қайсылары славян диаспорасын қалыптастыруға қатысты?
2. Қазақстандағы славян диаспорасының негізгі этникалық топтарын *атаңдар*.
3. Соғысқа дейінгі кезеңде республикадағы қазақтар үлесінің азаюына әкелгенін орыс (славян) халқының көшіп келуінен басқа факторларды *көрсетіңдер*.
4. XX ғасырдағы өнеркәсіптік мигранттардың XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі орыс отаршылдарынан байырғы халықпен мәдени өзара ықпалдасуындағы басты айырмашылығын *түсіндіріңдер*.

Шағын топтарға арналған тапсырма

Әлеуметтік сауалнама жүргізіңдер. Өз таныстарыңнан, Қазақстандағы славян диаспорасының өкілдерінен (жеке немесе әлеуметтік желілердің көмегімен) олардың ата-бабалары Қазақстанға қай жылы келгендерін *сұрастырыңдар*. Өздеріңе ақпарат берушілердің ата-бабалары қандай көші-қон ағынына жататынын анықтауға тырысыңдар. Кесте жасаңдар және нәтижелерді сыныптастарыңмен бөлісіңдер (Кем дегенде 20 адамға сауалнама жүргізген дұрыс).

Күрделілігі жоғары тапсырма

«Біздің облыстың славян халқы» тақырыбына *эссе жазыңдар*. Өздерің тұратын облыстың славяндық диаспорасы қандай тарихи кезеңде (кезеңдерде) және қандай саяси және экономикалық факторлардың ықпал етуімен қалыптасқанын анықтаңдар. Егер өз облыстарыңда славяндық диаспора жоқ болса, оның неліктен жоқ екендігін *түсіндіріңдер*.

Үй тапсырмасы

Кеңестік уақытта Қызылорда мен Гурьев сияқты қалаларда орыстар санының қазақтардан басым болмауын *түсіндіру* үшін ізденіңдер.

8.2. Қазақстанда неміс және корей диаспорасының қалыптасуы

Бүгінгі сабақта:

- XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы немістер туралы оқимыз;
- Ресей немістерін Қазақстанға күштеп қоныс аудару саясатын талдаймыз;
- соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстандағы немістер туралы анықтаймыз.

XIX–XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы неміс-колонистер. 1989 жылы Қазақстандағы неміс диаспорасының саны 957 мың адамды құрады. Бұл сол кезде немістердің саны жағынан республикада қазақтар мен орыстардан кейінгі үшінші этникалық топ болды. Орасан

Тірек сөздер:

- немістер
- диаспора
- колонист
- католиктер
- моноконфессиялылық
- депортация
- арнаулы қоныс
- еңбек армиясы
- корейлер
- диаспора
- Қиыр Шығыс
- «Қазкүріш»
- қоныс аудару
- иммигранттар

аумағы болғанымен, салыстырмалы түрде халқы аз біздің ел үшін бір миллионға жуық неміс өте үлкен көрсеткіш. Бұл орасан үлкен диаспора қалай қалыптасты? Бұл еуропалық халықтың саны Қазақстанда қалайша осынша көп?

Қазақстандағы неміс диаспорасының елеулі бөлігін Далалық өлкеге революцияға дейін қоныс аударған неміс шаруа-колонистерінің ұрпақтары құрайды.

Ресей немістерінің Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы 1880 жылдардан басталды, бұл кезде Ресейде жалпыға бірдей әскери міндеткерлік¹ енгізілуіне наразы болған неміс колонистері Украина мен Еділ бойындағы орныққан жерлерін тастап, Америкаға немесе шығысқа – Далалық өлке мен Түркістанға кете бастады. Қоныс аударудың басқа бір себебі өмірдің ерекше салтына әдеттенген неміс колонистерінің өзін-өзі басқаруын шектеген 1871 жылғы жарлықты енгізу болды. Немістер империяның бүкіл халқын біріздендіруді талап еткен орыс тілінде оқытуды енгізуден де қауіптенді.

Назар аударыңдар! Ол кезде ресейлік немістер бірыңғай этникалық қауым болған жоқ, өйткені Ресейге әлі де болса бір мемлекетке біріге қоймаған әртүрлі неміс жерінен келді. Ресей империясында конфессиялық бірегейлік этникалық бірегейліктен үстем болды. Неміс колониялары бір-бірінен конфессиялық қағидат бойынша ерекшеленді: протестант-лютершілердің, католиктер мен неғұрлым ұсақ этноконфессиялық топтар – меннониттер, баптистер мен басқаларының колониялары болды. Немістердің Сібір мен Далалық өлкеге таралып қоныстануы да осы қағидатты сақтады.

Қазақ даласындағы неміс шаруалары колонияларының бірінші ошағы Ақмола облысында пайда болды. Бұл жерде 1915 жылға қарай 27 мыңдай адамы бар моноконфессиялық 56 неміс кенті құрылды. Неміс колонистерінің Қазақстан аумағы бойынша таралып қоныстану аймақтары Батыс Сібірдің оңтүстігіндегі, Алтайдағы, Орынбор ауданындағы неміс шаруалық колониялаудың негізгі аймақтарына қарай ойысты. Кенттердің негізгі бөлігін лютершілер мен меннониттер құрады, алайда көптеген католиктік қоныстар да (мысалы, Көкшетау уезінде) болды.

Немістерді Қазақстанға күштеп қоныс аудару. Герман және Ресей империясы қарсыластар болған Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында және соғыс басталған кезде Ресейде немістерге қарсы жағымсыз көзқарас байқалды, бірқатар толқулар өтті. 1915 жылы ресейлік немістерді Сібірге жаппай қоныс аудару (депортация) туралы жарлық дайындалды. Алайда бұл жарлық революцияға байланысты орындалмай қалды. Екі дүниежүзілік соғыстың аралығында Кеңестер Одағында немістерді «бесінші колонна», яғни соғыс жағдайында қарсылас жағына шығып кетуі мүмкін азаматтардың сенімсіз санаты деп есептеу жалғаса берді. Сондықтан 1935–1936 жылдардың өзінде 15

¹ Меннонит қағидаларының бірі олардың қолына қару алуға тыйым салады.



Немістерді КСРО-ның батысынан жаппай қоныс аудару

мыңдай католик-немістер Украин КСР-інен поляктарды жаппай қоныс аударуға байланысты Қазақстанға қоныс аударылды. Олар Қарағанды облысына таралып қоныстандырылды, одан бөлініп шыққан Солтүстік Қазақстан облысы қоныс аударылғандарды орналастырудың негізгі аймағына айналды.

Фашистік Германия Кеңестер Одағына шабуыл жасағаннан (1941 жылғы 22 маусым) кейін, 1941 жылғы 28 тамыздағы жарлық бойынша КСРО-ның батыс облыстарынан, Украина мен Белоруссиядан, Еділ бойы Республикасынан немістерді Сібір мен Қазақстанға қоныс аударды.

Бұл маңызды! 1941 жылы КСРО-ның шығыс аудандарына бір миллионға жуық неміс, оның ішінде 420 мыңнан астамы Қазақстанға қоныс аударылды.

Арнайы қонысаударғандар немістерді орыс, украин, қазақ, неміс кенттеріне (соңғыларының бірконфессиялылығын бұза отырып), сондай-ақ жаңа ұйымдастырылған «арнайы қонысаударылғандар» кеңшарларына қоныстандырды. Күшпен қоныс аударылған немістерді орналастырудың негізгі аймақтары Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар облыстары болды. Қоныс аударылған немістердің елеулі бөлігі, сондай-ақ Семей, Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды облыстарына да қоныстандырылды.

Назар аударыңдар! Күштеп қоныс аударылғандарды таратып қоныстандыру немістердің республика аумағы бойынша шашырап кетуіне әкелді.



Қыр Шығыстан қоныс аударылған корейлер

1942 жылы қаңтарда күштеп қоныс аударылған немістердің («арнайы қонысаударылғандардың») 17 жастан 50 жасқа дейінгі барлық ер адамдарынан *еңбек армиясы* құрылды. Өте қысқа мерзімде жұмылдырылған олар ГУЛАГ жүйесінде ағаш дайындауға, зауыттар мен теміржол құрылыстарына жіберілді. 1946 жылы мамырда 16-дан 45 жасқа дейінгі неміс әйелдері, қыздары, 15–16 жасар жасөспірімдер мен 51–55 жасар ер адамдар жұмылдырылды. Осылайша, соғыс жылдары жасөспірімдерді қосқанда, барлық ересек немістер еңбек армиясы мен лагерьлерде болып, ГУЛАГ азаптарын өз бастарынан өткізді. Әйелдерді жұмылдыру отбасылардың күйреуіне әкелді. Арнаулы қоныстарда асыраушыларыңыз қалған балалар мен қарттар аштық пен аурулардан жаппай қаза тапты.

Немістерді өнеркәсіптегі еңбекке жұмылдыруға байланысты немістердің Қарағанды облысына, оның ішінде Қарағандының өзінде шоғырлануы айтарлықтай өсті.

Қазақстандық немістер соғыстан кейінгі кезеңде. Соғыстан кейін еңбек армиясының жауынгерлері үйлеріне қайтарылды. Алайда немістер мен басқа да күштеп қоныс аударылған халықтар үшін арнаулы қоныс режімі сақталды. Олардың жаңа жерлердегі қоныстары «мәңгілік» болып белгіленді, ал арнаулы кенттерден қашушылар қатаң қылмыстық жазаға ұшырады. Күштеп қоныс аударылған немістердің құқығын қалпына келтіру (арнаулы қоныс есебінен шығару) тек соғыстан кейін он жыл өткенде ғана, 1955 жылы жүргізілді. Алайда немістерге отанына қайтып оралуға тыйым салынды.

Назар аударыңдар! Отанына қайтып оралуға салынған тыйым тек 1972 жылы ғана алынып тасталды. Немістер КСРО-ның барлық аумағында тұрғылықты орын таңдау құқығын иеленді.

Нағыз егінші немістер қазақстандық астық кеңшарлары мен ұжымшарларында, оның ішінде тың шаруашылықтарында белсенді еңбек етіп, барлығында өздерінің үздік еңбек үлгісін көрсетті. Кеңестік кезеңнің соңына қарай немістердің өкілдері республика өнеркәсібінің барлық салаларында, білім беруде, мәдениеті мен ғылымында еңбек етті. Ондаған неміс Социалистік Еңбек Ері атанды. Өзінің ана тілін ғана емес, сондай-ақ қазақ тілін де тамаша меңгерген, аса көрнекті жазушы Герольд Бельгердің есімі бүкіл Қазақстанға белгілі. Барлық ауылдық қоныстарда неміс үйлері ерекше беріктігімен, тазалығымен және тәртібімен ерекшеленді.

1970 жылдарда республика немістерінің арасында эмигранттық көңіл күйлердің өсуі, сондай-ақ автономиялық облыс түрінде неміс мемлекеттілігін қалпына келтіруге ұмтылу тән болды. Кеңес үкіметі немістердің Еділ бойындағы (бұл жерде немістер іс жүзінде жоқ болатын) автономиялық республикасын қалпына келтіру, сондай-ақ Қазақстанда Неміс автономиясын құру мүмкіндігін қарастырды. Алайда қазақ халқының 1979 жылы маусым айында Целиноградта өткен неміс автономиясына қарсы жаппай наразылық білдіруі бұл мәселені тұйыққа тіреді. Бұл КСРО ыдырағаннан кейін кеңестік немістердің ГФР-ге жаппай көшуіне жол ашты.

Бұл маңызды! Қазақстандық корейлер 1930 жылдардың соңында Қиыр Шығыстан күшпен қоныс аударылған адамдардың ұрпақтары болып табылады.

1989 жылғы санақ Қазақ КСР аумағында 103315 адамдық корей диаспорасын тіркеді.

Бұл маңызды! Қазақстандық корейлер 1930 жылдардың соңында Қиыр Шығыстан күшпен қоныс аударылған адамдардың ұрпақтары болып табылады.

Қиыр Шығыстағы корей диаспорасы. Корейлер Қиыр Шығысқа (Амур жағалауы мен Теңіз жағалауы) XIX ғасырдың екінші жартысында әлеуметтік-экономикалық себептердің қысымымен, сондай-ақ Жапонияның Кореядағы экспансиясының салдарынан бірнеше толқынмен қоныс аударды. 1900 жылы корей-иммигранттар ресейлік бодандықты қабылдады. 1917 жылға қарай Ресей аумағында 100 мыңдай корей тұрғанымен, олардың тек ширегі ғана Ресей бодандығын алған. Азамат соғысы жылдарында корейлер партизан отрядтарына қатысып, Кеңес үкіметі үшін күреске шықты. Азамат соғысы аяқталғаннан және КСРО құрылғаннан кейін корейлер Қиыр Шығыста автономияға қол жеткізуге әрекеттенді. Ұлттық мәдениетті қайта дамыту (ана тілінде оқыту) туралы мәселе көтерді, жер пайдаланудың күрделі мәселелерін шешуге тырысты. Бірнеше ондаған корей ауылдық кеңестері мен бір корей ұлттық ауданы пайда болса да, корей автономиясы құрылған жоқ. Бұған қоса, жерсіз корей шаруашылықтарынан ұйымдастырылған ұжымшарларға жер берілген жоқ. 1930 жылдардың бас кезінде Қиыршығыстық өлкелік атқару комитеті корейлерді өлкенің шекарадан шалғайдағы солтүстік аудандарына көшіре бастады. Бұл Кеңес өкіметінің корейлерді жапон ықпалын жүргізушілер және Жапониямен әскери қақтығыс болған жағдайда «бесінші колонна» болады деп есептегендігінен атқарылды.

Қызғылықты жайт! «Қазкүріш» артелінің құрылуы. 1920 жылдардың соңында қиыршығыстық корейлердің шағын тобы (220 адам) Қазақстанға республикада күріш шаруашылығын кеңейту жоспарланып жатқандығына байланысты шақыру бойынша келді. Жетісу облысының Алматы ауданында «Қазақ күріш» («Қазкүріш») корей ауылшаруашылық еңбек артелі» ұйымдастырылды.

21 августа 1937 г. Совет Народных Комиссаров СССР и Политбюро ЦК ВКП(б) издали постановление о переселении корейцев с Дальнего Востока в Узбекистан и Казахстан.

Сев. селестігі (б. селестігі менше)

ПОСТАНОВЛЕНИЕ № 1428-326сс

СОВЕТА НАРОДНЫХ КОМИССАРОВ СОЮЗА ССР
И ЦЕНТРАЛЬНОГО КОМИТЕТА ВКП(б)

21 августа 1937 года

О выселении корейского населения из пограничных районов Дальневосточного края.

Совет Народных Комиссаров Союза ССР и Центральный Комитет ВКП(б) постановляют:

Қиыр Шығыстан корейлердің қоныс аударуы туралы жарлық.
Мұрағат қорынан алынған сурет

Корейлерді Қиыр Шығыстан Қазақстан мен Орта Азияға күштеп қоныс аудару. Жапониямен әскери қақтығыстан қауіптеніп отырып, 1937 жылы тамызда елде саяси қуғын-сүргіндердің ең қызған шағында И.Сталин бастаған Кеңес үкіметі «жапон тыңшылығының өтіп кетуінің алдын алу мақсатында» Қиыр Шығыстағы шекараға жақын аудандардан корейлерді күштеп қоныс аудару шешімін қабылдады. 11983 отбасы (құрамында 5–7 адам болған шағын патриархалдық отбасылар) көшірліуі тиіс болды. Өкімет орындары корейлердің қарсылығынан немесе Қытай мен Кореяға жаппай қашуынан қауіптенді. Алайда мемлекеттің қатаң қуғындау әрекетінен қорыққандықтан бұлай бола қойған жоқ. Бұдан кейін «көшірудің екінші кезеңі» (1937 жылғы қыркүйек) жүргізіліп, Қиыр Шығыс өлкесіндегі бүкіл корейлерді (21 мың отбасы) көшірді.

Назар аударыңдар! Корейлерді күшпен қоныс аудару КСРО-ның Жапониямен соғыс қаупіне және кеңестік басшылықтың жапондарға корейлердің көмектесу мүмкіндігінен («тыңшылық») қауіптенуімен байланысты болды. Бұл қауіптер ойдан шығарылған болатын.

Көшірілген корейлер Қазақ КСР-і мен Өзбек КСР-іне аттандырылды. Қиыр Шығыстан алғашқы эшелондар Қазақстанға қыркүйектің соңында келе бастады және бұдан кейінгі екі ай бойы келіп жатты. Республика арнайы қонысаударылғандарды қабылдауға және жайғастыруға дайын емес еді. Сондықтан олар бірінші қысты «түсіру пункттерінде» өткізді. Корейлер өздері үшін үйреншікті емес климаттық жағдайларға күздің соңында, басқа да күштеп қоныс аударылған халықтар сияқты, өздерінің жеке және ұжымдық мүлкінің 90% -ынан айырылған күйінде тап болды.



Қазақстандағы күріш егістігінде еңбек етуші корейлер

1938 жылы көктемде корейлерді облыстар мен аудандарға таратып қоныстандыру басталды. Корей-қонысаударылғандар жеке ұжым-шарларға біріктірілді немесе жұмыс істеп тұрған шаруашылықтарға қосылды.

Назар аударыңдар! Қазақстан мен Өзбекстанда корейлерді олардың күріш және көгөніс өсірудегі біліктілігін ескере отырып, ауылшаруашылығына пайдалану ұйғарылды.

Корей арнайы қонысаударылғандардан күріш өсіру кеңшарлары құрылды. Алайда бұл шаруашылықтар аяғынан тік тұрғанша, ал ұжымшар еңбеккерлері жеркепелер мен саз кірпіштерден салынған үйлерден¹ кірпіш үйлерге көшкенше екі онжылдық өтті. Жаңа ұжымшарлардың орнығуы кезінде соғыс жылдарындағыдай, көптеген корейлер аштық пен жұқпалы аурулардан өлді. Медициналық пункттер мен мектептер ұжымшарлардан алыста орналасты, жолдар өте нашар болды, көптеген жерлерде радио мен электр болған жоқ. Күштеп қоныс аудару жағдайларында ұлттық мәдениетті дамыту, тілді оқыту, дәстүрлерді сақтау туралы айтудың өзі қиын болды.

Соғыс жылдары корейлердің көптеген ер адамдары өнеркәсіптік кәсіпорындарға, шахталарға, қорғаныс үшін маңызды құрылыстарға жұмылдырылды.

1959 жылға қарай Қазақстанға қоныс аударылған корейлердің саны 23 мыңнан астам адамға қысқарды. Алайда бұл табиғи өсімнің кемуі мен балалар өлімінің жоғарылығынан ғана емес, сондай-ақ корейлердің

¹ Үйлер мен жеркепелердің құрылысы үшін жергілікті материал: саз, құм, сабан, тас, қамыс, ағаш пайдаланылды. Тұрғын үй-жайларда корейлердің дәстүрлі жылыту жүйесі – ондоль (кудуль) орнатылды, ол сондай-ақ тамақ өсірлеу үшін де пайдаланылды.

Қазақстаннан Өзбекстанға жаппай рұқсатсыз кетуі (қашуы) себеп болды. Негізгі себептер Қазақстанның көпшілік өңірлерінде¹ күріш пен суармалы көгеніс өсіру үшін климаттық және экологиялық жағдайлардың жоқтығы, сондай-ақ тұрмыс деңгейінің өте нашарлығы болды. Көбінесе адамдар көрші республикаға түскен өз туыстарымен қосылуға әрекеттенді.

Бұл маңызды! Күштеп қоныс аударылған корейлер, немістер мен басқа да репрессияға ұшыраған, Қазақстанға көшірілген этникалық топтар жергілікті қазақ халқының көмегі мен жанашырлығы болмаса, бұдан да көп зардап шеккен болар еді.

1930 жылдардың бас кезіндегі үрейлі аштықтан өздері де өлі оңала қоймаған қазақтар оларға материалдық көмек пен моральдық қолдау көрсете отырып, ондаған мың қоныс аударушыны аштық өлімінен құтқарып қалды. 1953 жылы Сталиннің өлімінен кейін корейлер үшін арнайы қоныстандыру режимі жойылды.

Қазақстандағы корей диаспорасы 1950–1980 жылдарда. Қазақстанда корейлер орналастырылған негізгі жер Қызылорда облысы болды. Бұл жерде 1950 жылдары елеулі ірілендірілген қазақстандық күріш өсіру ұжымшарлары құрылды. 1960 жылдарға қарай корей ұжымшарларында үйлер, мектептер, ауруханалар, мәдениет үйлері салынды, орталық көшелері асфальтталды, ұжымшарларға жарық, радио мен телефон жүргізілді. Қызылордада корей театры ашылып, корей тілінде «Ленин туы» газеті шықты. Егер қоныс аударушылардың алғашқы ұрпақтары ауылшаруашылығының жұмысшылары болса, енді 1960 жылдардың ортасынан бастап жаңа ұрпақтары қалаларға (бәрінен бұрын Алматыға) көше бастады, жоғары және кәсіптік білім алды; инженерлік іспен, ғылыммен, медицина, өнермен айналыса бастады. 1989 жылы Қазақ КСР-індегі 100 мыңдай корейдің 30 мыңға жуығы Алматыда тұрды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Соғысқа дейінгі кезеңде Қазақстанда неміс диаспорасының қалыптасуы туралы *әңгімелендер*.
2. *Сендер* колонист терминін қалай түсінесіңдер?
3. Немістердің қоныс аударушылық қоныстары қандай қағидат бойынша қалыптастырылды? Бұл қағидат қай кезде бұзылды?
4. Депортация дегеніміз не?
5. Күштеп қоныс аударылған немістерге соғыс кезеңі мен од аяқталғаннан кейін қандай ауыртпалықтарды бастарынан өткізуге тура келді?
6. Немістердің Қазақстан аумағы бойынша таралып қоныстануының қандай ерекшеліктері бар?

¹Лайықты жағдайлар Талдықорған облысының Қаратал ауданы мен Қызылорда облысының кейбір аудандарында ғана болды.

7. Корейлердің Қиыр Шығысқа көші-қоны қашан басталды? Оның себептері қандай?
8. Корейлерді Қиыр Шығыстан Қазақстан мен Өзбекстанға күштеп қоныс аудару неден туындады?
9. Корейлердің депортациясы қалай өтті?
10. Еріксіз қоныс аударылған корейлер депортациядан кейінгі алғашқы онжылдықтарда шаруашылықтың қандай салаларындағы жұмыспен қамтылды?
11. Қазақстанда 1960–1980 жылдары корей диаспорасында қандай демографиялық және мәдени үдерістер болып өтті?

Шағын топқа арналған тапсырма

1. Қазақстандық немістердің этнографиясы мен мәдениеті туралы өңгімелейтін таныстырылым дайындаңдар.
2. Корейлердің этнографиясы мен мәдениеті (ұлттық киімі, тұрғын үйі, тағамдары және т.б.) туралы шағын таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Қалай есептейсіңдер. Қазақстанда неміс автономиясын құру ақылға қонымды болар ма еді немесе болмайтын ба еді? *Дәлелдер келтіріңдер.* Қазақстандық корейлердің қандай белгілері мен ерекшеліктері оларды Қазақстанның еуропалық және азиялық этностарымен жақындастырады?

Үй тапсырмасы

Картадан: 1) Корей түбегін; 2) Қиыр Шығысты (КСРО-ның қиыршығыстық өлкесін); 3) Қазақстанда корейлер таралып қоныстанған негізгі төрт облысты көрсетіңдер.

8.3. Соғыс жылдары Кавказ және Қара теңіз жағалауы халықтарын депортациялауға байланысты Қазақстан этникалық картасының өзгеруі

Бүгінгі сабақта:

- Солтүстік Кавказ халықтарын депортациялау туралы оқимыз;
- Қырым халықтарының депортациясын талдаймыз;
- Оңтүстік Кавказ халықтарының депортациясы оқиғасын бағалаймыз.

Соғыс уақытындағы этникалық қуғын-сүргіндер. Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстан этникалық құрамының өзгеруі КСРО батыс аудандарынан бейбіт халық пен кәсіпорындарды эвакуациялау есебінен ғана болған жоқ. Қажетсіз әлеуметтік және этникалық топтарды *депортациялау* тетігін сталиндік режім шаруа-«кулактарды», одан кейін корейлер, поляктар мен немістерді жер аудару, көшіру, қоныс аудару кезінде жақсы меңгеріп алды. Қандай да бір сылтау тауып, жалған айыптардың негізінде тұтастай бір топ немесе этнос «сатқындар» және «халық жаулары» болып

Тірек сөздер:

- сталиндік режім
- ІІХК
- этникалық репрессиялар
- депортация
- арнаулы қоныс
- коллаборационизм
- ақтау

жарияланды. Бұдан кейін аса қысқа мерзім ішінде ПХК әскерлерінің көмегімен дүние-мүліктерін төркілеумен (өздерімен бірге аздаған жеке заттары мен азық-түлік алуға рұқсат етілді) көшіру жүзеге асырылды. Депортация тауарлық вагондарында сығылысу мен антисанитария жағдайларында жүзеге асырылды. Жолда жүздеген және мыңдаған адамдар аштықтан, суық пен аурудан өлді. *Этникалық репрессиялар* майданнан қайтқан майдангерлерге де қатысты болды. Қазақстанда және басқа республикаларда күштеп қоныс аударылғандарды шашырата, таратып қоныстандырды. Бұл аз санды халықтарды біртіндеп ассимиляциялауға және жоюға (геноцидке) өкелді. Төндік азаптарға моральдық қорлықтар да: отанынан және ата-бабаларының бейіттерінен жырақ кету, жақындарын жоғалту, салттары мен дәстүрлерін сақтаудың мүмкін еместігі, «халық жаулары», «бандиттер» мен «сатқындар» деген айыптаулар қосылды. Этникалық репрессиялар мен халықтарды депортациялау сталиндік режімнің қылмыстары болды.

Солтүстік Кавказ халықтарын депортациялау. Соғыстың ортасында Қазақстан мен Қырғызстанға қарашайлар – мұсылман дінін ұстанатын түркілік тау халқы депортацияланды. Оккупация кезеңінде (1942–1943) нацистерге жәрдемдесті деген әділетсіз айып тағылған болатын. Іс жүзінде оккупация Қарашай автономиялық облысының (ҚАО) халқына орасан қайғы-қасірет, экономикаға шығын келтірді. 15,5 мыңнан аса қарашай (әрбір бесіншісі) Қызыл Армияның қатарында шайқасты. Алайда азат етілгеннен кейін облыс аумағында бірнеше бандиттік топтың әрекет етуі бүкіл қарашай халқын орынсыз айыптау мен көшірудің сылтауына айналды. 1943 жылғы қараша айының бас



КСРО-дағы халықтар депортациясы

кезінде 70 мыңға жуық адам депортацияланды. Олар 20 күндік азапты жолдан кейін Қазақстанға келді. Бұл жерде бұдан кейін өздері үшін үйреншікті емес далалық ландшафттардағы 400-ден астам режімдік арнаулы қоныстарға қоныстандырылды. Депортацияның алғашқы жылдары күштеп қоныс аударылғандардың үштен бірі аштықтан, суық пен аурудан қаза болды.

Қазақстан мен Қырғызстанға шешендер мен ингуштарды депортациялаудың қатыгездігі бұдан кем болған жоқ. Бұл туыстас этностар Солтүстік Кавказдың байырғы халқы болып табылады. XIX ғасырда олар Кавказ соғыстары деп аталған соғыстар барысында патша армиясына табанды қарулы қарсылық көрсетті. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін Шешен және Ингуш автономиялық облыстары құрылды. Олар 1936 жылы Шешен-Ингуш АКСР-іне біріктірілді. КСРО-ның барлық басқа халықтары сияқты, шешендер мен ингуштар да бар күштерін фашист басқыншылармен күреске жұмсады. Сталинград түбінде шешен-ингуш атты әскер полкі шайқасты. Алайда 1944 жылдың бас кезінде шешендер мен ингуштарды депортациялау туралы жарлық қабылданды. Депортацияның себебі ретінде олар басқыншылармен ынтымақтастық, бандитизм мен антикеңестік әрекеттер жасады деп жарияланды. Басқа да жағдайлардағыдай, айыптаулар жалған болды (окупацияға шешендер елінің бір ауданы ғана аз уақытқа ұшырады, ал бандитизм көрші аймақтардың көрсеткіштерінен асқан жоқ). ПХК-нің 180 эшелонымен елдің шығысына жарты миллионнан астам адам әкетілді. Көшірудің барысында және депортацияның алғашқы жылдары көптеген шешендер мен ингуштар қаза болды. Шешен-Ингуш АКСР-і «жылымық» кезінде 1957 жылы ғана қалпына келтіріліп, шешендер мен ингуштарға Кавказға қайтып оралуына рұқсат етілді. Алайда олардың көпшілігі Қазақстанда қалды.

1944 жылы 26 ақпанда Солтүстік Кавказдың тағы да бір түркі халқы – балқарларды депортациялау туралы жарлыққа қол қойылды. Депортация кейбір балқарлардың нацистік Германия жағында соғысқан құралымдарға қатысуы себеп болды. Балқар 1944 жылы 7–8 наурызда Қазақстан мен Қырғызстанға көшірілді. Осылайша, аз санды



Солтүстік Кавказ халықтарының қоныс аударуы

халық шашырата қоныстандырылды және ассимиляция немесе құрып кету қаупіне ұшырады. 1956 жылғы репрессияға ұшыраған этностардың бір бөлігінен арнаулы қоныс режимін алып тастаған жарлықтан кейін ғана балқарлардың отандарына қайтуы мүмкін болды.

Қырым халықтарының депортациясы. Сталинизмнің тағы да бір қылмысы Қырым татарларын депортациялау болды. Олар соғыс басталған кезде Қырым түбегі халқының ширегін құраған байырғы халқы тұрғындары болатын. 1941 жылғы қараша айында нацистер Қырымды басып алды. Оккупанттар партизандар мен бейбiт халықты атып, татар ауылдарын өртеді. 32 партизан жасағының 25-ін Қырым татарлары басқарды және жалпы алғанда, Қырым татарлары антикеңестік ниетте болған жоқ. Алайда зиялы қауымның бірнеше өкілі герман басшылығының қырым-татар мемлекеттілігін қалпына келтіру уәдесіне үміт артып, коллаборационистерге айналған. Бұл түбекті азат еткеннен кейін сатқындық пен жауға көмектескені үшін айыптап, бүкіл Қырым татарларын күштеп қоныс аударуға сылтау болды. 1944 жылғы мамыр айында көптеген Қырым татарлары Өзбек КСР-і мен Оралға көшіріліп, біразы Қазақстанда қалды.

1944 жылғы маусым айының басында Қырымнан армяндарды, болгарлар мен гректерді (гректер – түбектің байырғы халқы, ал болгарлар мен армяндардың Қырымда өз колониялары болған) көшіру туралы жарлық пайда болды. Олардың бәрі басқыншыларға көмектескені үшін айыпталды және біраз бөлігі Қазақ КСР-інің Гурьев облысына күштеп қоныс аударылды.

Оңтүстік Кавказ халықтарының депортациясы. Этникалық репрессияға Оңтүстік Кавказдың аз санды мұсылман халықтары да ұшырады. 1937–1938 жылдардың өзінде-ақ Кавказдың Қара теңіз жағалауы мен Оңтүстік Кавказдан елдің шығысына (оның ішінде Қазақстан да бар) бірнеше мың ирандық, күрдтер мен түріктер көшірілді. Бұны сталиндік режим «КСРО-ның оңтүстік шекараларын нығайту» мақсатымен істеді. Өз уақытында Ресей империясының оңтүстік шекараларын белгілеу кезінде Оңтүстік Кавказдың көптеген этностары Ресей мен басқа елдердің арасында бөлініп қалған болатын (мысалы, қазіргі кезде өзірбайжандардың үлкен бөлігі Өзірбайжанда емес, Иранда тұрады). Месхет түріктері Грузия мен Түркияның арасында бөліске түскен Месхети-Джавахети облысында өмір сүрді. Месхетия түріктері мен хемшиндер (мұсылман армяндар) этномәдени жағынан бір-біріне жақын, сүнниттік бағыттағы ислам дінін ұстанады. Ирантілді күрдтер бес елдің арасында бөлінген.

1944 жылы шілдеде Грузиядан Месхет түріктері, хемшиндер мен күрдтерді Қазақ КСР-іне қоныс аудару жоспарланған болатын (алғаш 40 мың адамды қоныстандыру жоспарланғанымен, Қазақстан басшылығы «жоспарды» қысқартуды өтінді, өйткені қоныстанушылардың мұндай қарқынына шамасы келмеген).



Қырым халықтарының қоныс аударылуы

Оңтүстік Кавказдан Қазақстанға сондай-ақ аталған аз санды халықтармен бірге, Кавказдың ең ірі түркі халқы – өзірбайжандар¹ да бірнеше толқынмен депортацияланды. Олар біздің республиканың оңтүстік облыстарына таралып, қоныстандырылды.

Жоғарыда айтылғаннан сталиндік режим тұтастай бір этностарға қатысты репрессияларды соғыс уақытындағы жағдайлармен ақтаған. Алайда бұл репрессиялар адамгершілікке жатпайтын және белгілі бір аумақтарды этникалық «тазарту» мен аз халықтардың геноцидіне бағытталған заңсыз өрекет болды. Арнаулы қоныстанушылар тап болған еңбек пен тұрмыстың аса ауыр жағдайлары ғана емес, сондай-ақ «сатқындар» мен «халық жаулары» жаласы оларды қайғы-қасіретке душар етті және наразылық туындатты. Сталиннің өлімінен кейін арнаулы қоныс режімі жұмсара бастады және ақыры жойылды. Сталиннің жекебасына табынушылықты айыптаған КОКП XX съезінде (1956) сталиндік уақыттағы этникалық репрессиялар да айыпталды. Алайда күштеп қоныс аударылғандардың бір бөлігі ғана (балқарлар, қарашайлар, шешендер, ингуштар) отанына қайтып орала алды. Құғын-сүргінге ұшыраған этностардың құқықтары КСРО-ның қалған азаматтарымен теңестірілсе де, олардың кейбіреулеріне өздері көшірілген жерлерге қайтып оралуға тыйым салынды. Сондай-ақ депортация кезінде тәркіленген дүние-мүлік үшін де ешқандай өтемақы қарастырылған жоқ. Құғын-сүргінге ұшыраған халықтарды толық ақтау тек Қайта құру дәуірінде ғана болды.

¹ Қазақстанда өзірбайжан диаспорасының ыдыптасу тарихы негүрлым күрделірек: ол өзіне: 1) XX ғасырдың бас кезіндегі ерікті қоныс аударушыларды; 2) 1937–1949 жылдары депортацияға ұшырағандарды; 3) 1950–1980 жылдардағы еңбек мигранттарын қамтиды.

Қазақстанға бұрынырақ күштеп қоныс аударылған корейлер, поляктар, немістер сияқты Кавказ бен Қырымнан қуғынға ұшырап, қоныс аударылғандар да жергілікті халықтың тарапынан жанашырлық пен көмекке тап болды. Олар ауылшаруашылығы мен өнеркәсіпте ерен еңбек етті, біртіндеп тұрмыстарын түзеді, отбасыларын құрды. Көптеген онжылдықтар бойы Қазақстанның басқа халықтарымен достықта және келісімде өмір сүрді. Жер аударылғандар мен күштеп қоныс аударылғандардың қазақ жерінде туған ұрпақтары оны өз отаны деп есептейді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезеңіндегі депортациялар салдарынан Қазақстанның этникалық картасында қандай этникалық топтар пайда болды?
2. Депортациялар қалай өтті?
3. Күштеп қоныс аударылғандар арнаулы қоныстандыру аумақтарында қандай жағдайларға кез болды?
4. Күштеп қоныс аударылғандардың негізгі бөлігін неліктен әйелдер, қарттар мен балалар құрады?

Шағын топтарға арналған тапсырма

Соғыс кезінде Қазақстанға күштеп қоныс аударылған Кавказ және Қырым халықтары туралы *таныстырылым дайындаңдар.*

Күрделілігі жоғары тапсырма

Сталиндік режім соғыс кезінде қуғын-сүргінге ұшыраған Қырым және Кавказ этностарына қарсы қандай айыптаулар тақты? Олар неліктен негізделмеген болды? Депортациялардың нағыз себептері қандай еді?

Үй тапсырмасы

КСРО-да этникалық репрессиялар жайлы тарихи деректерден ізденіңдер?

8.4. Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты (1920–1940 жылдар)

Бүгінгі сабақта:

- лениндік ұлттық саясат жайлы оқып білеміз;
- ұлттық құрылыс дегеніміз не екендігін талдаймыз;
- И.Сталин билігі кезеңіндегі Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының нәтижелері туралы бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- сталиндік режім
- НКВД
- этникалық репрессиялар
- депортация
- арнаулы қоныс
- коллаборационизм
- ақтау

Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты, яғни кеңес мемлекетінің КСРО полиэтникалық халқын құрайтын толып жатқан этностар мен этникалық топтарға қатысты саясаты бірнеше кезеңнен өтті.

Лениндік ұлттық саясат. 1920–1930 жылдары «лениндік ұлттық саясат» деп аталатын саясат іске асырылды. Ол Ресей империясының «халықтар түрмесі» болғандығы, ал Кеңес өкіметі халықтарды бұл түрмеден азат етудің және «ұлттық мәселені»

шешудің төсілі ретінде теңқұқықты ұлттық республикалардың федеративті мемлекетін құруды тапқаны туралы тезиске құрылған еді.

КСРО-ның алғашқы екі онжылдықтағы ұлттық саясаты «Ресей халықтары құқықтарының Декларациясымен» (1917 жылғы қараша), «Еңбекші және қаналушы халық құқықтарының Декларациясымен» (1918 жылғы қаңтар), Коммунистік партияның X (1921 ж.) және XII (1923 ж.) съездерінің ұлттық мәселе бойынша шешімдерімен белгіленді. 1918 жылдың өзінде кеңестік ұлттық республикалардың федерациясы ретінде РКСФР құрылып, автономиялық республикалар құру бойынша жұмыс өрістеді.

X съезде И.Сталин «автономияландыру» моделін ұсынды. Ол бойынша барлық ұлттық республикалар РКСФР құрамына кіруі тиіс болды (оған 1920 жылы құрылған Қазақ АКСР-і мен Түркістан АКСР-і де кірді). Республикалардың өкілдері бұл тұжырымдамамен келіспеді. 1922 жылы наурыз айында ЗКФСР¹ пайда болып, оны РКСФР, Украина және Белоруссия республикаларымен үлкен көлемді федерацияға біріктіру идеясы пайда болды. И.Сталин өз жобасын қорғауды жалғастыра берді. Алайда 1922 жылғы 30 желтоқсанда Кеңестердің Бүкілодақтық I съезінде федерацияның басқа тұжырымдамасы жеңіп шықты. КСРО одақтық мемлекеттен кез келген сәтте шығу құқығымен ұлттық республикалардың ерікті бірлестігі ретінде жарияланды. Ол кезде ауыр науқастанып жатқан В.И.Ленин съезге хат жазды, онда КСРО идеясын қолдады және И.Сталиннің позициясы мен ұлы орыстық шовинизмнің кез келген көріністерін айыптады. Ленин одақтас республикалардың толықтай теңқұқықтылығын, КСРО-ның үлкен және кіші этностарын барынша дамытуды, республикаларда ісқағаздарын жүргізу, білім берудің ұлттық тілдерде болуын және Одақтың қарамағында тек әскери және дипломатиялық салалардың ғана қалуын жақтады. 1924 жылы Ленин қайтыс болды. Алғашқы жылдары мемлекеттің ұлттық саясаты соның ұсынымдарына сүйенді.



Лениннің ұлттық саясатын насихаттау

¹ Закавказье Кеңестік Федеративтік Социалистік Республикасының құрамында Өзбекстан, Армения мен Грузия болды.

Назар аударыңдар! Патша өкіметінің орыстандыру және біріздендіру саясатымен сөз жүзінде күресе отырып, большевиктер этникалық («ұлттық») бірегейлікті дамытуды табанды қорғады. Өйткені ол XX ғасырдың бірінші ширегінде түркі және мұсылман зиялы қауымының арасында танымал болған пантүркілік және панисламдық идеялармен күресу үшін қажет болды.

Ұлттық құрылыс. 1924 жылы Орта Азияға ұлттық-аумақтық межелеу жүргізілді. Ол этносты оның этникалық аумағымен одақтық немесе автономиялық республика, немесе басқа кіші әкімшілік бірлік (ұлттық облыс немесе аудан) шеңберінде біріктіру қағидатына негізделді. Бұл тұста этникалық бірегейліктің айқын еместігі, этникалық бірегейліктен конфессиялық жергілікті және бірегейліктің өзге де түрлерінің басымдығы сақталған болатын. Бұл этникалық негіздегі ұлттық республикалар құру үшін негізгі ұлттарды (ұлттар-этностар) дамыту қажеттігін туындатты. Осы бағыттағы іс-шаралар *ұлттық құрылыс* деп аталды. Ол мына мәселелерді қамтыды:

– ұлттық мемлекеттілікті дамыту (жаңа ұлттық республикалар мен облыстарды құру; федеративтік жүйені жетілдіру; мемлекеттік төрешілдік аппаратты дамыту);

– ұлттар-этностарды теңестіру мақсатымен республикаларды әлеуметтік-экономикалық дамыту;

– партиялық-кеңестік аппаратты жергіліктендіру, яғни кеңестердің депутаттары, партия мүшелері, басшы қызметкерлердің арасында жергілікті халық өкілдерінің үлесін арттыру;

– өнеркәсіпті жергіліктендіру (жұмысшы табының ұлттық мамандарын даярлау);

– «ұлт» терминін танымал ету мен төлқұжатта «ұлты»¹ бағанын енгізумен халықты төлқұжаттандыру;

– ұлттық тілдерді, оның ішінде бұрын жазуы жоқ тілдер үшін жазуды дамыту; тілдердің сипаттамасы, грамматикалар мен оқулықтар жасау²;

– сауатсыздықты жою және ұлттық тілде міндетті бастауыш, одан кейін орта білім беру жүйесін жасау;

– республикаларда ұлттық тілдердегі жоғары оқу орындары мен жоғары білім беруді дамыту;

– ғылымды дамыту, ҒЗИ, ғылыми зертханалар мен экспедицияларды, мұражайларды құру;

– ұлттық тілдердегі баспасөзді дамыту;

– Кеңес өкіметі көзқарасы тұрғысынан беделді салаларда (әдебиет, театр, бейнелеу өнері, музыка, сәулет өнері, кино, спорт және т.б.) барлық республикалар³ үшін бірыңғай жүйесін және ұлттық мәдениетті қағидалар бойынша дамыту;

– ұлттық шығармашылық одақтар құру мен ұлттық шығармашылық зиялы қауым мамандарын қалыптастыру;

– біріздендірілген «ұлттық киім» жасау және т.б.

Анықтама. Ұлттық құрылыс – ұлттық сана-сезімді (бірегейлікті) жеделдете қалыптастыру үшін үкімет қабылдайтын іс-шаралар кешені.

¹ Түсініксіз бірегейлік (мысалы, конфессиялық, жергілікті, кәсіптік, ру-тайпалық) жағдайында адамдарға қандай «ұлтты» таңдау керектігін «еске салды».

² Ұлттық мектептер құрылды, ұлттық тілдерде газеттер мен кітаптар шығарылды. Ол уақыттағы мектеп оқулықтары орыс тілінен аударылмаған (соғыстан кейінгі кезеңдегідей), авторлар түшүсқасында жазған оқулықтар болды.

³ Одақтас республикаларда, автономиялық республикаларда әрбір ұлттық мемлекеттілік өз номенклатурасы болды. Мысалы, одақтас республикалардың негізгі ұлттары университеттен, Ғылым академиясынан, опера театрынан, киностудиядан және т.б., ал автономиялық республикалар музыкалық немесе драма театрынан, ұлттық музыка ансамбльдерінен, пединституттан және т.б. (ерекше жағдайлар болғанымен де) үміттене алды.

Лениндік ұлттық саясаттың нәтижелері (соғысқа дейінгі кезең). Кеңес өкіметі ұлттық саясатының бірінші кезеңінің нәтижесінде иерархиялық федеративтік жүйе құрылды. Онда ел этностары мен этникалық топтарының көпшілігі ұлттар-этностар құру мүмкіндігімен өзінің мемлекеттілігін алды. Бұл Қазақстанға да толықтай қатысты.

Бұл маңызды! Қазақ жерлерінің бір республикаға бірігуі, мемлекеттік және ұлттық құрылыс, 1936 жылғы Конституция бойынша республика мәртебесінің одақтас республикаға дейін көтерілуі қазақтық бірегейлігінің, қазақ ұлт-этностарының қалыптасуына жағдай жасады.

Кеңестік насихат «лениндік ұлттық саясаттың салтанаты» туралы айтып, КСРО-да ұлттық мәселенің толықтай шешілгенін тұжырымдады. 1930 жылдардың екінші жартысында, саяси қуғын-сүргін мен басталған этникалық репрессиялардың қызған шағында Мәскеуде өнер шеберлерінің концерттері, алғашқы ұлттық операларды көрсету және т.б. шаралармен одақтас республикалардың «онкүндіктері» өтіп жатты. Республикалардан келген өнер шеберлері жоғары атақтар мен марапаттар алды. Мәскеуде ХШЖК-де ұлттық республикалардың павильондары ашылды. «Цирк» және «Шошқа бағушы қыз бен бақташы» сияқты аса танымал фильмдер бұрынғы «халықтар түрмесінде» лениндік ұлттық саясатты жүргізудің жиырма жылы ішінде қалыптасқан нәсілдерлік және этникааралық рақат өмір идеясын насихаттады.

Өрине, іс жүзінде ұлттық мәселе толық шешілмеген еді. Мысалы, ұлттық-аумақтық межелеудің өзі көптеген мәселелер мен наразылықтар туындатты: көптеген этностар өртүрлі республикалардың арасында бөлініп қалды; шекаралар мен қалалар үшін даулар басылмады; кейбір ірі этностар (мысалы, татарлар мен башқұрттар) одақтас республика мәртебесін алмады; басқа этностар (оның ішінде қазақтар да бар) одақтас республика мәртебесін бірден алған жоқ. Партиялық-кеңестік аппаратты жергіліктендіру өте баяу жүрді, өкімет органдары мен билік жүргізетін Коммунистік партияда орыстар басым болды. Өнеркәсіпте ұлттық мамандардың жетіспеушілігі бұл республикаларға славяндық жұмысшылардың келуі қажеттілігін тудырды. Ұлттық тілдердегі баспасөз бен білім беруді дамыту ұлттық құрылыс мақсаттарына ғана емес, сондай-ақ өкімет билігінің идеологиялық мақсаттарына да қызмет етті (БАҚ пен мектептегі білім беру коммунистік идеяларды насихаттаудың құралдары болды). Бұдан бөлек, мәдениеттің тек заманауи, еуропаландырылған нысандарын (мысалы, симфониялық музыка, опера мен балет) ғана дамыту (көбінде «жоқтан» жасау) жүргізілді. Ал дәстүрлі мәдениет қайта қаралу мен тексерілуі керек болды. Оның дінен және бұрынғы «билеуші таптармен» байланыстыларының бөрі жойылды, ал «халықтық» немесе «пролетарлық» өнер деп атауға болатындары сақталды. Дәстүрлі сәндік-қолданбалы өнерден (яғни, халықтық өнердің өзінен) діни нысандар аластатылды. Дінен ғана емес, сондай-ақ «феодализмге дейінгі қалдықтар» деп жарияланған салт-дәстүрлермен де ашық күрес жүргізілді.

Назар аударыңдар! Ұлттық құрылысты «мәдени революциямен» үйлестіру социалистік реализм әдебиеті мен «түрі бойынша ұлттық, мазмұны бойынша социалистік» өнердің пайда болуына әкелді. Ұлттық әдебиет, өнер мен мәдениеттің басқа да салалары еркін дамымады, белгілі бір коммунистік идеологияға сәйкес қағидалармен дамыды.

Кеңес өкіметі ұлттан асқақ идеялардан да, ұлтшылдықтан да қорықты, сондықтан КСРО-ның әртүрлі халықтарының өкілдеріне қарсы саяси қуғын-сүргіндерде пантүркілік, панисламдық, сондай-ақ ұлтшылдықпен де айыптаулар қолданылды. Халықты шовинист-шенеуніктердің жүгенсіздігінен қорғау әрекеті ұлтшылдық ретінде түсіндірілді және қатал жазаланды. 1936 жылдан кейін лениндік ұлттық саясаттың шовинизмге қарсы нұсқасы тоқтатылды. Осылайша, алдындағы параграфтарда айтылған этникалық «тазалаулар» мен этникалық, қуғындау, басталды. 1938 жылы 13 наурызда БК(б)П ОК мен КСРО ХКК-нің «Ұлттық республикалар мен облыстардың мектептерінде орыс тілін міндетті түрде оқыту туралы» Қаулысы шықты. Ұлттық республикаларды мақсатты түрде орыстандыру бағыты осыдан басталды. Соғыстың алдында республикалардың көпшілігінде ұлттық тілдер үшін кирилдік әліпбилер енгізілді. Соғыс басталуы, бір жағынан, патриоттық және интернационалдық өрлеуді, екінші жағынан, «сенімсіз» этностардан күдіктену жағдайын туындатты. «Халықтар достығын» насихаттау мен оның этникалық репрессиялар жүргізген өмір шындығының арасында үлкен алшақтық орын алды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Кеңес өкіметінің қандай құжаттары оның алғашқы онжылдықтардағы ұлттық саясатын белгіледі?
2. Автономияландыру қағидатының федерация қағидатынан айырмашылығы неде?
3. Кеңес өкіметі алғашқы онжылдықтарда неліктен қатаң орыстандыру саясатын жүргізген жоқ? Орыстандыру бағыты қашан басталды?
4. 1936 жылға қарай КСРО-да ұлттық мәселенің шешілгені туралы тұжырым мен нақты өмірдің арасындағы алшақтыққа мысалдар келтіріңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Кеңес өкіметінің ұлттық саясатының негізінде неліктен ұлттық құрылыс жатты? Кеңес өкіметіне «ұлттарды құру» не үшін қажет болды?

Кестемен жұмыс

“Лениндік ұлттық саясат және ұлттық мәдениетті дамыту” кестесін жалғастырып толтырыңдар.

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Ұлттық ғылымның, әдебиеттің заманауи жанрлары мен өнер бағыттарының орнығуы	Мәдениетті идеологияландыру

Үй тапсырмасы

Ұлттық кеңестік мәдениеттің дамуындағы бөгелістер немесе жағымсыз сөттер неден көрінді? Өз ойларыңды жинақтап шығарма жазыңдар.

8.5. Кеңес өкіметінің ұлттық саясаты (1950–1980 жылдар)

Бүгінгі сабақта:

- Кеңестер Одағы империясы жайлы оқимыз?
- Орыстандыру саясаты мен ұлдержавалық шовинизмнің күшеюін талдаймыз;
- КОКП-ның тоқырау кезеңіндегі ұлттық саясаты және оның Қазақстандағы көріністері туралы бағалаймыз.

Кеңестер Одағы Ресей империясының аумағы мен онда орын алған «ұлттық мәселені» иеленді. Алғашқы жылдары В.И.Лениннің атынан Кеңес өкіметі империялық саясаттан және бір тілдің немесе бір ұлттың (орыстарды қосқанда) қандай да бір артықшылықтарынан толықтай бас тартуды талап етті, ұлдержавалық шовинизмге қарсы болды және ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын жариялады (оны көптеген ұлттық шеткері аймақтар пайдаланып қалды). Ұлдержавалық шовинизмге пролетарлық интернационализм идеологиясы қарсы қойылды.

Тірек сөздер:

- Кеңес өкіметі
- КОКП
- интернационализм
- пролетарлық интернационализм
- ұлдержавалық шовинизм
- ұлттық мәселе
- орыстандыру
- этникалық бірегейлік
- кеңес халқы

Анықтама. Интернационализм – ұлттардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты уағыздайтын және ұлтшылдыққа қарсы тұратын идеология. Пролетарлық интернационализм – интернационализмнің әртүрлі ұлттар мен елдер пролетарийлері (еңбекшілері) мүдделерінің бірлігін атап көрсететін маркстік тұжырымдама.

Большевиктер дүниежүзілік социалистік революцияның жылдам жеңісінен үміттенді, алайда Ресейден бөлінген ұлттық шеткері аймақтарда, мысалы, Грузия мен Өзірбайжанда өкімет билігін социал-демократтар (коммунистер) емес, буржуазиялық партиялар басып алды. Бұл мұның алдындағы интернационалистік бағыттан бас тартуға, 1920 жылы Қызыл Армияның бөлініп кеткен шеткері аймақтарды басып алуына және Кавказ бен Түркістанды «кеңестендіруге» әкелді. Кеңес өкіметі Ресей империясының аумағынан айырылғысы келмеді. Бұдан кейін ұлттық республикалар құрумен федеративтік құрылыс жобасы дүниеге келді. КСРО атауы пайда болды, ал «Ресей» сөзі мемлекет атауынан жоғалып кетті. Осылайша, Кеңес өкіметі өзін ресейлік мемлекеттіліктің мұрагері деп есептемейтінін және қағидаттық жағынан әлдеқандай жаңа нәрсені құруды қалайтынын мәлімдеді.

Назар аударыңдар! Конституция (1924, 1936, 1977 жылдар) бойынша КСРО федеративті мемлекет, теңқұқықты республикалар одағы болды. Іс жүзінде өте күшті Орталығы бар, федерация нысанындағы унитарлық мемлекет болды.



Сталиннің ұлттық саясатын насихаттаған плакат

Одақтас республикалардың бөлінуге дейін өзін-өзі билеу құқығын сөз жүзінде сақтағаны, сондай-ақ барлық ұлт-этностардың тең болып жариялануы және олардың дамуына (мұның алдындағы параграфта сипатталған сарында) көп көңіл бөлінуі КСРО-ны ерекше «империя» етті.

КСРО-ның империялық сипаты оның соғысқа дейін және соғыс кезеңінде өз аумағын кеңейтуді жалғастырғандығынан (Балтық бойы, Батыс Украина, Финляндияның бір бөлігі, Бессарабия, Тыва) көрініс тапты. КСРО-да қатаң орталықтандыру саясаты жүргізілді. Ұлттардың өзін-өзі билеу құқығы мен республикалардың егемендігіне қуатты қарсы бүкіл мемлекетті бақылайтын бірыңғай билік жүргізуші партия; бірыңғай армия мен қауіпсіздік жүйесі; бірыңғай заңнама («КСРО заңдарының барлық одақтас республикалар аумағында бірдей күші бар») мен сот; бірыңғай сыртқы саясат; бірыңғай ақша жүйесі; бірыңғай көлік жүйесі мен ең ақырында «халықшаруашылығының бірыңғай жоспары», яғни бірыңғай экономика құрылды.

Ескі империялық саясаттың жаңғырығы халықты біріздендіруге ұмтылу болды. Идеология кеңес адамының, кеңестік бірегейліктің бейнесін жасауға жұмыс істеді; мектептік білім беру біріздендірілді, ұлттық мәдениеттер кеңестік мәдениеттің бөлігі ретінде насихатталды; жер-жерде аралас еңбек ұжымдары құрылды, аралас некеге қолдау көрсетілді.

Назар аударыңдар! Елдің саясаты да, экономикасы да шеткері жерлерді (ұлттық шеткері аймақтарды қосқанда) Орталыққа: Коммунистік партияның ОК-не, Кеңес өкіметіне, одақтық халкоматтарға (министрліктерге) және ведомстволарға бағындыруға құрылды. Аса маңызды саяси және экономикалық шешімдерді ғана емес, сондай-ақ барлық мамандар мәселесін де Мәскеу белгіледі.

КСРО-ның империялық сипаты (қатаң орталықтандыру, халықты біріздендіруге ұмтылу) федеративтік қағидатқа, сондай-ақ ұлттық құрылыс нәтижелеріне: халықтың ұлттық (этникалық) бірегейлігін нығайтуға, ұлттық мәдениеттерді дамытуға, республикаларда ұлттық зиялы қауымның өсуіне қарама-қайшы болды.

Соғыстан кейінгі кезеңде орталықтандыру мен орыстандыру саясатының күшеюі. Соғыстан кейінгі кезеңде Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңімпаз держава Кеңестер Одағы әскери әлеуетін арттыруды және өзін қосполярлық дүние полюстерінің бірі ретінде көрсетуін жалғастырды. КСРО өзінің айналасын «классикалық» империялардың протектораттарын еске салатын социалистік лагерь мемлекеттерімен қоршады. «Қырғиқабақ соғыстағы» КСРО-ның идеологиялық және әскери қарсыласы АҚШ насихаттық мақсаттарда КСРО-ны бүкіл әлемнен «Темір шымылдықпен» бөлінген «Жамандық империясы» деп атай бастады. Бұл кезең ішкі саясатта басқарудың бұрынғыдан бетер орталықтандырылуымен сипатталды. КСРО сталиндік кезеңдегідей, тоталитарлық мемлекет болып қалды. Жанталаса қарулану экономикалық даму қарқындарының баяулауына, экономиканың үйлесімсіз дамуына, халықтың тұрмыс деңгейін елеулі көтерудің мүмкін еместігіне әкелді. КОКП орталықтандыру саясаты КСРО халқының бейбіт уақытта да өздерін іске тартылған, кез келген уақытта партия мен үкіметтің бұйрықтарын орындауға дайын екендігін сезінуіне әкелді.

Назар аударыңдар! Бұл кезеңде КОКП-ның ұлттық саясаты ұлттық құрылыс кезеңінде әлсіретілген пролетарлық интернационализм позициясына қайтып оралды және өзге этностардың мемлекеттілігін біртіндеп жоюға бағытталды.

Шын мәнінде, этникалық репрессиялар, күштеп қоныс аударулар мен жер аударулар, еңбек көші-қондарының бүкіл КСРО кеңістігі бойынша сан мыңдап орын ауыстырулары этностардың толықтай араласуына, оларды туған топырағынан айыруға, интернационалдық еңбек ұжымдарын құруға қызмет етті. Ұлттық саясаттың мақсаты уақыт өткен сайын этностарды «адамдардың тарихи жаңа қауымдастығы – кеңес халқына» біріктіру жолымен ассимиляциялауға айнала бастады. КОКП 3-бағдарламасында («Хрущевтік») (1961) жақындасу мен «олардың толық бірлігіне қол жеткізудің»¹ утопиялық идеясы ұсынылды. «Түрі бойынша ұлттық және мазмұны бойынша социалистік мәдениеттердің гүлденуі» ұстанымының орнына «ұлттардың гүлденуі мен жақындасуы» ұстанымы ұсынылды. Оның артында ұлттық тіл тұрған «ұлттық түр» түсінігі алынып тасталды. Бұл идеологиялық тұжырымда «кеңес халқы» жаңа құрылым ретінде танылып, мұнда КОКП идеологтері КСРО-ның барлық ірі және шағын этностарын «қайта қорытуға» үміттенді. Ұлттардың жақындасуы олардың орыстiлдi бiр халыққа бiрiгуiне әкеледi деп ұйғарылды.

Республикаларда ұлттық мектептер жабылды, ұлттық тілдерде жүргізілетін радио және телехабарлардың сағаттары қысқартылды. Әртүрлі көші-қондық ағындардың салдарынан республикаларда еуропалық орыстiлдi халықтың өсуi сияқты демографиялық құбылыстармен қатар, бұл саясат елдің көптеген аймақтарында, оның ішінде оның көпэтникалық халқы бар Қазақстанда адамдардың КСРО-да маңызды рөл атқарған орыс тіліне жаппай көшуіне

¹ Ленин өз уақытында ұлттардың коммунизм кезінде толықтай бірігуі туралы айтқан еді.

әкелді. Бұл ұлттық мәдениет құндылығын түсінген және оны қорғаушылардың барлығында алаңдаушылық пен уайымдаушылықты туындатпауы мүмкін емес еді.

КСРО-да орыс халқының өзі де күрделі жағдайда қалып қойғандығын айтқан жөн. Империялық ұлт жағдайын иеленбестен, орыс халқы өзінің көпсандылығына сәйкес, басқа да славян халықтарымен бірге индустрияландыру, Тың игеру мен дәуірдің басқа да экономикалық жобалары кезінде ұлттық шеткері аймақтарға жасалған көші-қондарға белсенді түрде қатысты. Алдыңғы параграфтардан сендер бұл көші-қон ағындарының қандай сан алуан болғандығын оқыдыңдар. Орыс этносы мен орыс этникалық мәдениеті тоталитарлық дәуірде елеулі зардап шекті. Кулактарды тәркілеу және ұжымдастыру кезеңінде орыс деревнясы қиратулы, тап ретінде орыс шаруалары көп зардап шекті. Өкіметтің атеистік идеологиясы шіркеулерді қиратуға, дін өкілдерін қуғындауға және көптеген рухани құндылықтарынан айырылуға әкелді. КСРО-ның барлық республикаларына шашырай таралған орыстар туған топырағымен, ата-бабаларының салттарымен және дәстүрлерімен байланысын жоғалтты. КОКП күштеп таңған интернационализм, басқа халықтардың этникалық бірегейлігі мен мәдениеті сияқты, орыстардың этникалық бірегейлігі мен мәдениетіне де дәл солай қарсы тұрды. Айтылғандар орыстардағы ұлыдержавалық шовинизмнің жиі көріністерін де, екінші жағынан русофобия көріністерін де жоққа шығармайды. Бұл өзара байланысты үрдістер 1960–1970 жылдары үдей бастады.

Ұлттар жақындасуының утопиялық мақсаты, «жаңа тарихи қауымдастықтың» қалыптасуы туралы декларациялар мен ұлттық құрылыс нәтижелерінің арасындағы қарама-қайшылық айқын көрінді. Өйткені жекелеген республикаларда негізгі ұлттарда этникалық бірегейліктің нығаюы кеңестік бірегейліктің әлсіреуіне, өкіметтің космополиттік және орыстандыру саясатына наразылыққа, ұлтшылдық көңіл күйлердің өсуіне және тәуелсіздікке ұмтылуға әкелді. 1960 жылдардан бастап республикалардағы ұлттық қозғалыстар кеңестік режімге қарсылыққа айналды. Ұлттық мәселе КСРО өмір сүрген соңғы жылдарға дейін өте өткір мәселе болып қала берді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. КСРО-ның соғыстан кейінгі ұлттық саясатының мұның алдындағы саясаттан айырмашылығы неде?
2. Ұлттық республикалардағы орыстандыру саясатының көріністерін атаңдар.
3. Орыстандыру қандай мақсатты көздеді?
4. «Ұлттардың бірігуі» неліктен КОКП-ның утопиялық мақсаты болды? Бұл мақсатқа қол жеткізуге қандай факторлар жағдай жасады, қандай факторлар қарсы тұрды?
5. Кеңестер Одағы империя ретінде Ресей империясына несімен ұқсас болды, несімен ерекшеленді?

Күрделілігі жоғары тапсырма

1. Қалай ойлайсыңдар, «кеңес халқы», «кеңес адамы» түсініктері насихаттық ойдан шығару болып табыла ма немесе олардың артында нақты өмірлік құбылыстар тұр ма?
2. «Кеңестер Одағы империя болды ма?» тақырыбына пікірталас өткізіңдер. Сынып екі командаға бөлінеді, олардың біреуі тезисті қорғайды, екіншісі оны жоққа шығарады. Мүмкіндігінше көбірек дәлелдер келтіруге тырысыңдар.

Үй тапсырмасы

КСРО-ның 15 республикасын кескін картаға түсіріңдер.

8.6. КСРО ыдырауының қарсаңындағы және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы ұлттық саясат

Бүгінгі сабақта:

- 1980 жылдардың соңындағы Қазақстандағы этникааралық қатынастар жайлы оқып білеміз;
- 1986 жылғы Желтоқсаннан кейінгі КОКП-ның ұлттық саясатын талдаймыз;
- 1989 жылғы Тіл туралы Заңмен танысамыз;
- егемендік туралы Декларация және қазақстандықтардың өзіндік таным мәселесін талдаймыз;
- этноұлтшылдық идеологияға баға береміз;
- тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақтандыру бойынша іс-шаралар туралы білеміз.

Қазақстандағы тәуелсіздік қарсаңындағы ұлттық мәселе. 1980 жылдардың екінші жартысында басталған Кеңес Одағының трансформациялық үдерістері этникааралық қатынастар саласындағы өзгерістермен қатар жүрді. Бұл өзіндік сана дағдарысынан, этникалық бірегейлікті іздестірулердің өрістеуінен, ксенофобияның және этникалық қақтығыстың өсуінен (мұның мысалы 1989 жылғы Жаңаөзендегі¹ оқиғалар болды) көрініс тапты. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан кейін биік мінбелерден қазақтарды ұлтшылдықпен айыптау және Г.В.Колбин командасының ұлтшылдыққа қарсы бағытталған іс-шаралары (бәрінен бұрын қазақтарды өкімет билігі органдарынан босату) қазақтардың тәуелсіздікке деген ұмтылысын өшірген жоқ, керісінше оны күшейте түсті. 1980 жылдардың соңына қарай Қазақстанда этникалық белгісі бойынша біріккен, саяси жағынан ұйымдасқан ағымдар ресімделе бастады. Бұл ретте тек қазақ және орыс (славян) ұлттық-патриоттық қозғалыстары ғана саяси жағынан ресімделді де, диаспоралар іс жүзінде саясаттан тыс қалды.

1989 жылғы маусым айында Г.В.Колбиннің Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы қызметінен кетуі және бұл қызметке Н.Ә.Назарбаевтың сайлануы қазақ ұлтшыл-патриоттары мен Қазақстан тәуелсіздігін жақтаушылардың позициясын күрт күшейтті.

Назар аударыңдар! Бұл жайт КСРО өмір сүруінің соңғы онжылдықтарында Қазақстанда біртіндеп қазақстандық бірегейліктің қалыптасқандығының айғағы болды.

«Тілдер туралы Заң» және Қазақ КСР егемендігі туралы Декларация. 1989 жылы Қайта құру толқынында «Қазақ КСР-індегі тілдер туралы» Заң қабылданды.

¹ Қазақ халқының негізінен, жұмысшылардың толқулары Кавказдан шыққандарға қарсы бағытталды. Толқулар әлеуметтік-экономикалық себептерден туындады.

Тірек сөздер:

- өзіндік сана
- тіл саясаты
- егемендік
- политникалық
- этноұлтшылдық
- ұлттық құрылыс
- қазақтандыру



ҚР Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев

Ол қазақ және орыс тілдерінің мәртебесін белгіледі. Заң «Қазақ КСР-інің мемлекеттік тілі қазақ тілі болып табылатындығын», ал орыс тілі «ұлтаралық қатынас тілі» екендігін белгіледі. Осы сәттен бастап қазақ тілі Қазақстанның мемлекеттік тілі болып табылады. Заң қазақтардың ұлт ретінде қайта өркендеуінің маңызды кезеңіне айналды.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі – Қазақстанның шынайы тәуелсіздігі мен республиканың отарсыздану үдерісінің басталуындағы алғашқы қадам туралы Декларация қабылданды. КСРО құрамында қала отырып, Қазақ КСР өзінде Одақтан шығу құқығын сақтады. Бұл Декларацияда басымдыққа ие бағыт ретінде «Қазақ ұлтының және Қазақстанда тұратын басқа да ұлыстардың өзіндік мәдениетін, дәстүрлерін, тілін қайта дамыту мен кадр-қасиетін нығайту»¹ міндеті қойылды. Қазақстанның солтүстік облыстары туралы даулар ескеріле отырып, республика аумағының бөлінбейтіндігі мен қол сұғылмайтындығы ерекше атап көрсетілді. Декларация республиканың «қазақ халқының орталығы» болып табылатындығын атап өтті. Сондай-ақ «Республикадағы барлық ұлттардың өкілдері Қазақстан халқын құрайды және де ол Қазақ КСР мемлекеттік билігінің қайнар көзі мен егемендігінің бірден-бір тасымалдаушысы болып табылатындығын» атап көрсетті. Осылайша, Декларация: 1) қазақ этносының мемлекет құрушы ұлт және қазақ халқының эпицентрі болып табылатындығын; 2) барлық ұлттардың азаматтары Қазақстан халқын құрайтынын жариялады.

¹ Ұлт, ұлттық – этнос (немесе этнос дамуының жоғары сатысы) мағынасында.

Бірінші тезис ұлттық-патриоттық қозғалысты қанаттандырды және тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекеттің этноұлттық саясатын алдын ала анықтады, ал екіншісі республикадағы этникааралық жанжалдардан сақтандырып, славян және басқа диаспораларды тыныштандырды. Славяндар мен басқа диаспоралардың өкілдеріне өздерін Қазақстан халқының құрамдас бөлігі деп есептеу, өздерін-өздері «қазақстандықтар» деп қарау ұсынылды.

Назар аударыңдар! Қазақстандық қоғамның полиэтникалық сипаты, Қазақстан этникалық картасы қалыптасуының көп кезеңді тарихы, қалыптасып келе жатқан қазақстандық бірегейлік («Қазақстан халқына» тиістілік), республика егемендігі мен қазақтардың ұлттық қайта өрлеуі Орталық Азияның бірқатар басқа республикаларындағыдай жергілікті емес халықтың жаппай кетуі мен қоғамның толықтай «жергіліктенуіне», этникааралық қақтығыстарға әкелмеуінің себебіне айналды.

1991 жылы желтоқсан айында Кеңестер Одағы өмір сүруін тоқтатып, оған кіретін одақтас республикалар толықтай тәуелсіздігін алды. КСРО-ның жойылуымен кеңестік (лениндік) ұлттық саясат және «жаңа тарихи қауымдастық – кеңес халқы» да жойылды. Қазақстан Республикасын қосқанда, КСРО-ның бұрынғы әрбір одақтас республикасында ұлттық қайта өрлеу үдерісі мен ұлттық құрылыстың жаңа кезеңі – тәуелсіз мемлекеттің басты ұлтының, сондай-ақ азаматтық қазақстандық ұлттың құрылуы да басталды. Ұлттық құрылыс мақсаттары Қазақстан Республикасы ұлттық саясатының міндеттерін де белгіледі.

Қазақстан Республикасының 1991–1995 жылдардағы этноұлттық саясаты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында ҚР ұлттық саясаты ұлттық қайта өрлеуде (ұлттық құрылыста) қазақтардың тілі мен өзіндік мәдениетін өркендету мақсатының басымдығын белгіледі. Сондықтан оны этноұлттық саясат деп атауға болады.

Бұл маңызды! *Этноұлтшылдық* ұлтты этнос дамуының фазасы деп есептейді. Ол кез келген ұлттың этникалық ядросы бар екендігін және ұлтты құратын адамдардың табиғи бірлігіне баса назар аударылатынын айтады. Этноұлтшылдық идеологиясына сәйкес, ұлт мүшелерін ортақ шығу тегі, ортақ тарихи және мәдени мұрасы, тілі, діні, дәстүрлері, туған жерге деген эмоциялық байланысы біріктіреді.

КСРО өмір сүруінің соңғы онжылдықтарында қазақтардың этникалық сана-сезімінің өсуі қазақ этносының бірігуіне, кеңестік мәдени саясат нәтижесінде зардап шеккен қазақ тілі мен дәстүрлерін қайта өркендетуге, 1980 жылдардың соңына қарай орын алған елдегі титулдық емес этностардың басымдық алуы жағына қарай демографиялық ауытқуды түзеуге қуатты әлеуметтік сұранысты дайындады. Бұл сұранысқа жауап бере отырып, тәуелсіз Қазақстан үкіметі байырғылану (қазақыландыру/орыссыздандыру) саясатын жүргізе бастады, ол өзіне мынадай іс-шараларды қамтыды:

1. Қазақ тілінің жоғары мәртебесін нығайтуға бағытталған тіл саясаты. Қазақстанның 1993 және 1995 жылдардағы Конституциялары қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде бекітті; орыс тілі ресми тіл (мемлекеттік мекемелерде қазақ тілімен қатар қолданылатын) мәртебесін алды.

2. Білім беруді қазақыландыру. Мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сағаттарының санын арттыру және орыс тілі мен әдебиеті сағаттарын қысқарту; қазақ тілінде оқытатын мектептер санының айтарлықтай өсуі; қазақтілді бала бақшалар санының елеулі өсуі. Бірінші кезекте гуманитарлық пәндер бойынша, мәтінін елеулі өзгерте отырып, жаңа оқулықтар дайындау мен басып шығару.

3. БАҚ-ты қазақыландыру. Орыс тіліндегі теле және радиохабарлар көлемін қысқарту, осыған сәйкес, қазақ тіліндегі хабарлар көлемін арттыру.

4. Қазақ топонимикасын қайта қалпына келтіру. Мемлекеттік ономастикалық комиссия құрылды, ол кеңестік және (ішінара) кеңеске дейінгі орыс атауларын қазақшаға алмастыру мақсатымен қалалардың, көшелер мен басқа да топографиялық нысандардың атын өзгерту жөнінде жоспар әзірледі. Бірқатар жағдайда орыстандырылған қазақ атаулары түзетілді, мысалы, Алма-Ата – Алматы.

5) Қазақ тілін орыс сөздерінен тазарту. Бұл үдеріс тәуелсіздіктің алғашқы жылдары стихиялы түрде басталды және неғұрлым белгілі бір арнаға 1998 жылы Мемлекеттік терминологиялық комиссия құрылғаннан кейін бағытталды.

6) Ісқағаздарын жүргізу мен басқаруды қазақыландыру. Бұл іс-шара ісқағаздарын жүргізуді біртіндеп қазақ тіліне көшіру мен басқарушы мамандарды жергіліктендіруді (бұл үдеріс 2000 жылдардың бас кезінде күшейді) ұйғарды. Мемлекеттік тілді білу мемлекеттік қызметтегі табысты мансаптың шартына айналды. Өйткені 1990 жылдардың бас кезінде ҚР халқының тек 40%-ға жуығы ғана қазақ тілінде сөйледі, ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізуге көшу бәрінен бұрын қазақтілді облыстарда жүзеге асырылды.

7) Қазақ дәстүрлерін, сөндік-қолданбалы өнері мен тұтастай алғанда, өзіндік қазақ мәдениетін қайта өрлетуге бағытталған мәдени саясат.

Жоғарыда аталған іс-шаралар тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында этноұлттық саясат арнасында болды. Олар КСРО-да жүргізілген орыстандыру саясатынан елеулі зардап шеккен қазақ этносының арман-мүдделеріне жауап берді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. 1980 жылдардың соңында КОКП-ның Қазақстандағы ұлттық саясаты қандай болды?

- Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны оқып шығындар және мына сұрақтарға жауап беріңдер: а) Декларация қазақ этносының ерекше мәртебесін қалайша атап көрсетті? ө) Декларация қазақстандық қоғамның полиэтникалық сипатын қалай атап өтті?
- Этноұлтшылдыққа анықтама беріңдер. Этноұлтшылдық ұлтшылдықтың қандай түрлеріне қарсы тұрады?
- Тәуелсіз Қазақстан ұлттық саясатының бірінші кезеңі неліктен этноұлтшылдық ретінде сипатталады?
- Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары қазақстандық қоғамды қазақыландыруға бағытталған іс-шараларды атаңдар.

Өлкетану бойынша тапсырма

1990 жылдары сендердің қалаларыңда, аудандарыңда, облыстарыңда қандай кеңестік және орыс топонимдері қазақ топонимдерімен алмастырылды? Ескі және жаңа атауларын келтіріңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырма

- 1990 жылдардағы Қазақстандағы тіл саясаты туралы эссе жазыңдар.
- «1990-жылдары Қазақстанда қазақтандыруға бағытталған іс-шаралар» кестесін толтырыңдар.

Іс-шара	Нақты іс-әрекеттер	Нәтижесі
Қазақ тілінің мәртебесін нығайту.	Ел Конституциясында қазақ тілінің мәртебесін мемлекеттік тіл ретінде бекіту.	Қазақ тілі – Қазақстанның мемлекеттік тілі болды. Қоғамда қазақ тілінің беделі айтарлықтай өсті.
Білім беруді қазақыландыру	– мектепте қазақ тілі мен әдебиеті сағаттарының санын арттыру; – қазақ тілінде оқытатын мектептер санының елеулі өсуі	– Қазақ тілін Қазақстандағы барлық сыныптардағы мектеп оқушыларының бәрі оқиды

IV тарауға арналған зерттеушілік тапсырма

Қазақстанның полиэтникалық құрамының қалыптасуы тарихын қарай отырып қандай ұлттардың негізінен аулдық жерлерге, ал қандай этникалық топтардың қалалық жерлерге орныққанын анықтаңдар. Олардың өмір сүру салтын саралай отырып олардың не себепті қаланы немесе ауылдық жерлерді таңдағандығына сараптама жасаңдар? Зерттеу жұмысын жазып, оған оқулықпен қатар өзге де қосымша ақпарат құралдарының (БАҚ мәліметтері, электрондық ақпарат көздері) мәліметтерін пайдаланыңдар.

IV тарауға арналған тест тапсырмалары

- Ресей империясының отарлауы барысында пайда болған қалалар:
 - Орынбор, Семей, Петропавл;
 - Түркістан, Верный, Омбы;
 - Верный, Орынбор, Отырар;
 - Тараз, Өскемен, Семей;
 - Омск, Томск, Сайрам.
- Қазақстандық қалалардың этникалық құрамымен бірге өзгерді?

- A) шенеуніктер құрамы;
 - B) басқару жүйесі;
 - C) конфессиялық жағдай;
 - D) отарлау саясатының бағыты;
 - E) білім беру жүйесі.
3. 1897 жылғы санақ бойынша тұрғындары ең көп қала:
- A) Орынбор;
 - B) Омбы;
 - C) Верный;
 - D) Семей;
 - E) Ақмола.
4. XX ғасырдың басында барлық орыстардың үштен бірінен астамы қоныстанған аймақ:
- A) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан;
 - B) Оңтүстік Қазақстан;
 - C) Сырдария аумағы;
 - D) Батыс Қазақстан;
 - E) Солтүстік Қазақстан.
5. 1881 жылғы Ресей мен Қытай арасындағы Санкт-Петербург шартынан кейін Қазақстанға қоныс аударылғандар:
- A) немістер мен поляктар;
 - B) ұйғырлар мен дүңғандар;
 - C) орыстар мен немістер;
 - D) түріктер мен немістер;
 - E) ұйғырлар мен өзбектер.
6. 1938 жылы корейлер қоныстандырылған аймақтар:
- A) Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Семей;
 - B) Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан;
 - C) Шығыс Қазақстан, Балхаш;
 - D) Батыс Қазақстан, Семей;
 - E) Солтүстік Қазақстан, Өскемен.
7. Ресей немістерінің Қазақстан аумағына жаппай қоныс аударуы басталды:
- A) XIX ғасырдың аяғы;
 - B) XVIII ғасырдың басы;
 - C) XVII ғасыр;
 - D) XX ғасырдың басы;
 - E) XX ғасырдың ортасы.
8. Балкарлар Қазақстанға депортацияланған жыл:
- A) 1944 ж.
 - B) 1880 ж.
 - C) 1941 ж.
 - D) 1921 ж.
 - E) 1938 ж.
9. 1944 жылғы маусым айының басында Қырымнан көшірілген халықтар:
- A) балкарлар мен гректер;
 - B) ұйғырлар мен дүңғандар;
 - C) шешендер мен армяндар;
 - D) корейлер мен түріктер;
 - E) шешендер мен гректер.
10. 1924 жылы Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу қандай принциптерде жүргізілді?

- A) болгарлар мен гректер;
 - B) ұйғырлар мен дүңғандар;
 - C) шешендер мен армяндар;
 - D) корейлер мен түріктер;
 - E) шешендер мен гректер.
11. «Лениндік ұлттық саясат» деп аталатын саясат іске асырылған жылдар:
- A) 1917–1920 жж.
 - B) 1920–1930 жж.
 - C) 1920–1950 жж.
 - D) 1912–1917 жж.
 - E) 1917–1918 жж.
12. Ұлттардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты уағыздайтын және ұлтшылдыққа қарсы тұратын идеология:
- A) империализм;
 - B) интернационализм;
 - C) шовинизм;
 - D) кеңестік;
 - E) коммунизм.
13. КОКП-ның ұлттық саясаттағы утопиялық мақсаты:
- A) «ұлыдержавалық шовинизм»;
 - B) интернационализм;
 - C) «ұлттардың бірігуі»;
 - D) шовинизм;
 - E) русофобия.
14. 1960–1980 жылдары қазақтардың арасында ұлттық-патриоттық көңіл күйді дамытуда өз үлесін қосқан әдебиет туындылары:
- A) «Абай жолы», «Көшпелілер»;
 - B) «Бақытсыз Жамал», «Миллионер»;
 - C) «Оян қазақ!», «Бақытсыз Жамал»;
 - D) «Қан мен тер», «Абай жолы»;
 - E) «Оян қазақ!», «Миллионер».

4 тараудың қорытындысы

Қазақстандағы «моноэтностық құрамның» өзгеріп, «полиэтникалық қоғамның» қалыптасуы бірнеше кезеңде жүзеге асты: ерікті қоныс аудару (XVI–XVII ғғ.), казактардың қоныс аударуы (XVIII–XIX ғасырдың ортасы), шаруалардың қоныс аударуы (1860 жылдар – XX ғасырдың бас кезі). Шаруалық отарлау аграрлық саясат салдарынан (1906–1914 жж. Столыпин реформасы) күшейді. Бұл кезде шаруалардың Ресейдің орталық губернияларынан елдің шығысына қарай қоныс аударуы жаппай сипатқа ие болды. Нәтижесінде жергілікті халықтың меншікті үлесінің қысқаруы мен келімсек халық үлесінің өсуі орын алды. Көші-қон саясатының салдарынан Қазақстан халқының түркі (негізінен қазақтар) және славян халықтары басым болған полиэтникалық құрылымы қалыптасты.

Солтүстік-батыс, Шығыс және Орталық Қазақстан қалаларының халқы көпэтникалық болды. Оған орыстар, украиндар, поляктар, немістер, татарлар және басқа да этникалық топтар кірді. Қалалардың әлеуметтік құрамы ала-құла болды: казактар, әскерилер, шенеуніктер, саудагерлер, зиялы қауым (оның ішінде саяси жер аударылғандар), жұмысшылар. XIX ғасырдың екінші жартысында қалалықтар санының өсуі сауда-өнеркәсіптік халықтың қоныс аударуы есебінен жүрді. XIX ғасырдың соңынан бастап қалалықтар құрамындағы қазақтардың үлесі артты, қалалардың өсуі ішкі көші-қондар есебінен жүрді. Экономикалық жағынан өзара әрекеттесе отырып, орыстар мен қазақтар бір-бірінің тілімен және дәстүрлерімен танысты.

Ұйғырлар – исламдандырылуы XVII ғасырға қарай аяқталған Орталық Азиядағы ежелгі түркі халықтарының бірі. Дүнгендер – мұсылман-қытайлықтар. Екі халық та Шыңжаңда 1864–1877 жылдардағы қытайларға қарсы көтеріліске қатысты. 1881 ж. Ресей және Цинь империяларының арасында орыстар басып алған Іле өлкесін Қытайға беру туралы шартқа қол қойылды. Бұл шарт бойынша өлкенің мұсылман халқы бодандықты таңдау құқығын алды. Іле өлкесіндегі қуғын-сүргіндерден қауіптенген ұйғырлар мен дүнгендер ресейлік бодандықты таңдады. Олардың Жетісуға қоныс аударуы 1881–1883 жж. болып өтті.

Өзбектер Қазақстанның оңтүстік облыстарында көбірек орналасқан. Олар 1917 жылғы революцияға дейін сарттар атанған Түркістанның отырықшы-егінші халқының ұрпақтары болып табылады. «Сарт» сөзі Орта Азияның барлық отырықшы халқына қолданылды және этноним емес, соционим болды. Өзбек КСР пайда болғаннан кейін «сарт» термині қолданыстан шығып, ол «өзбек» этнонимімен алмастырылды. Татар диаспорасы Солтүстік, Шығыс, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан қалаларына шоғырланды. Татарлардың Қазақстанға XVIII–XIX ғасырларда көптеп

ағылып келуі татар мешіттері мен мектептерінің пайда болуымен, сондай-ақ татар сауда капиталының енуімен байланысты болды.

1917 жылғы төңкерістен кейін Қазақстанның славян халқы табиғи өсімнің, сондай-ақ көшіп келудің салдарынан да өсті. Соғыстан кейінгі үш бесжылдықтың ішінде еңбек мигранттарының ағылуы орын алды. Славян халқының өсуі сондай-ақ, күштеп қоныс аударулар (арнаулы қоныстандырылғандар) есебінен де жүрді. Соғыс жылдары славян халқы КСРО-ның еуропалық бөлігінен эвакуацияланған халық есебінен де өсті. Славян диаспорасының қалыптасуына 1950–1960 жылдардағы тың игеру, комсомолдық құрылыстар (жастардың ерікті көші-қондары), Қазақстанда әскери бөлімдер мен полигондардың орналасуы үлкен әсерін тигізді. Бұл ағындардың барлығы Қазақстанда славяндар санының қазақтардан асып кетуіне әкеп соқты.

Қазақстандағы неміс диаспорасының елеулі бөлігін Дала өлкесіне төңкеріске дейін қоныс аударған неміс шаруа-колонияшылардың ұрпақтары құрайды. Неміс колониялары бір-бірінен конфессиялық қағидаты бойынша ерекшеленді. Немістердің бұдан кейінгі ағылып келуі 1935–1936 жылдар мен 1941 жылғы күштеп қоныс аударулардың нәтижесінде орын алды. Соғыс кезінде Қазақстанға 400 мыңнан астам неміс күштеп қоныс аударылып, олардан ГУЛАГ құрамындағы «еңбек армиясы» құрылды. Немістердің толықтай ақталуы тек 1972 жылы ғана жүзеге асты. Бұл кезде немістер республикада саны жағынан үшінші этносты құрады және өнеркәсіп пен мәдениеттің барлық салаларында өкілдері болды.

1989 жылғы санақ Қазақ КСР аумағында 103315 адамдық корей диаспорасын тіркеді.

Қазақстандық корейлер Қиыр Шығыстан 1930 жылдардың соңында күшпен қоныс аударылған адамдардың ұрпақтары болып табылады. Кеңес өкіметі корейлерді жапон ықпалын жүргізушілер және Жапониямен әскери қақтығыс бола қалған жағдайда «бесінші колонна» деп есептеді. Корейлерді 1937 жылы күштеп қоныс аудару КСРО-ның Жапониямен соғыс қатерімен және кеңестік басшылықтың корейлердің жапондықтарға мүмкін болатын көмегі туралы ойдан шығарылған қауіптерімен байланысты болды. Қоныс аударылған корейлер Қазақ КСР мен Өзбек КСР-на жіберілді. Бұл жерде жергілікті халық оларға тілектестік көзқарас танытты. Корейлік арнайы қоныстандырылғандардан күрші өсіру кеңшарлары құрылды. 1960 жылдардың ортасынан бастап корейлер қалаларға белсенді түрде көше бастады.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанның этникалық картасының өзгеруі бейбіт халық пен кәсіпорындарды эвакуациялау есебінен ғана емес, сондай-ақ КСРО-ның батыс аудандарынан ұнамсыз әлеуметтік және этникалық топтарды күштеп қоныс аудару есебінен

де жүрді. Депортация тауар вагондарында адамдар сығылысқан және антисанитариялық жағдайларда жүзеге асырылды. Бұл мыңдаған адамның өліміне әкелді. Қоныс аударылған халықтардың ішінде – қарашайлар, шешендер мен ингуштар, балқарлар, қырым татарлары, армяндар, гректер, месхетия түріктері, күрдтер, өзірбайжандар болды. Сталиннің жеке басына табынушылықты сынаған КОКП XX съезінде (1956) этникалық қуғын-сүргіндер де айыпталып, күштеп қоныс аударылған халықтар ақталды.

1920–1930 жылдары тең құқықты ұлттық республикалардың федеративті мемлекетін құруға бағытталған «лениндік ұлттық саясат» жүзеге асырылды. 1922 жылы КСРО жарияланды. 1924 жылы республика шеңберінде этносты оның этникалық аумағымен тұтастыру қағидатына негізделген – Орта Азияны ұлттық-аумақтық межелеу шаралары жүргізілді. Республикалардың жергілікті ұлттарын дамыту бойынша іс-шаралар қабылданды. Қазақ жерлерін бір республикаға біріктіру, ұлттық құрылыс бойынша іс-шаралар, республика мәртебесін одақтық республикаға дейін (1936 ж.) көтеру қазақ бірегейлігінің, қазақ ұлты қалыптасуына жағдай жасады.

КСРО-да ұлы державалық шовинизмге өртүрлі ұлттар мен елдер еңбекшілері мүдделерінің бірлігін атап көрсететін пролетарлық интернационализм идеологиясы қарсы қойылды. Конституция бойынша КСРО федеративті мемлекет, теңқұқықты республикалар одағы болды. Бірақ іс-жүзінде мықты орталығы бар, унитарлық мемлекет болды. КСРО-ның империялық сипаты оның өз аумағын кеңейтуді жалғастыруынан және онда бірыңғай «кеңестік адамды» жасау мақсатымен қатаң орталықтандыру, біріздендіру мен орыстандыру саясаты жүргізілгендігінен көрінді. Бұл мақсат пен этностық ұлтты күшейткен ұлттық құрылыс нәтижелерінің арасындағы қарама-қайшылық айқын көрінді.

1980 жылдардың соңына қарай Қазақстанда этникалық белгілері бойынша біріккен саяси ағымдар ресімделе бастады. 1989 жылы Н.Ә. Назарбаевты ҚКП ОК бірінші хатшысы етіп сайлау Қазақстан тәуелсіздігін жақтаушылардың позициясын күшейтті. Сол жылы қазақ тілін Қазақстанның мемлекеттік тілі деп жариялаған «Тіл туралы Заң» қабылданды. 1990 жылғы 25 қазанда Қазақ КСР мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қабылданды. Ол қазақ этносының мемлекет түзуші ұлт болып табылатындығын, ал барлық ұлттардың азаматтары Қазақстан халқын құрайтынын жариялады. Бұл Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары (1991–1995 жж.) мемлекеттің этноұлттық саясатын белгіледі және сондай-ақ елде этносаралық қақтығыстарды болғызбауға мүмкіндік берді.

V тарау. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

9-тақырып. Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты

Оқыту мақсаты:

- көші-қон саясатының ерекшеліктерін анықтау үшін «көші-қон», «эмиграция», «иммиграция», «репатриант», «диаспора», «ирридента» ұғымдарын пайдалану;
- Қазақстандық заңнаманың және мемлекеттік бағдарламалардың негізінде көші-қон саясатының негізгі бағыттары мен басымдықтарын түсіндіру.

9.1. Демографиялық даму және Қазақстан Республикасының көші-қон саясаты

Бүгінгі сабақта:

- 1990 жылдары тәуелсіз Қазақстан халқы санының төмендеуін талдаймыз;
- сыртқы көші-қон өсуінің себептерін анықтаймыз;
- ішкі көші-қон туралы білеміз;
- этникалық қазақтардың тарихи отанына қайтып оралуын бағалаймыз.

Тәуелсіз Қазақстанның демографиялық дамуы. Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін саясат пен экономикадағы түбегейлі өзгерістер ел демографиясын елеулі өзгерістерге әкелді. Қазақстанның этникалық картасы да өзгерді. Саясаттағыдай, этнодемографиялық көзқарас тұрғысынан да, ел дамуының сапалық жағынан жаңа кезеңі басталды.

Қазақстан – үлкен демографиялық мәселелері бар ел. 2724,9 мың шаршы км болатын орасан зор аумақта *халықтың өте төменгі тығыздығы* (бір шаршы километрге 5,5 адамдай) сақталып отыр. Бұл ретте халықтың аумақ бойынша таралуы де біркелкі емес: үш оңтүстік облыста халықтың 40%-ға жуығы шоғырланса, бес батыс облыста (Қызылорда облысын қосқанда) бар-жоғы 17%-ы шоғырланған.

Қазақстан Республикасының 1990 жылдардағы демографиялық жағдайының басты ерекшелігі *халық санының қысқаруы* болды. Кеңестік уақытта Қазақстан халық саны (тығыздықтың төмендігі кезінде) бойынша РКСФР, Украина мен Өзбекстанға ғана жол берді.

Тірек сөздер:

- демография
- көші-қон саясаты
- эмиграция
- сыртқы миграция
- иммиграция
- ирридент
- диаспора
- қандастар
- репатриант



Кестеге қарап көші-қон туралы өз тұжырымдарыңды жасап, мысалдар келтіріңдер

Алайда этникалық құрамы бойынша келімсек халықтың көптігімен (1989 жылғы санақ бойынша қазақтар халықтың 39,7% -ын құрады) ерекшеленді. Бұл тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елден халықтың көптеп кетуіне себеп болды. Бұған қоса, еуропалық халықтарда табиғи кему (бала туудан өлімнің жоғарылығы) көрініс берді. 1990 жылдары туудың төмендеуі мен өлім санының өсуі тәуелсіздіктің алғашқы жылдары әлеуметтік-экономикалық дағдарысқа орай халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуімен байланысты болды.

Назар аударыңдар! 1993–1998 жылдары Қазақстан халқының саны жылдық орташа қарқынның 0,9%-ымен қысқарды. 1989 жылдан бастап 10 жылдың ішінде Қазақстан халқының саны 1 246 028 адамға (7,7%-ға) азайды және 1999 жылғы санақ бойынша 14 953 126 адамды құрады.

Сыртқы көші-қон. 1990 жылдары Қазақстан Республикасы халық саны қысқаруының басты себебі *теріс көші-қондық сальдо* (эмигранттар санының иммигранттар санынан асып кетуі) болды. Бұл кезеңде Қазақстаннан эмиграцияның өсуіне бүкіл отаршылдық кезеңде 1980 жылдарға дейін жалғасқан отарлаудың бірнеше толқынын, күштеп қоныс аударуды, жер аудару мен депортацияны, еңбек көші-қонын қосқанда, елдің полиэтникалық халқының қалыптасу тарихының өзі жағдай жасады. «Тілдер туралы» Заңның қабылдануына және егемендіктің, одан кейін Қазақстан тәуелсіздігінің жариялануымен (1991) және тәуелсіздіктің бастапқы кезеңінде этникалық реңктегі ұлттық саясаттың жүргізілуіне байланысты қазақтардан басқа халықтардың республикадан кетуі заңды және болмай қоймайтын жайт болды.

Орыстілді халықтың кету себептері. Орыстілді халықтың эмиграциясына (Ресейге, Украина, Белоруссияға) қазақ тілін мемлекеттік тіл деп жариялау мен ақпараттық кеңістік саласын тарылтудан (орыс тіліндегі теле және радиохабарлар тарату) бастап, мамандар саясатындағы жаңа үрдістерге дейінгі социумды «қазақтандыру» бойынша іс-шаралар себепші болды. Ақпараттық және білім беру салалары мен бүкіл

қоғамдық өмірді қазақыландырудың/орыссыздандырудың басталуы, қазақ тілі позицияларының күшеюі Қазақстанның орыстілді халқында өздерінің этникалық мүдделеріне қысым жасау сезімін туындатты. Ресеймен байланыстардың әлсіреуі, отарлық өткен уақытты жағымсыз бағалаулар, қазақтардың арасында этноұлтшылдық көңіл күйлердің өсуі 1990 жылдары орыстілді/еуропалық халықтың жоғары көші-қондық белсенділігіне әкелді.

Көші-қонның экономикалық себептері. Бұрынғы КСРО-ның басқа аймақтарымен экономикалық байланыстардың бұзылуы мен экономикадағы дағдарыстық құбылыстар; өнеркәсіптегі, оның ішінде өндіруші және ауыр өнеркәсіптің қала түзуші кәсіпорындарындағы өндірістің құлдырауы; оларда ондаған мың орыс жұмысшылары қамтылған әскери-өнеркәсіптік кешеннің қысқаруы да өз рөлін атқарды.

Қазақстандағы немістер ГФР-дің Германияға эмиграцияға арналған «Жер аударылған тұлғалар мен босқындардың істері туралы» Заңы бойынша *репатриация* құқығын пайдаланды. Қазақстандық немістердің эмиграциялық көңіл күйлеріне ҚР еуропалық халқы үшін ортақ, жоғарыда аталған себептер ғана емес, 1990 жылы Германияның бірігуі де септігін тигізді. Репатриацияның қолайлы режімі қазақстандық немістердің тарихи отандарына кетуіне әкелді. 1992 жылы Қазақстаннан – 80 мың, 1993 жылы – 100 мың, 1994 жылы 120 мың неміс көшіп кетті.

Бұл маңызды! 1990 жылдардың бас кезінде орыстілді халық эмиграциясының этносаяси факторлары басым болса, 1990 жылдардың соңынан бастап – экономикалық факторлар басым болды.

Жаппай эмиграцияның қорытындысы. Қазақстан халқы саны 1989 жылғы 16,2 млн адамнан 1999 жылғы санақ бойынша 14,9 млн адамға дейін төмендеді. Қазақстанның жергілікті емес халықтарының елден кетуінің негізгі себебі олардың өздерінің ежелгі отандарына оралуы болды.

2002 жылдан бастап Қазақстан халқы тұрақты өсе бастады. Халық саны 2009 жылы 16 млн адамды құраса, 2019 жылы 18 млн адамнан асты. Өсу байырғы халықтан басқа халықтардың көшіп кетуінің тоқтауымен, экономикалық жағдайдың тұрақтануымен және үкіметтің этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін құруға (келесі параграфты қараңдар) бағытталған арнаулы іс-шараларына байланысты болды.

Назар аударыңдар! Орталық Азияның басқа мемлекеттерінен айырмашылығы, Қазақстанда Ресейге еңбек миграциясының жоқтығы. Бұл табысты нарықтық реформалармен, экономикалық өсумен және Қазақстандағы тұрмыстың неғұрлым жоғары деңгейімен, сондай-ақ ішкі көші-қонның көмегімен, аграрлық тығыз қоныстану мәселелерін шешумен байланысты.

Ішкі көші-қон. Қалалардағы орыстілді халықтың кетуі тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ауылдағы өлеуметтік инфрақұрылымның

дағдарысы мен бала туудың жоғарылығына байланысты, аграрлық тығыздықтың артуына орай ауылдық жерлерден қалаларға ішкі көші-қонға жол ашқандығына байланысты болды. Облыс ішіндегі және облысаралық көші-қон, негізінен, қазақтар арасында кең таралды. Нәтижесінде қала халқының құрамындағы қазақтардың үлесі айтарлықтай өсті.

Халықтың ел аумағында біркелкі бөлінбегендігі туралы айтылған болатын. Біркелкі еместік этникалық құрамнан да көрініс тапты: республиканың солтүстік, солтүстік-батыс және шығыс облыстарында орыстардың үлесі оңтүстік-батыс және оңтүстік облыстарға қарағанда (Алматы қаласын қоспағанда) айтарлықтай жоғары болды. Үкіметтің көші-қон саясаты бағыттарының бірі оңтүстік-батыс пен оңтүстік аймақтардан орыстiлді халықтың кетуіне орай демографиялық тұрғыда кеміген солтүстік-батыс пен солтүстікке көшуді ынталандыру болды. Астананы елдің оңтүстік-шығысынан (Алматы) солтүстікке (Ақмола, 1997 жылғы желтоқсан) көшіру себептерінің бірі солтүстікке қазақтiлді облыстардан көші-қон ағындарын бағыттауға ұмтылыс болды. Жаңа астана (1998 жылдан Астана, 2019 жылдан бастап Нұр-Сұлтан), негізінен, қазақтардың көшуі есебінен қарқынды өсе бастады. Оның халқы 1989 жылғы 281 252 адамнан 2018 жылғы 1 030 577 адамға дейін өсті.

Қазақ ирреденттер мен диаспорасын репатриациялау бағдарламасы. Этникалық қазақтардың елеулі бөлігі шетелде диаспора ретінде орныққан. Ресейдің шегаралық облыстарындағы үлкен диаспора (дұрысырағы – *ирредента*) кеңестік кезеңнің бас кезінде өкімшілік шекараларының қалыптасуына байланысты өз елінен бөлініп қалған болатын. Қытайдағы, Моңғолия, Ауғанстан, Иран мен басқа елдерде диаспоралар 1916–1930 жылдардың бас кезіндегі дағдарыстық кезеңдегі көшіп кеткен еді. Өртүрлі есептер бойынша, қазақ этносының үштен біріне жуығы қазақтардың этникалық аумағынан тыс жерлерде тұрады.



Қазақтардың V Бүкіләлемдік құрылтайы



Қазақстан Республикасының демографиялық және миграциялық саясатының нәтижелері бойынша қазақтардың үлесі (2019). Дереккөз: ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі статистикалық комитеті ресми мәліметтерінен

Анықтама. Ирредента – өзіне ұқсас немесе жақын этнос көпшілікті құрайтын мемлекетке жақын, жинақталып тұратын қандай да бір мемлекеттің құрамындағы аз санды этнос.

Тәуелсіздік кезеңінде басқа елдерден қазақтардың көші-қоны ынталандыру басталды. 1991 жылдан бастап Қазақстан Республикасына тұрақты мекендеу үшін Өзбекстан, Түрікменстан, Ресей мен алыс шетелдерден (Моңғолия, Қытай, Иран, Түркия, Ауғанстан) қазақ ирреденттері мен диаспоралары (*қандастар*) келе бастады. Моңғолиядан иммигранттардың негізгі ағыны 1991–1993 жылдары келді (60 мың адам). 25 жылдың ішінде (1991–2016 жж.) Қазақстанға 957 764 қандастар келді, ал егер олардың ұрпақтарын, сондай-ақ қоныс аудару бойынша мемлекеттік бағдарламаның көмегінің келгендерді ескеретін болсақ, 1 млн-нан астам адам (республикадағы барлық қазақтардың 10%-ы) келді.

2008 жылы қандастарды тиімді таратып қоныстандыру мен орналасуына жәрдемдесу үшін «Нұрлы көш» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Бұл бағдарлама бойынша қандастарды бейімдеу мен кіріктіру орталықтары құрылады, материалдық, ақпараттық, құқықтық көмек көрсетіледі. Қоныс аударушы-қандастарға біржолғы жәрдемақы; жұмысқа орналасуына көмек көрсету; мемлекеттік және ресми тілдерді¹ үйрену үшін жағдайлар жасау; білім беру мекемелеріне түсу үшін квоталар бөлу; Қарулы Күштерде қызмет етуден босату; тұрақты тұратын жеріне дейін тегін жеткізу; келген жерінде тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және басқа жеңілдіктер жасалды.

¹ Қандастардың көпшілігі орыс тілі мен кирилл жазуының негізіндегі қазақ әліпбиін білмейді; бұған қоса, 1920–1930 жылдардағы эмигранттардың ұрпақтары сөйлейтін қазақ тілінде сол уақытта қазақ тілі лексикасына енген русизмдер жоқ және керісінше қандастардың лексикасында өздері келген елдеріне қарай көптеген қытай, моңғол немесе парсы сөздері бар. Жалпы қандастардың арасында Қазақстан қазақтарында сақталмаған дәстүрлер мен салттар көбінде өздері қуғында жүрген кезінде олардың арасында тұрған халықтардан алынған мәдени құрамдасармен көршілес болады.

Бастапқыда (1990 жылдары) қандастарды таратып қоныстандыру біркелкі жүрген жоқ. Олардың үлкен бөлігі Түркістан, Алматы және Маңғыстау облыстарына, сондай-ақ Алматы, Астана (қазіргі Нұр-Сұлтан), Тараз, Жаңаөзен қалаларына қоныстанды. 2014 жылдан бастап Астана мен Алматы қоныс аудару үшін жабылды. Қандастар иммиграциясының квотасы әрбір жылға белгіленеді және айтарлықтай өзгеруі мүмкін (мысалы, 1993 жылы 10 мың отбасы, 2000 жылы 500 отбасы, 2009 жылы 20 мың отбасы).

Өз білімдеріңді тексеріңдер.


1. Тәуелсіз Қазақстанның негізгі демографиялық мәселелерін атаңдар.
2. Қазақстанның демографиялық мәселелерін шешуге қандай іс-шаралар жағдай жасауы мүмкін?
3. 1990 жылдары еуропалық халықтың Қазақстаннан көшуінің себептерін атаңдар.
4. Орыстіді халықтың кетуінің оң және теріс салдарларын көрсетіңдер.
5. *Хрестоматиядан* «Қазақстан Республикасының 2017–2021 жылдарға арналған көші-қон саясатының тұжырымдамасы» құжатын оқып шығыңдар және сыныпта оның негізгі ережелерін талқылаңдар.

Картамен жұмыс

Картадан: а) қазақ диаспорасы таралып қоныстанған негізгі елдерді; ө) қазақ ирреденттері таралып қоныстанған негізгі жерлерді; б) репатриацияның бірінші кезеңінде оралмандар таралып қоныстанған негізгі облыстарды; в) ҚР-дағы ішкі көші-қонның негізгі бағыттарын көрсетіңдер.

Күрделілігі жоғары тапсырма

1. Өртүрлі пікірлерден туындаған сұрақтарды топтарда талқылаңдар: Ауыл халқының санасында қала қандай рөл атқарады? Ал қалалықтардың санасында ауылдың рөлі қандай? Біздің санамызда екіұдайылық бар. Қазір көптеген адамдар қаладан ауылға көшкісі келетінін айтады. Ауылды сағынамыз, еске аламыз. Бірақ ауылға бармайды. Не үшін? Жақсы тұрмыс кешу үшін қалада тұру керек деп қараймыз. Неге?
2. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстан халқының көші-қон белсенділігі мен табиғи өсімінің өзгерісін бейнелейтін, төменде келтірілген диаграммаға талдау жасаңдар. Мысалы:
 1. 1990-жылдары бала туу құлдырап кетті және кеңестік деңгейге тек 2008 жылы ғана жетті. Бұл ... жағдайлармен байланысты орын алды.
 - 2.
 - 3.



Дереккөз: ҚР Ұлттық экономикалық министрлігі статистикалық комитетінің ресми мәліметтері

3. Қазақстандағы демографиялық мәселелерді шешуге Үкіметтің қандай іс-шаралары септігін тигізеді?

10-тақырып. Ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделі

Оқыту мақсаты:

- 11.2.2.3 мемлекеттік стратегияларды және бағдарламаларды зерттеу негізінде ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін бағалау.

10.1. Қазақстандағы этносаралық және конфессия аралық келісім

Бүгінгі сабақта:

- этноұлттық саясаттан этносаралық келісім саясатына өтуін анықтаймыз;
- Қазақстан халқы Ассамблеясының этносаралық бейбітшілікті нығайтудағы рөлін оқимыз;
- азаматтық сәйкестікті қалыптастыру міндетін талдаймыз;
- этносаралық келісімнің қазақстандық моделінің негізгі қағидаттары туралы білеміз.

Этноұлттық саясаттан этносаралық келісім саясатына өту. Қазақстан Республикасында бүгінгі күні сан алуан этникалық топтардың өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп жатыр. Бейбітшілікті сақтау мен этносаралық қатынасты жүргізудің баға жетпес тәжірибесінің болуы біздің елді басқа мемлекеттердің арасынан ерекшелеп көрсетеді. Қайғылы беттер аз болмаған Қазақстан халқының полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы туралы алдыңғы сабақтардан белгілі. Сондай-ақ этникалық картаның өзгеруіне байланысты туындаған мәселелер туралы да айтылды. Алайда бұл мәселелерді қазақтардың басқа этнос өкілдеріне, олар үшін Қазақстан объективті себептерге байланысты отанына айналған барлық халықтарға төзімді және қонақжайлылық көзқарасының арқасында жоюдың сөті түсті.

Қазақтар стихиялық колонистерді, Ресейден қоныс аударғандарды, ұйғырлар мен дүңғандарды және өз жерлерінен күштеп қоныс аударылған этностарды қонақжайлылықпен қарсы алды. Олар тың игерушілерді, комсомолдық құрылыстарға қатысушыларды, еңбек мигранттарын да риясыз қабылдады. Нәтижесінде қазақ жерінде 130-дан астам этностан құралған полиэтникалық қоғам қалыптасты. Қазақстанның полиэтникалық қоғамы әртүрлі дәстүрлерді, тілдерді, діндерді, этникалық бірегейлігі бар адамдардың бірге өмір сүруінің мол тәжірибесін жинақтады. Ол төзімді этносаралық өзара қатынастар мәдениетін жасап шықты.

Тірек сөздер:

- этносаралық келісім
- конфессияаралық келісім
- азаматтық сәйкестілік
- төзімділік
- этносаралық қатынастар мәдениеті



Көпұлтты Қазақстан халықтары

Төзімді этносаралық қатынастар әлеуметтік-экономикалық, саяси, мәдени және тұрмыстық қатынастар мен үдерістерге тереңдей енді. Өртүрлі халықтардың өкілдері көрші тұрып, бірге еңбек етті, оқыды және демалды, қайғы мен қуаныштарын бөлісті. Өртүрлі этностардың бірге өмір сүру тәжірибесі қазақстандық ерекше субмәдениеттің пайда болуына жағдай жасады.

Бұл маңызды! Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты үйлесімді полиэтникалық қоғамды – этносаралық және конфессияаралық келісім қоғамын құруға бағытталған.



Қазақстан халқы
Ассамблеясының
эмблемасы

Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін полиэтникалық мемлекет ретінде Қазақстанның алдында этносаралық қатынастар моделін белгілеу мәселесі тұрды. Тәуелсіздіктің алғашқы бірнеше жылында ұлттық саясатта этноұлттық сипат болды (бұған қазақтар өз жерінде азшылыққа айналып қана қоймай, сондай-ақ тілі мен этникалық бейнесін жоғалта бастауына әкелген кеңестік саясаттың зардаптарын жою қажеттігі себеп болған еді). Ал 1990 жылдардың екінші жартысынан бастап ол тілі, мәдениеті мен менталитеті өртүрлі этностардың келісімде және өзара

достық қатынаста өмір сүре алатын, үйлесімді полиэтникалық қоғам құруға бағыт алды. Ұлттық саясат бағытына түзету жасау этносаралық жанжалдардан сақтандыруға, славян халқының Қазақстаннан кетуін тоқтатуға және эмиграциялық ағындарды шұғыл қысқартуға көмектесті.

Біржақты этноұлттық саясаттың жағымсыз салдарлары туралы Н.Ә.Назарбаев өзінің «XXI ғасыр қарсаңында» кітабында айтқан болатын: «Ұлттық идеяларды ұлттық ерекшелік идеясына айналдыру

этностың өзі үшін апатты... Сана-сезімдегі этникалықтық өрлеудің онды және жағымсыз бастамаларын дер кезінде танып біле алмаған көптеген мемлекеттер ұзаққа созылған соғыстардың аренасына айналды»¹.

Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі. Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінде мынадай аспектілер бөліп көрсетіледі:

- мемлекеттік тіл мен қазақ этносының шоғырландырушы рөлі;
- төзімділік;
- этникалық, конфессиялық, мәдени, тілдік саналуандылық.

Этносаралық және конфессияаралық келісімге қол жеткізу үшін ортақ тарих пен ортақ ұлттық идеялар негізінде қоғамның бірлігі, этносаралық қатынастардың төзімділік мәдениетінің қалыптасуы, салмақты тілдік саясат жүргізу, этностар мен конфессиялардың өзара құрметі, жалпыазаматтық заңдарды ғана емес, сондай-ақ басқа этностар мен конфессиялардың дәстүрлерін, нормалары мен салттарын да құрметтеу, басқа этностар мен конфессияларға қатысты әдептілік, бір-бірлерінің қадір-қасиетін сақтау қажет. Этносаралық келісімнің қазақстандық моделі саналуандылық арқылы бірлік қағидатына негізделген. Ол қазақ этносының, оның тілі мен мәдениетінің шоғырландырушы рөлі кезінде өртүрлі этностар мәдениеттерінің өзара баюы мен өзара өрекеттестігінің қажеттігін түсінуден шығады.

Назар аударыңдар! Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінде саналуандылық арқылы бірлік қағидаты негізге алынған. Қазақстан халқының этникалық және конфессиялық төзімділігі біздің елде ХХІ ғасырдағы бейбітшілікті, тұрақтылық пен экономикалық прогресті қамтамасыз етудің негізіне айналды.

Этносаралық қатынастар мәдениеті өзара құрметке, өртүрлі этностар өкілдерінің арасындағы сенімге, олардың еңбек немесе қоғамда ғана емес, сондай-ақ жеке өміріндегі, тұрмыстағы өзара көмегіне, өзара өрекеттестігіне негізделеді. Қазақстанның әрбір азаматы оның этникалық немесе конфессиялық қатыстығына қарамастан, өз отандасына көмек пен қолдау көрсетуі, нәсілдік немесе этникалық кемсітушіліктің кез келген нысандарындағы көріністеріне төзбейтін болуы тиіс. Этносаралық қатынастар қатар өмір сүріп жатқан этностардың бірде-біреуі оқшаулануға ұмтылмаған, басқа этностарға күдікшілдік пен сенімсіздік танытпаған, басқа этностардың тарихына, дәстүрлері мен құндылықтарына құрметпен қараған кезде салауатты және үйлесімді болып табылады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ этносы Қазақстанда төзімді полиэтникалық қоғамның қалыптасуында қандай рөл атқарды?
2. Қазақстан Республикасының ұлттық саясаты қандай аса маңызды мақсатты көздейді?
3. Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінің аса маңызды аспектілерін атаңдар.

¹ Назарбаев Н.Ө. ХХІ ғасыр тоғысында.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Сендер «Саналуандылық арқылы бірлік» қағидатын қалай түсінесіңдер?

Үй тапсырмасы

Этносаралық татулықты қалай түсінесіңдер, эссе жазыңдар.

11-тапсырма. Қазақстанның саяси-әлеуметтік және мәдени өміріндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі

Оқыту мақсаты:

- 11.2.2.4 Ұлттық бірлікті және қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлін сипаттау.

11.1. Қазақстан халқы Ассамблеясы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан халқы Ассамблеясы жайлы мағлұмат аламыз;
- Қазақстанда азаматтық бірегейлік пен азаматтық ұлттық қалыптасуын талдаймыз;
- Қазақстандық азаматтық бірегейліктің қалыптасуын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- Қазақстан халқы Ассамблеясы
- азаматтық бірегейлік
- этникалық бірегейлік
- қазақстандықтар

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру. Этносаралық қатынастар дамуының маңызды құралы этникалық сипатына қарамастан, елдің барлық азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін этносаралық келісім институты – Қазақстан халқы Ассамблеясы болды. Ол 1995 жылы 1 наурызда Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған. Қазақстан халқы Ассамблеясы этникалық бейбітшілік нышанына айналды. Елде қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету,

тәуелсіздіктің бастапқы кезеңіндегі күрделі жағдайда этносаралық қақтығыстардан сақтандыру мемлекеттік институттар мен азаматтық қоғам институттарының өзара ықпалдастығын талап етті.

Назар аударыңдар! Ассамблея мақсаттарының арасында этникалық сипаты, тілі, дініне қарамастан республика азаматтарының құқықтары мен бостандықтарының теңдігі; Қазақстанның барлық этностарының тілдері мен мәдениеттерін жан-жақты дамыту; халықтар достығы мен этносаралық келісімді нығайту; қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру болды.

2007 жылы мамырда жоғары конституциялық мәртебе берілген Қазақстан халқы Ассамблеясы қазақстандық қоғамның тұрақтылығын нығайту, этносаралық және конфессияаралық келісімді

сақтау бойынша үлкен жұмыс жүргізуде. Ассамблеяның жоғары органы Тұңғыш Президент төрағалық ететін сессия болып табылады. Оның барлық шешімдері мемлекеттік органдардың, сондай-ақ азаматтық қоғам институттарының қарастыруы үшін міндетті болып табылады. Конституцияға сәйкес, Ассамблея ел этностарының мүдделерін білдіретін Мәжілістің 9 депутатын сайлайды. Ассамблея барлық этностардың мүдделерін ескеретін, теңқұқықтық қағидаты негізінде Қазақстанның барлық этностарының рухани-мәдени дамуы мен этносаралық келісіміне жағдай жасайтын ұлттық саясат жүргізу бойынша ұсыныстар әзірлейді. Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымына Ғылыми-сараптамалық кеңес Этносаралық қатынастар мәселелері бойынша сарапшылар клубы, «Тілдарын» тілдерді оқытудың инновациялық технологияларының әдістемелік орталығы кіреді. Ассамблеяның қамқорлығымен 88 мектеп жұмыс істейді, оларда оқыту толықтай өзбек, төжік, ұйғыр және украин тілдерінде жүргізіледі. Тағы да 108 мектеп пен 195 лингвистикалық орталықта Қазақстанның 30 этносының тілдері оқытылады. Ассамблея көптеген Достық үйлерін құрды, 4 ұлттық театр мен этникалық тақырыптамамен 35 газет пен журнал жұмысына басшылық жасайды. Қазақстанның барлық этностарының тілдері мен



Қазақстан халқы Ассамблеясы жылының ашыту салтанаты



Қазақстан халқы ассамблеясы этномәдени бірлестіктерінің «Бейбітшілік пен келісімнің 25 жылы» фестивалі

мәдениеттеріне қолдау жасау – мемлекеттің заманауи ұлттық саясатының маңызды белгісі.

Қазақстанда азаматтық бірегейлік пен азаматтық ұлттың қалыптасуы. Заманауи қоғамда этносаралық және конфессияаралық жанжалдардан сақтандырудың аса маңызды жолы азаматтық бірегейлік пен азаматтық ұлтты қалыптастыру болып табылады. Егер полиэтникалық мемлекеттің азаматы өзін нақ осы елдің азаматы ретінде сезінсе, оны өз отаны деп есептесе, оның тағдырын бөлісуге, бұл қоғамның нормалары мен құндылықтарын қабылдауға және бұл ел мен қоғамның игілігі үшін жұмыс істеуге дайын болса, онда бұл адамда азаматтық бірегейлік қалыптасады. Адам өзін нақты бір елмен байланыстарған кезде оның тарихы, сондай-ақ қоғам мәдениеті, дәстүрлері мен мұраттары оның ішкі болмысының құрамдас бөлігіне айналады.

Біздің жағдайда азаматтық бірегейлік – бұл қазақстандық бірегейлік.

Бұл маңызды! Азаматтық бірегейлік этникалық бірегейлікті жоққа шығармайды, керісінше ол оны тірек етеді. Бірегейлік тек көпше түрде болуы мүмкін ғана емес, ол көпше түрде болып табылады. Өзін қазақстандық ретінде сезінетін Қазақстан азаматы – қазақ – қазақ, орыс – орыс, ал өзбек – өзбек болып қалады.



Қазақстан халқы Ассамблеясының
XXIII сессиясы

қойлық және өзге де топтардың бірлігі, яғни мемлекеттік тіл мен қазақ этносының шоғырландырушы рөлімен мәдени және азаматтық қауымдастық негізінде бүкіл халықтың бірлігі мен біртұтастығы жолымен қалыптасады.

Бұл маңызды! Қазақстандық – бұл жаңа этнос емес, жаңа этникалық қауымдастық та емес. Бұл – елдің барлық азаматтары үшін, өзінің әртүрлі этностарға немесе этникалық топтарға тиістілігін сезінетін адамдар үшін ортақ азаматтық бірегейлік.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық бейбітшілік пен келісімді қолдауда қандай рөл атқарады?
2. Қазақстан халқы Ассамблеясы неліктен Қазақстан халықтарының Ассамблеясы деп аталмайды?

3. Азаматтық бірегейліктің этникалық сөйкестіліктен айырмашылығы неде? Қандай жағдайларда азаматтық сөйкестілік, қандай жағдайларда этникалық сөйкестілік көбірек көрініс беретіндігіне мысалдар келтіріңдер.

Сыныпта талқылау

Осы параграфтағы материалды дөңгелек үстел түрінде *сыныпта талқылаңдар*. Талқылау үшін мүмкін болатын тақырыптар: «Азаматтық бірегейлік пен этникалық бірегейлік»; «Қазақ тілі мен этносының қазақстандық ұлттың қалыптасуындағы шоғырландырушы рөлі»; «Басқа этностардың дәстүрлері мен мәдениетін білу нәліктен маңызды?»

Күрделілігі жоғары тапсырмалар:

Әртүрлі этномәдени топтардың саны мемлекеттердің санынан жиырма есе артып түседі, бұл саналуандылықты басқару көптеген мемлекеттерге қиындық тудырады деген сөз. Бұған гендерлі, жас ерекшелік және тілдік саналуандықты қосқанда мұндай мемлекеттер үшін сан алуан этностарды басқару әлемде үлкен мәселе болып тұр. Топтарда бұл жағдайды талдап, этносаралық, конфессияаралық татулықты қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралардың тиімділігі және оны жақсартудың жолдары туралы өз пайымдарыңды ұсыныңдар. Тапсырманы топқа бөлініп атқару керек.

Үй тапсырмасы

Сыныпта талқыланған тақырыптың біріне шағын баяндама жазыңдар.

V тарауға арналған зерттеушілік тапсырмасы


Ұлтаралық қатынастарда әйел адамдардың рөлі туралы талдау жасап, ондағы әйел адамдардың рөліне баға беріңдер. Этникааралық, конфессияаралық қатынастардағы әйел адамдардың байланыстырушылық рөліне баға беріңдер. Қазақстан халқы Ассамблеясына атсалысқан қандай әйел адамдар туралы білесіңдер?

1. Стефан Тулминнің дәлелдемелер (аргументтер) диаграммасына негізделіп 1990 жылдары Қазақстан Республикасы халық санының қысқару себептерін төменде берілген алгоритм көмегімен талдаңдар.

Деректер-дәлелдеу үшін пайдаланылатын фактілер немесе негіздемелер. Мәлімдеме-дәлелденуі тиіс пікір (тезис)

Растаулар-мәлімдемелер мен деректер арасында «көпір» болып қызмет ететін жалпы, гипотетикалық (әдетте – тұспалданатын) логикалық пікірлер. Ескертпелер-дәлелдер немесе тұжырымдардың күшін шектейтін және де дәлелдердің дұрыс болып шығуына жағдай жасайтын пікірлер. Жоққа шығару – басты дәлел өз күшін жоюын жағдайларды көрсететін қарсы аргументтер немесе тұжырымдар. Негіздеме-растауларды қамтамасыз ететін тұжырымдар, яғни, теріске шығарылатын мәселені дәлелдейтін емес, ол пікірдің дұрыс екендігінің растауларын дәлелдейтін аргументтер.

Факт: 1990 жылдары Қазақстан Республикасы халық саны қысқарды.



1. «Тілдер туралы Заң» қабылданды:
А) 1986 ж.
В) 1997 ж.
С) 1965 ж.
D) 1989 ж.
E) 1979 ж.
2. Қазақстанның үлкен демографиялық проблемасы:
А) халықтың өте жоғарғы тығыздығы;
В) урбандалудың жоғарғы көрсеткіші;
С) қала тұрғындарының тығыздығы;
D) қала және ауыл мәдениетіндегі алшақтықтар;
E) халықтың өте төменгі тығыздығы.
3. Қазақстан Республикасының 1990 жылдардағы демографиялық дамуының басты ерекшелігі:
А) халықтың өте жоғарғы тығыздығы;
В) халықтың абсолюттік санының қысқаруы;
С) оң көші-қондық сальдо;
D) қала және ауыл мәдениетіндегі алшақтықтар;
E) халық санының өсуі.
4. 1990-жылдары Қазақстан Республикасы халқының саны қысқаруының басты себебі:
А) өлім-жітімнің бірқатар өсуі;
В) теріс көші-қондық сальдо;
С) оң көші-қондық сальдо;
D) туудың төмендеуі;
E) әлеуметтік-экономикалық дағдарыс.
5. 1990 жылдары орыстіді халықтың кету себептері:
А) әлеуметтік-экономикалық дағдарыс;
В) өлім-жітімнің бірқатар өсуі;
С) қазақ тілі позицияларының шұғыл күшеюі;
D) Қазақстандағы демографиялық дағдарыс;
E) Батыс Еуропа елдеріне қызығушылық танытуы.
6. 1991–2016 жж. Қазақстанға қайта оралғандар саны:
А) 957 764 адам;
В) 60 000 адам;
С) 400 000 адам;
D) 26 000 адам;
E) 250 000 адам.
7. 2008 жылы оралмандарды ұтымды таратып қоныстандыру мен орналасуына жәрдемдесу үшін қабылданған мемлекеттік бағдарлама:
А) «Рухани жаңғыру»;
В) «Нұрлы көш»;
С) «Болашақ»;
D) «Азамат»;
E) «Нұрлы жол».
8. Мәтіннің идеясына мүлдем дұрыс келмейтін жауапты анықтаңыз:
«Ұлттық идеяларды ұлттық ерекшелік идеясына айналдыру этностың өзі үшін апатты... Сана-сезімдегі этникалық өрлеудің оңды және жағымсыз бастамаларын дер кезінде танып біле алмаған көптеген мемлекеттер ұзаққа созылған соғыстардың арнасына айналды». / Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. с. 128./

- A) этносаралық келісім;
 - B) конфессияаралық келісім;
 - C) азаматтық сәйкестік;
 - D) біржақты этноұлттық саясат;
 - E) этносаралық қатынастар.
9. Қазақстандағы этникалық бейбітшілік нышанына айналған қоғамдық институт:
- A) Қазақстан халқы Ассамблеясы;
 - B) «Нұрлы көш» бағдарламасы;
 - C) «Нұр Отан» партиясы;
 - D) Қазақстан Парламенті;
 - E) «Мәңгілік Ел» идеясы.

V тараудың қорытындысы

Тәуелсіздікке ие болғаннан кейін саясат пен экономикадағы түбегейлі өзгерістер ел демографиясындағы елеулі өзгерістерге әкелді. 1990 жылдары байырғы халыққа жатпайтын халықтың ағылып кетуінен туындаған халық санының қысқаруы орын алды. 2002 жылдан бастап Қазақстан халқының саны өсе бастап, ол 2019 жылы 18 миллионнан астам адамды құрады. Өсу экономикалық жағдайдың тұрақтануына байланысты болды. Қазақ ирриденттері мен диаспорасының Қазақстанға көшуін мемлекеттік демеу басталды. Қабылданған іс-шаралардың нәтижесінде қазіргі уақытта қазақтар ҚР халқының көпшілігін құрайды. Бүгінде қазақтардың қалаларға көшуі өсуде.

1990 жылдардың екінші жартысынан бастап ҚР ұлттық саясаты үйлесімді полиэтникалық қоғам құруға бағыт алған. Ұлттық саясат бағыттарына түзетулер енгізу этносаралық қақтығыстардың алдын алды және эмиграциялық ағындарды шұғыл қысқартты. Этносаралық келісімнің қазақстандық моделінде қазақ тілі мен этносының ынтымақтастырушылық ролі; этносаралық төзімділік; этникалық, конфессиялық, мәдени, тілдік саналуандылық ерекше көрінеді.

«САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПРОЦЕСТЕР» БӨЛІМІНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстанда полиэтникалық қоғамның қалыптасу тарихы» төртінші тарауында XVIII ғасыр – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстанның этникалық картасының өзгеруіне және Ресей империясының отарлық саясатының, Қазақстанды казактік және шаруалық отарлаудың, Қытайдан ұйғырлар мен дүңғандардың қоныс аударуының және басқа факторлардың нәтижесінде полиэтникалық қоғамның қалыптаса бастауына байланысты мәселелер қарастырылған; кеңестік уақытта ерікті және күштеп қоныстандырулар мен демографиялық факторлардың нәтижесінде Қазақстан халқының этникалық құрамының бұдан әрі өзгеруі көрсетілген;

Сондай-ақ бесінші тарауда кеңес өкіметі мен Коммунистік партияның Қазақстандағы әртүрлі кезеңдердегі: Ұлы Отан соғысына дейінгі, 1950–1970 жылдардағы, КСРО өмір сүруінің соңғы онжылдығындағы ұлттық саясатының сипаты баяндалған; кейінгі кеңестік Қазақстанда ұлттық-патриоттық қозғалыстарының өрлеуі және Қазақстан басшылығының «Егемендіктер шеруі» кезеңі мен тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы ұлттық саясаты туралы өңгімеленеді.

«Қазақстан Республикасының этносаралық қатынастар саласындағы саясаты» бесінші тарауында тәуелсіздік жылдары елдің демографиялық даму сипатына байланысты Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының тақырыбы ашылады; Қазақстан Республикасының этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық моделін құруға бағытталған ұлттық саясаты қарастырылған; Қазақстан халқы Ассамблеясының мемлекеттің қоғамдық-саяси және мәдени өміріндегі рөлі баяндалған.

Бөлім бойынша бақылау тапсырмалары

1. Қазақстандағы казактар қандай үш үлкен топқа бөлінді?
2. Қазақстанды жаппай шаруалық отарлау қай уақыттан басталды?
3. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы урбандалу қандай көші-қон (сыртқы немесе ішкі) есебінен жүрді?
4. Қазақстандағы славян диаспорасының негізгі этникалық топтарын атаңдар.
5. Қазіргі уақытта ұйғырлар мен дүңғандар Орталық Азияның қандай мемлекеттерінде тұрады?
6. Өзбектердің негізгі дәстүрлі кәсіптерін атаңдар.
7. Депортация дегеніміз не?
8. Сталиндік уақытта Қазақстанға қандай халықтар депортацияланды?
9. КСРО-да этникалық репрессиялар қашан тоқтатылды?
10. Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдығында оның ұлттық саясаты қандай құжаттармен белгіленді?
11. КОКП «ұлттық мәселеде» қандай мақсатты көздеді?
12. 15 кеңестік республиканы санап шығыңдар.
13. 1986 жылғы Алматыдағы Желтоқсан оқиғаларына не себеп болды?
14. Тәуелсіз Қазақстанның басшылығы 1990-жылдары кеңестік ұлттық саясаттағы қайшылықтарды түзеу үшін қандай іс-шаралар қабылдады?
15. 1897 жылдан бастап 2009 жылға дейінгі Қазақстанның этникалық құрамының тарихын халық санақтары бойынша бейнелейтін кестені қарап шығыңдар және мынадай сұрақтарға жауап беріңдер:

- А) 1926 жылғы халық санағымен салыстырғанда, 1939 жылғы халық санағында қазақтар санының шұғыл азаюы неге байланысты болды?
- Б) Қазақстандағы немістер санының шұғыл артуы мен шұғыл кемуін қандай халық санақтары тіркеген еді?
- В) 1939 жылғы халық санағы Қазақстанда қандай жаңа этностардың пайда болуын тіркеді?
- Г) 1970 жылғы халық санағы бойынша Қазақстандағы шешендердің саны 1959 жылғы халық санағымен салыстырғанда үш есе дерлік азайды. Бұл неге байланысты болды?
- Д) Қандай этностар жоғарғы табиғи өсімді (бала туудың өлім деңгейінен асып түсуін), қандайлары – төмен табиғи өсімді көрсетті?
- Е) 2009 жылғы халық санағының мәліметтері мен 2019 жылғы бағалауды салыстырыңдар. Қазақстанда қандай этностардың саны өсуін жалғастыруда, ал қандай этностарда төмендеп келеді?
- Ж) 1989 жылғы халық санағы мен 2019 жылғы есеп бойынша төжіктер санының өсуі (2 есе дерлік) немен байланысты болды?

Санақ мәліметтері бойынша Қазақстан халқының этникалық құрамының тарихы
Санақ пен есептеулер (1897–2019) мәліметтері

Ұлттар	1897	1926	1939	1959	1970	1979	1989	1999	2009	01.01.2019 жылғы есеп
Қазақтар	3392751	3627612	2327625	2794966	4161164	5289349	6534616	7965039	10096763	12505251
Орыстар	454402	1275055	2458687	3974229	5449626	5991205	6227549	4479620	3793764	3553232
Өзбектер	29564	129399	120655	136570	207514	263295	332017	370663	456997	590993
Украиндар	79573	960201	655319	762131	930158	897964	896240	547052	333031	270916
Ұйғырлар	55815	62313	35409	59840	120784	147943	185301	210365	224713	270096
Татарлар	55984	79758	108127	191925	281849	312626	327962	248954	204229	201492
Немістер	2613	51094	92571	659751	839649	900207	957518	153441	178409	178029
Түріктер		68	523	9916	18397	25820	49567	75900	97015	112107
Корістер		42	96457	74019	78078	91984	103315	99665	100355	108396
Әзербай- жандар			12996	38362	56166	73345	9008	78295	85292	110341
Дүнгендер	4888	8455	7415	9980	17283	22491	30165	36945	51944	72361
Белорус- тер		25584	31614	107463	197592	181491	182601	111927	66476	54690
Төжіктер		7666	11229	8075	7166	19293	25514	25657	36277	48749
Күрдтер			2387	6109	12299	17692	25425	32764	38325	46348
Шешендер		3	2639	130232	34492	38256	49507	31799	1431	33318
Поляктар	1254	3762	54	53102	61335	61136	59956	47297	34057	30456
Қырғыз- дар					9612	9352	13718	10925	23274	м.ж.
Башқұрт- тар	2524	841	3450	8742	21134	32499	41847	23224	17263	м.ж.
Ингуштар		3	322	47867	18356	18337	19914	16893	15120	м.ж.
Молдован- дар		2855	2992	14844	25711	30256	33098	19458	14245	м.ж.
Гректер		157	1374	55543	39241	49930	46746	12703	8846	м.ж.
Мордвалар	11911	27244	25334	25499	34129	31424	30036	16147	5013	м.ж.
Чуваштар		2267	6590	11255	22690	22310	22305	11851	7301	м.ж.
Еврейлер	1651	4499	19240	28048	26954	22762	18492	6743	3485	м.ж.
Басқалары	30591	70342	101379	136606	142668	174670	99799	82942	192060	м.ж.
Барлығы		6198469	6151102	9309847	12848573	14684283	16464464	14953126	16009597	18395567



бөлім

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ



Қазіргі заманғы қоғамдағы өзгерістер мен даму жолдары туралы мақалалар мен пікірлер. Қазіргі қоғамның даму жолдары туралы пікірлер мен мақалалар. Қазіргі қоғамның даму жолдары туралы пікірлер мен мақалалар.

VI тарау. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-САЯСИ ОЙДЫҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ

12-тақырып. Қоғамдық-саяси ойдың бастауы және дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.3.1.1 Ежелгі және ортағасырлық Қазақстанның тарихи тұлғаларының қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;
- 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

12.1. Әл-Фарабидің қоғамдық-саяси идеялары мен оның «ізгілік қаласы» туралы ілімі

Бүгінгі сабақта:

- Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Насыр әл-Фараби жайлы оқып білеміз;
- әл-Фарабидің философиялық көзқарастарын зерттейміз;
- мінсіз адам жөніндегі ілімінің мақсатын анықтаймыз;
- әл-Фарабидің «ізгілік қаласы» жөніндегі ілімін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- Әл-Фараби
- саяси философия
- қоғамдық-саяси
- этикалық утопия
- мінсіз қоғам
- «ізгілік қаласы»

Әл-Фарабидің (870–950) өмірбаяны. Ортағасырлық шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби қазіргі Қазақстанның оңтүстігінде, Сырдария бойындағы Фараб (Отырар) шұратында туған және мұсылмандық бастауыш білімді отанында алды. Бұдан кейін ол Шаш, Бұхара мен Самарқандта оқыды. Ал одан кейін ирандық Исфахан, Хамадан және Рей (Тегеран) қалалары арқылы Аббасилер халифатының астанасы және мәдени орталығы Бағдадқа келді. Ол негізгі

исламдық ғылымдармен (Құран, хадистер, құқық және басқалар) бірге математиканы, медицинаны, музыканы, логика мен грек тілін зерттеді. Осының арқасында антикалық философиямен терең танысты. Нәтижесінде әл-Фараби өз уақытының аса танымал философына және ғалым-энциклопедистіне айналды. 941 жылы ол Дамаскіге келіп, ғылыми жұмысын жалғастырды, кейде өз істерімен Алеппоға барып тұрды. Қайтыс боларының алдында, 950 жылы Египетке саяхат жасады. Ол өзінің барлық еңбектерін араб тілінде жазған. Әл-Фараби Аристотель мен Платонның классикалық еңбектеріне

түсіндірмелер берді, көзі тірі кезінің өзінде «Екінші ұстаз» (Аристотельден кейін) құрметті атағына ие болды. Ол өзінің ғылыми көзқарастарымен өз уақытынан анағұрлым алға озып кетті, ал оның еңбектері ибн Синадан бастап аса көрнекті шығыс ойшылдарының тұтастай бір тобының философиялық көзқарастарының қалыптасуына ықпал етті.

Әл-Фараби ғылымдарды теориялық (логика, математика, жаратылыстану) және практикалық (этика, саясат) деп бөлді. Ол мақсаты кемеліне келген қоғам құру деп ұйғарған саяси философияға ерекше мән берді. Әл-Фарабидің ғылыми мұрасының арасында әлеуметтік-этикалық және қоғамдық-саяси трактаттар үлкен орынды иеленеді («Ізгілік қаласы тұрғындарының көзқарастары туралы», «Бақытқа ие болу туралы», «Бақытқа барар жол туралы еске салу», «Азаматтық саясат», «Соғыс пен бейбіт өмір туралы кітап», «Қоғамды зерттеу кітабы», «Ізгілік әдет-ғұрыптары туралы»).

Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары. Әл-Фараби араб тіліндегі перипатетизмнің (жаңа платоншылдықпен біріктірілген аристотельшілдіктің шығыс нұсқасы) негізін қалаушы болып табылады. Бұл философиялық жүйенің маңызды белгісі оның теоцентризмі – ғарыш пен әлемнің өмір сүруін анықтайтын себеп Құдай болып табылатындығы туралы түсінік болды.

Әл-Фарабидің философиялық жүйесінің негізі адам мен оның зияткерлік-өнегелілік кемеліне келуі болды. Ол кемеліне келген адам туралы білімді жасады. Адам өз табиғатына сәйкес келген және қоғамдық байланыстар арқылы әртүрлі құндылықтарға араласқан кезде кемеліне келеді. Қоғамдағы қарым-қатынас пен өзара қолдаудың арқасында адам өмір сүреді және моральдық жағынан жетіледі.

Әл-Фарабидің саяси философиясы сондай-ақ бақыт мәселесін талдаумен де байланысты. Ол оны өз шығармаларында жан-жақты зерттеді, бақытқа қол жеткізу жолдары мен тәсілдері туралы ойлар түйді. Ол адам бақытын діни ұйғарымдардан жоғары қойды. Ал бақытқа барар жолды ізгіліктен, даналықтан, асыл мінез-құлықтан іздеп, кеселдермен, жамандықпен және надандықпен күрестен көрді. Шынайы бақыт байлыққа рақаттану емес, рухани және зияткерлік кемеліне келу болып табылады. Әл-Фарабиде кемеліне келу мен шынайы бақыт бір-біріне тең болып есептеледі.

Әл-Фараби бақытқа қарай ұмтылу – жекелеген адамдарды ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғамды жетілдірудің негізі, ал бақытқа қол жеткізу әрбір адамның ғана емес, сондай-ақ, тұтастай алғанда, бүкіл адамзаттың да түпкі мақсаты болып табылады деген қорытындыға келеді. Осылай-



Әбу Насыр
әл-Фараби

ша, әл-Фараби бақыт мәселесін этикалық қана емес, әлеуметтік және саяси мәселе ретінде қарастырды.

Әл-Фарабидің саяси философиясы жүйесінде қоғам мен мемлекет мәселелері; қоғам мен мемлекеттің пайда болуы мен орнығуы, мемлекеттер мен басқару нысандарының үлгілері, заңның орны мен рөлі, билік берілген адамға қажетті қасиеттер мәселелері аса маңызды орынды иеленді.

Мінсіз қоғам туралы утопиялық ілім. Жеке және қоғамдық бақыттың өзара байланысы идеясына сүйене отырып және ізгі жандар туралы Платон ілімінен алшақтай отырып, әл-Фараби мінсіз қоғам, мемлекет пен билеуші туралы сындарлы ілім – *ізгілік қаласы туралы ілімді* жасады. Бұл оның «Ізгілік қаласы тұрғындарының көзқарастары туралы» шығармасында баяндалған.

Барлық адамдар табиғаты бойынша бақытқа/кемеліне келуге ұмтылады. Кемеліне келуге қол жеткізу мүмкіндігі адамдардың қаладан (*ал-мадина*) төмен емес деңгейдегі бірігуімен және өзара ықпалдасуымен – кемеліне келген қоғамның бастапқы нысанымен қамтамасыз етіледі. Мінсіз «ізгілік қаласына» (*ал-мадина ал-фадила*) макрокосма (космос) және микрокосма (адам ағзасы) сияқты иерархиялық құрылыс тән. Бұл иерархиялық жүйеде ең төменгілер қызмет етеді, бірақ оларға ешкім қызмет көрсетпейді. Аралық топтар жоғарыдағыларға қызмет етеді және оларға ең төменгілер қызмет көрсетеді, жоғары сатыны қаланың дара басшысы иеленеді.

Бір-бірімен өзара ықпалдаса отырып, тіршілік иесінің денсаулығын қорғайтын адам мүшелері сияқты, қала бөліктері де (тұрғындар) қорғау және оның «салауатты», яғни бақытты өмір сүруін жалғастыру мақсатымен бір-бірімен өзара ықпалдасады. Мұнымен бірге әл-Фараби тірі ағзаны құрайтын биологиялық мүшелер мен қоғамды құрайтын қала тұрғындарының арасындағы айырмашылықты көрді: биологиялық органдардың функциялары еріксіз рефлекспен байланысты болса, қоғам мүшелері (мемлекет азаматтары) өз таңдауында ерікті және азат.

Әл-Фарабидің саяси мұраттары қалаларды (яғни, қоғам мен мемлекеттерді) жіктеу қағидаттарынан айқын көрінеді. Шынайы және жалған игіліктердің түрлері бойынша философ қалаларды «ізгілік» (яғни, мінсіз) және «надандық», яғни қандай да бір кеселдер мен кемшіліктерді иеленген қалаларға бөлді. Ол «ізгілік қаласы» тұрғындарының мәнін шынайы бақытқа ұмтылудан, өмірді қорғау мен кемелденуге қол жеткізу үшін өзара ықпалдастық пен өзара көмектен көрді. «Ізгілік қаласында» бейбітшілік, келісім мен өзара көмек патшалық құрады.

Бұл маңызды! Әл-Фараби мінсіз қоғамды онда еркіндік, теңдік, өзара құрмет пен толықтай әл-ауқат патшалық құрған, кемеліне келген және әділетті қоғам ретінде бейнеледі.

«Ізгілік қаласының» билеушісі өнерлердің ішіндегі ең жоғарғысы – басқаруды меңгерген. Бұған қоса, ол он екі игі қасиетті: денсаулық, түсіне білушілік, жад, көрегендік, түсінікті тіл, танымға құштарлық, тамақ пен ләззатқа ұстамдылық, ақиқатты сүйюшілік пен жалғандықты жеккөрушілік, жанының асылдығы, пендешілікті жек көру, әділдік, батылдықты меңгерген болуы тиіс. Кемеліне келген басшы заңдар шығара алады, ал кемеліне келуі төмендер белгіленген тәртіпті қолдай және адамдарды кемеліне келу мен бақытқа барар жолдағы бірлескен қызметте біріктіре отырып, бұл заңдарды ұстанулары тиіс. «Ізгілік қаласы» кемеліне келу туралы білім мен оған қол жеткізуге бағытталған іс-әрекеттердің үйлесімімен сипатталады.

Бұл маңызды! Әбу Насыр әл-Фараби мінсіз мемлекеттің мақсаты барлық азаматтар үшін кемеліне келу мен бақытқа қол жеткізу болып табылады деген ұйғарым жасады.

Өз кезегінде, «надандық қаласы» бәрінен бұрын шынайы бақытқа ұмтылуды білмейді, өйткені онда бұл туралы білімнің өзі жоқ. Оның тұрғындары тек қана ләззат пен байлыққа ғана ұмтылады. Әл-Фараби сондай-ақ «өнегесіз қаланы» – оның тұрғындары шынайы бақыттың болатынын білетін, бірақ оған қол жеткізу үшін еш нәрсе істемейтін қаланы, «құбылмалы қаланы» – бір кездері «ізгілік қаласы» болып, бірақ қандай да бір себептермен ондай болудан қалған қаланы, тұрғындары дұрыс жолдан тайған «адасқан қаланы» бөліп көрсетті.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Әл-Фарабидің білімі туралы *әңгімелендер*. Қалай ойлайсыңдар, ғалым қандай тілдерді меңгерген? Оның философиялық дүниетанымының қалыптасуына қандай тілді меңгеруі көмектесті? Оның еңбектері неліктен араб тілінде жазылған?
2. Әл-Фарабиде ғылымдардың жіктемесі туралы трактат бар. Ол ғылымдарды қандай қағидат бойынша бөлді?
3. Әл-Фараби бақытқа қол жеткізудің жолын неден көрді?
4. Әл-Фарабидің «ізгілік қаласы» туралы ілімі неліктен утопиялық ілім болып табылады?
5. Әл-Фараби бойынша мінсіз мемлекеттің билеушісі қандай қасиеттерді меңгеруі тиіс?
6. «Ізгілік қаласы» туралы ілімге сөйкес мемлекеттің міндеті неде?

Қартамен жұмыс

Қартадан әл-Фарабидің Отырардан Дамаскіге дейінгі маршрутын қарап шығыңдар. Білім іздеген әл-Фараби осы аралықты қалай жүріп өтуі, қандай қиыншылықтарды бастан кешуі мүмкін. Осы бағытта шағын эссе жазыңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Әл-Фараби іліміне сөйкес, «надандық қаласының» бейнесі өр алуан: ол «мұқтаждықтар қаласы», «айырбас қаласы», «ұждансыздық қаласы», «атаққұмар қала», «ләззатқұмар қала» ретінде көрінуі мүмкін. *Сендер қалай ойлайсыңдар*, атауларына қарай бұл қалалардың әрқайсысындағы тұрғындар кемеліне келу мен шынайы бақыттың орнына неге ұмтылады?

Үй тапсырмасы

Төмендегі сайт материалдарын пайдаланып әл-Фараби туралы қысқаша баяндама жасаңдар. <http://bilimkozy.idhost.kz/963-bu-nasyr-l-farabi-870-950-zhzh.html>

12.2. Жүсіп Баласағұнның қоғамдық-саяси көз-қарастары

Бүгінгі сабақта:

- Жүсіп Баласағұнның өмірімен танысамыз;
- «Құтты білік» поэмасының идеясын талдаймыз;
- Жүсіп Баласағұнның қоғамдық-саяси көзқарастарын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- Жүсіп Баласағұн
- Қарахандар мемлекеті
- ислам
- тәңіршілдік
- мінсіз билеуші
- сопылық



Жүсіп Баласағұн

XI ғасырда Қарахандар мемлекетінде түркі тіліндегі алғашқы классикалық поэманың – «Құтты біліктің» («Құтты білім» немесе «Бақыт әкелетін білім») авторы, ақын және философ Жүсіп Баласағұн (1016 мен 1086 жылдардың арасы, дәл уақыты анықталмаған) өмір сүрді. Жүсіп Қарахандар мемлекетінің сол кездегі астанасы – ірі сауда-қолөнер қаласы Баласағұнда¹ туды; жас кезінде білім ала жүріп, Фараб (Отырар) мен Бұхарада болды.

Ж. Баласағұнның жан-жақты мұсылмандық білімі болды, тек ғылым мен философияға ғана емес, сондай-ақ поэзияға және саясатқа да қызығушылық танытты. Оның қоғамдық-саяси көзқарастары ислам мен шарифаттың, оның мінсіз мемлекет пен билеуші туралы ілімі мен әл-Фараби философиялық жүйесінің, сондай-ақ сопылық идеялардың ықпалымен қалыптасты. Ж. Баласағұн Фирдоусидің «Шахнамесімен» және мұсылмандық этикалық-дидактикалық шығармалармен жақсы таныс болды. Бірақ ол түркілердің арасында ислам кең тарай қоймаған және түркілердің арасында тәңірлік түсініктер басым болған дәуірде өмір сүрді. Қарахандар

мемлекетінің аумағында басқа да дінге сенушіліктер, мысалы, зороастризм мен манихейлік те таралды, бұл Баласағұнның көзқарастарынан көрініс тапты.

Оның өмірінің екінші жартысы Қашқарда өтті. Бұл жерде ол 1069/1070 жылдары өзінің «Құтты білік» поэмасын жазды. Ол оны Қарахандар өулетінен шыққан Табғаш-Боғра ханға арнап, бұл үшін ақынға хас хажиб (сарай уәзірі және ханның жеке кемеңгері) атағы берілді. Ортағасырлық тарихшылардың мәліметтері бойынша, поэма автордың көзі тірі кезінің өзінде-ақ таралған, оны «Басқару этикасы», «Державалық заңдар», «Патшаларға кеңестер» деп атады. Қазіргі уақытқа дейін ол үш қолжазба түрінде келіп жетті. Олардың екеуі араб,

¹ Бұл қала болжаммен қазіргі Қырғызстан аумағындағы Тоқмақ ауданында орналасты.

біреуі ұйғыр жазуымен жазылған. XIX ғасырдың соңынан бастап поэма еуропалық тілдерге, сондай-ақ қазіргі түркі тілдеріне аударыла бастады. Классикалық түркітілдес поэзия тарихы осы поэмадан басталады.

«Құтты білік» поэмасының сипаттамасы. Поэма қарахандар кезеңіндегі түркі тілінде, *рубаи* мен *касыдтың* қоса берілуімен (поэманың соңында) *меснеуи*¹ нысанында, араб-парсы өлеңдік өлшемімен (*арузбен*) жазылған. Поэма 85 бөлімнен (6500-ден аса бейт) тұрады және сұхбаттардың, нақыл сөздер мен өсиеттердің жинағы болып табылады. «Құтты білік» – жанры бойынша билеушілерге арналған дидактикалық құрал, онда автор Қарахандар қағандығы өмірінің өртүрлі қырларына өз көзқарастарымен бөліседі және практикалық кеңестер береді.

Назар аударыңдар! Ж. Баласағұн «Құтты білік» туындысында заң әділдік пен ақыл-ой патшалық құратын мінсіз мемлекет туралы өз ойларын баяндайды және өз заманындағы қоғамның кеселдері мен кемшіліктерін сынайды.

Поэмада қандай да бір сюжет жоқ. Негізіне олардың әрқайсысы қандай да бір қасиетті білдіретін төрт мемлекеттік қайраткердің өңгімелесуі алынған. Күнтолды есімді билеуші (элик) әділдік пен заңды, ал оның үзiрi Айтолды бақыт пен байлықты білдіреді. Айсыз Күн болмайтыны сияқты, әділеттілік пен заң бақыт пен байлықсыз болмайды. Бұл ретте Күн әділеттілік пен заң тұрақты болғаны (Мінсіз мемлекетте болуы тиіс!) сияқты тұрақты, ал Ай болса бақыт сияқты өзгергіш. *Күн* мен *Ай* құрамдастары бар есімдер түркі билеушілерінің есімдерінде жоғарғы әлем атрибуты ретінде жиі кездеседі. Өйткені ежелі түркілердің түсініктері бойынша олардың билеушілері Тәңірдің жердегі өкілдері болып табылады.

Үзiрдiң ұлы Оғдылмыш («Сана-сезімді оятушы») ақыл-ойды, ал үзiрдiң iнiсi Оғдұрмыш («Мақтауға тұрарлық») азға қанағат етуді білдіреді. Оғдылмыш – жас ұрпақтың өкілі, бірақ ол өз ақыл-ойын дамытқаны және білім жинағаны соншалық, билеуші оны ең соңында өзінің кеңесшісі-үзiрi етеді. Бұл мысалында Ж. Баласағұн жеке және қоғамдық кемелдікке қарай ұмтылатын әрбір жас адамның қандай бағытта дамуы тиіс екендігін көрсетті. Төртінші бейне – Оғдұрмыш болса бұл зияткерлік және рухани тұрғыда дамығаны соншалық, азға қанағат етіп, күнделікті шадыман өмірден алыс болуға қабілетті адам – сопы-тақуаның бейнесі. Бұл сарайға қызмет етуден бас тартқан дана, сопылық ұстаз (ақсақал), өзінің тәлімін билеушіге Оғдылмыш арқылы, одан кейін жеке кездесуінде беріп отырған. Тұтастай алғанда, бұл дүниеден кетуді артық көретін сопылық тәлімгерге деген көзқарас құрметтеуге тұрарлық. Алайда онымен пікірталаста шешім айту заңға аса құрметпен және саналы қызмет

¹ Меснеуи – парсы поэзиясының жанры, ірі поэтикалық туынды, қос тармақты шумақтардан (бейттерден) тұрады, ондағы бейт жолдары өзара ұйқасады.

етуді, ислам рухындағы әділеттілікті артық көретін билеуші Күнтолды мен Оғдұлмышқа қалады.

Назар аударыңдар! «Құтадғу білік» поэмасы, қазақтарды қосқанда, көптеген заманауи түркі халықтарының ортақ игілігі болып табылады. Бұл – түркі тілінде жазған алғашқы шығармалардың бірі.

Оны жазуға кірісе отырып, автор алдына туған түркі тілінде шығарма жасау, осылайша, мәдениетаралық алмасуда түркі тілінің рөлін арттыру мақсатын қойды. Екінші жағынан, шығарма дидактикалық мақсатты – Қарахандар (көшпелі түркілер) билеушілерін отырықшы халқы бар мемлекетті басқару ғылымына үйретуді көздеді.

Жүсіп Баласағұнның қоғамдық-саяси көзқарастары. Поэма энциклопедиялық сипатта, өзіне көптеген мифтер мен фольклорлық сарындарды қамтиды. Онда дүние мен адамзат қоғамының шығуы, мемлекет басқару тәсілдері мен әдістері, олардың көмегімен адамдардың арасындағы қатынастар реттелетін нормалар мен заңдар туралы айтылады. Поэмада бағынудың иерархиялық жүйесі идеясы орын алған. Бұл жерде жоғарғы билік билеушіге – ханға тиесілі, ал оның қол астындағылар ең төменгілерге (кедейлерге), орташалар мен жоғарғыларға (байларға) бөлінеді, оның үстіне ең төменгілер орташаларға, ал орташалар жоғарғыларға бағынады.

Әділ өміршіде халық бақытты,
Және де бақытты халықта бек те қуанышты.

Поэмада мінсіз – дана және әділ билеушінің (ханның) және оның лауазымды тұлғаларының (бектердің), сондай-ақ жауынгерлердің белгілері қарастырылады. Билеушілердің сарай маңындағылардан бастап егіншілер, саудагерлер мен қолөнершілерге дейінгі әртүрлі жағдайдағы және кәсіптердегі адамдарға *қалай* қарауға тиіс екендігі туралы айтылады. Ж. Баласағұнның пікірінше (көбінде Оғдұлмыштың сөздерімен білдірілген), бектің басты назары олардың өлеуметтік және мүліктік жағдайларын, сондай-ақ қажеттіліктері мен мүдделерін ескеру мен адамдардың әртүрлі санаттарын басқаруға бағытталған болуы тиіс. Бұған қоса, бек адамдардың мінез-құлқына өсер ететін ізгіліктер мен кеселдерді білуі және қоғамдағы өнегелілік нормаларын бекітуі тиіс. Хан мемлекеттегі заңдылықтың нығаюы үшін жағдайлар жасауға және осылайша оны гүлденуге қарай алып жүруге тиіс.

Игілік үшін күш емес, заң тиімді,
Құдай есігінің алдында дұғаменен құлағын.
Заңды нығайт және барлық ауыртпалық жоғалар,
Және де сен бақыт белдігін тағынасың.

Поэма философиялық туынды болып табылады. Онда өмірдің мәні мен адамның міндеті, дүниетанымдық мәселелері көтеріледі, оның қоғамдағы міндеттері, мен мінез-құлық нормалары белгіленеді. Онда әйелдер ер адамдарға, ал жасы кішілер жасы үлкендерге бағынатын

отбасылық қатынастар мен патриархалдық тұрмыс апологиясына көп көңіл бөлінеді. Поэма әлі де болса бұрынғы көшпелілікпен тығыз байланысты отырықшы түркі қоғамының (Қарахандар мемлекетінде шұраттар сияқты маргиналдық аймақтарда түркі көшпелілерінің отырықшылануы болып өтті) өмірі мен мәдениетіне байланысты моральдық-этикалық мұраттарды бейнелейді. Көшпелілік өмірге қалалық өмір қарсы қойылады, отырықшы қоғамның феодалдық құрылысы мінсіз етіп көрсетіледі. Автор билеушілерге басқарудың сындарлы жүйесін жасауға, білімді және құзыретті шенеуніктерді (поэманың көптеген бөлімдерінде сарай маңындағылар мен лауазымды тұлғаларға қажетті қасиеттер сипатталады) іріктеп алуды, салықтар жүйесін реттеуге және оларды байлығының мөлшеріне сәйкес алуға кеңес береді. Ол сауданы, қолөнер, білім беру мен ғылымды дамытуға шақырады. Ж. Баласағұн әл-Фарабиден кейін кедейшілік болмайтын, мәдениеті дамыған және бейбітшілік патшалық құратын бай, гүлденуші «мінсіз» мемлекеттің бейнесін жасады.

Бұл маңызды! «Құтты білік» поэмасында кемелденген қоғамның нормалары, ондағы әртүрлі сословие өкілдерінің мінез-құлық ережелері негізделген, ақыл-ой мен адам өмірі мәнінің орны белгіленген.

Әл-Фарабидің кемеліне келген адамға деген көзқарастарын дамыта отырып, Ж. Баласағұн өркімді өз ақыл-ойын дамытуға және өнегеліліктік жетілдіруге қарай ұмтылуға және екіжүзділік, жалғандық, жала жабу, ашкөздік, сараңдық пен қызғаныш сияқты кеселдермен күресуге шақырды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Әдеби туынды ретінде «Құтты біліктің» тарихи маңызы неде?
2. «Құтты білік» поэмасында Ж. Баласағұнның қандай діни және философиялық дүниетанымы көрініс тапты?
3. Поэманың басты кейіпкерлері ненің нышанын білдіреді?
4. Жүсіп Баласағұн қандай қоғам мен мемлекетті мінсіз деп елестетеді?
5. Ж. Баласағұнның пікірінше мінсіз билеуші қандай қасиеттерді меңгеруі тиіс?
6. Ж. Баласағұнның пікірінше мемлекеттің гүлденуіне қызмет еткісі келетін жастар неге ұмтылулары тиіс?

Картамен жұмыс

Қазақстанның саяси картасына қараңдар және: а) Қарахан мемлекетіне Қазақстанның қандай облыстары кіргендігін; ә) бұл аумақта қандай облыстардың көшпелілер аумағына, қайсысы маргиналдық аймаққа жатуы мүмкін екендігін белгілеңдер.

Хрестоматиямен жұмыс

«Құтты білік» поэмасы үзінділерінен Ж. Баласағұнның негізгі қоғамдық-саяси идеяларына жататын жерлерін табыңдар.

Үй тапсырмасы

Төмендегі сайт материалдарын пайдаланып Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» еңбегінің үзінділеріне сараптама жасаңдар. Онда қандай мәселелер қарастырылған?
<http://muslim.kz/kk/article/5-jusip-balasagun-jane-qutty-bilik.html>

12.3. Махмұд Қашқаридың әлеуметтік-саяси және этикалық ойды дамытуға қосқан үлесі

Бүгінгі сабақта:

- Махмұд Қашқари және оның «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасымен танысамыз;
- Махмұд Қашқаридың түркі мәдениетін дамытуға қосқан үлесін анықтаймыз;
- Махмұд Қашқаридың философиялық және этикалық көзқарастары туралы талдаймыз.

Тірек сөздер:

- Махмұд Қашқари
- Қарахандар мемлекеті
- түркі тілі
- түркілік өркениет
- «Диуани лұғат ат-түрк»
- ислам
- этика
- философия
- гуманистік философия



Махмұд Қашқари

Махмұд Қашқари туралы өмірбаяндық деректер. Жүсіп Баласағұнның кіші замандасы, Қарахандар мемлекеті гүлдену кезеңінің ғалымы – Махмұд Қашқари (1029–1101), филолог-лексикограф және философ, «Диуани лұғат ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») энциклопедиялық сөздігінің авторы. М. Қашқари Ыстықкөлдің жағасындағы Барсхан қаласындағы шонжар отбасында дүниеге келді. Ол Қарахандардың билеуші әулетінен шыққан, Қарахандар мемлекетінің 970–992 жылдардағы билеушісі Харун Боғр ханның шөбересі. Махмұд Қашқар қаласындағы медреселердің бірінде жақсы білім алды. Бірақ 1057 жылғы сарай төңкерісінен кейін Қашқарды тастап, Мәуереннахрға, ол арадан түрік-селжұқтар билеген Бағдадқа кетуге мәжбүр болды.

X–XI ғасырлар мұсылман әлеміндегі түркі халықтарының үлкен әскери-саяси табыстарының дәуірі болды. Қарахандар Шығыс Түркістан мен Мәуереннахрда билік орнатты. Ал селжұқтар византиялықтарды жеңіп, бүкіл Иранды, Өзен аралығы мен Кіші Азияны басып алды. М. Қашқари Үндістанға исламды әкелді. М. Қашқаридың түркілердің бұл табыстарына шабыттанып және түркілік жеңісті сөздік-энциклопедия түрінде (сөздік жанры мұсылмандық араб тілді ғылымда жақсы таныс болды) бейнелерісі келгендігі айқын. Ол Алла Тағаланың түркілерді

мұсылман әлемін басқаруға таңдап алғандығына сенімді болды. Ол он жылдан астам уақыт ішінде әртүрлі елдерге саяхат жасады, әртүрлі түркі тайпаларының арасында болды, түркі халықтарының тарихы, олардың салттары мен саяси өмірі туралы, ең бастысы, түркі тілінің әртүрлі диалектілері туралы көптеген мәліметтер жинады. Ғалым бұл экспедиция туралы былай деп жазды: «Мен барлық елді мекендерді,

түркілердің даласын сүйемдеп жүріп аралап шықтым. Мен өз ойымда түркілердің, түрікмендердің, оғыздардың, шығылдардың, яғмалардың, қырғыздардың жанды ұйқас сөздерін толықтай түсіріп алдым...»

Халиф әл-Муктадиге арналған «Түркілік диалектілер сөздігі» 1070 жылдардың бірінші жартысында құрастырылды. 1080 жылдардың шамасында М. Қашқарға қайтып оралды, бұл жерде ғылыми еңбекпен айналысуды жалғастырған. Оның бейіті (мазары) Қашқарда орналасқан, алайда оның нақты М. Қашқаридікі екендігі күмән келтіреді¹. Тұтастай алғанда, М. Қашқари туралы өмірбаяндық деректер шамамен алынған.

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» шығармасы. М. Қашқаридың араб тілінде (сол кезде өз маңызын дінде ғана емес, ғылымда да сақтаған тілде) жазылған «Сөздігінде» түркі фольклорының үлгілері мен онымен бір мезгілде әдебиет үлгілері де бар. Ол исламға дейінгі уақыттан басталады, бірақ өзінде мұсылмандық ықпалдың белгілерін сақтаған. «Сөздікте» ежелгі зороастризм-тәңіршілдік-бақсылық дүниетаныммен қатар, ислам мен мұсылмандық мистицизм (сопылық) элементтері де көрініс тапқан.

«Сөздік» екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлігінде еңбектің мақсаты туралы еңгімеленеді және түркі тайпалары туралы мәліметтер келтіріледі. Екінші бөлігі фольклор мен өлеңдердің үлгілерімен бейнеленген түркі диалектілері сөздігінің өзі болып табылады. Фольклор үлгілерінің ішінде салт-жоралық және лирикалық өндер, тарихи аңыздар мен хикаялар және олардың көпшілігі әлі күнге дейін қазақ тілінде қолданылып жүрген үш жүзге жуық мақалдар мен мәтелдер бар. «Сөздіктегі» өлеңдер мен мақалдар жекелеген сөздік құрамдарға түсініктер ретінде ұсынылады және түркілердің афористік сөзге деген орасан сүйіспеншілігін бейнелейді. «Сөздіктегі» поэтикалық үзінділер Ж. Баласағұн поэмасы сияқты арузбен жазылған. «Сөздік» екінші мыңжылдық шебіндегі түркі тілін (және оның диалектілерін), сондай-ақ түркі тайпаларының этникалық тарихын, тұрмысын, салттары мен әдет-ғұрыптарын, әлеуметтік және саяси өмірін зерттеу үшін баға жетпес ескерткіш болып табылады. Бұл – тамаша лингвистикалық және тарихи-этнографиялық дереккөз.

Назар аударыңдар! Махмұд Қашқари тілдерді зерттеуде салыстыру әдісін және тарихи тәсілді енгізіп, тюркология негіздерін қалады. «Түркі тілдерінің сөздігі» – барлық түркітілдес халықтардың ортақ рухани мұрасы.

М. Қашқари өз «Сөздігінің» көмегімен түркілерге жатпайтын халықтарды (арабтар мен парсыларды) түркілік өркениетпен таныстыруға, түркілердің менталитеті мен рухани дүниесін көрсетуге тырысты. XI ғасыр үшін М. Қашқаридың «Сөздігі» көбінде түркілер

¹ Яғни, М. Қашқари бейіті ретінде есімі белгісіз ортағасырлық сопылық тұрғаның мазары құрметтеледі.

тұрмысының шындық бейнелері, түркі социумының әлеуметтік-саяси құрылысы, ру-тайпалық бөлінісі, туыстық терминдері, лауазымды тұлғалардың атақтары мен иерархиясы туралы ақпараттың бірден-бір дереккөзі болып табылады. «Сөздікте» тұрмыстық қана емес, сондай-ақ жаратылыстану-ғылыми, саяси, әскери және әкімшілік терминология да бар. Моральдық-этикалық тақырыптарға арналған өсиеттік өлеңдер Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дидактикасымен үндеседі.

М. Қашқаридың философиялық және этикалық көзқарастары. «Түркі тілдерінің сөздігі» түркі халықтарының исламдандудың бастапқы кезеңіндегі дүниетанымы мен дүниені қабылдауы туралы түсінік береді. Түркі халықтарының дүниетанымы олардың мақал-мәтелдері, жекелеген сөздері мен түсініктері, өлеңдері мен әндері арқылы ашылады. Сондай-ақ «Сөздік» автордың өз философиялық және этикалық көзқарастарын көрсетеді. М. Қашқари үшін төңіршілдік пен исламның арасында қарама-қайшылық болмаған тәрізді (Төңірі, Құдайы еске алынған мақалдарды ол араб тіліне аударған кезде «Төңірі» сөзін «Алла» сөзімен алмастырған).

«Сөздікке», нақты заттарды білдіретін сөздер мен терминдерден бөлек, жалпы және абстрактілі түсініктер мен категориялар енгізілген. Оларға, мысалы, «әлем», «уақыт», «білім», «ақыл-ой», «рух» және т.б. сияқты түсініктер жатады. Бұл түсініктер арқылы М. Қашқари объективті дүниенің заңдылықтарын ашады.

Өзінің алдындағы Әбу Насыр әл-Фараби мен Ж. Баласағұн сияқты, ғалымның философиялық пайымдауларында адам, оның өмірдегі алдын ала тағайындалуы маңызды орынды иеленеді. Адам жоғары құндылық болып табылады және де адамдардың арасындағы қатынастар адамгершілікке құрылған болуы тиіс. Адамның мәні – оны табиғат әлемінен жоғары қоятын оның ақыл-ойында, санасында. Адам өмірінің мағынасы ізгілік, өнегелі мінез-құлық, қоғам игілігі үшін еңбек, жақсылық пен әділеттілік болып табылады. Адам өмірінің мағынасы – жақсы білім алу және өз өмірін басқа адамдар, қоғам үшін пайдалы ету.

Бұл маңызды! Махмұд Қашқаридың философиясы – гуманистік философия. Оның назарының ортасында оның өмірінің мағынасы этикалық аспектіде түсіндірілетін адам тұр.

М. Қашқари «әділеттілік», «өнегелілік», «ерлік» сияқты түсініктер арқылы адамның өнегелілік-этикалық жақтарын ашады. Өнегелі болу, дұрыс қылық жасау – кез келген адамның, билеушінің, бағынышты адамның борышы. Адамдардың барлығы мақтауға тұрарлық өнегелілік қасиеттерді меңгерулері тиіс. М. Қашқари: «Ізгілікке ұмтыл, ал оған қол жеткізген соң, төкаппар болма», – деп кеңес береді. Ол әрбір адамның қайраткер, саналы жекетұлға болуға, сондай-ақ өмірлік жолда барлық қиындықтарды жеңу үшін ерлік пен батылдықты меңгеруге міндетті екендігін ұйғарады.

Бұған қоса, М. Қашқари адам өміріндегі достық пен сүйіспеншілікті және оның кемелденуге ұмтылысын жоғары бағалайды. Ол достық пен сүйіспеншілік өмірді безендіреді және оған үйлесімдік әкеледі, ал кімде-кім сүйе білсе, сол өмірді бағалай да біледі деп есептейді. Сүйіспеншілік өмірдің өзімен табиғи байланысқан. «Сөздікте» оның алдында хан да, бек те және қарапайым халық та теңдей болатын өлім туралы пайымдаулар да бар («Тағдыр ешкімге ештеңені кешірмейді, бәрін таңдамастан қаза қылады. Егер бізге дүние жебесін жіберсе, тау қирай отырып, дірілдейді»).

М. Қашқари баю мен пайдакүнемдікке, байлық жиюға ұмтылушылыққа қарсы шықты. «Адамның заттары мен мүлкі – оның жаулары. Байлық жинай отырып, ойлан, бұл су ағынындай: ол өзінің қожайынын төмен қарай қойтас төрізді домалатады. Барлық еркектер заттарға бола бүлінген. Мүлкті көрісімен олар оған күшіген олжасына ұмтылғандай ұмтылады...» – деп жазды ол. Материалдық игіліктерді жинауды ұнатпаушылық көзқарасымен М. Қашқари тақуалық пен рухани кемеліне келуге ұмтылушылықты насихаттайтын сопылардың көзқарастарына жақын болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігі» пайда болуына қандай тарихи оқиғалар себепші болды?
2. Ғалым «Түркі тілдерінің сөздігін» жасай отырып, алдына қандай мақсат қойды?
3. М. Қашқари қандай білім алды, қандай ғылымдарды меңгерді, қандай тілдерде сөйледі және жазды?
4. «Түркі сөйленістерінің сөздігі» түркі өркениетінің мінсіз бейнесін бейнеледі деуге бола ма?
5. М. Қашқари тұжырымдамасындағы өмірдің мағынасы мен адамның міндеті қандай?
6. *Қалай ойлайсыңдар*, IX–XII ғасырлар дәуірін неліктен Мұсылмандық қайта өрлеу деп атайды?

Сыныпта талқыланатын тапсырма

М. Қашқари дүниеқоңыздық пен пайдакүнемдікке қалай қарады? Сендер оның «заттар мен мүлік – адамның жаулары» деген тұжырымымен келісесіңдер ме?

Күрделілігі жоғары тапсырма

Әл-Фараби, Ж.Баласағұн мен М.Қашқаридың философиялық, этикалық және қоғамдық-саяси көзқарастарының арасындағы ұқсастық пен сабақтастық неден көрінеді? Айырмашылығы қандай?

12.4. XI–XIII ғасырлардағы сопылық ақындардың түркілердің арасында ислам мен мұсылман этикасының таралуына қосқан үлесі

Бүгінгі сабақта:

- ерте сопылық әдебиет, түркілердің арасында исламды тарату тәсілі ретінде сопылық туралы оқимыз;
- Қожа Ахмет Иасауи және оның «Диуан-и хикметін талдаймыз»;
- Ахмет Жүгенекі және оның адамды өнегелілік кемелге келуге шақыруын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- сопылық
- мазар
- қажылық
- Қожа Ахмет Иасауи
- «Диуан-и хикмет»
- сопылық әдебиет
- дидактикалық әдебиет
- кемеліне келген адам

Түркістанның (Оңтүстік Қазақстанның) отырықшы халқының рухани-діни және әлеуметтік-саяси өмірінде сопылық (ислам мистицизмі) ілім тарады. Оның негізінде Құдаймен қосылу мақсаты мен Ақиқатты (Құдайды) рухани іздеу идеясы жатыр. Құдайды тануда сопы өзінің рухани тәлімгерінің басшылығымен материалдық әлем қуаныштары мен сыртқы салт-жоралықтан бас тартумен, бірнеше сатыларды (аялдауларды) бағындыра отырып, ұзақ Жолдан (тарикаттан) өтеді.

Сопылықты насихаттауда түркітілді сопылық ақындарының бұл аймақта олардың көмегімен исламның таралуы мен бекуі орын алған шығармаларының маңызы зор болды. Бұл уағыздаушы-ақындардың ішіндегі аса белгілісі Қарахандар дәуірінде өмір сүрген Қожа Ахмет Иасауи болды.

Халық арасында танымал болған афоризмдік поэзия түріндегі туған түркі тіліндегі мұсылмандық уағыз исламның отырықшы түркілердің де, сондай-ақ көшпелілердің де арасында исламның таралуына жағдай жасады. Кедейлер мен байларға бірдей дәрежеде бағытталған, аға қанағат ету мен аскетизмді уағыздаушы сопылық ілім бейбітшілік, бақыт пен әділеттілікті іздеушілердің арасында көптеген жақтастарын тапты.

Қожа Ахмет Иасауидың өмірбаянының көп бөлігі аңыздық сипатқа ие болған. Нұсқалардың бірінде Қожа Ахмет Иасауи XI ғасырдың соңында Испиджабта (Сайрамда) туған, сол жерде Арыстан баб имамнан оқыды (Отырарда болуы мүмкін). Содан кейін Бұқараға кетіп, сопылық шейх Жүсіп Хамаданидің *муридiне* (рухани шәкіртіне) айналған. Жүсіп Хамаданиден сопылықты қабылдап, Қожа Ахмет Иасауи қаласына (қазіргі Түркістан) келді, бұл жерде ол қала мен оның айналасындағы жерлердегі түркілердің арасында ислам мен сопылықты уағыздай бастады. Ол қырық діни тұрақ (*ханака*) салған, олардың біреуінде өзі тұрып, өз шәкірттерімен қарым-қатынаста болған деп айтылады. Аңызға сәйкес, ол өмірінің соңғы жылдары диуана сияқты өмір сүрген. Қожа Ахмет сопылық аскетизмге, сондай-ақ қатты дауыстап *зiкiр салу*¹ ғұрпына үлкен маңыз берді. Бұл – аса көрнекті мұсылмандықты уағыздаушы, түркілік сопылық тармағының негізін қалаушы, өзі тірі кезінде қасиетті *әулие* ретінде құрметке ие болды. Өмірінің соңына дейін Иасауи қаласында өмір сүрді және сол жерге жерленді. Ал оның шәкірттері (Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) және басқалары) оның ілімін Түркістан шектерінен алыс жерлерге: Дешті Қыпшаққа, Еділге, Хорезм мен Шығыс Түркістанға таратты.

¹ Зiкiр – сопыларды шабытты күйге келтіру үшін белгілі бір тұжырымдар көп дүркін айтылатын сопылық ғұрып. Сопылық қауымдардың бір бөлігі қатты дауыстап зiкiр салуды (белгілі бір тұжырымдарды дауыстап айту), басқа бір бөлігі тыныш зiкiр салуды (оларды сопының іштей айтуы) қолданды.



Қожа Ахмет Иасауи кесенесі. Түркістан қ.

Басқа *әулиелердің* бейіттері сияқты, Қожа Ахметтің бейіті (*мазары*) сопылардың ғана емес, сондай-ақ барлық мұсылмандардың қажылық орнына айналды. Әмір Темірдің жарлығымен 1395 жылы Қожа Ахмет Иасауидың бейіті үстіне тұрғызылған «Хазрет сұлтан» кесенесі осы күнге дейін қазақтардың діни орталығы және ұлттық қасиетті орны болып табылады. Оған үш рет қажылыққа бару («кіші қажылық») Меккеге қажылыққа барумен теңестіріледі. Сопылардың түсінігіне сәйкес, әулиенің қабірі әулие өз өмірі кезінде иеленген рақатты (*баракат*) иеленеді, сондықтан да мазардың айналасындағы жердің бөрі де осы берекемен толған және кез келген жаманшылықтан Құдайдың өзімен қорғалған болып есептеледі. Бұл түсінік ежелгі түркілердің ата-бабалар бейіттерінің қасиеттілігі туралы түсініктерімен үндеседі. *Әулиелер* мазарларының жанына керуендер түнеуге тоқтайды; мазарлардың айналасында бейіттер, мешіттер мен медреселер және ең соңында тұтастай бір қалалар пайда болады. Қожа Ахмет Иасауи кесенесінің жанына кейіннен көптеген белгілі адамдар мен мемлекеттік қайраткерлер¹, оның ішінде қазақ хандары жерленді. Түркістанның айналасында өскен қала XVI–XVIII ғасырларда Қазақ хандығының астанасы болды.

Назар аударыңдар! Қазақ хандары бұл қаланың қазақ халқын топтастыру үшін саяси және рухани маңыздылығын ұғынды. Осылайша, Түркістан қаласы мен Қожа Ахмет Иасауи кесенесі қазақ мемлекеттілігі идеясымен байланысты болды.

«Диуан-и хикмет» («Даналық кітабы») және оның философиялық маңызы. Сопылық ілімді таратудың ерекшелігі сопылық идеяларды астарлаудың көмегімен, поэтикалық түрде ойын білдіру болды. Түркі

¹ Аңызға сәйкес, Қожа Ахмет шәкірттерінің арасында 12 мың «таңдаулылар» мен 99 мың қарапайым халық өкілдері болды.



Диуан-и хикмет

тіліндегі ертерек сопылық поэзия¹ көпшілік бұқараға, қарапайым адамдарға бағытталды. Ол аса қарапайымдылығымен және өлең шығарудың дәстүрлі түрлерін (көбінде төрт жолды өлең) пайдалануымен ерекшеленді; көбінде халықтық өуендермен орындалды. Бұл оны өте танымал етті. Сопылық ілімді таратушы ақындар қарапайым өлең түрінің көмегімен халыққа бір Құдай және оны танып білу мүмкіндігі туралы ойды жеткізді. Сонымен қатар олардың қатарында болған осы ілімді жақтаушы шонжарлар мен билеушілерге өте жоғары өнегелілік талаптарын ұсынды.

Сопылық түркілердің арасында танымал болған «Диуан-и хикмет» – сопылық, яғни діни-мистикалық мазмұндағы төрт жолды өлеңдер жинағы бөлімдерге – хикметтерге бөлінген. Хикметтердің бір бөлігі дидактикалық мақсаттармен Мұхаммед пайғамбардың өмірінен кейбір оқиғаларды, сондай-ақ Қожа Ахмет Иасауидың өз рухани өмірбаянын сипаттайды. Басқа бір бөлігі – лирикалық мазмұнда. Бұл сопылық поэзияда қабылданғандай, бейне-нышандардың айқын жүйесінің көмегімен сопының мистикалық жолының өртүрлі сатылары сипатталады. Жинақ ел кезуші дәруіш-тақуа бейнесін сипаттайды.

Назар аударындар! Ерте сопылық әдебиетте сопылық идеялар көпшілікке арналған түрінде баяндалады және адамның өнегелілік кемеліне келуіне шақыруы айқын сезіледі.

Хикметтер қарахандық әдеби дәстүрлерге келеді, жекелеген қыпшақтық элементтері бар түркі тілінде жазылған. Қожа Ахмет Иасауидың өзі «Диуан-и хикмет» жинағына кірген, тілі бойынша неғұрлым архаикалық өлеңдердің авторы болды. Жинаққа кірген басқа өлеңдер, Хакім Атаны қосқанда, өз шәкірттері мен жолын қуушыларға, Қожа Ахмет құрған сопылық қауым мүшелеріне тиісті. «Диуан-и хикмет» қолжазбалары кейінгі уақытқа жатады. Ал бұл ұлы сопылық уағыздаушы мен оның жолын қуушылардың дана сөздері ауызша беріліп отырғанын білдіреді. Бұл кітапты сопылық авторлардың бірнеше ұрпағы жасады деуге болады. Ол ХІХ ғасырда түркі балалары, бірінші кезекте қазақ балалары оқыған мұсылман мектептеріндегі міндетті оқу құралына айналды.

¹ Сопылық философия бай әдебиетті туындатты. Ерте сопылықтың негізгі тілдері араб және парсы тілдері болды. ХІ ғасырдан бастап сопылық ілім түркілердің арасында да таралды, оның ықпалы Жүсіп Баласағұнның өзінен де байқалды. ХІІ–ХІІІ ғасырларда парсы және түркі тіліндегі сопылық поэзияның гүлденуі болып өтті.

«Диуан-и хикметте» жамандық, сараңдық, мейірімсіздік, жәдігөйлік (сырт көзге құдайға сыйынушылық) және әділетсіздік (тирания) жазғырылды, тақуалық пен көнбістік, адалдық пен әділеттілік, жақсылық тілеушілік пен шыдамдылық, қамқоршылық пен мейірбандық, білімге деген сүйіспеншілік пен даналықты құрметтеу уағыздалды. Бұл Қожа Ахмет Иасауи, Хакім Ата және басқа да сопы-авторларға сөйкес – ол қоғамда қандай жағдайды иеленбесін, нағыз мұсылманның ең маңызды моральдық белгілері.

Назар аударыңдар! Сопылық ойшылдар Құранның өнегелік нұсқауларын ұстану және адамның өнегелік кемеліне келуі қоғамды да, мемлекетті де кемеліне келтіреді деген ұйғарым жасады. Олардың Құдай алдындағы көнбістікті, өнегелікті, әділдікті және қайырымдылықты уағыздаулары қарапайым адамдар мен билеушілерге бірдей дәрежеде қолданылды.

«Диуан-и хикметтен» этнографиялық, тарихи және әлеуметтік-саяси сипаттағы фактілерді табуға болады. Бірақ шығарманың басты мағынасы – сопылық доктринаны баяндау және өнегелік кемеліне келуді уағыздау. «Диуан-и хикметтегі» бұл дүниедегі күштілерге бағытталған өсиеттік өлеңдердің мысалдары мынадай:

Барлық адамдарға көмектес, құл сияқты жұмыс істе,
Бақытсыз адамдарға жақсылық жаса.
Егер ғалымдар келсе, оларды құрметпен, түрегеп тұрып қарсы ал.
Оңбаған адамдардан ешқандай көмек жоқ.

Жетімдер мен кедейлерді риза ет,
Адамдарға өз қасиетті жаныңды құрбан ет,
Егер сен нан тапсаң кедейлерге сыйлауға тырыс,
Мен бұл сөздерді Құдайдың құлағына шалынсын деп айтамын.
Кімде-кім жалғызбастыларға, кедейлер мен жетімдерге қамқоршы болса,
Оны Пәруардігер¹ қолдайды және көмек көрсетеді.
Егер Суннаны ұстансаң, онда дінсізді жәбірлеме.
Құдай жандары әділетсіздікке бейім, жүректері қатыгездерді жазалайды.
Құдай мұндай адамдарға азаптануды даярлайды,
Мен бұл сөздерді дана адамдардан естігендіктен айтып отырмын.

Ахмет Жүгенекидің «Хибат ал-хаканик» («Ақиқаттар сыйы») дидактикалық поэмасында өнегелілікті уағыздауы. Бізге дейін бұл меснеудің бастапқы 15 бөлімінен 7 бөлімі келіп жеткен. Бұл сопылық автор адамдар мен мемлекет арасындағы өзара қатынастарды құрудағы өнегелілік бастаманың рөліне көп көңіл бөледі. Кемеліне келген адамның кемеліне келген мемлекеттің негізі болып табылатынын тұжырымдайды. Мұсылмандық әдебиеттің көптеген басқа шығармалары сияқты, кітап Алла мен Мұхаммед пайғамбарды мадақтаудан басталады. Поэманың негізгі бөлігі білімді даңққа бөлеу мен надандықты жазғыруға,

¹ Пәруардігер (Парвардигар) – парсыша. Жаратушы.



Ахмет Жүгенекі

мылжыңдық пен жалғандықты, ашкөздік пен екіжүзділікті жазғыруға арналған. Ақын дарқандық пен кеңпейілділік туралы пайымдайды, көнбістік пен шыдамдылыққа шақырады, бақыттың тұрақсыздығы мен дүниенің опасыз екендігіне назаланады, кемеліне келген адамға жоғары өнегелік талаптар ұсынады. Поэма мәтінде нашар уақыттардың басталғанына, «Құдайға қызмет етудің екіжүзділікке айналғанына», «шарапханалар көшесінің» гүлденіп, «храмдардың құлап жатқанына» және бұған жол берілетін мен тыйым салынатынның арасындағы айырмашылықты (Құран бойынша) жоғалтқан адамдардың кінәлі екендігіне назалану көп кездеседі. Ол жақсылық пен бақыт дүниесіне қайтып оралуды адамның өнегелік кемеліне келуімен байланыстырады. Мемлекеттік басқару істеріндегі басшылық ретінде жазылған Жүсіп Баласағұнның поэмасынан айырмашылығы, Ахмет Жүгенекі поэмасы «Диуан-и хикмет» сияқты неғұрлым кең дидактикалық бағытталғандыққа ие: ол барлық мұсылмандарға арналған.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Түркі тіліндегі ерте сопылық әдебиеттің ислам мен мұсылмандық өнегеліліктің таралуы үшін қандай маңызы болды?
2. Сопылық пен оның өнегелілік қағидаттарын дәріптеу неліктен поэтикалық нысанда жүзеге асырылды?
3. Сопылардың түсініктері бойынша мистикалық жолмен жүретін адамның өнегелік кемеліне келуі мен мемлекеттің әл-ауқаты қалай байланысқан?
4. Сопылық әдебиетте қандай кеселдер көбірек жазғырылады, қандай қасиеттер мадақталады?
5. Сопылық авторлар білім беру мен білімге қандай көзқарас білдірді?

Хрестоматиямен жұмыс

«Диуан-и хикметтегі» билеушілерге берілген кеңестер ретінде қарастырылуы мүмкін өсиеттік өлеңдерден *мысалдар келтіріңдер*.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Қалай өсептейсіңдер, сопылардың азға қанағат етуге, аскетизмге, дүниеден қол үзуге (диуаналыққа) ұмтылуы мен жалпыға ортақ бақыт пен мемлекеттің әл-ауқаты идеясының арасында қарама-қайшылық бар ма? Егер бар болса, онда бұл қарама-қайшылықты жоюдың жолдары қандай болуы мүмкін?

Үй тапсырмасы

Түркістан қаласы мен Қожа Ахмет Ясауи кесенесі неліктен қазақ мемлекеттілігі тарихында орасан рөл атқарады?

13-тақырып. Қазақ хандығы дәуіріндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.3.1.3 Қазақ хандығы дәуіріндегі тарихи тұлғалардың қоғамдық-саяси идеяларын анықтау;
- 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

13.1. Асанқайғы – «Жерұйық» туралы ілімді жасаушы. Жыраулық дәстүр

Бүгінгі сабақта:

- көшпелі халық философы – Асанқайғы философиясын оқып білеміз;
- Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың қоғамдық-саяси ойларымен танысамыз;
- Бұқар Қалқаманұлы шығармашылығының қазақ қоғамының рухани өміріндегі рөлін бағалаймыз.

XIV–XV ғасырларда, яғни қазақ этносы қалыптасуының аяқталу кезеңінде ақын-жырау, Шоқан Уәлихановтың айтуынша, Асанқайғы атанған «көшпелі халық философы» Хасан (Асан) Сәбитұлы өмір сүрді. Ол тәуелсіз қазақ мемлекетін құрудың рухани негізіне айналған «Жерұйық» туралы бірегей ілім жасады.

Асан XIV ғасырдың екінші жартысында Еділ өзенінің жағасында, шонжар отбасында (оның әкесі сарай жанындағы құсбегі лауазымын атқарды) дүниеге келді, жақсы білім алды. Табиғи таланты оны халыққа танымал етті, ал ақыл-ойы мен білімі оны Алтын Орданың соңғы хандарының бірі және бірінші Қазан ханы Ұлұғ Мұхаммедтің (1438–1445 жылдар) ірі шенеуніктері мен кеңесшілерінің қатарына қосты. Асан ханмен ауыспалы тағдырының барлық кезеңдерінде: Еділдегі Сарайда, Қырымда, Қазанда, толып жатқан жорықтарында бірге болды. Ұлұғ Мұхаммед өлімінен кейін Асан Дешті Қыпшаққа қайтып оралды. Әбілхайыр хандығына тап болған ол, Қазақ хандығының болашақ негізін қалаушылар Жәнібек пен Керей жағына шықты және оларға қолдау көрсетті. Аңызға сәйкес, ол жүз жылдан астам уақыт өмір сүрді және 1460 жылдары қайтыс болды. Оның туған жылы шамамен 1360 жылдарға жатқызылады. Ел арасындағы аңыз бойынша, ол Сарыарқада, Ұлытауға жерленген. Алайда

Тірек сөздер:

- ақындар
- жыраулар
- жыр
- толғау
- «Жерұйық»
- желмая
- идеолог
- кеңесші
- поэзия

Асанқайғы мавзолейі (Асан Ата кесенесі¹) XVI ғасырда басқа жерде тұрғызылды.

Асанқайғы – аңызға айналған тарихи тұлға. Оның лақап аты адам өмірі оларға толы болатын қайғы-қасіреттерге өткір күйзелісін, оның сүйіспеншілік пен бірге қайғыру қабілеттілігін бейнелейді. Ақын өзінің дана өсиеттерімен және философиялық мазмұндағы өндерімен-толғауларымен даңққа бөленді. Олардың үзінділері халықтың жадында сақталған және жазылып алынған. Бұл өндерде сондай-ақ сол уақыттағы тарихи оқиғалар мен оларға Асанқайғының өз көзқарастары бейнеленген. Асанқайғының Жәнібек ханға поэтикалық үндеуі кеңінен танымал болды. Онда ақын қоғамдық болмыс мәселелерін көтерді және өзін халықтың арманын білдіруші етіп көрсетті. Бұл толғауда билеушінің атына белгілі бір сын айтылды. Асанқайғы Жәнібек ханды: «Халықтың болашағын ойламастан, уақытша табыстарыңа масаттанасың», – деп жазғырды. Ол туыстас тайпалардан бірыңғай мемлекет құруды жақтады, Қазақ хандығының нығаюы, барлық қазақ тайпаларының бір әділетті хан билігінің астына топтасуы туралы уайымдады.

Асанқайғы туралы аңыздар «Жерұйықты» – жердегі жұмақты, мол жайылымдары мен мол сулы өзендері, толып жатқан аңдары мен балығы бар, адамдар қайғысыз, жұтты білмей және бір жерден екінші жерге көше беруге мұқтаж болмай өмір сүретін елді іздестіруін қамтыған. Бұл елде «бозторғай қой үстіне жұмыртқалайтындай» бейбітшілік пен тыныштық патшалық құрады. Көшпелі халықтың философы үлкен гуманист болды. Оны көшпелілердің ауа райы жағдайларына, аяздар мен мал қырылатын және мыңдаған адамдар аштықтан өлуге тап болатын жұтқа тәуелділігі мазалады. Асанқайғы «Жерұйықтың» барлық адамдардың теңқұқықтығы мен бақытының мекеніне айналуын, ол жерде рулардың арасында талас-тартыстар мен даулардың болмауын армандады. Аңызға сөйкес, Асан өзінің жүйрік желмая түйесімен «Армандаған жерді» іздеуге аттанады. Ол дүниедегі барлық елдерді аралап, жол-жөнекей адамдарға кеңестер мен өсиеттерін айтады. Бірақ бұл жердегі жұмақты таба алмайды. Ол «Армандаған жердің» тура өзі жоқ екендігін түсінеді. Барлық жерден жүріп өтуге, барлық теңізден жүзіп өтуге болады, бірақ оны бәрібір де таппайсың. Тек ысырапшылықтан бас тарту, пенделік құмарлықтарға тыйым салу, рухани кемеліне келу ғана адамды «Жерұйыққа», яғни «адамдар өздері рухани өзін-өзі жетілдіру және әділетті қоғам құрылысы жолына түсуді шешетін өлкеге» әкелуі мүмкін. Бұл әлеуметтік-утопиялық аңыз Жәнібек пен Керей бастаған қазақ тайпалары Шығыс Дешті Қыпшақтан Батыс Жетісуға көшкен XV ғасырдың ортасындағы нақты тарихи жағдайды бейнелеуі мүмкін. Асанқайғы халық санасына «Жерұйықты» қажымас іздеуші, қарапайым адамдардың жаңа өмірден, әділетті

¹ Қызылорда облысының Шиелі ауданында орналасқан.

мемлекеттік құрылыстан, рулық қырқысуларды білмейтін, бірыңғай ұлттың жарқын болашағынан үміттенуін білдіруші ретінде енді. Асанқайғы – ұлттық идеялардың тарихи нысандарының негізін қалаған, қазақ философиясының негізін салушы.

Асанқайғымен басталған жыраулық дәстүр Қазақ хандығы ыдырағанға дейін жалғасты. Қазақ этносының дербес мемлекеттілігі, қазақ мемлекетін қорғау мен нығайту қажеттігі жағдайларында жыраудың ролі өсе түсті. Ақындар хандардың кеңесшілері және мемлекет идеологтері ретінде әрекет етті. Қазақ хандығы орныққан кезеңде ақын-жыраулар күшті хан билігі мен мемлекеттілікті, мемлекеттің әскери қуатын, тәуелсіздікті қорғап қалған батырлардың ерлігі мен табандылығын жырлады. Бұл кезеңде поэзия мемлекеттік қызметке қойылды деуге болады. Жыраулар мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелері бойынша суырыпсалма өлеңдер шығарды және оларды тікелей билеушілерге, хандарға арнады. Олар хан кеңестерінде немесе халық жиналыстарында жырлар мен толғауларын айтып отырды. Ақын-жыраулар өздерінің философиялық-әсиеттік өндерінде өткен және қазіргі уақыттар туралы айтты, хандарға кеңестер берді, қандай да бір әрекеттерге немесе оқиғаларға жағымсыз көзқарастарын білдірді. Жыраулар сөз шеберлері ретінде қоғамда хандарды сынай алатындай жоғары беделге ие болды.

Қазақ хандығы дәуіріндегі ақын-жыраулардың ішінен Шалкиіз Тіленшіұлын, Аймедет ер Доспамбет жырауды, Жиёмбет Бортоғашұлын атауға болады. Қазақ хандығының кейінгі кезеңіндегі жарқын ақын Ақтамберді Сарыұлы батыр-әнші, жоңғарларға қарсы көптеген соғыстарға қатысушы болды. Ол өзінің жалынды өндерімен жауынгерлерді батылдық пен ерлікке, қауіптілік алдында бірігуге шақырды. Оның поэзиясы табандылық пен батырлық рухқа толы. Мұнымен бірге ол соғыстарсыз және қайғы-қасіретсіз жарқын болашақ туралы армандады. Өз толғауларында онда адамдар берекелі жерде өмір сүретін және барлығы бірдей бақытты және тіпті «құлдар да қожайынның балаларындай қиінетін» бай болатын, молшылықтың утопиялық елін сипаттады. Оның кейінгі өлеңдері әсиеттер мен өнегелілікке үйретуге толы, этикалық-дидактикалық сипатқа ие болған.



Асанқайғы. Суретші В. Теляковский



Үмбетей жырау бейіті. Ақмола облысы.
Ерейментау ауданы

ерекшеленеді. Соңғысы – батырлардың отан үшін маңызы мен билеушілердің мемлекет өміріндегі рөлі, Абылай ханның дәуірі туралы ойдың поэтикалық баяндалуы. Жырау ел мен халықтың игілігі, хан және оның мемлекеті жөнінде алаңдаушылық білдіреді.

XVIII ғасырдағы басқа бір аса көрнекті жырау Бұқар Қалқаманұлы да әйгілі болды. Оның шығармашылығы қазақ қоғамының рухани өмірінде орасан рөл атқарды. Бұқар жырау жас кезінің өзінде, Төуке хан тұсында ақын және мемлекеттік қайраткер ретінде көзге түсті. Бұдан кейін ол ұзақ жылдарын қуғында өткізді. Өз өмірінің соңғы жылдары ол Абылай ханның идеологі, кеңесшісі және тәлімгері болды. Абылай хан үнемі оның кеңесі мен көмегіне жүгінді. Көптеген басқа жыраулар сияқты, Бұқар жырау да тұтастай бір ғасырлық дерлік өмір сүрді және 1787 жылы қайтыс болды.



Бұқар жырау ескерткіші. Қарағанды облысы. Ботақара ауылы

XVIII ғасырдағы аса көрнекті жырау Үмбетей Тілеуұлы болды. Қазақтардың жоңғар басқыншыларымен күрес дәуіріндегі басқа да жыраулар сияқты, ол халықты жауға қарсы топтасуға, тойтарыс беруге шақырды және туған жерді қорғаушы батырлардың ерліктерін жырлады. Оның шығармашылығында «Бөгенбайдың өліміне» (нысаны бойынша – жоқтау, мазмұны бойынша – ұлы батырға арнау) және «Абылай ханның Бөгенбайдың өлімі туралы естіртуі» шығармалары

Ол қуғын кезеңінде өмірдің мағынасы мен оның диалектикалық мәні, дүниедегі жақсылық пен жамандықтың арақатынасы, жеке тұлға мен тобырдың рөлі, дүниенің жалғандығы, көрілік пен жастық, кедейшілік пен байлық және басқалар туралы философиялық-эстеттік жырлар шығарды. Ол дүниеде тұрақты ештеңенің жоқ екендігі, ал жақсылық пен жамандықтың қатар өмір сүретіні және өзара күресте болатындығы жөнінде тұжырым жасады. Бұқар жырау Абылай ханның жанында

болған кезеңде оның шығармашылығы шұғыл өзгерді, мемлекеттік үндеуге ие болды. Ақын күшті мемлекеттілік пен хан билігі идеясын насихаттай бастады. Елдің тәуелсіздігін сақтауды, барлық қазақ рулары мен тайпаларының бірлігін, көршілермен бейбітшілікті жақтады. Бұқар жырау өзінің Абылай ханға арналған толғауларында мінсіз билеуші – кемшілігі жоқ адам, әділ және қайырымды, барлық үш жүзді біріктіруге қабілетті хан бейнесін жасады. Билеуші мен халықтың өзара қатынастары туралы пайымдай келе, Бұқар жырау халық тағдыры билеушінің тағдырына байланысты болатындығы («егер ханға жаман бола бастаса, онда бөріне де жаман бола бастайды»), ал қарамағындағылардың ханды құрметтеуге міндетті екендігі («ханды құлатқан қара халық бақытты болмайды») туралы ой білдірді. Сондай-ақ ханға жүгіне отырып, Бұқар жырау одан халыққа қамқорлық жасауды талап етті. Осылайша, ол хан мен халықтың арасындағы делдал ретінде әрекет етті. Бұқар жырау жыраулар поэзиясының соңғы жарқын өкілі болды, өйткені Қазақстанды Ресей империясы жаулап алғаннан кейін мемлекеттік идеологтер ретіндегі ақынжыраулардың рөлі түсіп кетті.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Асанқайғының «Жерұйық» туралы ілімі нені білдіреді?
2. Қазақ хандығының гүлденген тұсында ақын-жыраулардың беделі неліктен арта түсті?
3. Бұқар жыраудың қоғамдық-саяси көзқарастары туралы әңгімелеңдер. Оның пікірінше, мінсіз билеуші қандай қасиеттерді иемденуі тиіс?
4. Жыраулар поэзиясының өкілдерін атаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Қалай ойлайсыңдар, жыраулар поэзиясының мемлекеттік қызметке қолданылуының мәні неде?

Үй тапсырмасы

Жыраулар поэзиясындағы идеялардың ұқсастығы неліктен? Ойларыңды жинақтап жазыңдар.

13.2. XVI–XVII ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақ хандығындағы қоғамдық-саяси және құқықтық ойдың дамуы

Бүгінгі сабақта:

- «Қасым ханның қасқа жолы» жинағымен танысамыз;
- «Есім ханның ескі жолы» жинағының маңызын талдаймыз;
- XVII ғасырдағы билердің орны туралы бағалаймыз.

Қазақстанда қоғамдық-саяси және құқықтық ойдың бұдан әрі дамуы Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Есім хан, Тәуке хан сияқты көрнекті хандардың қызметінен, сондай-ақ әдеттік құқық заңнамаларын сақтаушылары мен атқарушылары ретіндегі билердің қызметіне байланысты болды.

Тірек сөздер:

- Жинақ
- «Қасым ханның қасқа жолы»
- «Есім ханның ескі жолы»
- Шыңғыс ханның «Ұлы Ясасы»
- әдеттік құқық
- билер институты
- билер революциясы
- жүздік жүйе

Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қазан, Астрахан хандықтарының бір бөлігі толықтай мұсылмандық мемлекеттік-құқықтық нормаларға өтіп, шарифатты басшылыққа ала бастады. Бұхара және Хиуа хандықтарында да билік Шыңғыс хан тұқымының өкілдері – хандардың қолында қалғанымен, шарифат нормалары басымдық танытты. Алайда Қазақ хандығы (Ноғай Ордасы сияқты) саяси-құқықтық тұрғыда онда түркі-моңғол көшпелі мемлекеттілігі дәстүрлеріне шарифаттық нормалар емес, әдеттік құқық (адат) нормалары үйлесетіндей болып құрылды. Бұл қазақтардың толықтай көшпелілер болып қалуымен, сондай-ақ көшпелілерде исламның таралуы отырықшы аймақтарға қарағанда, баяуырақ жүргендігімен де байланысты болды.

Мемлекетті басқара отырып, өздерін Шыңғыс ханның мұрагерлері деп есептеген қазақ хандары – Шыңғыс хан ұрпақтары хан билігінің қасиеттілігі мен Шыңғыс хан ұрпақтарының артықшылықтарға ие жағдайын бекіткен «Ұлы Ясаны» басшылыққа алды. Бұл уақытта көшпелілер қоғамында әдеттік құқық (адат) кеңінен қолданылуын жалғастыра берді, оның нормалары өртүрлі рулар/тайпаларда өзгерістерге ұшырауы мүмкін болды. Қазақ хандығының қалыптасуы әдеттік құқық нормаларын біріздендіру мен заңдастыру, сондай-ақ оның қазақ қоғамындағы жаңа қажеттіліктерге бейімделуін талап етті. Дала заңы қазақ хандарының – Шыңғыс хан ұрпақтары билігінің қасиеттілігін бекітуі және «ақсүйек» ретінде шонжарлардың, сондай-ақ «қара халықтың» да мүдделерін қорғауы, бұл ретте қоғамның өзін және ондағы қолданылатын билік және рулық байланыстарды нығайтуы тиіс болды.



Қасым хан

Қасым ханның заңдар жинағы. Қазақ хандығының өрлеуі мен елеулі ұлғаюы XVI ғасырдың бас кезінде қазақ жерлерін біріктіруші Қасым ханның кезінде болып өтті. Кез келген басқа қазақ ханының билігіне қарағанда, Қасым ханның билігі өте берік болды және неғұрлым елеулі аумақ пен руларға таралды. Халық аузында Қасым ханның есімін «Қасым ханның қасқа жолы» әдеттік құқық (адаттың) заңдар жинағының жасалуымен байланыстырады. Бұл жинақтың жазбаша нұсқасы табылған жоқ. Тарихшылар оның мазмұны туралы халық аузында және басқа дереккөздерде сақталған жанама ақпараттар

бойынша пайымдайды. Қасым хан жинағына Шыңғыс ханның «Ұлы Ясасы» негіз болуы мүмкін. «Қасым ханның қасқа жолының» құрамында бес ереже болғандығы туралы болжамдар жасалады:

– мүліктік заң (жер, мал және мүлік туралы дауларды шешу туралы ережелер);

– қылмыстық заң (қылмыстық істер үшін жазалау туралы ережелер);

– әскери заң (әскери міндет, әскери бөлімдерді құру және әскери олжаны бөлісу туралы ережелер);

– елшілік салттар (халықаралық құқық пен елшілік әдеп мәселелері туралы ережелер);

– қоғамдық заң (қауымдық және өзара көмек міндеттемелері туралы ережелер).



Жеті хан тарихи-мемориалдық кесенесі.
Қасым хан жерленген жер.
Атырау қаласынан 50 км орналасқан
Сарайшық қаласы

Назар аударыңдар! Қасым ханның жинағында Қазақ хандығының моңғол уақытының мұрасы әлі де болса өте елеулі ізін қалдырған және Шыңғыс хан ұрпақтары – хандар мен сұлтандардың билігі өте берік болған жағдайды орнықтырды. Сондай-ақ ол «Ұлы Ясаға» ғана емес, сондай-ақ қазақтардың әдеттік құқығына (адатқа) да негізделді.

«Қасым ханның қасқа жолы» жинағы жазылмаған болса да, ауыздан-ауызға берілді және Қазақ хандығы өмір сүрген уақытта қолданылды. Әсіресе Қасым ханның қазақ хандары мен олардың сыртқы саяси серіктестерімен өзара ықпалдастығы тәртібін реттейтін «елшілік салты» ұзақ сақталды.

Есім ханның жинағы. Мемлекетті басқаруда рулық ақсүйектер рөлінің артуы. Жоңғар шапқыншылығын ойдағыдай тойтарған, Қазақ хандығын біріктірген және күшейткен Есім хан (1598–1628 жылдары билік етті) өзінің ізгі атын қалдырды. Есім ханның кезінде хандықтың астанасы Сығанақтан Түркістанға – дінге сенушілердің арасында ерекше маңызға ие болған қалаға ауыстырылды. Бұл кезеңде қазақтар Сырдарияға берік орнығып қана қоймай, сондай-ақ өз билігін Ташкент пен Ферғананың бір бөлігіне де жүргізді. Есім хан да-



Есім хан



Есім хан кесенесі. Түркістан кесенесі

рынды саясаткер болды және күшті мемлекет құруға көп күш-жігер жұмсады. Ол Қазақ хандығының саяси жүйесін елеулі өзгертті.

Қасым ханның заңдарына қосымша ретінде қабылданған Есім ханның заңдары «Есім ханның ескі жолы» атауын алды. Оларда хан, билер мен батырлардың құқықтары белгіленді. Есім ханның кодексі Шыңғыс хан ұрпақтары –сұлтандардың құқықтарын шектеді және қоғамның, рудың беткеұстарларына, бөрінен бұрын орасан жеке беделді иеленген билерге неғұрлым кең құқықтар берді. Сондықтан Есім ханның құқықтық реформасын кейде «билер революциясы» деп атайды.

Көшпелі қауымдар мен руларда толық билікке ие болған билер институты қоғамдық күштердің саяси теңгерімін қолдады, әлеуметтік қатынастарды реттеуге жәрдемдесті. Хан билігімен қатар, ол көшпелі қоғамды басқару құралы болды. Хандықтағы жоғары заң шығару билігі жыл сайынғы жалпы *құрылтайда* қалды, алайда енді бұл жыл сайынғы жиналыстың көп бөлігін сұлтандар емес, билер мен батырлар құрады.

Бұл маңызды! Есім ханның жинағы рулық басшыларының беделін көтерді. Қоғамның құқықтық негізін құрай отырып, билер институты қоғамда саяси-құқықтық құндылықтардың тамыр жаюына көмектесті. Бұл көшпелі қазақ қоғамының саяси жүйесі мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылысын орнықтырды.

Қазақ қоғамында жоңғарлармен әскери-саяси жанжал дәуірінде батырлардың рөлі өсіп, олардың құқықтық мәртебесі артты.

Ұлыстық жүйе жүздік жүйемен ығыстырылды және билік хан мен сұлтандардан билерге – жүздердің басшыларына көше бастады. Ханның рөлі саяси жүйеде біршама әлсіреді, ханды сайлау қағидатының өзінде де өзгеріс болып өтті. Формалды түрде *меритократия* (үздіктердің ішінен үздігін оның жеке қасиеттері мен көшбасшылық қабілеттіліктері бойынша таңдау) қағидаты сақталса да, іс жүзінде хан билігі мұрагерлік бойынша беріле бастады.

Есім ханның рулық қауымдар мен олардың көшбасшыларының күшеюіне бағытталған заңдары жоңғарлардың баса-көктеп кірген кезеңінде жасалды. Рулық жасақтар мен рубасыларының беделіне сүйенудің арқасында Қазақ хандығы Есім ханның кезінде ұлттық тәуелсіздікті қорғап қала алды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. 10-сыныптағы материалды *еске түсіріңдер* және Шыңғыс ханның «Ұлы Ясасының» негізгі ережелерін атаңдар.
2. Ерте Қазақ хандығындағы құқықтық нормалар Алтын Орданың (Жошы ұлысының) басқа мұрагер мемлекеттерінің құқықтық нормаларынан неліктен ерекшеленді?
3. Әдеттік құқықты бір жүйеге келтіру не үшін қажет болды?
4. Есім ханның құқықтық реформаларын неліктен «билер революциясы» деп атайды?
5. XVII ғасырда Қазақ хандығында батырлардың рөлі неліктен өсті?

Шағын топтарға арналған тапсырма

Қасым хан мен Есім хан туралы *шағын таныстырылым дайындаңдар.*

Күрделілігі жоғары тапсырма

Қалай ойлайсыңдар, «билер революциясы» мемлекетті күшейтуге немесе оның әлсіреуіне әкелді ме?

13.3. «Жеті жарғы» – Қазақ хандығындағы саяси-құқықтық ойдың аса көрнекті құжаты

Бүгінгі сабақта:

- «Жеті жарғы» жинағының тарихи аясы мен пайда болу себептерін оқимыз;
- «Жеті жарғының» тарауларын талдаймыз;
- «Жеті жарғының» қазақ қоғамындағы тарихи маңызы туралы талдаймыз.

Есім ханның немересі Тәуке хан (1680–1718 жылдары билік жүргізді) да дәстүрлі қазақ қоғамының заң шығарушыларының және реформашыларының бірі болды. Оның кезінде қазақ қоғамының саяси-құқықтық жүйесі түпкілікті қалыптасты. Бұл өзара қырқыстарды тоқтатуға және сыртқы жауға тойтарыс беруге мүмкіндік берді. Ханның жанында тұрақты жұмыс істейтін *билер кеңесі* – хан мен халықтың арасындағы байланысты жүзеге асыратын маңызды мемлекеттік орган құрылды. Тәуке ханның кезінде қабылданған (XVII ғасырдың ең соңында немесе XVIII ғасырдың бас кезінде болғаны анық) заңдар жинағы қазақ қоғамының құқықтық санасының жеткілікті

Тірек сөздер:

- «Жеті жарғы»
- кодекс
- заңдар жинағы
- әдеттік құқық
- адат
- шариғат
- би
- батыр
- құрылтай
- қанды кек
- әмеңгерлік

жоғары деңгейін көрсетеді. Қабылданған заңдар Тәуке хан өлімінен кейін де жеткілікті қатаң сақталды.

«Жинақтың» жасалуына қоғамның барлық күштерін сыртқы жау – жоңғарлармен күреске жұмылдыру қажеттігі, сондай-ақ әдеттік құқықтың қолданылатын заңдарын жаңа әлеуметтік жағдайларға – рулық және жүздік билеушілердің өсе түскен беделіне бұрынғыдан да бейімдеуге ұмтылу жағдай жасады. Тәуке хан заңдардың жаңа жинағын Қазақ хандығының ең беделді билері – Төле би (Ұлы жүз), Қазыбек би (Орта жүз) және Әйтеке бимен (Кіші жүз) бірге жасады. Тәуке ханның заңдар жинағы «Жеті жарғы» деп аталады.

Өкінішке орай, Қасым хан мен Есім ханның жинақтары сияқты, «Жеті жарғы» жинағының да қазақтардың өздері жазған нұсқасы табылған жоқ.

Назар аударыңдар! Қазақ хандары қабылдаған заңдар билердің бір ұрпағынан екінші ұрпағына ауызша берілді және әдеттік құқық нормаларымен және салттарымен біртіндеп тұтасып кетті. Бастапқыда қандай да бір аса көрнекті ханның есімімен қоғамдастырылатын «заңдар жинағы» болған, олар біртіндеп әдеттік құқықтың кодекстеріне айналды.



Тәуке хан

«Жеті жарғы» біздің күндерге дейін орыс шенеуніктерінің (Г.Спасский, 1820; А.Левшин, 1832) жазбаларымен келіп жетті. Бұл ретте Г.Спасский «Жинақтың» 11 тармағын, ал А.Левшин 34 тармағын жазып алған. Қолда бар үзік-үзік мәліметтер негізінде әдеттік құқықтың қандай нормаларының жаңа, қандайларының ертедегі болғандығын пайымдау қиын.

«Жеті жарғыда» келтірілген нормалар өте сан алуан және қатынастардың кең ауқымын қамтиды. Олар хан, сұлтан, би, батыр, сондай-ақ мұсылмандық дінбасыларының мүдделерін қорғауға бағытталған. Бұл нормалар қылмыстық құқық нормаларын, діни нормаларды, отбасылық және мұрагерлік құқықты, сот істерін жүргізу нормаларын, мемлекеттік және өкімшілік нормаларын қамтиды.

Заңдық жарғыларға қосымша түрінде билер съезінің қағидалары – «Ереже» және билер сотының, сот істерінің тәжірибелері туралы мәліметтерді қамтыған «Билер сөзі» болды.

Назар аударыңдар! Тәуке ханның заңдар жинағы уақыт талап еткен жаңа құқықтық нормалармен толыға отырып, бүкіл XVIII ғасыр бойында қолданылды. Олар өз маңызын хан билігі жойылғаннан және Далада ресейлік заңнаманың енгізілуінен кейін жоғалтты. Алайда әдеттік құқықтың кейбір ережелері билер соттарымен әрекет етуін және қолданылуын кеңестік уақытқа дейін жалғастырды.

«Жеті жарғының» жеті тарауы. Жинақтың атауынан көрініп тұрғандай, «Жеті жарғы» өзіне жеті тарауды қамтиды.

Бірінші тарау – бұл жер заңы (*жер дауы*). Ол жайылымдар мен суаттар үшін болатын дауларды шешу тәртібін белгіледі. Рулар мен көшпелі қауымдардың арасындағы мұндай даулар көшпелілер қоғамындағы әдеттегі іс болды және бірінші кезекте сөзсіз реттеуді талап етті. Мұндай дауларды шешу руаралық жауласу мен өзара қырқысуларды болдырмады. Мысалы, жинақта былай делінді: «Егер белгілі бір ру құдық қазса... және егер ол жерден көшіп кеткен бұл рудың орнына басқа ру келіп отырса, онда кері қайтып келген бірінші ру өз құдықтарын талап етуге құқылы».

Жинақтың екінші, көлемді тарауы отбасылық неке заңын қамтыды. Ол жұбайлардың құқықтары мен міндеттерін, отбасы мүшелерінің мүліктік құқықтарын белгілеп, неке құру мен бұзу тәртібін қатаң регламенттеді. Заң шарифат нормасын әдеттік құқық кодексіне енгізе отырып, әйелдерді ұстауда теңдей материалдық жағдай жасай алса, көпәйелалышылыққа (төрт әйелге дейін) жол берді. Соңғы шектеу көпәйелалышылықты тек ақсүйектер мен байлар үшін ғана қолжетімді етті. Заң жетінші ұрпаққа дейінгі жақын туысқандардың арасындағы некелерге тыйым салды.

Үшінші тарау әскери заңды білдірді және әскер құру тәртібін реттеді. Қазақ хандығында тұрақты әскер болған жоқ, әскер қажет болған жағдайда халық жасағы ретінде жиналды. Жиі болатын ірі көлемді қазақ-жоңғар әскери қақтығыстары жағдайларында мемлекеттің жауынгерлік қабілеттілік мүдделері әскери міндеткерлікті реттеудің айқын тәртібін талап етті. Заң ірі және ұсақ халық жасақтарын қалыптастыру, басшылар мен қолбасшыларды сайлау тәртібін (өзін шайқаста көрсеткен және жеке батырлығы мен әскери қасиеттерімен көзге түскен кез келген лайықты өкілі қолбасшы бола алды) белгіледі. Заң қару асынуға жарайтын әркімнен өзінде әрқашан қару-жарағының болуын және шақырғанда жиналатын орынға қаруымен және өз атымен келуін талап етті.

Төртінші тарау сот ісі, сот жүргізудің шарттары мен тәртібі туралы ережелерді қамтыды. Заңдарда шарифат пен әдеттік құқық нормалары ұштасып кетті. Алайда Қазақ даласында тек билер соты қолданылды, ал қазылардың шарифаттық соты отырықшы халық мекендеген жерлерде ғана, мысалы, Сырдария жағалауындағы қалалар мен аймақтарда ғана қолданылды. Ерекше күрделі жағдайларда (мысалы, сотталушылар ақсүйек адамдар болған немесе басқа рулардың немесе тайпалардың мүдделері болған жағдайларда) істер билердің руаралық жиналыстарында (мәслихат/құрылтайда) шешілді. Билер жиналысына сұлтандар немесе тіпті ханның өзі де қатысты. Істерді талқылаған кезде қазылар сыйақы алды. Іс жүргізу тарауының маңызды ережесі егер ол сотқа келмесе, жауапкерден барымта (малды айдап әкету) алуға рұқсаттың берілуі болды.

«Жеті жарғының» бесінші тарауын «ақымақтық қылықтар» немесе «күнәлар» ретінде анықталатын ұсақ қылмыстар мен құқықбұзушылықтардың әр алуан түрлері үшін жазалаулар (айып төлеудің белгілі бір түрлерін) белгіледі. Жинақ қылмыстық пен азаматтық қылмыстарды ажыратпады. Қылмысқа тікелей кінәлі адам сотталуға тиіс болса да, ол айып төлемеген жағдайда ол үшін айыпты оның руластары төлеуге тиіс болды. Қазақ қоғамында бас еркінен айыру сияқты жаза қолданылған жоқ, өйткені далада түрмелер болған жоқ.

Адам өлтіру мен ауыр қылмыстары (зорлау, мерткітіру, ұрлық пен тонау, зинақорлық) үшін жазалау мәселелері жинақтың алтыншы тарауында ерекше қарастырылды. Ол құн туралы тарау деп аталды. Бұл тарау сол уақытта қазақтарда сақталған, теңдей нәрсе үшін теңдей жазалауды («қанға қан»), яғни өлім үшін өлім, мерткітіру үшін мерткітіруді және т.б. қарастыратын қанды кек салтын бейнеледі. Өлім жазасы (дарға асу немесе тастармен ұрып өлтіру) зорлау, басқаның әйелін ұрлау, әйелінің күйеуін өлтіруі және т.б. сияқты шеткері жағдайларда ғана қарастырылды. Жазалаудан тиісті құн төлеп құтылуға болатын болды. «Ақсүйек» адамды өлтіргені үшін құн қарапайым адамды және құлды өлтіргені үшін құннан жоғары болғандығын атап өту маңызды. Әйелді өлтіргені үшін құн ер адамды өлтіргені үшін құннан төмен болды. Құн төлеу мүмкіндігі халықтың өз ішіндегі қырқысуға әкелетін отбасылар мен рулардың арасындағы көп жылғы қанды жауласуды болдырмауға мүмкіндік берді.

Жинақтың жетінші тарауы жесірлер туралы заңды (*жесір дауы*) қамтыды және жесірлер мен жетімдердің мүліктік құқықтарын реттеді. Жесірлер мен жетімдер (қазақ-жоңғар соғыстары мен дала және оның шегараларындағы өзге де қарулы қақтығыстарға орай көп

болатын) тағдырын анықтай отырып, «Жеті жарғы» дәстүрлі қазақ қоғамында орын алған әмеңгерлік салтын заңдастырды. Оған сәйкес өлген адамның әйелін оның інісі алуы тиіс болды және де балалар сол руда тәрбиеленді. Өлген адамның туысқандарына жесірлер мен жетімдерді толықтай асырау міндеті жүктелді.

Осылайша, «Жеті жарғы» жинағы XVIII ғасырдағы қазақ қоғамы өмірінің іс жүзінде барлық жақтарын реттестірді. Билер соты мен құрылтайдың жинақ қағидаларын қолдануы хандықтағы тәртіпті сақтауға, руаралық дауларды шешуге, халықты жауға тойтарыс беруге жұмылдыруға, әлеуметтік иерархияны қолдауға, қанды кек пен өзара қырқысуды болдырмауға, кінәлары және қылмыстары үшін әділ жазалауды (халықтың көз алдында) қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Бұл маңызды! «Жеті жарғының» маңызы – оның ережелері әдеттік құқықтың көп-ғасырлық нормаларын заң жүзінде бекітуінде. Бұл қазақ мемлекеттілігін нығайтуға және қазақ қоғамдық-саяси және саяси-құқықтық ойын дамытуға қосылған үлеске айналды.

Төуке ханның кезінде жинақтың бірыңғай қолданылуы Ташкентке жақын жердегі Күлтөбеде, ханның оңтүстік ордасы Ханабадта барлық үш жүздің (сондай-ақ Қазақ хандығының қол астында болған кейбір басқа көшпелі және жартылай көшпелі халықтарының өкілдері) билерінің жыл сайынғы құрылтайы арқылы жүзеге асырылды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. «Жеті жарғы» пайда болуының негізгі себептерін *атаңдар*. Төуке ханның басқаруы кезінде заңдардың жаңа жинағы неліктен қажет болды?
2. *Қалай ойлайсыңдар*, Төуке ханның билік етуі неліктен қазақ мемлекеттілігінің «Алтын ғасыры» болып есептеледі?
3. «Жеті жарғының» негізгі тарауларын *атаңдар*.
4. Қазақ хандарының заңдар жинағында әскери заң неліктен үлкен рөл атқарғанын *түсіндіріңдер*.
5. «Жеті жарғының» қазақ халқының саяси-құқықтық ойының тарихындағы маңызы неде?

Шағын топтарға арналған тапсырма

Үш ұлы би – «Жеті жарғының» авторлары туралы *шағын таныстырылым дайындаңдар*.

Хрестоматиямен жұмыс

«Жеті жарғының» А.Левшиннің баяндауындағы ережелерін *оқып шығыңдар және оларды сыныпта талқылаңдар*. Талқылау үшін мүмкін болатын тақырып: «Бұл заңдар жинағы қоғамда қалыптасқан әлеуметтік иерархияны қалай қолдайды?»

Күрделілігі жоғары тапсырма

«Жеті жарғыны» өзірлеуге үш жүздің аса көрнекті билері қатысты. *Қалай ойлайсыңдар*, үш билік де қатысуы не үшін қажет болды?

14-тақырып. «Зарзаман» ағымы өкілдерінің идеологиялық құндылықтары

Оқыту мақсаты:

- 11.3.1.4 Қазақ ұлттық мемлекеттілігінің тарихи тағдыры туралы «Зар-заман» өкілдерінің идеяларын түсіндіру;
- 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

14.1. XIX ғасырдағы қазақ қоғамының рухани өміріндегі ақындардың рөлі

Бүгінгі сабақта:

- XIX ғасырдағы қазақ қоғамы өміріндегі ақындардың рөлін талдаймыз;
- халықтың тарихи жадын тасымалдаушы ақындар шығармаларына тоқталамыз;
- батырлар жырындағы ерлік философиясына баға береміз.

Қазақ философиялық және қоғамдық-саяси ойының тарихында XIX ғасыр – отаршылдық дәуірі ерекше орын алады. Осы тұста іс жүзінде бұрынғы көшпелілік әлемінің қирауы басталды. Қазақтарда хандық билік институты жойылды, ал империялық өкімет орындары ғасырлар бойы қалыптасқан саяси-құқықтық жүйені қирату мен қазақтарға жаңа заңнаманы таңу үшін қолдарынан келгеннің бәрін жасады. Мәдениет тұрғысынан алып қарағанда, бұл кезең бетбұрыс кезең болды. Өйткені XIX ғасырда халықтық ауыз әдебиеті ақындардың шығармашылығы түрінде өзінің гүлдену деңгейіне жетсе, екінші жағынан, жазбаша әдебиет пайда болды.

Қазақ қоғамындағы ақындар рөлінің өсуі. XIX ғасырда ақындар Қазақ даласында көркемсөздің басты шеберлеріне айналды. Қазақтың рухани өмірінде олар аса маңызды рөл атқара бастады. Көптеген ақындар өткен даңқты тарихи шақ және өткен заман батырларының әскери ерліктері туралы батырлық дастандарының білгірлері және түсіндірушілері болғандықтан, олар халықтың тарихи жады ретінде әрекет етті. Бұл эпикалық және әлеуметтік-тұрмыстық дастандар ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа ауызша беріліп келді. Оларды жадында сақтаған XIX ғасыр ақындары отарлық езгі жағдайларында өмір сүрген өз замандастарына оның гүлдену дәуіріндегі Қазақ хандығының әлеуметтік-саяси құрылысы, сол уақыттағы дәстүрлер мен салттар туралы әңгімелейді. Ал көптеген жырлардың тамырлары түркі (моңғолға

Тірек сөздер:

- ақын
- жырау
- батырлық эпос
- Қобыланды батыр
- ерлік философиясы
- батыр
- Исатай
- Махамбет



Біржан сал



Біржан сал ескерткіші. Көкшетау қ.

дейінгі) уақытының қойнауларына кетеді. Сол уақыттың ақындары ретінде ақындардың ролі зор маңызға ие болды. Олар өз суырыпсалма шығармаларында сөзді шебер меңгеріп қана қоймай, тыңдаушыларды тенті етіп, өзекті саяси және әлеуметтік тақырыптарға өз пікірлерін де білдірді.

Көпке танымал өндер мен күйлер шығарған, адамдарды шаттыққа бөлеген және оларды қайғысында жұбатқан, сөз бен музыкалық өнерді үйлестірген ақын-сазгерлер жеке топты құрады (Біржан сал, Ақан сері, Мұхит және басқалары).

XIX ғасыр ақындарының шығармашылығындағы эпикалық жанр. Кейбір ақындар эпикалық жанрдың шеберлері болып, батырлар жырының көптеген шығармаларын жатқа білді. Мысалы, ақындар Жанақ Сағындықұлы (1770–1856) мен Шөже Қаржаубайұлы (1808–1895) «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» халық дастанының негізгі орындаушылары болды. Эпикалық жырлар ақындарының ерекшелігі мәтінді еркін түсіндіру болды. Барлығына белгілі оқиғаны баяндай отырып, олар оған өз еріктері бойынша философиялық тақырыптарға өз ойларын қосты. Мысалы, Жанақ дастанды ғұрыптық-салттық өндермен, сұхбаттасулармен және айтыстармен, ал Шөже болса діни сарындарымен байытты. Жанақ өзінің ән-толғауларында әділдік пен адамгершілік тақырыптарына ой түйіндеді, бір билеушілерді сынады, басқаларын мадақтады (бұл билікке сыншыл көзқарас пен жақсы билеушіге деген сенімді айғақтайды), дүниенің кемеліне келмегендігі мен кедейліктің орын алғанына налиды.

Ақын және жырау Марабай Құлжабайұлы (1841–1898) батырлық дастандары «Ер Тарғын» мен «Қобыланды батырды» (эпостың ол орындаған нұсқасын Ыбырай Алтынсарин жазып алған) орындаушы ретінде даңққа бөленді. «Қобыланды батыр» эпосы XV–XVI ғасырлардағы қыпшақтардың қолбасшысы, қызылбастармен (парсы-

шииттермен) болған шайқастарда даңққа бөленген жартылай аңыздық батырдың жауынгерлік ерліктері туралы баяндайды. Эпоста дәстүрлі эпикалық сарындар: ерекше күші бар батырдың дүниеге келуі, ол жасаған ерліктер, оның ішінде жаратылыстан тыс тіршілік иелерімен күрестегі ерліктері, құдаласу (күйеу жігіттердің жарыстарындағы жеңіс), дана сұлумен үйлену (эпостық батырда әрқашан да кеңесші әйелі болуы тиіс), батырда батырларға лайық аттың пайда болуы, батырға өзіне серіктес адал батырлар тарапынан көмек көрсетілуі орын алған. Эпос жырларын айтатын ақындар сондай-ақ айтыстарға қатысты, шағын философиялық және лирикалық шығармалар тудырды.

Қазақтардың батырлық эпосының түрлілік эпостық дәстүрмен байланысы. XIX ғасырдағы жыраулар мен ақындар орындаған қазақ эпосының шығармалары сол ғасырда пайда болған жоқ. Эпикалық баяндау – барлық басқа ауызша әдеби дәстүрлер сияқты көпғасырлық дәстүр.

Бұл маңызды! Эпос – жазба мәдениеті жоқ болған немесе жеткіліксіз тараған жағдайларда қалыптасқан білімнің өзіндік бір жүйесі. Эпос – бұл тарихи және әлеуметтік ақпараттың сондай-ақ этикалық құндылықтардың ұрпақтан ұрпаққа берілу түрі.

Қазақ батырлар жырының түп-тамырлары басқа да түркі халықтарының – қырғыздардың («Манас»), башқұрттардың («Орал батыр», «Ақбозат», «Қара жорға»), ноғайлардың («Мұса батыр») батырлық жырларымен байланысты. Барлық түркі халықтарында даңқты тарихи өткен өмір туралы ақпарат сақтаушылары, ерліктің, айбындылықтың, жоғары өнегелілік мұрат философиясының ұстаздары іспетті өз ақын-жыраулары болды.

Батырлық эпос философиясы. Батырлық эпосының идеологиялық, немесе философиялық мазмұны – бұл ел өмірін жалғастыру жолындағы *батыр ерлігінің философиясы*, батырдың жауын міндетті түрде жеңуі, жақсылықтың жамандықты, өділеттіліктің өділетсіздікті, қадір-қасиеттің қадірсіздікті, айбындылықтың қорқақтықты жеңуі. Эпикалық туындының қаһарманы – бұл өз халқының бостандығы мен тәуелсіздігі үшін мінсіз күрескер. Батыр – бұл барлық жауларын жеңетін жеңімпаз, жердегі өмірді құтқару мен өз халқы үшін бейбітшілік пен бақытты қалпына келтіру міндетін орындау үшін Алла Тағаланың (немесе ерте түркілердегі Көк Тәңірі) өзі таңдаған, халықтың мінсіз қорғаушысы. Эпикалық туындылардағы іс-әрекет тыңдаушыға үйреншікті, ата-бабалар елі, отан ретінде қабылданатын туған жерде өрбиді. Батыр оны өсірген табиғатпен, Жер-Анамен толық үйлесімде өмір сүреді.

Назар аударыңдар! Батырлар жыры – бұл тарихтағы жекетілген орасан релі туралы тұжырымдаманың әдеби бейнесі және халықтың жақсылықтың жамандықты жеңу мүмкіндігі және жеңімпаз батыр ерлігінің арқасында бақыт пен берекеге қол жеткізу туралы халықтың утопиялық түсінігі.

Эпикалық туындылардың этностың моральдық құндылықтарын, оның дәстүрлерін, ділін, мінез-құлықтық белгілерін жинақтайтынын атап өту қажет. Ақын-орындаушы және эпостың қосымша авторы (өйткені эпикалық туындының қасиеті баяндау тіліне қосымша мәтіндерді, оның ішінде автордың ойларын да қоса ербітуге мүмкіндік беретін, оны түсіндіру ерікті болып табылатындықтан) эпосты орындау кезінде тыңдаушылармен көпшіліктің көңілін көтеруші жырау ғана емес, сондай-ақ қарапайым адамдардың Құдай берген тамаша өлеммен байланысын қамтамасыз ететін және оларды өмір мен бостандық үшін ерлікке рухтандырушы магиялық тұлға, абыз немесе бақсы ретінде қабылданды.

Назар аударыңдар! XIX ғасырда, яғни отаршылдық дәуірінде эпикалық дәстүрдің өміршең болуы және қазақтардың ортасында талап ету фактісі қазақ халқының жауынгерлік рухының әлі де мұқалмағандығын білдіреді.

Ата-бабалардың жауынгерлік ерліктері туралы, ғасырлар бойы халықты сақтаған және оны гүлденуге бастаған ерлік философиясының өзі өміршең болып қалды. Өмірдің әдеттегі салтының шұғыл өзгерістеріне кез болған адамдарды қамтыған барлық тұңлушілік пен келешекке сенімсіздік кезінде халықтың жауынгерлік рухы сынған жоқ. Қазақтарды XVIII–XX ғасырдың бас кезінде орыс отаршылдығына қарсы ұлт-азаттық күрестер (Сырым Датұлының, Исатай Тайманұлының, Кенесары көтерілістері, 1916 жылғы көтеріліс) осыны білдіреді. Бұған қоса, өткен заман батырлары кеңестік дәуірде де ар-абырой мен айбындылықтың үлгісі болып қалды. Жүздеген мың қазақтың нацистік басқыншылармен болған Ұлы Отан соғысының шайқас алаңдарында ғаламат жауынгерлік ерлік танытқандығы белгілі.

Махамбет пен Шернияз поэзиясындағы батыр бейнесі. XIX ғасырдың бірінші жартысындағы аса көрнекті ақындар Махамбет пен Шернияз-



Махамбет пен Исатай ескерткіші, Атырау қаласы

дың шығармашылығы батырлар жырымен байланысты. Өз жырларында олар 1836–1838 жылдардағы ұлт-азаттық күрестің көшбасшысы Исатай Тайманұлын мадақтады. Оны отаршыларға және оларға қызмет еткен, ақындардың пікірінше, өз халқын сатып кеткен «ақсүйек» хандар мен сұлтандарға қарсы күресін басқарған, халықтан шыққан батыр етіп бейнеледі. Махамбет «Исатайдың шайқасы» жырында Исатай бастаған халық көтерілісінің қаһарлы күші мен көтерілісшілердің өздерінен күші басым жаумен ерлік күресін тамаша сипаттады. Басқа жырларында (мысалы, «Жорыққа шақыру» жырында) Махамбет қалықты батылдық пен рухтың төзімділігіне шақырды. Ол Исатай мен серіктестерінің ержүректігін мадақтаудан шаршаған жоқ. Исатай батыр Махамбеттің көптеген жырларының басты қаһарманы болды. Ол Исатайды үнемі эпикалық жырлар стиліндегі бейнеде қыранға, арыстанға, батырдың мінген атын арғымаққа немесе сұңқарға теңеді. Махамбет Исатайды сипаттаған басты белгісі – бұл *ерлігі* («ержүректігі»). Исатайдың ерлігін Шернияз да жырлады, ол оны халықтың бақыты және қорғаушысы (*ел еркесі, ел серкесі*), бостандық үшін күрестегі халық туы деп атады.

Назар аударыңдар! XIX ғасыр ақындарының шығармаларында нақты батыр бейнесі эпикалық деңгейге дейін көтерілді. Батыр бүкіл халықтың қуаты мен үмітінің нышаны болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. XIX ғасырда неліктен жыраулардың рөлі түсіп, ақындардың рөлі өсті?
2. XIX ғасырдағы қазақ ақындарын қандай топтарға бөлуге болады?
3. Батырлық эпос негізінде қандай философиялық түсініктер жатыр?

Шағын топтарға арналған тапсырма:

Шағын таныстырылым дайындаңдар: 1) «Қобыланды батыр» эпосы туралы; 2) Махамбет пен Исатай Тайманұлы туралы.

Күрделілігі жоғары тапсырма:

Сендерге өмірде болған нақты адамдарды (Қобыланды батыр мен Исатай Тайманұлы сияқты) қаһармандандыру және оларды жартылай аңыздық эпикалық батырларға айналдырудың басқа мысалдары *болсілі ме? Қалай ойлайсындар*, өмірде болған нақты батырлар неліктен көбінесе аңызға, дәріптелген батырларға айналады?

Үй тапсырмасы

Эпос халықтың тарихи жадын сақтау ісінде қандай рөл атқарады? Қандай эпостарды білесіңдер? Шағын өңгіме құраңдар.

14.2. Отаршылдыққа қарсы және жаңғырту поэзиясы («Зарзаман» әдеби-философиялық ағымы)

Бүгінгі сабақта:

- «зарзаман» әдеби-философиялық ағымын оқимыз;
- ақын-дәстүршілдер және олардың отаршылдыққа қарсы наразылығын талдаймыз;
- «зарзаман» поэзиясының негізгі тақырыптарына тоқталып, бағалаймыз;
- «зарзаман» ақындарының идеологиялық құндылықтары туралы зерттейміз.

Тірек сөздер:

- ақын
- зарзаман
- отаршылдық
- дәстүршілдік
- наразылық поэзиясы
- ислам
- сопылық
- эсхатологиялық сарындар
- жәдидтер
- кадимиттер

Шығармашылығы Қазақстанның Ресей империясының отарына айналуына байланысты басталған ауыр уақыттар туралы қайғыға толы ақын-дәстүршілдер ерекшеленді. Ақындардың бұл тобы «зарзаман¹» әдеби-философиялық ағымын құрады. «Зарзаман» ағымының ақындары халық ауыз әдебиетінің ақындық дәстүрлерін ұстанды, айтыстарға қатысты, эпикалық сарындағы жыр-толғауды жырлады, сонымен бірге жазба мәдениеттен мұсылманша хат таныған адамдар болды. Сондықтан олардың өлеңдерінде көптеген араб-парсы сөздері мен діни-философиялық терминдер кездеседі, қазақтар ғана емес, сондай-ақ барлық мұсылмандардың бірлігі туралы айтылады.

Назар аударыңдар! Шығармашылығы «зарзаман» ағынына жататын ақындар көшпелілік құрылыс жыршылары мен күшті хан билігін жақтаушылар ғана емес, сондай-ақ исламды беріле жақтаушылар болды. Олардың көзқарастары исламды жаңғыртуға қарсы шыққан діни дәстүршілдердің көзқарастарымен үндес болды.

«Зарзаман» әдеби-философиялық ағынының жалпы сипаттамасы. Ағым өз атауын ақын Шортанбай Қанайұлының «Зарзаман» толғауынан алды. Бұл ағымға жатқызылған ақындар Қазақстанның әртүрлі түкпірлерінде өмір сүрді, алайда олардың поэзиясын тақырыбының ортақтығы мен эмоциялық күйзелістері біріктірді. Ағымның пайда болуы елді Ресей империясының жаулап алуы мен қазақтардың көшпелі мәдениетінің құлдырауына жауап әрекет болды. Бұл ағымның ақындары өз уақытын қайғы мен жоқтау дәуірі деп бекер атаған жоқ. Хан билігінің жойылуы, 1867–1868 жылдары патшаның «Қырғыздарды басқару туралы Ережесінің» енгізілуі іс жүзінде қазақ мемлекеттілігін жойды және қазақ көшпелілік қоғамының дәстүрлі негіздеріне нұқсан келтірді, қазақ жерін Ресейдің отарлық шеткері аймағына айналдырды. Тәуелсіздікті жоғалту туралы өздерінің жоқтауымен ақындар отаршылдыққа қарсы наразылықтарын білдірді.

Бұл маңызды! Ресей империясының Қазақстанды саяси, экономикалық және мәдени отарлауына қарсы өткен заманды дәріптеумен, қайғылы өз уақыттарына білдірілген наразылық «зарзаман» ағымы ақындары шығармашылығының негізгі мазмұнына айналды.

«Зарзаман» ағымы ақындарының негізгі идеологиялық құндылықтары – бұл ислам, көшпелілік дәстүрі, көшпелілік мемлекеттілігі, күшті хан

¹ Зарзаман – сұрапыл кезең, қазақ тілінде «қайғылы уақыттар» немесе «қайғы мен жоқтау дәуірі» деген мағынаны білдіреді.

билігі, тәуелсіздік. Бұл топтың ақындары идеологиялық және мәдени тұрғыда толықтай аграрлық немесе дәстүрлі қоғамға төн болды.

«Зарзаман» поэзиясының негізгі тақырыптары. «Зарзаман» ағымына жататын ақын-дәстүршілдер үшін мынадай тақырыптар төн:

Отаршылдыққа және Қазақстанда орыстардың үстемдік етуіне қарсы наразылық.

«Зарзаман» ақындарының туындыларында оппозициялық көңіл күй мен «жаңа заманға» наразылық білдірілді. Ақындар қазақ жерлерін казактар мен шаруалардың отарлауына, бекіністер құрылысына, орыс әскерилері мен шенеуніктерінің қазақ даласына қожайындық етуіне, орыс шенеуніктерінің жүгенсіздігіне, салықтардың өсуіне, саяси қуғын-сүргіндерге қарсы шықты. Ақындар қазақтарды әскери қызметке шақыруға, өздерінің пікірінше, шамадан тыс күштеп, христиандыққа айналдыруға қарсы шықты. Орыстар өлемді жаулап, енді бақытсыз қазақтарға да келіп жеткен дінсіздер (кәпірлер) ретінде қабылданды.

Көшпелілік мәдениетінің күйреуіне және көшпелілер тұрмысындағы өзгерістерге қатысты наразылық. Еуропалықтардың қазақ даласына баса-көктеп кіруі мен осыған байланысты қазақтардың тұрмысындағы өзгерістерді бақылай отырып, ақын-дәстүршілдер бұл өзгерістерді айыптады. Олар сауданың таралуын, қазақтарды киіз үйден үйлерге қоныс аударуын, қазақтардың шапандарының орнына еуропалық киімді киюін, қалалануды (отаршылдар қаласының бейнесі түрме сияқты) қазақтардың құлдануының белгісі есептеді және тіпті шай ішуді (самауыр мен шай да жағымсыз өзгерістердің теңеуі ретінде көрінді) жазғырды. Оларда еуропалық техника мен ғылымға қатысты теріс пікірлер де кездесті. Ақын-дәстүршілдер көшпелі қазақтардың толықтай кедейленуін, олардың орыс қожайындардың «шошқаларын бағуға» мәжбүр болатын батырақтарға айналуын болжамдады. Бұл «қорқыныштарға» көшпелілердің бұрынғы байлығы мен еркіндігі және олардың табиғатпен үйлесімдігі қарсы қойылды.

Орталықтандырылған қазақ мемлекеттілігінің күйреуіне қайғыру мен бірлікке шақыру. «Зарзаман» ақындары көшпелі мемлекеттің мыңдаған жылдық дәстүрінің үзілуін, далада қалыптасқан хан билігі мен XVIII ғасырға дейін өмір сүрген билік пен халықтың және барлық қазақ жүздері мен тайпаларының бірлігінен айырылуды басынан өткізген өз халқының трагедиясын сипаттады. Империялық билік өзінің «бөліп ал да, билей бер» саясатымен, өзінің өкімшілік реформаларымен әртүрлі қазақ жүздерінің бірігуіне бөгет жасады, жүздік және рулық жауласуды көтермеледі. Сондықтан бұл ақындардың поэзиясындағы негізгі түсініктер *ел* («халық-ел»), *атамекен* («отан») мен *бірлік* болды. Бұл кезеңдегі поэзияның негізгі сарыны мынадай сөздермен білдірілді: «Біз бірлік-берекеден айырылып барамыз, бүйте берсек құримыз». Халықты бірігуге шақыра отырып, «зарзаман»

ағымының ақындары «жәбірленгендер мен кемсітілгендердің» рухын көтеруге ұмтылды. Бұған Дулат Бабатайұлының «О, Сарыарқа, Сарыарқа», «Атақоныс Арқадан», Мұрат Мөңкеұлының «Сарыарқа» толғаулары мен басқа да шығармалары айғақ болады.

Назар аударыңдар! Ақын-дәстүршілдер идеологиясының негізінде прогресс емес, регресс өткенге қайтып оралу жатты.

Империялық билікпен ынтымақтасқан қазақ-шенеуніктерді айыптау. «Зарзаман» ағымының ақындары өздері патшалық режимнің шенеуніктеріне айналған қазақтарды қатаң сынады. «Зарзаман» поэзиясында «Алтын ғасырдағы» еркін қазақ көшпелілері мен отаршылдық дәуірдегі кемсітілген «түземдіктердің», жоңғарлармен күрес заманындағы батырлар мен қазіргі «орыс патшасы құйыршықтарының» жағдайлары салыстырылды. Егер эпикалық ақындар Отан жауларымен ержүректікпен шайқасқан батырларды жырласа, «зарзаман» ақындары өткен заманның батырларын отарлық өкімет билігіне бейімделушілер мен жағымпаздардың және ерлікті аңсаудың (батырлық эпосына төн) бейімделушілікпен және құлдық ұрушылықпен алмасқандығына налыды.

Еуропалық мәдениет пен жаңғыртуды қабылдамау. «Зарзаман» поэзиясы көшпелі қазақтардың дүниетанымын бейнеледі. Ол этностың отарлық езгіге, қазақ мемлекеттілігінің қирауы мен отаршылдықтың қысымымен басталған көшпелілік құрылыстың жаңғыруына деген теріс көзқарасын бейнеледі. Еуропалық мәдениет пен жүріп жатқан өзгерістерді қабылдамау мыңжылдық дәстүрді тасымалдаушы адамдарда үрей, пессимизм мен күдер үзушілік туындатты. Сондай-ақ ақын-дәстүршілдер, тұтастай алғанда, еуропалық мәдениеттің және атап айтқанда, орыс мәдениетінің үзілді-кесілді қарсыластары болды. Метафоралық тұрғыдан алып қарағанда, орыс мәдениетінің баса-көктеп кіруі қаһарлы қыстың басталуы немесе ашулы рухтардың әрекеті ретінде қабылданды. «Зарзаман» поэзиясында еуропалық өркениетті мақұлдаған бірде-бір сөз жоқ. «Зарзаман» ағымының ақындары көшпелілер мен мұсылмандардың Ресей империялық құрылымының әлеуметтік және мәдени кірігуіне қарсы шықты.

Өнегеліліктің және этикалық құндылықтардың құлдырауы туралы күйзелістер. Дәстүрлі ислам позицияларында нық тұрған «зарзаман» ағымының ақындары отаршылдық пен жаңғыртудан көшпелілік қана емес, сондай-ақ ислам өркениетіне де төнген қауіпті көрді және этикалық құндылықтардың құлдырауына, қоғамның ислам этикалық нормаларынан ажырауына налыды.

Назар аударыңдар! Ақын-дәстүршілдер қоғамның жаңғыртылуын бәрінен бұрын моральдың, өнегелілік негіздерінің, дәстүрлі тұрмыс пен мәдениеттің қирауы тұрғысынан сынады.

Діни және эсхатологиялық¹ сарындар. «Зарзаман» ағымының поэзиясы діни сарындарға, оның ішінде сопылық сарындарға толы болды. Бұл поэзияның өткен ғасырлардағы сопылық поэзиямен байланысы айқын еді. Мысалы, «зарзаман» ақындарының өлеңдерінде дүниеден кету, апатты және қабылдауға болмайтын осы өмірден оқшаулану (бұл нақты өмірде көшіп кетулер, жат өркениеттен жаппай қашу түрінде көрініс тапты) сарыны орын алды. Ақындар қалыптасқан трагедиялық жағдайдан шығуды көбінесе көнуден, діни тазарудан және Алладан үміт етуден көрді. Эсхатологиялық сарындар (жақындап келе жатқан дүниенің соңы туралы пайғамбарлық) да мұсылмандық әдеби дәстүрде жиі кездеседі. «Зарзаман» ағымы ақындарының шығармашылығында отаршылдықтың басталуы мен көшпелілік дәстүрінің қирауы Құранда болжамдалған мұсылмандардың азап кешуі мен дінсіздердің ақырзаман алдындағы күшеюі тұрғысынан түсіндіріледі. Көптеген өлеңдердің ой өзегі қызметін қазіргі азаптар мен алда тұрған қорқыныштан құтылу туралы жалбарыну атқарды.

XIX–XXI ғасырларда «зарзаман» ағымы идеологиясын қабылдаудың өзгеруі. Сауатты адамдар бола тұрып, бұл ағымның ақындары өз шығармаларын жазып қана қоймай, сондай-ақ оларды баспаханалық тәсілмен жариялады да. Осының арқасында олардың наразылық поэзиясымен қазақтар ғана емес, сондай-ақ басқа да түркі халықтары, атап айтқанда, олардың арасында ислам реформасын жақтаушылар (джадидтер) мен ислам реформасының қарсыластары (кадимиттер) арасындағы күрес өрістеген татарлар мен башқұрттар да танысты. «Зарзаман» ақындарының шығармашылығы Ресей империясы мұсылмандарының өкімет орындарының біржелкілендіру саясатына, православие мен орыстандыруды күшейтуіне наразылық қана емес, сондай-ақ тұтастай алғанда, исламды жаңғыртуды қосқанда, «жаңа заманның» (жаңғыртудың) басталуына қарсы шығу ретінде де қабылданды.

Кеңестік уақытта «Зарзаман» ағымы ақындарының шығармашылығына тыйым салынды. Өйткені ол орыстар мен Ресейдің жағымсыз бейнесін қамтыды, «федалдық ескі заманды» жырлады және авторлардың терең діншілдігін бейнеледі-мыс. Тәуелсіз Қазақстанда «Зарзаман» ағымы ақындарының көзқарастарын зерделеуге жаңа серпін берілді және де бұл ақындар әдебиет тұрғысынан ғана емес, сондай-ақ ерікті және күшті қазақ ұлттық мемлекетінің, сондай-ақ қазақтардың көшпелілік дәстүрін жырлаушылар ретінде де жоғары бағаланады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. «Зарзаман» ағымы ақындарының негізгі тақырыптары қандай?
2. Қалай ойлайсыңдар, «Зарзаман» ағымының ақындары белсенді, әлде самарқау өмірлік позицияны иемденді ме?

¹ Эсхатология – ақырзаман туралы діни білім.

3. «Зарзаман» ағымы ақындары жаңғырту мен прогреске қалай қарады?
4. «Зарзаман» ағымының ақындары қалыптасқан трагедиялық жағдайдан қалай шығуды ұсынды?
5. Кеңестік уақытта «Зарзаман» ағымы поэзиясы туралы недіктен ештеңе айтылмады?

Күрделілігі жоғары тапсырма:

«Зарзаман» ағымы ақындары қандай негізде дәстүршілдерге жатқызылады? Бұл жағдайда қандай дәстүр немесе дәстүрлер туралы әңгіме болады?

14.3. «Зарзаман» әдеби-философиялық ағымның ақындары және олардың қоғамдық-саяси көзқарастары

Бүгінгі сабақта:

- «Зарзаман» ағымы ақындарының шығармашылығы мен қоғамдық-саяси көзқарастарын анықтаймыз;
- Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Әбубәкір Кердері шығармашылықтары туралы талдаймыз.

Тірек сөздер:

- ақын-дәстүршілдер
- әдеби-философиялық ағымы
- наразылық поэзиясы
- отаршылдық
- ислам
- эсхатологиялық сарындар

Дулат Бабатайұлының (1802–1871) шығармашылығы мен көзқарастары. Танымал ақын Дулат Бабатайұлы ақын-жыраулар үшін бұл дәстүрлі жанр тақырыптамасын елеулі кеңейте отырып, толғау жанрында шығармашылықпен айналысты. Оның философиялық-этикалық сипаттағы жыр-пайымдаулары қазақтардың арасына ақынның тірі кезінің өзінде кең таралды. Ал 1880 жылы «Өсиет-наме» жинағы түрінде басылып шықты.

Ақын өз өлеңдерінде өмірдің жалғандығына, уақыттың тез өтетініне налиды, жамандық пен жақсылық, ағартушылық пен надандық туралы пайымдады. Мінсіз хандарды жырлаған ақын-жыраулардың идеялық мұрагері бола отырып, Дулат өтіп кеткен уақытты сағынады және онда адамдар өнегеліліктен айырылған және жан дүниесі кедейленген, жасы кішілер үлкендерді сыйлауды қойған осы шақты қабылдзай алмайды. «Өсиет-наме» толғауында ол ауыр сынақ жылдары халық табандылық көрсетіп, жоңғарларды жеңіп, өз халқына бақыт әкелген Абылай (Әбілмансұр) хан сияқты көсемге ие болған «Ақтабан шұбырынды жылдарын» еске алады. Дулаттың пікірінше, Абылайдың уақытында ұлттық қайта өрлеу мен ортақ бақыт мүмкіндігі әлі де бар еді, бірақ «қазір», «қайғы мен жоқтау дәуірінде» мұндай мүмкіндік енді жоқ. Ақын шығармашылығында эсхатологиялық сарындар күшті. Ол өтіп жатқан



Д.Бабатайұлы

апаттың алда тұрған ақырзаманмен байланысты екендігіне сенімді; ақырзаманның жақындап келе жатуының айғағы дүниеде әділеттіліктің толықтай жойылуы болып табылады.

Дулат қазақтардың жеңілуі мен орыстардың келуіне қарғыс айтады. Қазақтардың арасында отанды қорғаушылардың қалмағандығына, тіпті Хан Кененің (Кенесары) де «бізден кеткендігіне», осының нәтижесінде қазақтардың орыстарға бағынғандығына налиды.

Дулат Ресей империясына қызмет ете бастаған қазақтарды олардың сатқындығы, дінсіз-кәпірлерді өздерінің «пірлері» (яғни, рухани тәлімгерлері) еткені үшін айыптады. Ол орыс мәдениетінің тегеурінді қарсыласы ретінде әрекет етті, оның қазақтарға жат екендігін (орыстар «керісінше жазатынын», яғни солдан оңға қарай¹) және де орыстардың (оларға дейінгі қалмақ-жоңғарлар сияқты) басқа дін адамдары, яғни дінсіздер екендігін үнемі еске салып отырады. Өз толғауларының бірінде ол «билердің орыстардан кемсітушілікке ұшырап жүргендеріне күрсінетіндіктері» туралы айтады. Ресей империясының отарлық әміршілігі кезінде қазақтардың кемсітушілік пен қорлыққа ұшырау сарыны Дулатта да және «зарзаманның» басқа да ақындарында жиі кездеседі.

Өзінің сатиралық толғауларында ақын өз замандастары – қазақ шонжарлары мен шенеуніктерінің өкілдерін сынай отырып, оларды екіжүзділіктері үшін (ол орыс өкімет орындарының алдында олардың ұялшақ қыздай болып, өз халқымен оңаша қалғанда қасқырларға ұқсайтынын айтады) айыптайды және оларға өткен замандағы аса көрнекті ата-бабаларын, ақылды және әділетті хандарды қарсы қояды. Осылайша, оның жанында әділеттілік те, адамгершілік те, жалпыға ортақ бақыт та болатын жақсы билеушіге деген сенім Дулат Бабатайұлының қоғамдық-саяси сенімдерінің негізі болып табылады. Алайда ол қазір, ақырзаман жақын қалған кезде мұндай жақсы билеушінің пайда болу мүмкіндігіне сенбейді.

Шортанбай Қанайұлының (1818–1881) шығармашылығы мен көзқарастары. Кейбір деректер бойынша Шортанбай Қаратау сілемдерінде, екінші бір айғақтар бойынша Сырдарияда, үшінші бір деректер бойынша Балқашта туған. Бірақ қалай болғанмен де, ол өз өмірінің көпшілік бөлігін Сарыарқа қазақтарының ішінде өткізді және ақын ретінде кеңінен танымал болды. Оның шығармашылығын 1888 жылдан 1911 жылға дейін көп дүркін басылып шыққан «Шортанбайдың бала



Ш.Қанайұлы

¹ Қазақтар араб-парсы жазуын пайдаланды.



Шортанбай жырау отбасымен

зары» (алты толғауды қамтыған) жинағы, сондай-ақ «Зарзаманды» қосқанда, қолжазба түрінде сақталған үш толғауы бойынша бағалауға болады.

«Зарзаман» ақындарының көпшілігі сияқты, оған мықты хан билігін (бұрын өтіп кеткен уақыттарда болған) мадақтау мен діни тақырыптама тән болды. «Біздің түп атамыз – пайғамбар Адам» атты көлемді толғауында ақын уақытына өз көзқарасын білдірді. Онда өзіне зұлымдық пен алдаудың көбейе бастағаны, туысқандардың арасындағы жауласудың күшейгені, дінге шынайы сенушілер санының азайғаны айтылады. Ол даңқты өткен уақыттан ештеңенің қалмағандығына түңіледі және тек Алладан ғана үміт күтуге болады деп есептейді. Ақын болашаққа сенбейді және *ақырзаман* басталды деп ұйғарады. Бұл ретте алда тұрған ақырзаманға байланысты дүниеге тараған жамандық пен өділетсіздіктің нышаны солдаттары, майорлары, генералдары, аудармашылары және өзге де дінсіздері, өзінің приказдары (өкімшілік округтері), түрмелері және заңдарымен келген Ресей болып табылады. Ақынның пікірінше, Ресейдің отаршылдық саясаты ақырзаманды жақындата түседі.

Шортанбай патша режиміне қызмет ететін қазақтарға қатысты наразылық білдіреді. Оның толғауында отарлық өкімшілік жүйесінің ең төменгі сатыларын иеленетін болыстар мен ауылнайлар айыпталады.

Мұрат Мәңкеұлының (1843–1906) шығармашылығы мен көзқарастары. Бұл ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы, Дулат пен Шортанбайдың өмірі мен шығармашылығына қарағанда, көп нәрсе белгілі. Ол қазіргі Атырау облысында туды, ерте жетім қалды және үлкен ағасының қолында тәрбиеленді. Мұсылмандық бастауыш білім алды. Поэзияға құмартып, айтыстарға қатысты. Ауызша тарихи дәстүрді және қазақ эпосын жақсы білді және өзінің де эпикалық

сарындағы бірнеше ірі шығармасы («Үш қиян», «Сарыарқа», «Қазтуған») бар. Осы және басқа толғауларында Мұрат Мөңкеұлы қоғамдық-саяси және этикалық көзқарастарын білдірді. Бөрінен бұрын ақын үшін өткен заманды сағыну мен оны дәріптеу тән. «Зарзаман» ағымының басқа да ақындары сияқты Мұрат қазақ халқының қорғандары болған бұрынғы заман батырларын жырлады және қазіргі жағдайға налыды. Оның пікірінше, уақыты бойынша соңғы батыр Исатай Тайманұлы болды. «Үш қиян» поэмасында Мұрат қайтып оралмайтын өткен заманға, қазақтардың көшіп-қону аймақтарын тастағанына өкінеді, тек сағыныш пен қамығуды ғана туындататын қазіргі уақыт туралы ойларын түйіндейді. «Сарыарқа» толғауында Мұрат Ресейдің Қазақ даласына қарай біртіндеп алға енуін күйініспен сипаттайды («Еділді тартып алғаны, етекке қолды салғаны. Жайықты тартып алғаны, жағаға қолды салғаны. Ойылды тартып алғаны, ойдағысы болғаны»), барлық жағынан ығыстырылған қазақ халқының тағдырына қайғырады, «Алтын ғасыр» уақытын еске алады, рулық алауыздықтарды жоюға және ынтымақтасуға шақырады. Мұнымен бірге Мұрат поэзиясында да эсхатологиялық көңіл күй орын алады.



М. Мөңкеұлы

Назар аударыңдар! Қазақтардың ресейлік отарлық тәуелділікке түсуімен байланысты ұлттық апаттан торыға күйзелу «зарзаман» ағымы ақындарында бұдан да қорқынышты апатты ақырзаманды сезуін туындатты. Егер 1930 жылдардың бас кезінде миллиондаған өмірді алып кеткен қасіретті аштықты еске алатын болсақ, бұл сезу шындыққа ұласқанын аңғарамыз.

Әбубәкір Кердері Боранқұлұлы (1858–1903) – Батыс Қазақстаннан шыққан ақын. Ол білімді адам болды, медресені бітірді; белгілі бір уақытта хатшы, одан кейін мұғалім болып жұмыс істеді. Бұл ақын-молданың өлеңдер жинағы революцияға дейінгі кезеңде Қазанда екі рет басылып шықты және Қазақстан мен Түркістанда кеңінен танымал болды. Оның поэзиясы бұрынғы асқақтығын *опасыз* дәуірде жоғалтқан қазақ халқының тағдырына алаңдаушылық пен қайғыға («қайғылы болды заманым») толы болды. Онда исламдық рух және келе жатқан апатты (ақырзаманды) күту басым болды.



Ә. Кердері

Әбубәкір Кердері шығармашылығы «зарзаман» ағымының басқа ақындарының аясында өзінің исламдық насихатшылық рухымен

ерекшеленді. Оның өлеңдерінде араб және парсы сөздері өте көп. Ал олардың көпшілігі Құран аяттарын қазақ тіліне еркін аударғандығын білдіреді. Оның шығармаларында Құрандық тақырыптар, сарындар мен бейнелер тұрақты орын алады. Бұл ретте ол надан молдалардың діни сауатын сынға алады, бұрынғы сопылық құндылықтар мен мұраттар өздерінің мөңдерінен айырылғанын, *сопы жолының* кемсітілгенін, ал сопылардың өздері сабырлылықтан айырылғанын айтады. Әбубәкір Кердері эпикалылықты қосқанда, ауызша өлең дәстүрінен барынша алысқа ұзап кетті.

Бұл маңызды! XIX ғасырда қазақ әдебиетіне ислам идеологиясы ықпалының күшеюі мүлдем кездейсоқ болған жоқ. Ол Далада мұсылмандық білімнің таралуына, мешіттер мен медреселердің құрылысына және қазақ тіліндегі мұсылман әдебиетінің таралуына (баспаханалық баспа пайда болуының арқасында) байланысты болды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. «Зарзаман» ағымының жетекші ақындарының шығармашылығындағы негізгі сарындары қандай?
2. Қандай ақындардың шығармашылығында ауызша жырлау дәстүрінің ықпалы күштірек болды?
3. XVIII ғасырдың жырауларымен және XIX ғасырдағы эпостық ақындармен салыстырғанда, «зарзаман» қозғалысы ақындарының шығармашылығындағы ислам идеологиясының күшеюі неге байланысты болды?
5. Мағынасын түсіндіріңдер:
Ақырзаман –
Толғау –
Аят –
Медресе –
Айтыс –

Шағын топтарға арналған тапсырма:

«Зарзаман» әдеби-философиялық ағымның өкілдері – ақындар туралы *таныстырылым дайындаңдар*.

Күрделілігі жоғары тапсырма:

«Зарзаман» ағымы ақындарының өлеңдерін *табыңдар* және олармен осы параграф материалын *дәлелдендер*.

Үй тапсырмасы

Зарзаман ақындарының бірінің шығармашылығынан дөптерге жазып, талдау.

15-тақырып. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастары

Оқыту мақсаты:

- 11.3.1.5 XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси қызметін талдау;
- 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

15.1. Қазақтың бірінші ғалымы Шоқан Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастары

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанда ағартушылық және либералдық-демократиялық идеологияның пайда болуының алғышарттарын талдаймыз;
- қазақтың бірінші ғалым-ағартушысы – Ш.Уәлиханов идеяларын анықтаймыз;
- Ш.Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастарын бағалаймыз;
- Ш.Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбасындағы» өзін-өзі басқару идеялары туралы білеміз.

Қазақстанда ағартушылық идеология пайда болуының алғышарттары. XIX ғасыр прогреске деген ұмтылушылықпен өтті. Бұл аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға өту және Батыста ғылымның гүлдену дәуірі болды. Техника мен ғылым прогресі экономикалық және қоғамдық қатынастардың жаңғыртылуымен қатар жүрді. Бірқатар Еуропа елдері мен АҚШ-тағы либералдық революциялар индустриялық қоғамды жеделдете дамытуға әкелді.

Ғасырдың ортасына қарай Ресей империясы да елдің өнеркәсіптік дамуын жеделдететін және капитализмге жол ашатын либералдық реформалар үшін «пісіп-жетілді». Бұл реформалардың көптеген жақтастары, сондай-ақ қарсыластары да болды. Либералдық идеологияға консерватор-монархияшылар мен қарапайым халықтың қорғаушылары болып өрекет еткен және қоғамды түбегейлі қайта құруға ұмтылған революционер-демократтар (әдетте, зиялы қауым өкілдері) қарсы тұрды. Ресейдегі идеологиялық күрес ауқымы бұдан да кеңірек болды. Өйткені ол ұлтшылдардан бөлек, анархияшылдар мен басқа да ағымдарды қамтыды.

Қазақ даласын қосқанда, Ресей империясының отарлық шеткері аймақтары белгілі бір дәрежеде осы идеологиялық күреске тартылды. Ресейдің шеткері аймақтарына ағартушылық пен прогресс (еуропалық модель бойынша даму ретінде түсінілетін) идеялары біртіндеп ене бастады және ол жерлерде бұл идеялардың жалынды жақтастары да пайда бола бастады. Прогрестің жақтастары батыс өркениетінің алдыңғы қатарлы және дамыған болып табылатындығына, бұл кезде шығыстық қоғамдардың артта қалғандығына, «надандықтың батпағына батқанына» және үздік жағдайда орта ғасырлар «батпағында қалып қоятынына», нашар жағдайда – «дамудың варварлық сатысында» тұрғандығына сенімді болды. Шығыс мемлекеттерінің әскери жеңілістері қоғамдық

Тірек сөздер:

- прогресс
- ағартушылық
- ағартушы
- либерал-демократиялық
- деспотизм
- реформа
- өзін-өзі басқару
- билер соты



Ш. Уәлиханов

ойдың дамуына және Шығыста ағартушылықтың өсуіне және либералдық реформалар үдерістерінің тамыр жаюына түрткі болды. Жаңа заманның шығыстық ойшылдары еуропалық отаршыл державаларға бүкіл Азия мен Африканы басып алуға мүмкіндік берген техникадағы (оның ішінде әскери) орасан басымдыққа ескі ақсүйектердің үстемдігі мен абсолютизмнің шектеген реформалардың, сондай-ақ ағартушылық пен ғылымдағы табыстардың негіз болғандығына сенімді болды. Реформалар мен ұлттық қайта өрлеу кiлтi ретіндегі білім беруге осындай көзқарас ХІХ ғасырдың ортасынан бастап барлық Шығыс елдеріне тән болды.

ХІХ ғасырдың екінші жартысы – ХХ ғасырдың бас кезінде либералдық реформаларды табысты өткізген, бұл ретте ұлттық тәуелсіздік пен ерекшелігін сақтаған Шығыс елдері (Жапония, Түркия, Иран), ең соңында, бүкіл дүниежүзіне жаңғыртудың тек қана еуропалық елдердің ғана үлесі болып табылмайтындығын көрсетті.

Бұл маңызды! ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс ойшылдары Шығыс елдерінің ұлттық қайта өрлеуіне бірінші кезекте баспасөз бен білім беруді дамытудың қажеттігіне, бұлардың ұлттың «оянуына» әкелетіндігіне сенімді болды.

Қазақтың алғашқы ағартушысы Шоқан Уәлиханов (1835–1865). Шоқан қысқа, бірақ өте жарқын өмір сүрді (ол «аққан жұлдыз» деп бекер атанған жоқ). Ол еуропаша білім алған бірінші қазақ ғалымы және қазақ қоғамын жаңғырту мен либералдық-демократиялық реформаларды жақтаушы, қазақтың бірінші ойшылы болды. Абылай ханның шөбересі Шоқан білімді Омбы кадет корпусында алды және офицер болып шықты. Оның алдынан орыс армиясындағы әскери мансап (ол қандай да бір уақыт Батыс Сібір генерал-губернаторының



Ш. Уәлиханов мұражайы, Алматы облысы

адъютанты болды) ашылса да, ол оқуға, білімге және ғылымға орасан қызығушылық танытты. Шоқан Шығыс Түркістанды қосқанда, еуропалықтар үшін жабық болған Орталық Азия облыстарын зерттеген шығыстанушы-ғалымға айналды. Ол Қашқарда қауіпті барлау миссиясын орындай отырып, дүниеден оқшауланған бұл елді жан-жақты зерттеді және миссиясын аяқтағаннан кейін өзінің ғылыми жаңалықтары үшін Орыс географиялық қоғамының толық мүшесі болып қабылданды.

Омбыдағы оқу мен армиядағы қызмет оған орыс офицерлерімен, зиялы қауым өкілдерімен, жер аударылған революцияшылармен (Ф.М.Достоевский М.А.Бакунин, П.П.Семенов-Тянь-Шанский) танысуға және қарым-қатынас жасауға жағдай жасады. Бұл таныстықтар, еуропалық философиялық және әлеуметтанушылық еңбектерді зерделеу оның дүниетанымы, философиялық және қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуына әсер етті. Олар Қазақ хандығының қайта өрлеуін, қазақтардың көшпелілік өркениетінің «Алтын ғасырына» қайтып оралуды армандаған қазақ ойшыл-дәстүршілерінің көзқарастарынан түбірімен ерекшеленді.

Назар аударыңдар! Орыс армиясының офицері ретінде Шоқан Уәлиханов ар-намыс пен борыштың адамы болды. Ғылым адамы ретінде философ, материалист пен реалист те болды. Ағартушы ретінде ол прогрестің білім беру мен ғылым дамуының жақтасы болды. Демократ ретінде ол гуманист, қарапайым адамдардың – өз отандас-қазақтардың мүдделерін қорғаушы болды.

Шоқан Уәлихановтың либералдық-демократиялық көзқарастары. Шоқанның қоғамдық-саяси көзқарастары либерал-демократтық көзқарастар болды. Шоқан Қазақ даласының мұқият ойластырылған реформалардың көмегімен эволюциялық, жеделдетілген дамуын (жаңғыртылуын) қолдады. Ол халық жағдайын «осы жерде және қазір» жақсартуға қабілетті, іс жүзіндегі әрекеттер жасауды жақтаушы болды. Бір кездері Ш.Уәлиханов «өзін отандастардың пайдасы үшін жұмысқа, оларды шенеуніктер мен деспотизмнен қорғау жұмысына арнау» (Ш.Уәлихановтың хатынан) үшін Атбасар округінің сұлтан-басқарушысына айналу ниетінде болды. Қазақ халқының орыс отаршыл шенеуніктерінің жүгенсіздігінен қатты зардап шеккендігін ескере отырып, Уәлиханов «өз үлгісімен білімді сұлтан-басқарушы өз жерлестері үшін қалай пайдалы болатындығын көрсетуге дайын болды. Олар шынайы білімді адамның – оның әрекеттері бойынша орыс тәрбиесі туралы өз пікірін құрайтын орыс шенеунігі емес екендігін көрген болар еді». Шоқанның бұл пікірі қазақтардың өздеріне орыстар туралы «бұратаналарды» жек көретін және оларды варварлар деп есептейтін, білімі таяз шенеунік-шовинистер бойынша түсінік қалыптастыратынын және осыдан келіп, тұтастай алғанда, Ресей бейнесінің бұрмаланған болып шығатынын оның тамаша білгендігін көрсетеді. Сондай-ақ бұл кезде Шоқан ресейлік жұртшылықтың көшпелілерге варварлар ретінде қарау сияқты түсініктерін өзгерту үшін көп күш-жігерін жұмсады. Оның қазақ мәдениетіне арналған ғылыми жұмыстарында қазақтардың жоғары зияты мен моральдық қасиеттері, шығармашылық және поэтикалық қабілеттіліктері атап көрсетілді.

Патшалық отаршылдық өкімшілік қызметіне кірсе отырып, қарапайым халықты жүгенсіздіктен қорғауға дайындығы Ш.Уәлихановтың либералды-демократиялық көзқарастарын бейнелейді. Оның ізінше XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Ресейде жоғары білім алған қазақтардың тұтастай бір тобы: заңгерлер, инженерлер, дәрігерлердің өз іс-тәжірибелік қызметінде осы ұмтылушылықты басшылыққа алатын болды. 1914 жылы қазақ либерал-демократтары, «Алаш» басшылары «Қазақ» газетінде Шоқан туралы өздерінің тікелей идеологиялық жолашары ретіндегі пікірлерін білдірді.

Ш.Уәлиханов патшалық Ресейдегі деспотизм мен жүгенсіздікті ашық сынап алмады. Алайда Шығыс Түркістан (Қашқар) туралы өз жұмыстарында ол жерде патшалық құрған тираниялық тәртіптерге қарсы батыл пікірлер білдірді. Шоқан абсолютизмнің қарсыласы болды және ресейлік демократтардың республикалық идеяларын бөлісе отырып, Ресей үшін конституциялық монархияның да алға жасалған орасан қадам болып табылатындығын түсінді. Ол II Александр (1850 жылдардың соңы – 1860 жылдардың бас кезі) реформаларын қолдады. Бірақ өз пікірі бойынша халыққа азап әкелуі мүмкін, Даладағы күштеп жасалатын реформаларды айыптады.

«Сот реформасы туралы жазба» (1864). Ш.Уәлихановтың қоғамдық-саяси көзқарастары туралы баяндайтын маңызды құжат оның «Сот реформасы туралы жазбасы» (1864) болып табылады. «Жазба» Шоқанның дәстүрлі қоғамды өзгертудің оңтайлы жолдары туралы ойланғанын және бұл жолдың ұзақ, *эволюциялық* жол болуы тиіс екендігі туралы қорытындыға келгенін көрсетеді. Ол либералды-демократиялық реформалардың міндетті түрде жекелеген этностардың (Уәлиханов терминологиясында – «ұлттардың») мүдделерін, ұлттық дәстүрлері мен салттарын ескеруін талап етті. Ол әрбір «ұлтқа» «өздігінен даму, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі басқару мен сотты өздері жүргізуі» керек екендігін тұжырымдады. «Өздігінен даму» ретінде ағарту мен білім берудің арқасында қоғамның эволюциясы мен «оянуы», этностың сана-сезімі мен шығармашылық энергиясының, оның зияткерлік және рухани қажеттіліктерінің өсуі түсінілді. «Өзін-өзі қорғау» ретінде күштеп реформалау мен ассимиляцияға қарсы әскери ғана емес, сондай-ақ саяси, құқықтық, мәдени, тілдік тосқауыл түсіндірілді. «Өзін-өзі басқарудың» артында автономия қағидатының тұруы ықтимал (ал бұл Ш.Уәлихановтың федерализм идеясын бөліскенін білдіреді). «Сотты өздері жүргізуі» ретінде билер соты («халықтық сот») ұсынылды, Шоқан оны міндетті түрде сақтауға кеңес береді.

Назар аударыңдар! Ш.Уәлиханов ұлттық шеткері аймақтарда басқарудың ерекше түрін, «ұлттардың» өзін-өзі ұйымдастыруы мен өзін-өзі басқаруын жақтады. Ш.Уәлихановтың бұл көзқарастарын дамыту XX ғасырдың басында қазақ автономиясы идеясының пайда болуына әкелді.

Ш.Уәлиханов қоғам эволюциясының мақсаты оның гүлденуі, оның барлық мүшелерінің материалдық әл-ауқатының өсуі болуы тиіс («адам тұрмысын жақсартуға жағдай жасайтын реформалар ғана пайдалы») екендігіне сенімді болды. Реформалар қоғамды гүлдендіруге бастауы тиіс және тек осы үшін керек. Бұл ретте реформа ұлттық ерекшелікті ескеруі тиіс: «Қандай да бір қайта құруды ендіру үшін... бұл реформаның материалдық мұқтаждықтарға сәйкес келуі және оның

пайдасы үшін қабылданған қоғамның ұлттық сипатына бейімделген болуы қажет». Бір халық үшін жобаланған реформа басқа халық үшін мүлдем «мағынасыз» болуы мүмкін. Кедейленуге әкелетін және ұлттық ерекшеліктерді ескермейтін реформа керек емес және зиянды.

Бұл маңызды! Ш.Уәлихановтың пікірі бойынша, қоғамның тоқырауы мен регресіне әкелетін реформалардың және «қисынсыз теорияларға негізделген немесе басқа халық өмірінен алынған» және «аса зор апат» болып табылатын зорлықшыл реформалар бірдей қауіпті. Реформалар әрбір нақты этностың («ұлттық») ерекшеліктерін ескеруі тиіс.

Ш.Уәлиханов Қазақстанның тәуелсіздігі үшін күрескен жоқ. Орыс ғылымына қызмет етіп және орыс армиясының офицері бола отырып, ол Қазақстанның Ресейден тыс дамуын ойлаған жоқ. Бірақ ол Ресей империясы, отарлық держава, абсолютті монархия, «халықтар түрмесі» болған Ресейдің қарсыласы болды. Шоқанның Черняев армиясын бастап жүруден және Оңтүстік Қазақстанды әскери жаулап алуға қатысудан (офицер бола тұрып!) бас тартқаны белгілі. Ол қазақтардың (Ресеймен бірге) «прогресс» жолында, дүниежүзілік (яғни еуропалық) өркениеттің даму жолы бойынша қозғалысын жақтаушы болды. Бірақ Шығыстың көшпелілер мен мұсылман әлемінің тамаша білгірі бола тұрып, ол «қисынсыз теориялар» негізінде шығыс шеткері аймақтарды ортақ ережелер бойынша күштеп жаңғыртудың қауіптілігін, кеселділігін және қабылдауға болмайтындығын түсінді. Сондай-ақ Ресейдің ұлттық шеткері аймақтары өзін-өзі басқару құқығын алуы тиіс деп санады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Еуропада кімдерді «ағартушылар» деп атағандығын *еске түсіріңдер*. Еуропа тарихында қай ғасыр «Ағартушылық ғасыры» болды?
2. Шоқан Уәлиханов өмірбаянының қандай фактілері оның демократиялық сенімдер адамы және халыққа іс жүзінде қызмет етудің жақтаушысы болғандығын көрсетеді?
3. Ш.Уәлихановтың көзқарастарын неліктен либералды-демократиялық көзқарастар ретінде сипаттауға болады? Оның ойындағы мінсіз қоғам қандай болды?
4. *Қалай ойлайсыңдар*, Шығыс елдері үшін еуропалық модель бойынша жаңғырту неліктен «қисынсыз теория» болып табылады?

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма:

Хрестоматиядан Шоқан Уәлихановтың «Сот реформасы туралы жазбасынан» үзінділер оқыңдар және оны сыныпта талқылаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма:

Ш.Уәлихановтың әрбір ұлтқа «өздігінен даму, өзін-өзі қорғау мен сотты өздері жүргізуі» қажет екендігі туралы пікіріне *түсініктеме беріңдер*. Мұны Ш.Уәлихановтың қазақтардың ұлттық егемендігі үшін күрескені ретінде түсіндіруге бола ма?

Үйге тапсырма.

Ш.Уәлиханов жайлы эссе жазу.

15.2. Ыбырай Алтынсариннің қоғамдық-саяси көзқарастары

Бүгінгі сабақта:

- Ы.Алтынсариннің қоғамдық-саяси көзқарастарын талдаймыз;
- Ы.Алтынсариннің деизмі және оның танымға деген көзқарасын анықтаймыз;
- Ы.Алтынсариннің іс-тәжірибелік қоғамдық және педагогикалық қызметін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- ағартушы
- ағартушылық
- мектеп
- жаңғырту
- мәдениет
- деизм



Ы.Алтынсарин

Ыбырай (Ибрагим) Алтынсарин (1841–1889) – XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ ағартушысы және қоғам қайраткері. Ол өзінің бүкіл өмірін халыққа білім беруге, педагогикаға арнады. Ол Солтүстік Қазақстан өңірінің (Торғай, қазіргі Қостанай облысы) тумасы, 1859 жылы Омбыдағы қазақ балаларына арналған орыс мектебін бітірді, бұдан кейін Орынборда аудармашы болып қызмет етуге кірісті. Оның бұдан кейінгі бүкіл қызметі халық ағарту ісімен байланысты болды. Шоқан Уәлиханов сияқты, Ы.Алтынсарин де алдыңғы қатарлы орыс әдебиетін және сол кездегі мерзімдік баспасөзді оқыды, орыс зиялы қауымының өкілдерімен және қоғамдағы қарама-қарсы күресуші идеялармен таныс болды. Ол зиялы қауымның халықпен жақындасуының қажеттігі және халық ағарту туралы демократиялық идеяларды ұстанды.

Алтынсариннің саяси көзқарастарын либералдық-демократиялық көзқарастар ретінде сипаттауға болады. Ш.Уәлиханов сияқты халықтың өзін-өзі басқаруының жақтасы бола отырып, ол революциялық идеялар мен социализм идеяларын бөліскен жоқ, халық ағартуды дамыту арқылы қоғамның эволюциялық дамуын жақтады.

Прогресс пен жаңғыртуды жақтаушы ретінде Ы.Алтынсарин қазақ қоғамының артта қалғандығына сенімді болды. Ол үшін мінсіз қоғам – батыстық қоғам саналды. Ол қазақтарды орыс/еуропалық мәдениетке араластыруды, қазақтардың орыстармен жақындасуын, қазақтардың отырықшылыққа көшуін қалады. Ол Ресей империясының шенеунігі ретінде қызметте болуды (ең соңында ол стат кеңесші шенін алды) өзі үшін ұят деп санаған жоқ, өйткені нақ осылайша ғана өз халқына – «өлді де надан, бірақ... барлық пайдалы нәрсені қабылдағыш»¹ халқына барынша пайда әкелемін деген ұйғарым жасады.

¹ «Қырғыз хрестоматиясына» алғысөзден.

Назар аударыңдар! Ыбырай Алтынсарин еуропалық жаңғыртудың және қазақтардың еуропалық мәдениетке араласуының жақтаушысы болды. Ол «ескірген» дәстүрлер мен салттардан бас тартуды, көшпелілердің отырықшылануын прогресшіл және қажетті нәрсе деп есептеді.

Ы.Алтынсаринге «зарзаман» ағымының өзімен замандас ақындарының орыстарға қарсы және сарыуайымшылық көңіл күйлері мүлдем жат еді. Ол халықтың білім арқылы жарқын болашаққа жететіндігіне сенімді болды: «Өнер-білім бар жұрттар, тастан сарай салғызды». Ы.Алтынсарин поэзиясы мен әңгімелерінде («Бай баласы мен жарлы баласы», «Қыпшақ Сейіткүл») қоғамдық сарындар: әлеуметтік теңсіздікті сынау, адал еңбекке шақыру және еңбектің игі ықпалы туралы ой, халықтың оңды қасиеттерін (тапқырлық, еңбексүйгіштік, ептілік, батырлық, табандылық, жолдастық ынтымақтастық) асқақтату, кейбір ескі салттарды (мысалы, барымтаны) жоққа шығару байқалады. Оның «Хрестоматиясында» сондай-ақ өзінің өнегеллік-әдептілік позициясын растайтын фольклор үлгілері де жарияланды.

Назар аударыңдар! Ы.Алтынсариннің дүниетанымы негізінде ағартушылық пен еңбекке табыну жатыр. Ол білім мен адал еңбектің әрбір жеке адамды бақытты ететіндігіне және бүкіл қоғамды молшылыққа әкелетіндігіне сенді.

Ы.Алтынсариннің деизмі мен оның танымға көзқарастары. Ы.Алтынсарин Ш.Уәлиханов сияқты дәйекті материалист және атеист болған жоқ. Оның дінге деген көзқарасы қарама-қайшылықты болды. Ол *деизм* – Құдайдың бар екендігін және оның дүниені жаратқанын мойындайтын, бірақ табиғаттан тыс және мистикалық құбылыстарды, діни догматизмді жоққа шығаратын діни-философиялық бағыт позициясында тұрды. Бұл тектес сенімдер XVIII ғасырдағы еуропалық ағартушыларға тән болатын. Ы.Алтынсарин Құдайға, бірақ бүкіл тіршілікті жаратқан Жаратушы-Құдай ретінде ғана шынайы сенді. Алтынсариннің сенімі бойынша, Құдай дүниені жарата отырып, оның істеріне, адамдардың істеріне енді араласпайды. Сондықтан нақты қоршаған дүниеде жаратылыстан тыс ешқандай нәрсе жоқ.

Оның бірқатар туындыларында дінді, оның ішінде исламды жіті сынау да кездеседі. Бірақ бұл сын бәрінен бұрын догматизм мен фанатизмге бағытталды. Алтынсарин күнделікті өмірінде дәстүрлі діни мектептерге қарсы шықты және зайырлық білім беруді дамытуды, жаратылыстану ғылымдарын оқытуды және қоршаған дүние туралы іс-тәжірибелік білімді кеңейтуді жақтады. Прогресті жақтаушы бола отырып, ол зайырлы қоғамды дамытуға, оның экономикалық дамуы мен рухани жетілуіне жәрдем ете алады деп ұйғарды. Ол қоғамдық прогрестің «діни соқыр сенімдерді» тежейтініне сенімді болды.

Ы.Алтынсарин теориялық тұрғыда білімді заттар мен материалдық дүние заттары туралы білім ретінде қарастырды. Ол білім нысаны табиғаттан тыс әлем емес, табиғи әлем болып табылады деген

ұйғарым жасады. Табиғатты тану табиғи жолмен ғана өтуі мүмкін. Ы.Алтынсарин объективті дүниенің танылатындығына және адам санасының құдіреттілігіне сенімді болды: «табиғи ақыл-ой өзін қоршағандарды ғана тануға қабілетті». Бұл ретте «ақыл-ой» көргенді білу ғана емес, сондай-ақ бұдан да «көрмеген білімге» қол жеткізу (қоғам мен табиғат заңдарының ғылыми жаңалықтары айтылып отыруы ықтимал) болып табылады. Танымның кілті ағартушылық пен ғылымның дамуында деп санайды.

Назар аударыңдар! Ы.Алтынсарин танымды құдайлық нәрсені танып білу ретіндегі идеалистік түсінікке қарсы шықты және де осылайша, тұтастай алғанда, ислам дәстүріне және атап айтқанда, қазақтардың арасында танымал болған сопылық дәстүрге қайшы келді.

Ы.Алтынсариннің педагог-ағартушы ретіндегі қоғамдық қызметі. Ы.Алтынсарин өзінің педагогикалық қызметін жеке мұғалім ретінде бастады. Бірақ 1864 жылдың өзінде-ақ оған Торғайда өз мектебін ашудың сәті түсті. Оған 14 қазақ ұл бала оқуға алынды. Бұл мектеп қолданыстағы мұсылмандық мектептерден ерекшеленді және болашақ жәдиттік (жаңа әдісті) мектептердің алғашқы бейнесіне айналды. Оқыту қазақ тілінде жүргізілді, пәндердің ішінде жаратылыстану ғылымдары мен күнделікті өмірде қажетті пән – орыс тілі де болды. 1876 жылы Ы.Алтынсарин Петерборға сапар шекті. Бұл оны өзі таңдаған жолдың дұрыстығына бұрынғыдан да көбірек сендіре түсті. 1879 жылы ол Торғай облысы халықтық училищелерінің инспекторы болып тағайындалды. Бұл лауазым оған бірнеше мектеп ашуға мүмкіндік берді. Олардың кейбіреулері орыс-қазақ, басқалары таза қазақ мектептері болды. Ы.Алтынсарин математика мен басқа да жаратылыстану ғылымдарын оқытуға ерекше назар аударды. Ол сондай-ақ эстетикалық, дене және еңбек тәрбиесін жалпы адамгершілік тәрбиенің маңызды бөлімі ретінде қарастырды. Алтынсариндік мектептерде мұсылман балалары оқытушы-молданың басшылығымен Құранды зерттеді, алайда оларды оқытуға бөлінген сағаттар саны да аз болды.

Ы.Алтынсарин өзінің «Болыстық мектептер туралы жазбаларында» жаңа үлгідегі мектептер қазақ жастарын еуропалық мәдениетке жақындатуға қабілетті болып қана қоймай, сондай-ақ «татар фанатизміне» (яғни, молда-дәстүршілердің түсіндіруіндегі ислам) қарсы тосқауыл ретінде әрекет ететіндігі туралы ой білдірді. Ол жаңа мектеп оқушыларының санын көбейту бұл мектептерді бітірушілердің «Ордада көбейтілген және ғылым рухы сіңірілген және заттарға салауатты¹ көзқарастың бүкіл халыққа әсер ететініне» сенді.

1864–1889 жылдары Ы.Алтынсарин Торғай облысында пансион бар (интернат үлгісіндегі) бірнеше уездік екі сыныптық алты жылдық

¹ Яғни, материалистік.

училище, бірнеше болыстық бастауыш мектептер, қолөнер училищесін (1883), қыздарға арналған мектепті (1887), ауыл мектептерін (1892) ашты. Ол бірнеше қолөнерлік және ауылшаруашылық училищелерін ашуды жобалады. 1883 жылы мұғалімдер мектебін ашты. Уездік және тіпті болыстық мектептерді бітіргеннен кейін үздік оқушылар оның қолдауы бойынша Троицк мен Орынбордағы орыс гимназияларында және бұдан әрі жоғары оқу орындарында білім алуын жалғастыру үшін шәкіртақылар алды.

Назар аударындар! Ы.Алтынсарин Қазақстанда оқу-ағартушылық жүйесінің негізін жасады, XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде еуропаша білім алған қазақтардың саңлақ тобының пайда болуына жәрдемдесті.

Сол кезеңде қолданылатын діни мазмұндағы оқу кітаптарының (олар мақтаптарда оқытылатын) барлығын Ы.Алтынсарин жарамсыз деп есептеді. Ол оқулықтың діни ықпалға берілмеу керектігін қалады. Бұған қоса, ол қазақ балаларының араб емес, «қазақтың тілінде» оқуы тиіс екендігіне сенімді болды. Ы.Алтынсарин қазақ тіліндегі заманауи жаңа оқулықтардың авторына айналды (бұл «Қырғыздарды орыс тіліне оқытуға бастапқы басшылық» хрестоматиясы және «Қырғыз хрестоматиясы», 1879). Бұл кітаптарда орыс жазуы негізінде жасалған жаңа қазақ әліпбиі пайдаланылды. 1889, 1896, 1899 жылдары ол «Мақтубат» («Хаттар») деген атпен араб жазуы негізінде қайта басылып шықты.

Публицистикалық сипаты бар өз поэзиясында Ы.Алтынсарин білім беруді насихаттады, жастарды білімге – бірден-бір шынайы байлық пен нағыз бақытқа апарар жолды таңдауға шақырды. Қиындық жаңа мектептерді ашу ғана емес, сондай-ақ оқушыларды тарту да болды. Сондықтан Ыбырай Алтынсарин тікелей балаларға арналған білімнің пайдасы туралы өлеңдер жазды («Кел, балалар, оқылық!»).

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Ы.Алтынсарин неліктен ағартушыларға жатқызылады?
2. Ы.Алтынсарин қазақ қоғамының жаңғыртылуына қалай қарады? Ол жаңғыртудың қандай жолын неғұрлым қабылдауға болатын деп есептеді?
3. Ы.Алтынсарин бойынша танымның мақсаты неде?
4. Ы.Алтынсарин бойынша адам қалай бақытты, ал қоғам гүлденген бола алады?
5. Деизм философиясы дегеніміз не?

Сыныпта талқылауға арналған тақырып:

Ы.Алтынсарин қазақ және орыс мәдениеттерінің араласуының сенімді жақтаушы болды. Мұндай араласудың қандай оңды және теріс жақтары бар?

Күрделілігі жоғары тапсырма:

Ы.Алтынсарин білім беру мен ғылымның дамуы қоғамды гүлденуге әкелуі мүмкін деп есептеді. *Қалай ойлайсыңдар*, бұл қоғамның гүлденуі үшін жеткілікті ме?

Үйге тапсырма

Ы.Алтынсариннің іс-тәжірибелік қызметі туралы қысқаша *әңгіме құрыңдар*.

15.3. Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының қоғамдық-саяси көзқарастары

Бүгінгі сабақта:

- Абайдың гуманистік мұраты және адамның «құдай берген бейнесіне» деген сенімін түсінеміз;
- Абайдың дін мен өкімет билігіне көзқарасын талдаймыз;
- Абайдың орыс/еуропалық мәдениет пен ағартушылыққа деген көзқарасын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- ағартушы
- ағартушылық
- қарасөздер
- гуманистік мұрат
- кемеліне келген адам
- кемеліне келген қоғам



Абай Құнанбайұлы

Қазақтың ұлы ақын-ағартушысы Абай (Ибрагим) Құнанбайұлы (1845–1904) ұлы ақын, қазақ жазба әдебиетінің негізін салушысы және классигі ғана емес, сондай-ақ бірегей философ та болды. XIX ғасырдың екінші жартысындағы басқа да қазақ ойшылдары сияқты, Абай да қазақ даласының Ресей империясының құрамына енуімен және қазақтардың саяси дербестігінің жойылуына байланысты өзгерістер туралы көп ойланды. Қазақ қоғамы терең дағдарысқа тап болды. Сендер бір ойшылдардың жағдайды қайғыра қарсы алып, қазақ қоғамына зарын білдірсе, екіншілерінің ұлттық ерекшеліктерді және өзін-өзі басқару мүмкіндігін ескере отырып, қазақ қоғамын жаңғыртуды жақтағанын, үшіншілері дағдарыстан шығудың кілті ретінде халық ағартушылықты ұсынғанын білесіңдер.

Абай да қалыптасқан жағдайды ой елегінен өткізіп, одан шығу жолын іздеді. «Зарзаман» ағымы ақындары сияқты, ол рулық құрылыстың қирауы мен қоғамдағы жағымсыз өзгерістерді күйзеле бақылады, өмірдің теріс жақтарын: руаралық қырқыстарды, шенеуніктердің жүгенсіздігін, байлардың сараңдығы мен атаққұмарлығын, билердің надандығын, кедейлердің жағдайын, заңсыздық пен әділетсіздікті аяусыз сынады. Мұнымен қатар ол білім берудегі прогресс, сондай-ақ адамдардағы үздік рухани қасиеттерді дамыту, кеселдерді түп-тамырымен жою, қоғамға қажетті реформалар жүргізу қоғамдағы әділеттілікті қалпына келтіріп, оны берекеге толтыратынынан үміттенді. «Зарзаман» ағымы ақындарынан айырмашылығы, Абай неғұрлым оптимистік көңіл күйде болды, ақыл-ойға және қазақ халқының бақытты болашағына сенді.

Бұл маңызды! Абай философиясының негізіне қоғамды ағартушылық ислам негізінде қайта құру, сондай-ақ адамды кемеліне келтірудің гуманистік идеясы алынды.

Абай отаршылдық қыспағында қалып қойған және бұрынғы рухани бағдарларынан айырылған қазақ қоғамы батқан тоқырауды жою үшін адамдарды өз соңынан ерте алатындай ортақ мақсатты тұжырымдау қажеттігін түсінді. Ол «ұлы мақсаты немесе ортақ ақиқаты жоқ халықты рухани жағынан өлген» деп есептеді. Дамуға жаңа серпін алу үшін қазақ қоғамы бақытты болашақ; онда әділеттілік патшалық құратын кемеліне келген қоғам идеясына ие болуы тиіс. Өзінің бүкіл шығармашылығымен, әсіресе «ғақлия» жанрындағы философиялық-дидактикалық прозадағы ойларымен («Қарасөз») Абай тұңғиу мен қазақ қоғамындағы қырқыстарға қарамастан, қоғамда бұл кемеліне келмеген әлемді қайта құру мүмкіндігінің бар екендігін көрсетті.

Абайдың гуманистік мұраты және адамның «құдай берген бейнесіне» деген сенімі. Кемеліне келген қоғам кемеліне келген адамсыз мүмкін болмайды. Ортағасырлық философтардың бұл идеясын Абай да бөлісті, онда адам бүкіл әлеуметтік жүйенің орталығы болып табылады. Абай мейірімсіз қоғамда адам өзінің жануарлық және арсыздық қасиеттерін танытатынын немесе жалақор, мақтаншақ, жағымпаздың бетпердесін киетінін көрді. Сондықтан оның философиялық тұжырымдамасында адамда оның табиғи өнегелілік қасиеттерін ашу, адамды ол өзі жаратылған «құдайлық бейнесіне» қайтару идеясы маңызды орынды иеленеді. Абай бұған сенімді болғандай, кемеліне келген, жоғары өнегелі адам өзінің бүкіл шығармашылық күшін әділетті қоғам құруға бағыттай алады. Абайдың әйгілі «Адам бол!» сөзі нақ осы адамның өнегелілік бастамасына қайтып оралуы туралы айтады.

Адам өзінде жоғары рухани қасиеттерді тәрбиелейді және басқа адамдармен қарым-қатынастарын солардың негізінде құрады. Осылайша, қоғамдағы анықтауыштар экономикалық немесе саяси емес, өнегелілік, гуманистік қатынастар болып табылады.

Назар аударыңдар! Абай қоғамды өзгертуді армандады, бірақ революцияға қарсы болды. Ол әрбір адамда оның өнегелілік бастамасын, оның «жаратылыс бейнесін» аша отырып, адамды, қоғамды өзгертуге шақырды.

Бұл тұжырымдама «зарзаман» ағымының ақындары, сондай-ақ бұрынғы ғасырлардағы ақын-сопылар бөліскен, кемеліне келмеген дүниеден қашудың пессимистік және жеке-даралық сценарийінен түбірімен ерекшеленді. Бір мезгілде бұл көзқарас көшпелі қоғамға тән көзқарастардың дәстүрлі жүйесіне қарама-қайшы келеді. Өйткені дәстүрлі қоғамда ұжым (ру, қауым және т.б.) жеке-даралықтан басым болады. Жаңа заманның ойшылы ретінде Абай өз уақытындағы рулық қауымдастықтың басымдығы надан («санасыз») тобырдың, бөтен пікір мен соқыр сенімдерден туындаған деп есептеді. Жаңа заман уақытының адамы тек жай білімді және өнегелі адам ғана емес, сондай-ақ қоғам алдында жеке жауапкершілік те болуы да тиіс. Ол ерікті са-



Абай ұлдарымен

Оның пікірлерінде мұсылмандық дін ілімін, фанатизм мен догматизмді, яғни діншілдіктің қатып-семген сыртқы нысанын сынау кездессе де, оларда Құдай мен діннің тағайындалуы туралы терең ойлар бар. Абай шынайы дін үлгісін көрсетеді: Алланы тани және оның құдіреттілігіне, барлығын басқаруына, қайырымдылығы мен әділеттілігіне сене отырып, Абай шынайы және жалған діннің жігін ажыратады. Абайдың гуманистік мұраты да дінмен байланысты. «Адам болу» өз жүрегінде Құдаймен бірігуді және білімге, әділеттілік пен қайырымдыққа ұмтылуды, жасампаз адам үшін белгілеген нәрселерге: жақсылық жасауды, білім алу, адал және жанашыр болуды дәріптейді. «Адамның мәнін махаббат, әділеттілік пен ішкі сезім құрайды. Адамдар бұл бастамаларсыз өмір сүре алмайды... Алла Тағала біздің дүниені осындай етіп жаратқан». Абай ағартушылық исламды және исламды, бірінші кезекте білім беру саласында реформалауды жақтады. Бұл турасында ол жәдидтердің рухани ізашары болды.

Абайдың өкімет билігіне көзқарасы. Абай билікті мәжбүрлеу ретінде қабылдады және биліктің ерікті адамды құлға – оның ішінде екі жүзділік, жалғандық, баюдың құлына айналдыратын барлық түрлерін сынады. Сондай-ақ ол билікте бола тұрып, ар-ождан бойынша өмір сүрудің, адам болудың өте қиын екендігін түсінді. Мұнымен қатар ол әділетті билеуші мұратына, басқарудағы өнегелілік бастама мен сала-

налы жекетілге болуы және ерікті әлеуметтік таңдауға ие болуы тиіс. Өнегелі, ар-ұжданды адам, Құдай өсиеттерін ұстана отырып, басқа да осындай өнегелілігі жоғары адамдармен бірге жаңа қоғамды құруға қатысады.

Абай рухани дамуды, адамның кемелге келуін өмірдің мағынасы деп есептеді. Өзінің «Қарасөздерінде» ол «Рухани қасиеттер – адам өміріндегі ең бастысы» дегенді айтады. Абай бойынша, егер иеленушінің рухани қасиеттерімен бекітілмесе, материалдық құндылықтардың мағынасы жоқ: «Адамды сезімтал жан мен жылы жүрек бастауы тиіс, сол кезде оның еңбегі де, байлығы да мағынаға ие болады».

Абайдың дінге көзқарасы. Абай дінге терең берілген адам болды.

уатты ойдың бірігуіне сенді. Егер билеуші өнегелі және «таза жүректі» саналы адам болса, билік мәжбүрлеу мен құлдану құралына айналмайды деп түйді.

Абайдың орыс/еуропалық мәдениет пен ағартушылыққа деген көзқарасы. Еуропалық білім алған Ш.Уәлихановтан, «жаңа мектептен» үміттенген Ы.Алтынсариннен айырмашылығы, Абай халықпен өдеттегі тілде сөйлесті. Өңгіме дәл сондай тіл (бұл маңызды болса да) туралы ғана емес, сондай-ақ ағартушылық идеяларды беру нысаны туралы да болып отыр. Өткен ғасырлардың жыршы, жырау және ақындарының дәстүрін ұстана отырып, Абай халықпен қарапайым адамдарға түсінікті жыр-өлең немесе қысқаша өсиеттер түрінде ұлттың өткені, бүгінгісі мен болашағы туралы өз ойларымен бөлісті.

Солай болғанмен де, орыс мәдениетімен және Ресейдің ғылыми-техникалық жетістіктерімен жақсы таныстық Абайды прогресс пен жаңғыртудың, мәдениеттер ықпалдастығының, өзінің пікірінше, алға жылжуды баяулататын өдет-ғұрыптармен және соқыр сенімдермен күрестің жақтаушысы етті. Ол надандық пен артқақалушылықты дүниеде әділетсіздік пен жауыздықты туындататын әмбебап жамандық деп есептеді. Сондықтан қоғамдық прогресс, әділетті қоғамға қозғалыстың құралы ретінде ағартушылық, білім беруді, орыс тілі мен орыс әдебиетін таратуды қостады. Абай: «Бастысы – орыс ғылымын үйрену. Ғылым, білім, байлық, өнер – бұлардың өрі орыстарда. Кеселдерді болдырмау және жақсылыққа қол жеткізу үшін орыс тілі мен орыс мәдениетін білу қажет» деп жазды. Көптеген қазақтар өз балаларын орыс мектептеріне беруді күнә санаған жылдары Абай былай деп жазды: «Ұлыңды үйлендіруге асықпа, бұл үшін саған бүкіл дүниенді салуға тура келсе де, оны орыс ғылымына оқыт. Егер өз ұлыңның адам болуын қаласаң, онда оны оқыт және осылайша оған және өз халқыңа игілік жасайсың». Мұнымен қатар Абай бөтен мәдениетті ойланбастан меңгеруден сақтандырды. «Біздің көп балаларымыз...» өлеңінде ол орыс мектебін бітірген жас адамдардың отаршылдықтың соқыр қаруына айналуынан қауіптенетінін білдірді. Абай жастарды туған халқына қызмет ету үшін еуропалық білім алуға шақырды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Абайдың өмірбаянындағы аса маңызды фактілерді (оның шығу тегі, білімі, қызметі) *еске түсіріңдер*. Қалай ойлайсыңдар, бұл фактілер оның дүниетанымына қандай әсер етті?
2. Абайдың гуманистік мұраты туралы *әңгімелеңдер*. Абайдың «Адам бол!» сөзінің философиялық мағынасы неде?
3. Абайдың гуманистік мұраты қоғамды қайта құру идеясымен қалай байланысқан?
4. *Қалай ойлайсыңдар*, Абай недіктен қазақтардың орыс тілі мен ғылымын үйренудің жақтаушысы болды? Ол еуропалық білім алудың қандай салдарларын көрді?

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма:

Хрестоматиядан «Абайдың қара сөздерінен» үзінділер оқыңдар және оны *сыныпта талқылаңдар*.

Күрделілігі жоғары тапсырма:

Сендердің көзқарастарың бойынша Абайдың қандай пікірлері мен өсиеттері бүгінгі күні өзекті болып табылуы мүмкін?

Үй тапсырмасы

Абайдың өз заманындағы қазақ қоғамына қандай көзқарастары болды? Абай лирикасынан *мысалдар* келтіріп, дәптерге жазыңдар.

VI тарауға арналған тест тапсырмалары

- 1) Әл-Фараби философиялық жүйесінің негізі:
 - A) мінсіз қоғам;
 - B) мінсіз мемлекет;
 - C) бақытқа қарай ұмтылу;
 - D) кемеліне келген адам.
- 2) Түркі тілінде жазылған алғашқы классикалық поэма – «Құтты біліктің» авторы:
 - A) әл-Фараби;
 - B) Жүсіп Баласағұн;
 - C) Махмұд Қашқари;
 - D) Ахмет Ясауи.
- 3) Түркі тілінде жазылған алғашқы классикалық поэма – «Құтты біліктің» авторы:
 - A) әл-Фараби;
 - B) Жүсіп Баласағұн;
 - C) Махмұд Қашқари;
 - D) Ахмет Ясауи.
- 4) Әл-Фараби мен Ж.Баласағұн еңбектерінде алға сүйреген қоғамдық идея:
 - A) кемеліне келген қоғам;
 - B) қала мәдениетінің шарықтау;
 - C) бай мемлекеттің бейнесі;
 - D) мінсіз отырықшы қоғам.
- 5) «Диуани лұғат ат-түрік» шығармасының авторы:
 - A) әл-Фараби;
 - B) Жүсіп Баласағұн;
 - C) Махмұд Қашқари;
 - D) Ахмет Ясауи.
- 6) Шығарманың бірінші бөлігінде түркі тайпалары туралы мәліметтер келтіріледі. Екінші бөлігі фольклор үлгілерімен және өлеңдермен айшықталған сөздіктің өзі болып табылады:
Кімнің шығармасы туралы сөз болып тұр:
 - A) Ахмет Жүгінеки;
 - B) Жүсіп Баласағұн;
 - C) Ахмет Ясауи;
 - D) Махмұд Қашқари.
- 7) XIV ғасырдың екінші жартысында аңызға айналған тарихи тұлға:
 - A) Бұхар жырау;
 - B) Асанқайғы;
 - C) Ахмет Ясауи;
 - D) Махмұд Қашқари.
- 8) Қазақ жерлерін біріктіруші:
 - A) Төуке хан;
 - B) Қасым хан;
 - C) Хақназар хан;
 - D) Есім хан.

9) Тәуке хан кезіндегі хан мен, халықтың арасындағы байланысты жүзеге асыратын мемлекеттік орган:

- A) Хан кеңесі;
- B) билер кеңесі;
- C) ақсақалдар соты;
- D) ауылдық кеңес.

10) Махамбет «Исатайдың шайқасы» жырында сипаттаған халық көтерілісі жүрген кезең:

- A) 1837–1847жж.
- B) 1836–1838 жж.
- C) 1856–1858 жж.
- D) 1870–1871 жж.

11) «Зарзаман» ағымы ақындарының негізгі тақырыбы:

- A) жоңғарларға қарсы күрескен батырларды жырлау;
- B) рулық қатнастардың шиеленісуіне, мұсылмандық білімнің өнуіне қарсылық;
- C) мұсылмандық білімге наразылық, хандық бийліктің күшейуіне қайғыру;
- D) отаршылдыққа қарсы наразылық, хандық бийліктің күйреуіне қайғыру.

12) Болашаққа сенімсіз, ресейлік отарлауды «ақырзаман басталды» деп ұйғарған «Зарзаман» өкілі:

- A) М. Өтемисұлы;
- B) М. Мекеұлы;
- C) Ш. Қанайұлы;
- D) Ә. Кедері.

VI тараудың қорытындысы

Ортағасырлық Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл-Фараби Қазақстанның оңтүстігінде Фараб (Отырар) аймағында туған. Ол өз уақытының (IX ғ.) аса көрнекті философы және энциклопедияшысы болды. Әл-Фараби ғылымдарды теориялық және практикалық ғылымдарға бөлді. Ол саяси философияға ерекше маңыз беріп, оның мақсаты жетілдірілген қоғам құру деп есептеді. Әл-Фараби философиялық жүйесінің негізгі адам мен оны зияткерлік-өнегелілік жағынан жетілдіру («мінсіз адам» туралы ілім) болған. Әл-Фараби мінсіз қоғам, яғни еркіндік, теңдік, өзара құрмет пен толықтай құт-береке үстемдік құратын өділетті қоғам туралы ілім өзірледі.

XI ғасырдағы ақын және философ Ж. Баласағұни – түркі тіліндегі бірінші классикалық поэма – «Құтты біліктің» («Құтадғу білік») авторы. Оның қоғамдық-саяси көзқарастары ислам мен шарифаттың, оның мінсіз қоғам туралы ілімімен, әл-Фараби философиялық жүйесінің, сондай-ақ сопылық идеялардың ықпалымен қалыптасты. «Құтты білік» – билеушілерге арналған дидактикалық құрал. Автор онда Қарахан мемлекеті өмірінің әртүрлі қырларына өз көзқарастарын білдіреді және іс-тәжірибелік кеңестерін береді. Поэмада кемеліне келген қоғамның қағидалары, ондағы әртүрлі топ өкілдері мінез-құлықтарының ережелері негізделген, адам өміріндегі ақыл-ойдың орны мен өмірдің мағынасы белгіленген.

М. Қашқари (XI ғ.) – «Диуан лұғат ат түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») энциклопедиялық сөздігінің авторы. М. Қашқаридің араб тілінде жазылған «Сөздігі» түркі фольклоры мен әдебиетінің үлгілерін қамтыған. «Сөздіктің» бірінші бөлігінде түркі тайпалары туралы мәліметтер келтіріледі. Екінші бөлігі фольклор үлгілерімен және өлеңдермен айшықталған сөздіктің өзі болып табылады. «Сөздік» исламдандырудың бастапқы кезеңіндегі түркі халықтарының дүниетанымы туралы түсінік береді. Түркі халықтарының дүниетанымы мақалдар, мәтелдер, жекелеген сөздер мен түсініктер, өлеңдер мен әндер арқылы ашылады. М. Қашқари философиясы – гуманистік философия (басты назарда адам орналасқан).

Оңтүстік Қазақстан отырықшы халқының рухани өмірінде сопылық (ислам мистицизмі) – негізінде Ақиқатты (Құдайды) рухани іздегіру идеясы жатқан ілім елеулі рөл атқарды. Сопылық пен исламды насихаттауда түркі тілдес сопылық ақындар шығармаларының маңызы зор болды. Бұл ақындардың ішіндегі аса көрнектісі Қожа Ахмет Иасауи (XI ғасырдың соңы – XII ғасырдың басы) болды. Иасауи кесенесі қазақтардың діни орталығы және ұлттық қасиетті орны болып табылады. Иасауидің «Диуани хикметінде» Ахмет Жүнекидің «Хибат

ал-хакаигі» сияқты сопылық идеялар баяндалады, адамды өнегелілік жағынан өсуге шақырады.

«Көшпелі халықтың философы» Асан Қайғы (XIV–XV ғғ.) «Арман еткен жер» («Жерұйық») туралы бірегей ілім жасады. Ол тәуелсіз қазақ мемлекетін құрудың рухани негізіне айналды. Асан Қайғы туралы аңызда ол адамдар қайғы-мұңсыз және еш мұқтаждықсыз өмір сүретін, жайылымдары мол мінсіз жерді іздестіреді. Асан Қайғы даналық өсиеттерімен және философиялық жыр-толғауларымен даңққа бөленді. Қазақ хандығында ақын-жыраулар күшті хан билігін, мемлекеттің әскери қуатын, батырлардың ерлігі мен табандылығын жырлады. Бұхар жырау өмірдің мағынасы, жақсылық пен жамандықтың арақатынасы туралы философиялық-өсиеттік жырлар шығарды. Ол мінсіз билеуші – қазақтың барлық үш жүзін біріктіруге қабілетті, әділетті және қайырымды хан бейнесін жасады.

Қазақстанда қоғамдық-саяси ойдың бұдан әрі дамуы әдеттік құқық (адат) кодекстерінің сақтаушылары ретінде қазақ хандары мен билерінің қызметіне байланысты болды. Қазақ хандығында әдеттік қағидалары түркі-моңғол мемлекеттілігі дәстүрінде жазылды. Шыңғыс хан ұрпақтары – қазақ хандары хан билігінің қасиеттілігі мен Шыңғыс хан тұқымының артықшылықтарын бекіткен Шыңғыс ханның «Ұлы Ясасын» басшылыққа алды. «Қасым ханның қасқа жолы» жинағының жасалуы Қасым ханның есімімен байланысты. Есім ханның заңдары жоңғарлардың баса-көктеп кірулері кезеңінде жасалды. «Есім ханның ескі жолы» жинағы билерге неғұрлым кең құқықтар беріп, рулық ақсүйектердің беделін көтерді.

Тәуке хан (1680–1718) заң шығарушы және реформашы болды. Оның кезінде қазақ қоғамының саяси-құқықтық жүйесінің түпкілікті қалыптасуы болып, ханның жанында тұрақты жұмыс істейтін билер кеңесі құрылды. Тәуке хан хандықтың ең беделді үш биі – Төле би, Қазыбек би және Әйтеке бимен бірге «Жеті жарғы» жаңа заңдар жинағын жасады. Жинақ қылмыстық құқық, отбасылық және мұрагерлік құқық нормаларын, мемлекеттік және өкімшілік нормаларды қамтыды. “Жеті жарғы” жинағы құқықтық жаңа нормалармен толықтырыла отырып, XVIII ғасыр бойы қолданылды. «Жеті жарғы» ережелері кәдімгі құқықтың көпғасырлық нормаларын бекітті.

XIX ғасырда, отаршылдық жағдайларында ақындар даладағы көркем сөздің негізгі шеберлеріне айналды және қазақ қоғамының рухани өмірінде маңызды рөл атқара бастады. Өткен заман туралы эпикалық поэмаларды орындай отырып, ақындар адамдарға Қазақ хандығының «Алтын ғасырын», моңғолдарға дейінгі дәуірдегі түркілердің айбындылығын еске салды. Ақындар батырлық эпосының көптеген шығармаларын жатқа білді. Батырлық эпосы – бұл тарихи

және өлеуметтік ақпаратты беру нысаны, тарихтағы жеке тұлғаның орасан рөлi туралы идеялардың фольклорлық көрiнiсi, батырдың ерлiгi арқасында жақсылықтың жамандықты жеңу мүмкiндiгi туралы халықтың утопиялық түсiнiгi. XIX ғасырдың ақындарында батыр бүкiл халықтың қуаты мен үмiтiнiң нышанын бiлдiрдi.

Шығармашылықтары Қазақстанның Ресей империясының отарына айналуына байланысты қазақтардың тарихында басталған ауыр уақытқа қайғыруға толы дәстүршiл ақындардың орны бөлек. Ақындардың бұл тобы «Зарзаман» әдеби-философиялық ағымын құрады. «Зарзаман» ақындары көшпелiлiк құрылысты жырлаушылар, күштi хандық билiктi жақтаушылар және исламды қолдаушылар болды. Олардың шығармашылығының негiзгi мазмұнын Қазақстанды Ресейдiң отарлауына қарсы наразылық құрады. Ол сол уақытқа қайғырумен, сондай-ақ өткен заманды дәрiптеумен де бiлдiрiлдi. Бұл топтың ақындары еуропалық мәдениетке және қазақ қоғамының өзгерiстерге ұшырауына қарсы болды.

Дулат Бабатайұлы бұл жанрдың тақырыптамасын елеулi кеңейте отырып, толғау жанрында туындыларын шығарды. Оның жыр-толғаулары 1880 жылы “Өсиет-наме” жинағы түрiнде басылып шықты. Дулат өткен заманның ұлы хандарын зарыға еске алды және нақ өз уақытын мойындай алмады; ол қазақтарда болып жатқан апаттың алда тұрған ақырзаманмен байланысты екендiгiне сенiмдi болды. Шортанбай Қанатұлы үшiн күштi хандық билiктi жырлау мен дiни тақырыптама тән. Ақын сондай-ақ, болашаққа сенбедi және ақырзаман басталды деп топшылады. Мұрат Мөңкеұлы үшiн де осындай сарындар мен эсхатологиялық көңiл-күй тән болды. Әбубәкiр Кердерiнiң шығармашылығы «Зарзаман» ағымының басқа ақындары аясында исламдық насихатшылық рухымен ерекшелендi.

Шоқан Уәлиханов еуропаша бiлiм алған бiрiншi қазақ ғалымы, либерал-демократиялық реформалар мен жаңғыртуды жақтаушы болды. Ағартушы ретiнде ол прогрестi, бiлiм беру мен ғылымды дамытуды жақтады. Демократ ретiнде ол гуманист, қарапайым адамдардың мүддесiн қорғаушы болды. Патшалық отаршыл әкiмшiлiкке қызметке кiре отырып, қарапайым халықты жүгенсiздiктен қорғауға дайындығы ғалымның либерал-демократияшыл көзқарастарынан көрiнiс тапты. Ш.Уәлиханов ұлттық шеткергi аймақтарды басқарудың ерекше нысанын, өзiн-өзi ұйымдастыру мен «ұлттардың» өзiн-өзi басқаруын жақтап, әрекет еттi. Ш.Уәлихановтың бұл көзқарастарын дамыту XX ғасырдың бас кезiнде қазақ автономиясы идеясының пайда болуына әкелдi.

Ағартушы Ыбырай Алтынсарин жаңғырту мен қазақтарды еуропалық мәдениетке тартуды жақтаушы болды. Ол «ескiрген»

дестүрлер мен салттардан бас тартуды, көшпелілерді отырықшыландыруды прогресшіл және қажетті нәрсе деп есептеді, халық ағартуды дамыту арқылы қоғамның эволюциялық дамуын жақтады. Оның бірқатар шығармаларында догматизм мен фанатизмге бағытталған дінді жіті сынау кездеседі. Ы.Алтынсарин Қазақстанда оқу-ағартушылық жүйенің негізін жасады. ХІХ ғасырдың соңы – ХХ ғасырдың бас кезінде еуропаша білім алған қазақтар шоғырының пайда болуына жәрдемдесті, қазақ тіліндегі алғашқы заманауи оқулықтардың авторы болды.

Абай Құнанбаев тамаша ақын ғана емес, сондай-ақ бірегей философ та болды. Абай рулық құрылыстың қирауын және рухани бағдарларды жоғалтуды қайғыра бақылады. Бірақ «Зарзаман» ағымының ақындарына қарағанда, неғұрлым оптимистік көңіл-күйде болды. Ол ақыл-ой мен қазақ халқының бақытты болашағына сенді. Абай философиясының негізінде ағартушы исламның негізінде қоғамды қайта құрудың модернистік идеясы, сондай-ақ табиғи өнегелілік қасиеттерін ашу арқылы адамды кемеліне келтірудің гуманистік идеясы («Адам бол!» тұжырымдамасы) жатыр. Абай өз ойларын «ғақлия» («Өсиет сөздер», қазақша «Қарасөз») жанрындағы философиялық-дидактикалық прозада бөлісті.

VII тарау. «АЛАШ» – ҚОҒАМДЫҚ ОЙ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ

16-тақырып. «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық негіздері

Оқыту мақсаты:

- 11.3.2.1 «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.

16.1. «Алаш» ұлттық идеясының тарихи негіздері

Бүгінгі сабақта:

- идеологиялық күрес аренасындағы ұлттық зиялы қауым туралы талдаймыз;
- XX ғасырдың бас кезіндегі идеологияны бағалаймыз;
- қазақ зиялыларының таңдауы туралы жинақтаймыз.

Ұлттық зиялы қауымның саяси және идеологиялық күрес аренасына шығуы. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда ұлт-азаттық қозғалыс сапалық жаңа кезеңге шықты. Ол уақыты жағынан «Азияның оянуымен» сәйкес келді және еуропалық отаршыл державалардың азиялық елдерді кіріптарлыққа түсіруімен және азиялық халықтардың отарлыққа наразылығының өсуімен, сондай-ақ еуропалық елдерден әскери, техникалық, экономикалық, саяси және әлеуметтік тұрғыда артта қалуымен байланысты тарихи үрдіс барысында дайындалды. Бүкіл Азия бойынша халықтың ауқымды бұқарасы өз наразылығын шаруалардың бытыраңқы бүліктерімен, діни ұрандармен өткен қозғалыстармен және «халықтық ашу-ызаның» стихиялық дүмпуімен білдіруін жалғастырды. Бұл бой көрсетулердің барлығы үшін отарлықтың алдындағы өткен уақытқа, мінсіз, ішінара мифтік дүниеге қайтып оралуға ұмтылу тән болды. Қазақстанда хан билігінің жойылуы, бұрынғы құрылысты «қирату» мен жерлерді казак және шаруалық отарлау үшін басып алу қазақ көшпелі қоғамының әлеуметтік-экономикалық дағдарысына, көптеген қазақтардың кедейленуіне, тоқырауға, әлеуметтік енжарлыққа әкелді.

Тірек сөздер:

- зиялы қауым
- панисламизм
- пантюркизм
- жәдитизм
- ұлтшылдық
- либералдық демократия
- революциялық демократия
- марксизм



Мұндай жағдаятта саяси және идеологиялық күрес аренасына ұлттық зиялы қауым – еуропалық білім алған қазақ патриоттарының жаңа тобы шықты. Зиялы қауым өз міндетін, біріншіден, халықты ағартудан (осындай ағартушылық қана емес, сондай-ақ өтіп жатқан әлеуметтік құбылыстар мен саяси үдерістерді түсіндіруден), екіншіден, оны ұйқыдан (әлеуметтік енжарлықтан) оятудан және жинақталған жағымсыз энергияны жасампаздық арнаға бұрудан көрді. Осылайша, ХХ ғасырдың бас кезіндегі зиялы қауым ағартушылардың жолын ұстана отырып, ұлттық қайта өрлеу ісінде үлкен іс-тәжірибелік қадам жасауға дайын болды.

«Ақсүйек» және «қара халықтың» әртүрлі әлеуметтік топтарынан шыққан ұлттық зиялы қауым орыс отарлық өкімшілігінің қарамағындағы қазақ билеушілерінің де, консервативтік көзқарастағы дін басыларының да халыққа қайта өрлеудің сындарлы бағдарламасын ұсына алмайтындығын түсінді. Ал бұл зиялы қауымның мұндай бағдарламаны өздері тұжырымдап, ұсынуы тиіс екендігін білдірді.

ХХ ғасыр шебінде қазақ зиялы қауымы батыстық, сондай-ақ мұсылман елдерінде еуропалық отаршылдыққа жауап әрекет ретінде пайда болған шығыстық әлеуметтік-философиялық және идеологиялық ағымдардың ықпалын басынан өткерді. Бұл ағымдардың ішінде панисламизм, пантюркизм, жәдитизм, ұлтшылдық, либерализм, революциялық демократия, марксизм болды.

«Назар аударыңдар! ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялы қауымы әлеуметтік-философиялық және идеологиялық ағымдардың кең ауқымының ықпалын басынан өткерді, олардың ішінде панисламизм, жәдитизм, пантюркизм, ұлтшылдық, либерализм, марксизм мен революцияшыл демократия болды».

Панисламизм (исламдық жаңғыру). XIX ғасырдың соңында Османдық Түркия, Иран, Үндістан мен басқа да елдер мұсылмандарының арасында батыс империализмінің¹ қарсы мұсылмандық ынтымақтастық идеясы – панисламизм тарай бастады. Бұл бағыттың негізгі идеологі Джамамал ад-Дин Афгани болды. Ол мұсылман елдері мен халықтары егер, біріншіден, біріксе және бірыңғай майдан болып қарсы шықса, екіншіден, іштей реформаланып (жаңғыртылып), Батыс елдерінен әскери-техникалық артта қалуды еңсере алса, отарлаушы-империалистерге лайықты қарсылық көрсетуге бола алатынын тұжырымдады. Мұндай реформа исламның, бөрінен бұрын мұсылмандық білім берудің реформасын немесе жаңғыртылуын көздеді. Мұсылмандық білім беру реформасы идеясы жалпы панисламдық тұжырымдамадан «үзіліп қалды» және жәдитизм сияқты ағымды туындатты.

Жәдитизм. Мұсылман мектебінің реформасы: схоластика мен жаттап алудан бас тарту, хат танытудың жаңа (дыбыстық) әдісін енгізу, бағдарламаға математика, география, жаратылыстану, шетел тілдері сияқты пәндерді енгізу, мұсылмандық ортада өз инженерлерін, дәрігерлері мен техникалық мамандарын даярлау мақсатын қойды. Бұрынғы мұсылман мектебі (бірінші сатыдағы мактабтар жүйесі мен екінші саты медреселері) бұғанға дейінгі мыңжылдықта қалыптасты және бұл ғасырлар ішінде аздаған өзгерістерге ғана ұшырады. Ол молдалар мен төреші-қазыларды, Құран мен шарияттың білгірлерін дайындауға бейімделді. Орта ғасырларда бұл жеткілікті болды, алайда Жаңа за-



И. Гаспринский

манда христиан елдерінің техникалық басымдығы өте айқын болып шықты. Сондықтан XIX ғасырдың соңына қарай барлық мұсылман елдерінде дерлік жаңа үлгідегі мұсылман мектептері ашыла бастады (Ресейде оларды жаңа әдістік немесе жәдиттік² мектептер деп атай бастады). Жәдиттік қозғалыс (Ресейде оның идеологі Қырым татары Исмаил Гаспринский болды) мектептік білім беру шеңберінен шығып, әдебиетті, публицистика мен театрды сынды мәдениеттің көптеген салаларын қамтыды. Жәдитизмді мәдениет саласындағы ислам модернизмі деп сипаттауға болады. XX ғасырдың бас кезінде бірнеше жаңа әдістік мектеп Қазақстан аумағында да пайда болды.

Пантюркизм. Түркияда пайда болған бұл ағым татарлар мен Ресей империясының бірқатар басқа да түркі халықтарында тарай бастады. Оның мәні дүниежүзінде либералдық реформалар жо-

¹ Империализм – әскери күшті сыртқы саяси экспансия, бөтен аумақтарды басып алу мен отарлар құру үшін пайдалануға негізделген мемлекеттік саясат. Сипатталатын кезең үшін синоним «отаршылық» сөзі болып табылады.

² «Усул-и джадид» – «жаңа әдіс» сөзінен.

лымен алға қарай ойдағыдай жылжып келе жатқан ең алдыңғы қатарлы Түркияның басқаруымен түркі мұсылман халықтарының бірігуі (батыс империализмне бірігіп тойтарыс беру) болып табылды. Панисламдық және пантүркілік идеялар жәдиттік баспасөзде ұштасып кетті, бұл Ресей империясы мұсылмандарының «оянуы» үшін көп нәрсе істеді.

Ұлтшылдық. Ұлттық идея «ұлт» пен «ұлттық сана-сезім» түсініктерін дін (конфессия) және діни сана-сезім түсініктерінен бөлектеуді талап етеді. Сондықтан орта ғасырларда, дәстүрлі қоғам дәуірінде ұлтшылдық болған жоқ. Жаңа заман, яғни индустриялық қоғамға ету ұлт – ортақ әдеби тілге, ортақ шығу тегіне (немесе ортақ шығу тегі туралы мифке), ұлттық эпос пен фольклорда салынған архетипке шығатын ортақ ұлттық мәнділікке, ортақ ділге және т.б. негізделген бірыңғай қауымдастық идеясын туындатады. Ортақ әдеби тілдің қалыптасуы баспасөздің араласуымен ғана мүмкін болады. Бұл сондай-ақ Жаңа заманда ұлтшылдық идеологиясының таралуына жағдай жасайды. Баспахана газеттер мен журналдардың пайда болуын қамтамасыз еткен кезде ғана ұлтшылдық идеология өз жақтастарын табады.

Либерализм. Либерализм – бұл индустриялық қоғамның негізгі идеологиялық ағымы. Либералдық идея адам құқықтары мен бостандықтарының мызғымастығына, адамның дәстүр, дін, мемлекет салған шектеулерден азат етілуіне, барлығының конституция мен заңның алдындағы теңдігіне негізделеді. Либерализм жекеменшік құқығы мен сауда еркіндігін, дін ұстау, сөз, баспасөз, жиналыстар бостандығын және басқаларды қорғайды. Ұлы Француз революциясы кезінде либерализм демократиядан бөлінді. Өйткені либералдар кедей көпшіліктің диктатурасы жекеменшік пен капиталға қауіп төндіретін болады деп қауіптенді. Алайда XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап либералдар либерализмді жүзеге асыру үшін демократияның қажеттігін мойындай бастады. Либерал-демократтардың мұраты заң басшылық ететін, халық билігі ерікті сайлаулардың көмегімен жүзеге асырылатын және негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік берілетін конституциялық мемлекет құру болып табылады. Либералдық-демократиялық идеялар Қазақстанға XIX ғасырдың ортасынан бастап ене бастады, бірақ әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың жоқтығына байланысты қазақтардың арасында тарала қойған жоқ. Бұл негізді экономикада капиталистік жүйенің пайда болуы дайындады.

Бұл маңызды! Либерал-демократтардың мұраты конституциялық мемлекет құру болып табылады. Мұнда заң үстемдік етеді, халық билігі (демократия) ерікті сайлаудың көмегімен жүзеге асырылады, негізгі құқықтар мен бостандықтарға кепілдік беріледі».

1860–1870 жылдардағы Ресейдегі ерекше идеологиялық ағым революциялық-демократиялық ағым деп аталды. Ол шаруа демократиясы мен шаруалар қауымы – дәстүрлі қоғамның ұжымдық құры-

лымдары негізінде социализм құру идеясын ұстанды. Революцияшыл демократтардың басты идеясы Ресей аграрлық шаруа елі болғандықтан, капитализмге соқпау мүмкін болды. Реформадан кейінгі кезеңде Ресейде басталған капиталистік даму бұл иллюзияның аяқталуын білдірсе де, революцияшыл демократтардың кейбір ережелері империяның аграрлық шеткері аймақтарында, оның ішінде көшпелі қауым өмір сүрген Қазақстанда қабылдануы мүмкін болып көрінді.

Марксизм. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бірінші жартысындағы дүниежүзіндегі ең танымал идеологиялардың бірі – марксизмнің негізгі идеясы жекеменшікті жою мен тапсыз коммунистік қоғам құру болып табылды. Панисламизм мен кез келген дінге марксизм атеизмді, пантюркизм мен ұлтшылдыққа – пролетарлық интернационализмді (барлық ұлттар пролетарийлерінің барлық ұлттар буржуазиясына қарсы ынтымақтастығы), ал либерализм мен демократияға пролетариат диктатурасын қарсы қояды. Маркшіл және оған жақын социал-демократиялық идеялар да Қазақстанға XX ғасырдың бас кезінде ене бастады. Алайда қазақтардың арасында 1917 жылға дейін пролетариаттың болмағандығынан марксизмді насихаттау мәнсіз болды.

XX ғасырдың бас кезінде қазақ ұлттық зиялы қауымы қазақ қоғамын дағдарыстан шығарудың өз бағдарламасын қалыптастыру үшін сол уақыттағы идеологиялық спектрді мұқият зерделеді. Тұтастай алғанда, оның көшбасшыларына неғұрлым тартымдысы либерал-демократиялық және ұлттық идеялар болып көрінді. Олардың қоспасы «Алаш» ұлттық идеясын туындатты.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, XX ғасырдың бас кезінде қазақтардың ұлттық қайта өрлеуі үшін күресін неліктен қазақ зиялы қауымы басқарды?
2. Исламдық модернизм «отарлық тұйықтан» шығудың қандай тәсілдерін ұсынды?
3. Жәдиттік қозғалыс өлеуметтік жүйенің қандай салаларын қамтыды?
4. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда панисламизм мен пантюркизмге қарағанда, либерализм мен марксизм неліктен аса танымал болған жоқ?
5. Сендердің көзқарастарың бойынша, қандай идеологиялық ағымдар Қазақстандағы қазақтардың неғұрлым көп бұқарасын қамтуы мүмкін еді? Ал орыстарды ше?
6. «XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы идеологиялық күрес» кестесін толтырыңдар:

Идеологиялық ағым	Панисламизм				Марксизм
Негізгі идеясы	Дүние жүзі мұсылмандарын біріктіру, исламды реформалау				Пролетарийлерді біріктіру, капитализмді құлату, пролетариат диктатурасын орнату, жеке меншікті жою

Қазақстанда бұл көзқарастарды кімдер ұстанды	Мұсылман зиялы қауымы, жадидтер					Орыс жұмысшылары
----------------------------------------------	---------------------------------	--	--	--	--	------------------

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма

Бір адам бір мезгілде панисламшыл және пантүрікшіл болуы мүмкін бе? Панисламшыл және ұлтшыл? Ұлтшыл және маркешіл? Жәдит және пантүрікшіл? Либерал демократ және панисламшыл? Маркешіл және либерал демократ? Либерал демократ, жәдит және ұлтшыл ше?

Күрделілігі жоғары тапсырма*

Қазіргі уақытта ерте ислам мен Ислам халифатын қайта өркендетуге қайтыш оралу идеясына негізделген исламизм сияқты идеология бар. Сендер панисламизм мен исламизмнің айырмашылығын неден көресіңдер?

17-тақырып. «Алаш» қозғалысы және қазақ революционер-демократтарының саяси көзқарастары

Оқыту мақсаты:

- 11.3.2.2 Қазақ мемлекеттілігінің даму жолдары туралы ұлттық зиялылардың қоғамдық-саяси көзқарастарын салыстыру;
- 11.3.1.2 Қазақстандағы қоғамдық-саяси ойдың дамуына тарихи қайраткерлердің қосқан үлесін бағалау.

17.1. «Алаш» ұлттық идеясының қалыптасуы. Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Б.Сыртановтың қоғамдық-саяси көзқарастары

Бүгінгі сабақта:

- XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялы қауымының либерал-демократияшыл қанатының саяси қызметін бағалаймыз;
- Ә.Бөкейханның А.Байтұрсынұлының қоғамдық-саяси көзқарастарын жинақтау;
- Б.Сыртановтың «Қазақтар елі» жарғысымен танысу;
- «Алаш» ұлттық идеясы және оның «Алаш» партиясы бағдарламасынан көрініс табуын бағалау.

XX ғасырдың бас кезіндегі либерал демократтардың саяси қызметі. XX ғасырдың бас кезінде қазақ зиялы қауымы екіге бөлінді. Қазақстанда маркешілдік идеология негізінен орыс жұмысшылары мен зиялы қауымының арасына енді. Қалаларда социал-демократиялық ұйымдар әрекет етті. Алайда солшыл идеялардың ықпалына түскен қазақтар да болды. Олардың қатарына Ә.Жанкелдинді (РСДЖП қатарына 1915 ж. кірді), 1917 жылы большевиктерге қолдау көрсететін қазақ жастарының

- либерал-демократиялық
- панисламизм
- пантюркизм
- идеология
- «Қазақ» газеті
- Конституция
- Ақпан революциясы
- автономия
- федерация
- «Алаш» партиясы
- саяси партия

Революциялық одағын ұйымдастырған Т.Рысқұлов пен М.Жылысбаевты және Ақмолада «Жас қазақ» одағын (1917) ұйымдастырушы, ақын С.Сейфуллинді жатқызуға болады. Жақтастары аз бағыты («ұлттық-діни») қазақ даласының болашағын Ресей мен бүкіл дүниежүзі мұсылмандарымен ынтымақтасудан көрді, яғни панисламдық және пантүркілік позицияларда тұрды. 1917 жылы бұл ағым саяси жағынан «Шура-и ислам» («Ислам кеңесі») партиясы болып құрылды, оған дін мен Қазақстанның оңтүстік аудандарындағы діни көңіл күйдегі зиялы қауым өкілдері кірді. Олар түркі-мұсылман халықтарының одағын және Түркістан¹ автономиясын жақтады. «Шура-и ислам» партиясынан шарифат негізінде өзін-өзі билеу үшін әрекеттенген «Шура-и-улема» («Ғалымдар (шарифат білгірлері) кеңесі») неғұрлым радикал қанат бөлініп шықты.

Қазақ зиялы қауымының неғұрлым елеулі бөлігі «батысшыл» либерал-демократиялық позицияларда тұрды. 1905–1907 жылдардағы Орыс революциясы кезінде қазақ либерал-демократтары саяси күреске кірісті. 1905 жылы желтоқсанда Орал қаласында Ә.Бөкейхан Ресей кадеттер партиясының² қазақ бөлімін құрды, 1906 жылы ақпан айында қазақ либерал-демократтары өз съездерінде кадеттерге жақын бағдарламасын (конституциялық монархия, жекеменшік құқығы және басқа да құқықтар мен бостандықтар) қабылдады. Ол Далалы өлкені отарлауды тоқтату, өлкедегі барлық жерлерді қазақ халқының меншігі деп тану, ұлттық мектептер ашу, ісқағаздарын жүргізуде және зайырлық білім беруде қазақ тілін пайдалану талаптарымен толықтырылды. Осылайша, өзінің бүкіл либерализмі кезінде қазақ зиялылар қауымының көшбасшылары қазақтардың ұлттық мүдделерін қорғады, либерал-демократиялықпен қатар, ұлттық идеологияны да бөлісті. Бұл қозғалыстың басында Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мен М.Дулатовтар тұрды.

Қазақтардың саяси санасының артуында I және II Мемлекеттік Думаға (1906 және 1907 жылдары) сайлаулар үлкен рөл атқарды. Олардың кезінде саяси партиялардың сайлаушылар дауысы үшін күресі өрістеді.

Қазақтардың ұлттық сана-сезімінің оянуында «Қазақ» газеті (1913–1918) маңызды рөл атқарды, оның басып шығарылуына А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Ә.Бөкейхан мен басқалары қатысты. Газеттің логотипі түндігі батыс жағынан ашылған (яғни, батыс мәдениеті қазақтардың

¹ Түркістан (Қоқан) автономиясы 1917 жылы желтоқсан айында құрылды және оны Кеңес өкіметі 1918 жылы ақпанда құлатты.

² Кадет (конституциялық-демократиялық) партиясы либерал-демократиялық позицияларда тұрды.



Алаш қозғалысының көшбасшылары: А.Байтұрсынұлы, Ө.Бөкейхан, М.Дулатов

арасында кіре алуы (және тиісті болды), ал кіреберістің үстінде араб әріптерімен «қазақ» деп жазылған (яғни, киіз үйге бөгде адамдардың енуінен қорғалған) қазақ киіз үйі болды.

Ұлттық либералдық-демократиялық зиялы қауым Ресейдегі 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясын үлкен қуанышпен қарсы алды. Қос өкімет тұсында Ө.Бөкейхан мен оның жақтастары Уақытша үкімет жағында болды және Далалы өлке мен Түркістанның өртүрлі облыстары бойынша Уақытша үкіметтің комиссарлары болып тағайындалды (Ө.Бөкейхан Торғай облысында, М.Тынышбаев Жетісу облысында, Х.Досмұхамедов Орал облысы, ал М.Шоқай Түркістан өлкесі бойынша). Қазақ зиялы қауымының Уақытша үкімет жағында болуы оның либералдық-демократиялық көзқарастарымен, сондай-ақ ұлттық автономия құруға ұмтылуымен де түсіндіріледі. Алайда Уақытша үкімет те, кадеттер партиясы да ұлттық мәселені «бұратаналар» мүдделерінде шешуге ниеттене қоймады.



Өлкеан
Бөкейхан



Мұхамеджан
Тынышбаев



Ахмет
Біріжанов



Темірғали
Нұрғалиев



Тілеулі
Аллаберген



Шоймерден
Қосығұлы



Бақытжан
Қаратаев



Бақтыгерей
Құлман



Молда
Тайынұлы



Салымгерей
Жалғорин



Алысбай
Қалмынов



Дәуіт Нәни
Тұңдыт

I және II Мемлекеттік Думаның қазақ депутаттары



Қазақ газетінің 50-саны

Сондықтан Ө.Бөкейхан кадеттер партиясынан шығып, өз партиясын құруға шешім қабылдады.

1917 жылы шілдеде Ө.Бөкейхан пен оның пікірлестері «Алаш» ұлттық саяси партиясын құрды және партияның бағдарламасы бойынша жұмыс басталды. Мемлекеттік құрылыс жолдарын іздестіру Ресей құрамындағы қазақ автономиясы идеясына өкелді. Бұл идея партия Бағдарламасында ресімделді. 1917 жылы желтоқсан айында II Бүкілқазақтық құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды, «Алаш-орданың» Уақытша Халықтық Кеңесі биліктің жоғары органына айналды.

Өлихан Бөкейханның (1866–1937) қоғамдық-саяси көзқарастары. Ұлттық зиялы қауымның көшбасшысы ғалым-ормантанушы және публицист Ө.Бөкейхан болды. 1903 жылы ол Ресей туралы географиялық еңбекте Қырғыз өлкесі¹ туралы тарауды жазды, бұл жерде қазақ мәдениетіне жалпы сипаттама берді. Ол Абай еңбектерін баспадан шығарушы және бірінші биографы болды. Абайды қазақ халқының мақтанышы деп есептеп, оның лирикасын, сыншыл көзқарасын, білім мен орыс тілін зерделеуге шақыруын бағалады. 1905 жылдан бастап Ө.Бөкейхан кадеттер партиясының қатарына кірді. Ол «Қарқаралы» петициясын жасауға қатысты және оған қол қоюды ұйымдастырып, осы ісі үшін тұтқындалды.



Ө.Бөкейхан

¹ Яғни, Қазақстан туралы.

Назар аударыңдар! Министрлер Кеңесінің төрағасы С.Виттенің атына жазылған (авторлары – Ж.Ақпаев, О.Әлжанов), 12,5 мыңнан аса адам қол қойған «Қарқаралы» петициясы «Дала ережелерінің» қабылдануы және ресейлік билік орындарының басқа да әкімшілік-тәрешілік іс-әрекеттерінің сондай-ақ өлкені шаруалық отарлаудың нәтижесінде қазақтар жағдайының нашарлауы себептерін анықтаған бірінші саяси құжатқа айналды. Петиция қазақтардан жер тартып алуды, шаруаларды қоныс аударуды тоқтатуды талап етті. «Алаш» идеялық бағдарламасы осы құжаттан бастап қалыптаса бастады.

Ө.Бөкейхан I Мемлекеттік Думаның депутаты болды. Ол таратылғаннан кейін Выборг наразылық үндеуіне қол қойды. 1908 жылы қайтадан тұтқындалып, 1917 жылға дейін Самарада жер аударуда болды. Мұнда да публицистикалық қызметін жалғастыра берді. Ө.Бөкейхан жәдиттік мектептердің ұйымдастырылуына қатысты, кадеттік газеттердің редакторы және оның айналасына қазақ зиялы қауымы топтасқан, қазақтілді «Айқап» журналының (бас редакторы – М.Сералин) белсенді қызметкері болды.



«Айқап» журналының 1-саны

орталық идеясын қосқанда, оның қоғамдық-саяси көзқарастары түпкілікті қалыптасты.

1917 жылы көктемде Ө.Бөкейхан Уақытша үкімет бойынша комиссар болып тағайындалды. Сол жылы жазда «Алаш» партиясын құрған съезд өткізіп, Алаш автономиясының үкіметі – «Алашорда»

Назар аударыңдар! Либералдық-демократиялық бағыттағы ұлттық зиялы қауым өздерінің ағартушылармен (Шоқан, Абай), сондай-ақ исламдық модернистермен (жәдиттермен) идеялық жақындығын атап көрсетті. Батыс мәдениетін таратуға шақыра отырып, либерал-демократтар өзін-өзі басқару қағидастарындағы ұлттық автономия идеясын қорғады.

«Айқапта» Ө.Бөкейхан қоғамдық-саяси тақырыптарға мақалалар жариялады. Олардың ішіндегі аса маңыздысы аграрлық мәселе болды. Ол көшпелі мал-шаруашылығының – құрғақ климат жағдайларында шаруашылық жүргізудің жалғыз мүмкіндігі екендігін дәлелдеді. Ө.Бөкейхан өз мақалаларын «Қазақ» газетінде «Қыр баласы» деген бүркеніш атпен жариялады. Бұл уақытта қазақ ұлттық автономиясының

ның» төрағасы болып сайланды. 1917 жылғы желтоқсанда ол «Алаш-орданың» – Алаш автономиясы үкіметінің төрағасы болып сайланды.

Ә.Бөкейхан өз көзқарастары бойынша, Қазақстанның индустриялық (капиталистік) дамуын жақтаушы, либерал-демократ пен батысшыл болды. Ол өз халқының болашағын қоғамның жаңғыртылуынан, «бұл сөздің кең мағынасында – батыс мәдениетін саналы түрде енгізуден» көрді. Өзгелерден бөлек, мәдениет ретінде либералдық бостандықтар және демократия идеясымен батыс саяси мәдениеті түсінді. Мұнымен бірге Ә.Бөкейхан реалист болды және қазақ қоғамының ерекшелігін, қазақ қоғамындағы дәстүрдің күшін жақсы түсінді. Өз пікірлері сияқты, ол да Қазақстанның болашағын қазақ дәстүрінің үздік белгілері мен Батыс өркениеті үздік элементтерінің үйлесімінде көрді. Оның жолы кадеттермен айырылды, өйткені кадеттік партия халықтардың ұлттық-мемлекеттік өзін-өзі билеу идеясын, қазақтарға кең автономия беру талабын, аграрлық мәселені жергілікті халық пайдасына шешуді бөлскен жоқ. Ә.Бөкейхан «Мен кадеттер партиясынан неліктен шықтым» атты өз мақаласында негізгі себеп кадеттердің «империяны сақтауға» ұмтылуы болғандығын атап өтті. Бұған қоса, кадеттерден айырмашылығы, Ә.Бөкейхан зайырлық мемлекетті, шіркеудің мемлекеттен толықтай бөлінуі үшін күресті.

Бұл маңызды! Автономия идеясы толықтай өзін-өзі билеуді, өз парламенті, өз заңдары болуын, іс қағаздарын жүргізу мен білім беруде қазақ тілін пайдалануды көздеді.

Ахмет Байтұрсынұлының (1873–1937) қоғамдық-саяси көзқарастары. Әлихан Бөкейханның серіктесі А.Байтұрсынұлы жазушы-публицист, әдебиеттанушы, лингвист болды. Ол қазақ мәдениетінің тарихына батыс поэзиясын қазақ тіліне аударушы және қазақ тіліндегі мерзімдік баспасөзді ұйымдастырушылардың бірі ретінде енді. А.Байтұрсынұлы қазақ жазуын араб графикасы негізінде реформалап, оны қазақ тілі фонетикасына¹ неғұрлым бейімделген етті. 1905 жылы А.Байтұрсынұлы «Қарқаралы» петициясын жасауға қатысты. Өзінің үкіметке қарсы саяси қызметі үшін бірнеше рет тұтқындалды. 1913 жылы «Қазақ» газетін шығаруды ұйымдастырды, оның редакторына айналды. Оның басшылығымен газет басты ұлттық-саяси басылымға айналды. А.Байтұрсынұлы жаңғыртудың жақтаушысы болды және білім беруді, ғылым мен мәдениетті дамытуды әлеуметтік прогрестің



А.Байтұрсынұлы

¹ КСРО шеңберінен тыс қалып қойған қазақтар Байтұрсынұлы әліпбиін пайдалануын көптеген оңжылдықтар бойы жалғастырып келді.

шешуші факторы деп есептеді. Бұнда ол ағартушылық-демократиялық позицияларды иеленді.

А.Байтұрсынұлы қазақтардың ұлттық мәдениеті мен қазақ тілін сақтау мен дамыту жолындағы күрескер болды. Ол: «Өз дербестігімізді сақтау үшін бізге барлық күшімізбен және құралдармен ағартушылық пен жалпы мәдениетке ұмтылуымыз қажет, бұл үшін біз бірінші борышымыз ретінде ана тіліндегі әдебиетті дамытумен айналысуға міндеттіміз. Дербес өмірден өз тілінде сөйлейтін және өз әдебиеті бар халық қана үміттенуге құқылы екендігін ешқашан ұмытпау керек...» – деп жазды. А.Байтұрсынұлының мемлекетке көзқарастары «Алаш» қозғалысының басқа өкілдерінің көзқарастарымен сәйкес келді: қазақтарға өзін-өзі басқаратын ұлттық автономия қажет болды.



Б.Сыртанов

Барлыбек Сыртановтың (1866–1914) қоғамдық-саяси көзқарастары. Шығыстанушы Б.Сыртанов, 1911 жылдың өзінде Ө.Бөкейханнан тыс, Ресей құрамындағы қазақ автономиясы конституциясының өз жобасын әзірледі («Қазақ елі» Жарғысы). Ол «Алаш» қозғалысының либерал-демократиялық көзқарастарын бөлісе отырып, дербес теоретик болды. «Қазақ елі» Жарғысы кіріспеден және төрт тараудан құралады: Қазақ елі дербес республикасы туралы, Адам құқықтары туралы, Қазақ жері туралы, 28 бапты қамтыған сот туралы. Жарғының негізгі идеясы – Қазақ елін Ресейге отарлық тәуелділіктен босату және егеменді тәуелсіз мемлекет құру.

Парламенттік республиканы жақтаған Б.Сыртанов бұл идеяны демократиялық жолмен, халық сайлаған депутаттар съезінің қызметі арқылы іске асыруды ұсынды. Бұл ретте Қазақ елі («халық басқаратын және қазақ ерекшеліктері бар ел») Британ империясының доминиондары үлгісі бойынша Ресей империясының доминионы болуы тиіс. Халық сайлайтын Ұлттық мәжіліспен басқарылатын «Қазақтар Елі» бостандық пен жалпыға ортақ теңқұқықтылық елі болуға тиіс: «Қазақтар елінде барлық адамдар теңқұқықты болады. Адамды діні, қаны, әлеуметтік немесе этникалық шығу тегі бойынша кемсітушілікке жол берілмейді. Адам тек құдай мен заңның алдында ғана жауапты болады».

Сондай-ақ Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мен басқаларына қарағанда, Б.Сыртанов биліктің дәстүрлі институттарына, дінге, әдеттегі құқық нормаларына көбірек үміт артты. Ол билік өкілдерінде жоғары моральдық қағидаттардың бар болатындығына сенді. Бұдан бөлек, Б.Сыртанов қазақ қоғамын жергілікті басқаруды реттейтін «Ынтымақ» ережелерінің авторы болды. Бұл басқару әдеттегі құқық нормалары мен ислам талаптарына негізделді. Соттық дауларды басқару мен қарастыру

сайланып қойылатын ақсақалдардың қолдарында болады. Өменгерлік, көпәйелалышылық, қалыңмал, өзара көмектің дәстүрлі институттары мәселелеріне назар аударылды. «Ережелермен» басқарылатын мінсіз қоғамда басты рөл дінге тиісті болады: діни нормалар мен талаптар барлығы үшін міндетті, дін мемлекеттен, ал мешіт мектептен бөлінбейді. Осылайша, Б.Сыртановтың көзқарастары «Алаш» теоретик-көшбасшыларына қарағанда, неғұрлым консервативті көзқарас болды.

«Алаш» ұлттық идеясы. «Алаш» ұлттық идеясы қазақтардың ұлттық-аумақтық автономиясы деңгейінде өзін-өзі басқаруға қол жеткізуі болып табылады. Бұл идея 1905–1917 жылдардағы қазақ либерал-демократиялық зиялы қауымының саяси күресі мен публицистикалық қызметінің барысында түзілді. Ол Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, М.Тынышбаев және басқалар өзірлеген еңбектерден көрініс тапты. «Алаш» партиясының Бағдарламасы «Қазақ» газетінің беттерінде 1917 жылдың қараша айында жарияланды. Жоба либерал-демократиялық және марксистік¹ идеялардың үйлесуі болып табылды.

Назар аударыңдар! Алаш этнонимі халық аңызына сәйкес, Алаша хан біріктірген ежелгі рулардың аты болды. Аңыздың дәстүрлі бастамаларының бірі мынадай болып басталады: «Алаш Алаш болғанда, Алаша хан болғанда». Алаш – эндоэтноним, ол кейіннен қазақ² экзоэтнонимімен ығыстырылып шығарылды.

Бағдарлама жергілікті жерлерде өзін-өзі басқарумен, Ресей демократиялық федеративтік республикасының құрамында қазақтар басым тұратын тұтастай аумақтарды (этникалық аумақ қағидаты), яғни «барлық қырғыз облыстарының» автономиясын құру мақсатын қойды. Барлық байлықтарымен және жер қойнауымен бүкіл аумақ автономияның бүкіл аумағы Алаштың меншігі болып жарияланды. Шығу тегі, діні мен жынысына қарамастан, барлығы үшін теңқұқықтылыққа кепілдік берілді. Буржуазиялық бостандықтар: сөз, баспасөз, одақтар құру бостандықтары жарияланды. Партия дінің мемлекеттен бөлінуі, соттардың қазақ тілінде, оның үстіне ауылдарда өдеттік құқық негізінде жүргізілуі үшін күресті. Шарифат молдаларының жүргізуіне неке, ажырасу, туу мен өлімдерді тіркеуді қалдыру, ал қалыңмалға байланысты істерді сот органдарына беру ұсынылды. Бағдарлама халық

¹ Мысалы, Бағдарлама прогресшіл табыс салығын енгізуді ұсынды және жұмысшылар құқықтарының қорғалуына кепілдік берді. Бұл Ресей социал-демократиялық партиясы (меньшевиктер) бағдарламасының тармақтары болды. «Алаш» партиясы аграрлық мәселе бойынша жерді мемлекет қарамағына алуды және оны үлесі жоқтарға қауымдық теңгерімдік жер пайдалану негізінде үлестіріп беруді ұсынған социал-революционерлердің (эсерлердің) солшыл партиясына жақын болды.

² Эндоэтноним – этностың немесе этникалық топтың өзін-өзі атауы, экзоэтноним – бұл этникалық топты көршілес халықтар осылай атайтын термин. Қазақтардың жағдайында экзоэтноним біртіндеп эндоэтнонимді ығыстырып шығарды. «Алаш» халықтың атауы ретінде асқақ түп мәтіндерде қолданыла бастады.

ағарту мәселелеріне (қазақ тілінде тегін оқыту, жоғары оқу орындары мен кітапханалар ашу) көп көңіл аударды.

Бұл маңызды! «Алаш» партиясының бағдарламасы қазақ зиялы қауымы либерал-демократиялық қанатының қоғамдық-саяси ойының нәтижесі болды. Бағдарламаны әзірлеу ұзақ үрдіс болды. Қазақ ұлттық автономиясын құру жөніндегі идея 1905 жылы саяси сахнада Алаш қозғалысы пайда болған сәттен бастап қалыптасты.

«Алаш» партиясының бағдарламасы қазақ халқының либерал-демократиялық топтарының идеялары мен ұмтылыстарын білдірді. Бұл идеялар ағартушылық пен мәдени үдерісті, экономиканы, демократиялық құқықтық базаны жаңғыртуды, теңқұқықтылықты, бұқараның демократиялық сайлаулар тетігі арқылы саясатқа қатысуын қамтыды. «Алаш» партиясының бағдарламасында демократия мен құқықтық мемлекет, тәзімділік идеялары тұжырымдалды, аграрлық мәселені шешу ұсынылды, қоғам мен мемлекет өмірінің негізгі жақтары белгіленді. Барлығы дерлік 1930 жылдары буржуазияшыл ұлтшылдықпен айыпталып, қуғын-сүргінге ұшыраған «Алаш» партиясының мүшелері бөрінен бұрын өз халқына адал болды. Олар жоғары мұраттарымен, адалдықтарымен, білім мен еңбекке деген құрметтерімен ерекшеленді.

Назар аударыңдар! Заманауи қазақ мемлекеттілігінің негізінде жатқан зайырлық құқықтық демократиялық мемлекет идеясы – бұл XX ғасырдың бас кезінде әрекет еткен «Алаш» қозғалысы мен саяси партиясының идеясы.

«Алаш» партиясының Бағдарламасы негізінде құрылған Алаш автономиясы 1917 жылы қазан айында билікті басып алған маркстіл идеологияның жақтастары – большевиктермен қақтығысқа түсті. Кеңес өкіметі белгілі бір сәтке дейін қазақтардың автономиясы идеясын жоққа шығарды. Алайда Кеңестер мен «Алашорданың» арасындағы басты алшақтық большевиктердің либералдық-демократиялық «буржуазиялық» идеяларды қабылдамауы болды. Сондықтан 1918–1919 жылдары «Алаш Орда» Азамат соғысына большевиктерге қарсы күштер жағында қатысты. «Алашқа» тілектес қазақ халқына қатысты Кеңес өкіметінің жазалаушылық әрекеттерін болдырмауды қалаған «Алаш» көшбасшылары Кеңес өкіметімен ымыраласуға барып, қаруларын тастады. Себептердің бірі кеңес басшылығының ұлттық мәселені республикалар федерациясын құру жолымен шешу ниеті болды. «Алаш» ұлттық автономиясы 1920 жылдың наурыз айында өмір сүруін тоқтатты, сол жылдың 26 тамызында Қырғыз (яғни Қазақ) Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы жарияланды.

Түркістан автономиясы идеясы. Либерал-демократиялық, сондай-ақ солшыл (маркстілдік) бағыттағы қазақ зиялы қауымының бір бөлігі – пантүркілік көзқарастарды жақтасты. Бірақ, «Алаш»

басшыларының ұлттық көзқарастарынан қашық болды. Осындай қазақ-пантүркішлердің бірі Мұстафа Шоқаев болған. Ол 1917 жылдың соңында «Мұсылмандардың Бүкілтүркістандық IV құрылтайында» құрылған, орталығы Қоқанд болған Түркістан (Қоқанд) автономиясын басқарды. М.Шоқаев Орталық Азияның барлық халықтарын бір мемлекетке біріктіретін либералдық-демократиялық Түркістан туралы армандады. Түркістан автономиясын 1918 жылы ақпан айының өзінде-ақ большевиктер жойды. Өйткені оның өз армиясы болған жоқ. М.Шоқаев шетелге кетуге мәжбүр болды. Кейіннен Түркістан Коммунистік партиясының Мұсылман бюросын басқарған коммунист Т.Рысқұлов Орта Азияны ұлттық белгі бойынша межелеуге қарсы шықты және Түркістан автономиясын РКСФР құрамындағы Түркістан АКСР ретінде сақтауды талап етті. Т.Рысқұлов пантүркішлігі үшін айыпталды және атқаратын лауазымынан алынды. Ал 1924 жылы болып өткен ұлттық-аумақтық межелеу қазақ этникалық аумағын түгелге дерлік бір республиканың құрамына енгізуге мүмкіндік берді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақ либералдық-демократиялық зиялы қауымы өзінің саяси қызметін қандай тарихи дәуірде бастады? Бұл жылдары Ресей мен Қазақстан тарихында қандай маңызды оқиғалар болып өткен еді?
2. Өздерің «либерал-демократиялық» терминінің мәнін қалай түсінетіндеріңді *айтыңдар*. Либералдық бостандықтар дегеніміз не? Демократия дегеніміз не?
3. Ө.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы мен олардың серіктестерінің саяси күресіндегі негізгі құралдар қандай болды?
4. Сендер «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің тарихи маңызын *неден көрсіндер?*
5. «Алаш» ұлттық идеясының негізі неде? Ол қандай құжатта неғұрлым айқын білдірілген?
6. Б.Сыртановтың қоғамдық-саяси көзқарастарының өзіндік ерекшелігі неде?

Күрделілігі жоғары тапсырма

Б.Сыртановтың «Қазақ Елі» жарғысы мен «Алаш» партиясының Бағдарламасын (хрестоматиядан) *салыстырыңдар*.

VII тараудың қорытындысы

XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс жаңа кезеңге өтті, саяси және идеологиялық күрес аренасына ұлттық зиялы қауым шықты. Ол өз міндетін халықты ағарту мен халықты әлеуметтік енжарлықтан оятудан көрді. Қазақ зиялы қауымы әлеуметтік-философиялық және идеологиялық ағымдардың кең ауқымының ықпалына ұшырады. Олардың ішінде панисламизм, жәдидизм, пантюркизм, ұлтшылдық, либерализм, революцияшыл демократия, марксизм болды. Зиялы қауым көшбасшыларына либералдық-демократиялық және ұлттық идеялар неғұрлым тартымды болып көрінді, олардың қоспасы «Алаш» ұлттық идеясын туындатты.

Ұлттық-діни бағыттағы ұлттық зиялы қауым панисламдық және пантүркілік позицияларда тұрды. Либерал-демократиялық бағыттағы ұлттық зиялы қауым (Ө.Бөкейханов, А.Байтұрсынов) өздерінің ағартушылармен де, сондай-ақ жәдидтермен де идеялық туыстығын атап көрсетті. Либерал-демократтар ұлттық автономия идеясын: толықтай өзін-өзі басқару, өз парламенті мен заңнамасын, іс қағаздарын жүргізу мен білім беруде қазақ тілін пайдалануды қорғады. Бұл идея «Алаш» партиясы бағдарламасының негізіне алынды. Оны дамыту – заманауи қазақ мемлекеттілігінің негізінде жатқан зайырлық, құқықтық, демократиялық мемлекет идеясы.

VIII тарау. «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ – ХХІ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН БІРІКТІРУШІ НЕГІЗ

18-тақырып. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі

Оқыту мақсаты:

- 11.3.3.1 «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негіздерін анықтау.

18.1. «Мәңгілік Ел» – Бірыңғай болашақ ұлт жалпыұлттық идеясының тарихи негізі

Бүгінгі сабақта:

- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының алғышарттары;
- Тәуелсіз Қазақстанда жалпыұлттық идеяның қалыптасуы;
- «Мәңгілік Ел» – қазақстандық бірегейліктің негізі екендігін білеміз.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының алғышарттары. Қоғамның орнықты дамуы мен барлық азаматтардың бақытын қамтамасыз ететін тәуелсіз мемлекет құру туралы арман ретіндегі «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының алғышарттары ұзақ ғасырлар бойында қаланды. Бұл арман түркі және қазақ ойшылдарының «Мәңгілік Ел» идеясы мен тәуелсіздік, бостандық, әділеттілік пен береке идеялары үйлескен мәтіндерінен орын тапқан. Қазақ ағартушылары мен Жаңа заманның революционер-демократтары өмірін заң, теңқұқықтық, бостандық, демократия, экономикалық және әлеуметтік прогресс анықтайтын тәуелсіз ұлттық мемлекет туралы армандады.

КСРО-да жалпыұлттық идея коммунизм – онда «өркімнен қабілеттілігіне қарай, өркімге қажеттілігіне қарай» қағидаты өрекет ететін, жекеменшік, адамдардың арасында таптық, әлеуметтік, этникалық айырмашылықтар болмайтын утопиялық қоғам құру болды. Коммунистік идеология өзіне ұлттардың (этностардың) түпкілікті жоғалуы мен қосылып кету идеясын ғана емес, сондай-ақ атеизмді, дінді «халық үшін апиын» деп тануды да қамтыды. Кеңестік тарихтың қайғылы

Тірек сөздер:

- Мәңгілік Ел
- жалпыұлттық идея
- азаматтық ұлт
- қазақстандық бірегейлік
- жалпыұлттық құндылықтар
- ұлттың ынтымақтасуы



«Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы. Нұр-Сұлтан қаласы

беттері, миллиондаған адамдардың аштық пен қуғын-сүргіндерден опат болуы, экономиканың өміршіл-өкімшіл сипаты, милитаризм, жекетілгеннің құқықтық қорғалмағандығы, орталық пен шеткері аймақтардың теңқұқықты емес қарым-қатынастары, басқарудың партиялық-төрешілдік сипаты кеңестік социалистік қоғамды мінсіз қоғамнан алыстатып, адамдардың мемлекет саясатымен іштей келіспеушілігін туындатты. Биліктің атеистік насихаты мен орыстандыру (ассимиляциялау) саясаты кері әсер берді: дінге, салттарға, тарихқа, этникалық өзіндік ерекшелікке қызығушылық пен дәстүрлі құндылықтарды қорғау ниетінің артуы орын алды. Коммунизм құру идеясының утопиялылығы мен өмірде іске аспайтындығы, кеңестік нағыз өмірдің сұрықсыз бейнесі сияқты, бұл жалпыұлттық идеяға сенімсіздікке және қоғамдағы антикоммунистік көңіл күйлердің өсуіне әкелді. Мұнымен бірге КСРО-ның маңызды жеңістері мен жетістіктері үшін кеңестік адамдар басынан кешкен кеңестік патриотизм мен мақтаныш сезімін де жоққа шығаруға болмайды.

Кеңестік қоғамда коммунистік насихат пен экономикаға наразылықтың үдей түсуіне қарай қазақ қоғамында Кремльдің саяси өктемдігі мен ассимиляциялық саясатына наразылық күшейе түсті. Тәуелсіз ұлттық қазақ мемлекеті туралы арман егемендік, одан кейін 1991 жылы Қазақстанның тәуелсіздігін жариялаумен іске асырылды.

Бүгінгі күнгі Қазақстан Республикасы – саяси және геосаяси салмағы үлкен экономикалық және адам әлеуеті бар, орныққан тәуелсіз мемлекет. Қазақстан бұдан әрі даму мен өсудің жақсы перспективаларын иемденген. Өткен ғасырдың ішінде қазақ қоғамы түбірінен өзгерді, жаңғыртылды. Қазақстанның этникалық картасы да неғұрлым сан алуан бола түсті және де қазіргі уақытта қазақстандық азаматтық ұлт полиэтникалық ұлт болып табылады.

Бұл маңызды! Қазақстандық бірегейлік – бұл бірыңғай халықтың бөлігі ретінде өзін қазақстандықтар және Қазақстан азаматтары ретінде сезіну, азаматтық бірегейліктің халықтың басқа да бірегейліктерінен басым болуы.

ҚР Конституциясы этникалық, діни және әлеуметтік белгілеріне қарамастан, барлық азаматтардың теңдігіне кепілдік береді Қазақстанның барлық этностары өз тілі мен мәдениетін дамытуға құқылы. Елде мемлекеттік бірегейлік қалыптасты. Елдің барлық азаматтары бейбітшілікті, этносаралық және конфессияаралық келісім мен ұлттың табысты дамуын жақтайды. Қазақстандық ұлттың табысты дамуы үшін оған жалпыұлттық патриоттық идея керек.

Назар аударыңдар! Полиэтникалық ұлттың табысты және қарқынды дамуы үшін жалпыұлттық патриоттық идея керек. Жаһандану жағдайларында мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі, оның қарқынды және табысты дамуы жалпыұлттық идеяның кіріктіруші рөліне байланысты болады. Жаһанданатын әлемде нақ жалпыұлттық идея этникалық топтарды бірыңғай ұлтқа ынтымақтастырады.

Тәуелсіз Қазақстанда жалпыұлттық идеяның қалыптасуы. Қазақстанда жалпыұлттық идеяны әзірлеу үдерісі біздің еліміз тәуелсіздікке ие болған сәттен басталды. Әуел бастан тәуелсіз Қазақстанның дамуы негізіне теңқұқықтылық пен келісімге құрылатын халықтың бірлігі алынды. Тәуелсіздіктің алғашқы жалдарындағы стратегиялық құжаттар Қазақстанның болашақ құрылысы моделінің әртүрлі нұсқаларын қарастырды. Ұзақ тарихы бар, әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттер сұхбатын қамтитын полиэтникалық еуразиялық мемлекет ретінде Қазақстанның ерекше жалпыұлттық идеяны тұжырымдауы тиіс екендігі түсінікті болды. 1996 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік бірегейлігін қалыптастыру Тұжырымдамасы қабылданды. 1997 жылы қабылданған «Қазақстан-2030» Стратегиясында Қазақстан Республикасының – өз тарихы мен моделі басқалардың ешқайсысына ұқсамайтын және әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңірген болашағы бар еуразиялық ел екендігі атап көрсетілген.

XXI ғасырдың бас кезінде тәуелсіз Қазақстанның экономикасы өте жылдам қарқынмен дамыды. Сондықтан ұлттық идея ретінде Қазақстан Республикасының дүниежүзіндегі неғұрлым дамыған және бәсекеге қабілетті 30 елінің қатарына кіру ұсынылды. Екінші жағынан, қазақстандық бірегейлік пен қазақстандық патриотизм негізінде ұлттық бірлік тұжырымдамасын әзірлеу жалғастырылды.

Маңызды идеологиялық құжат 2010 жылы қабылданған «Қазақстан ұлттық бірлігінің доктринасы» болды. Доктринада ұсынылған ұлттық бірлік қағидаттары («Бір халық – бір ел – бір тағдыр», «Тегі басқа болғанмен теңдігі бір», «Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру») қазақстандық жалпыұлттық идеяны қалыптастырудың негізіне алынды.

Бұл маңызды! «Мәңгілік Ел» қалыптасуының негізгі факторы қазақстандық азаматтық бірегейлік болып табылады. Бірыңғай болашақ ұлты – бұл ортақ құндылықтармен біріккен Қазақстан халқы.

Елдің тәуелсіз даму эволюциясына «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының қабылдануы мүмкіндік берді. Әртүрлі этностарға тиісті және әртүрлі діндерді ұстанатын Қазақстан азаматтары өз тағдырларының ортақтығын сезінді. Қазақстанда өмір сүретін барлық азаматтар бірыңғай болашақ пайдасына саналы таңдау жасады.

Назар аударыңдар! «Мәңгілік Ел» немесе бірыңғай болашақ Ұлттық идеясы – табысты және гүлденген Қазақстанның алдағы бірнеше онжылдыққа даму стратегиясы. Оның негізінде жалпыұлттық бейбітшілік пен келісім, тұрақтылық пен қауіпсіздік, заңның жоғарылығы мен құқықтық мәдениеттің өрлеуі, орнықты экономикалық өсу, жасампаз еңбек, инновациялар мен білім беру, тіл мен мәдениетті дамыту жатыр.

«Мәңгілік Ел» идеясын алғаш рет Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев 2012 жылы желтоқсан айында өзінің «Қазақстан-2050 Стратегиясы. Орныққан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Жолдауында баяндады. Мемлекет басшысы Қазақстанның басты мақсаты – 2050 жылға қарай дүниежүзінің дамыған отыз елінің қатарына кіру екендігін айтты және қоғамның басты құндылықтарын іске асыратын, барлық қазақстандықтарды біріктіретін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жариялады. «Мәңгілік Ел» идеясы Тұңғыш Президенттің 2014 жылғы қаңтардағы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында толық нысанында баяндалды. Жолдауда «Мәңгілік Ел» – бұл «жалпықазақстандық үйдің, біздің ата-бабалар арманының» ұлттық идеясы және Бірыңғай болашақ ұлтын қалыптастыру жолында барлық қазақстандықтардың күш-жігерлерін шоғырландыру идеясына негізделгендігі айтылды. 2015 жылы «Мәңгілік Ел» идеясы «Ұлт жоспары – бес институттық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам» бағдарламасына арналған идеологиялық негіз ретінде баяндалды. 2016 жылы Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылдығында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі қабылданды, онда «Мәңгілік Елдің жеті мызғымас негізі» тұжырымдалды.

Бұл маңызды! «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасы – жалпыұлттық идея және Қазақстан Республикасының мемлекеттік идеологиясы, ол біздің халықтың көпғасырлық арманы мен Қазақстанның тәуелсіздік жылдары дамуының нақты нәтижелеріне негізделеді. Ол өзіне жалпыұлттық құндылықтарды қамтиды, ұлттық мемлекеттілік пен ұлттық мұрамен байланысты.

«Мәңгілік Ел» негізінде жалпыұлттық ынтымақтасу. Жалпыұлттық идея негізінде ұлттың сан қилы оқиғалы өткен тарихы және қазіргі жасампаздығы мен жарқын болашағы жатыр. «Мәңгілік Ел» – бұл қазақтардың жоғары дамыған ерікті және тәуелсіз мемлекет тура-

лы көпғасырлық арманы, көптеген ұрпақтардың жасампаз еңбегінің нәтижесі. Тәуелсіздікке қол жеткізу, жаңа егеменді мемлекет құрылысы, Қазақстанды отарсыздандыру, кеңессіздендіру мен коммунистсіздендіру, нарықтық реформалар жүргізу, халықаралық аренаға геосаясат субъектісі және аймақтық көшбасшы ретінде шығу, салмақталған тіл және ұлттық саясат жүргізу – «Мәңгілік Ел» жолына қарай жасалатын маңызды кезеңдер. Барлық қазақстандықтардың бүгінгі міндеті – тәуелсіздік жылдары қол жеткізілгеннің бәрін сақтау және отанның ХХІ ғасырда орнықты дамуын жалғастыру. «Мәңгілік Ел» құндылықтары тәуелсіздік жылдары жинақталған ұлт тәжірибесін бейнелейді.

Бұл маңызды! «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы теңдік және барлық қазақстандықтардың теңдей мүмкіндіктері қағидатындағы қазақстандық азаматтық сәйкестіліктің рухани негізі ретінде әрекет етеді.



Қазақстан 2050

МӘҢГІЛІК ЕЛ

«Мәңгілік Ел» – қазақстандық бірегейлік пен қазақстандық патриотизмнің негізі. Қазақстандықтар «Мәңгілік Ел» құндылықтарының негізінде бірігеді және ынтымақтасады. Елде жалпыұлттық идеяны іске асыру бойынша мемлекеттік саясат қалыптастыру үшін құқықтық негіздер жасалады. «Мәңгілік Ел» немесе Бірыңғай

болашақ Ұлт идеясының негізінде жалпыұлттық бейбітшілік пен келісімді нығайтуда Қазақстан халқы Ассамблеясына үлкен рөл беріледі, оның басты міндеті этносаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы күнделікті өмірдің барлық саласына – білім беруге, мәдениетке, экономикаға енеді. Оның негізінде жаңа стратегиялық бағдарламалар мен жобалар әзірленеді және енгізіледі. «Мәңгілік Ел» болашаққа ұмтылған біздің мемлекеттің табысты даму векторын құрады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Осы оқулықтың үшінші тарауында айтылған өткен заман ойшылдарының саяси-құқықтық тұжырымдамаларын *еске түсіріңдер*. Олардың қайсысында бейбітшілік пен келісім патшалық құратын ерікті және тәуелсіз мемлекет мұраты кездеседі?
2. «Мәңгілік Елге» дейін Қазақстанда жалпыұлттық идеяның қандай нұсқалары ұсынылды? Қазақстанға «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасы жалпыұлттық идея ретінде нәліктен неғұрлым жоғары дәрежеде сөйкес келеді?
3. «Азаматтық ұлт» дегеніміз не?
4. Қазақ бірегейлігінің қазақстандық бірегейліктен айырмашылығы неде?

5. Қазақстандық азаматтық ұлтты ынтымақтастыратын жалпыұлттық идея ретіндегі «Мәңгілік Елдің» мәнін түсіндіріңдер.

6. Ұлт дамуының стратегиясы ретіндегі «Мәңгілік Елдің» мәнін түсіндіріңдер.

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма

Қалай ойлайсыңдар, жалпыға ортақ әлеуметтік мемлекет тек утопиялық арман болып табыла ма?

Күрделілігі жоғары тапсырма*

Коммунизм құрылысшылары коммунизмнің жалпыға ортақ әлеуметтік қоғам екендігіне сенімді болды. Сендер коммунистік идеяның ақаулықтарын неден көресіңдер?

19-тақырып. Қазақстан қоғамының жалпыұлттық құндылықтары

Оқыту мақсаты:

- 11.3.3.2 «Мәңгілік Ел» идеясының біріктіруші құндылықтарының маңыздылығын анықтау;
- 11.3.3.3 «Мәңгілік Ел – патриоттық актісін» және «Қазақстандық бірегейлікті және бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын» зерттеу негізінде мемлекеттің идеология саласындағы саясатын түсіндіру.

19.1. Қазақ қоғамының жалпыұлттық құндылықтары

Бүгінгі сабақта:

- Мәңгілік Ел құндылықтар жүйесі;
- Тәуелсіздік – ең жоғары құндылық;
- қоғамдағы бейбітшілік пен келісім – өмірдің негізі;
- зайырлы қоғам, діндер мен өркениеттер диалогі;
- экономикалық өсу үшін білімнің маңыздылығы туралы білеміз.

Тірек сөздер:

- құндылықтар
- жалпыұлттық құндылықтар
- құндылықтар жүйесі
- Мәңгілік Ел
- тәуелсіздік
- төзімділік
- ұлттық қауіпсіздік
- тұрақты экономикалық өсу
- инновациялар

2016 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 25 жылдығы қарсаңында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі қабылданды. Онда қазақ қоғамының негізгі жалпыұлттық құндылықтары (Мәңгілік Ел құндылықтар жүйесі) болып табылатын «Мәңгілік Елдің 7 басты құндылығы» тұжырымдалды.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы қазақстандық бірегейліктің құндылық негізі болып табылады. Қазақстандық бірегейлік еліміздің барлық азаматтарының экономикалық, әлеуметтік және мәдени мүмкіндіктерінің теңдігі жүйесінде құрылады. Қазақстандық бірегейліктің іргелі негізі – Қазақстан Республикасының Конституциясы. ҚР Конституциясында қазақстандық бірегейліктің негізгі параметрлері қаланған.



Қазақстан қоғамындағы бірлік, татулық және келісім

Барлық қазақстандықтар өз елін әрбір азамат лайықты өмір сүретін мықты және өркендеген мемлекет ретінде көргісі келеді. Болашағы бір ұлтқа барлық азаматтар үшін тең мүмкіндіктер, құқықтарының қорғалуы, төзімділік, еңбекқорлық, адалдық, білім беру құндылықтар тән. Бұл – қоғамды шоғырландыратын маңызды құндылықтар. «Мәңгілік Ел» құндылықтары адамдардың этникалық немесе діни белгілеріне қарамастан, Қазақстанның барлық азаматтарына тән.

Мәңгілік Ел құндылықтар жүйесі:

1. Тәуелсіз Қазақстан және Астана¹.

Ұлттық тәуелсіздік – барлық елдер мен халықтар үшін қасиетті құндылық. Барлық халықтар барлық уақытта еркіндік пен тәуелсіздікке ұмтылады. Ұлттық тәуелсіздік БҰҰ Жарғысында, Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында, Хельсинки келісімдерінде бекітілген. 1991 жылдың желтоқсанында қол жеткізген Тәуелсіздік Қазақстан халқына тарихи жолды таңдау еркіндігі мен құқығын берді.

Қазақстанның елордасы Астана (Нұр-Сұлтан) – тәуелсіздіктің және тәуелсіздік жылдарындағы ел жетістігінің символы. Елорданы Алматыдан Астанаға көшіру идеясы Қазақстанның жоғары стратегиялық мүдделерімен байланысты болды. Қазақстанның елордасы Қазақстан халқының гүлденуінің және оның өз күші мен мақсатына деген сенімділігінің символы болып табылады.

2. Ұлттық бірлік, қоғамымыздағы бейбітшілік пен келісім.

Адамзат тарихында бейбітшіліктен артық талап етілген құндылық жоқ. Бірлік, бейбітшілік және келісім ең маңызды құндылықтар болып табылады, оларсыз тек жасампаздық және қоғамның табысы ғана емес,

¹ 2019 жылғы наурызда Қазақстан елордасының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.

сонымен қатар қалыпты өмір сүруі де мүмкін емес. Бұл құндылықтар әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси салалардағы табыстың басты шарты болып табылады. Қоғамның дамуы қоғамдық келісім мен жалпыұлттық ынтымақтыққа негізделеді.

3. Зайырлы қоғам және жоғары рухандырушылық.

Конституцияға сәйкес, Қазақстан Республикасы зайырлы мемлекет болып табылады. Мәңгілік Елде діндер мен өркениеттер диалогі жалғасын тапқан. Мемлекеттің зайырлы сипаты жоғары руханиятпен үйлеседі. Жоғары руханият әділеттілік, мейірімділік пен айнала-дағыларға деген сүйіспеншілікті сезінуден көрінеді және халық даналығы, мәдени дәстүрлер, өдебиет, өнер, ғылым мен білім беру сияқты дереккөздерге негізделеді.

4. Индустрияландыру және инновация негізінде экономикалық өсу.

XXI ғасырда табысты бәсекеге қабілетті барлық ұлттардың жолын индустриялық қуат пен инновациялар анықтайды. Қазақстанның экономикалық саясаты – азаматтардың әл-ауқатын қамтамасыз ету мақсатында экономикалық өсудің жаңа көздерін іздеуге бағытталған. Индустрияландыру және экономикалық өсу әлеуметтік қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді және азаматтардың ел өміріне экономикалық қатыстырылуын ынталандырады. Дәстүрлерге сүйене отырып, қазақстандық қоғам табиғат пен қоршаған ортаға ұқыпты қарайды. Елімізде ұлттың зияткерлік негізі ретінде білім мен ғылым культі бар.

5. Жалпыға бірдей еңбек қоғамы.

Мәңгілік Елдің маңызды құндылығы – еңбек культі және еңбек адамы болып табылады. Еліміздің барлық жетістіктері мен табыстары – барлық қазақстандықтардың еңбегінің нәтижесі. Жалпыға ортақ еңбек ету қоғамының идеясы – «тұтыну» трендін «жасампаздық» трендіне өзгерту, қоғамдағы әлеуметтік әл-ауқатқа қол жеткізуге және қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі ретінде орта таптың қалыптасуына ықпал етуі тиіс. Мәңгілік Елде әрбір адамның шығармашылық, жасампаздық әлеуеті іске асырылады.

6. Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.

Мәңгілік Ел үшін елдің ортақ тарихи мұрасы мен мәдени өралуандығына ұқыпты қарау тән. Тарих, мәдениет және тіл ортақтығы ұлттың бірігуіне және қазақстандық бірегейлікті нығайтуға әлеует болып табылады. Қоғамның негізгі құндылығы Қазақстанның барлық этностары мен этникалық топтарының ортақ тарихы болып табылады. Ұлттың дамуының сарқылмас қоры – оның мәдени мұрасы. Мемлекеттік тілді білу әрбір азаматтың борышы мен міндеті болып табылады. Қазақстан азаматының табыстылығы үш тілді білуге (қазақ, орыс және ағылшын) байланысты. Үштілділік – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің басты шарты.

7. Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпыөлемдік және өңірлік мәселелерді шешуге ғаламдық қатысуы.

Ұлттық қауіпсіздікті нығайту – мемлекеттің міндеті және әрбір азаматтың қасиетті борышы болып табылады. Жаһандық және өңірлік қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздікке кепілдік береді. Тәуелсіз Қазақстан өлемдік және өңірлік мәселелерді шешуге белсенді қатысуда. Қазақстан – ядролық қаруды таратпау режимінің мойындалған көшбасшысы, ТМД, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, ШЫҰ, ҰҚШҰ құру мен жұмыс істеуінің бастамашысы. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға, ИЫҰ-ға төрағалығы, оның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 2017–2018 жылдарға арналған тұрақты емес мүшесі ретінде сайлануы – бұл қауіпсіз өлем үшін жаһандық жауапкершілік идеясын алға жылжыту. Қазақстан – әділ ері қауіпсіз өлем сипатын қалыптастыруға бағытталған G-Global халықаралық диалогі мен «Өлем. ХХІ ғасыр» манифесінің бастамашысы.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идея және патриотизм. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – Қазақстан халқының патриоттық санасының сапалы жаңа деңгейі. Ол азаматтық жауапкершілікті және жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуде. Азаматтықты әрбір азамат патриотизм тұрғысынан ұғынуы тиіс. Қазақстандық патриотизм азамат пен мемлекеттің өзара жауапкершілігі қағидатына негізделген. Өмір сапасы мен қауіпсіздік кепілдігі, елдің әрбір азаматына тең мүмкіндіктер мен перспективаларды қамтамасыз ету, азаматтың қоғам игілігі мен елдің болашағы үшін жеке жауапкершілігін сезіну оны қалыптастыруға ықпал етеді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Мәңгілік Елдің жеті мызғымас негізін атаңдар.
2. Неге тәуелсіздік біртұтас ұлттың маңызды құндылығы болып табылады?
3. Неге этносаралық және конфессияаралық бейбітшілік пен келісімсіз елдің табысты дамуы мүмкін емес?
4. Қазақстан Республикасының зайырлы сипаты кеңес секуляризмінен немен ерекшеленеді?
5. Қазақстанның тұрақты экономикалық өсуі, индустриялық және постиндустриялық дамуы неге инновациясыз мүмкін еместігін түсіндіріңдер.
6. Неге Қазақстанда тұратын барлық этностардың ортақ тарихы біртұтас ұлттың маңызды құндылығы болып табылады?

Сыныпта талқылауға арналған тақырыптар

«Басқа тілдерді не үшін үйрену керек?», «Неге «Мәңгілік Ел» тұжырымдамасы Қазақстанда тұратын әрбір жеке этностың дамуына қайшы келмейді?»

Күрделілігі жоғары тапсырма

«Діндер мен өркениеттер диалогі» дегенді қалай түсінесіңдер? Қазақстанда қандай діндер мен өркениеттер «диалог» жүргізеді?

VIII-тараудың қорытындысы

Қазақстан Республикасы – үлкен экономикалық және адам өлеуеті бар, орныққан тәуелсіз мемлекет. ҚР Конституциясы этникалық тиістілігіне қарамастан барлық азаматтардың теңдігіне кепілдік береді. Елде полиэтникалық ұлт пен азаматтық бірегейлік қалыптасты. Қазақстандық бірегейлік – бұл өздерін бірыңғай халықтың бөлігі ретінде қазақстандықтар және Қазақстан азаматтары ретінде сезіну. «Мәңгілік Ел» немесе «Бірыңғай болашақ ұлты» жалпыұлттық патриоттық идеясы қабылданды. “Мәңгілік Ел” жалпыұлттық идеясы барлық қазақстандықтардың теңдігі қағидатында қазақстандық азаматтық сәйкестіліктің рухани негізі ретінде әрекет етеді.

Қазақстандықтар «Мәңгілік Ел» құндылықтары негізінде бірігеді және шоғырланады. Қазақстандық азаматтық бірегейлік Мәңгілік Ел немесе Бірыңғай болашақ ұлттың – ортақ құндылықтармен біріктірілген, тең құқықтарға ие және ел тағдыры үшін ортақ жауапкершілікті бөлісетін Қазақстан халқының қалыптасуының басты факторы болып табылады. Бірыңғай болашақ ұлт «алуантүрліліктегі бірлік» қағидатына негізделген, ол әрбір этностың өзіндік ерекшелігін сақтауға мүмкіндік береді.

«ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ» БӨЛІМІНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

«Қазақстандағы өлеуметтік-саяси ойдың эволюциясы» алтыншы тарауы әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни мен Махмұд Қашқаридан бастап сопылық ойшылдарға дейінгі қоғамдық-саяси ойдың бастаулары; ақын-жыраулардың рөлін және әдеттік құқық жинақтарынан өз көрінісін тапқан саяси-құқықтық ойды бөліп көрсетумен Қазақ хандығы кезеңіндегі қоғамдық-саяси ойдың дамуы туралы әңгімелейді; «Зарзаман» әдеби-философиялық ағымы ақындарының идеологиялық ұстанымдары мен көзқарастарына және ХІХ ғасырдағы қазақ ағартушыларының қоғамдық-саяси көзқарастарына тоқталады.

«Алаш» – қоғамдық ой және ұлттық идея» жетінші тарауында «Алаш» ұлттық идеясының тұжырымдамалық идеялары, қазақ ұлттық зиялы қауымының қалыптасуы мен оның саяси аранаға шығуы мәселелері, ұлттық идея пайда болуының тарихи алғышарттары қарастырылады. Сонымен қатар ХХ ғасырдың бас кезіндегі өлеуметтік-философиялық және саяси идеялардың кең ауқымы жағдайларындағы идеологиялық күрес мәселелері; «Алаш» қозғалысының идеологиясы мен оның басшыларының қоғамдық-саяси көзқарастары туралы айтылады.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы – ХХІ ғасырдағы Қазақстан қоғамын біріктіруші негіз» сегізінше тарауында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының тарихи негізі қарастырылады; полиэтникалық Қазақстандағы қазақстандық сөйкестілік пен жалпыұлттық патриоттық идеяның қалыптасу үдерісінің мәселесі баяндалады; қазақстандық азаматтық бірегейліктің рухани негізі ретінде «Мәңгілік Ел» идеясының маңызы негізделеді; қазақстандық қоғамның жалпыұлттық құндылықтары қарастырылады.

Бөлім бойынша бақылау тапсырмалары

1. Әл-Фараби қай тілде жазды?
2. Әл-Фарабидің қандай шығармасында мінсіз мемлекет туралы айтылады?
3. Жүсіп Баласағұн қандай мемлекетте өмір сүрді?
4. Махмұд Қашғари қандай шығарманың авторы болып табылады?
5. Қожа Ахмет Йасауи исламның қандай бағытын ұстанды?
6. Қазақ хандығы кезіндегі қазақ поэзиясындағы негізгі жанрларды атаңдар.
7. «Жерұйық» туралы Ілімнің авторы кім болып табылады?
8. Қазақ хандығында қандай құқықтық реформаны «билер революциясы» деп атайды?
9. «Жеті жарғы» заңдарын қандай жазбаша дереккөздер тіркеді?
10. «Жеті жарғы» кодексі қандай тараулардан құралды?
11. «Зарзаман» ағымы ақындарының негізгі сарыны қандай?
12. Қазақ демократ-ағартушыларының есімдерін атаңдар.
13. Абай философиясының негізгі ойын атаңдар.
14. ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялы қауымы қандай топтарға бөлінді?
15. Жәдидтік қозғалыс өлеуметтік өмірдің қандай салаларын қамтыды?
16. «Алаш» ұлттық идеясы қандай құжатта баяндалды?
17. Тұрар Рысқұлов қандай автономия идеясын ұсынды?
18. Мәңгілік Елдің мызғымас жеті негізін санамалаңдар.



IV бөлім

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ



IX тарау. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

20-тақырып. Ортағасырлық Қазақстандағы ғылымның дамуы

Оқыту мақсаты:

- 11.4.1.1 әртүрлі тарихи кезеңдердегі ғылымның жетістіктерін анықтау;
- 11.4.1.2 ғылымның дамуына Қазақстан ортағасырлық ғалымдардың қосқан үлесін зерттеу.

20.1. Ортағасырлық Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы

Бүгінгі сабақта:

- ғылымның мұсылмандық біліммен байланысын түсінеміз;
- Орта Азия ғалымдарының ғылымға қосқан үлесін талдаймыз;
- әл-Фараби ғылыми ізденісінің бағыттарын жинақтаймыз;
- ерте орта ғасырларда Қазақстандағы ғылымның дамуына басқа да ғалымдардың қосқан үлесімен танысамыз;
- тарих ғылымының пайда болуын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- ғылым
- мұсылмандық білім
- мақтаб
- медресе
- ғалым-энциклопедист
- суфизм
- хикмат

Ғылымның мұсылмандық біліммен байланысы.

Еліміздің аумағында ғылымның қалыптасуы орта ғасырларда бой алып, исламдану үдерістерімен тығыз байланысты болды. Көшпелі түркі халқы қоныстанған Ұлы Дала біршама кеш исламға көшсе де (түркілердің исламдануы Қараханидтер кезінде X ғасырда басталып, тек Алтын Орда кезеңінде ғана күшейді), Даланың оңтүстік облыстары, ішінара, атап айтқанда, Сырдария маңы, Талас пен Шу алқаптары анағұрлым ертерек исламды қабылдады. Оңтүстік Қазақстанның

(Түркістанның) қалалары Мәуереннахрдың сауда-экономикалық жүйесіне ғана емес, сонда біртіндеп қалыптасып келе жатқан мұсылмандық білім беру жүйесіне де тартыла бастады. Бұл жүйе Мәуереннахрдан тыс бүкіл Халифатқа – мұсылмандар мекендеген барлық елдерге тарады. Бұл кез келген мұсылман – Оңтүстік Қазақстан қалаларының адамдары (ислам қабылдаған кез келген дала тұрғыны сияқты), ол түркі немесе ирандық болсын, мешіт жанындағы мақтаб-



Қарахандар дәуіріндегі Тараз қаласы

та жергілікті молдадан немесе кез келген сауатты адамнан¹ бастапқы мұсылмандық білім алып, содан кейін мұсылмандық әлемнің кез келген жеріне барып, медреседе өз оқуын жалғастыра алған. Ынтасы болса, үздік мұғалімдер, тәлімгерлер мен кітаптарды іздеп, басқа қалаларға көшіп жүрген. Медреседегі оқу оқушының қажеттілігіне қарай екі онжылдыққа дейін созыла алған. X–XII ғасырларда таңғажайып дамып, сол кездері еуропалық ғылымнан бірталай озық болған мұсылман ғылымының қалыптасуы мен дамуына Орталық Азияның – Түркістанның, Ферғананың, Хорезмнің, Бұхараның, Самарқандтың, Мервтің тумаларының зор үлесін бүкіл мұсылмандарға бірыңғай және талантты өрі білімді аңсаған біртумаларды ынталандырған дәл осы тоқтаусыз білім беру жүйесі арқылы түсіндіріледі.

Бұл маңызды! Қазақ халқының ата-бабалары түркі тайпалары арасында мәдениетті, білім мен ғылымды дамыту үшін аса маңыздысы – исламды алдымен отырықшы, содан кейін көшпелі халықтың қабылдауы болды. Түркілерді исламдандыру оларды мұсылман әлемінің бір бөлігі етіп, оларды исламдық білім беру жүйесіне тартты.

Медреседе мұсылмандық білім беру Құран мен хадистерді (сүнниттерде), мұсылман құқығын, теологиялық (дін оқуы) пәндерді, сондай-ақ оқытушының қалауы бойынша және оның болуына байланысты философияны, математиканы, әдебиетті, астрономияны, музыканы, химияны қамтыған. Медресенің көптеген оқытушылары ғалым болып, Құран мен басқа да дини кітаптарға пікірлерін жазды діниліктің, философияның және басқа да ғылымдардың жекелеген мәселелеріне

¹ Мақабтарда ислам мен мұсылмандық этика негіздері, араб тіліндегі оқу және жазуды үйреткен (балалар Құранның қысқа сүрелері мен кейбір хадистерін оқыған).

қатысты ғылыми трактаттар шығарған. Жақсы медреседе өртүрлі білім салалары бойынша, негізінен, араб тілінде қолжазба кітаптарының үлкен кітапханалары болған еді. Ең үздік оқытушылардың айнала-сында ғылыми мектептер қалыптасты, ал медресенің өздері білім мен ғылымды біріктіруші университеттер ретінде жұмыс атқарды.

Назар аударыңдар! Ислам ғылымының тілі араб тілі болды. Діни, заң, философиялық, математикалық трактаттар дәл осы араб тілінде шығарылды. Көптеген ғылыми терминдер (цифр, алгебра, алгоритм, азимут, зенит және т.б.) еуропалық тілге араб тілінен енді.

Орта Азия ғалымдарының ғылымға қосқан үлесі. X–XII ғасырларда мұсылман ғылымы әлемдегі ең озық ғылым болды. Орталық Азияның түрлі облыстарында туған осы дәуір ғалымдарының арасында атақты теолог, хадистерді білгір әл-Бухари, атақты медик, химик және философ ибн Синаны (Авиценна), математик әл-Хорезми, энциклопедист Әбу Райхан әл-Бируниді атап айтуға болады. Бируни Хорезмнің тумасы болған. Ол өз заманының барлық ғылымдарын меңгеріп, жаратылыстану (математика, астрономия, геология, минералогия) және гуманитарлық (тарих, география, филология) ғылымдары бойынша көптеген еңбектерді қалдырды. Оңтүстік Қазақстандағы Отырар қаласының тумасы Әбу Насыр әл-Фараби де осы сияқты энциклопедист болған.

Әл-Фарабидің ғылыми ізденістерінің бағыттары. Әл-Фараби өз философиясында грек философтары Аристотель мен Платонның ізбасары болған, сонымен қатар ибн Сина әл-Фарабиді философиядағы өзінің мұғалімі деп санаған.

Жоғарыда әл-Фарабидің әлеуметтік-саяси көзқарастары және оның «Қайырымды қала туралы трактаты» туралы айтылған. Бірақ бұл утопиялық шығарма – осы ғалым жазған көптеген философиялық трактаттардың бірі ғана. Осы трактаттардың арасында «Субстанция туралы сөз», «Әлем қозғалысының тұрақтылығы туралы кітап», «Логикаға енгізу кітабы», «Дәлелдеме кітабы», «Философия мәні туралы кітап», сонымен қатар маңызды «Ғылымдарды айқындау және жіктеу туралы кітап» бар. Әл-Фараби ғылымдардың жіктелуі туралы көп ойланып, оларды теориялық және практикалық (этика және саясат) деп бөлді. Теориялық ғылымдарды ол бес топқа бөлді: 1) тіл туралы ғылым (тіл білімі және елең құрылысы); 2) логика ғылымы («ойлау грамматикасы»); 3) ақыл-ой ғылымдары (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, ауырлық туралы ғылым, механика); 4) жаратылыстану (адам және табиғат туралы ғылым, медицина, алхимия және т.б., сондай-ақ Құдай туралы ғылым ретіндегі метафизика); 5) азаматтық басқару ғылымы (юриспруденция/фикх және дін білімі/калам). Бұл трактат өзінің ғылымның энциклопедиясы болды.

Музыкатанушы ретінде әл-Фараби «Музыка туралы үлкен кітап» және тағы да бірнеше жұмыс жазды. Сендер оның музыканы ғылым – үйлесім туралы ғылым деп санағанын көрдіңдер. Әл-Фарабидің фи-

зиканы («Бос орын туралы сөз» (вакуум туралы жұмыс)), «Физика ғылымының элементтері туралы жоғары пікірлер кітабы»), химияны «Химия өнерінің қажеттілігі туралы», математиканы (геометрияны), биологияны және филологияны зерттеуге қосқан үлесі зор. Өзінің «Астрология туралы трактатында» ол алғаш рет астрономияны жалған ғылым ретінде астрологиядан бөліп, оптикалық бақылау мен математикалық есептер көмегімен жұлдыздарды зерттеуді ұсынды. Астрономияда, әл-Бируни, ибн Сина және Омар Хайям оның ізбасарлары болды.

Ерте орта ғасырларда Қазақстандағы ғылымның дамуына басқа да ғалымдардың қосқан үлесі. Қазақстанның қоғамдық-саяси ойының дамуы туралы айтқанда біз Қазақстанмен байланысты Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Қожа Ахмет Иасауи сияқты ортағасырлық ойшылдардың шығармашылығымен таныс болдық. Ғылымның дамуы тұрғысынан Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» поэмасы түркі этикасының, дидактика мен педагогиканың бастауында тұр, ал Махмұд Қашқаридың «Сөздігі» тіл білімі саласында да, сонымен қатар этнография саласында да, түркілердің материалдық және рухани мәдениетін зерттеуде де дәуірлік және жалғыз жұмыс болып табылады.

Қожа Ахмет Иасауи және оның ізбасарлары (Сүлеймен ата Бақырғани (Хакім ата), Зеңгі ата және т.б.) түркі көшпенділерінің арасында исламды таратуда үлкен рөл атқарды (жоғарыда білім мен ғылымды тарату үшін түріктерді исламдандыру маңызы туралы айтылған). Олар исламды оның суфистік интерпретациясынан уағыздап, бұл ретте Қожа Ахмет Иасауи негізін қалаған, ізбасарлары өтуге тиіс болған «ясавийя» бауырластығының мистикалық жолы суфизмдегі ең күрделілердің бірі болды. Қожа Ахмет Иасауи түркі тілінде жазған мистикалық-дидактикалық «хикметтердің» маңызы зор болды. Хакім ата «Бақырған кітабы»¹ кітабының авторы болып саналады, ол бес бөліктен тұрып, ислам мен суфизмді уағыздаған. Орта ғасырларда Қазақстандағы теологиялық ғылымның дамуы өлі жеткілікті зерттелмеген.

Тарих ғылымының пайда болуы. Алғашқы тарихшы-қазақтар. Мырза Хайдар Дулаттың (Дулатидің) парсы тілінде жазылған және көбінесе Моғолстанның тарихына арналған «Тарих-и Рашиди» шығармасы XVI ғасырға жатады. Бұл тарихи хроника Қазақ хандығының құрылуы, Қазақ хандығы тарихының ерте кезеңі, қазақ-



Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі

¹ XII ғасырдың кітабы бірнеше рет ескі түркі (шағатай) тілінде, сондай-ақ XIX-XX ғасырдың басында ескі қазақ тілдерінде басылып шыққан және діндарлар арасында ислам мен діни даналықтың тамаша құралы ретінде тақымал болды.



Атқа мінген Газан хан. Жами атауарих еңбегіндегі миниатюра. XIV ғ.

еңбегінің авторы. Қадырғали Жалайыр Рашид ад-Диннің мәліметтеріне қазақ туралы өзіне белгілі нақты материалға сүйенетін бірнеше маңызды ерекше бөлімдерді қосты. Бұл Жалайырдың жұмысын Қазақстан тарихы бойынша маңызды дереккөздердің біріне айналдырды. Сонымен қатар ол қазақ тіліндегі жазбаның негізін қалаушы болып саналады (шығармада қазақтар өлі күнге дейін қолданатын мақал-мәтелдер бар).

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Түркілерді исламдандыру және ортағасырлық Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы өзара қалай байланысты?
2. Мақтабтар мен медреселерде не зерделенді?
3. Ортағасырлық Орта Азия ғалымдарының ғылыми білімді дамытуға қосқан үлесі қандай?
4. Әл-Фарабиді неге энциклопедияшы деп атайды? Ғалымды қандай ғылымдар ерекше қызықтырды?
5. Ғылымның дамуы үшін Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқаридың еңбектерінің маңызы қандай?
6. Қазақ тарих білімі қашан туындады? Қадырғали Жалайырдың шығармасының ерекше маңызы неде?

Шағын топтарға арналған тапсырмалар

Әл-Фараби, Мұхаммед Хайдар, Қадырғали Жалайыр туралы *кішігірім таныстырылым дайындаңдар.*

Күрделілігі жоғары тапсырма

XII ғасырда қыпшақ отбасында дүниеге келген, әлем құрылысы қандай және жұлдыздардың қалай қозғалатыны туралы сұрақ қойған талантты баланың жолын *слестетіңдер.* Ол қайда оқуы керек?

Үй тапсырмасы

Махмұд Қашқари еңбегі туралы ғламтор мәліметтерінен шағын баяндама жазыңдар.

1. (бейнематериал) <http://lms.nci.kz/history/view?f=145&id=7&lang=kaz>
2. <http://www.abai.kz/content/makhmy-d-kashkari-zhene-diuan-lygat-it-t-rik>

¹ Лингвистердің пікірінше, шығарма аралас ескі түркі (шағатай) және ескі қазақ тілдерінде жазылған.

X тарауға арналған зерттеушілік тапсырмалар

1. КСРО-ның гендерлік саясатының оң және теріс қырлары туралы пікірсайыс өткізіндер. Қыздар педагогикалық институтының ашылуына КСРО-ның гендерлік саясатының ықпалын талдаңдар? Кеңестік билікке дейінгі және одан кейінгі гендерлік саясатты салыстырып, дамудың немесе кері кетушіліктің көріністері туралы сараптама жасаңдар?
2. Ұлтаралық қатынастарда әйел адамдардың рөлі туралы талдау жасап, ондағы әйел адамдардың рөліне баға беріңдер. Этникааралық, конфессияаралық қатынастардағы әйел адамдардың байланыстырушылық рөліне баға беріңдер. Қазақстан халқы Ассамблеясына атсалысқан қандай әйел адамдар туралы білесіңдер?

X тарауға арналған тест тапсырмалары

1. Дәстүрлі мұсылмадық білімнің бірінші сатысы:
А) медресе;
В) мактаб;
С) зияткерлік сектеп;
D) ұлттық мектеп.
2. XIX ғасырда Қазақстанды зерттеумен айналысқан ғылыми орталық (тар):
А) Ресей Ғылым академиясы;
В) Ресей географиялық қоғамы, Ауылшаруашылық қоғамы;
С) Петербург архивтік комиссиясы;
D) Далалық облыстарды зерттеу бойынша экспедиция.
3. Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін мәдениет саласындағы революциялық қайта құрулардың басты бағыты:
А) қоғамдық кітапханаларды ашу;
В) халықтың сауатсыздығын жою;
С) баспаларды жабу;
D) өдебиетті дамыту.
4. 1940 ж. Қазақстанда қызмет еткен ғылыми мекемелер саны:
А) 37;
В) 57;
С) 12;
D) 100.

IX тараудың қорытындысы

Қазақ халқының ата-бабалары – түркі тайпаларының арасында білім беру мен ғылымды дамыту үшін исламды қабылдаудың зор әсері болды. Түркілерді исламдандыру оларды исламдық білім беру жүйесіне тартты. Медреседе білім беру өзіне Құран мен хадистерді, құқықты, құдайтану пәндерін, философияны, математика, өдебиетті, астрономия, музыка, химияны зерделеуді қамтыды. Осы жүйенің арқасында Араб халифаты кезеңінде Орталық Азиядан әл-Хорезми, әл-Бируни мен әл-Фарабиді қосқанда, көптеген ғалымдар шықты. Ж.Баласағұнидің «Құтты білік» поэмасы түркілік этика, дидактика мен педагогиканың бастауында тұрса, Махмұд Қашғаридің «Сөздігі» – түркілердің этнографиясы мен тілтану саласындағы аса көрнекті еңбек болып табылады.

X тарау. XVIII–XX ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

21-тақырып. XVIII–XX ғасырдың басында Қазақстандағы зерттеулер

Оқыту мақсаты:

- 11.4.2.1 XVIII–XX ғасырдың басында Қазақстандағы ғылыми зерттеулердің негізгі бағыттарын түсіндіру;
- 11.4.2.2 XVIII–XX ғасырдың басында зерттеушілердің еңбектерін зерделеу негізінде Қазақстандағы ғылымды дамытуға қосқан үлесін бағалау.

21.1. Қазақстанда XVIII ғасыр – XX ғасырдың бас кезінде ғылымның дамуы

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстанды орыс академиялық экспедицияларының зерттеуі жайлы білеміз;
- Орыс географиялық қоғамының экспедицияларын талдаймыз;
- Шоқан Уәлихановтың туған өлкені зерттеу бойынша қызметін зерттейміз;
- XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстандағы ғылыми зерттеулерді жинақтаймыз;
- Қазақтың заманауи үлгідегі алғашқы ғалымдарының еңбектерін бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- ғылым
- ғылыми зерттеулер
- ғылыми экспедиция
- Орыс географиялық қоғамы
- ұлттық зиялы қауым

Кіші жүз, одан кейін Орта жүз қазақтары Ресей империясының бодандығына қабылданғаннан кейін орыс ғалымдарының Қазақ даласын зерттеуі басталды. Ресейлік ғылымның бұл кезде өзінің орнығу сатысында болғандығын ескеру керек. 1724 жылы I Петрдің бастамасы бойынша Ғылым академиясын құру жұмысы басталды. Бастапқыда оның мүшелері түгелге дерлік шетелдіктер болғанымен, көп ұзамай орыс ғалымдары да, оның

ішінде әйгілі Михаил Ломоносов та пайда болды. М.Ломоносовтың басшылығымен жаратылыстану ғылымдары дамыды, мемлекеттің шалғай бөліктеріне – Орал, Сібір, Қиыр Шығысқа ғылыми экспедициялар ұйымдастыру әрекеттері жасалды. Бұл экспедициялардың міндеті Ресей империясының карталарын жасау, аумақтарды геодезиялық және геологиялық зерттеу, ол жерлерде тұратын халықтарды сипаттап жазу болды. Экспедициялардың нәтижелері бойынша карталар мен



атластар (оның ішінде 1745 жылғы «Ресей атласы») және басқа да ғылыми еңбектер жасалды. Екатеринаның кезінде географиялық экспедициялар жалғастырылды. Олардың құрамына геодезистер, картографтар, жаратылыстанушылар (ботаниктер мен зоологтер), геологтер мен этнографтар кірді.

1768–1774 жылдары Орынбор губергиясында П.С.Палластың экспедициясы болды, 1771 жылы капитан Н.П.Рычков (Паллас экспедициясы мүшелерінің бірі) Торғай облысына жеке экспедиция ұйымдастырды. Басқа экспедицияларды И.Фальк пен И.Георги басқарды. Қазақ даласы мен қазақтардың этнографиялық ерекшеліктерін зерттеген барлық экспедициялардың нәтижелері жарияланды.

Бастапқыда экспедициялар, негізінен, Батыс және Солтүстік Қазақстанды қамтыды. 1830 жылы С.Б.Броневскийдің «Орта Орда қырғыз-қайсақтары туралы жазбалар» жұмысы жарияланды, онда Солтүстік-Шығыс Қазақстан қазақтары туралы мәліметтер келтірілді. Кейіннен Ұлы жүз қазақтары туралы жұмыстар пайда болды.

Орыс саяхатшылары, ғалымдары мен әскери адамдарының Қазақстан туралы жинаған мәліметтері А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» монографиясында (1832) берілді. Қазақстан географиясы, қазақтардың тарихы мен этнографиясы туралы ақпаратты жүйелеген бұл еңбек өзінің ғылыми маңызын осы уақытқа дейін сақтауда. Атап айтқанда, онда қазақтардың «Жеті жарғы» әдеттік құқық кодексінің ережелері бірінші рет жарияланды. Шоқан Уәлиханов А.И.Левшинді қазақ халқының Геродоты деп атады.

Ш.Уәлихановтың өзі аса көрнекті зерттеуші және жаңа үлгідегі бірінші қазақ ғалым болды. Ол Тянь-Шань мен Шығыс Түркістанға бірнеше экспедициялық сапарлар жасады. Олардың барысында географиялық және этнографиялық маңызды бақылаулар жасап, көптеген тарихи сенімдер, аңыздар мен жырларды жазып алды. 1856



П.С.Паллас экспедициясының бағыты

жылы көктемде ол өзінің ғылыми қызығушылығын шығыстану саласына бағыттаған П.Семенов Тянь-Шанскиймен танысты. Өз материалдарын жариялағаннан кейін Ш.Уәлиханов ОГҚ-ның толық мүшесі болып сайланды. Оның ғылыми мұрасы Қазақстан мен басқа да халықтар мәселелерін қамтиды.

Назар аударыңдар! Қазақстанның бүкіл аумағының Ресей құрамына енуі оның жан-жақты – геологиялық, географиялық, этнографиялық тарихи жағынан зерттелу қажеттігін туындатты. Бұл ресейлік отаршылдық саясаттың мүдделеріне жауап берді және сондай-ақ ғылым мүдделеріне де қызмет етті.

Өлкені зерттеуге өз зерттеулерінің нәтижелерін «жазбаларында», «хабарларында», «есептерінде» белсенді жариялаған, жеке басылымдармен шығарған әртүрлі ведомстволар, өлкетану және статистикалық қоғамдар, Императорлық Ресей географиялық қоғамының (ИРГО) бөлімшелері, Ауылшаруашылық қоғамы, Шығыс археологиясы мен тарихы әуесқойларының үйірмесі, Жаратылыстану, антропология және шығыстану әуесқойларының қоғамы қатысты.

Қазақстанды ғылыми зерттеу орталықтарының бірі Орынбор болды. Бұл жерде 1867 жылы РГҚ-ның Орынбор бөлімшесі, ал 1887 жылы

Орынбор ғылыми архивтік комиссиясы құрылды. Екі мекеме де Қазақстан тарихын, археологиясы мен этнографиясын зерттеу бойынша үлкен жұмыс жүргізді. Басқа бір орталық Омбы болды, бұл жерде 1877 жылы РГҚ-ның Батыс Сібір бөлімі құрылды. Ақмола статистикалық комитетінің жанындағы РГҚ бөлімшесінде жергілікті ғалымдар мен жер аударылғандар жұмыс істеді. Абай РГҚ Семей қосымша бөлімшесімен белсенді байланыс жасады. Оңтүстік Қазақстанды зерттеудің орталығы Ташкент болды. Бұл жерде 1897 жылы РГҚ-ның Түркістандық бөлімі құрылды. Ол жерде басқа да ғылыми қоғамдар жұмыс істеді.

Назар аударыңдар! Ғылыми қоғамдар қызметінің аса маңызды бөлігі экспедициялық және далалық жұмыс болды. Әрбір экспедицияда жолсеріктер мен аудармашылар ретінде қазақтар қатысты. Зерттеулердің нәтижелері толып жатқан мерзімдік басылымдарда жедел жарияланып жатты.

Қазақстан тарихын зерттеуге Д.Кастанье, В.Вельяминов-Зернов, В.Бартольд үлкен үлес қосты. П.Семенов Тянь-Шанский, И.Мушкетов, Н.Северцов географиялық зерттеулерімен даңққа бөленді. А.Леонтьев, Г.Загряжский, И.Крафт, Н.Гродеков қазақтардың өдеттік құқығы бойынша материалдар жинаумен айналысты. Аса көрнекті түркітанушы П.Мелиоранский қазақ тілінің грамматикасын зерттеумен айналысты. Г.Потанин, А.Алекторов және басқалары өлкетанушылық және этнографиялық ізденістермен айналысты. Саяхатшылар, өлкетанушылар мен ғалымдар қазақтардың этнографиясы мен тарихын ғана емес, сондай-ақ рухани мәдениетін де зерттеді. Ш.Уәлиханов, В.Радлов, Г.Потанин, А.Диваев және басқалары қазақтардың рухани мәдениеті бойынша материалдар жинады. Ш.Уәлиханов қазақ эпосын зерттеуге көп көңіл бөлді. В.Радлов түркілердің халықтық әдеби шығармашылығы бойынша он томдық еңбегінің бір томын қазақ фольклорына арнады және қазақ ауыз әдебиетінің жіктемесін жасап, оны дидактикалық, эпикалық және лирикалық жанрларға бөлді. А.Диваев қазақ фольклоры бойынша көптеген материалдар жинап, жариялады.

1896 жылы Ф.Щербина бастаған «Далалық облыстарды зерттеу бойынша экспедиция» жұмыс істей бастады. Бұл экспедиция өлкені шаруалық отарлау мүмкіндігін ғылыми жағынан негіздеуі тиіс болды. Оның құрамында экономистер, ботаниктер, агрономдар, топырақтанушылар болды. Олар он үш томдық «Қырғыз жерін пайдалану бойынша материалдарды» (1898–1908) жинап, дайындады. Экспедицияда көптеген қазақтар, оның ішінде ғалым-ормантанушы Әлихан Бөкейханов жұмыс істеді.



М.С.Бабажанов



М.Шорманов



Ш.Құдайбердіұлы



Қ.Халиди

Назар аударыңдар! Ф.Щербина экспедициясының шаруаларды Ресейден Далалық өлкеге қоныс аударудың мүмкіндігі мен ниеттілігі туралы жалпы қорытындысы қате болып шықты. Ә.Бөкейханов пен бірқатар басқа да мамандардың пікіріне ешкім құлақ аспады.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның ғылыми өміріне қазақтар, сондай-ақ Қазақстандағы басқа да мұсылман тумалар көбірек қатыса бастады. Мысалы, жеті қазақ: М.С.Бабажанов, И.М.Асатов, Б.Қарпықов, У.Күнтеқов, Н.Сабанбаев, С.Тілемісов, М.Жараспаев РГҚ Орынбор бөлімінің толық мүшелері, ал Ы.Алтынсарин мен Б.Дауылбаевты қосқанда бес қазақ мүше-қызметкерлері болды. Орынбор кадет корпусын бітірген М.С.Бабажанов қазақтардың материалдық және рухани мәдениетіне арналған бірқатар тарихи-этнографиялық мақалалар жариялады. Этнографиялық зерттеулермен Омбы кадет корпусының түлегі, Баянауыл сыртқы округінің ағасұлтаны Мұса Шорманов (1819–1884) та айналысты. Оның қаламынан «Павлодар уезі қырғыздары туралы жазбалар», «Батыс Сібір қырғыздарындағы мал шаруашылығы туралы», «Қырғыз халықтық салттары» мақалалары туындады. Иш-Мухаммед Букин «Орыс-қырғыз¹ және қырғыз-орыс сөздігін», Х.Қостанаев «Перовск және Қазалы уездері қырғыздарының этнографиялық очерктері» жұмысын жариялады. Н.Жетпісбаев археологиялық ізденістермен айналысты. Аягөзде туған Қ.Халиди 1910 жылы Қазанда «Бес шығыс халқының тарихын» («Тауарих хамса-и шарки») жариялады. Ол ұйғырлардың, өзбектер, қазақтар, моңғолдар мен қытайлардың өткен тарихы туралы еңгімелейді. Шәкәрім Құдайбердіұлы білімі мол адам, РГҚ Семей қосымша бөлімінің мүшесі болды. Оның ғылыми қызығушылығы тарих, философия, дін, әдебиет мәселелерін қамтыды. Ол «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» (1911) еңбегін жазды.

XX ғасырдың бас кезінде ғылыммен аса білімді қазақтардың жөдиттік (алаштық) саңлақтарының ұлттық зиялы қауымы да айналыса бастады. Бұл жерде бәрінен бұрын лингвист және әдебиетші, қазақ тілі мен фольклорын зерттеуші, қазақ жазуының реформашысы

¹ Яғни, қазақ.

ретінде А.Байтұрсынұлын атауға болады. Басқа алашордашылардың ішінен ғалым-агроном С.Сабатаев, математик Х.Ғаббасов, заңгер Жанша Досмұхамедов, медицинадан бөлек лингвистика, тарих пен әдебиет сияқты салаларда ғылыми зерттеулермен белсенді айналысқан, білімі бойынша дәрігер Халел Досмұхамедұлы ерекшеленді. Олардың көпшілігі білім беру мен ғылымдағы жұмысын 1920 жылдары, кеңестік уақытта да жалғастырды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстанды ғылыми экспедициялардың жоспарлы зерттеуі қашан басталды? Ол неге бийланысты болды?
2. XVIII ғасыр – XIX ғасырдың бас кезінде Қазақстанды зерттеудің нәтижелері қандай іргелі ғылыми жұмыста берілді?
3. Орыс географиялық қоғамының Қазақстанды зерттеуінің басталуы қандай саяси оқиғаларға байланысты болды?
4. XIX ғасырда Қазақстанды зерттеумен айналысқан ғылыми орталықтарды атаңдар.
5. XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанды зерттеу қандай бағыттарда дамыды?
6. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанды зерттеуде ғалым-қазақтар қандай рөл атқарды?

Өлкетану бойынша шағын топтарға арналған тапсырма

Бұл кезеңде Қазақстанда өз облыстарыңды орыс және қазақ ғалымдарының зерттеуі туралы (бір немесе бірнеше ғалымның мысалында) өңгіме дайындаңдар.

Үй тапсырмасы

Қазақстандағы ғылыми экспедицияларды кескін картаға түсіріңдер.

22-тақырып. XIX–XX ғасырдың басында Қазақстандағы оқу орындарының қызметі

Оқыту мақсаты:

- 11.4.2.3 XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстан аумағында оқу орындардың дамуындағы өзгерістер мен сабақтастықты анықтау;
- 11.4.2.4 XIX–XX ғасырдың басындағы Қазақстанда өмір сүрген білім беру мекемелерін қызметтік ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу.

22.1. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстандағы білім беру мекемелерінің қызметі

Бүгінгі сабақта:

- XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандағы мектептер үлгілерінің саналуандығын талдаймыз;
- алғашқы орыс-қазақ мектептерінің құрылуын оқып түсінеміз;
- патша үкіметінің мұсылмандық білім беруге көзқарасын жинақтаймыз;
- Жаңа әдістік (жадиттік) мектеп туралы білімді бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- халыққа білім беру
- дәстүрлі мұсылмандық мектеп
- мақтаб
- медресе
- орыс-түземдік мектеп
- жаңа әдістік мектеп
- жәдиттер

Дәстүрлі мұсылмандық мектептер. XIX ғасырда дәстүрлі мұсылмандық білімді бірінші сатыдағы (яғни, бастауыш) ауыл мектептерінде – мақтабтарда ала алды. Тек олардың азғантай бөлігі ғана білім алуын екінші сатыдағы мектептерде жалғастыра алды. Негізгі білім алу орны медреселер болды. Олардың бағдарламалары уақыт талабына сай кейбір зайырлық пәндер (математика, география) енгізілсе де, ортағасырлық уақыттан бері аз өзгерді. Қазақ қоғамының көптеген зияткерлік топтары дәстүрлі мұсылмандық білім алды (мысал ретінде ұлы ақын Абай Құнанбайұлын немесе I Мемлекеттік Думаның қазақ-депутаты Шахмардан

Қосшығұловты келтіруге болады). Қазақстанда орыс мектептерінің пайда болуына қарамастан, қазақтар революцияға дейін балаларын дәстүрлі мектептерге беруді артық санады. Орыс тілі мен орыс шенеуніктік қызметіне ұмтылыс зор болған жоқ. Мұсылмандық білім беру дәстүрлері халық көп дәрежеде исламдандырылған Қазақстанның оңтүстігінде күшті болды. XX ғасырдың бас кезінде (1908 ж.) Ресей империясының Халық ағарту министрлігі өзіне мақтабтар мен медреселердің ұйымдастырушылық қызметіне бақылау жасау қызметін алды. Енді бұдан былай мұсылман халқы бар облыстардың губернаторлары мұсылмандарға арналған жаңа мектептер құрылысына, кітаптар, оқулықтар мен журналдар басып шығаруға байланысты мәселелерді бақылауы, сондай-ақ Меккеге қажылыққа баратын мұсылмандарға төлқұжаттар берумен айналысуы тиіс болды.

Назар аударыңдар! Патша үкіметі дәстүрлі мұсылмандық білім беруге тыйым салмай, бірақ оны көтермелемей және қаржыландырмай, исламды «жоққа шығару» саясатын жүргізді. Мұсылмандар батыстық білім берудің артықшылығын біртіндеп көреді және балаларын өздері-ақ орыс мектептеріне береді деген сенім орын алды.

Орыс-қазақ мектептері. 1870 жылдардан бастап Қазақстанда «орыс-түземдік мектептері» деп аталған мектептер пайда бола бастады (біз оларды бұдан әрі қазақ-орыс мектептері деп атайтын боламыз). Олардың құрылуы 1870 жылғы «бұратаналық» (яғни, ұлттық) мектептер туралы заңмен реттелді. Ол «өте аз орыстанған» облыстарда, сондай-ақ орыстар және орыс емес балалар тұратын облыстардағы бірлескен орыс-ұлттық мектептерде орыс әріптерімен жазылған оқулықтар бойынша ана тілінде оқытатын мектептер құруды («Ильминский жүйесі»¹ аталған) көздеді. Нәтижесінде Қазақстанда әртүрлі үлгідегі мектептер құрыла бастады. Ақмола және Семей облыстарында мектеп-интернаттар мен

¹ Педаго-миссионер Н.Ильминскийдің есімімен, ол 1860 жылдары татар мектептеріне арналған орыс әліпбиін өзірледі.

ауылшаруашылық бастауыш училищелері, Орал және Торғай облыстарында ауыл мектептері, қазақ балаларына арналған бір және екі сыныптық училищелер (Торғай облысындағы «алтынсариндік мектептер» деп аталған), Жетісу және Сырдария облыстарында орыс-қазақ мектептері ашылды.

Орыс-қазақ мектептерін құрудың басты мақсаты балаларға бастауыш білім беру, оларды жазуға, арифметикаға, табиғаттануға үйрету және білім алуды екінші дәрежелі мектепте жалғастыруға дайындау болды. Мұнымен бір мезгілде орыс-қазақ мектептерін құру мақсаттарының бірі қазақ балаларын орыс тілі мен орыс мәдениетімен таныстыру, одан әрі қазақтардың орыстармен жақындасуын (орыстандыру деп аталған) көздеу болды. Орыс-қазақ мектептерінде орыс балалары Құдай заңын оқығандықтан, қазақ балалары олармен қатар ислам негіздерін (дәстүрлі мұсылман мектебіне қарағанда аз көлемде екендігі түсінікті) оқыды.

Назар аударыңдар! Н.Ильминский жүйесіне сүйене отырып, үкімет Қазақ даласын орыс әліпбиін пайдалану және орыс тілін енгізу арқылы біртіндеп орыстандырудан үміттенді. Алайда іс жүзінде бұл жүйе орыс тілін жақсы білуге әкелген жоқ.

1905 жылы орыстандыруды күшейту үшін мектептердің мынадай үлгілерін жасауды қарастырған, ұлттық мектептер жүйесін құру туралы шешім қабылданды: 1) ұлттық тілде оқытудың екі жылдық мерзімімен бастауыш училищесі, ондағы оқудың екінші жылы орыс мектептерінің бірінші сыныбына сәйкес келуі тиіс болды; 2) оқытудың төрт жылдық курсы бар бірсыныпты училище (алғашқы екі жылы ана тілінде, одан кейінгі екі жылы орыс тілінде); 3) оқытудың алты



XX ғасырға дейін қазақ балалары молдалардан білім алған



Ы. Алтынсариннің 1864 жылы Торғайда ашқан алғашқы мектебі

жылдық мерзімімен екісыныпты училищесі (мұнда да тек алғашқы екі жыл ғана ана тілінде). Осылайша, орыс тілін ұлттық ортаға неғұрлым кеңінен ендіру бағдарламасы белгіленді.

Назар аударыңдар! Мектеп орыстандыру саясатының басты құралы болып есептелді. Балаларды орыс тіліне оқытты және кирилдік әліпбиге үйретті. Ал әліппелер мен оқуға арналған кітаптарға оқушыларды Ресей географиясымен және орыс мәдениетімен таныстыратын мәтіндер енгізілді.

Білім берудің орыс жүйесін енгізу жылдамдатыла жүргізілді. Орта мектептер мен гимназия оқушыларының басым көпшілігі орыстар – әскери адамдардың, шенеуніктердің және аздаған дәрежеде казактар мен шаруалардың балалары болды. Қазақ және татар балалары мұндай мектептерде тек орыс тілінде ғана оқи алды және де олардың саны аз болды. Орыс орта мектептері мен училищелерін бітірген қазақтар орыс тілін жақсы меңгергендері соншалық, білімдерін орыс университеттерінде, әскери училищелерінде және басқа жоғары оқу орындарында жалғастыра алды. XX ғасырдың бас кезіндегі аса білімді қазақ-батысшыларының саңлақтары осылай пайда болды.

Жәдиттік (жаңа әдістік) мектеп. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде бүкіл мұсылман әлемін қамтыған исламдық жаңғыртушылық (жәдиттік) қозғалысының толқынында дәстүрлі мұсылмандық мектепті жаңарту идеясы Қазақстанға да келді. Алғашында оны жүргізушілер татар және башқұрт жәдиттері болды. Алайда көп ұзамай алдыңғы қатарлы идеялар қазақтардың ортасына да енді. Жәдиттік (жаңа әдістік) мектептер – мақтаптар да, сондай-ақ медреселер де – реформаланған мұсылман мектептері болып табылды. Оларда жазуға дыбыстық әдіспен¹ үйрету, түркі және еуропалық

¹ Дыбыстық әдіс дыбыстар мен әріптерді, одан кейін олардың буындар мен сөздерге бірігуін зерделеуді көздейді.



Орынбордағы «Хусайния» медресесі

тілдерді қосқанда (бұл жағдайда орыс және қазақ тілдері), көптеген зайырлық пәндерді оқыту, исламды неғұрлым либералды түсіндіру, заманауи тақырыптамаға мәтіндер оқу, алдыңғы қатарлы мұсылман елдеріне (бәрінен бұрын Осман Түркиясына) бағдарлану, түркі тарихын зерделеу жолға қойылды. Осылайша, жаңа әдістік мектептердің оқушыларына мұсылмандық қоғамды батыс бағытында одан әрі реформалауға қатысу мақсатымен еуропалық (немесе еуропалыққа жақындатылған) білім беру қажеттігі идеясы ғана емес, сондай-ақ панисламдық және пантүркілік идеялар сіңірілді. Соңғы мән-жайлар дәстүрлі мектеп жақтастарының ғана емес, сондай-ақ ресейлік биліктің де наразылығын туындатты. Бірінші орыс революциясы жылдарындағы және одан кейінгі реакциялар жаңа әдістік мектептерді ұлтшылдық мектептері ретінде қарастыра бастады. Өйткені оларда ұлт-азаттық қозғалыс¹ идеялары таратылды.

Солай болғанмен де, әлеуетті оқушылардың ата-аналары жаңа әдістік мектептерді орыс-қазақ мектептеріне жақсы балама ретінде

¹ Үкіметке жеткізілген хабарлардың бірінде былай айтылады: Жетісу облысында «Далада орыс мемлекеттілігі мүдделерінен алыс, қырғыздарға арналған мектеп-ниіз үйлер ашылған. Келген адамдар қырғыздардың арасында таза қырғыз тіліндегі нұсқауларды, Уфа мен Қазанда басылып шыққан зиянды бағыттағы кітапшаларды таратады. Кітапшалардың ішінен: «Оян, қазақ!», «Түр, қазақ!» пен мысалдар жинағы «Маса» белгілі» («Қазақстан тарихы», 3 том. Алматы: Атамұра, 2010. 681 б). Бұл кітапшалардың авторлары М.Дулатұлы, Ө.Бөкейханұлы пен А.Байтұрсынұлы болды.

қарастырып, олардың саны арта бастады және соңғыларының санынан айтарлықтай асып түсті. Жаңа әдістік мектептер барлық жерде: Троицкіде, Оралда, Петропавлда, Семейде, Қапал, Жәркентте ашылды. Қазақтар білім алу үшін Далалық аймақ шектерінен тыс орналасқан белгілі жаңа әдістік татар медреселеріне (мысалы, Орынбордағы «Хусания», Қазандағы «Мұхаммадия», Уфадағы «Ғалия» медреселері және қоқандық жәдиттік мектептер), сондай-ақ Түркияға аттанды.

Назар аударыңдар! Жалпы алғанда, 1917 жылдың қарсаңында жәдиттік мектептер Ресей империясы мұсылмандарының, оның ішінде қазақтардың арасында заманауи білім беруді дамыту үшін өте көп жұмыс істеді. Олар мұсылман зиялы қауымының жаңа реформашыл ұрпағының қалыптасуына жағдай жасады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Дәстүрлі мұсылмандық білім беру қандай сатылардан тұрады?
2. Патша үкіметі дәстүрлі мұсылман мектебіне қандай көзқараста болды?
3. Кестені толтырыңдар. XIX ғасырдың соңы – XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда мектептердің қандай үлгілері болды

Мектеп үлгісі	Оқушылар құрамы	Бағдарламасы	Ерекшеліктері
Орыс-қазақ мектептері			
Орыс шіркеу-приход мектептері	Қоныс аударған шаруалар мен казактардың балалары	Құдай заңы, арифметика, жазу, оқу, өн салу, 2 сыныпта – тарих	

4. Орыс-қазақ мектептері қандай мектептер еді?
5. Жәдиттік мақтабтар қандай мектептер еді? Оларда жазуға үйретудің қандай алдыңғы қатарлы әдісі енгізілді?

Шағын топтарға арналған тапсырма

XX ғасырдың бас кезіндегі белгілі жәдиттік (жаңа әдістік) мектептер туралы таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма

Орыс-қазақ мектептер орыстандыру саясатының құралы болып есептелді. Солай болғанмен де, XX ғасырдың бас кезінде қазақтардың арасында орыс тілінің таралуы өте мардымсыз болды. Мұны патшалық өкіметтің орыстандыру саясатының сәтсіздігі ретінде қарастыруға бола ма?

Үй тапсырмасы

Жаңа әдістік медресе бағдарламасы туралы өңгіме құраңдар.

23-тақырып. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қайшылықтары

Оқыту мақсаты:

- 11.4.2.5 Кеңестік білім беру жүйесінің даму ерекшеліктерін анықтау үшін «сауатсыздықты жою», «қызыл отау», «мұғалімдер институты», «мектептегі білім беру», «кәсіби білім беру», «жоғары оқу орындары» ұғымдарын пайдалану;
- 11.4.2.6 Қазақстандағы кеңестік білім беру жүйесін реформалауды талдау, жетістіктері мен қайшылықтарын анықтау.

23.1. Кеңестік білім беру жүйесінің жетістіктері мен қарама-қайшылықтары (1920–1930 жылдар кезеңі)

Бүгінгі сабақта:

- халықтың сауатсыздығын жоюға байланысты мәтінді оқып үйренеміз;
- жалпыға бірдей міндетті бастауыш оқытуды енгізуді талдаймыз;
- кеңестік білім беру жүйесінің кемшіліктерін бағалаймыз.

Халықтың сауатсыздығын жою. Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін халықтың сауатсыздығын жою мен халыққа білім беруді дамыту мәдениет саласындағы революциялық қайта құрулардың басты бағытына айналды. Қазақстанда мектептердің әртүрлі үлгілері өмір сүріп, дамығанмен де, халықтың көпшілік бөлігі тіпті бастауыш білім алмаған болып қалды. Бұған қоса, мұғалім аса тапшы болды. «Сауатсыздықты жою» (орысша қысқартылғаны – «ликбез») стратегиялық міндет ретінде қарастырылды: сауаттылық, білім кез келген жаңғыртудың, оның ішінде социалистік жаңғыртудың негізі болып табылады. Сауатсыздықты жою туралы жарлыққа Ленин 1919 жылы қол қойды және 1920 жылдың өзінде, Азамат соғысы аяқталысымен жер-жерде сауатсыздықты жою жөніндегі төтенше комиссиялар құрыла бастады. Бұл комиссиялар сауатсыздарды есепке алумен айналысты, мұғалімдер дайындады, оқу құралдарын басып шығарды, мектептер мен курстар ашты. Қазақстанда ликбездің алғашқы курстары жергілікті зиялы қауымның бастамасы бойынша 1917–1918 жылдардың өзінде-ақ пайда болды. Бұл аталған идеяның өзі «айтылып жүргендігін» және оны зиялы қауымның кең топтарының бөліскенін білдіреді. 1920 жылы Қырғыз¹ АКСР құрылғаннан кейін сауатсыздықты жою ісін республика Халық ағарту халық комиссари-

Тірек сөздер:

- мәдени революция
- сауатсыздықты жою
- ликбез
- қызыл отау
- жалпыға бірдей оқу
- науқан
- кеңестік білім беру жүйесі
- кеңестік еңбек мектебі

¹ Яғни, қазақ.



Кеңес Одағындағы сауатсыздықпен күрес

аты (Наркомпрос), Кирревкомның¹ – сол кездегі Қазақстан үкіметінің мектеп бөлімі қолға алды.

Бейбіт өмірге көшуден кейін шұғыл артқан сауатсыздықты жою жөніндегі науқан ересектерге бағытталды. Сауатсыздықты жою курстары әрбір ауылда, село мен қыстақта құрылды. Олар ересек адамдарды оқуға және жазуға үйретумен ғана шектеліп қоймай, сондай-ақ «жалпы дамытуға» (лекциялар, насихат), қандай да бір қолөнеріне үйретуге, клубтар, хорлар, халық көркемөнерпаздығын ұйымдастыру жолымен «эстетикалық және қоғамдық талғамды» дамытуға бағытталды. Курстардың бағдарламасына оқу мен жазу, арифметика, табиғаттану кірді. 1924 жылы Қазақстанда «Сауатсыздық жойылсын!» қоғамы құрылды.

Назар аударыңдар! Жаңа биліктің барлық күш-жігеріне қарамастан, білім беру саласы кадрлар, ресурстар, оқулықтар тапшылығын басынан өткерді. Көмекке жастар – шалғайдағы ауылдарға мұғалім болып баруға дайын комсомол-энтузиастар келді. Олардың бәрін бірдей құшақ жая қарсы алған жоқ. Өйткені дәстүрлі ортада «орыстардан» шыққан нәрселердің бәріне сенімсіздік сақталды. Ал Кеңес өкіметі алғашқы уақытта орыс билігі ретінде қабылданды.

Қазақ ауылындағы сауатсыздықты жою қалалар мен орыс селоларына қарағанда анағұрлым баяу жүрді. 1926 жылғы бірінші Бүкілодақтық халық санағына сөйкес, қазақтардың тек 6,9%-ы, орыстардың 36%-ы сауатты болды. «Қызыл отау» ауылдағы сауатсыздықты жою мен ағартудың негізгі ошағына айналды: бұл жерде адамдармен сабақтар, өңгімелесулер, лекциялар жүргізілді және бұл жерде кітаптар, кітапшалар, плакаттар, «Кеңес өкіметі үшін» және «жаңа өмір үшін» тәрізді үгіттік көрнекіліктер орналасты. Бұл кезде А.Байтұрсынұлы

¹ Кирревком — Қырғыз өлкесін басқару бойынша өскери-революциялық комитет, Қырғыз (Қазақ) АКСР үкіметі.

мен оның серіктестері орасан зор жұмыстар жүргізді. Қазақ тілі бойынша оқу құралдары А.Байтұрсынұлы реформалаған араб әліпбиі негізінде жасалды, қазақша кітаптарды басып шығару артты. Алайда 1920 жылдардың соңында Байтұрсынұлының араб жазуы латын жазуымен алмастырылды. Сауатын енді ғана ашқан адамдарды қайта оқытуға тура келді.



«Қызыл отау» көркем фильмінен көрініс

1928 жылы сауатсыздықты жою бойынша науқанға жаңа серпін берілді: комсомолдық мәдени жорық жарияланды. Оған қатысушыларды мәдениет әскерлері деп атады. 1930 жылдары сауатсыздықты жоюға 65 мыңнан астам мәдениет әскерлері қатысты. Бұл жұмыстың нәтижесінде 1939 жылы 50 жасқа дейінгі ересек адамдардың арасындағы сауаттылық енді 83,6%-ды, жалпы сауаттылық 61,4%-ды, қазақтардың ішінде 54,5%-ды құрады. Бұл Қазақстандағы мәдени революцияның оңды нәтижесі болды.

Білім берудің жаңа жүйесінің орнауы. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап елде екі сатыдағы бірыңғай еңбек мектебі құрылды: біріншісі 8-ден 13 жасқа дейінгі балаларға, екіншісі 13-тен 17 жасқа дейінгі балаларға арналды. Бұл ретте Кеңестік Ресейдің барлық ұлттары ұлттық тілде оқытатын мектептер мен жоғары оқу орындарын құру құқығын алды. Алайда алғашқы уақытта ресурстардың, мамандардың, оқулықтардың, үй-жайлардың жетіспеуінен тек бастауыш мектептер ғана құрылды. Бұл ретте қазақтар орыстарға қарағанда бастауыш білім берумен анағұрлым нашар қамтылды. 1924/1925 оқу жылында қазақ балаларының тек 12%-ы ғана бастауыш мектепке барды. Көшпелі және жартылай көшпелі аудандарда «мектеп-коммуналар» ұйымдастыру әрекеті жасалды. Оларда балаларды оқыту «жатақханамен бірлестірілуі» (интернаттарға ұқсайтын) тиіс еді, алайда бұл идея нашар жұмыс істеді. Ауылдардың көпшілігінде мектептерге арналған үй-жайлар табылмады. Сабақтар киіз үйлерде өткізіліп, мектептердің өздері өте шағын болды.

Назар аударыңдар! 1920 жылдардың соңына, яғни Кеңес өкіметінің исламға қарсы науқаны басталғанға дейін ауылдар мен қалаларда дәстүрлі және жаңа әдістік мақтабтар мен медреселер жұмыс істеуін жалғастыра берді. Осылайша, белгілі бір уақытта кеңестік еңбек мектебі мен мұсылмандық мектеп қатар өмір сүрді.

«Жалпыға бірдей оқу» науқаны. 1920 жылдардың соңына қарай мектептік білім беру мәселесінің шешілмей қалғандығы айқын бола түсті.

Ал жаңғырту қалықтың сауаттылығын шұғыл арттыруды талап етті: сауатсыз халық еңбектің индустриялық саласында тартылмай қалуы мүмкін еді. Сондықтан 1930 жылы жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беру («Жалпыға бірдей оқу») енгізілді. Оның үстіне, мұсылмандық мектептер жаппай жойылып, исламға қарсы науқан жүргізілгендіктен, жалпыға бірдей міндетті оқыту – балаларды кеңестік бастауыш мектепте оқыту дегенді білдірді. Кеңестік Қазақстанда да есейіп кеткен балаларды (бастауыш білімі жоқ, жасы 11-ден асып кеткен балаларды) екі жылдық курстарда оқытуды қосқанда, «Жалпыға бірдей оқуды» іске асыру басталды. Мектептер салынып, жөнделді, балалар киіммен, аяқкиіммен, ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Республиканың барлық мәдени күштері «Жалпыға бірдей оқуға» «жұмылдырылды». Нәтижесінде ҚазАКСР Халық ағарту комиссариатының мәліметтері бойынша, 1934 жылғы 1 қаңтарға қарай жалпыға бірдей оқумен 11 жасқа дейінгі барлық балалардың 98%-дан астамы қамтылды. 1940/1941 оқу жылында Қазақстанда оқушыларының жалпы саны 1 138 000 адам (441 мың қазақ) болатын 7790 мектеп (олардың 4428-і қазақ мектептері) болды.

Бұл маңызды! 1930 жылдардың соңына қарай жалпыға бірдей бастауыш білім беруді жүзеге асыру іс жүзінде аяқталып, балалардың 98%-ы бастауыш білім алды.

Орта білім берудің артта қалуы. Орта білім беру (екінші саты мектептері) анағұрлым баяуырақ енгізілді. 1920–1930 жылдары қазақтардың көпшілігі тек бастауыш білім ғана алды. Бұл фактіні ескере отырып, Қазақстан¹ үкіметі 1935 жылдың өзінде орта білімі жоқ тұлғаларды техникумдар мен жоғары оқу орындарына қабылдауға тыйым сала отырып, «қазақ орта мектебін дамыту» туралы шешім қабылдады. Бұл науқанның алғашқы жылдары орта мектепті аяқтап шыққан қазақ балаларының саны бірнеше ондаған, одан кейін жүздеген баламен шектелді. 1940 жылы Қазақстанда оныншы сыныпта небәрі 701 қазақ болды. Бұл уақытта Қазақстанда 1,7 мың толық емес (жеті жылдық) орта мектеп жұмыс істеді. Толық орта мектептердің 8–10-сыныптарында барлығы 62 мың бала оқыды, олардың көпшілігі орыстар еді.

Кеңестік білім беру жүйесінің кемшіліктері. Сауатсыздықты жою мен жалпыға бірдей бастауыш білім беру бойынша науқанның барлық оңды нәтижелері бола отырып, кеңестік білім беру жүйесінің алғашқы кезден-ақ мынадай кемшіліктері айқындалды:

1. Оқытудың идеологияландырылған сипаты.

Сталиннің кезінде қалыптасқан тоталитарлық режім мектепті осы режімге берілген және мойынсынғыш ұрпақ тәрбиелеу құралына айналдырды. Мектеп бағдарламасының мазмұны да, оқулықтардың мате-

¹ БК(5)П Қазалкеком мен ҚазАКСР ХКК.

риалы да, артынан толықтай бақылау жүргізілген педагогтердің кеңеске ниеттес болуы және мектеп оқушыларын балалар мен жасөспірімдердің коммунистік ұйымдарына (пионер, комсомол ұйымдары) енгізу, еңбек, әскери-патриоттық, атеистік тәрбие – бәрі де «жаңа кеңестік адамды» қалыптастыру мақсатына қызмет етті.

2. Білім берудің біртіндеп орыстандырылуы.

«Жалпыға бірдей оқу» оның ішінде ұлттық мектептерді құруға бағытталса да, бұл мектептер үшін жасалған оқулықтар орыс тілінен аударылған оқулықтар болды (бұл үрдіс соғыстан кейін де басым болды). «Алаш» ұлттық зиялы қауымына қарсы қуғын-сүргіндер бұл авторлардың бірегей оқулықтары мен оқу құралдарын қолданыстан алып тастауға әкелді. Оқулықтардың аудармалы сипаты қазақ тілінің орыс сөздерімен, әсіресе терминология бөлігінде шұбарлануына әкеле бастады.

3. Мәдени революцияның науқандық сипаты.

Жалпыға бірдей міндетті бастауыш білім беруді енгізуде ұжымдастыру кезінде әйелдерге бостандық беру үшін күрес және басқалардағы сияқты жүргізілген науқаншылық сипат болды. Цифрлар мен пайыздар туралы тезірек баяндау қажеттігі оқытудың төменгі сапасына (оқушылардан үнемі қайта емтихан қабылдау, екінші жылға қалғандар санының көптігі) және мұғалімдерге қойылатын төменгі талаптарға (олардың көпшілігінде тек бастауыш білім ғана болды) әкелді.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстанда сауатсыздықты жою қалай өтті? Сауатсыздықты жоюдың жолында қандай қиындықтар тұрды?
2. «Жалпыға бірдей оқу» дегеніміз не? Бұл науқан қашан және қалай өтті?
3. Қазақстанда дәстүрлі мұсылмандық мектеп қызмет етуін қашан тоқтатты?
4. Қазақстандағы «Жалпыға бірдей оқудың» алдында қандай мәселелер тұрды?
5. «Алаш» қозғалысына қатысушыларға қарсы қуғын-сүргіннің қазақ мектебі үшін қандай салдары болды?
6. Қазақстандағы мәдени революцияның басты нәтижелері мен кемшіліктерін атаңдар.

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма

Кеңестік мектептегі оқытудың идеологияландырылған сипаты неден көрінді? Кеңестік білім беруді идеологияландыру нені көздеді?

Күрделілігі жоғары тапсырма

Көз алдарыңа келтіріңдер, 1960 жылдары сендер сауатсыздықты жою курсынан өткен немесе 1920 жылдары тек бастауыш білім алған қазақтан хат алдыңдар делік. Бұл хатты оңай оқып шыға алар ма едіңдер? Ал егер адам 1930 жылдары оқыса ше? 1940 жылдары оқыса ше? Егер оқып шыға алмасаңдар, онда неліктен?

23.2. Қазақстанда арнаулы және жоғары білім жүйесінің орнығуы. Қазақстандағы 1950–1980 жылдардағы білім беру жүйесі

Бүгінгі сабақта:

- индустрияландыру үшін мамандар дайындауды талдаймыз;
- алғашқы қазақ жоғары оқу орындарына баға береміз;
- республикада соғыстан кейінгі онжылдықтағы білім беру жүйесіндегі реформалар туралы білім аламыз.

Тірек сөздер:

- кеңестік білім беру жүйесі
- орта арнаулы білім
- техникум
- рабфак
- орыстандыру

Техникалық пен кәсіптік мамандар дайындау. Кеңестік уақытқа дейін пайда болған шағын педагогикалық, медициналық және ауылшаруашылық училищелері өлкенің кәсіптік мамандарға деген қажеттігін өтей алмады. Кеңес өкіметі өзінің индустрияландыру бағытымен кәсіптік білім беруді ұйымдастыруда айтарлықтай қадамдар жасады. 1918 жылғы наурыз айының өзінде Верныйда ауылшаруашылық училищесі ашылды. 1919 және 1920 жылдары Орынбор мен Семейде

мұғалімдер даярлайтын халыққа білім беру институттары ашылды. Бұдан кейін басқа да училищелер мен техникумдар ашыла бастады. Техникумдар мен жоғары оқу орындарына оқуға түсуге дайындау үшін жұмысшы факультеттері (рабфактар) ұйымдастырылды. Арнаулы оқу орындарының ішінде ауылшаруашылық және педагогикалық оқу орындары басым болды. Алайда өнеркәсіп, құрылыс, көлік, байланыс, денсаулық сақтау үшін мамандар дайындайтын училищелер де пайда болды. Индустрияландыру жылдары зауыттардың жанынан фабрика-зауыттық училищелер (ФЗУ) пайда бола бастады.

Алғашқы қазақ жоғары оқу орындары. Кәсіптік мамандарға қажеттіліктің өсуі Қазақстанда жоғары оқу орындарының ашылуын талап етті. Бұған дейін қазақ мамандары республикадан тыс жерлерде дайындалды.

Қазақстандағы бірінші жоғары оқу орны 1928 жылы ашылған Қазақ мемлекеттік университеті болды. Жоспар бойынша университет үш: педагогикалық, ауылшаруашылық және медициналық факультеттен құралуы тиіс болды. Алайда оқытушыларды педагогикалық факультет үшін ғана жинаудың сәті түсті. Сондықтан 1930 жылы университет Қазақ педагогикалық институты (қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) болып қайта құрылды. ҚазПИ алғашқы түлектерін 1931 жылы шығарды (53 жас педагог). 1929 жылы Алматы малдәрігерлік-ветеринарлық институты, 1930 жылы Қазақ ауылшаруашылық институты, 1931 жылы Алматы медициналық

институты мен 1932 жылы Орал педагогикалық институты ашылды. 1934 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) физика-математика және биология факультеттерінде сабақтар басталды. Соғыстың қарсаңында республикада 20 жоғары оқу орны жұмыс істеді.

Бұл күш-жігерлерге қарамастан, республикада жеделдетілген жаңғырту жағдайларында өндірістік салаларда да, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени салада да білікті мамандардың тапшылығы сақталды. Әсіресе жергілікті халықтың арасында мамандар тапшылығы қатты сезілді. Сондықтан Қазақстанға Мәскеуден, Ленинградтан және басқа қалалардан мамандар жіберілді.

Назар аударыңдар! Жоғары оқу орындары мен техникумдарда оқытушы мамандардың жетіспеушілігі көбінде астанадан жіберілген профессорлармен, революцияға дейінгі, оның ішінде ұлттық зиялы қауым кадрларымен және тіпті жер аударылған профессорлармен де толықтырылды. Алайда 30-жылдары олардың көпшілігі «партияның идеологиялық бағытына» сәйкес келмейтіндер ретінде қуғын-сүргіндерге ұшыратылды.

Соғыс жылдары Қазақстанға Ресей мен Украинаның бірнеше оқу орындары эвакуацияланды. Нәтижесінде қазақстандық жоғары оқу орындарында жаңа факультеттер, кафедралар мен зертханалар пайда болды. Көптеген аса көрнекті ғалымдардың Қазақстанда болуы өз ғылыми мамандарын дайындауға көмектесті. Соғыс жылдары Алматы шет тілдер институты, Шымкент құрылыс материалдары институты, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы, Қазақ қыздар педагогикалық институты ашылды.

Бұл маңызды! 1918–1945 жылдары Қазақстанда бастауыш, орта, орта арнаулы және жоғары білім беруді қамтыған білім берудің жаңа кеңестік жүйесі пайда болып, орнықты. Бұл жүйе соғыстан кейінгі уақытта кеңеюін және жетілуін жалғастыра берді.



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Алматы қ.



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы қ.

Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары Қазақстандағы білім беру реформалары. «Жалпыға бірдей оқуды» іске асырғаннан кейін жалпыға бірдей толық емес орта (жеті жылдық) білімді енгізу қисынды қадам болды. Міндет екінші бесжылдық жоспар әзірленген кезде, 1934 жылдың өзінде қойылған болатын. Алайда оны ол кезде тек қалалар мен жұмысшы кенттерінде ғана жүзеге асыру мүмкін болды. Үшінші бесжылдықта қалаларда жалпыға бірдей толық орта білім мен ауылдық жерлерде толық емес орта білім беруді енгізу жоспарланды. Алайда ол соғысқа байланысты жүзеге асырылған жоқ. 1940 жылы қорғаныспен ауыр өнеркәсіпке кететін шығындардың өсуіне байланысты 8–10 сыныптарда, техникумдар мен жоғары оқу орындарында оқығаны үшін ақы төлеу енгізілді. 1943 жылы ер балалар мен қыздарды бөлек оқыту енгізілді (1954 жылы жойылған).

1947 жылы «Қазақ КСР-інде жоғары және орта білім беруді одан әрі дамытудың іс-шаралары туралы» Қаулы қабылданды. Мектептерді қаржыландыру, мектеп ғимараттарын салу мен жөндеу, мектептерді жабдықтармен, оқу құралдарымен және материалдармен қамтамасыз ету басталды. Қазақ КСР-інде жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру 1950–1956 жылдары жүзеге асырылды. Бұл уақытқа қарай сауатсыздық толықтай жойылды, барлық балалар білім берумен қамтылды.

Демократиялық «жылымық» жылдары білім беруге көбірек көңіл мен ресурстар бөліне бастады. Жоғары сыныптар мен техникумдарда оқыту үшін ақы төлеу жойылды. Техникумдар мен жоғары оқу орындарына – республикаға қажетті техникалық мамандықтарға оқуға түсу көтермеленді. Отбасылық себептерге (көбінесе әкесіздік) байланысты оқуын ерте тастауға мәжбүр болған жас адамдар жұмысшы жастар мектептерінде (кешкі мектептерде) оқуын бітіру және орта білім алу мүмкіндігіне ие болды. Ол кезде мектеп мұғалімінің, педагогтің мәртебесі өте жоғары болды. Педагогикалық жоғары оқу орындарына оқуға түсу беделді болды. Мұғалім еңбегін даңққа бөлеген танымал көркем фильмдер шықты. 1959 жылы Қазақ КСР-інде жалпыға бірдей сегіз жылдық білім беру туралы қаулы қабылданды. Ол 60-жылдардың бас кезінен бастап жүзеге асырыла бастады. Балалар мектепке жеті жастан бастап қабылданды.

1970 жылдары 10 сынып көлеміндегі жалпыға бірдей орта білімге көшу басталды. 1980 жылдардың бас кезінде жалпыға бірдей орта білім беру міндетті оқуға айналды. Оқушы 8-сыныптан кейін кәсіптік-техникалық училищеге, техникумға оқуға баратын немесе мектепте тағы да екі жылға қалып, жоғары оқу орнына түсуге дайындала алатын болды. Мектептік білім берудің кеңестік соңғы реформасы 1984 жылы болды. Ол 11 сынып көлеміндегі жалпыға бірдей орта білімді, мектеп-

ке оқуға алты жастан баруды енгізді. Жоғары сыныптарда міндетті кәсіптік оқыту, оқушылардың қандай да бір жұмысшы мамандығын алуы енгізілді.

Назар аударыңдар! 1977 жылғы КСРО Конституциясы КСРО азаматтарының бастауыштан бастап жоғары оқуға дейін барлық деңгейлерде тегін білім алу, үштік бағасыз оқитын студенттердің мемлекеттен шәкіртақы алу құқықтарын бекітті. Конституция ана тілінде оқу құқығына кепілдік берді.

Соғыстан кейінгі үш онжылдықтың ішінде республикада жоғары білім беру де жылдамдата дамытылды. 1980 жылдардың ортасында Қазақстанда 55 жоғары оқу орны мен 246 арнаулы оқу орны болды.

Қазақстандағы білім берудің кеңестік жүйесінің кемшіліктері (1950–1980 жж.). Кейінгі социализм дәуіріндегі білім берудің кеңестік жүйесінің барлық жарқын жетістіктері, оның политехникалық, жалпыға бірдей және тегін сипаты, мұғалімдердің жоғары кәсіпқойлығы мен дайындықтың, оның ішінде ауылдық жердегі дайындықтың жоғары сапасы кезінде де бұл жүйеде елеулі кемшіліктер де болды.

1. Білім берудің идеологияландырылған сипаты.

Бұл кемшілікті дамыған социализм дәуіріндегі кеңестік мектеп сталиндік уақыттардан мұраға алды. Ерте кеңестік мектептің сипаттамасы кезінде аталған белгілерден (олар, негізінен, сақталды) бөлек, тарих, қоғамтану мен әдебиет сияқты пәндердің идеологиялық маңызын еске түсіруге болады. КСРО тарихы революциялық қозғалыс, Коммунистік партия («съезден съезге дейін») мен кеңестік бесжылдықтар тарихы ретінде ұсынылды. Қазақ мектептерінде ұлттық тарих КСРО тарихымен салыстырғанда шектеулі көлемде зерттелді. Қоғамтану тарихи материализмнің әліппесін (формациялар теориясы, тап күресінің қажеттігі, қоғамның мақсаты – коммунизм құру) берді. Әдебиет курсына социалистік реализм классиктері зерттелді; революцияға дейінгі уақыттағы жазушылар шығармашылығынан идеологиялық жағынан қолайлы үзінділер келтірілді; классиктер шығармашылығы «керекті» көзқарас тұрғысынан түсіндірілді. Қырғиқабақ соғыс жағдайларында әскери-патриоттық тәрбие АӘД (алғашқы әскери дайындық – мектептегі міндетті пән) сабақтарында, азаматтық қорғаныс сабақтарында, ГТО¹ нормаларын тапсыру барысында, әскери-спорттық ойындар («Зарница» және басқалар) мен саяси және патриоттық әндер конкурстарын өткізу жолымен берілді.

2. Білім берудің орыстандырылуы.

¹ ГТО нормалары («Готов к труду и обороне!» («Еңбек пен қорғанысқа дайын!») – оларға КСРО азаматтары сәйкес келуі тиіс, әрбір жасқа арналған спорттық көрсеткіштер азаматтарды «кез келген минутта» әскерге немесе еңбек жұмыстарына жұмылдыра алатын еді.

Бұл кезеңде Қазақстанда орыс тілінде оқытатын мектептер басым болды. Ал қазақ мектептерінің саны айтарлықтай азайды. Бұл, бір жағынан, республикада қазақтар санының салыстырмалы түрде азаюымен (ол туралы оқулықтың басқа тарауында айтылды), екінші жағынан, шағын ауыл мектептерінің қысқаруымен және ауылдық мектептердің ірілендірілуімен байланысты болды. Кейбір мектептерде қазақша және орысша оқыту қатар жүргізілді. Қалалардағы орыс мектептерінің саны қазақ тіліне қарағанда орыс тіліндегі жоғары білімнің сапасы жоғары болғандықтан өсе түсті және де ата-аналар балаларын болашақ мансаптарына бола орыс мектептеріне бергенді артық көрді. Қазақ мектептеріндегі оқулықтардың бәрі орыс тілінен аударылған оқулықтар болып қалды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Орта арнаулы білім беру жүйесін дамытудың маңыздылығы неде?
2. Қазақстанның техникумдар мамандарды қандай негізгі бағыттар бойынша дайындады? Дайындықтың бұл бағыттары неліктен басым болды?
3. Қазақстанда бірінші кезекте қандай жоғары оқу орындары ашылды? Осы жоғары оқу орындарын ашу немен байланысты болды?
4. Қазақстанда жалпыға бірдей толық емес орта мектеп қашан енгізілді? Оны енгізу қандай қиындықтарға кез болды?
5. Н.С.Хрущевтің басшылығы кезінде («Жылымық») білім беруде қандай реформалар өтті?
6. Дамыған социализм дәуіріндегі кеңестік мектептік білім берудің идеологиялық сипаты неден көрінді?

Өлкетану бойынша тапсырма

- а) 1950–1980 жылдары Қазақстанда қандай жоғары оқу орындары ашылды?
- б) Кеңестік уақытта өз қалаларыңда (немесе облыс орталығыңда) қандай жоғары оқу орындары ашылды?

Үй тапсырмасы

Қалай ойлайсыңдар, кеңестік білім беру жүйесі тағы да қандай артықшылықтар мен кемшіліктерге (осы және мұның алдындағы параграфтарда еске алынғандардан бөлек) ие болды? (Ата-аналарыңнан, аталарың мен әжелеріңнен сұрастыруға болады).

24-тақырып. Қазақ КСР Ғылым академиясы – КСРО-ның ірі ғылыми орталығы

Оқыту мақсаты:

- 11.4.2.7 Қазақстан ғылымын дамытудағы Қазақ КСР Ғылым академиясының рөлін анықтау;
- 11.4.2.8 Кеңестік кезеңдегі ғылымның дамуына Қазақстанның көрнекті ғалымдарының қосқан үлесін бағалау;
- 11.4.2.9 Кеңестік саяси жүйе жағдайында Қазақстан ғылымы дамуының қиындықтарын және қарама-қайшылықтарын талдау.

24.1. Қазақстанда кеңестік кезеңде ғылымның дамуы. Қазақ КСР Ғылым академиясының Қазақстан ғылымын дамытудағы рөлі

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстандағы 1920 жылдардағы ғылыми зерттеулерді оқып білеміз;
- КСРО ҒА-ның Қазақстандық филиалының құрылуын талдаймыз;
- ҚазКСР ҒА-ның соғыстан кейінгі кезеңдегі қызметін жинақтаймыз;
- Ғылым академиясының салалық институттарының құрылуын бағалаймыз.

Қазақстандағы 1920 жылдардағы ғылыми зерттеулер. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдары ғылыми зерттеулерді мемлекеттік реттеуді Кирревком мен республиканың Халық ағарту комиссариаты жүзеге асырды. 1919 жылы өлкетанушылар тобы Орынборда өлкелік әскери комиссариаттың жанында тарихи, этнография және жаратылыстану-географиялық секцияларды ұйымдастырды. Бұл жерден әскери барлау ғылыми зерттеулермен қатар, жүргізілген революцияға дейінгі уақыттармен бірқатар сабақтастықты көруге болатын еді. Сондай-ақ ОГК Орынбор бөлімінің қызметі де жалғастырылды. 1920 жылы жоғарыда аталған үш секцияның, сондай-ақ археологиялық секцияның негізінде Қазақстанды Зерттеу қоғамы құрылды. Онда өртүрлі жылдары 80-ге дейін ғалымдар жұмыс істеген бұл қоғам ғылыми еңбектерді жарыққа шығарды. Қоғамның арқасында М.Дулатовтың, М.Тынышбаевтың, А.Чулошниковтің еңбектері, А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 өні» атты кітабы шығарылды. 1921 жылы республика Халық ағарту комиссариаты жанынан Академиялық бөлім құрылды. Сол кезде Орталық өлкелік архив құрылды. 1920 жылдары А.Байтұрсынұлы пен М.Әуезовтің лингвистика мен әдебиеттану бойынша жұмыстары, Ж.Аймауытовтың педагогика мен психология, С.Асфендияров, Т.Рысқұловтың тарих бойынша жұмыстары жарияланды.

Тірек сөздер:

- ғылым
- ғылыми зерттеулер
- ғылыми-зерттеу институты
- Ғылым академиясы
- академик



Ғылым академиясының ғимараты. Алматы қаласы



С.Асфендияров

Назар аударыңдар! 1920 жылдары қазақстандық ғылымда өлкетанушылық және гуманитарлық зерттеулер басым жүргізілді. Қазақстанды Зерттеу қоғамы неғұрлым жемісті жұмыс істеді.

1920 жылдардың ортасынан бастап жаратылыстану ғылымдары да дами бастады. Денсаулық сақтау халық комиссариаты (Наркомздрав) жүйесінде химиялық-бактериологиялық зертхана мен санитарлық-бактериологиялық ҒЗИ ұйымдастырылды. Егіншілік халық комиссариаты (Наркомзем) жүйесінде өсімдіктерді қорғаудың өлкелік стансысы, Ветеринарлық-бактериологиялық институт, Тыңайтқыштар мен агротопырақтану институты пайда болды. Қазақстанды геологиялық зерттеу басталды.

1920 жылдардың ортасынан бастап Қазақстанда КСРО Ғылым академиясы КИЕПС¹ ұйымдастырған тұрақты және маусымдық экспедициялар жұмыс істеді. Олардың мақсаты бөрінен бұрын республиканың болашақта индустриялық және ауылшаруашылықтық даму мүмкіндіктерін анықтау үшін Қазақстанның табиғи ресурстарын зерттеу болды. 1927 жылы академик А.Ферсман бастаған, Қазақстанның табиғи ресурстарын кешенді зерттеу бойынша экспедиция құрылды. Басқа экспедицияларды академик А.Самойлович, профессорлар А.Григорьев, С.Руденко, С.Неустроев және басқалары басқарды. Экспедициялар Қазақстанның жер қойнауын, топырағын, флорасы мен фа-

¹ Табиғи және өндірістік күштерді зерттеу жөніндегі комиссия.

унасын, республикадағы көшпелі және отырықшы халықтың этнографиясын зерттеуде маңызды нәтижелерге қол жеткізді.

КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалының құрылуы. 1932 жылы Қазақстанда оннан астам ғылыми институттар мен тәжірибе стансылары, жүздеген зертханалар мен метеорологиялық стансылар, бірнеше геологиялық барлау ұйымдары болды. Алғашқы ғылыми кадрлар дайындалды. 1932 жылы 8 наурызда КСРО ҒА-ның академик А.Самойлович басқарған Қазақстан базасы құрылды. Базаның құрылуымен ғылыми зерттеулер мен ғалымдардың экспедициялық қызметін үйлестіру жақсартылды. База Қазақстанның табиғи ресурстары мен өндірістік күштерін зерттеумен айналысты. Ботаникалық, зоологиялық, географиялық секторлар, тарихи-археологиялық комиссия және басқалары жұмыс істеді. 1936–37 жылдары геология, тарих, қазақ тілі мен әдебиеті секторлары құрылды. 1938 жылы база КСРО ҒА-ның Қазақстандық филиалы болып қайта құрылды. Академиялық ғылым тарих (С.Асфендияров), тілтану (профессор Қ.Жұбанов), геология (Қ.Сәтбаев), химия сияқты бағыттар бойынша дамыды.



Т. Рысқұлов

Назар аударыңдар! 1930 жылдары ғылымның дамуы сталиндік қанды қуғын-сүргіндер аясында өтті. Ондаған ғалымдар, оның ішінде ЖАймауытов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы, Қ.Жұбанов, С.Асфендияров пен А.Самойлович қуғын-сүргінге ұшыратылды. Ғалымдарды қудалау 40-жылдардың соңында – 50-жылдардың бас кезінде де жалғастырылды.

1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме (білім беретін және ғылыми зерттеулермен айналысқан жоғары оқу орындарын қосқанда) болды, 10 ғылым докторы мен 50 ғылым кандидаты жұмыс істеді. Бұл ғылыми мекемелер, негізінен, ауылшаруашылығы мен денсаулық сақтауды дамыту мәселелерін шешті. 1940 жылы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдары академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ бөлімшесі ұйымдастырылды, Қарағанды ғылыми-зерттеу базасы құрылды. Геологиялық сектор базасында Қ.Сәтбаев басқарған Геологиялық ғылымдар институты (қазір бұл институт Қ.Сәтбаев есімімен аталады) ашылды.



Қ.Сәтбаев

Соғыс жылдары республикаға КСРО-ның батыс аудандарынан кейбір ғылыми мекемелер мен жоғары оқу орындары эвакуацияланды.



Ж. Аймауытов

Қазақстанға академик В.Вернадский, И.Бардин, Л.Берг, Л.Мандельштам, С.Струмилин, С.Малов, А.Фаворский және басқа көптеген белгілі ғалымдар келді. 1942 жылы Астрономия және физика институты, Химия-металлургиялық институт, 1943 жылы топырақтану, ботаника, зоология мен тропикалық өсімдіктер институттары құрылды. Сондай-ақ соғыс кезінде химия, металлургия мен тау-кен байыту, зоология, тау-кен ісі, топырақтану институттары жұмыс істей бастады. 1945 жылы Тарих, археология және этнография институты құрылды. Осы институттардың пайда болуы, оларды ұйымдастыруға аса көрнекті ресейлік ғалымдардың қатысуы 1946 жылы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылым академиясын құруға алып келді. Академияны басқаруға аса көрнекті қазақ ғалым-геологі, ғылымды ұйымдастырушы, бірінші қазақ академигіне айналған Қ.И.Сәтбаев қойылды.

Маңызды дата! 1946 жылдың 1 маусымында Қазақ КСР Ғылым академиясы (бірінші президенті – академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев) құрылды.

ҚазКСР Ғылымакадемиясының қазақстандық ғылымды дамытудағы рөлі. 1946 жылы Ғылым академиясының бірінші құрамы құрылды, оған республика ғылымы мен мәдениетінің көрнекті қайраткерлері кірді. Академияның бас ғимаратының құрылысына үлкен маңыз берілді. Алматыдағы монументті ғимараттың іргетасы 1951 жылы қаланды, ашылуы 1957 жылы болып өтті. Жобаның авторы белгілі сәулетші академик А.Щусев¹ болды.

Соғыстан кейінгі кезеңде қазақстандық ғылым бұрын-соңды болмаған табыстарға қол жеткізді. 1950–1980 жылдары Ғылым академиясы құрамында әртүрлі салалық бағыттар бойынша: Астрофизикалық және Физика-техникалық институттар, Мұнай институты (Орал-Ембі ғылыми-зерттеу базасы негізінде), Ядролық физика институты, Философия және құқық институты, Химия-металлургиялық институт (Қарағандыда), Әдебиет және өнер институты, Тілтану институты, Эксперименттік биология институты, Жоғары энергиялар физикасы институты, Сейсмология институты, Ұйғыртану институты және басқа институттар ашылды.

1980 жылдардың соңында Академияның барлық институттары бес бөлімшеге: Физика-математика ғылымдарының бөлімшесі, Жер туралы ғылымдар бөлімшесі, Химия-технологиялық ғылымдар бөлімшесі, Қоғамдық ғылымдар бөлімшесі, Биологиялық ғылымдар бөлімшесіне топтастырылды. Сондай-ақ Қарағандыда ҒА-ның Орталық Қазақстандық бөлімшесі бөлініп шықты, оған бес институт кірді.

¹ Мәскеудегі Ленин мавзолейінің сәулетшісі.

Ғылыми институттар бесжылдық жоспарларға сәйкес зерттеулер мен әзірлемелер жүргізді, экспедициялар мен эксперименттік зерттеулер ұйымдастырды, ғылыми конференциялар өткізді, «ҚазКСР ҒА хабарларында» зерттеулердің нәтижелерін жекелеген монографиялар мен мақалалар жинақтары түрінде жариялады, кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғалды, аспирантурада ғылыми кадрларды дайындаумен айналысты.

Тұтастай алғанда, кеңестік уақытта ғылымның дамуы жеделдетілген қарқындармен жүрді. Республика өнеркәсібі мен ауылшаруашылығының дамуына, сондай-ақ ұлттық мәдениеттің дамуына жағдай жасалды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. 1920 жылдары Қазақстанды ғылыми зерттеу туралы *әңгімелендер*. Ол жылдары қандай зерттеулер басым болды?
2. 1920 жылдардағы қазақ ғалымдарын *атаңдар*.
3. КИЕПС экспедициялары Қазақстанда қандай мақсатты көздеді?
4. КСРО ҒА Қазақстан базасы мен Қазақстан филиалының қызметкерлері ғылымның қандай салаларымен қамтылды?
5. ҚазКСР ҒА-ның құрылуына не түрткі болды?
6. ҚазКСР ҒА салалық институттары қандай қызметпен айналысты?

Күрделілігі жоғары тапсырма*

ҚазКСР ҒА құрамынан он салалық институтты *таңдап алыңдар* және бұл институттардың (мысалы, Ядролық физика институты, Сейсмология институты) недіктен нақ Қазақстанда құрылғандығын *түсіндіріңдер*.

Үй тапсырмасы

КСРО тұсындағы тағы қандай ғылымдарды білесіңдер. Олардың ғылым үшін қосқан еңбектерін ғаламтор материалдарын пайдаланып анықтаңдар.

24.2. Қазақстанның аса көрнекті ғалымдары және олардың кеңестік кезеңде ғылымға қосқан үлесі

Бүгінгі сабақта:

- кеңестік уақыттағы Қазақстанның аса көрнекті ғалымдарының қысқаша өмірбаяндарын оқимыз;
- аса көрнекті ғалымдардың ғылым мен өндірістің әртүрлі салаларына қосқан үлесі туралы талдаймыз.

Қаныш Имантайұлы Сәтбаев (1899–1964). Академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші президенті, геолог, қазақстандық металлогендік¹ ғылымның негізін қалаушы. Қаныш Сәтбаев Семей облысы, Павлодар уезіндегі бидің отбасында дүниеге келген. Ауылдық мектепте, одан кейін орыс-қазақ мектебінде оқып, оны 1914 жылы үздік бітіріп

Тірек сөздер:

- қазақстандық ғылым
- ҚазКСР ғылым академиясы
- ғалым
- академик

¹ Металлогения – пайдалы қазбалар кен орындарының кеңестік пен уақытта туалы және орналасу заңдылықтары туралы ғылым.



Қ.Сәтбаев геологтермен бірге (1957 ж.)



Академик К.Персидский өзі жетекшілік еткен профессор Х.Ыбрашевпен бірге

шықты. Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқыды, одан кейін Томск политехникалық институтын аяқтап, геолог атанды. Қ.Сәтбаев сол кезде болжамдалған қорлары бойынша дүниежүзінде ең ірі Ұлытау-Жезқазған мыс кен орнын ашты. Қ.Сәтбаевтың ашқан жаңалығы неміс басқыншылары КСРО-дағы марганецтің ең ірі кен орны орналасқан Никопольді басып алып, құрышты танк техникасы үшін қажетті стратегиялық шикізат өндірісі тоқтаған кезде маңызды рөл атқарды. Мұнымен қатар Қ.Сәтбаев 1928 жылдың өзінде Жезқазған ауданындағы Жездіден марганец кенін тапқан еді. 1942 жылы Жездіден марганец өндіру басталды, ал 1943 жылы бұл кеніш елдегі барлық марганец кенінің 70%-дан астамын берді. Қ.Сәтбаев өз зерттеулерінің нәтижелерін «Жезқазған ауданының кентасты кен орындары» атты монографиясында баяндап, бұл үшін оған 1942 жылы Сталиндік сыйлық берілді. 1946 жылы Қ.Сәтбаев ҚазКСР академигі және КСРО ҒА-ның толық мүшесі болды.

Константин Петрович Персидский (1903–1970) – математик, ҚазКСР ҒА математика және механика секторының негізін салушы. Сызрань-да дүниеге келген. Самара мен Қазанда оқып, 1940 жылдан бастап Қазақ мемлекеттік университеті математикалық талдау кафедрасының меңгерушісі болды. 60-жылдары ҚазКСР ҒА Математика және механика институтының директоры. К.Персидский орнықтылық теориясын, дифференциалды теңдеулер шексіз жүйелерінің теориясын, ықтималдылықтар теориясын әзірлеумен айналысты. К.Персидскийдің шекті теоремаларға және Қазақстандағы пайдалы қазбаларды бағалауға теориялық-ықтималдылық әдістерді қолдануға арналған жұмыстары ерекше маңызды болды.

Әлкей Хақанұлы Марғұлан (1904–1985) – ғалым-археолог, шығыстанушы, тарихшы, қазақстандық археология және этнография мектебінің негізін қалаушы. Солтүстік-Шығыс Қазақстанның тумасы, ауыл мектебін, үшсыныпты орыс мектебін, мұғалімдер курсы бітірді. 1920 жылы шығыстанушы-фольклоршы А.Диваевтың Жетісуға жасаған экс-

педициясына қатысты. Семей педагогикалық техникумында оқыды. 1928 жылдан бастап М.Әуезовпен бірге Ленинградтағы Шығыстану институтында, Материалдық мәдениет (археология) институтында оқыды. Бұл жерде және Өнер институтында¹ сол кездегі аса көрнекті ғалымдарда жұмыс істеді. 1939 жылдан бастап Ө.Марғұлан КСРО ҒА Қазақстан филиалы Тарих институтында, одан кейін ҚазКСР ҒА-да жұмыс істеді. Ғалым-энциклопедияшы бір мезгілде этнографиялық, шығыстанушылық, әдебиеттанушылық және археологиялық зерттеулермен айналысты. 1946 жылдан бастап 1974 жылға дейін Беғазы-Дөңдібай археологиялық мәдениетін ашқан Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарды. Оның ғылыми еңбектері материалдық мәдениет ескерткіштеріне, эпосқа, қазақ қолданбалы өнеріне арналды.

Нығмет Тінәліұлы Сауранбаев (1910–1958) – филолог, қазақ тілтануының негізін қалаушылардың бірі. 1932 жылы Қазақ халық ағарту институтын және 1938 жылы Мәскеудегі мектептер ҒЗИ аспирантурасында оқыды. 1939 жылдан 1946 жылға дейін КСРО ҒА Қазақ филиалының Тіл, әдебиет және тарих институтының директоры болды. 1951 жылы Қаз КСР ҒА вице-президенті болып сайланды. Тілтану институты қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы бөлімінде меңгеруші болды. Н.Сауранбаев қазақ тілінің орфографиясы, синтаксисі, тарихы мен диалектологиясы мәселелерін зерттеді.



Ө.Марғұлан



Н.Сауранбаев



Ө.Х.Марғұлан Беғазы №1 кешенінің қазба жұмысы кезінде

¹ Ол кезде бір мезгілде бірнеше жоғары оқу орнында оқуға болатын еді.



У. Ахмедсафин

Уфа Меңдібайұлы Ахмедсафин (1912–1984). Академик Уфа Ахмедсафин – аса көрнекті қазақ гидрогеологі, Социалистік Еңбек Ері. Солтүстік Қазақстанның тумасы, 1935 жылы Орта Азиялық индустриялық институтты, 1940 жылы Мәскеу геологиялық барлау институтының аспирантурасын бітірді. У.Ахмедсафин 1936 жылдан бастап КСРО ҒА Қазақ филиалы гидрология секторының меңгерушісі, бұдан кейін осы институттың директоры болып жұмыс істеді. Ол 35 жасында ғылым докторы болды. 1964–1984 жылдары ҚазКСР ҒА Гидрогеология және гидрофизика институтының директоры қызметін атқарды. У.Ахмедсафиннің басты ғылыми жаңалығы Қазақстандағы артезиандық суларды ашуы болып табылды. Ол шөлдегі құм шағылдарының астында адам игілігіне пайдалануға болатын судың орасан мол жерасты қорлары бар екендігін дәлелдеді. Ахмедсафинге дейін шөлде еріген қар мен тау өзендерінің сулары бұланып кетеді деп болжамдалып келген еді. Ол су жер астындағы терең артезиандық суқоймаларға кетеді және ол жерде миллиондаған жылдар бойы тұщы судың орасан мөлшері жинақталған деген теорияны ұсынды. Ғалым ізденістерінің арқасында тың кенттері мен Алматыны қосқанда, бірқатар ірі қалаларды сумен жабдықтау мәселесі шешілді: су артезиандық ұңғымалардан алынды. Академик У.Ахмедсафин гидрогеология саласында дүниежүзілік беделге ие болды.



Х. Жұматов

Хамза Жұматовұлы Жұматов (1912–1972) – вирусолог-эпидемиолог, академик. Солтүстік Қазақстанда туды, 1937 жылы Алматы медициналық институтын бітіріп, дәрігер болып жұмыс істеді. Бұдан кейін Мәскеудегі Медициналық ғылымдар академиясы Эксперименттік медицина институтында ғылыммен айналыса бастады. 1951 жылдан бастап ҚазКСР Денсаулық сақтау министрлігі Қазақ эпидемиология және микробиология ғылыми-зерттеу институтының директоры болды. Х.Жұматовтың негізгі ғылыми жұмыстары микробиологияға, иммунологияға, эпидемиология мен вирусологияға қатысты. Ол грипп вирусын, гепатит пен басқа да

қауіпті аурулардың этиологиясын зерттеді.

Саим Балуанұлы Балмұханов (1922–2014) – радиобиолог, қазақстандық онкологияның негізін қалаушы, сәулелік терапия мен радиология саласына зор үлес қосқан академик. Батыс Қазақстанның тумасы, ол 1943 жылы Медициналық институтты бітіріп, майданға ерікті ретінде аттанды. Соғыстан кейін Рентгенорадиология және био-

физика институттарында, одан кейін онкология және радиология ҒЗИ-інде жұмыс істеді. Негізгі ғылыми жұмыстары тіндік радиосезгіштік пен оны өзгерту тәсілдеріне арналған.

Әбдуәли Туғанбайұлы Қайдаров (1924–2019) – тілтанушы-түрколог, академик. Оңтүстік Қазақстанның тумасы, Ұлы Отан соғысына қатысушы. 1951 жылы ҚазМУ-дің филология факультетін бітірді. 1958 жылдан бастап ҚазКСР ҒА Тілтану институтында еңбек етті және 1972 жылдан бастап 1995 жылға дейін оның директоры (кейіннен құрметті директоры) болды. Ғалымның ғылыми қызметінің негізгі бағыттары: лексикология, диалектология және тіл тарихы, этнолингвистика, түркология мен алтаистика, тіл саясаты, мемлекеттік тіл мәселелері. Қазақ тілін зерттеуде үлкен үлес қосты. Толып жатқан монографиялардың, сөздіктер мен оқулықтардың авторы.

Евней Арыстанұлы Букетов (1925–1983) – химик-металтанушы, академик, металлургия мен түсті және қара металдар бойынша аса көрнекті маман. Солтүстік Қазақстан тумасы, ол Алматыда Қазақ тау-кен-металлургиялық институтын¹ бітірді, алайда оның бұдан кейінгі өмірбаяны Қарағандымен байланысты болды. Ол бұл жерде 1960 жылдан бастап ҚазКСР ҒА Химия-металлургия институтының директоры, ал 1972 жылдан бастап Қарағанды университетінің бірінші ректоры болды. Ғылымда ол түсті металлургиядағы жаңа үдерістердің физикалық-химиялық негіздерін әзірледі. Селен мен теллур химиясын, молибден алу мен марганец кенін қайта өңдеу тәсілдерін зерттеді. Сондай-ақ Евней Букетов айтулы жазушы да болды.

Шахмардан Есенұлы Есенов (1927–1994) – геолог, академик, Қазақстандағы геология ғылымының дамуына үлкен үлес қосты. Оңтүстік Қазақстанның тумасы, 1949 жылы Қазақ тау-кен-металлургия институтын бітірді және бірнеше жыл Жезқазған геологиялық барлау экспедициясының құрамында еңбек етті, оның бас инженері болды. 1961–1965 жылдары Ш.Есенов ҚазКСР Геология министрі болды. Ол геология мен металлогения бойынша толып жатқан ғылыми



С.Балмұханов



Ә.Қайдаров



Е.Букетов

¹ Қазір Алматыдағы Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті.



ІІ. Есенов

жұмыстардың авторы болып табылады. Шахмардан Есеновтің арқасында Орталық (Жезқазған) және Батыс Қазақстанда (Маңғыстау) табиғи ресурстардың (мұнай, газ, мыс және басқалар) аса ірі кен орындары ашылып, игерілді және маңызды өндірістік кешендер құрылды.

Болат Ахметұлы Жұбанов (1929–2014) – химия ғылымдарының докторы. ҚазКСР ҒА академигі, полимерлер теориясы бойынша ірі маман. Сазгер Ахмет Жұбановтың ұлы, Ақтөбе облысында туған, 1952 жылы Мәскеу химия-технологиялық институтын бітірді. ҚазКСР ҒА Химия ғылымдары институтында жұмыс істеді (1968 жылдан бастап – осы институттың директоры). Жылуға және отқа төзімді жаңа полимерлер жасау мақсатымен поликонденсациялық процестер теориясын дамытты. Оның өзіндік еңістері негізінде қазіргі уақытта жылуға төзімді жаңа полимерлер синтезінің прогресшіл технологиялары енгізілді және енгізіліп жатыр.



Б. Жұбанов

Мұрат Әбенұлы Айтхожин (1939–1987) – ұлттық микробиология мектебінің, Қазақстанда молекулалық биология мен биотехнологияның негізін қалаушы. Мұрат Айтхожин Солтүстік Қазақстанда туған. 1962 жылы ҚазМУ биология факультетін, одан кейін МГУ аспирантурасын бітірді. Ол дүниежүзілік ғылымда алғашқылардың бірі болып жоғары ағзаларда нәруыз синтездеуші аппаратқа салыстырмалы зерттеу жүргізді, академик А.Спириннің тобында өсімдік жасушаларындағы информсомаларды зерттеумен айналысты. Топ РНҚ-байланыстырушы нәруыздарды қосқанда, өсімдіктер информсомаларының бірнеше класын ашты. ҚазКСР ҒА Ботаника институтының директоры болды. 1983 жылы ғылымның алдыңғы шебінде инновациялық зерттеулермен айналысатын ҚазКСР ҒА Молекулалық биология мен биохимия институтын ұйымдастырды. 1984 жылы



М. Айтхожин

М. Айтхожин Алматыда Нобель сыйлығының ондаған лауреатының қатысуымен молекулалық биология бойынша халықаралық симпозиум өткізді, ҚазМУ биофагінің студенттері үшін молекулалық биология бойынша инновациялық курс енгізді. Өмірінің соңғы жылында ҚазКСР ҒА президенті болды.

Бұл тізіммен кеңестік уақыттағы аса көрнекті қазақстандық ғалымдардың біте қоймайтыны түсінікті. Әсіресе соғыстан кейінгі кезеңде, Қазақ КСР Ғылым академиясы құрылғаннан кейін көптеген салалық институттардың пайда болуы, ғылыми зерттеулерді көлемді қаржыландыруға байланысты ғылым өте қарқынды дамыды.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстанда кеңестік уақытта ғылымның қандай салалары дамыды?
2. Аса көрнекті ғалымдардың өмірбаяндарынан сендер қандай ортақ белгілерді байқай аласыңдар?
3. Қ.И.Сәтбаев, В.Букетов, Ш.Е.Есенов, Ө.Марғұлан, М.А.Айтхожин ғылымға қандай үлес қосты?

Үй тапсырмасы

а) қазақстандық аса көрнекті ғалымдардың бірі туралы; ө) өз жерлестерің, аса көрнекті ғалым туралы *таныстырылым дайындаңдар.*

X тарауға арналған зерттеушілік тапсырмалар

1. КСРО-ның гендерлік саясатының оң және теріс қырлары туралы пікірсайыс өткізіңдер. Қыздар педагогикалық институтының ашылуына КСРО-ның гендерлік саясатының ықпалын талдаңдар? Кеңестік билікке дейінгі және одан кейінгі гендерлік саясатты салыстырып, дамудың немесе кері кетушіліктің көріністері туралы сараптама жасаңдар?
2. Ұлтаралық қатынастарда әйел адамдардың рөлі туралы талдау жасап, ондағы әйел адамдардың рөліне баға беріңдер. Этникааралық, конфессияаралық қатынастардағы әйел адамдардың байланыстырушылық рөліне баға беріңдер. Қазақстан халқы Ассамблеясына атсалысқан қандай әйел адамдар туралы білесіңдер?

Х тараудың қорытындысы

Қазақтар Ресей империясына бодандықты қабылдағаннан кейін орыс географтары, геодезистері, геологтарының қазақ даласын зерттеуі басталды. Олар Қазақстанның алғашқы ғылыми карталарын жасады. XIX ғасырда Қазақстанды, оның ішінде қазақтардың этнографиясы мен тарихын зерттеу жалғастырылды. Жинақталған мәліметтер А.И.Левшиннің “Қырғыз-казак, немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларын сипаттау” (1832) монографиясында жинақталды. Өлкені зерттеуге әртүрлі ведомстволар, Императорлық Орыс Географиялық қоғамының (ИРГО) бөлімшелері қатысты. Экспедициялық жұмыс ғылыми қоғамдар қызметінің аса маңызды бөлігі болды. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың бас кезінде қазақтар Қазақстанның ғылыми өміріне көбірек қатыса бастады.

XIX ғасырдың соңына дейін қазақ балаларының көпшілігі ауылдық бастауыш мектептер – мактабтарда мұсылмандық дәстүрлі білімді ғана алды. Тек санаулылары ғана білімін медреседе жалғастыра алды. Патша үкіметі мұсылмандық білім беруге тыйым салмастан және көтермелеместен, исламды «жоққа шығару» саясатын жүргізді. 1870 жылдардан бастап Қазақстанда балаларға тек бастауыш білім беруді ғана емес, сондай-ақ қазақ балаларын орыс тілімен және мәдениетімен таныстыруды көздеген «орыс-қазақ мектептері» пайда болды. Мектеп орыстандыру саясатының құралы болып есептелді. Жәдиттік қозғалыс толқынында реформаланған мұсылман мектептері (жаңа әдісті немесе жәдиттік) де пайда болды.

Кеңес өкіметі орнатылғаннан кейін халықтың сауатсыздығын жою мен халыққа білім беруді дамыту мәдениет саласындағы қайта құрулардың басты бағытына айналды. Сауатсыздықты жою жөніндегі науқан («Ликбез») ересек халыққа бағытталды. Сондай-ақ білім берудің кеңестік жүйесі орнықты: ана тілінде оқытатын бірыңғай еңбек мектебі құрылды. 1920 жылдары кеңестік және мұсылмандық мектептер қатар өмір сүрді. 1930 жылдардың соңына қарай жалпыға бірдей бастауыш білім беруді («Всеобуч») жүзеге асыру аяқталды. Орта білім беру баяуырақ енгізілді. Кеңестік білім берудің басты кемшілігі оның идеологияландырылуы болды.

1945 жылға қарай Қазақстанда жаңа, кеңестік білім беру жүйесі құрылды. Кәсіптік кадрларды дайындау үшін училищелер мен техникумдар, ал 1928 жылдан бастап – жоғары оқу орындары ашылды. Талапкерлерді оқуға түсуге дайындайтын жұмысшы факультеттері (рабфактар) ұйымдастырылды. ҚазКСР-нда жалпыға бірдей жетіжылдық білім беру 1950–1956 жылдары жүзеге асырылды. Сауатсыздық толықтай жойылды. 1970 жылдары жалпыға бірдей онжылдық орта білім беруге көшу басталды. 1977 жылғы Консти-

туция КСРО азаматтарының барлық деңгейлерде тегін білім алу, шөкіртақы алу мен ана тілінде оқу құқығын бекітті. Алайда білім беруді идеологияландыруға орыстандыру үрдістері қосылды.

1920 жылдары қазақстандық ғылымда өлкетанушылық және гуманитарлық зерттеулер басым болды. Қазақстанды зерттеу Қоғамы жемісті жұмыс істеді. 1927 жылдан бастап табиғи ресурстарды кешенді зерттеу бойынша экспедициялар құрыла бастады. 1932 жылғы 8 наурызда КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасы құрылды. 1940 жылы Қазақстанда 57 ғылыми мекеме болды. 1946 жылы 1 маусымда Қазақ КСР Ғылым Академиясы (бірінші президенті – академик Қ.И.Сәтпаев) құрылды, оның құрамында көптеген институттар жұмыс істеді. Соғыстан кейінгі кезеңде қазақстандық ғылым үлкен табыстарға қол жеткізді. Олар өнеркәсіп пен ауылшаруашылығын, сондай-ақ ұлттық мәдениетті дамытуға жағдай жасады.

XI тарау. БҮГІНГІ ТАҢДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ

25-тақырып. Қазақстан Республикасы білімі мен ғылымы дамуының мәселелері мен болашағы

Оқыту мақсаты:

- 11.4.3.1 Қазақстан Республикасының стратегиялары мен бағдарламаларын зерттеу негізінде білім және ғылым жүйесін жаңартудың алғышарттары мен маңызын талдау;
- 11.4.3.2 әлемдік білім және ғылым кеңістігіне ену үшін инновациялық ғылыми және білім беру ұйымдарын құрудың маңыздылығын бағалау;
- 11.4.3.3 Қазақстан Республикасы «Болашақ» халықаралық білім беру бағдарламасының елді жаңғыртудағы маңыздылығын талдау.

25.1. Қазақстан Республикасында тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында білім беру жүйесін жаңғырту

Бүгінгі сабақта:

- кеңестік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаймыз;
- Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы жылдарындағы білім беру жүйесінің мәселелерін анықтаймыз;
- білім беру жүйесін реформалау себептері мен міндеттерін оқып білеміз;
- 1990 жылдардағы білім беру жүйесіндегі реформаларын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- білім беру жүйесі
- реформа
- жаңғырту
- білім берудің таңдаулылануы
- «Білім туралы» Заң
- Ұлттық бірыңғай тестілеу

Кеңестік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері. КСРО-ның ыдырау сәтіне қарай Қазақстан сапасы жоғары білім беру капиталына ие болған еді. Білім берудің кеңестік жүйесі халықтың толықтай сауаттылығын, жалпыға бірдей міндетті орта білімді, сапалы арнаулы білімді, барлығы үшін қолжетімді жоғары білімді қамтамасыз етті. Білім берудің барлық сатылары тегін болды. Бағдарламаларда, әсіресе дәл және жаратылыстану пәндері бойынша бағдарламаларда ғылыми және іргелі сипат болды. Мектептерде жақсы дайындалған мұғалімдер жұмыс істеді және

мұғалім кәсібі беделді болды. Үздік оқушылар әртүрлі деңгейлердегі пәндік олимпиадаларға қатысты, олардан жеңіп шығу жоғары оқу орындарына түсуді жеңілдетті. Жақсы жоғары оқу орындарына конкурстық іріктеу қатаң болды, бұл да білім беру сапасында өз ізін қалдырды. Тіпті егер олар «шеткері аймақтардан» келсе де, орталық жоғары

оқу орындарына үміткерлердің дайындық деңгейі өте жоғары болды. Мектептерде балалардың білім беру стратегиясын айқындайтын және бағыттайтын кәсіптік бағдар беру жүргізілді.

Бұл жүйенің кемшіліктеріне гуманитарлық пәндер бойынша мектеп бағдарламаларының идеологиялық сипатын және мектеп оқушыларына коммунистік рухта идеологиялық тәрбиені



тануды жатқызуға болады. XX ғасырдың 20-жылдары пайда болған мектеп жүйесі коммунистік насихаттың ең маңызды құралы болып қалды. Мектеп мемлекеттің толық бақылауында болды, бағдарлама орасан зор елдің барлық түкпірлері үшін бірыңғай болды, бағдарламадан ауытқуға жол берілмеді. Басқа маңызды кемшілігі кеңес мектебінің революцияға дейінгі орыс мектебінен мұраға алған жаттап алу әдістемесі және тіпті оқулықтардағы материалды «жатқа білу» болды. Бұл әсіресе гуманитарлық пәндер (тарих, әдебиет, қоғамтану) бойынша фактілерді өздігінен талдау мен түсіндіру мүмкіндіктерін шектеді. Алайда үздік мектептер мен мұғалімдер қатаң бағдарламалардан айналып өту мен өздігінен ойлана білетін оқушыларды көтермелеу тәсілдерін таба білді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы білім беру жүйесінің мәселелері. Білім беру жүйесі мемлекеттік институт болғандықтан, мемлекеттің дағдарысы мен өміршіл-әкімшіл экономиканың күйреуі оған жағымсыз әсер етті. Кеңестік дәуірден кейінгі бірнеше жылдың ішінде экономикалық құлдырау мен бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігінен Қазақстанда мектепке дейінгі тәрбие беру жүйесі толықтай дерлік қирады. Орта арнаулы білім беру зардап шекті, КТУ саны 40%-ға қысқарды. Әсіресе ауылдық жерлерде мектеп-интернаттардың саны үш есе азайып, осыған байланысты көптеген балалар мектепке бара алмады. Бюджеттік қаржыландырудың қысқартылуы мемлекеттік жоғары оқу орындарына студенттер қабылдауды қысқартты. Жалақының төмендігінен мұғалімдер мен оқытушылар мектептер мен жоғары оқу орындарынан кетіп, жұмыстың басқа салаларынан іздей бастады; бұл сыныптарда оқушылар санының артуына және білім беру деңгейінің төмендеуіне әкелді. Гуманитарлық пәндер бойынша білім беру бағдарламалары ескірді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 1992 жылы қабылданды. Ол жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлттық және дүниежүзілік мәдениетке шынайы берілгендікті жариялады, оқыту тілі мен оқу орнының үлгісін таңдау бостандығын әйгіледі, мектептер мен басқа да оқу орындарына бағдарламалар, оқытудың нысандары мен әдістерін таңдауда кең таңдау берді. Нарықтық экономикаға өту

жағдайларында көптеген мектептерде жекелеген пәндерді көбінде қосымша ақы үшін «тереңдете оқыту» енгізіле бастады. Басқа мектептер бағдарламаларын лицейлер мен гимназиялар түріне өзгерте бастады. Оқу ақылы болған көптеген балалар бақшалары, мектептер мен жоғары оқу орындары пайда болды. Бұл оқу орындары мұғалімдерге неғұрлым жоғары жалақылар ұсына және өздеріне үздік мұғалімдерді шақыра бастады. Бағдарламаларды өздігінен қалыптастыру мен оқыту әдістерін таңдау құқығы мен мүмкіндігін алған мамандандырылған мектептер, лицейлер мен гимназиялар, жекеменшік мектептер көптеген ата-аналар үшін неғұрлым тартымды баламаға айналды. Бұл білім берудің таңдаулылығына әкелді: жағдайы жақсы ата-аналардың балалары неғұрлым беделді мектептерде оқи бастады. Ал күнкөрісін на шарлау ата-аналардың балалары жалпы мектепте оқып, оның деңгейі кеңестік уақытпен салыстырғанда төмендеп кетті. Бұл әлеуметтік теңсіздік факторына айналды.

Реформалардың себептері мен міндеттері. Осылайша, білім беру жүйесін реформалау мен жаңғырту қажеттігі КСРО ыдырау фактісінің өзінен және бұдан кейінгі саяси және экономикалық өзгерістерден, сондай-ақ елдегі идеологияның алмасуынан туындады. Неғұрлым кейінгі кезеңдегі жаңғыртудың себебі техникалық прогресс пен ақпараттық кеңістіктің кеңеюі болды. Өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық мәселелері реформалар жүргізуге ынталандырды және сонымен бірге олардың жүргізілуіне бөгет жасады да. Сондықтан реформалау үдерісі ұзақ жылдарға созылды.

Білім беру жүйесі нарықтық экономикаға, қоғамдық қатынастардың жаңа сипатына, жаңа саяси және мәдени құндылықтарға, сондай-ақ халықаралық білім беру стандарттарына бейімделуге тиіс болды. Реформалардың маңызды бөлігі бағдарламаларды өзгерту мен жаңа оқулықтарды дайындауға, білім беруді ақпараттандыруға қатысты болды.

Бұл маңызды! Білім беру жүйесіндегі реформалардың мақсаты – білім беруді нарықтық экономикаға және жаңа қоғамдық қатынастарға, жаңа саяси және мәдени құндылықтарға бейімдеу.

Білім беру жүйесінің реформалары. 1995–1997 жылдары білім беру мекемелерін оңтайландыру жүргізілді. Оның барысында 3000-нан аса шағын мектептер жабылды. Бірақ бұл реформа сәтсіз болды, өйткені ауылдық жерлерде мектепке бармайтын балалар саны артты. 1990 жылдардың ішінде білім беру жүйесін бюджеттік қаржыландыру қысқарды. Мемлекет қолда бар білім беру әлеуметін сақтауға әрекеттенді және мектептердің шұғыл жіктелуіне қарсы іс-шаралар қабылдады. Жекеменшік мектептерді лицензиялауға бақылау жасау күшейтілді, гимназиялар мен лицейлер туралы Ереже енгізілді.

1996 жылы Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен дарынды балаларға арналған мектептерге мемлекеттік қолдау жасау басталды («Дарын» мектебі ашылды, дарынды балаларды айқындау мен қолдау бойынша

іс-шаралар жүзеге асырылды). Орта білім беруді ақпараттандырудың Мемлекеттік бағдарламасы (1997) маңызды кезеңге айналды. Мектептерді толықтай компьютерлендіру 2004 жылы аяқталды.

1998 жылы ауылда бұрынырақта жабылған мектептер қалпына келтірілді және оқуды тастаған балаларды мектептерге қайтару іс-шаралары қабылданды. Мектептердің жанынан бюджеттік қаражаттан, мектептердің өз табыстарынан және демеушілік көмектен жинақталған қорлар құрылды және киім-кешек, аяқкиім, оқулықтар және т.б. сатып алу үшін жұмсалды. Бұл халықтың барлық топтары үшін орта білімнің жалпыға бірдейлігі мен қолжетімділігіне қайтып оралуға жасалған қадам болды. 1999 жылдан бастап мұғалімдердің жалақысы өсе бастады, бұл мұғалімдердің мектептен кетуін тоқтатты. 2001 жылы бірінші рет білім беруді бюджеттік қаржыландыру елеулі арттырылды (19,3 млрд теңгеге).

Назар аударыңдар! Тәуелсіздіктің бірінші онжылдығының елеулі қорытындысы орта білім берудің материалдық және мамандар базасын сақтау болды, ол халықтың көпшілігі үшін тегін және қолжетімді болып қалды.

1999 жылы «Білім туралы» жаңа Заң қабылданды. Ол орта мектептің міндетті және тегін екендігі туралы конституциялық қағиданы бекітті. Заң бастауыш буын (1–4-сыныптар), негізгі буын (5–9-сыныптар), жоғары буын (10–12-сыныптар) деп бөлінген үшсатылы мектеп жүйесін енгізді. Орта білімді жалпы білім беретін мектепте де, сондай-ақ кәсіптік лицейлер мен колледждерде де алуға болатын болды. Білім беру мазмұнында ұлттық дәстүрлермен үйлесімдегі жалпыадамзаттық құндылықтардың басымдығы бекітілді.

Заңда бес-алты жасар балаларға арналған міндетті тегін мектепалды білім беру бағдарламасы жарияланды. Білім беру жүйесінде мектепалды дайындықтың енгізілуі жаңалық болды. Мектепалды балалардың денсаулығын нығайтуға, олардың зияткерлік дамуын қамтамасыз етуге, дамуындағы бұзылушылықтарды түзеуге арналды. Білім беру жүйесінің міндетті элементі ретінде мектепалды дайындықтың енгізілуі елдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесінің дағдарысымен байланысты болды¹.

Назар аударыңдар! Бұл Заңмен Қазақстанда жалпы білім беретін орта оқу орындарында оқушыларды мемлекеттік қорытынды аттестаттау нысандарының бірі ретінде білім берудің орта кәсіптік ұйымдары мен жоғары оқу орындарына түсу емтихандарымен біріктірілген Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) енгізілді.

1999 жылдан 2003 жылға дейін ҰБТ эксперименттік режімде өткізілді.

¹ XXI ғасырдың бірінші бесжылдығында бала бақшаларының жағдайы өзгерді, өйткені орықтың экономикалық өсуге байланысты азаматтардың әл-ауқаты аргуының арқасында көптеген ата-аналар балалары ақылы бала бақшаларына берудің материалдық мүмкіндігіне ие болды. Солай болғанымен де, елде бала бақшаларының тапшылығы сақталуда, бала бақшаларына кезектер орын алған.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Тәуелсіз Қазақстандағы білім беру жүйесі реформаларының әлеуметтік-экономикалық және саяси себептерін атаңдар.
2. Қалай ойлайсыңдар, идеологиялық бағыттың алмасуы нәтижесінде білім беру реформалары себептерінің бірі болып табылды? Қандай идеология негізін алмастырды?
3. Тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында нәтижесінде мектептердің жіктелуі (мектептер «таңдаулылар» және «бұқаралық» болып бөлінді) болып өтті?
4. Сендерше тәуелсіздіктің алғашқы жылдары кәсіптік-техникалық училищелер санының шұғыл қысқаруы неге байланысты болды?
5. Мемлекет шағын мектептерді жабу туралы шешімді нәтижесінде қате деп таныды?
6. 1999 жылғы «Білім туралы» ҚР Заңында қандай маңызды конституциялық қағидат бекітілді?

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма

1990 жылдары қазақстандық мектепте «кеңестік мұраның» қандай бағалы бөлігі сақталуы тиіс еді? «Кеңестік мұрадан» не өзгерді және не алмастырылуға жатты?

Күрделілігі жоғары тапсырма

«Білім беру мазмұнында ұлттық дәстүрлермен үйлесуінде жалпыадамзаттық құндылықтар басымдығы бекітілді» сөйлеміне түсініктеме беріңдер.

25.2. Қазақстан Республикасында ХХІ ғасырдың алғашқы онжылдығында білім беру жүйесін жетілдіру

Бүгінгі сабақта:

- 2000 жылдардағы білім беру жүйесіндегі реформаларды оқып білеміз;
- көптілді білім беру стратегиясы («тілдердің үштік бірлігі») туралы жинақтаймыз;
- оқу жетістіктерін сырттай бағалауды талдаймыз;
- 2016 жылғы тұжырымдамалық реформаны бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- білім беру жүйесі
- адам капиталы
- бәсекеге қабілетті ұлт
- Білім беруді дамыту бағдарламасы
- инновация
- көптілді білім беру

Өтпелі кезеңнің қиындықтары бағындырылып, орнықты экономикалық өсу басталғаннан кейін білім беру жүйесінің реформалары неғұрлым терең сипатқа ие болды. Білім беру елдің аса маңызды ресурсы: адам капиталымен байланысты. Сондықтан ол тұрақты реформаланатын жүйе болып табылады. Соңғы екі онжылдықтың барлық мемлекеттік стратегиялық бағдарламаларында білім беруге ерекше назар аударылған.

Бұл маңызды! Бұл жерде негізгі құндылық зияткерлік өнім болып табылатын заманауи индустриялық-инновациялық және постиндустриялық дүние жағдайларында елдің дамуын білім беруді дамытусыз мүмкін емес. Бәсекеге қабілетті болу үшін қазақстандық ұлт білімі жоғары ұлтқа айналуы тиіс.

«Қазақстан-2030» Стратегиясының негізінде 2004 жылы ҚР-да білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Ол дамудың мынадай бағыттарын қарастырды:

1. 12 жылдық жалпыға бірдей орта білім беру тұжырымдамасы: 6 жастан бастап оқытумен 12 жылдық жалпыға бірдей орта білім беруге көшу.

2. Орта білімнен кейінгі кәсіптік білім беруді жасау.

3. Академиялық кредиттер¹ жүйесіне негізделген кәсіптік мамандар дайындаудың үшсатылы моделін жасау: бакалавриат – магистратура – докторантура (PhD).

4. Білім беру сапасының Ұлттық жүйесін құру.

2007 жылы «Білім туралы» жаңа Заң қабылданды. Ол көпсатылы білім берудің мынадай құрылымын бекітті: мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту; бастауыш білім беру; негізгі орта білім, орта білім (жалпы, техникалық және кәсіптік); орта білімнен кейінгі білім беру; жоғары білім беру; жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Осылайша, білім беру құрылымы білім беруді Халықаралық стандартты жіктеумен сәйкестікке келтірілді. Заңға сәйкес, білім беру деңгейлерінің сабақтас-тығы мемлекеттік жалпы білім беру стандарттарымен және білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз етіледі.

Бағдарламаны іске асыру барысында білім беру сапасын бағалаудың Ұлттық жүйесі құрылды. Ол тәуелсіз сыртқы бағалау элементтерін (лицензиялау, аттестаттау, Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ)¹, талапкерлерді кешенді тестілеу және басқаларды) қамтыды. Ұлттық бірыңғай тестілеу 2004 жылдан бастап Қазақстан Республикасының барлық мектептерінде енгізілді. Қазақстандық жоғары оқу орындарына білім беру грантына оқуға түсу ҰБТ нәтижелеріне байланысты болды.

Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. 2010 жылы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Назар аударыңдар! Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – білім берудің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, адам капиталын дамыту.

Бағдарламамен білім беру саласында сақталған мәселелер тіркелді: жеткіліксіз қаржыландыру, мұғалім мамандарының жетіспеуі, білім

¹ ҰБТ-ға ұқсас тестілеу АҚШ, Ұлыбритания, Ресейді қосқанда, көптеген елдерде бар. ҰБТ-ның басты мағынасы портынды аттестаттауды жоғары оқу орындарына түсу сынақтарымен біріктіруде (талапкерлерге бұл бұрынғыдай екі айдың ішінде 10 және одан да көп емтихан тапсырудың керегі жоқ). Сонымен бірге аттестаттаудың тестілік пішіміне қарсыласушылар да бар, олар оқушылардың дестүрлі ауызша және жазбаша емтихандаларға дайындығы неғұрлым байыпты болады және осыған орай, ҰБТ-ны енгізуден білім беру сапасы төмендейді деп ұйғарады. Қазіргі уақытта (2019) Қазақстан Республикасында мектеп оқушылары емтихандаларды да, ҰБТ-ны да тапсырады. Қазақстандық жоғары оқу орындарына оқуға түспейтіндер ҰБТ-ны тапсырмайды.

берудің нашар ақпараттандырылуы, халықты мектепке дейінгі тәрбиемен қамтудың төмендігі (балалардың бәрі бірдей мектепке дейінгі тәрбие мекемелеріне бара бермейді және осыған сәйкес мектепалды дайындығынан өтпейді), шағын мектептердің жоғары пайызы (ауылдық жерде) мен бұл мектептердегі оқыту сапасының төмендігі және басқалар.

Назар аударыңдар! Бағдарлама біртіндеп 12 жылдық оқытуды енгізуді, көптілді білім беруге көшуді, нақты және жаратылыстану пәндері бойынша бағдарламаларды ойдағыдай меңгерген оқушылар үлесін арттыруды, қазақстандық мектеп оқушыларының халықаралық салыстыру зерттеулеріндегі нәтижелерін арттыруды, үш тілде білім беретін мектептер санын арттыруды, инклюзивті² білім беруді дамытуды көздейді.

Көптілді (үштілді) білім беру стратегиясы. 2007 жылдан бастап елде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін тереңдете оқуға және жаратылыстану мен математикалық пәндерді ағылшын тілінде оқытуға бағытталған көптілді білім беру стратегиясы іске асырыла бастады.

Бұл маңызды! Қазақстанның әрбір азаматы мемлекеттік тілді (қазақ), ұлтаралық қатынас тілін (орыс) және ағылшын тілін меңгеруге ұмтылуы тиіс.

Бұл идеяны іске асыру үшін ағылшын тіліне оқытудың халықаралық жүйесіне ұқсас, қазақ және орыс тілдеріне оқыту жүйелері әзірленді, көптілді білім беру орталықтары, ал жоғары оқу орындарында басымдыққа ие мамандықтардың көптілді мамандарын даярлау бойынша бөлімшелер ашылды. 2013 жылдан бастап Қазақстанның барлық мектептерінде 1-сыныптан бастап ағылшын тілін оқыту енгізілді.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ). Қазақстанда 2011–2012 оқу жылында бастауыш білімнен бастап жоғары білімге дейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде оқу жетістіктерін сырттай бағалау (ОЖСБ) енгізілді. Мектепте ОЖСБ оқыту тілінде 4, 9 және 11-сыныптарда 2–3 пән бойынша кешенді тестілеу нысанында өткізіледі, оның үстіне 9-сыныптағы пәндердің бірі мемлекеттік тіл болып табылады.

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстандағы орта білім беру жүйесі 2016 жылдан бастап Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» (2014) және «Қазақстан жаңа жаһандық өмір шындығында: есу, реформалар, даму» (2015) Жолдауларында баяндалған ұлт дамуының жаңа стратегиясы пайда болуымен байланысты өзгерістерге ұшырауда. Бағдарлама дүниежүзілік трендтерді ескерумен «100 нақты қадам: заманауи мемлекет барлығы үшін» ұлт Жоспарының негізінде әзірленді және білім берудің мазмұнын елеулі жаңартуды көздейді. Бұған қоса, бағдарлама мектеп оқушыларында

² Инклюзивті білім беру – білім берудің барлық балалар, оның ішінде ерекше сұранысы бар балалар үшін қолжетімділігі.



Көптілді білім беруді енгізу бағдарламасын жүргізу принциптері

«Мәңгілік Ел» Жалпыұлттық патриоттық идеясының рухани-өнегелілік құндылықтары мен салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруды көздейді.

Бұл тұжырымдамалық реформа заманауи постиндустриялық қоғамның техникалық прогресімен, компьютерлік және интернет-технологиялардың дамуымен, ақпараттық кеңістіктің кеңеюімен байланысты. Интернеттің пайда болуы мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытуға қойылатын талаптарды түбірінен өзгертті. Қазір алынған білімнің саны емес (өйткені кез келген ақпарат кез келген сәтте қолжетімді болып табылады және көптеген фактілерді, цифрлар мен даталарды еске сақтау қажеттігі жоғалды), алынған шеберліктер мен дағдылардың саналуандығы, бөрінен бұрын ақпаратпен жұмыс істеу дағдылары, фактілерді салыстыра, талдай және түсіндіре білу шеберлігі неғұрлым маңызды.

Назар аударындар! Заманауи білімді адам сыни ойлаудың және жетілген логиканы меңгеруі, бастама мен ойшылдық танытуы, өзінің шығармашылық қабілеттерін дамытуы, әлеуметтік бейімделу дағдыларын меңгеруі, өздігінен шешімдер қабылдай және дербес таңдау жасай білуі, өздігінен білім алумен және өзін-өзі жетілдірумен тұрақты айналысуы тиіс.

Дүниежүзілік трендтерге сәйкес, барлық сыныптардағы білім беру мазмұны елеулі жаңартылды, жаңа бағдарламалар қабылданды, жаңа оқулықтар жазылды. Басқа өзгерістер білімді бағалау жүйесіне (өлшемшарттық бағалауды енгізу), үй тапсырмаларын орындауға берілген сағаттар мен оқу сағаттарын қысқартуға қатысты болды. Жоғарғы сыныптарда діл және жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде зерделеу енгізілуде. Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ

тілінде оқытылатын пәндер саны арттырылады. Барлық мектептердің біртіндеп латын жазуына көшуі белгіленген. Жаңа пәндер, электрондық оқулықтар енгізілуде.

Бұл маңызды! Заманауи мектеп арнаулы білім бере отырып, жоғарыда аталған дағдыларды дамытады, оқушыларға жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін дарытады, оларды жалпы дүниежүзілік, сондай-ақ ұлттық мәдениет дәстүрлерімен таныстырады, үйлесімді дамыған жекетілгені қалыптастырады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. 2000–2019 жылдардағы білім беру реформалары 1990 жылдардағы реформалардан қағидаттық жағынан несімен ерекшеленеді? Бұл қандай сыртқы және ішкі факторлармен байланысты?
2. «Адам капиталы» дегеніміз не? *Қалай ойлайсыңдар*, адам капиталы неліктен мұнай мен газға қарағанда біздің елдің неғұрлым маңызды ресурсы болып табылады?
3. Қазақстан Республикасындағы заманауи білім беру жүйесі өзіне қандай деңгейлерді қамтиды? Бұл деңгейлер өзара қалай байланысқан?
4. *Сендердің көзқарастарың бойынша* шағын мектептердегі оқыту сапасының төмендігі немен байланысты? Бұл мәселені қалай шешуге болады?
5. Қазақстандағы көптілді «үштілді» білім беру тұжырымдамасының мәнін *түсіндіріңдер*. Үш тілдің әрқайсысының маңызы неде?

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма

Заманауи мектеп интернет, смартфон, компьютер болмаған кездегі мектептен күн өткен сайын өзгеруде. *Ал сендер болашақтың мектебін қалай елестете аласыңдар?*

Күрделілігі жоғары тапсырма

Дүние жылдам қарқындармен өзгеруде, бір кәсіптер жоғалып, басқалары пайда болуда. Ғалымдар айтқандай, заманауи мектеп оқушысына өмірінде кәсібін үш рет өзгертуге (қайта оқуына) тура келеді. *Өз қиялдарыңды немесе интернет материалын пайдалана отырып*, өздеріңе меңгеруге тура келуі мүмкін, қазіргі кезде жоқ, болашақта болатын кәсіптер туралы *жазыңдар*.

Үй тапсырмасы

Қалай ойлайсыңдар, заманауи дүниеде өздігінен білім алудың ролі неліктен өсеті?

25.3. Тәуелсіз Қазақстандағы жоғары білім реформалары

Бүгінгі сабақта:

- тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы Қазақстандағы жоғары білім беруді оқып білеміз;
- ҰБТ және гранттар: кәсіптік кадрларды дайындауға мемлекеттік тапсырыс жайлы талдаймыз;
- Болонья процесіне қосылу жайлы зерттейміз;
- жоғары оқу орындарының академиялық бостандығын бағалаймыз.

Тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында жоғары білім беру жүйесіндегі өзгерістер. Жоғары мектеп тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық дағдарысты мектепке дейінгі, мектептік

Тірек сөздер:

- жоғары білім беру
- университет
- грант
- ҰБТ
- Болонья процесі
- бакалавриат
- магистратура
- докторантура
- білім беру мазмұны
- міндетті пән
- академиялық бостандық

және орта арнаулы білім беруге қарағанда жеңілдеу өткізді. Мемлекеттік жоғары оқу орындары нарыққа айтарлықтай жылдам бейімделді: ақылы қызметтер көрсетуді жылдам меңгерді, қаржыландырудың бюджеттен тыс көздерін тапты, гранттар алды, халықаралық бағдарламаларға қосылды. Осының арқасында қаржыландыру мен бюджеттік орындарға қабылдау қысқартылған кезде бірде-бір жоғары оқу орны таратылған жоқ (бірнеше жоғары оқу орны біреу болып бірікті – мысалы, Қазақ аграрлық университеті Қазақ ауылшаруашылық университеті мен Алматы малдәрігерлік-ветеринарлық институтының қосылуынан құрылды). 1993 жылы «Жоғары білім туралы» Заң қабылданды. Онда меншік түрлеріне қарамастан, жоғары оқу орындарына мемлекеттік қолдау көрсету жарияланды.

1991–1992 жылдары Қазақстанда алғашқы жекеменшік университеттер пайда болды. 90-жылдардың ішінде олардың саны жылдам өсті (2000 жылға қарай жүзден астам жекеменшік жоғары оқу орны болды). 1996 жылы «Білім туралы» және «Жоғары білім туралы» Заңдарға мемлекеттік жоғары оқу орындарындағы ақылы білім беру қызметтеріне қатысты түзетулер енгізілді. Орта арнаулы оқу орындары (колледждер) жоғары білім беру жүйесіне қосылды. Колледждерде оқыту енді тек толық орта білім негізінде ғана жүргізілуі тиіс болды.

1999–2001 жылдардағы жоғары білім беру реформасы. Бұл реформа үш негізгі тармақтан тұрды:

– оқушылар контингентін қалыптастырудың жаңа жүйесіне көшу (студенттерді мемлекеттік тапсырыс бойынша білім беру гранттары мен кредиттерінің¹ негізінде қабылдау);

– жоғары оқу орындарына түсу емтихандары кешенді тестілеу орталықтарымен жүргізіледі.

Гранттар мен кредиттер жүйесі оқуға түсу емтихандарын ұйымдастырудағы орталықтандыру практикасы дамыған елдер тәжірибесінен алынды. Мемлекеттік гранттар мен кредиттер бойынша оқытуға іріктеу «пара» мен сыбайлас жемқорлықтан қорғалған болып шықты; мемлекеттік қолдауды неғұрлым талантты жастар алды;

– жоғары оқу орындарының көпшілігін жекешелендіру (ұлттық мәртебе алған жоғары оқу орындары, сондай-ақ педагогикалық жоғары оқу орындары мен мәдениет және өнер жоғары оқу орындары ғана мемлекет қарамағынан алынуға және жекешелендіруге жатқызылған жоқ).

¹ Кейінірек кредиттерден бас тартылды, тек гранттар ғана қалды.



ЖОО түлектері

Қазақстанда тәуелсіздіктің бірінші онжылдығында жоғары білім беру жүйесін дамыту бірқатар проблемаларға әкелді. Олардың ішінде: маман даярлау құрылымындағы тепе-теңдіктің бұзылуы (экономикалық конъюнктура мен сәнді ұстана отырып, жоғары оқу орындары студенттерді танымал экономикалық және заң мамандықтарына² басым

қабылдады, нәтижесінде елде экономистер мен заңгерлерді артық дайындау болып өтті); әсіресе шеткері аймақтарда, шағын жекеменшік жоғары оқу орындарының көптігі (бірнеше ондаған студентімен); көптеген жекеменшік жоғары оқу орындарындағы білім беру сапасының төмендігі; жекеменшік жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық (материалдық тұрғыдан алып қарағанда жекеменшік жоғары оқу орындары студенттер санына толықтай тәуелді болды, сондықтан ниет білдіргендердің бәрі тиісті конкурстық іріктеусіз тартылды; бұл бағаларды көтеріп қоюға және кейде білімді «дипломдарды сатумен» алмастыруға әкелді).

2002–2010 жылдардағы жоғары білім беру реформалары. Жоғары білім берудің жоғарыда аталған мәселелерді шешуі 2002–2010 жылдардағы реформалардың барысында болып өтті. Жеке жоғары оқу орындарына ревизия мен тексеруден өтпеген жоғары оқу орындарынан лицензияларды қайтарып алу жүргізілді, жоғары оқу орындарының саны реттелді. Оңтайландыру нәтижесінде білім беру қызметтерінің жоғары стандарттарына жауап беретін жекеменшік жоғары оқу орындары ғана сақталды.

ҚР-да білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы мен 2007 жылғы «Білім туралы» Заңда жоғары білім беру көп орынды иеленді. Оның нәтижелері кез келген жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде міндетті болуымен орта мектепті бітірушілерге Ұлттық бірыңғай тестілеуді енгізу жекеменшік жоғары оқу орындарында сыбайлас жемқорлықтың алдына тосқауыл қойды (олар енді барлық ниет білдірушілерді қабылдай алмады). Мемлекеттік білім беру кредиттерін жою мен мемлекеттік тапсырысты (білім беру гранттарын) арттыру гранттардың кәсіптік құрылымын техникалық және педагогикалық мамандықтар пайдасына өзгертуге мүмкіндік берді.

Ел Болонья процесіне¹ қосылды және бұдан кейін докторантурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім алумен, диссертацияны ойдағыдай

¹ Болонья үдерісі – жоғары білім берудің бірыңғай еуропалық кеңістігін жасау мақсатымен Еуропа елдерінің жоғары білім беру жүйелерін жақындастыру және үйлестіру үдерісі.

қорғаған жағдайда философия докторы дәрежесін берумен (PhD)¹ Еуропада қабылданған екідеңгейлі жоғары білім жүйесіне (4 жылдық бакалавриат пен 2 жылдық магистратура) өтті. Бұл жүйеге сәйкес, жоғары білім бакалавр дәрежесін берумен аяқталады, ал магистратура «толық жоғары» білім болып табылады. Мақсаты жоғары білім берудің ұлттық жүйесін еңбек нарығының мұқтаждықтарына жақындату (қазақстандық дипломдардың Еуропа мен басқа да елдерде бағалануы үшін) болып табылады.

Сондай-ақ студенттердің өздігінен жұмысы мен оқу курстарын өздігінен таңдауын арттыру мақсатымен жоғары оқу орындарында оқытудың кредиттік технологиясын енгізу орын алды. Студенттің міндеті – оқу уақытында оқу қызметінің түрлері мен өртүрлі курстары үшін мүмкіндігінше көбірек «кредиттер» жинау, өзіне болашақта жұмысқа орналасу үшін нақты қандай құзыреттердің қажет болатындығын таңдау.

Бұл маңызды! Тәуелсіздік жылдары Қазақстанда халықаралық стандарттарды және ұлттық ерекшеліктерді ескерген жоғары білім беру жүйесі қалыптасты. Елде мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындары қызмет етеді. Студенттер бакалавриат пен магистратурадан тұратын екісатылық жоғары білім алады.

2010 жылдардағы реформалар. Айтылып өткендей, 2010 жылы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған жаңа, ұзақ мерзімдік Мемлекеттік бағдарламасы, ал 2011 жылы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының жаңа редакциясы қабылданды. Жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларын белгілеудегі академиялық бостандығы кеңейтілді, міндетті пәндер қысқартылды (Білім және ғылым министрлігі белгілейтін міндетті түрде оқытылатын пәндер). Бұл, біріншіден, бұрынғы бесжылдық білім берудің бакалавриаттағы төрт жылға дейін қысқартылумен, екіншіден, бағдарламалар мазмұнын жаңартудың заманауи қарқындары кезінде міндетті пәнді регламенттеудің күрделі болатындығымен байланысты болды. Болашақ кәсіппен тікелей байланысты емес пәндер қысқартылды.

Бүгінгі күндегі қазақстандық жоғары оқу орындары. Қазіргі уақытта қазақстандық жоғары оқу орнына ҰБТ тапсырудың нәтижелері бойынша білім беру грантын алумен түсуге болады. Гранттар саны артып келеді, өйткені мемлекетте белгілі бір мамандықтардың сұранысы орын алып отыр (мемлекет өзіне қажетті мамандарды дайындауға «тапсырыс бергендей» болады). Елде мемлекеттік, сондай-ақ жекеменшік жоғары оқу орындарында білім беру стандарты бір деңгейде. Әрине, басқаларының арасында ерекше көрінетін жоғары оқу орындары бар,

¹ Кандидаттық және докторлық диссертациялар мен тиісінше ғылым кандидаты мен ғылым докторы дәрежелері жойылды (әрине, бұл дәрежелердің негерлері оларды сақтап қалды).

олар елдегі жетекші оқу орындары болып табылады. Бұл Назарбаев Университеті, ҚазҰУ, КИМЭП, ҚазМЗУ, ЕҰУ, ҚазҰБА, ҚБТУ, ВХА, ҚазҒЗТУ.

Жоғары оқу орындарының академиялық бостандығының кеңеюі. Қазіргі уақытта Болонья процесіне сәйкес жоғары оқу орындарының академиялық бостандығы бұрынғыдан да кеңеюде. Мысалы, 2019 жылы елдің барлық жоғары оқу орындары өз дипломдарын бере бастады. Енді жоғары оқу орындары оқыту бағдарламасын өздігінен әзірлейді. Міндетті пән (Қазақстан тарихы, дене тәрбиесі, ағылшын тілі, ақпараттану) 15%-ға дейін қысқартылған. Басқа бір жаңалық оқыту мерзімі болып табылады. Бірдей бағдарламаны үш жылда да және бес жылда да оқытуға болады. Мамандықтардың жаңа топтамасы әзірленді (одан талап етілмейтін мамандықтар алып тасталған, мамандарды дайындау әлеуметтану, экономика немесе дизайн сияқты жалпы бағыттар бойынша жүреді).

Бұл маңызды! Жоғары оқу орнының алдында орта мектептің алдындағы сияқты, адамды біліммен «толтыру» емес, оны оқуға, толып жатқан ақпаратты өңдеуге және шығармашылықпен ойлауға, ие болған дағдыларды практикалық өмірде және жаңа шақыруларға пайдалана білуге үйрету міндеті тұр.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Кеңестік уақыттан кейінгі алғашқы онжылдықта жоғары білім берудің нарыққа бейімделуі қалай өтті?
2. Сендер жекеменшік жоғары оқу орындарының артықшылықтары мен кемшіліктерін неден көресіңдер?
3. Мемлекет кейбір жекеменшік жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлық пен білім берудің төмен сапасымен қалайша күресті?
4. Болонья үдерісіне қосылу Қазақстанға не береді?
5. Жоғары оқу орындары бағдарламаларындағы міндетті пән неліктен қысқартылады?
6. «Жоғары оқу орындарының академиялық бостандығы» дегеніміз не?

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма:

а) Заманауи қоғамда қандай мамандықтар қажетті, қандайлары қажетсіз деп ойлайсыңдар? ә) талапкерлердің арасында танымал болмаса да, бұл ретте мемлекетке өте керекті мамандықтар қандай?

Күрделілігі жоғары тапсырма*:

Көз алдарыңа келтіріңдер, сені қандай да бір жекеменшік жоғары оқу орнының ректоры делік және саған толықтай академиялық бостандық берілді. Сен студенттерді қандай бағыттар бойынша дайындаған және оларға қандай оқу бағдарламасын ұсынған болар едің?

Үй тапсырмасы

Келешекте қай оқу орнында оқығың келетіні жайлы әссе жаз.

25.4. Қазақстан Республикасында ғылым жүйесін жаңғырту

Бүгінгі сабақта:

- Қазақстан ғылымы тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жайлы оқимыз;
- 1996–1999 жылдардағы ғылымды басқару реформаларын талдаймыз;
- 2000–2010 жылдардағы ғылым саласындағы реформаларды жинақтаймыз;
- Қазақстан ғылымының заманауи кезеңдегі проблемаларды бағалаймыз.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы қазақстандық ғылымның дағдарысы. КСРО-ның ыдырауы Қазақстан ғылымына жағымсыз әсер етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары және нарықтық бөсекеде мемлекет отандық ғылыми және ғылыми-техникалық әзірлемелерді ынталандыруды қорғау мүмкіндігіне ие бола алмады. Нарықтық экономикаға өту жағдайларында ғылым білім беруге қарағанда азырақ қажет болып шықты. 1990 жылдары ғылымнан мамандардың көптеп кетуі орын алды. Ғылыми мамандардың бір бөлігі оңтайландыруға байланысты қысқартылды, бір бөлігі жалақының аздығынан өздері кетті. Егер 1990 жылы ғылыми-техникалық ұйымдар қызметкерлерінің (жоғары оқу орындарының қызметкерлерінсіз) саны 50 620 адамды құраса, 1998 жылы бар-жоғы 16 600 адамды құрады; маман-зерттеушілердің саны 31 250 адамнан 10 940 адамға дейін қысқарды. Мұнымен бір мезгілде ғылыми мамандардың қартаюы орын алды. Өйткені жастар ғылымға бармады. Ғылым докторларының саны өсе түсті, керісінше ғылым кандидаттарының саны азайды.

1992 жылы «Ғылым және ғылыми-техникалық саясат туралы» ҚР Заңы қабылданды. Ғылымды ұйымдық реформалау 1993 жылы басталды. Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі құрылды. Ғылым академиясы Ұлттық Ғылым академиясы (ҚР ҰҒА) болып өзгертілді. Ғылымды басқару мен ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-құрылымдаушылық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) басқару мен үйлестіру мәселелерінде ҚР ҰҒА мен министрліктің арасында бөсекелестік пайда болды. Қазақстанның кеңестік ғылыми әлеуетті толық көлемінде сақтауға күші жетпейтіндігі айқын болғандықтан, ғылымды оңтайландыру: штаттар мен ғылыми зерттеулер тақырыптамасын қысқарту басталды.

1990 жылдары ҒЗТҚЖ-ға кететін шығындардың ұтымсыз құрылымы қалыптасты. 1998 жылы оның тек 19,2%-ы ғана әзірлемелерге жұмсалды. Бұл ғылыми зерттеулерде өндіріске енгізуге дайын, аяқталған

Тірек сөздер:

- іргелі зерттеулер
- қолданбалы зерттеулер
- ғылыми әзірлемелер
- ҒЗТҚЖ
- ҚР Ұлттық ғылым академиясы
- ҚР Білім және ғылым министрлігі
- грант
- ғылыми-техникалық сараптама

өнім түрінің болмағандығын білдірді. Бұл уақытта дамыған елдердің практикасында ғылымға жұмсалатын барлық шығындардың 55–60% -ы өзірлемелерге кетті.

1996–1999 жылдардағы ғылымды басқару реформалары. 1996 жылы ғылымды басқарудың бірыңғай органы: Ғылым министрлігі – ҚР Ғылым академиясы құрылды және «ҚР мемлекеттік ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы» қабылданды. Онда ұйымдастырудың бағдарламалық-мақсатты әдісіне көшу мен іргелі және қолданбалы зерттеулерді қаржыландыру туралы айтылды; бюджеттен қаржыландырылатын зерттеушілік жобаларға конкурстық іріктеу жүргізу және инновациялық жұмыстарды мемлекеттік қаржыландыру, сондай-ақ әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласында мемлекеттік тапсырыс қарастырылды.

1999 жылы Ғылым министрлігі – ҚР Ғылым академиясы Білім және ғылым министрлігі (БҒМ) болып қайта құрылды. Оның басқаруына ҚР ҰҒА-ның сол кезде сақталған барлық институттары, сондай-ақ жоғары оқу орындары өтті (ҚР ҰҒА 2003 жылдан бастап қоғамдық ұйым болып табылады, институттар 2006 жылдан бастап БҒМ Ғылым жөніндегі комитетінің қарамағында).

Назар аударыңдар! Ғылымды басқару реформасы ғылыми әлеуеттің кәсіптік ядросын сақтау, қазақстандық ғылым инфрақұрылымының толықтай қирауын болдырмау мүмкіндігін берді. Бірақ елдің ғылыми-технологиялық дамуының сандық және сапалық көрсеткіштерінің төмендеуі жалғаса берді.

1996 жылы реформалардан кейін ҒЗТҚЖ нәтижелері нашарлады, патенттер, енгізілген өнертабыстар саны қысқарды. Бюджет ғылымды қаржыландырудың негізгі көзі болып қалды. Ғылыми саланы жеке-шелеңдірудің сәті түспеді, өйткені ғылыми институттардың қызметін нарық аса талап еткен жоқ.

2000 жылдардағы ғылымды басқару реформалары. Экономикалық өрлеудің басталуымен ғылымды қаржыландыру артты. 2001 жылы бұдан бір жыл бұрын өзірленген «Қазақстан Республикасының ғылыми және ғылыми-техникалық саясатының тұжырымдамасы» негізінде ҚР-ның «Ғылым туралы» Заңы қабылданды. ҒЗТҚЖ-ға шығындар 2000 жылдан 2004 жылға дейін дамыған елдермен салыстырғанда төмен болып қалса да, 4 есе өсті.

Назар аударыңдар! ІЖӨ-дегі ғылыми-зерттеушілік және тәжірибелік-құрылым-даушылық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) жұмсалатын шығындар немесе ғылымсыйымдылық – бұл ғылымның ел экономикасындағы орнын сипаттайтын аса маңызды көрсеткіш.

Ғылыми мамандар санын қысқарту тоқтатылды. Өнертабыстарға өтінімдер саны артты. Елді жаңғыртуға алынған бағыт 2001 жылы «Инновациялық даму бағдарламасының», 2002 жылы «Инновациялық қызмет туралы» ҚР Заңының, 2003 жылы «Индустриялық-иннова-

циялық даму стратегиясының» қабылдануы ғылымды мемлекеттік басымдыққа айналдырды. Ел бәсекеге қабілетті және жоғары технологиялы өнім мен көрсетілетін қызметтер жасауға бағыт алды.

Сол сәттегі сақталған мәселелердің ішінен ғылымның бюджеттік қаржыландыруға тәуелділігін (50% -дан жоғары), ЖІӨ-дегі ҒЗТҚЖ-ға жұмсалатын шығындардың төмен көрсеткішін (2002 жылы дамыған елдердегі 2–3%-бен салыстырғанда 0,26%), гранттарды іздестіруде ғылыми ұжымдардың жеткіліксіз белсенділігін, өзірлемелер мен өнертабыстарды енгізуден қолданбалы және іргелі зерттеулердің басым болуын атауға болады.

Ғылым мен ғылыми-техникалық саланы басқаруды жетілдірудің жаңа кезеңі 2006 жылы басталды. Үкіметтің жанынан Жоғары ғылыми-техникалық комиссия (ЖҒТК) құрылды. Ал БҒМ құрамында ЖҒТК жұмысшы органы ретінде Ғылым жөніндегі комитет пайда болды. Ғылымды дамытудың 2007–2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес БҒМ жанынан Ғылым қоры құрылды (мемлекеттің 100% -дық қатысуымен), ол гранттар жүйесі арқылы өзіне әлеуеті жағынан тиімді және конкурстық негізде таңдап алынған, ғылыми-техникалық сараптама жүйесі арқылы өткен, дүниежүзілік деңгейдегі ҒЗТҚЖ-ға қолдау көрсетуді алды.

Назар аударыңдар! Бұл реформалар инновацияларды қолдау мен көтермелеу, ғалымдар мен ғылыми-зерттеушілік ұжымдарды елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тақырыптар мен жобаларға бағыттау мақсатын көздеді.

2010 жылдардағы реформалар. 2011 жылы ғылымды қаржыландыру жүйесін жаңғырту жүргізілді. Бюджет есебінен орындалатын зерттеулер үлесі төмендеді (2009 жылғы 93% -ға қарсы 2014 жылғы 38% болды). Конкурстар негізінде ғылыми жобалар мен зерттеулерді гранттық қаржыландыру өсті (2014 жылы ҒЗТҚЖ-ның жартысына жуығы гранттар есебінен орындалды). Экономиканың нақты секторы тапсырыс берген зерттеулердің саны өсті. 2014 жылы Қазақстанда ҒЗТҚЖ-ға жұмсалған шығын 66,4 млрд теңгені құрады. Бұл 2010 жылға қарағанда 2,5 есе көп. Жүздеген ғылыми бағдарламалар іске асырылды, мыңдаған патент алынды. Ғылыми қызметкерлер саны 2009 жылғы 15 мыңнан 2015 жылғы 25,8 мың адамға дейін көбейді. 2017 жылы ғылымға 70 млрд-қа дерлік теңге бөлінді.

2011 жылы қабылданған «Ғылым туралы» жаңа Заңға сәйкес, *Ғылым жөніндегі ұлттық кеңестер* (әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік басымдықтарына сәйкес ғылымның өртүрлі бағыттары бойынша) құрылды. Оның міндеттеріне ЖҒТК белгілеген басымдықтарға байланысты зерттеулер бағыттарын қалыптастыру мен ғылыми жобалардың ғылыми жаңашылдығын және қаржыландыру көлемдерін анықтау, гранттарға конкурстар өткізу кірді. Ғылыми-

техникалық сараптаманың ұлттық орталығы Ғылым жөніндегі ұлттық кеңестердің жұмысшы органына айналды.

Қазақстандық ғылымның заманауи кезеңдегі проблемалары мен міндеттері. Қазақстандық ғылым өзінше өндіріспен, экономика үшін тиімді технологиялық шешімдер жасаумен әлі де болса аз байланысқан. Сондықтан оның нәтижелділігі өндіріске енгізілген өнертабыстар санымен емес, жарияланған мақалалардың, оның ішінде шетелдік басылымдарда жарияланған мақалалардың санымен және олардың дәйексөзденуімен (ғылыми өлшемдік көрсеткіштер деп аталатын) бағаланады. Қорытындыда неғұрлым тиімді ғылыми сала қолданбалы зерттеулер мен өзірлемелер емес, шетелде жарияланымдар беретін іргелі зерттеулер болып қалып отыр. Өзірше философия докторы (PhD) дәрежесіне ізденетін диссертациялар нәтижелерінің нақты қолданылуы сирек болып тұр. Өзірлемелерге келетін болсақ, онда олар көбінде медицина, ауылшаруашылығы мен өнеркәсіп саласына енгізілуде.

Ғылымның міндеті дүниежүзілік нарықта бәсекеге қабілетті, ғылымсыйымды өндірістерді жасау болып табылады. Қазақстанның ғылыми әлеуеті бұл міндетті шешуге мүмкіндік береді. Алайда ғылымды жеткіліксіз қаржыландыру елеулі кедергі болып табылады. Мемлекет ғылымның дамуына аз ақша жұмсамаса да, ол Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының Стратегиялық жоспарында қойылған мақсатқа – 2025 жылғы қарай ЖІӨ-дегі ҒЗТҚЖ-на жұмсалатын шығындар үлесін 1%-ға дейін жеткізу үшін әлі де болса жеткіліксіз. Өзірше бұл көрсеткіш Қазақстанның ғылыми-технологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етпейтін деңгейде орналасқан.

Назар аударыңдар! Инновациялық экономиканы құрумен байланысты негізгі мәселе қазақстандық ғылымның дүниежүзілік ғылымнан объективті артта қалуы болып табылады. Бұл мәселені шешу үшін ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы (сарапшылар конкурсына ұсынылған грант жобалардың инновациялық сипаты мен перспективалылығын анықтайды) құрылып, шетелдік сараптама тартылуда.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қазақстандық ғылым өтпелі кезеңнің әлеуметтік-экономикалық дағдарысын басынан жоғары білім беруге қарағанда иеліктен ауыр өткізді?
2. Қазақстандық ғылымның 1990 жылдардағы, 2000 жылдардағы, 2010 жылдардағы негізгі мәселелерін атаңдар.
3. Ғылымды басқарудың 1996–1999 жылдардағы реформаларының мәні неде?
4. Ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың бағдарламалық-мақсатты әдісі, ғылыми жобаларды конкурстық іріктеу мен жобаларға ғылыми-техникалық сараптама жасау не үшін қажет?
5. Қазақстандық ғылым өзінше дамыған елдерден ғылым дамуының қандай көрсеткіштері бойынша артта қалып отыр?
6. Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта ғылымның дамуы иеліктен ұлттық басымдық болып табылады?

Шағын топтарға арналған тапсырма:

Интернеттен қазақстандық ғылымның тәуелсіздік жылдарындағы жетістіктері туралы ақпарат табыңдар және таныстырылым дайындаңдар.

Күрделілігі жоғары тапсырма үй тапсырмасы:

Интернеттен заманауи дүниежүзілік ғылым дамуының негізгі бағыттары туралы ақпарат табыңдар. Қалай ойлайсыңдар, қазақстандық ғылым дүниежүзілік ғылымды «қуып жетуі» үшін не істеуі керек?

25.5. Білім беру және ғылымның инновациялық ұйымдары

Бүгінгі сабақта:

- орта білім берудегі инновацияларды оқимыз;
- үштілді мектептердің білім жүйесін бағалаймыз;
- инновациялық кластерлер мен стартаптар енгізу алаңдары туралы талдаймыз.

Орта білім берудегі инновациялар. Назарбаев Зияткерлік мектептері – болашақтың мектептері. Қазақстан Республикасында Тұңғыш Президент атындағы, физика-математика және химия-биология бағыттарындағы Зияткерлік мектептер желісі («Назарбаев Зияткерлік мектептері» (НЗМ)) құрылуда. НЗМ қазақстандық мектептің үздік дәстүрлерін сақтаумен көпшілік мойындаған халықаралық білім беру бағдарламаларын іс жүзінде сынақтан өткізу мен енгізуге арналған эксперименттік алаңдар болып табылады. НЗМ-де математика, физика, химия мен биологияны тереңдетіп оқытудың оқу бағдарламалары жасалған. Бұл мектептер үшін педагогтерді ерекше іріктеу мен мұғалімдер біліктілігін арттыру жүйесі қарастырылған. НЗМ-де оқушы білімді, шеберліктер мен дағдыларды енжар қабылдаушы емес, білім беру үрдісінің белсенді субъектісі болып табылады. Бұған қоса, инновациялық мектептерде оқу процесін ұйымдастыруды, ата-аналармен байланысты, білім беру үрдісіне қатысушылардың барлығы үшін ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ететін ақпараттық-коммуникациялық жүйе жұмыс істейді. НЗМ-де дарынды, оқу үлгерімі жақсы балалар қабылданады. НЗМ 1–11-сыныптары оқушыларының конкурстық іріктеуін өткізу үшін оқушылардың бастауыш мектеп, тілдік және бейіндік пәндер бойынша жетістіктерінің бақылау өлшемдері өзірленген.

Тірек сөздер:

- инновация
- Назарбаев Зияткерлік мектебі
- зерттеушілік университет
- Назарбаев Университеті
- инновациялық кластер
- ақпараттық технологиялар
- технопарк
- стартап



Қазақстанның барлық облыстарында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті атындағы интеллектуалды мектептер құрылған

Бұл маңызды! Назарбаев Зияткерлік мектептері көптеген мамандандырылған үштілі мектептермен қатар көптілі білім берудің қазақстандық моделін іске асырудың үлгісі болып табылады. Оларда оқу қазақстандық жастар үшін зияткерлік, кәсіптік және қызметтік өсудің қосымша перспективаларын ашады.

Жоғары білім берудегі инновациялар. Зерттеушілік университеттер. Білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жоғары оқу орындарын жіктеудің жаңа жүйесі белгіленген. Оған зерттеушілік университеттер мен ұлттық зерттеушілік университеттер (ЗУ, ҰЗУ) кірді. Қазақстанда зерттеушілік университеттерін құру идеясы инновациялық экономика қалыптастыру бойынша бағыттың қисынды жалғасы болып табылады. Оны өмірде жүзеге асыру елді экспорттық-шикізаттық тәуелділіктен құтқару мен зияткерлік бағдардағы және ғылымсыйымды салаларда өсудің жоғары серпінін қамтамасыз етуге жағдай жасайды. Зерттеушілік университет жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу бағдарламалары стандарттарын өзірлейді және іске асырады, оқуға қабылдау кезінде бейіндік бағытталғандыққа қосымша талаптарды белгілейді.

Назар аударыңдар! Білім беру жоғары оқу орнының негізгі функциясы болып табылады. Алайда университеттердің миссиясы инновациялық қызметті дамыту арқылы елдің зияткерлік капиталын жасаудан көрінеді. Дүниежүзінің аса ірі университеттері білім беру бөлімшелерін, зертханалар мен зерттеушілік орталықтарды, сондай-ақ инновациялық қызмет пен экономикамен байланысты қамтамасыз ететін құрылымдарды қамтитын кешендер ретінде ұсынылады. Мұндай университеттік кешендер зерттеушілік университеттер деп аталады.



Назарбаев университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Зерттеушілік университет мультипәнділігімен, студенттерді байыпты зерттеулерге, зерттеулердің практикалық және инновациялық бағыттарына тартуымен ерекшеленеді. Мұндай университеттердің оқу бағдарламаларының мазмұны ғылыми өзірлемелердің нәтижелеріне сүйенеді және студенттердің шығармашылық белсенділігін дамытуға бағытталады.

«**Назарбаев Университеті**». Қазақстандағы зерттеу университетінің алғашқы үлгісі студенттерге өз есігін 2010 жылы ашқан Нұр-Сұлтандағы «Назарбаев Университеті» болып табылады. Бұл – Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасы бойынша білім беру, ғылым мен өндірістің интеграциясы, отандық ғылыми құрылымдардың дүниежүзілік ғылыми кеңістікке енуі үшін тиімді академиялық орта мен жағдайлар жасау мақсатымен құрылған халықаралық деңгейдегі жоғары оқу орны. Жоғары оқу орнының қызметі Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 19 қаңтардағы «Назарбаев Университеті», «Назарбаев Зияткерлік мектептері» мен «Назарбаев Қоры» мәртебесі туралы» арнаулы Заңымен реттеледі. Университет Қазақстандағы жоғары білім берудің ұлттық бренді болып табылады, оның Қамқоршылық кеңесінің төрағасы – Елбасы Н.Назарбаев. «Назарбаев Университетінде» оқыту ағылшын тілінде жүргізіледі, университетте серіктестік бағдарламалар бар және бірқатар дүниежүзілік жетекші университеттермен ынтымақтастық жасайды. Ол техникалық жағынан өте жақсы жарақталған.

2013 жылы «Назарбаев Университеті» Бизнесінің жоғары мектебі мен Білім берудің жоғары мектебіндегі магистрлік және докторлық бағдарламаларға бірінші рет студенттер қабылдады. 2014 жылы алғашқы магистранттарды, ал 2015 жылы алғашқы бакалаврларды

шығарды. «Назарбаев Университетінде» оқыту Университеталдылық дайындық орталығында, Инженерия мектебінде, Ғылым мен технологиялар мектебінде, Гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар мектебінде, Бизнесің жоғары мектебінде, Мемлекеттік саясаттың жоғары мектебінде, Білім берудің жоғары мектебінде, Медицина мектебі, Тау-кен ісі мен жер туралы ғылымдар мектебінде жүргізіледі.

«Назарбаев Университеті» зерттеушілік үлгідегі жоғары оқу орны болып табылады, сондықтан онда ғылыми-зерттеу бағытына көп көңіл бөлінеді. «Назарбаев Университетінде» медицина, биология, физика, химия, инженерия, роботтық техника мен ғылымның басқа да бағыттары бойынша инновациялық зерттеулермен, жобалармен және өзірлемелермен айналысатын ғылыми орталықтар жұмыс істейді.

«Назарбаев Университеті» Қазақстанда заманауи инновациялық эко-орталықты қалыптастырады. Ол технологиялардың коммерциялануын: ғылыми зерттеулер нәтижелерінің нарыққа міндетті түрде таралу мақсатын көздейді. Бұған қоса, университет бизнесті университет алаңында ғылыми бөлімшелер, тәжірибелік өндірістер, индустриялық хай-тек (Hi-Tech) жоғары технологиялық компанияларын құруға тартады.

Басқа да зерттеушілік университеттер. «Назарбаев Университетінің» тәжірибесі бойынша елде инновациялық бағыттағы басқа да зерттеушілік жоғары оқу орындары пайда болуда. Бұл жоғары оқу орындарына ғылым мен инновацияларды дамыту, зерттеулерді коммерцияландыру, талантты жастарды ғылыми зерттеулерге тарту үшін мақсатты мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Олардың ішінде Қазақстанның байырғы техникалық университеті – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеушілік техникалық университеті бар. Ол 2017 жылы зерттеушілік университет мәртебесін алды және аты Satbayev University болып өзгертілді. ЗУ мәртебесін алуға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – елдегі жетекші классикалық университет, жоғары кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мен ғылымды инновациялық дамытудың ұлттық көшбасшылығынан үмітті. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Экономика және кәсіпкерлік жоғары мектебінде ғылым мен білім беру интеграциясына инновациялық тәсіл жүзеге асырылуда. Зерттеушілік университеті мәртебесіне басқа бір үміткер С.Д.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық университеті болып табылады.

Astana Hub IT-стартаптар технопаркi және жаңа IT-университет. Инновациялық даму стратегиясын іске асыра отырып, Қазақстан кластерлік саясатты – бөсекеге қабілеттілікті арттыру мен инновацияларды енгізуді қамтамасыз ететін іс-шаралар жүйесі мен кластерлерді¹

¹ Кластер – бірқатар аумақта шоғырланған өзара байланысты ұйымдардың (компани-

қолдау тетіктерін жүргізеді. Мұндай инновациялық кластер қазіргі уақытта Қазақстан астанасында жасалуда.

Назар аударыңдар! Инновациялық кластер – білім беру мекемелерін, зерттеулер мен әзірлемелер орталықтарын, технологиялар беру орталықтарын, бизнес-инкубаторларды, технопарктерді, ғылыми жабдықтарды ұжымдық пайдалану орталықтарын, қоғамдық ұйымдарды, банктерді және т.б. қамтитын, инновациялық өнімнің елеулі үлесі мен қалыптасқан инфрақұрылымы бар аумақтық кластер.

2018 жылы қарашада Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан), «ЭКСПО-2017» көрме павильондарының бірінде Astana Hub IT-стартаптар технопаркі ашылды. Бұл технопарк «ЭКСПО-2017» аумағында құрылатын IT-университетпен бірге инновациялық кластерге кіреді, оған «Астана» Халықаралық қаржы орталығы мен «Назарбаев Университеті» алғашқы студенттерді 2019 жылғы 1 қаңтарда қабылдайды. Жаңа университет Қазақстандағы өзін бағдарламалаушылар мен басқа да мамандарды дайындаудың жоғары сапасымен көрсеткен Алматы МУИТ-нен (Ақпараттық технологиялардың халықаралық университеті) кейінгі екінші мамандандырылған университет болып табылады. Екі университеттің де ерекшеліктері оқудың алғашқы күндерінен бастап жобалар әзірлеу және оларды хаб IT-стартаптар арқылы енгізуі болып табылады.



Astana hub IT-стартаптар технопаркі.
Нұр-Сұлтан қ.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептерінде» орта білім берудегі қандай инновациялар тәжірибеде сыналады? Бұл мектептер неліктен «Болашақтың мектептері» деп аталады?
2. Зерттеушілік университет классикалық университеттен несімен ерекшеленеді?
3. «Назарбаев Университеті» қандай өлшемдері бойынша зерттеушілік университеті болып табылады?
4. «Назарбаев Университетінде» білім беру қандай бағыттар бойынша жүргізіледі? Ғылыми зерттеулер қандай бағыттар бойынша жүргізіледі?
5. Инновациялық кластер дегеніміз не? Нұр-Сұлтанда қандай инновациялық кластер жасалады? Оны құрудың мақсаты неде?

ялар, университеттер, банктер және т.б.); жеделдеген компаниялар мен тұтастай алғанда, кластердің бәсекелік артықшылықтарын күшейтетін және бір-бірін өзара толықтыратын өкім мен нәрселердің қызметтерді берушілердің; инфрақұрылымның; ғылыми-зерттеу институттарының; жоғары оқу орындарының және т.б. тобы.

Интернетпен жұмыс істеуге арналған тапсырма

1. Астанадағы «ЭКСПО-2017» көрмесі туралы *ақпарат табыңдар* және «Бұл көрмені өткізу Қазақстан үшін неліктен өте маңызды болды?» сұрағына жауап беріңдер.
2. «Кластер», «технопарк», «стартап», IT, «хаб» (hub) терминдерінің негіз білдіретінін *анықтаңдар*.

Күрделілігі жоғары тапсырма Үй тапсырмасы

Өз стартаптарыңды *ойластырыңдар*.

25.6. Қазақстандық білім беру жобалары

Бүгінгі сабақта:

- әлеуметтік білім беру жобалары талдаймыз;
- цифрландыру дәуіріндегі білім беру туралы мәліметтерді жинақтаймыз;
- қазақ тіліндегі оқулықтардың жаңа ұрпағы туралы басылымдарын бағалаймыз.

Тірек сөздер:

- білім беру
- білім беру жобасы
- әлеуметтік жоба
- аграрлық артық қоныстану
- ішкі көші-қон
- цифрлық білім беру
- ашық білім беру
- онлайн-курс
- электрондық оқулық
- құзырет

«Болашақ» бағдарламасы. Білікті маман даярлау үшін жастардың шетелдік беделді жоғары оқу орындарында білім алуын қамтамасыз ету Қазақстанда жақсы жолға қойылды. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев қаулысымен 1993 жылғы 5 қарашада «Болашақ» халықаралық стипендиясы тағайындалды. Бағдарлама академиялық оқудан (магистратура, докторантура), сондай-ақ әлемнің жетекші компаниялары мен университеттерінде ғылыми-өндірістік тағылымдамадан өтуді қамтиды. Бұл бағдарлама дарынды жастарға келешекте өздерінің жинақтаған тәжірибелерін мемлекет игілігіне пайдалану үшін шетелде сапалы білім алуға көмектесу идеясына негізделген. 1994 жылы қазақстандық

студенттер тұңғыш рет шетелдік жоғары оқу орындарына жіберілді.

«Болашақ» бағдарламасы аясында 1994 жылдан бастап 2004 жыл аралығында 785 студент әлемнің 13 елінде білім алды. Стипендия қызметте табысты өсудің, түлектердің кәсіби мамандануының кепілі болды. Бұның дәлелі ретінде бағдарламаның көптеген түлектері мемлекеттік қызметте, мемлекеттік және халықаралық ұйымдарда, акционерлік құрылымдарда жауапты қызметтерді атқарып, мемлекеттік және халықаралық жобаларға қатысып, еліміздің дамуына өз үлестерін қосуда.

Мемлекет басшысының 2005 жылғы халыққа Жолдауында айтылған «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерінің санын арттыру жөніндегі бастамасын іске асыру мақсатында ҚР Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясына конкурс өткізуді ұйымдастыру

үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі № 301 қаулысымен «Халықаралық бағдарламалар орталығы» акционерлік қоғамы құрылды.

Сонымен қатар 2005 жылдан бастап «Болашақ» бағдарламасы бойынша мамандарды даярлау жыл сайын Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін Басым мамандықтар тізбесіне қатаң сәйкестікте жүргізіледі. 2005, 2006 және 2007 жылдардағы «Болашақ» халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесін өзірлеуде мемлекетті дамыту басымдықтары мен төмендегі стратегиялық құжаттарда көрсетілген экономиканың белгілі бір салаларында білікті мамандарға қажеттілігі ескерілді.

2005 жылы шетелде оқуға арналған елдер тізімі өсіп, үміткерлер АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей, Аустралия, Австрия, Венгрия, Дания, Жаңа Зеландия, Жапония, Израиль, Испания, Италия, Канада, Қытай, Малайзия, Нидерланд, Норвегия, Оңтүстік Корея, Польша, Сингапур, Финляндия, Франция, Чехия, Швеция, Швейцарияға сияқты елдер арасынан өзіне ыңғайлысын таңдайтын болды.

2007 жылы елдер мен ЖОО-лар тізімі толықтырылды. Қазіргі кезде үміткерлер әлемдегі 32 елдің алдыңғы қатарлы 630 оқу орындарында оқи алады. Бүгінгі таңда стипендияны іске асыруда магистрлік және докторлық бағдарламаларға, сондай-ақ біздің ел үшін анағұрлым қажетті болып табылатын техникалық және медициналық бейіндегі мамандарды дайындауға ерекше көңіл бөлінеді.

«Серпін-2050» Бағдарламасы.

Қазақстанда 2014 жылдан бастап «Мәңгілік Ел жастары – индустрияға!» ұранымен өтетін «Серпін-2050» мемлекеттік білім беру бағдарламасы қолданылып келеді. Бұл бағдарлама елдің білімдік және еңбек ресурстарын бөлуге жәрдемдеседі. Бағдарлама шеңберінде елдің еңбек ресурстары мол оңтүстік өңірлерінен

(Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Түркістан облыстары) Қазақстанның жұмысшы мамандары жетіспейтін солтүстік, шығыс және батыс облыстарына оқу көші-қоны жүзеге асырылады. Бұл бағдарлама бойынша барлық оқитындардың 80% -ға жуығы Түркістан және Қызылорда облыстарының тумалары болып табылады. 2018 жылдың қаңтарынан бастап бағдарламаның әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Болонья үдерісі мен академиялық ұтқырлық орталығы болып табылады. 2014–2018 жылдары бюджеттен 16 975 орынға мемлекеттік тапсырыс бөлінді. Оның ішінде 13 005 орын жоғары оқу орындарында оқу үшін және 3 970 орын



кәсіптік-техникалық білім беретін колледждерде оқу үшін берілді. Бұл бағдарлама бойынша гранттар иегерлерінің бәріне жатақхана беріледі, шәкіртақы төленеді, өндірістік тәжірибеден өтуге жәрдем көрсетіледі. Білім беру гранттары оқытудың белгілі бір бағыттары және ерекше талап етілетін мамандықтар (техникалық, ауылшаруашылық және басқа) бойынша бөлінеді. 2018 жылы бағдарламаға 24 жоғары оқу орны қатысты және магистратураға гранттар бөлу басталды.

Назар аударыңдар! «Серпін-2050» Бағдарламасы бірден екі мәселені: білім алуға және аграрлық артық қоныстануды бастан кешіріп отырған Қазақстанның оңтүстігі халқын жұмысқа орналастыруға көмектесуді және елдің өнеркәсіптік солтүстігін жұмысшы мамандармен қамтамасыз етуді шешуге көмектеседі.



АУЫЛ МЕКТЕПТЕРІНЕ АРНАЛҒАН
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

«IQanat» білім беру жобасы. Қазақстанда 2017 жылдан бастап ауылдық мектеп оқушыларына арналған «IQanat» білім беру жобасы қолданылып келеді. Оны осы аттас білім беру қоры (қайырымдылық ұйымы) жүзеге асырады. Бұл жобаның мақсаты ауылдық мектептердің оқушыларын қазақстандық және

шетелдік жоғары оқу орындарына оқу үшін қолдау жасау, сондай-ақ ауыл мектептерінің өзіне жәрдемдесу болып табылады. Жоба шеңберінде ауылдық мектеп оқушыларының арасында өртүрлі пәндер бойынша (математика, физика, ағылшын тілі мен эссе) олимпиадалар өткізіледі, олардың жеңімпаздары дипломдармен және сыйлықтармен марапатталып қана қоймай, сондай-ақ елдің үздік мамандандырылған мектептері мен жоғары оқу орындарында оқуын жалғастыру үшін білім беру гранттарын да алады. Бағдарлама шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту үшін гранттар мен шәкіртақылар іздестіруге көмек көрсетеді, ауылдық мектеп оқушыларына ҰБТ мен жоғары оқу орындарына қабылдау емтихандарын тапсыруға тегін дайындалуына көмектеседі. Талантты оқушылар дайындаған ауылдық мектептер де сыйлықтар алады. 2020 жылы Бурабайда (Ақмола облысы) «IQanat Kazakh-English High School» мектеп-пансионаты ашылады. Онда Қазақстанның барлық облыстарындағы ауылдық жерлерден оқу үлгерімі жақсы 200 жасөспірім 10 және 11-сыныптарда оқитын болады. Мектепке балаларды іріктеу республикалық олимпиадалардың барысында жүргізіледі. Мектеп тілдердің үштігі бағдарламасын іске асыратын мамандандырылған оқу орындарының қатарын толықтырады: онда пәндердің бір бөлігі ағылшын, бір бөлігі қазақ, енді бір бөлігі орыс тілінде оқытылатын болады. Бұдан бөлек, бағдарламаға инновациялық-индустриялық даму дәуіріне қажетті бағдарламалау, кәсіпкерлік сияқты және басқа пәндерді енгізу ұйғарылды.

«Жас маман» білім беру бағдарламасы. Бұл мемлекеттік бағдарлама елде кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңарту мен жақсарту және неғұрлым сұранысқа ие индустриялық, сервистік кәсіптер бойынша мамандар дайындау мақсатын көздейді. Бұл бағдарламаның шеңберінде 2019–2021 жылдары Қазақстанның 180 колледжі мен 20 жоғары оқу орны жаңғыртылады. Оқу орындары заманауи жабдықтармен жарақталады және алдыңғы қатарлы халықаралық стандарттарға жеткізіледі. Оларда заманауи ғылыми зертханалар мен 3D-баспа, «Интернет заттары», жасанды сана, роботтық техника, Blockchain, Big Data сияқты бағыттар бойынша орталықтары, сондай-ақ жастарды дайындауға арналған оффлайн және онлайн-курстар жүйесі жасалады. Жаңартылған оқу орындары бизнес-инкубаторлар мен технопарктер үшін негізге айналады. Олар арқылы инновациялық стартап-жобаларды қаржыландыру ұйымдастырылатын болады.

Білім беруді цифрландыру және электрондық оқулықтар. «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде 2018 жылы Қазақстан Республикасының 12 мектебінде (Нұр-Сұлтан мен Алматыда, сондай-ақ басқа да қалаларда) электрондық оқулықтар енгізу бойынша пилоттық жоба бастау алды. Үшінші, алтыншы және сегізінші сыныптардың мыңдаған оқушылары планшеттердің көмегімен желідегі ерекше платформаға¹ орнатылған оқулықтар бойынша оқыды. Бұл БҒМ ұсынған баспалық оқулықтардың цифрлық нұсқалары болатын. Жобада оқулықтарды цифрландырудың дүниежүзілік алдыңғы қатарлы тәжірибесі пайдаланылды. Бұл жоба баланың дайындық деңгейі мен қызығушылықтарын ескерумен, тапсырмаларды электрондық оқулықтарда беруге мүмкіндік береді. Ең бастысы мектеп оқушыларын кітаптары бар иыққа асатын ауыр сөмкелерді тасу қажеттігінен құтқарады. Жуырдағы жылдары электрондық оқулықтар интернет бар жерлердегі мыңдаған қазақстандық мектептерде енгізілетін болады. Қазіргі кезде қазақстандық білім берудің алдында тұрған ең үлкен мәселелерінің бірі ауылдық мектептердің көпшілігіндегі интернеттің тұрақсыздығы мен мектеп компьютерлерінің ескіруі болып табылады. Жуырда бұл мәселенің шешілуі Қазақстанды цифрлық және ашық онлайн-білім беруді енгізуге мүмкіндік береді.

Назар аударыңдар! Оқулықтарды цифрландыру – бұл барлық баспалық өнімді цифрлау мен кез келген ақпараттың әп-сәттік қолжетімділігіне жасалған қадам. Бірақ мемлекетті цифрландыру инфрақұрылымды цифрландырусыз – елдің барлық түкпірлерінде тұрақты интернетті және барлық мектептер мен мекемелерді планшеттермен қамтамасыз етудің мүмкін емес.

¹ opiq.kz сайты.

«Қазақстанның ашық университеті» жобасы. Елді цифрландырудың маңызды мақсаттарының бірі цифрлық білім берудің ашық платформаларын жасау болып табылады. Дүниежүзінің барлық дамыған елдерінде белсенді қолданылатын бұл платформалар үздік университеттердің жетекші оқытушыларының дәрістерін тыңдау, қосымша білім және тыңдалған курстар туралы сертификаттар алу (әдетте, ақылы) мүмкіндігін береді. Мысалы, «Coursera» халықаралық платформасында дүниежүзілік ғылымның ең жаңа жетістіктерін баяндайтын дәрістердің 2 мыңнан астам курсы ұсынылған және бұл курстар бойынша ғаламшардың барлық түкпірлерінде ондаған миллион адам оқиды¹. Ресейде осыған ұқсас «Ашық білім беру» платформасы жұмыс істейді. Қазақстанда да ашық білім беру қарқын алып келеді. Қазақстандық жетекші жоғары оқу орындары өз онлайн-курстарын ашық қолжетімділікке салады. «Қазақстанның ашық университеті» (openu.kz) – елдегі жетекші жоғары оқу орындары мен оқытушыларынан барлық қалаушыларға онлайн-курстарды (олардың көпшілігі қазақ тілінде) тегін ұсынатын білім беру платформасы құрылды. Жуырдағы болашақта Қазақстанда ашық білім беру кеңістігі жасалатын болады, онда кез келген қазақстандық білім беру бағдарламасына қол жеткізе алады.

«Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық». Білім көлемі мен тұрақты жаңаратын ақпарат ағыны қарқынды кеңейетін ақпараттық және инновациялық дәуірде мемлекеттің алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі оқулықтардың тұрақты жаңаруына, заманауи оқулықтардың ғылыми ойдың ең жаңа жетістіктеріне және білімнің ағымдағы деңгейіне сәйкестігін бақылау болып табылады. 2016 жылдан бастап Қазақстанда ХХІ ғасырдың креативті және сыншыл тұрғыдан ойлайтын адамын дайындауға есептелген жаңартылған оқулықтар енгізіліп жатыр.

Назар аударыңдар! Жаңартылған оқулықтар жасау қазақ тілін заманауи түсінікті, терминологиялық аппаратпен қамтамасыз ететін мамандардан үлкен жұмысты талап етеді.

Қазақстанға кеңестік уақыттан қалған мәселелердің бірі заманауи ғылыми терминологияның қазақ тілінде жеткіліксіз берілуді (көптеген ғылыми терминдер орыс тілінен аудармасыз алынған) – оның үстіне жаратылыстану ғылымы ғана емес, сондай-ақ гуманитарлық салада да жеткіліксіз берілуді болып табылады. 2017 жылы басталған «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы шеңберінде дүниежүзінің жетекші университеттерінің оқу бағдарламаларында бар үздік ең жаңа оқулықтарды аудару жүзеге

¹ Coursera ұзақ оқытумен (1-3 жыл) және бұдан кейін ғылыми дәреже берумен ақылы білім беру бағдарламаларын да ұсынады.

асырылуда. 2019 жылға қарай үш жүздей маманнан тұратын топ 48 оқулықты аударып, қазақ тілін 10 мың жаңа сөздермен және терминдермен байытты.

Түйіндей келе, мемлекеттік және жекеше білім беру жобалары білім берудің қолжетімділігін кеңейту мен оның сапасын Қазақстанның барлық азаматтары үшін арттырудың ортақ мақсаттарын көздейді деуге болады. Олар өз міндеті ретінде қазақстандық жастарды заманауи дүниеде қажетті дағдылар мен құзыреттерге үйретуді қояды. Осы және басқа да білім беру жобаларын ойдағыдай іске асыру Қазақстанның табысты индустриялық-инновациялық дамуының кепілі болып табылады.

Өз білімдеріңді тексеріңдер.

1. Қалай ойлайсыңдар, «Серпін-2050» Бағдарламасын неліктен білім беру ғана емес, сондай-ақ әлеуметтік жоба деп атайды? «Серпін-2050» Бағдарламасы қандай әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі?
2. «Аграрлық артық қоныстанудың» не екендігін естеріңе түсіріңдер. Ол қандай себептерден туындайды және қандай мәселелерге әкеледі?
3. Заманауи ауылдық мектеп қандай қиындықтарды басынан өткізеді? Бұл қиындықтарды еңсеру үшін мемлекет пен жекеше қайырымдылық ұйымдары қандай күш-жігер жұмсайды?
4. Мемлекет кәсіптік-техникалық білім беру мәселелерін шешу үшін қандай іс-шаралар қабылдайды?
5. Цифрлық инфрақұрылымды кеңейту неліктен Қазақстанда білім берудің және Қазақстанды цифрлық елге айналдырудың шарты болып табылады?

Интернетте жұмыс істеуге арналған тапсырма:

Интернеттен «Жас маман» білім беру бағдарламасы қосымша тақырыпшасында еске алынатын заманауи құзыреттер туралы ақпаратты табыңдар, оны сыныптастарыңмен бөлісіңдер.

Сыныпта талқылауға арналған тапсырма:

Сендер: а) электрондық оқулықтардың; ө) ашық білім берудің кемшіліктері мен артықшылықтарын неден көресіңдер?

Күрделілігі жоғары тапсырма Үй тапсырмасы:

«Терминдерді аудару керек пе?» тақырыбына эссе жазыңдар.

ХІ тараудың қорытындысы

Кеңестік жүйе жалпыға бірдей орта білім беруді, сапалы арнаулы және қолжетімді жоғары білім беруді қамтамасыз етті. Білім берудің барлық сатылары тегін болды. Бірақ бұл жүйе мемлекеттің толық бақылауында қалып, бағдарлама барлығы үшін бірдей саналды. КСРО-ның ыдырауы мен өміршіл-өкімшіл экономиканың күйреуі мектепке жағымсыз әсерін тигізді. Өз бағдарламалары бар көптеген мамандандырылған және жекеменшік мектептер пайда болды. Бұл білім беруді таңдаулы етуге әкелді. Қазақстандық білім беру жүйесін реформалау үдерісі бірнеше жылды қамтыды. 1999 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Ол орта мектептің міндетті және тегін екендігі туралы конституциялық қағидатты бекітті.

2000 жылдары білім беру жүйесіндегі реформалар неғұрлым терең сипатқа ие болды. Стратегиялық мемлекеттік бағдарламаларда білім беруге ерекше орын беріледі. 2004 жылдан бастап ҚР-ның барлық мектептерінде ҰБТ енгізілді. 2007 жылы «Білім туралы» жаңа заң қабылданды. Ол білім беру құрылымын білім берудің Халықаралық стандартты жіктемесімен сәйкестікке келтірді. Осы жылы көптілді білім беру бағдарламасы іске асырыла бастады. 2016 жылдан бастап Қазақстандағы орта білім беру жүйесі ұлттың даму стратегиясына сәйкес реформалану жолға қойылды. Ол білім беру мазмұнының жаңартылуын көздеді. Бұл тұжырымдамалық реформа заманауи постиндустриялық қоғамның техникалық прогресімен, компьютерлік және интернет-технологиялардың дамуымен байланысты.

1990 жылдары мемлекеттік жоғары оқу орындары нарыққа айтарлықтай жылдам бейімделді (ақылы қызметтер көрсету, гранттар), көптеген жекеменшік жоғары оқу орындары пайда болды. Бірақ кейбір жекеменшік жоғары оқу орындарында білім беру деңгейі төмен болды. 2000 жылдардағы реформалар барысында жекеменшік жоғары оқу орындарына ревизия жүргізілді, жоғары оқу орындарының саны ықшамдалды. Жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде оның нәтижелері міндетті екендігімен ҰБТ енгізу жекеменшік жоғары оқу орындарындағы сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қойды. Халықаралық стандарттарды ескерумен жоғары білім жүйесі қалыптасты. Студенттер бакалавриат пен магистратурадан тұратын екісатылы жоғары білім алады (Болонья жүйесі). 2010 жылдары оқу бағдарламаларының мазмұнын белгілеуде жоғары оқу орындарының академиялық еркіндігі кеңейтілді.

КСРО-ның ыдырауы Қазақстан ғылымына жағымсыз әсер етті. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары мемлекетте отандық ғылыми және ғылыми-техникалық жаңашылдықтарды ынталандыру мүмкіндігі болмады. 1993 жылы Ғылым Академиясы Ұлттық Ғылым Академиясы (ҚР ҰҒА) болып қайта құрылды. 1996 жылы ғылымды

басқарудың бірыңғай органы: Ғылым министрлігі – ҚР Ғылым Академиясы құрылды. Ол 1999 жылы Білім және ғылым министрлігіне (БҒМ) айналып, барлық академиялық институттар мен жоғары оқу орындары соның басқаруына өтті. Ғылымды басқаруды жетілдірудің жаңа кезеңі 2006 жылы басталды. БҒМ жанынан ғылым Қоры құрылды. Ол гранттардың көмегімен инновациялық өзірлемелерді ынталандырады. Ғылыми-техникалық сараптаманың Ұлттық орталығы құрылды.

Қазақстан Республикасында физика-математика және химия-биология бағыттарымен Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті атындағы Зияткерлік мектептер желісі («Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ)») құрылуда. НЗМ және мамандандырылған үштілді мектептер көптілді білім берудің қазақстандық моделін іске асырады. Жоғары білім берудегі инновациялар жоғары оқу орындарын жіктеудің жаңа жүйесін жасауды қамтиды. Оған зерттеу университеттері мен ұлттық зерттеу университеттері (ЗУ, ҰЗУ) кіреді. Қазақстандағы зерттеу университетінің бірінші мысалы Нұр-Сұлтандағы «Назарбаев Университет» болып табылады. Қазақстан астанасында инновациялық кластер құрылады.

“Серпін-2050” бағдарламасы бірден екі мәселені: аграрлық тығыз қоныстануды бастан кешіп отырған Қазақстанның Оңтүстігіне білім берумен және жұмысқа орналастырумен көмектесуді және елдің өнеркәсіптік Солтүстігін қосымша жұмысшы кадрлармен қамтамасыз етуді шешуге көмектеседі. “IQanat” жобасының мақсаты ауыл мектептерінің оқушыларына қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарына теңдей қолжетімділікке қолдау жасау, сондай-ақ ауыл мектептерінің өздеріне жәрдемдесу болып табылады. “Жас маман” білім беру бағдарламасы елдегі кәсіптік-техникалық білім беру жүйесін жаңарту мен жақсартуды көздейді. Елде білім беруді цифрландыру (электрондық оқулықтар, ашық білім беру платформалары) жүріп жатыр.

«БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ» БӨЛІМІНЕ ҚОРЫТЫНДЫ

«Ортағасырлық Қазақстанның ғылыми мұрасы» оныншы тарауында ортағасырлық Қазақстанда ғылымның қалыптасуы, ғылымның дәстүрлі мұсылмандық білім берумен байланысы және алғашқы қазақ таихшы-ғалымдары туралы әңгімеленеді.


«XVIII–XX ғасырларда Қазақстандағы білім мен ғылымның дамуы» он бірінші тарауында біздің елдің Ресей империясы, одан кейін КСРО құрамында болған кезеңдегі: орыс ғалымдарының Қазақстанды географиялық, геологиялық және этнографиялық зерттеу бойынша алғашқы экспедицияларынан бастап Қазақ КСР Ғылым Академиясының құрылуына және қазақстандық өз ғылыми мектебінің қалыптасуына дейінгі ғылыми зерттеулердің тақырыбы ашылады; қазақстандық ғалымдардың ғылым мен өндіріске қосқан үлкен үлесі туралы әңгімеленеді; дәстүрлі мұсылмандық білім беру, орыс-қазақ және жәдиттік мектептерден кеңестік мектепке көшу мәселесі, кеңестік білім беру жүйесінің артықшылықтары мен кемшіліктері туралы баяндалады.

«Бүгінгі таңдағы Қазақстандағы білім және ғылым жүйесі» он екінші тарауында КСРО-дан қалған білім беру жүйесін жаңғырту және білім беру жүйесіндегі нарықтық экономиканың орнығуымен және жаңа идеологиялық ұстанымдардың пайда болуымен, сондай-ақ адамзаттың ақпараттық технологиялар мен цифрландыру дәуіріне енуімен байланысты бұдан кейінгі реформалар туралы айтылады; заманауи қазақстандық ғылым мен оның жаһандық нарық жағдайларындағы дамуының мәселелері ашылады.

Бөлім бойынша бақылау тапсырмасы.

1. Дәстүрлі мұсылмандық мектепте (мақтаб/мектеп және медресе) қандай пәндер зерделенді?
2. Ортағасырлық аса көрнекті ғалымдар – Орталық Азия тумаларының есімдерін атаңдар.
3. Еуропалық ғылыми экспедициялардың Қазақстанды жоспарлы түрде зерттеуі қай кезден басталды?
4. Жәдиттік медреседе қандай пәндер оқытылды?
5. XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда мектептердің қандай үлгілері болды?
6. «Ликбез» сөзінің мәнін түсіндіріңдер.
7. Кеңестік білім беру жүйесі қандай сатылардан тұрды?
8. Қазақстанда: а) жалпыға бірдей бастауыш білім беру; ә) жалпыға бірдей жеті жылдық білім беру; б) жалпыға бірдей орта білім беру қай жылдары жүзеге асырылды?
9. Білім берудің кеңестік жүйесінің кемшіліктерін атаңдар.
10. ҚазКСР Ғылым академиясы қашан құрылды?
11. Аса көрнекті қазақстандық ғалымдардың есімдерін атаңдар.
12. Қазақстан жоғары білім беруі Болонья жүйесіне қай жылдан бастап өте бастады?
13. Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылымның инновациялық ұйымдарынан мысалдар келтіріңдер.
14. Заманауи Қазақстанда жүзеге асырылатын білім беру жобаларынан мысалдар келтіріңдер.

ТӨҮЕЛІКІЗ КАЗАҚСТАН



МҮҚ-СІЛТІМ көрсетілген өкілеттіктер:

АЛМАТЫ 1000000-ден астам тұрғын орақ
 Қызыл жұлдыз 1000000-ден астам тұрғын орақ
 Еңбекшітар 1000000-ден астам тұрғын орақ

ШЕКАРАЛАРЫ
 Мемлекеттік шекара
 Облыстар шекарасы

ҚАТЫНАС ҚОЛДАРЫ
 Тұрағын орақ
 Аумақтық маңызы бар қала
 Қала

МҮҚ-СІЛТІМ көрсетілген өкілеттіктер:

АЛМАТЫ 1000000-ден астам тұрғын орақ
 Қызыл жұлдыз 1000000-ден астам тұрғын орақ
 Еңбекшітар 1000000-ден астам тұрғын орақ


ШЕКАРАЛАРЫ
 Мемлекеттік шекара
 Облыстар шекарасы


ҚАТЫНАС ҚОЛДАРЫ
 Тұрағын орақ
 Аумақтық маңызы бар қала
 Қала

1:1000000

0 10 20 30 40 50 км

Map-Corpus, Esri/DeLorme










ХІХ ғ. СОҢЫНДА АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ТАҚЫДАРЫНЫҢ ТАРАЛУЫ

Ескерту. Көрсетілген уақыт аралығында ауыл шаруашылығындағы маңызды өзгерістерді көрсетудің мақсатында ауыл шаруашылығының таралуына қатысты мағлұматтар берілген. Дәлелдеріне қатысты ескертулер туралы әрбір мағлұматтың маңызына қатысты.



Автономия – қ. *Ұлттық-аумақтық автономия.*

Автохтонды – белгілі бір жерде пайда болған және сол жерде өмір сүруін жалғастырушы (жергілікті, байырғы деген сияқты).

Аграрлы қоғам – қоғамдық-экономикалық даму кезеңі, бұл кезде материалдық игіліктердің құнына ауылшаруашылығында өндірілген ресурстардың құны ең көп үлес қосады. Әлеуметтік-мәдени тұрғыдан алып қарағанда аграрлы қоғам дәстүрлі қоғам болып табылады.

Азаматтық (мемлекеттік, ұлттық-азаматтық, ұлттық) бірегейлік – қандай да бір мемлекеттің азаматтары қауымдастығына (азаматтық ұлтқа) тиістілікті жеке сезіну.

Аридтену – аумақтардың ылғалдану дәрежесінің азаю үдерісі, ол жауын-шашын мен буланудың арасындағы айырманың азаюы есебінен экологиялық жүйелер өнімділігінің қысқаруын туындатады.

Аридті – құрғақ, құрғақтанған.

Арк – ортағасырлық қаладағы қамал (Мәуереннахр, Түркістан, Оңтүстік Қазақстан)

Ариаулы қоныстанушылар – тұратын жерлерінен елдің шалғай аудандарына сот рәсімінсіз жіберілген адамдар. КСРО-дағы репрессияға ұшыраған халықтың ерекше санаты.

Ассимиляция – нәтижесінде бір этнос өзінің ерекшелік белгілерінен айырылатын және оларды басқаның белгілерімен алмастыратын үдеріс; этникалық топтардың араласуы; бір этностың басқа этноспен араласып кетуі.

Бесжылдық – халық шаруашылығын дамытудың бесжылдық жоспары (КСРО-да).

Бірегейлілік – өртүрлі әлеуметтік, экономикалық, этникалық, ұлттық, кәсіптік, тілдік, саяси, діни, нәсілдік және басқа топтарға тиістілігін жеке сезіну.

Біріздендіру саясаты – этникалық азшылықтың этникалық сипаттарын жоғалтуға, ассимиляциялауға, қоғамда идеологиялық біртектестікті тәрбиелеуге бағытталған, тоталитарлық режимге тән саясат.

Вертикаль көшіп-қону – тау бөктерлеріндегі аумақтарда көшіп-қону, онда жылдың жылы уақытында мал таулардағы жазғы жайылымдарға, ал жылдың суық уақытында – жазықтағы қысқы жайылымдарға айдап апарылады

Геноцид – халықтың жекелеген топтарын қандай да бір белгілері (этникалық, әлеуметтік, конфессиялық және т.б.) бойынша жоюға бағытталған саясат.

Горизонталь көшіп-қону – жазық жерлерде көшіп-қону, онда мал жазда солтүстікке, ал қыста оңтүстікке («меридиандық» көшіп-қону) немесе құдықтардың айналасына («шөлдік» көшіп-қону) қарай айдап апарылады

Девальвация – ұлттық валюта бағамының тұрақты валюталарға қатысты ресми төмендеуі.

Демографиялық саясат – мемлекеттің тууға ықпал ететін және халық санын реттейтін экономикалық, құқықтық, өкімшілік және басқа да іс-шаралар кешені

Депортация – мемлекеттен шығарып жіберу немесе қылмыстық немесе өкімшілік жазалау шарасы ретінде күшпен қоныс аудару.

Дәстүрлі (аграрлы) экономика – бұл экономикалық жүйе, онда шектеулі ресурстарды пайдалану іс-тәжірибесін дәстүрлер мен салттар анықтайды. Жер ортақ (қауымдық) иелікте болады. Ал өндіріс мәселелері адамдар арасындағы дәстүрлі байланыстар негізінде шешіледі

Дәстүрлі қоғам – дәстүрмен реттелетін қоғам. Оған аграрлық экономика (қ. *Аграрлы қоғам, Дәстүрлі (аграрлы) экономика*) тән.

Диаспора – этностың өзі шыққан елден тыс тұратын, тұратын елінде орнықты этникалық топтар құратын және өзінің бірегейлігін қолдау үшін әлеуметтік институттары бар бөлігі.

Диверсификация – шығарылатын өнім сұрыптамасының кеңеюі, өндірістердің жаңа түрлерін игеру.

Дисперсеті – шашыраңқы, бытыраңқы.

Еңбек армиясы (КСРО-да) – әскери үлгі бойынша ұйымдастырылған еңбек ұйымдарына (Ұлы Отан соғысы кезінде) шақырылған халықтың мәжбүрлі еңбек міндеткерлігі жүйесі.

Еңбек көші-қоны – ақы төленетін еңбек қызметімен айналысу мақсатымен басқа елге уақытша көші-қон.

Жаңғырту – аграрлы қоғамнан индустриялық қоғамға өту үдерісі.

Жатақ – малынан және көшіп-қону мүмкіндігінен айырылған кедей көшпелі.

Жекешелендіру – меншікті түрлендіру формасы, мемлекеттік меншікті жеке адамдарға беру-сату үдерісі болып табылады.

Жергіліктілендіру – 1920-1930 жылдардағы саяси және мәдени науқан. Ол басшылық лауазымдарға аз ұлт («жергілікті халық») өкілдерін ұсынумен, ұлттық-аумақтық автономиялар құрумен, ұлттық азшылық тілдерін іс қағаздарын жүргізу мен білім беруге енгізумен, БАҚ-н жергілікті («байырғы») тілдерде басып шығарумен білдірілді.

Жоспарлы экономика – экономикалық жүйе, онда барлық материалдық ресурстар қоғамдық меншікте болады және орталықтандырылып бөлінеді. Ал кәсіпорындар орталықтандырылған экономикалық жоспарға сәйкес жұмыс істейді (Социалистік экономика тәрізді).

Жүт – топырақтың қатуына және малдың аштықтан қырылуына өкелетін, бірнеше күн мен апталар ішінде қар жауумен қатар болатын күшті жел, көктайғақтан малдың жаппай қырылуы.

Иммиграция – мигранттардың қай елге келетініне қатысты қарастырылатын, бір ел халқының басқа елге уақытша немесе тұрақты тұруға келіп кіруі.

Империия – отарлық иеліктері немесе үлкен көпұлтты түзілімі бар, бір орталықтан басқарылатын мемлекет.

Индустрияландыру – экономикада өнеркәсіптік өндірістің, энергетика мен металлургияның дамуы басым болуымен, аграрлық қоғамнан индустриялық қоғамға жеделдете өту үдерісі.

Индустриялық қоғам – индустрияландыру үдерісінде және нәтижесінде қалыптасатын қоғам, машиналық өндірістің дамуы.

Интернационализм – ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты насихаттайтын және ұлтшылдыққа қарсы қойылатын идеология.

Инфляция – тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағалардың ұзақ мерзімге артуы, ақшаның сатып алу қабілеттілігінің төмендеуі.

Ирредента – этностың белгілі бір мемлекет шектерінде халықтың азшылығын құрайтын, бірақ өзіне жақын немесе сәйкес халық көпшілікті құрайтын мемлекетке тікелей жақын жерде жинақтала тұратын бөлігі.

Ішкі көші-қон – адамдардың бір елдің шеңберінде бір аймақтан екіншісіне немесе ауылды жерден қалаға қоныс аударуы.

Кеңес халқы – этностан ерекшеленетін, кейінгі кеңестік уақытта, оның ішінде 1977 жылғы КСРО Конституциясымен «жаңа тарихи қауымдастық» ретінде қарастырылған, КСРО-дағы азаматтық сәйкестілік.

Кері көші-қондық айырма – келген мигранттардың санынан кеткен мигранттар санының асып кетуі.

Кәсіпшілік (үй кәсіпшілігі) – бұйымдарды өзінің жеке тұтынуы үшін қолмен дайындау.

Қоллаборационизм – дұшпанмен саналы, ерікті түрде және қасақана ынтымақтасу.

Конфессиялық (дин) сәйкестілік – белгілі бір дінге тиістілігін сезінуге құрылған, ұжымдық және жеке сәйкестілік түрі.

Кооперативтендіру – еңбекті ұйымдастыру нысаны, онда көптеген адамдар бірлесіп бір немесе өзара байланысты өртүрлі еңбек үдерістеріне қатысады.

Көпсалалы экономика – қоғамның өлеуметтік-экономикалық жүйесінің жай-күйі, мұнда өртүрлі экономикалық салалар қатар өмір сүреді және өзара ықпалдасады

Көші-қон – адамдардың тұрғылықты жерін ауыстыруына байланысты қоныс аударуы.

Көші-қон саясаты – мемлекет мүдделері үшін көші-қондарды реттеуге бағытталған саясат, демографиялық саясаттың бөлігі.

Көші-қондық оң айырма – келген мигранттар санының кеткен мигранттар санынан асып түсуі.

Көшпелі қауым – малшаруашылығы саласында еңбекті кооперативтендіру қағидатына негізделген, көшпелілер бірлестігі.

Көшпелі мал шаруашылығының шашыраңқылығы – көшпелілер мен олардың табындарының көшіп-қону аумағы бойынша шашырап (бытыраңқы) орналасуы.

Көшпелілік (номадизм) – шаруашылық қызмет пен онымен байланысты өлеуметтік-мәдени сипаттамалардың ерекше түрі, мұнда халықтың көпшілігі экстенсивті көшпелі малшаруашылығымен айналысады.

Көшпелілік ареалы – малшаруашылығы шаруашылықтың неғұрлым оңтайлы түрі болып табылатын құрғақ далалар, шөлейттер, шөлдер немесе биік таулы аудандар.

Көшпеліліктің маргиналды (шеткергі) аймақтары – егіншіліктің үлесі үлкен болатын жартылай көшпелі және жартылай отырықшы шаруашылықтың өртүрлі түрлерінің дамуы мүмкін болатын, көшпелілік ареалының шетіндегі аумақтар (шөлейттер мен шөлдердің, өзендердің аңғарлары, тауалдының арасындағы шұраттар)

Қала-зауыт – онда негізгі экономикалық және өлеуметтік рөлді зауыт атқаратын қала.

Қолөнер – ерекше шеберлікті талап ететін, бұйымдарды қолмен дайындау, оның ішінде сатуға дайындау.

Лениндік ұлттық саясат – ұлттық республикалар федерациясы нысанында кеңестік қоғұлтты мемлекет жасау мен құруға бағытталған, В.И. Лениннің ұлттық мәселе бойынша теориялық ережелері негізінде Коммунистік партия өзірлеген интернационалистік саясат.

Мал оптимумы – көшіп-қонудың оңтайлы жағдайлары тұрғысынан алып қарағанда малдың ыңғайлы саны.

Мемлекеттік тіл – қандай да бір мемлекетте басқа тілдермен салыстырғанда, ең жоғары заңдық мәртебесі заңнамамен бекітілген тіл; белгілі бір мемлекеттің нышаны ретінде өрекет ететін, осы мемлекет шеңберінде саяси, өлеуметтік және мәдени салаларда кіріктіру функциясын орындайтын тіл.

Моноконфессиялы – бір конфессияны (дінді) білдіру.

Монотникалық – бір этносты (этникалық топты) білдіру.

Нарықтық реформалар – үкіметтер нарықтық экономикаға өту кезінде жүзеге асыратын және елдің өлеуметтік-экономикалық жүйесін қайта құруға (меншік қатынастарын қайта құру, еркін баға түзілімін енгізу, сыртқы экономикалық қызметке мемлекеттік монополияны жою және басқалар) өкелетін реформалар.

Нарықтық экономика – еркін кәсіпкерлік, меншік нысандарының саналуандығы, еркін (нарықтық) баға түзілімдері қағидаттарына негізделген экономикалық жүйе.

Номадизм – қ. *Көшпелілік*

Номадтық экологиялық жүйе – бірыңғай тұтас жүйені құрайтын және зат, энергия мен ақпарат айналымын қамтамасыз ететін, көшпелі малшылар мен көшпеліліктің экологиялық ортасының жиынтығы.

Оралман – этникалық қазақ-репатриант.

Орыстандыру саясаты (орыстандыру) – қандай да бір аумақ тұрғындарын тілдік және мәдени тұрғыда орыстандыруға бағытталған іс-шаралар кешені (орыс тілін

өкімшілік, іс қағаздарын жүргізу мен білім беру саласында тарату; аумақтарға этникалық картаны орыстардың пайдасына өзгерту мақсатымен орыс қоныс аударушыларын қоныстандыру).

Оссуарий – қайтыс болған адамның сүйегін салатын ыдыс немесе орналастыратын орын (қыштан жасалған ыдыс, тастан даярланған жәшік, арнайы салынған құрылыс жай және т.б. түрде).

Отарлау – жаңа аумақтарға адамдарды қоныстандыру және игеру үдерісі.

Отарсыздандыру – отарларға тәуелсіздік пен егемендік беру және бұрынғы отарларды «отаршылдық мұрасынан» азат ету үдерісі.

Отаршылдық – метрополиияның отарға үстемдік ету жүйесі.

Отаршылдық саясат – бұл басқа халықтар мен елдерді әскери, саяси және экономикалық әдістермен жаулап алу және қанау саясаты

Отырықшыландыру – 1) отырықшылану (көшпелілерде); 2) көшпелілерді отырықшылыққа көшіру

Өндіріс жүйесі – ресурстарды өнімге айналдыратын өнім мен өндірістік үдерістің жиынтығы

Өтпелі экономика – бір экономикалық жүйеден басқа экономикалық жүйеге өтудің жай-күйі, бұл жағдайда социалистік (жоспарлы) экономикадан капиталистік (нарықтық) экономикаға өту.

Патриотизм – өз Отаны мен халқына деген берілгендік пен сүйіспеншілік.

Патронимия – генеалогиялық туыстық қадағаланатын және ортақ патронимиялық атауы (еркек жағынан ата-баба есімімен аталатын) бар, генеалогиялық қағидатқа негізделген туыстық бірлестік (отбасылар тобы) түрі.

Патронимиялық ұйым – бір-бірімен бірыңғай генеалогиялық тармақ дәстүрімен байланысқан көптеген патронимиялар.

Пауперизация – кедейлену.

Пролетарлық интернационализм – интернационализмнің өртүрлі ұлттар мен елдер пролетарийлері (еңбекшілері) мүдделерінің бірлігін атап көрсететін маркстік тұжырымдамасы.

Рабад – ортағасырлық қаладағы сауда-қолөнерлік орталық (қала маңы).

Репатриация – Отанына қайтып оралу. Термин азаматтық құқықтары қалпына келтірілген немесе тұратын еліне қайтып оралған әскери тұтқындарға, қоныс аударылған адамдарға, босқындарға, эмигранттарға қатысты қолданылады.

Ресми тіл – мемлекеттік басқару, заңнама, сот істерін жүргізу тілі.

Сарт – 1924 жылға дейін Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанның отырықшы (егінші және сауда-қолөнер) және көбінесе түркі тілдес халқына қатысты қолданылған соционим. 1924 жылдан кейін қолданыстан шықты.

Социалистік экономика – қ. *Жоспарлы экономика*

Титулдық ұлт – аталуы осы мемлекеттің ресми аталуын анықтайтын, елдегі басым этникалық топ.

Тіршілік қаракетін қамтамасыз ету жүйесі – негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үдерісінде адам мен қоғамның мекендейтін ортасына бейімделу тетігі.

Толеранттылық – өзгеше дүниетанымға, өмір салтына, мінез-құлық пен салттарға төзушілік.

Урбандалу – қалалар санының арту және оларда мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің шоғырлану үдерісі.

Ұжымдастыру – КСРО-да жүргізілген, жеке шаруашылықтарын ұжымдық шаруашылықтарға біріктіру саясаты.

Ұлт – 1) этникалық қауымдастық; 2) бір мемлекет азаматтарының саяси қауымдастығы (индустриялық дәуірде).

Ұлт – КСРО-да қабылданған, этникалықты белгілеуге арналған термин.

Ұлттық құрылым – жаңа ұлтты (этникалық қауымдастықты) жасауға немесе ұлттық сана-сезімнің (этникалық сөйкестілікті) дамуын жеделдетуге бағытталған іс-шаралар кешені.

Ұлттық мәселе – ұлттар (этностар, этникалық қауымдастықтар) арасындағы өзара қатынастар, олардың арасындағы қарама-қайшылықтардың туындау себептері туралы мәселе.

Ұлттық саясат – ұлттық мүдделерді іске асыруға, ұлттық қатынастар саласындағы қарама-қайшылықтарды шешуге (бұл жағдайда «ұлттық» сөзімен «этникалық» сөзі түсініледі) бағытталған, мемлекет жүзеге асыратын іс-шаралар жүйесі.

Ұлттық-аумақтық автономия – аумақтық автономияның түрөзгерісі.

Ұлттық-аумақтық межелеу – КСРО құрамында ұлттық-аумақтық бірліктерді (республикалар, автономиялық КСР, автономиялық облыстар мен округтар) бөліп шығару үдерісі. Орта Азияда ұлттық-аумақтық межелеу 1924 жылы жүргізілді.

Ұлттық-патриоттық (ұлт-патриоттық) – ұлттық (кейде ұлтшылдық) және патриоттық ұмтылыстарды білдіруші.

Ұлтшылдық – қоғамдық бірліктің жоғары түрі ретінде ұлттың құндылығын бекітетін және осы ұлт тұратын аумақты қамтитын мемлекет құруға шақыратын идеология.

Ұлы Жібек жолы – Қытайдың ішкергі облыстарынан Алдыңғы Азия елдеріне кететін құрғақтағы сауда бағыттарының жиынтығы, бұл жолдар Ежелгі заманда және Ортағасырларда Еуразия елдерінің экономикалық, мәдени және саяси өзара ықпалдастығының арналары қызметін атқарды.

Утопия – әлеуметтік-саяси қиял түрі, орындалмайтын арман, ойдан шығарылған, ғылыми негізделмеген, шынайы өмірде жоқ, жүзеге асыру мүмкін емес, көбіне өмір сүріп отырған қоғамнан әлдеқайда жақсы, мінсіз жобалар

Шаруа – қатардағы көшпелі-малшы.

Шахристан – арқты (цитадель) қоршайтын ішкі қала.

Шовинизм – ұлттық үстемдік идеологиясы.

Шұрат (оазис) – шөл және шөлейтті өңірлердегі өз айналасына қарағанда ылғалы мол, өсімдік (ағаш, шөптесін өсімдіктер) мол өскен көгалды алқап. Ол көбінесе жер асты суы жақын жерлер мен өзен аңғарларында қалыптасады.

Экологиялық жүйе – қоршаған орта ағзалары мен бейорганикалық құрамдастардың жиынтығы. Онда заттар мен энергияның шеңберлік айналымы жүзеге асырылады.

Экологиялық орта (мекендеу ортасы) – нақты абиотикалық және биотикалық жағдайлардың жиынтығы, тірі ағзаларды қоршаған және оларға ықпал ететін табиғат бөлігі.

Эмиграция – бір елден екінші елге экономикалық, саяси, жеке мән-жайлар бойынша қоныс аудару. Одан эмиграцияға кеткен елге қатысты көрсетіледі.

Эсхатология – дүниенің, адам өмірінің баянсыздығы туралы, ақырзама мен о дүние туралы діни ілім. Эсхатологияның негізіне ақиқат дінге ортақ бұл дүниенің пәни, жалған екендігі, о дүниенің бақи екендігі, тозақта күнөһерлардың жазаланатыны және адал құлдардың жұмақта рахатқа кенелетіні туралы діни түсінік алынған.

Этникалық (этносаралық, ұлтаралық) жанжал – өртүрлі этностарға немесе этникалық топтарға тиісті адамдар топтарының арасындағы жанжал.

Этникалық репрессиялар (КСРО-да) – күштеп қоныс аударуды (депортацияны), жала жабуды, геноцидті, ұлттық-мемлекеттік құрылымдарын жоюды, арнаулы қоныстану жерлерінде террор мен күш көрсету режимін орнатуды қосқанда, жеке-леген этникалық топтарға қатысты саяси қуғын-сүргіндер.

Этникалық сөйкестілік – индивидтің этникалық өзін-өзі анықтауы, қандай да бір этникалық топқа (этносқа) тиістілігін жеке сезінуі.

Этникалық топ, этнос – ұйғарылған ортақ генеалогиямен немесе шығу тегімен және тіл, тарих, дәстүр, мәдениет және т.б. сияқты ортақ белгілерімен байланысқан адамдар қауымдастығы.

Этникалық ұлттық саясат – полиэтникалық мемлекеттегі этникалық топтар арасындағы қатынастарды реттеуге бағытталған саясат.

Этногенез – әртүрлі этникалық құрамдастар негізінде этностың қалыптасу үдерісі.

Этносаралық келісім саясаты – полиэтникалық мемлекеттің этносаралық тұрақты қатынастарды, этностар арасындағы өзара әрекеттестікті, азаматтық сөйкестілікті қалыптастыруды қолдауға бағытталған саясаты.

Эностық ұлтшылдық – ұлт мүшелерін ортақ шығу тегі мен мұрасы, тілі, тарихы, туған жерге құштарлық біріктіреді деп ұйғаратын идеология.

Этнос-ұлтшылдық саясат – этносаралық қатынастардағы теңгерімсіздікті титулдық ұлт пайдасына қарай түзетімдеуге бағытталған іс-шаралар кешені.